74.00
К25

Өмір КӘРІПҰЛЫ

ТҰҒЫР

Өмір Кәріпұлы

ТҰҒЫР

(Ұлттық тәрбие сабағы)

Астана
ҚҚ «Елорда Жастары»
2011

УДК 37.0
ББК 74.00
К 25

Қазақстан Республикасының
Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Кәріпұлы Ө.

К 25 **Тұғыр**: ұлттық тәрбие сабағы / Өмір Кәріпұлы. Астана: ҚҚ «Елорда Жастары», 2011.-400 бет.

ISBN 978-601-7350-00-0

Өмір Кәріпұлының бұл жазбасы қаламгерлік ізденісі мен ұстаздық тәжірибесінің нәтижесі есепті. Еңбек жолын ауылдық жерде бала оқытудан бастаған жазушының қаламынан екі роман, ондаған хикаят, жүзге тарта әңгіме туындады. Өлеңдер жинағы да (2010 ж.) жарық көрді. Бұл еңбектің мазмұны қою, тақырып аясы кең. Қаламгер халықтық педагогикаға сүйене отырып, ұлттық тәрбие дәрісін жүргізген. Халқымыздың дархандығы, мінезінің кесектігі, Атамекенге деген алғаусыз махаббаты, ұлттық салт-дәстүрі, жөн-жоралғысы, ұрпаққа қалдырған өнегелі өсиеті, шежірелік аңыздары, мұсылмандық ұстанымға бекемдігі, табиғатқа адалдығы шығармада мол қамтылған. Кітап жалпы қауымға, ұстаздар мен шәкірттерге, туған халқының тілі мен дініне, дәстүріне қамқоршы ұлтжанды жастарға арналған.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-7350-00-0

© Кәріпұлы Ө., 2011
© ҚҚ «Елорда Жастары», 2011

СӨЗ БАСЫ

Бұл жазба ғылыми еңбекке жатпайды. Педагогикалық оқулық деп те оқырманды дәмелендіре алмаймын. Этнографиялық толғамға да келе қоймайды. Жаратылыстану, жантану ілімінің иіріміне бойлап, пәлсапалық тұжырымдарға жүгінуді мақсат етпедім. Есесіне халық педагогикасының аясындағы тәлім-тәрбиеге орайластырып сабақ жүргізуді бағдарға алдым. Сабақтың дәйектілігі тәлімгердің білік-біліміне байланысты. Осы еңбекті жазу барысында халық даналығына, бабаларымыздың сандаған ғасыр бойындағы өмір сүру тәжірибесіне, наным-сеніміне, дәстүр-салтына, дүниеге деген көзқарасына, шамам жеткенше, барлау жасадым.

Әр ұстаздың өзіндік сабақ беру тәсілі болады. Дәріс мазмұнын қоюлату мақсатында шежірелік аңыздар мен исламдық қағидаларды басты бағдар етіп алдым. Құран сүрелері мен пайғамбар хадистеріне сүйендім.

Жазбаны құрғақ ойға, қасаң пайымдауға толтырып жіберу - еңбектің танымдылығына нұқсан келтіруі мүмкін. Сол себептен де шығарманы қарабайыр жазып, ойға еркіндік беруге тырыстым.

Жазбаның өзегін халқымыздың өнері мен әдебиеті, тіршілікке көзқарасы, дәстүр-тағылымы, жол-жоралғы, әдет-ғұрпы құрайды. XXI ғасырға қадам басқан жас буын кешегі мен бүгінгіні тең ұстауға тиісті. Дәстүрлі ұлттық үрдістерге ден қойып, халқымыздың рухани құндылықтарына ынталанған талапкер ел ертеңіне адал қызмет ете бермекші. Ел ертеңі — біздің ұлттық мінезіміз, тіліміз бен дініміз, рухани байлығымыз арқылы нығаяды. Тұғырын биіктетеді.

Ел Тәуелсіздігінің
20 жылдық мерекесіне
қосқан тарту-таралғым
Автор

I. ТУҒАН ЖЕР, ӨСКЕН ЕЛ

Атамекен

Табиғат жалпы ұғым болғанда, атамекен — туып өскен жерің, кіндік қаның тамған қара қорда. Сағыныш та, мұң да атамекенді аңсаудан бастау алады. Бұрынғының адамдары — ата-бабаларымыз елжірек келген. Байтақ мекен даланың кереметі сол — небір қатыгездің де жүрегін жұмсартқан. Құтты қоныстың қасиетіне тәнірдей табынып, бас иген бабаларымыздың ақынжанды болуы заңды. Арғы-бергі ақындардың өлеңдерін парақтағанда, соған көзіміз жетеді. Қазақ даласының үздік жыршысы Қасым Аманжоловты тыңдап көрелік:

Шықшы тауға, қарашы кең далаға,
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға.
О шеті мен бұ шетіне жүгірсең,
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?..

Әрі қарай оқи бергің келеді, өзің жазғандай тебіренесің...

О, дариға, алтын бесік туған жер,
Қадіріңді келсем білмей кеше гөр!
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер...

Неткен айтқыштық! Мыңдардың жүрегінен шыққандай. Өлеңді талдап жатпайсың. Әлбетте, жақсы өлең көтермешіні қажет етпейді. Көкірек көзі бар адам өлеңді оқи бастағанда-ақ әсерленіп, тәтті мұңға елтиді. Сағынышы оянып, ыстық мекенін есіне алады. Көзіңе жас келтіреді, қаяулы сезіміңді түртеді. «Ақын болмай, тасың болсам мен егер...» деген өлең жолын дұғадай күбірлеп қайта-қайта қайталайсың. Қуыстанасың бір жағы. Ақын астарлап тұрғандай ма? Мейірімсіз тас жүректерге ой салғаны-ау. Туған жер тұрмақ бүтін дүниеге танау көтергіштеп астамситын кеудемсоқтар қаншама!

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!
Нендей күйге жүрегімді бөледің?
Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем —
Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім...

Мұндай өлең жолдарын тек қазақ ақыны ғана туындата алады. Шалқар даласы бар қазақ баласының ақын болып шалқуы жарасымды-ақ. Жүрегін айтып жеткізгісіз куанышқа, шаттыққа бөлеген махаббатының, достығының куәгері байтақ та касиетті жеріне деген ыстық ықыласын: «Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем — Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім...» деп келетін шыншыл тебіреністі нағыз ақын, онда да қазақ ақыны қағазға түсіре алады. Өлеңде кәдімгі қазақтың мінезі бар. «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне» деген мәтелді еріксіз есіңе түсіреді. Ақынның әлі де айтары бар, тақ-тұқ, татымсыз жыр Қасымға жат:

Мен де өзіңдей байтақ едім, кең едім,
Қызығыңды көріп еркін келемін.
Сен де аямай бердің маған барыңды,
Мен де аямай барым саған беремін...

Не дейді ақын? Астарлағаны ма? Дала баласы кеңдікті көкірегіне сыйдырып өсуге тиісті. Ол нендей кеңдік? Айтқыш-ау, қайран Қасым! Халқымыздың мінезінің кеңдігі, дархандығы, кеңпейілдігі, жомарттығы, қонақжайлығы, жүрегінің жұмсақтығы — бәрі-бәрі ақынның: «мен де өзіңдей байтақ едім, кең едім» деген астарлы жолдарына сыйып тұр. Көркем сөз өнерінің қасиетін танып-білу оңай емес. Ақын мұнымен тоқталмайды, барынша арылады. «Сен де аямай бердің маған барыңды, мен де аямай барым саған беремін...» Бұл арада ақын туған жерді кең ұғымда — Отан, халық ұғымында бейнелеген. Туған жері ақынға аямай несін берген? Санамалап тауыса алмайсың. Бейнелеп айтқанда — жалғанның жарығы. Ауасы жұпар, қымыздығы саумал татыған даласы, мың сан ескіннің жұпар исі, суық қабақ жартас, ерек бітімді тау-тас, сылқ-сылқ күліп аққан тас бұлақ, қар суымен күркіреп тасыған асау өзен, көз жауын алған қыр қызғалдағы, табиғат аясында тай-құлындай тебісіп асыр салған балалық шақ, сұлуға үздіккен жігіттік кезең ақын жанын шалқытпай қойсын ба. Асқар таудай Отанын арқаланған ақын төгілмегенде қайтеді. Сағынышының қоздырғышы, шабытының қозғаушы күші шаттығы мен бақытының бастауы да туған жер емес пе. Еркелігін көтеріп, тентектігіне кешіріммен қарайтын туған елі өскен жері емес пе.

Шалқымай қайтеді ақын. Жаратқан ием пендесіне жомарттықпен сыйлаған табиғатты «неткен байтақ, неткен дарқан» демей қайтеді. Ақын туған жерін жырлау арқылы Алланы есіне алады. Туған далаға ынтықтық Жаратушы иеге құлшылық емес пе. Жыр дүлдүлдерін кейде асыра мадақтап, пайғамбарға теңейтініміз шындыққа жуықтайды.

Болдым ғашық туған дала, мен саған,
Алыс жүрсем арманым сен аңсаған.
Жақын жүрсем мен төріңде жәннаттың,
Алтын діңгек — өзім туған босағам, —

деп туған даласын беріле жырлаған ақынды құдайсыз деп айта алмайсың. Табиғатты сүюдің, оны өзгеше жырлаудың өзі Аллаға тағзым, Жаратқан иеге риясыз құлшылық. Қасымның табиғатты бірлікте алып «туған дала» деуінің өзінде: «Алла — бір, пайғамбар хақ», — деген мұсылмандық атойлап тұр. О дүниенің амалын кім біліпті, бұл дүниенің жәннаты — «алтын діңгек — өзі туған босағасы».

Талантты қазақ ақыны Ғалым Жайлыбай: «Жырдан басқа ақынның жиғаны жоқ, жияр еді тағдыры қинады көп. Ақыны бар ауылдың аруағы бар, ақыны жоқ ауылдың иманы жоқ...» — деп шегелеп тастайды. Небір бұлбұл көмей, темір жақ шайырлар Аллаға мадақ жырын арнаған. Ұлы Абай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз еш уақытта жалған болмас», — деп тегін толғамаған. Табиғатты жырлау — Жаратқанға мадақ. Мадақ жыр қазақ сөз өнерінде жетерлік. Белгілі ақын Сабырхан Асанов былайша толғанады:

О, дала, дала сенің кеңдігіңді,
Ер жетіп тентек балаң енді білді.
Көз салсам, қуанғаннан кеудем менің
Түңіліктей желпілдейді желді күңгі...

Киіз үйді мұражайдан көріп жүрген «қазіргілер» бұл жолдардың көркемдігіне ден қоя алсың ба? Туған даласын жырға қоспаған ақындар кемде-кем. Қалам ұстағандар атамекенін жырлаудан еш жалыққан емес. Сыршыл ақын Сәкен: «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы, дамылсыз сұлу бетін жуған жауын. Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп, жүреді біліп кетіп есен-сауын...» — деп сұлу сөзбен суреттемей ме жер жәннаты Көкшені. Ғажайып ақын Мағжан және төгіледі дала дегенде:

Кең дала көресің ғой, ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдай тәтті сулары бар,
Әне, сол, анам еді мені тапқан...

Атамекен даласын сөз ұстасы Мағжан анасынан да жоғары қояды. Ал Қадыр Мырзалиев:

Уа, далам! Кеңдігіңе тамсандым кеп,
Айта алман бәрін жазып тауыса алдым деп.

Сен - алып пластинка дөңгеленген,
Инең боп тұрады ылғи ән салғым кеп, —

деп дөп басады. Жұмыр басты пенде біле-білсе өз туған даласының төлі.

Төбемде бұлттар жарысты,
Төменде оттар жанады.
Одан ұшқан әр ұшқын
Көкірегіме қонады.
Бұлақ-мезгіл сырғыса,
Мен тамырға тараймын.
Сынып түссе бір бұта,
Қабырғама қараймын.
Уа, туған жер, шүкірсің!
Топырағыңа киелі
Бір есуас түкірсе
Ол бетіме тиеді.

Бұл жолдар Жұмекен Нәжімеденовтің жүрегінен шыққан. Өлеңді қаламмен қайырмалап, жүрегінен өткізіп жазатын ақын ғана осылайша қиыстырады ойлы жырды. Өлеңде аздаған кібіртік бар, ырғақ-ұйқасы есіліп тұрған жоқ. Ал, бірақ, ой басым, тіке жүрекке ұрады. Құтты қара шаңырақ Жер-Анаға мұрын шүйірген жетесізге кіжінуі басым ақынның. Бір бұтақ сынып түссе, қабырғасы шытынағандай болады. Киелі, қасиетті топыраққа бір есуас түкірсе, ақынның бетіне тигендей болады екен.

Керек пе саған өлең? Бітеу көкірек, тоғышар томырықтанып қолын бір-ақ сілтейді. Оларға салса, ақындық — еріккеннің ермегі!

Табиғат — сұлулық жиынтығы. Оған сұқтанатындар баршылық, аялайтындар шамалы. Кезінде ақындар туған жерін беріле жырлады. Туған жеріне деген махаббатын жүрегінен шығарып төкті ақ қағазға. Үздіге, емірене жырлады ата қонысты. Арынды да алымды Әбділда Тәжібаевтің туған жеріне — Сырына арнаған өлеңдері қандай десеңші! «Сыр жырлары» деп аталатын еді.

...Көп жылдармен өткізген соң арасын,
Туған жерге оралып бір барасың...

Әрі қарай оқиық.

...Босайды екен көңілің,
Туған жерге келгенде.
Көрініп тұр жып-жылы,
Көп тырнаған шеңгел де...

Одан әрі тарлан ақын Сырға шомылғанын өлең жолына түсіреді:

Қосып Сырға сағынышын ақынның,
Жүзіп келе, жүзіп келе жатырмын.
Жастан калған әдеті ғой баланың
Ылай суды жұтып-жұтып аламын.

Қашанғы қонақжайлық пейілмен Әбділданы ауылдастары құс атып келуге бастап шығады.

— Құс аулауға шығамысың?
— Шығамын.
— Атқаныңды жығамысың?
— Жығамын.
— Мә, мылтығым, атамысың?
— Атамын.
— Сен атып қайт, мен демалып жатамын.
— Құсың қайда, қарағым-ау?
— Атпадым.
— Таппадың ба тоғайдан құс?
— Таппадым.
— Көп еді ғой көлде құс...
— Көп екен.
— Неге атпадың?
— Түк дәлелім жоқ екен.
— Атуға сен қимадың ба?
— Қимадым. Туған жердің құстарын да сыйладым.

Өлеңнің пішіні қарабайыр. Ауызекі сөз мәтіні. Ақынның айтайын дегені туған жеріне деген махаббаты емес пе. Мергеннің оғыңдай нысанаға дәл тигізген жоқ па. «Туған жердің құстарын да сыйладым». Осылай деп кез-келген адам айтуға тиісті. Алайда Әбділда ақынның қиыстыруы, айтары жоқ, өзгеше-ау! Бәрінен де бұрын туған Сырына деген махаббатын айтсаңшы.

Қазақ халқының ақынжанды, шетінен ақын келетіні даласының кеңдігі десек те, ата қоныстың ата-бабамызға тым қымбатқа түскенін әркез қаперде ұстауымыз керек.

Жас дос! Есіңде жүрсін, жыр жазу тоқталған күні ақырзаман келеді. Ақындарды дана демей-ақ қой, шала дей көрме. Көркем сөз Құран сүресіндей өміршең. Адам баласымен бірге жасайды. Халық ақыл-ойының қазынасы — ежелгі әдебиеттің үлгілері қандай! Ежелгі әдебиет өкілдерінің асылдың сынығындай, бастаудың тұнығындай айшықты жырларын оқығанда құр атқа мінгендей көңіліңе жел бітерін қайтерсің! Ерте дәуір жыраулары туған жерін, ата қонысын мадақтады. Табиғаттың ұлылығын паш етті. Қарға бойлы Қазтуған:

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ағала ордам қонған жұрт.

Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қонымды жуған жұрт.

Жабағылы жас тайлақ,
Жардай атан болған жер.
Жатып қалған бір тоқты,
Жайылып мың қой болған жер.

Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас.
Қайран менің Еділім!

Міне, туған жердің кереметі! Сол кереметін келістіре жырлаған Қазтуғанды ақындардың пірі деп танып, ескерткіш орнатсақ артық па?!

Одан берідегі Махамбет: «Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім, жағалай жатқан сол жерге, мал толтырсам деп едім...» — деп шыбын жаны шырқырап өтпеді ме өмірден.

Бүгінгі ақындар не дейді? Озғын жыр бар ма? Даланы жырлаудың орнына қаласын мадақтап кеткен жоқ па?! Кешегі Қазтуған мен Махамбеттің ізбасары — туған елінің жоқшысы Сәкен мен Мағжанның, Әбділданың мұрагері — орта буын өкілі Ғалым Жайлыбайды тыңдап көрелік. «Бозкөл. Бабалар қорымы» өлеңінен үзінді:

Қарауытып қасиетті қара обалар,
Төмпешіктер, зираттар, сағаналар.
Мінәжат қып басына барған сайын
Қабақтүйіп қарайды маған олар...

Неге қабақ түйіп қарайды? Жазықтымыз ба бабалар аруағына?

...Кеудемізге кермектеу күн қамалып,
Дінсіз елден безді ғой иман анық.
Айдын шалқар Бозкөлді іздеп едім,
Таппай қайттым аяқты миға малып.
Мансұқ еттік туғалы бұйырмасты,
Өлең достым ақиқат күйімді ашты.
Тауларынан Арқаның арқар ауып,
Сағым емес, алдымнан құйын қашты.

Бүгінде тау еркелері арқар да таусылып бітуге жақын.

Ақынның жанайқайына еріксіз езілесің. Бүгінгі заманның амалы жүректі шошытады. Таусыншақ ғұмырдың ақырғы айналымын түгесіп, бабалар дамылдап жатқан қара қорымға кеп жайғасқанға не жетсін!

Кешір, баба! Кешіру асыл әдет,
Жігерімді жанып бер жасыма деп.
Күндерімді керімсал кезіктіріп,
Төмпешікке айналсам қасыңа кеп...

Жөн-ақ қой, шіркін! Ата-баба қорымында мәңгілік дамылдағанға не жетсін!

Жер жады

Заман аумалы-төкпелі. Тыншу кезең, ұзаса — елу-алпыс жыл. Тіршіліктің мәні қозғалыста. Қозғалыс бар жерде аударыстөңкеріс болады. Өйтпесе іркінді судай тіршіліктен мән кетеді.

Ерте замандардан келе жатқан «Жер жады» деген сөз бар. Осының мәнісі неде? Айрықша сезімтал, жер қасиетін бағалай білетін, туған топырағының қасиетін бойына сіңіріп, содан жүрегін қуаттандыратын жандар қара қордасынан кіндігін үзіп кетсе, құсадан дертке шалдығып, жайы кетеді екен. Ондайлар батыр болса, туған жері үшін жанын пида еткен, ақын болса, зарлы өлең туындатқан. Жай ғана қарапайым адамдар жат тұраққа көндіге алмай, туған даласының тау-тасын далдалап, тағылықпен өткізген ғұмырының денін. Қар адамдары жер жадыға ұшырағандар болуы кәдік.

Бүгінде жер жадылық сырқатына шалдыққандар арагідік ұшырасады. Әсіресе, өнер мен әдебиетте терең байқалады. Зар заман ақындары Шортанбай, Бұқар жырау, Ақтамберді, Дулаттар жер жадылық дертке шалдыққандар. Қазақ даласы не көрмеді дейсің!

Одан бергі кезендерде туған ел, өскен жер үшін нендей қасірет өтпеген қазақ халқының басынан. Қазақ даласына көз алартқан дұшпан аз болмаған. Қалмақ шапқыншылығын тойтарып, енді-енді ес жия бастағанда, қара шекпенділер, кержақтар қаптады. Қазақтың соңғы ханы Кенесары орыс отарлаушыларымен он жыл шайқасты. Сол жолда мерт болды. Ресей империясының билеушілері ойып-ойып жерді алды, отарлап елді алды. Би-болыстарды шен-шекпенге дәніктірген патша үкіметі қара халықты құнарлы жерден айырды. Ұлтжанды, бұқарашыл ақын Мағжан: «Айрылып марал, киік елігінен, Кекшенің тас жүрегі жаралы да...» — деп тегін жырламаған.

Жер жадылық - тәтті дерт. Сағынышқа түрткі, мұңға себепкер. Адам баласы сағыныш пен мұңнан айырылған жерде бәрінен де айырылмақшы. Кіндік қаның тамған қара қорданы, ауылыңды сағынудың өзі бір ғанибет. Мұңға батып, туған даланды көз алдыңнан өткізгенде сені бір шабыт қыспай ма. Сонда жыр шумақтары төгіледі ақ қағазға. Ақындықтың керек жері осы тұс. Бүгінгілер даланың ұлылығын сезіне ме? Жер қасиетін мойындап, туған даласына тәңірдей табына ма? Электронды құралдармен жаппай әуестену, компьютермен шұғылдану — өмір талабы. Онсыз ісің оңғарылмайды. Табиғат сырына үңіліп, оның тілін біліп, тереңіне бойлау бәрінен де абзал. Табиғаттың сұлулығын жалаң қызықтау — құрғақ әсіре. Оны сүйе білу керек. Дала жүрегінің дүрсіліне құлақ тосқанда, тілмен айтып жеткізгісіз сырға қанығасың. Өзіңнің ет жүректі адам екеніңді анық сезініп, жан дүниеңді даланың сары самалы желпиді. Бұлақтың сылқ-сылқ күлкісі, көк құрақтың сыбдыры, жалбыздың хош исі көкірегіңе құйылып, жан дүниең жуған шыттай өңейіп жасаңсиды.

Ойлан, дос! Сен көріп жатқан игіліктердің бәрі жердің өнімі. Жерден алынған. Жаратушы жалғыз Алла жердің бар байлығын саған бұйыртқан. Адамдарға еншілеп берген. Біле білсең, табиғат сенің екінші анаң. Табиғаттан кіндігін үзгендер ана көрмей жетім өскен бала сықылды. Ондай жандардың жүрегінде мейірім аздау келеді. Ізгіліктен тыс қалады.

Жас дос! Артық кетсем кешіргін. Табиғатты, туған даласын — атамекенін ардақтаған жанның екі дүниеде жүзі жарық болады. Оның мәнісі — арың таза, адамшылық қасиетің артады дегендік.

Шындық-Алладан соң табиғат. Төңкерілген көк аспан, жымың-жымың еткен жұлдыздар, Ай мен Күн, жер бетіндегі жанды-жансыз — бәрі-бәрі жаратылыс байлығы.

Бабаларымыздың табиғатқа қатынасы қандай болған? Адам да табиғаттың бөлшегі. Құранда айтылады, адам топырақтан жаралған. Әдемі қисын. Жұмыр бастылар, біздер табиғаттан шыққанбыз. Соның кең құрсағының өнігіміз. Осыған қарапайым дәлелді мына бір қисыннан табамыз. Үлкендер: «Табиғаты таза», - дейді қылаусыз адал адамды. Шынайы шыншыл пенденің табиғаты, ішкі дүниесі, жан сарайы таза болады. Ондай пәк кісі не болса соған ұрынбай, өзін табиғаттай таза ұстайды. Харам астан жиіркенгенде, біреуден біреу бой тартқанда: «Табиғатым тартпайды, жүрегім қаламайды соны», - деп адалын айтады. Мұнда кең ұғым, терең астар бар. Жүрегіңді кір шалса, адами қасиетіңе көлеңке түседі. Жүрек

жараланса, ғұмырыңа қауіп төнеді. Табиғат та солай. Табиғатқа түскен сызат - жер басқан пендеге қатер. Батыс білімпаздары «көшпелі халықтар табиғатқа масыл болған» дегенді не себепті айтқан?! Астарында зымияндық жатыр. Сол астамшылдар ойлап тапқан ядролық бомбаларды бір мезгілде жарса, жер өз кіндігінен тайып кетіп, ақырзаманға соқтыруы кәдік. Кеңес өкіметінің орыстық саясаты қазақ даласын атом бомбасының сынағына, ядролық жарылыстар алаңына айналдырды. Коммунистік озбырлық қазақ сахарасына білгенін істеп бақты.

Тіршілікке масыл делінген қазақ бабаларымыз кіндік қаны тамған топырақты, қара қонысты кие тұтып, ақ дастарқандай қастерледі. Шөптің қасиетін қазақтардан артық білетін халық, сірә да, жоқ шығар-ау. Бабаларымыз табиғат құбылыстарына жетік, нағыз биолог болған. Ащылы-тұщылы жайылым дегенді зерделеп көріңізші. «Қыр оты» делінетіні қалай? «Су соқты өлең шөп малға ас болмайды» деп жатады үлкендер. Мына сойылған малдың еті жасық екенін айтатындар да дала білімпаздары. Неге олай дейді? Ойдың сіңбірік бозына жайылған малдың еті жасық келеді екен.

Шөп асылы — жусан дегенді тағы айтатын әкелеріміз еді. Қазақ даласында сандаған түрі өседі. Шағыр жусан, қара жусан, қой жусан, сиыр жусан, арқар жусан деп бас-басына ат берген. Арқар жейтін жусан қия беткейде өседі, қой жусан тақыранда бүрленеді. Жусанның бұл түріне қой мен жылқы өш келеді. Ұзарып өсетін түрін түйе немесе сиыр жусан деп те атайды.

Бірде Абылай хан сапарлап келе жатып қараша үйге ат басын бұрады. Үй иелері сасады. Ханға тамақ ауыз тигізудің ретін таппай сасқалақтайды. Хан айран сұрап ішеді. «Шөп асылы не?» деп сұрайды кедейден. «Шөп асылы жусан ғой» деп үй иесі іркілместен жауап береді. «Олай болса, шөп жаманы не?» деп хан үй иесіне тағы сауал тастайды. Кедей шөп жаманын түстеп бере алмайды. Тағамның асылы мен жасығын тап баспай және мүдіреді. Сонда Абылай хан былай депті: «Шөптің жасығы да, асылы да — жусан. Көктемгі көктеу мен жаз жайлауда төрт түлік өскіннің әсиясы мен тәттісін таңдап жейді». Бұл маусымда мал жусанды ұмытады. Жусанның жаман делінетіні содан. Сары күз дендеп, шөп буыны қатқан қыстың кірісінде жусан куаттана бастайды. Қар астында жатып та мұртын сындырмайды. Бүрленіп жатады. Міне, осындай қасиетімен жусанның бағасы артып, мал атаулы ашқылтым шөптен бас алмайды. Алты ай қыста жусаннан тәуір шөп, сірә да, жоқ. Айран да жусан мәнзелдес. Қымыз шықпай тұрғанда одан өткен тағам бар ма? Қазекем қалай қымызға ентеледі, айран мен қатықты, көжені

ұмытады. Алты ай жазда айран, шалап орнына жүреді. Бие ағытыла бере айранның бағасы артады. Әсіресе, көктемгі «қара өзек» шақта айран мен қатықтың қуаты ересен.

Хан сөзін былайша тұжырыпты: «Жусаннан артық шөп болмас, айраннан артық ас болмас».

Алла жаратқан жанды-жансыздың бізге жаттығы жоқ. Әр нәрсенің өзіндік қасиеті болады. Табиғатқа жақындық адамның жүрегін жұмсартады, жан шуағын молайтады. Табиғаты таза адам нағыз мұсылман.

Топырақты қастерлеу — халқымыздың бұлжымайтын тәртібі. Өлген адамға топырақ салу - кім-кімге де міндет. Жақыны дүниеден өткенде қазалы жандарға «топырағы торқа болсын» деп көңіл айту ежелден бар үрдіс. Тіршілігінде пенде баласы қияға өрлеп, қиянда ырзық-несібесін тереді. Бағы қайтып, базары тарқай бере, кіндік қаны тамған қара қордаға оралады. Мақсаты - ата-баба қорымында қалу. Мұндай қасиет естілікке жатады. «Сүйегім туған жерімде қалсынды» межелеген марқұмды жер қойнына тапсырғанда, қариялар: «Туған ауылының «топырағы тартқан екен пақырды», — деп ризалық танытады. Топырақты дабырайтпайды, баламасына жерді алады. Топырақ киелі. Тіршіліктің бастауы да сол, о дүниеге барғанда мәңгі тұрақ та сол. Жерден өнбейтін, одан алынбайтын асыл жоққа тән. Жер ұғымының жүздеген баламасы бар. «Жақсы мал жершіл келеді, жақсы адам елшіл келеді», «Жығылсаң - жер көтереді», «Жүрек жараланса, жаның жүдейді, жер құрғақсыса, малың жүдейді», «Жерді жаралаған, елді жаралайды», «Жер киесіне ұшыраған көмусіз қалады» дегенді дуалы ауыз қариялар айта түседі. Ұрпағына соны қарапайым тыйыммен емеуріндейді. «Жерді теппе, балам» деген зекіндіні әкемізден сан естідік. Жерді қастерлеу, топырақты кие тұту адамзат баласына тән қасиет. Ата-бабаларымыз жерді аялауда алдына жан салмаған.

«Жақсы адам - елдің қазығы» дегенді үлкендер айта түсер еді. Аспан шырақтарының асыл жауһары - Темірқазық. Басқа жұлдыздар әлемдік тартылыс заңының ыңғайымен орнын ауыстырып жатқанда, Темірқазықтың қозғалысы аса біліне қоймайды. Ақбоз ат пен Көкбоз ат тағы бар. Аңызда айтылады, қазыққа арқандалған жеті қарақшы қос жүйрікті түнімен торуылдап, енді алам дегенде, таң атып кетеді екен. Жұлдыздардың қасиетін бабаларымыз аңызға арқау еткен. Ұрпағына тағылымды әңгіме қалдырған. Қазық — тұрақтылықтың белгісі. Тұрлаулы, тиянақты, бір сөзді, орнықты кісіні: «Қазығымыз осы көкеміз», — деп іш тартады ағайын-туыс. Қазықтың жерге байланысты мәні әріде жатыр. Бүгінде айтыла қоймай-

тын: «Қазығың суырылмай қалсын», — деген наладан көп жайды аңғаруға болады.

Көшкенде қазықты суырмай кету жаман ырымға саналған. Елге жау тигенде, үргін-сүргінде, үй жығылмай, қазық суырылмай қалады. Соған меңзеген қазықтың суырылмай қалғанын. Үлкендер жайлаудан қыстауға көшуге қамданғанда қазықты суыруды әсте ұмытпайтын. Әкемнен сұрағанымда: «Жер киесіне ұшыраймыз, жерге қағылған қазық табанға кірген шөңгемен бірдей, балам», — деген-ді. Жерді кие тұту — топырақты әспеттеу, табиғатты анасындай ардақтау — атадан қалған тәлім. Содан да ақындар табиғатты жырлаудан еш жалықпайды. «Өзені тулап өрекпіп, бұлағы сылқ-сылқ күлетін, құрағы қою күлтелі, қияғы балтыр тілетін. Қаршығасы қажырлы, айдыннан сұқсыр ілетін. Таулары дана қария, ішіңді танып білетін. Көлдері ана-дария, сарыққан саған үлесін, төбелер бейне жол серік, бағдаршың болып жүретін. Бөрікті талдар туыстай, жолыңа шатыр тігетін. Сай-сала дархан жеңгедей, семіздің тартар сүбесін, жартасы сұсты батырдай, жапырып жауды түретін. Тұрлаулы достай шомбал тас, сырынды жаттан бүгетін, самалы жұпар, шалқыған, ішіңе нұр боп кіретін, тіршіліктің құндағы, Алладан соңғы ұлы есім — Табиғатқа не жетсін!

Жер

Алғы тарауларда Атамекенді, даланы, топырақты, жер жадылықты біршама сөйлеттік. Жер-су жөніндегі әңгімені екінші қырынан алғанда, ойымыз ныға түседі. «Жер жерінде, жекен суында» делінетін мәтелдің мәнінде не жатыр? Әркімнің өз туған жері ыстық. Шыр етіп түскен топырағыңнан қымбат не бар?! Мейлі, шөл болсын, өзің туып-өскен жер сен үшін жер жәннаты. «Жер жеріненің» мағынасын солай түсінесін. Жекен — батпақты, сулы жерде өсетін өсімдік. Бұл өскін өзі тамыр жайған батпақты қорыста биіктеп өседі. Мал екеш мал да бөтен қонысқа жерсінбейді. Өсімдік те жатырқайды, жетілуі сараң келеді. Мал үйренген жеріне қашады. Жер басқан пенде он жерден қияға қанат қомдап, ғарышқа самғағанымен, жерге қайтып оралады. Адам жерден ырызық-несібесін тереді. Ақыр соңында жер астына барады. Мұны кім білмейді дерсіз. Мәселе санада боп тұрған жоқ па. Мінез кедейлігінен жанымызды жүдетеміз, қара жерді жүдетіп болдық. Жер көмпіс, шыдайды бәріне. Замана зобалаңы басқа түскенде, еріксіз жер ауасың. Ең ауыр қасірет жер ауып көшу. Қазақ халқы соны талай-талай бастан

кешті. «Елім-ай» зары содан шыққан. Үлкендер жастарға бата бергенде: «Қара жердей көтерімді бол», — деп жатады. Қоныстас қатар отырған ауыл адамдары бір-біріне «жерлес» деп іш тартқан. Кісі өлгенде жер қойнына тапсырады. Жер мың сан өскінімен шұрайлы. Сол өскінді халық тәрбие құралы ретінде ұрпақ санасын сергітуге жұмсаған. Шөп өспейтін жерді қу тақыр дейді. Құнарлы қонысты шүйгінді өлке дейді. Қыр шөбінің бірі — көде. Осы кедеден ойсыз ыржалақты тұқыртатын: «к**....ң** жүні көдедей болғанша, ақылы толмаған», - деген зекінді сөз туындаған. Жантақ — тікен шөп. Түйе өш келеді жантаққа. Жантақ жардың ернеуінде тамыр жаяды. Мойны ұзын түйе ғана шалып жейді.Содан «Жарға біткен жантақты жаннан кешкен нар жейді» деген мәтел шыққан. Екіұшты мағына береді. Осы күні бизнес /кәсіпкерлік/ күнкөрістің басты амалына айналды. Баюдың, ақша табудың жолында көзсіз тәуекелге барып, көлденең табысқа бола сүрініп кетуі кәдік. Халық табыскерді сондай көзсіздіктен сақтандырады. Көлденең олжаны түйеше қарпып қалудың соңы өкінішке ұрындыруы мүмкін. Әйтпесе, саған күнінді көрме, байыма деп отырған кім бар?

Талдың түрлері көп. «Суға кеткен тал қармайды» деген мақалда бәлендей астар жоқ. Жаның қиналғанда, басыңа іс түскенде «тал қармауға» тура келеді. Бір шыбындай жаны үшін шарасыз жалтарғанға халық кешіріммен қараған. Кәдімгі талдың жасаң түрі — шыбық. «Шыбық тимей шыңқ етер» деген сөз тіркесінде терең мағына бар. Баланы бетінен қақпай өсірудің бір жаман жері: «Шыбық тимей шыңқ етерлер» кінәмшіл, өкпешіл келеді. Халықтық тәрбиеде шектен шыққан баланы шыбықпен шықпыртудың әбестігі жоқ. Ызбармен жасқаған да жөн. Баланы қисынсыз жәбірлеп, тұщы етіне ащы таяқ тигізуге де қарсы қазақ атамыз. Үнемі зекінді көріп, таяқ жеумен өскен бала кекшіл әрі жасқаншақ келеді.

Кәдімгі тікенек шөпті де халық тәрбиеге жаратқан:

Түйелер тікенекті шалып жейді,
Қиыннан мойнын созып алып жейді.
Усойқы тікенек тіл, арам ауыз,
Момынды шапқа түртіп пәле іздейді...

Биіктеп өсетін тал-теректі, қайың мен қара ағашты, бәйтеректі шынар деп әспеттейміз. Қызға «Шынар» деп ат қоямыз. Ұлдарының теректей тұлғалы болғанына сүйсінеді. Сырт кейпіне мінезі үйлескен азаматқа «Адамның қызыл қайыңы» деп мағұрланады. Қайсарды «Қарағайға қарсы біткен бұтақтай» деп ауыз толтыра айтады. Бас бітімі келіскенімен,

ақылы шолақты «томар бас» дейтініміз бар. Гүл — шөптің реңдісі. Тез өсіп, тез солады.

Ойлап тұрсаң, дүние шолақ екен,
Адамдар бір-біріне қонақ екен.
Қызғалдақтай құлпырған қайран ғұмыр
Қазан ұрмай, қар жаумай солады екен... —

деген қара өлең түсіндіруді қажет етпейді. «Гүлдей жайна, күліп ойна» дейді халық. Гүл — жастық шақтың ажары. Қазақ ұғымында гүлді жұлу, жапыру тәртіпсіздікке жатады. Осы күні гүлдесте сыйлау жаппай рәсімге айналған. Гүлдестені басқа да бір сый-сияпатпен сәйкесетін бұйыммен алмастыру алғы күндердің еншісінде.

Қара жер халық тәрізді көмпіс. Көп балалы анадай қамкөңіл. Қара жер күн қызуымен нұрланады, сумен өңейіп, өнік шашады. Су болмаса тіршілік те жоқ. Халық — дана, артық сөзге бармайды.

— Әкесі өлген қандай екен?
— Асқар тауы құлағанмен бірдей екен.
— Шешесі өлген қандай екен?
— Ағын суы тоқтағандай екен...

Көрдіңіз бе, әке-шешенің балаға қаншалықты қымбат екенін. Тау — ұлылық кепілі. Ақ бас таулар, түйе өркеш шоқылар, қоян жон қырқалар, жуалы беткейлер — Атамекенге ұлылық дарытады. Ал кәдімгі сылқ-сылқ күліп аққан ерке бұлақтар, өзен-көл, тіптен құлпыртпай ма жер келбетін! Ағын су тоқтап, тау шөгіп жатса, тірі адамға қиыны сол. Ата-ананың өмірдегі орнын халқымыз асқар тау мен ағын суға балаған.

Су

Су - тіршілік қайнары. Қайнардың көзі бітелсе, тіршілік тоқтайды. Әр халықтың суға деген ұстанымы әр қилы. Мәселен, шөлейт өңірдің тұрғындары суды тек жағымды жағынан тілге тиек еткен. Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадисінде суды зәмзәмға балайды. «Алладан қорық. Жақсылықтың үлкен-кішісі болмайды. Су сұрап келген адамға ашық қабақ танытып, шелегіне су құйып беріп, ізгілік жаса». Сахарада артық суын басқа жолаушылардан аяған адамдарды Алла қош көрмейді, күнәларын кешірмейді. «Садақаның абзалы — шөліркеген адамға су беру», т.т.

Үлкендер /бұл арада халық/ өсер жасты тіршіліктің көзі — суды қастерлеуге баулыған. «Судың да сұрауы бар», «Су ішкен

құдығыңа түкірме», «Түн ішінде суға барма», «Судың бетін жауып қой», «Қайнаған суда қасиет бар»...

Дүниеге шыр етіп келгеннен бастап, жер астына барғанға дейінгі аралықта адамға бұйырған сыбағаның ауқымдысы су болып табылады. Сәбидің денесіне алғаш тиген мөлдір тамшылар «шілде суы» аталса, бұйрықты ажал жетіп, о дүниеге аттанған марқұмды ақ жуып арулағанда, денесіне соңғы тиген су «мейрам суы» делінеді. Өлген адамды «су ішкілігі таусылған» деп айтады. Марқұмның сүйегін жуған суды «мейрам суы» дейтіні — жарық дүниеден ақырғы алар еншісі, үлесі суық тәніне тиген су екен.

Су тәлім-тәрбиеге септеседі. Елдің амандығын, отбасының тыныштығын тілеген қамкөңіл қариялар: «Кісі қайғысыз ішкен қара суға да тоғаяды», — деп отырады. Су көздері «бастау», «қайнар», «тас бұлақ», «тұма», «құдық» деп аталады. Бұлақты «қайнар бұлақ», «айнакөз бұлақ» дейді. Терең қазылғанын «шыңырау» деп ауыз толтырамыз. Өзендер мен көлдер, мұхиттар қазаққа жат емес. Суағар, жыра, жылға, өзек, жайылма, тоған, бөгет, тоспа — бәрі де судың жүретін, ағатын жолы болып есептеледі. «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» деп және айтамыз. Су жәндіктерін қорек етумен қатар, олардың сандаған түрін тіршілік амалына орай тілге тиек етеміз. «Жансызда қамыс үлкен, жандыда балық үлкен» деген сөз тегін айтылмаған. Қомағайларды «жайын ауыз» деп келемеждеген. Каспий мен Аралды, Балқашты, Ертіс пен Тобылды, Шу мен Арысты, Есілді, Нұраны, Сарысуды жайлаған бабаларымыз балықты ас қылумен қатар, олардың алуан түрінің мінезін де тап басқан. Алған бетінен қайтпайтын уытты азаматқа қарата: «Бекіре балықтың тұмсығы тасқа тимей қайтпайды», — дейді. Қыздарын «Ақшабақ», «Аққайран», «Қалытқы» деп атаса, ұлдарын «Сазанбай», «Шортанбай», «Жайынбай», «Шонтай», «Монтай» деп ауыз толтырады. Шортанды жігерліге балаймыз. Толықсыған сұлу келіншектерге қарата «сазандай ақ келіншек» деп іш тартамыз. Өзеннің ағысына да баға беріп: «Екпінімен өгіз ағызады», — дейді үлкендер. «Сулы жер — нулы жер» дейтініміз және бар. Судың ағысы мен толқынын да адам өміріне орайластырады ақын-жыраулар. «Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер...» /Абай/. «Сылқ-сылқ күліп сылдыр қаққан су сұлу... Бейне айнадай жарқыраған айдыннан күн шығарда көтерілген бу сұлу...» — деп шалқымай ма Мағжан.

Адамзат баласы ертеден-ақ өзен-көлдің бойын сағалаған. Тарихшылар «өзен өркениеті» деген анықтамаға бой ұра баста-

2-2628

ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНА ЖҮЙЕСІ
№ 17438

ды. Туған даламыздың өзендері мен көлдері — бабаларымыздың бізге тартқан сыйы. Туған жердің қадір-қасиетін, бабалар өсиетін зерделейтін, ата қонысты қастер тұтатын ізбасар ұландар емес пе. Үйден ұзап шықпайтын елі сүйек болбырға не шара?! «Атамекеніңді ардақта, қазақ екеніңді естен шығарма» деп қанша айтсаң да, қаперіне алмайтын, құр ішкенге мәз, жегенге тоқ ойсыз ыржалаққа кейігенде әкенің аузынан «су ми» деген сөз шығып кетеді. Енді әлгі болбырақ көлеңкесінен қорыққан ынжық боп шықса, амалсыздан «су жүрек» деп түңіледі сыншыл қарттар. Әлпештеген ұлдың «су милығы» мен «су жүректігі» былай қалып, езуінен шылым кетпей, көзі шылауланып шегетінді шығарса, шайтанның зәріндей «тентек суға» үйір боп шықса, ата-ананың соры қайнады дей беріңіз. Тас бұлақтың мөлдірі, шыңыраудың тістен өткен қайнары тұрғанда, жұлын-жүйкені тоздырып, қанды бұзатын, үлкендер «жынды су» деп таңбалаған арақты неге ауызға апарады?! Құлқынын тыймағанға тоқтам бола ма деген үмітпен: «Ішкенің жынды суғой, баламау, қайтсаңшы райдан!?» деп жалынбай ма әке мен шеше...

Отын

Қысқа дайындық отын-суды қамдаудан басталады. Қыс жай келмейді, «қылышын сүйретіп» келеді. Жылдың төрт мезгілінің өз ауыртпалығы бар. Жазда жазылсаң, қыста қысыласың. Көктемнің көкөзек шағы мен қара қабақ салқын күздің де қам-қарекеті жетерлік.

Біз сөз еткелі отырған отын түрлері өскіннен алынады. Отынды тілге тиек еткенде оның түрлерін санамалап шығуды мақсат етпейміз. Отынның тәрбиеге арқау болғанын, халқымыздың күнкөріс тіршілігіне ықпал еткенін жас ұрпаққа ұқтыру. Отын оңайлықпен қазан қайнатпайды. Отын бейнетпен жиылады. «Отынды шапқанға жаққыз» деудің мәнісі сол. Мал ыңғайымен көшіп-қонып жүрген халқымыз жем отын түрлері: көкпек, баялыш, ұшқат, тобылғы, қараған, жыңғылды кетпен-шотпен шапқан ғой. Мұндай өскіннен дайындалған отынды отқа жағу денсаулыққа пайдалы болған. Бүгінде жаппай ғасыр сырқатына айналған демікпе, қышыма, тыныс жолдарының ауыруы, аллергия тәрізді созылмалы сырқат баялыш пен көкпекті, тобылғыны түтіндете жаққанда сап тыйылған. Демек, жам отынның түтіні дертке дауа екен.

Отын дайындау жастарды пайдалы іске жұмылдырудың бір тәсілі. Әдетте, отын шабумен еркектер айналысқан. Асар жасап, көп болып қолға алған. Ауыл сыртында көкпек немесе баялыш, әйтпесе, басқа да отын түрлерін шауып жатқан жігіттерге келіншектер мен қыздар сусын апарған. Бауырсақ пісіріп апарған. Мұны қазақ ғұрпында «отын ақысы» деген. Кешке қарай «Бел шешер» кәдесі жасалған. «Бел шешерге» ас дайындалған. Ет асылып, шай қойылған. Соңы ән-жырға ұласқан. Жеңгесі мен қайнысы, жігіт пен қыз сөз қағыстырған:

Дегенде шұбар тауық, шұбар тауық,
Беріп ем жеңешеме отын шауып.
Қармышы еңбегімнің қайтпай тұр-ау,
Етсеңіз нең кетеді бір түн сауы. —

деп қайнысы әндетсе, аузы епті келіншек те суырылып сала береді:

Дегенде шұбар тауық, шұбар тауық,
Ол рас, қарық қылдың отын шауып.
Болады жарияның соңы әшкере,
Ер жігіт еппен келер ебін тауып...

Отын шабуға балалар да жұмылады. Шабылған отынды бір жерге үйіп, түйеге артысады. Тайлақты бас білдіріп отын артуға бастықтырады.

Отынның екінші бір түрі - тезек. Кәдімгі сиырдың жапасы. Тезек теру де пайдалы іске жатады. Әдетге, тезекті әйелдер жияды. Қыздар да тезек теруден шет қалмайды. Әпкелеріне болысып, балалар да жүреді.

Тезек теру, бір жағы күнкөріс қамы, екінші кезекте бой жазып, сейілдеудің сылтауы. Тезек тере шыққан қамкөңіл әйел сағынышын басады тезек теру арқылы. Қазақ әйелі көмпіс келеді, не көрмеген дейсің?! Халқымыздың небір әнжыры тезек тере шыққан төменетектілердің аузында жүрген.

Ескі кезеңдерді, кәне дәуірді былай қойғанда, Отан соғысы аталған /1941-45 ж./ дүниежүзілік екінші соғыста майданнан оралмаған боздақтар қаншама. Төрт бірдей баласы соғысқа кетіп, майдан даласынан қайтпай қалған қыршындарының азасы аздай-ақ, төрт бірдей жесір келіндерінің қылтың-сылтыңына шыдай алмай, тезек тере шыққан ананың аңырап дауыс айтқан зар-наласы даланы басына көтергенде, адам тұрмақ, жер теңселіп, жер беті ананың көз жасына малынып қалардай екен. Сол аянышты жағдайды көзбен көрген ғой әке-шешелеріміз.

Соғыста төрт қыршыным бірдей өліп,
Азабын келіндердің көзбен көріп.
Тағдырдың салмағына шыдай алмай,
Мен жүрмін жоқтау айтып тезек теріп.

Біреуі боздағымның аман келіп,
Сүйінші сұраса ғой біреу келіп.
Қорлығын төрт жесірдің көргенімше,
Далада неге өлмеймін ажал келіп?!

Бесік тербетіп отырып та, тезек тере жүріп те қазақ әйелдері халықтың мұң-зарын туған даласының құлағына жеткізіп зар төккен. Балаларымыз жасық өседі деп, көз жастарын көрсетпей тезек теріп жүріп оңашада жылап-жылап алған. Жай жылап қана қоймай, азалы үнмен аңыраған. Атыс-шабыстан, табиғат амалының ойпаң-тойпаңынан зәрезап болған қазақ әйелдері тезек тергенде де намысқа тырысқан. Көзінің жасын абысын-ажындарына, балаларына көрсетуді ар көрген.

Еңдеше тезек тердім, тезек тердім,
Мал-жанды қырға шығып көзеп келдім.
Әйелге тезек терген көзін сатқан
Қайным-ау, бірі болдың желөкпенің, -

дегенде, сері жігіт:

Жорттым қызды ауылға белеңменен,
Өзің ғой ақ жеңеше, елеңдеген.
Қатынды тезек терген не қыламын,
Қабыңды көтерісіп келем деп ем... —

деп сөз ығытын тауып кетеді.

Тезек теруге байланысты жөн-жоралғы ежелгі әдебиет үлгілерінде де кездеседі. Батыс Қазақстан өңірінде ғұмыр кешкен Батақтың Сарысының мына өлең жолынан көп сырды ұғуға болады. Тезек теру еркек пен әйелді табыстырудың сылтауы саналған:

Басына шауып шықтым Айырықтың,
Қалқаның жүйрік желден жайын ұқтым.
Алтай жаз қыз көрмеген байғұс басым
Қатынға тезек терген қайырылыппын... —

деп әндеткен ғой Батақтың Сарысы.

Отынның ең қызулысы — қи. Қой-ешкінің құмалағынан қалындап, күрек бойы болғанда, қорадан ойып шығарады. Елуінші жылдардан бастап қи оюға қолғабыс бердік. Қиды өгіз шанамен сыртқа тасиды. Қоян жон ғып ұзындата төгеді. Қи саңғырап кепкенде, пешке қызу береді. Сары қиды қазандыққа тықсыра қалағанда, оттың қызуы көтеріледі. Табамен қидың шоғына көмген нан қызара бөртіп «мені же» деп тұрғандай болады. «Оттан /табадан/ алынған нандай» делінетін теңеу қызға қарата айтылады. Жаңа піскен нандай қызара алаулаған бойжеткенге қызықпайтын жігіт бар ма?!

Қи ою ауылда өзінше бір науқан. Қорасының қиы қалыңдап кеткен шопан /бүгінде фермер/ асар жасап, қишыларды жұмылдырады. Қи оюды еңбек бәсекесіне айналдыратын жағдайды да көрдік. Кім қиды көп ойса, соның бәсі молығады. Үй иесі әлгі адамға сый-сияпат ұсынады. Ауылдық жерде қи ойылғанда, міндетті түрде құрт езетін шешелеріміз. Жылы шымшым құртты сіміргенде, шаршағанынды ұмытып, бойыңа төтеннен қуат қосылғандай болады. Келіншектер, қыздар, сары қарын бәйбішелер жұмыс киімін киіп алып, ойылған қиды сыртқа өгіз шанамен таситын еді. Қи ойылып жатып та әңгіме-дүкен қызады. Жігіт тұрып:

Дегенде бәске қойдым, бәске қойдым,
Ауылында қалқажанның қиын ойдым.
Мен ойған қи көтерер қауқары жоқ,
Бәсте озып, сары май қатқан құртқа тойдым, —

деп әндеткенде, қыз жеңгесі:

Дегенде оңал деймін, оңал деймін,
Өзіңдей ойған қиың добал деймін.
Қайным-ау, келешегін ойласаңшы,
Көтерткен қызға ауырлық обал деймін, —

деп әзілді қабындата түседі. Бүгінде фермерлер қораның қалыңдап кеткен қиын трактормен күреп шығарады сыртқа. Ондайды «өлі қорда» дейді, түкке аспай қалады. Халқымыз үшін қи ою өзінше бір кәделі салтанатқа жатқызылған. Қи ойып болған соң, «Бел жазар» кәдесі жасалған. Құрт, ірімшік, ет жеп, соңы көңіл көтеруге, әзіл-қалжыңға ұласқан.

Бүгінде бәрі оңайлады. Электр пеш, газ пеш тұрмысымызға енді. Жақсы-ақ, кері әсері де бар. Газ тыныс жолын зақымдайды. Электр пеш үйдің ауасын құрғатып жібереді. Құрғақ ауа өкпенің қалыпты жұмыс істеуіне кері әсерін тигізеді. Қидың, жам отынның түтіні емге таптырмайды. Микробты жойып, көкіректі ашады. Көз ауруларын болдырмауға септеседі.

Қазақта «түтін түтету» деген жақсы сөз бар. Әке мен шешенің жағып кеткен отын сөндірмей, ел қатарлы үй болуды осылай атайды. Түтін түтету — пешке, ошаққа от жағумен тынбайды. Оның мағынасы әріде. Үйлі-баранды болған жас отау иесіне отын мен пештен басқа да бойларына жылу беретін нәрсе — татулық. Жан жарасымы, жүрек үйлесімі ке-

рек. Жүрек үйлесімі болмаса, он жерден жаққан отың қызулы келгенімен, жаныңның шуағы мен көңіліңнің кеңдігі кемшін түсіп жатады. Сондайда жүрек отының маздағаны керек. Оны маздатудың әдісі — тамызыққа тиемел. Жам отынның жеңіл түрлері тамызыққа жатады. Ағаштан дайындалған отын «тамызық» делінеді. Тамызықсыз отын тұтана қоймайды. Пеш те қызбайды. Қи мен көмір күш алып жану үшін тамызық (ағаш қиындысы, қағаз қалдығы мен тал бұтағы, ку ағаш) керек. Тамызық — отынның тез жанатын жеңіл түріне жатады.

Қарғыстың ең жаманы — «отың жанбай қалсын!» Оттың өшуі өмір сүрудің тоқырауына әкеп соғады. Қазақ халқының наным-сенімінде отпен аластау күні бүгінге дейін үзілмей келеді. Отта қасиет барын халқымыз ертеден білген. Отынды от жағу үшін жиясың. От — өмір өзегі, қараңғыны жарық қылады, жан-жағына сәуле шашады. Және қуат көзі, бойды жылытады, тамақ пісіресің. Өсер жасты «жүрегінің оты бар азамат» деп, шешендерді «от ауызды, орақ тілді» деп айтпас еді. Жігерлі жасты «көзінде оты бар» деп танымас еді.

От бір жағынан қауіпті. Содан да үлкендер балаға «отпен ойнама» деп әркез ескертіп отырады. Өршісе жалынға, өртке айналады. «Өрт — тілсіз жау» делінеді. Айғайға аттан қосатындарды «жүрген жеріне от салып жүреді» деп түршігеді көпшілік. Отын жанғанда маздайды. Маздақ сөзі оттың маздап жануынан туындаған. Маздап жанған отты қоршап, әңгімедүкен құрған да бір ғанибет. Ертеде сіріңке-шақпақтың тапшы кезінде, біреуден біреу қоламтаға көмген шала сұрай келеді екен. Қоламтадағы сөнбеген шоқты «шала» дейді. «Отқа барған қатынның отыз ауыз сөзі бар» деген мәтел содан қалған. Жаңа түскен келінді көрші-қолаң есік ашарға (үйді көрсетуге) шақырғанда, жас келін қолына бірдеңе (көйлек, орамал) ұстай келеді. Оны ырымдап «отқа салар» дейді.

Ертеден бабаларымыз отты қастер тұтқан. Оны біржақты отқа табыну деп ұқпау керек. Ерте замандарда, адамдардың сәбилік санадан оза алмаған қорғансыз кезінде отты құтқарушы деп бағалаған ғой. Отпен аластау арқылы түрлі індеттің (шешек, оба, топалаң) таралуының алдын алған. Көзімізбен көрдік. Күні кешеге дейін қыстаудан жайлауға көшерде әкелеріміз отарды екі оттың арасынан өткізетін.

От жан-жағына сәуле шашады. Адамдар жанған от тәрізді, төңірегіне жылу таратады. Жүрегінің оты бар қызулы адамның жан шуағы мол болады. Ол неден? Адамшылық тамызығының қызулы болуынан. Санаға түскен сәуленің күштілігінен туындайтын өзгеше озғын қасиет.

II. АҢ МЕН ҚҰС

Құс

Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады, тамағына бола тырбанады. Тырбаныстары жұмыр бастыларға үлгі. Құстың да сүйкімдісі мен сұмырай- сұрқылтайы бар. Бұлбұл сайрайды. Аққу сыңсиды. Сауысқан шықылықтайды. Қарға қаркылдайды. Торғай шырылдайды. Тарғақ тарқылдайды.

Сауысқан шықылықтап бұлбұл болмас,
Жабыны жемдегенмен дүлдүл болмас.
Жаманмен мың күн бірге жүргеніңше,
Жақсымен болған жақсы бір күн жолдас...

Халқымыздың баға жетпес асылы тілі болғанда, ана тіліміздің шұрайы табиғаттағы жанды-жансыздың атауларымен құлпырып, ажарлана түседі. Қазақтың байырғы қара өлеңінен бастап, жыр-дастанда ұшқан құс, жүгірген аңды адам өмірімен байланыстыра жырлау — ұрпақ тәрбиесіне септеседі.

Жапалақ жалпылдайды жар басында,
Немене жоқтың күні бар қасында.
Дос болып, қас болғаннан сақта құдай,
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.

Жіліктеп талдау артық. Бір ауыз өлеңге бәрі сыйып тұр. Бүркітті «жалпылдайды жар басында» десе нанымсыз шығар еді. Халықтық жыр-толғаулар аң-құстың қасиетін дөп басуымен құнды.

Дегенде қатқан шұбар, қатқан шұбар,
Мейізді жан қалтадан татқан шығар.
Ақ сұңқардың қасынан ұшып кетіп,
Қойнында жапалақтың жатқан шығар.

Бұл өлең бәрін өзі айтып тұр.

Ана баласын «балапаным» дейді. Халықтық педагогиканың бастау көзі мынада: «Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің». Бала отбасында көргенінен, ата-анасынан ұққанынан тәлім алады.

Халық құсты кие тұтады. Жігіт сүйгеніне қосылып, отау құрғанда: «Қолыңа қондырған құсың құтты болсын», — дейді.

"Қалыңдықты кәдімгі түз құстары - сұңқар, жағалтай, бидайыққа балаған. Құсты қолға қондыру құсбегілер үшін оңайға түспейді. Жар таңдау, ғашық болған сұлуды жүрек еркіне бағындыру - тәңір сыйы. Жігіт сүйгеніне қосыла алмағанда: «Бидайыққа лайық қарағым-ай, бөктергіге қор болып барасың ба?» — деп шерленеді.

Халық өнерлі жасты, керім сұлулар мен сері жігітті құс тектісі лашын, бидайық, тұйғын, тұрымтай, қаршыға, ителгі - сұңқар тектес құстарға балаған. «Аққудай еркем, қол жетпес көркем» деп төгіледі жігіт сүйгеніне. Аққу - сұлулықтың, пәктіктің үлгісі. Махаббаттың жиынтығы. Аққуды атпайды, керек десең, шошытудың өзі дөрекілікке жатады.

Қазақ қыздарын аққудай ардақтап, басынан құс ұшырмаған. Сөйткен аққу қыздар бүгінде неге қорғансыз? Айтуға ауыз бармайды, іштен тынасың. Еуропадан, Батыстан басталған жыныстық дүмпу (революция) бізге де жетті. Аққу қыздарымызды қорғайтын намыстылар шықсын. Отан қалай қорғалса, аққу қыздарымыз да солай қорғалсын. «Қыздың ары - елдің ары, біліп қой, қыз қорғаған нағыз қайсар жігіт қой!»

Аққулар сұлулық төресі болғанда, бозторғай мен қызғыш мұңлық саналған. Біреуі даласын жырлап шырылдаса, екіншісі көл жоқшысы атанған. Қарлығаш - дәнекерші, тілекші адамдарға. Көгершін - жақсылық пен бейбітшілік жаршысы. Боқ шоқыған қарға да зиянсыз. Үйрек те сүйкімді. «Үйректің ұшқыр келер қасқалдағы, жалғыздың жары құдай сасқандағы».

Құстарды қай халық болмасын тіршілік дәнекершісі деп білген. Қанаттылардың күнкөріс машығы жас ұрпаққа үлгі. Ертегі-аңыздардың бас кейіпкерлері құстар болып келеді. Қайырымды адамды «қанатымен су сепкен қарлығаштай» деп жан тартамыз. Қанағаты жоқ ынсапсызды «боқ шоқыған қарғадай тойымсыз» деп жек көреміз. Әлбетте, сол қарғаңыз да жақсылыққа үндейді адамдарды. Бір-бірімен үйірсек, топталып жүреді. Содан да «қарға тамырлы қазақтың баласымыз» деген сөз халық аузынан түспейді. Шығыс аңызының бірінде он сегіз мың ғалам жиналып: «Не жақсы, не жаман» десіп мәжіліс құрған екен дейді. Сонда бәрі бір ауыздан «боқ жаман» десіпті. Ағаштың ұшар басына қонақтаған қарға: «Бәрінен де жоқ жаман, жоқ жаман», - деп сұңқылдапты. Халық құстар тірлігінен ғибрат алып ой түйген. «Бүркіт қартайса, тышқаншы келер», «Тырнадан қарауыл қойсаң, төбеңнен қику кетпес», «Бөдененің үйі жоқ, қайда жүрсе бытпылдық», «Қыран қазасы қияда». Бөденені мысалға алғаны - кейбір сыбай-салтаң бас құрауға құлықсыз «серілерді» бас құрап, отау шығуға үгіттегені.

Құстың ұясын бұзу қылмысқа саналған. Барып тұрған қатыгездікке жатқызылған. Біреудің отының басына лаң салып, сүттей ұйыған жұбайлық тірліктеріне сұғынған аусарды «ұя бұзар» деп сыншыл қарттар жек көрген. «Ұя бұзар» аусарларды «сідік масы», «сары теке соққан» деп иттің қара тұмсығындай көрген. Жігітшілікке салынып, былапыт, жаман жүріспен бойына мерез жұқтырғандар ұрпақсыз қалған.

Құстың үнінен әсерлі не бар?! Ең тәтті дыбыс құстарда болады. Жағымсыз үнділері де жетерлік. Торғайдың бір түрі - тақтақ. Үнемі бір сарынмен «тақ-тақ» деп мезі қылады. Жаттанды сөзімен елді ығыр ететіндерді «тақтақша тақылдамай жөніңе отыршы» деп тыйып тастайды үлкендер. Сол тақтақ «ақ көт торғай» деп те аталады. Үні қандай сүйкімсіз болса, ұшып-қонғаныда көзге оғаш көрінеді. Сыншыл қарттар екісөзділерді «ақ көт торғайша қылп-қылп еткеніңді қойшы» деп тыйып жатады.

Торғайдың тағы бір түрі «жорға торғай» делінеді. Үнемі секек-секек етіп алдыңа түсіп алып, жорғаландай жөнелетін алдамшы қимылына бола «бұққыш торғай» атанған. Кейбіреу осы жорғалақтың әдетіне басып, ісі түскен адамның алдында жарамсақтанып әлекке түседі. Сондайларға сыншыл көздер: «Уай, жарқыным, бұққыш торғайша әлекке түспей, бірауық бойыңды көрсетсеңші», - деп әккілігін бетіне басады.

Жүріс-тұрысы сөлекет оралымсыздарды, құр ішіп-жегенге мәз тоғышарды: «Өлексеге үймелеген күшігендей», - деп кекейді. Мақтаншақ, құрғақ білгірді: «Өз атын шақырған көкек», - деп жек көреді атам қазақ. Кейбір «құрыдық-жойылдыққа» басқан аттанқұмарды: «Құзғынша сұңқылдап жаман ырымға бастамашы», - деп шенейді батагөй қарттар.

Тұғырдағы бүркіт мезгілсіз шақырса, ұяласының даусын естігені. Қарғалар топталып мазасызданса, күннің суытайын дегені. Қызғыш сыңсуын үдетсе, көл жағалауынан береке кеткені. Қыран шаңқылдаса, тоят тілегені. Сауысқан шықылықтаса, қан көргені, ауыл маңына ит-құстың келгенінің белгісі. Тарғақ тарқылдаса, ұясын жыланға алдырғаны. Ұя басар құс мезгілсіз ұшып, дыбыс шығарса, ұясының бұзылғаны. Қара торғайлар топталып ұшса, шегірткенің қаптағаны. Аққу сыңсыса, сынарынан айырылғаны. Сарыала қаз байбаламдаса, балапандарынан көз жазып қалғаны. Көгершіндер бөбесектесе /үн тастаса/, халыққа тоқшылықтың келгені. Қарлығаштар ауылға оралса, елге тыныштықтың орнағаны. Қырандар биіктеп ұшса, ел ағаларының мәртебесі жоғарылайды. Үкі әупілдесе, көктем берекелі, жаз мерекелі болады. Үйректер

сымпылдап ұшса, өзен-көлдің суы молаяды. Қарға қарқылдаса, жалғызсырағаны.

Құстар адамдардың жақын досы. Құстарға еліктеп, олардан да биік ұшатын болдық. Сөйтіп, қанаттыларға қыр көрсететінді шығардық, мылтық кезедік. Соның салдарынан адал құс ырымға қалмай барады.

Алла - абзал. Адамдарға да қанат берген. Ақыл-ой қанаты, қиял қанаты, арман қанаты, сағыныш пен мұнда да қанат бар. Бұған дәлел - адам қиялының ұшқырлығы. Адам арманмен, қиялмен қанаттанады. Армансыз, қиялсыз адам қанатсыз құс сияқты болады. Еңбегімен елге танылып, ғылымда, өнерде озған жаңалық ашқандарды қанатсыз деп кім айтады?! Ұядан қанаттанып ұшқан ұланды биікке самғатып ұшыру - ата-ананың, ел-жұрттың міндеті. Үкіметтің басты мақсаты да жастар тәрбиесі. Отан-ананың, халықтың қамқорлығын жастар бағалай білулері керек. Жас адамның бойындағы ең жаман қасиет — масылдық.

Жас дос! Жаратушы ие саған да, бәрімізге де қанат сыйлаған. Жай ғана қанат емес, пәрменді қанат. Сол артықшылықты пайдалана білу өз қолыңда. Бойдағы жігер, намыс, ар-ұят, төзім, ерлік, жақсылыққа жаршы болу, мәрттік - бәрі-бәрі сенің қанатыңның қауырсындары. Сен сол «қауырсындарды» жетілдіріп, биіктеп ұшуға талпыныс жасасаң ғана саған қанат біткені.

Нағыз жетілген қанат - Арман! Арманың биік болса, қанатың тез жетіледі. Арман алдыға қойған мақсат-мұратпен ерекшеленеді. Мақсатсыз, бағыт-бағдарсыз өмір сүру - арманды жоғалтып алуға апарып соқтырады. Ақын болсам ғой, ғалым болсам ғой, әкім болсам ғой деп көрпені басыңа бүркеніп алып қиялдау - құрғақ арманға жатады.

Аң

«Қойдың иесі болса, бәрінің тәңірісі бар». Аң мен құс, қыбырлаған жәндік атаулы жаратылыстың ыңғайымен тырбанады. Табиғат заңына бағынады. Иесі - Жаратушы ие. Қасқырды қорқау қылып жаратқан. Тіс берген, күш берген. Егер қасқыр жуасып, итке айналса, онда оның жаратылыс заңына көндігіп, икемделе алмағаны. Жер бетінен жойылып, құрып кетеді. Бабаларымыз аңдарды ес көрген. Керек десеңіз, соларға еліктеген. Аңдардың тіршілік ету дағдысы мен амалынан үлгі алған. Түркі халықтарының тегі көк бөрі деген аңыз бар. Жетім баланы қасқыр асыраған. Ит тиген баланы қасқырдың

өтімен емдеу дағдысы күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Қазақ атам бетті, жау түсіргіш қайсар азаматты «Ой, көкжалым-ау сол!» деп көтермелейді. Қасқыр екеш қасқыр да досқа опалы. «Дос болып қас болғаннан сақта құдай, қасқыр да қас қылмайды жолдасына» делінетін өлең жолдары соған дәлел. «Бөрі азығы мен ер азығы жолда» деп тегін айтылмаған. Әйткенмен де, қасқырдың қандыезу бөрілігін бабаларымыз қош көрмеген. Түсі суық, көмейі кең тойымсызды қасқыр бет, қасқыр ауыз деп жаратпаған. Халық жырларында аң патшасы арыстан мен жолбарыс беттілік пен қайсарлық үлгісі ретінде алынады.

Қол бастаған батырларды «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» деп мадақтаған. Қазақтың жауынгер ақыны Қасым Аманжолов майдандас серігі Абдолланың қазасына /1941 ж./ арнап жазған дастанында «Жүрегін бер жолбарыстың, ашуын бер арыстанның, бүкіл әлем ашу-кегі орна келіп жүрегіме...» деп шамырқанысты жырды төгіп-төгіп жібереді.

Епетейсіз бірбет нойысты «аю» дейтін әдет бар. «Аюдың алжығаны тасқа шығып кетеді» деген мақалды халық кәрілікке қарата айтқан. Қарттық та сын, өз шамасына қарамайтынға тоқтам. Кейде «Борсық ұрған сайын семіреді» деген мәтел аузымыздан шығып кетеді. Айтса - сөз, ұрса - таяқ өтпейтіндер борсық мәнзелдес болғаны ғой.

Түлкі - жазықсыз түз тағысы. Бар кінәсі - «түгінен жазған». «Түлкі құйрығына сенеді, құбыл қулығына сенеді». Тазыны құйрығымен алдап кететін түлкіні қулыққа жеткізбейтін айлакерлерге теңейміз. Қатар жүрген жолдасын дүниенің боғына бола алдап кететіндерді «түлкі құйрық» дейміз. Түлкі - сүйкімділік белгісі. Жас қызды «түлкінің күшігіндей» деп іш тартамыз. Жездесі балдызына «Қарға аунаған түлкідей құлпырасың, балдызым» деп еркелетеді. Кейбір екі сөйлейтіндерді «қарсақ жортақ, түлкі бұлаңға салмай, тікесіне көшсеңші» дейді сыншыл қарттар. «Дәніккен қарсақ құлағымен ін қазады» дегенге түсінік берудің қажеті жоқ. Бойжеткенді «киіктің құралайындай» деп, сүйегі ұсақ сүйкімді қызды «киіктің асығындай» деп іш тартамыз. Кәдімгі бұғыны марал деп ерекшелейміз. Әйел затын тартымдылығына бола «ақ марал» дейтініміз жарасымды-ақ. Көзі шаралы аруды «құралай көз» деп, әдеміше бойжеткенді «еліктей» деп үздігеді жігіттер.

Жылдың бір аты - Барыс. Ерте дәуірлерде ата-бабамыз барысты кие тұтқан. Бүгінде барыс қайсарлықтың рәмізі ретінде елтаңба дәрежесінде. Барыс жылында ақсақалдар былайша тілек айтып жатады:

Шешендерім сөз бастады,
Жүйріктерім ойқастады.
Елбасымыз көш бастады
Отыз жылға бағыт берді,
Елді арнаға салып берді.
Алатаудан Астанамды,
Ақмолаға алып келді.
Қанаттандық жігерленіп,
Ақындарға шабыт келді.
Нар тәуекел, үміт алда,
Еңсереміз нарықты енді.
Күшейеміз Барыс болып,
Жалқаулықтан алыс қонып.
Бәйге алады жүйріктерім,
Аламанда, жарыста озып.
Қара алтыным ақтарылып,
Кенелеміз қарық болып.
Ауыл қайта жанданады, мал басады маң даланы,
Жаңаша үнмен жаңғырады, қазағымның арман-әні!
Барыс мінез бұл қазағым, арыстан боп жалданады,
Келер ғасыр біздің ғасыр, мүтін әлем таңданады
Қош келіпсің, Барыс жылым!
Қайтпас қайсар, жарықтығым.
Қар жастанып, мұз төсеніп,
Қиындықпен алысты кім?
Жігерлімен табыстырар,
Жалқаулықты намыс қылар.
Бойкүйезді сергітетін,
Үмітіміз барыс жылдан!
Иә, Алла, осы жылда, қызу берші отынима,
Намысымды қамшылайтын, шабыт бер ақынима.
Басу айтар көпшілікке, сабыр бер ата, ұлына,
Ұлтымыздың өскіндері, ұят берші ұл-қызыма.
Нашақор, ішкіш етіп, есалаң жынды қылма.
Халқымыздың ар-ұяты, қыздарға қылық берші,
Ұятты алмадайын, бір-бірден үзіп берші.
Ұйытқысы отбасының, әйелге төзім берші,
Жарыңнан құдай қосқан, жатсырап, жерінбеші.
Аналық жүрегіңмен,ертеңім, елім деші,
Әр үйдің отағасы, еркекке ынсап берші.
Шараптан аулақ жүріп, мейірімге сусап көрші!
Жарың мен перзентіңе, күшіңді жұмсап көрші.

Иә, тәңірім, бұл жылымда, тауларымды жуалы ет,
Шыбығымды шынар ет, қарттарымды дуалы ет.
Дінге қырын шоқыншықты, Аллаға ынтық, құмар ет.
Иә, Алла, бұл жылымда, жікшілдердің лаңынан сақта,
Пәлебасының жалған ұранынан сақта.
Қасқырдың тісінен сақта, жолсыздың ісінен сақта.
Кәукілдектің үрісінен сақта, зымиянның күлкісінен сақта.
Ұрының құрығынан сақта,
Жемқордың былығынан сақта.
Лаңкестің мылтығынан сақта,
Ала көңілдің қылпуынан сақта.
Өсекшінің сыпсыңынан сақта,
Күншілдің сұқтығынан сақта.
Текетойлының толғанынан сақта,
Жаңа байығанның болғанынан сақта.
Тыраштың кісілігінен сақта,
Сырты сыздың іші білгенінен сақта.
Жаны ашымастың нем кеттісінен сақта,
Әсіренің жалғандығынан сақта.
Барыс жылымыз берекелі,
Әр күніміз мерекелі,
Айларымыз ажарлы,
Әр сағатымыз базарлы,
Жазымыз жаңбырлы,
Тойымыз ән-жырлы,
Малымыз төлді,
Сойысымыз шелді,
Өрісіміз малды,
Азаматымыз арлы болғай-ақ!

1998 ж.

Қай халық болмасын аңдарды кие тұтып, олардың тіршілік амалдарынан өздеріне керектісін пайдаланып, қажеттеріне жаратқан. Қазақ халқы табиғатқа жақын болғандықтан, балаға ұқтырар сабағының әр мәтінінде аң мен құстың, жәндіктердің тырбанысын үлгі етіп ұсынып, өсер жастың құлағына құйған. Қоянға байланысты ертегілерде, аңыз-әңгімелерде, отбасылық күңкүл-шүңкілде «қояннның аяғын жегеннен» келеді шешенің сөзі. «Қоянжүрек қорқақ» дегенді әке балаға айту арқылы өсер жасты жүректілікке үндейді.

Момын аңдар - ақбөкен /киік/, арқар, елік, дала сәні-тін. Сонау он тоғызыншы жылдары /1920 ж./ ақиық ақын Сәкен Сейфуллин:

Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім,
Өзге аңға жануарды теңгермедім.
Көздері мөлдіреген ақбөкенді
Адамның баласынан кем көрмедім.

Ақбөкен сахараның бота көзі,
Атты екен қандай мерген көзі қиып, —

деп сұлу аңға сұлу жыр арнайды.

Қазақтың көрнекті ақыны Кәкімбек Салықов:
Жез қанат, күміс бауыр киік көрдім,
Дәруі сол ма дерсің күйік-шердің.
Жез марал жүреді екен арасында
Қаптаған Бетпақтағы киіктердің... —

деп жезкиікті «баяғы қызыл ішік киген қызға» ұқсатады. Жаралы киікті «ет кесіп өз етімен берсем-дағы, жөніне жібермейтін емдеп қана» деп аяушылық білдіреді. Бір суық қолды мергеннің киікті атып алмауын тілейді. Ақын барша сұлулықты жезкиікке теңеп, барынша шалқиды.

Арқарды халқымыз ес көрген, тау еркесі деп іш тартқан. Көкжалға алдырмайтын өжеттігін жыр қылған. Арқарды кие тұтуды атам қазақ төрелермен байланыстырады. «Төресіз ел болмас, төбесіз жер болмас» деп келетін мәтелге сыйдырғанда, қазақ қауымы төре мен қожаны пір тұтқан. Қожа ұлтты дінге /Исламға/ ұйыстырса, төре ел билігіне араласып, билік тізгінін қолдарына алған. Содан да төрелерді «арқар ұранды» деп өзгешелейді. Неге олай аталғанын үлкендерден сұрағанымызда: «Арқар биікте жүретін жануар, төрені төрге шығарып, ел билігіне араластырамыз. Содан да «арқар ұранды төре дейміз», — дер еді. Олай болса, арқарды айрықша кие тұтып, «биіктік тәңірісі» деп ырымдасақ оның несі сөкет?

III. МАЛ МЕН ЖАН

Амандық

«Басы аманның - малы түгел» дегенді үлкендерден сан естідік. Мал індетке ұшырағанда, ұры аз малға құрығын төндіргенде, осы жұбатуға еріксіз тоқтайтын еді малы шығындалған шаруа. Әдетте, қазақ атамыз амандасқанда: «Мал-жан аман ба?» деп малды бірінші аузына алады. Бұл — амандық білуге, сәлемдесуге жатады. Осы күні амандасуды /сәлемдесуді/ қысқа қайырамыз. Үлкенге ықылассыз салқын сәлем беру — жас адамға жат әдет. Амандық-саулықты әкелеріміз ұзыңдата созар еді. Мұндай амандасу дағдысы қазақтарда ғана бар десек, қателесе қоймаспыз. Халқымыз ойпаң-тойпаңды басынан көп кешірген. Табиғат апаты, жер теңселісі, су тасқыны, құтырынған дауыл, жаздағы аңызақ, қыстағы қызыл шұнақ аяз, ақ түтек боран — бәрі-бәрі қинайды. Одан іргеден сұғынған жау көз алартады. Атыс-шабыс, үргін-сүргіннен көз ашпаған бейкүнә халқымыз бір-біріне амандық-саулықтан басқа не тілесін?! Әр күні былай тұрыпты, әр сағаты қауіп-қатерге толы қазақ елін «мың өліп, мың тірілген» деп ақындар жырға бекерден-бекер қоспаған. Жаудың бетінде, желдің өтінде жүріп, мал өсіріп жан баққан, ұрпақ жалғастығы үшін жанын пида қылған бабаларымыз «ел көшті, жау жетті» заманның ойпаң-тойпаңын көп көрген. Ел қорғаған батырлар ат үстінен түспеген, тоя тамақ ішпеген. Алаңсыздық арман болған, ала шапқында, біреумен біреу жөн сұрасып, амандасуының өзі олжа. Күні бүгін үлкендер бір-біріне: «Амандығың қайда?» — деп базына білдіріп жатады. Амандық білісіп, жөн сұрасуы, бүгінше айтқанда, ақпарат алмасуы болып табылады. Жөнін білдірмегендікті әдепсіздікке жатқызған. Содан да «жете амандасу» қазақ ұлтына тән тәртіпке жатады. Қол берісіп, төс түйістіргенде кісінің бір-біріне деген тілеулестігі артады. Халжағдайды сұрасумен қоса отбасының, ошақ қасының, ауыл-аймақтың жағдайына қанығады. Сәлемдесу жас адамға емтихан іспетті. Сыншыл қарт жастың сәлем беруінен ішін таниды. «Қабағы ашық, жанары таза екен» деп ықыласпен сәлем берген жасты жақсы көріп қалады. Ондайда «дала академиктері» атанған қазақ шалы: «Көп жаса, балам!» — деп тілек білдіреді. Қос қолды ұсынып ықыласты сәлем беру — кісінің бір-біріне

деген тілеулестігін байқатады. Салқын сәлемдесу көңілге кірбің ұялатады. Қандай қиын-қыстау жағдайда ықыласпен амандық білісу кім-кімді де бір көтеріп тастайды. «Сәлеміміз түзу еді» деп жатады үлкендер. Түзу сәлемнен қалған соң, адамдардың бір-біріне деген бағасы төмендейді. Қазақ бабамыз амандықты малдан бастап, жанға ұластырады. Бұл арадағы малың — қора-қопсың, астыңдағы мінген атың, соңына ерткен тазың, қотандағы малың мен барша дәулетің. Ал жаның — бала-шағаң, отбасың.

Мал — күнкөріс көзі. Содан да «малдының беті — жарық, малсыздың беті — көншарық (иі қанбаған мал терісінен тіліп алынған қайыс немесе өгіз терісінен жасалған кәдімгі шәрке)» делінеді. Малсыздың беті «көншарық» делінетіні — көңіл күйінің жоқтығы, жүдеубастығы.

Қазақ атамыз өз малын өзі баққанды ар көрмеген. «Жаным — арымның садағасы, малым - жанымның садағасы». Бұл түсінікті нақыл. «Мал таппайтын еркек болмайды, құрарын айт, бала таппайтын әйел болмайды, тұрарын айт» дегендегі аңғарымға әркім-ақ түсінеді. «Құрары» дегендегісі - малдың ит-құстан, ұры-қарыдан, үргін-сүргіннен аман болып, мыңғырып өсуі. «Малды өсіргің келсе, әрісін тап, тарыны ақтағың келсе, келісін тап», «Мал шелді болмай, төлді болмайды». Шел —малдың іш майы. Мал төлден өседі. Жас төлді «төл басы» деп ырымдайды. Ондай малды жұмсамайды, көбейтуге тырысады. Төл басы мал — мыңғырып өсіп, жүзге жетіп,мыңға ұласқан. Қазақ атамыз тұңғыш немересін «төлбасым» деп айрықша жақсы көрген. Ондағысы әулеттің шаңырағын биіктетіп, елеулі азамат болып өссін, төл басы малдай өнікті ұрпақты болсын дегені. Әке мен шеше бауыр еті — балаларын: «қозым, құлыншағым, ботам, тайлағым», — деп еркелеткен. Жан тартқан баласына мейірімі түскенде «Қойдай қоңырым, қозыдай момыным» деп айналып-толғанады. Мал бағу — еңбектің елеулісі. Баланы әке-шешесі жас күнінен малға жақындатып, қозы бақтырған, тай үйреттірген, жылқы күзетіне шығарған. Төрт түлікке ұйқастырып: «Қозыбақ», «Малдыбай», «Түйебай», «Жылқыайдар», «Ботагүл», «Төлбасы»... деп ат қойған.

Мал дәулетке жатады, ырзық-несібеге жатады. Жан асырау үшін мал өсірген халқымызды амандық-саулық сұрасқанда малды бірінші аузына алуында сөкеттік жоқ. Осыған бір мысал сұранады: Қазақта Жұмабай Шаяхметов деген тұлға болған. Тұлға деуімізде мәніс бар. Заман орайына қарай ел билігінің тізгінін ұстағандарды бірде аспанға шығарып, бірде жерге түсіріп әлекке түсіп жатамыз. Халық аузы дуалы

делінетіні — шындыққа бір табан жақын дегені. Елуінші жылдары, біздің бала кезімізде Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов назарға іліге бастады. Ленин мен Сталин болса-болмаса ауыздан түспейді. Әсіресе, Сталиннің құдіреті күшті ол кезде. Неміс фашистерін Сталиннің арқасында жеңдік деп отыратын әкелеріміз. Сталинге Қазақстанның басшысы: «Жолдас Сталин, қазақ халқы амандықты малдан бастайды. «Мал-жан аман ба?» деп амандасады. Малды бірінші ауызға алады. Соғыстан тұралаған шаруашылықты қалпына келтіріп, Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсарту үшін колхозшыларға /қазақ шаруаларына/ меншік мал ұстауға рұқсат етсеңіз...» — деп өтініш жазыпты.

Жұмабай Шаяхметовтің өтініші ескеріліп, үкімет қаулы шығарған. Қаулы «көсемнің» қолымен бекітілген. Колхозшыларға бір бие, бір сиыр ұстауға мүмкіндік жасаған көсемді әкелеріміз жақсы көріп кетті. Қазақстан басшысына алғыстары шексіз еді (Өкініштісі, Ж.Шаяхметовтің есімі бүгінде көп атала бермейді).

Хрущев билікке келгендегі әділетсіздікті көзбен көрдік. Үкімет меншік малға жаудай тиді. Алпысыншы жылдары ел арасына: «Маленьков (үкімет басшысы) берген байталды Хрущев келіп қайта алды», — деген сөз тарады.

Мал табу оңай емес. «Мал — арыстанның аузында, түрікменнің түбінде» дегенді атам қазақ тегін айтпаған. Малдың амандығы — жанның амандығы. Мал бағуды бабаларымыз мәртебе көрген. Табиғат аясында шалқар кеңістікте жүріп әнге басқан. Таза ауа жұтып, денсаулығын шындаған.

Ойсылқара

«Түйе — ұлық» делінеді. Осы сөздің мәніне жете түсіну қиынға соқпайды. «Мәз болады болысың Арқаға ұлық қаққанға. Шелтірейтіп орысың шенді шекпен жапқанға...» /Абай/. Демек, ұлық сөзінің мәнісі — жоғары мәртебелі дегендік. Төрт түліктің зоры, табиғаттың жанды бөлшегіндей маңғаз да тұрақтысы болғандықтан да, ойсылқараны «ұлық» деп ерекшелеуде бәлендей сөкеттік жоқ. Бабаларымыз түйені ұлықтай отырып, одан туындаған мағыналы сөздерді ұрпақ тәрбиесіне жұғыстырған. Түйеге байланысты мақал-мәтел, жұмбақтар әдебиетте жетерлік. Сондай ұлағатты сөздің тұщымдысы — «Нар жолында жүк қалмас». Түйе тұқымының ішіндегі төзімдісі әрі күштісі — жалғыз өркешті нар. Қос

өркешті түйені де қазақтар «нар» дей береді. Негізінде, түйенің аналығы /інгені/ төзімді келеді. Нар — бура емес, інгенге қарата айтылады. Арқа төсіндегі қазақтар інген мен нарды қосарлап айта береді. «Нарым боталады» деп жатады бір-біріне. Соған қарамастан «Ой, нарым-ай!» деген көтермелеуді әйел мен еркекке қосарлап айта береді. Мейлі, әйел болсын, еркек болсын, ауырға арқасын тосып, қиындықты қайыспай көтеретіндер қазақ ғұрпында нар делінеді. Осыдан барып «Нар тәуекел!» деген уытты сөз туындаған. Бұл сөз әркімнің-ақ аузында жүреді. «Нар тәуекелге» бекінген адам алған бетінен қайтпайды. Қайсарлыққа жатады. Жүріс-тұрысы мен сөйлеген сөзі орнықты, салмақты да сабырлы, бір сөзді азаматты «түйенің төс табанындай» /кеуде сүйегі, төсі/ деп ауыз толтырып айтады. Ана жалғызынан айырылып, жер соғып қалғанда «Ботасы өлген боз інген» деп аяушылық білдіріседі жақын-жуық. Мал тұқымында түйенің аналығы /інгені/ аса балажан келеді. Ботасын бір жылға дейін ұмытпай боздайды да жүреді. Түйенің ұлықтығына тағы бір мысал — жершілдігі. Өсіп-өнген жерінен ауғанда түйе малы көпке дейін көндіге алмайды. Көзінен жас домалап, боздап-боздап алады. Түйе төлінің де тектісі, айрықша асыл тұқымы болады. Оны «аруана» дейді. Ағайын-туыс, құда-жекжат, іргелес ауылдар бір-бірімен қырбайласып қалғанда, дуалы ауыз қариялар араағайындыққа жүріп (ағайынды бір-бірімен татуластыратын рәсім) жөн айтқанда: «Түйенің қос өркешіндей жарасқан емеспісіңдер?!» — деп басалқы білдіреді. Түйенің шыдамды келетінін жоғарыда айттық. Халқымыз «Нар баласы бақырмас болар» деп ұрпағын сабырлы, төзімді болуға үндеген.

Малда да мінез бар. Өзіміз «ұлық» деп ерекшелеген түйеде кемшілік жетерлік. Адам сияқты түйенің де беймазасы болады. Бақырауық келеді ондай өркештілер. Жынын бүркіп, иесінің үсті-басын былғайды. Біреумен біреу қырбайласып қалғанда «Түйеше жыныңды бүрікпей, әрмен жүр» деп жатады.

Ескілікті беташарда «Ақ келін-ау, ақ келін, сауысқандай сақ келін. Алдыңғы түйе итіншек, итіншек деп басқа ұрма, артқы түйе тартыншақ, тартыншақ деп көтке ұрма» деп тақпақтайды жыршы. Итіншек түйелер мазасыз келеді. Үйге сүйкенгіштеп, көш жолында кие-жара алға өңмендеп мазаны кетіреді. Түйені жасқайды. Басқа ұрмайды. Келінге соны ескерткені. Ат тасырқайды. Тасырқаған атты тағалайды. Түйенің табаны тиеді. Табаны тиіп жүруден қалған түйе табандап жатып алады. «Табандап жатып алды» деген сөз тіркесі түйеден шыққан. Көп жағдайда адамға қарата айтылады. Табаны тиіп болмаса, үстіне артылған жүкті ауырлаған түйе тартыншақтайды.

Түйені жырға қосқан ақындарда Махамбеттен асыра айтқандары кемде-кем. «Айырдан туған жампоз бар, Нарға жүгін салғысыз. Аруанадан туған мая бар, Асылын айуан десең, нанғысыз». Ақын түйенің қасиетін айта түсіп, адаммен шендестіреді. «Жаманнан туған жақсы бар, атасын айтса нанғысыз. Жақсыдан туған жаман бар, күндердің күні болғанда, жарамды бір теріге алғысыз».

Жампоз — түйенің асылына жатады. Нар мен қоспақ түйенің арасынан шыққан будан. Азамат-ердің ісіне, мінезіне, қайраткерлігіне, мәрттігіне риза болғанда: «Ой, жампозым-ау сол!» деген көтерме сөз еріксіз ауыздан шығады.

Өркештілердің жүйрігін «желмая» дейді. Желігіш келеді. Шапқан атқа жеткізбейді. Қазақ ғұрпында түйе жарыстырған әдет жоқ. Балалар тайлақтарының бағын сынасады. Араб елдерінде, Иранда, Таяу Шығыста «Түйе жарысы» болып тұрады. Түйенің бір қасиеті, оның адамға деген бағыныштылығы мен көмпістігі. Сырт көзге бейғам момын көрінетін түйе айрықша сезімтал. Мұңшыл жандай қабағы қатулы, көзі жасты келеді. Ойсылқара атануы сондай қасиетінен де шығар-ау.

Түйе — шыдамдылық үлгісі. Ашудан да құр емес. Буранның беті қатты келеді. Бура ақпан мен қаңтарда құтырады. Құтыратыны, келеге /түйе табыны/ түседі. Әдетте, інген қайымалдайды. Бура інгенге шөгеді.

Бүгінде төрт түлік малға байланысты ұғым-түсініктер жастардың сөйлеу дағдысынан шет қалды. Төрт түлікке байланысты мақал-мәтелдер, қанатты сөздер көнеріп барады. Қазақ тәртібінде анайылыққа жол жоқ. Тігісін жатқызып, астарлап сөйлеу ұлтымызға тән қасиет. Дөрекілікті халық қош көрмеген. Төрт түлікке қатысты еркек мал мен ұрғашы малдың орайласуын жұмсақ сөзбен бейнелеген. Мәселен, айғыр биеге жанығады. Биеге артылмайды, шабады. Көзігеді. Рас, бура ашулы келеді. Әсіресе, келеге /аналық түйеге шөгерде/ түсерде, құдай салмасын, адамға шабады. Буранның да тоқтамдысы болады. Бәрі бірдей шабына бермейді. Күркілдей бермейді. Кейбір өркөкірек, менмен адамдар өрекпіп ашуға басқанда: «Бураша құтырынып, саған не көрінді? Басыңды жұтайын деп жүрмісің?» — дер еді үлкендер. Кісіге шабатын құтырынған бураны ауылдан бездіріп жібереді. Ақтап тастайды. Түйені піштірмейді, ақтайды. Бураға байланысты жұмбақ та бар: «Ана ауылдың бурасы, мына ауылдың бурасы. Желкілдейді шудасы» /шешуі — пеш мұржасынан шыққан түтін/. Қазақ салтында

бураға байланысты «Бура қотан» деген ұлттық ойын болған. Бүгінде бұл ойын дәстүрден сырт қалды. Бұл сөз тіркесі неден шыққан? Мазасыз бура буыршынды шайнап, атан түйелерді / ақталған түйе/ тықсырып, қотанға иірілген келеңің ту-талақайын шығарып, қатты мазасызданады. Осыдан «бура қотан» атауы шыққан. Бұл - жастардың ұлттық ойынына айналған рәсім. Қызойнақтың бір түрі. Бала кезімізде «Бура қотан» ойынының шет жағасын көрдік. Оның түрлері көп. «Бұйда тартыс» деген болады. Түйе көкпарға жатады. Арқан тартысқа жақын. «Түйе қоржын» бәсекесінде жастар ауырлық көтеруден бақ сынасады. Иықтасу, білек күшін сынасу, жағаласу, желке тартыс «Бура қотан» ойынына тән. Иықтасудың тәртібі былай: екі бала ортаға шығады. Шеңбер сызығынан бірін-бірі иығымен итеріп шығару керек. Иықтасу сайысы жапондарда бар. Ойын түрлері бураша шабынудан бастау алады. Мәселен, ортаға шыққан екі сайыскер /үміткер бала/ бір-бірінің жағасына жармасады. Кім бұрын қарсыласының жағасынан ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. «Бура қотан» ойынында қызбалыққа салынып, төбелес шығарғандар үлкендердің алдына барып айып төлейтін болған. Бұл ойынның ең өміршеңі «иықтасу» делінеді. Бура келеге түскенде, қарсыласын сайысқа шақырады. Айғырлар шайнасады, бұқалар сүзіседі, буралар иықтасады. Кеуделі бура бәсекелесін түйіп жібереді. Ұшырып түсіреді. Иықтасудың мәнісі осы. Нардың бурасын «үлек» деп те атайды. «Өлі бураның басынан тірі атан қорқады» деген де мақал бар. Түйеде кие болады. Оны бақырауық, ыңыршақ ететін адамға «түйе түлігінің киесі ұрады» деген. Түйе адамға шудасын, жылқы жалын төсейді екен.

Түйенің шұбаты іштің кірнесін кетіреді. Жөтелге ем. Тыныс жолдарын кеңітеді. Жүрек соғысын реттейді. Шаршаған адамға әл береді. Жүнінен тоқылған киім адамды суықта тоңдырмайды. Тері ауруын болдырмауға септеседі. Төрт түліктің ұлығы саналған түйеге қарап бой түзеген қазақ баласы сабырлы, шыдамды болып өссе керек-ті. Әйтпесе, кейбіреу сомадай басымен баланың мінезін көрсетеді. Сондайларға қарата: «Түйедей болып түймедейге ентелегенің не?» - деп ұялтар еді. Өркештілер бейғам келеді. «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты» деген содан шыққан. Түйе шыдам-төзімнің жиынтығы есепті. Содан да халқымыз түйені төрт түліктің ұлығы деп білген. «Ойсылқара» атандырып, қастер тұтқан. «Бас білетін түйеге «әтшу» деген өліммен тең» деген аңғарым да тәрбиелік мәнге ие.

«Сиыр сипағанды білмейді»

Сиыр қасақы келеді. «Сиыр сипағанды білмейді, жаман сыйлағанды білмейді». Жүріс-тұрысыептейсіз. Жапалай салады. Көрінген қашаға сүйкенеді. Жалқау келеді. Жазда өріске беттеуге еріншектеп, иіріліп жатып алады. Басқа мал тәрізді үйірлесе қоймайды. Бөтен сиырды жабыла сүзгілейді. «Сиыр сипағанды, жаман сыйлағанды білмейді» деген мақал осыдан шыққан. Мал тұяғына ілесіп, жылдың төрт мезгілінің ығытымен көшіп-қонатын қазақ халқы сиырдың көшке ілесе алмайтын өнімсіз мимырт жүрісіне бола молықтырып өсіре қоймаған. Жайлауда жазылып, табиғат аясында еркін тыныстаған халқымыз сиырды «сасық» деп жақтырмаған. Үй маңына жолап кетсе сүйкеншіктеп, одан тышқақтап, берекені алады. Сәйгелдегеңде ес-түсі қалмай, есігі ашық тұрған үйге кіріп те кетеді. «Сәйгелдеген сиырдай ес-түсіңнен айырылып қалғаның не?!» дейді оспадарлыққа басқан әумесерге. Әке өлі сүйектеу ұлына кейігінде «Сиыр шатыс, бойкүйез болбыр неме!» деп таусылады. Сиырдың бүйрегі біртұтас келмей, буылтықтанып тұрады. Осыған қарата «Өзі аз қазақты сиырдың бүйрегіндей бөлшектемей, біртұтас бірлікте қарастырыңдар» деп жатады тарихшылар. Бүгінде жадағай жайдақ білгіштер қазақ халқының тарихына қисынсыз сұғынып, рулық шежірені алға шығарып, дәйексіз жорамалға барады. Қазақ ұлтының тарихын бірлікте қарастырғанда ғана ұлттық мүдденің үдесінен шығамыз.

Бұл түлікте де қасиет бар. Сүтінің молдығы мен етінің маңызы айрықша. Сиыр терісі қолөнердің өнікті түрі өрімшілікке сеп. Сиыр терісінен былғары жасалады. Қамшы, жүген, тартпа, құйысқан, өмілдірік тәрізді ер-тұрман әбзелдері сиыр терісінің өнімі. Мінезі ауыр көнтерлі адамды «терісі қалың, өгіздей көмпіс» деп ерекшелейді. Ежелгі әдебиет үлгісі жыр-толғауда мал терілері сөздің көркемдігін күшейтуге септеседі. Бұқар жырау «Керей, қайда барасың?» деген толғауында «Мен — арғын деген арыспын. Азуы кере қарыспын. Сен бұзау терісі, шөніксің /Шөнік — насыбай салатын жарғақ қалта/. Мен - өгіз терісі, талыспын /Талыс — етікшінің етік тігетін саймандарын салатын тері ыдыс/» деп ел бірлігіне бола бөлек қос болып елден жырыла көшкен керей ұлысына салмақ салады.

Жас бұзаулаған сиырдың бұзауы шетінегенде бұзау терісіне шөп тығып сиырды алдаусыратады. Тілімізде «тұлыпқа мөңіреген сиырдай» деген тұрақты сөз тіркесі бар. Болмашыға алданғандарға қарата айтылады. Бәлендей ерсілігі

жоқ. Қисынсыздыққа келтірген желеу. «Сиырдың сүті — тілінде», «Емшек те сатулы». Дұрыстап баға білсең, емшегінен сүт сорғалап тұрады. Кейбір мінезі келіспегендерге «сүзеген сиырдай көзіңді шатынатпа» деген тыйым бар. «Ел жатса да, енекем жатпайды» /жұмбақтың шешуі — сиырдың мүйізі/.

Сиыр жылы берекелі жылға жатқызылады. Сиыр жазда еріншектеп көп жата берсе, қыс қатты болады делінеді. Бұл түліктің шалымдысын /жүйрігін/ «қара тіл» деп өзгешелейді. «Шаң мүйіз» өгіздер шапқан атқа жеткізбейді. «Көшкен елдің бұқасын еру елдің танасы басынады» деген астарлы сөз бар /Еру ел - қонысында отырған ауыл/. «Бұқаның өзі қартайса да, мұрны қартаймайды» дегендегі халықтық аңғарымда астар бар. Бозбала шақтағы жігітшілігін ұмытпай, егде тартқанда зинақор атанып, қыз-келіншектерге қырындайтын сұғанақ шалдарға қарата айтылған. Ондай «кәріні» ел арасында «шайтан шал» деп жек көреді. «Бұзық бұқа бұзаумен бірге жайылар» деген де мақал бар. Жас қыздарға бұқаша әукесін созатындардың сазайы. Қай дәуірде де әйел затына суық қол сұғынбай қоймайды. Жаугершілік замандарда қанқұйлы жау ауылды шауып, қыз-келіншектерді олжалап кете барған. Бүгінгі таңда, жиырма бірінші ғасырдағы капиталистік қоғам саналатын базарлық экономиканың бел алған тұсында ауыртпалық қазақ әйелдеріне түсті. Әйелді тауар есебінде ұстайтын жабайы капитализмнің сұғанақтары аруларды пәленбай долларға жығып, құшағына тартады. Ардан безген аусарлар ақшаның буына елітіп, бұқаша есіріп, он екіде бір гүлі ашылмаған жас қыздардың пәктік пердесін жыртады. Соны мақтан көреді.

Қиын-қыстау замандарда тарыдай шашылып кеткен аз қазақ тәуелсіздік жылдарында Қазақстанға оралып жатыр. Қытайдан, Маңғұлдан, Иран мен Түркиядан отанына келіп жатқан қандастарымызды құшақ жая қарсы алудан кенде емеспіз. Елбасымыздың пәрменді саясаты бұған кең жол ашып қойған. Әйтсе де, сол елге оралған бауырларымызға көз алартып, кекетіп-мұқататын кекірлер де бар. Олар Қытайдан оралған туысқандарымызды «қытай» деп, Баян-Өлгийден ата жұртқа қайтқандарды «маңғыл» деп қыжыртады. Қазақ халқы қай дәуірде де елдесуді қош көрген. «Елге ел қосылса - құт, елден ел кетсе — жұт» деп халықты бірлікке шақырған. Ауызша тарих саналатын шежірелік аңыздарда іргелі руларға кеп ірге қосқан қандастарын бауырға тарту ежелден бар үрдіс. Елге кеп қосылғандарға көз алартып, «кірме, қоңсы, шүршіт, қалмақ» деп көкитіндерге: «Көшкен елдің бұқасын еру елдің танасы басынар», — деген мақал ой салуға тиісті.

Түйедей төзімді түліктің бірі - сиыр малы. «Сиырдың бұқасы буға семірсе, өгізі бейнетке семіреді». Соғыстан кейінгі жылдардағы ауыртпалықты көзімізбен көрдік. Жайлауға өгіз арбамен көшетінбіз. Шөпті өгіз машинамен шабатынбыз. Қыста шанаға, жазда шөп машинаға, арбаға жегілетін өгіздер күштілігімен, төзімділігімен ерекшеленеді. Біздің ауылда «Құртқа» деген қоңыр өгіз болды. Бір өзі тонна тартатын еді. Көшкімбайдың сары өгізінің даңқы ауылдан асып ауданға жеткен-ді. Көшкімбай ағамыз сары өгізіне «Құлагер» деп ат қойып алған еді. Ағайдың өз қолынан шыққан екі аяқты арбасы болатын. «Құлагерді» соған жегеді. Жазғы жаңбырды біздің бала күнімізде «қара дамыл» дейтін. Көкиық болған шөпшілер жаңбырды сылтауратып демалады. Дамылдайды. «Қара дамылдың» мәнісі осы. Сондай тыныста Көшкімбай көкеміз Құлагерін /сары өгізін/ екі аяқты арбаға жегіп алып, алыстағы қойлы ауылдардың орталығы — Айшыраққа тартып кетер еді. Айшырықта көкеміздің сүйген қызы бар деп естиміз. Қыздың әкесі дөкей бастық. Сол дөкей бастықтың қызын /жеңгеміздің есімі — Сауық/ көкеміз өгіз арбамен /1955 ж./ алып қашып, қыздың әкесі қайдағы бір кедей жігітке барды деп, мені мазақ қылып, қызымды өгіз арбамен алып қашты деп жатып кеп ашуланған... Содан алыстағы ауыл бір жаз егер-дегер болып, соңы, әйтеуір, жақсылықпен тынған еді.

Өгіз күш көлік есебінде ауылдың тынысын ашты, тәлім-тәрбиеге ықпал етті. Жігіттер той-томалақта өгізбен тақым тартысатын. Біздер, балалар өгіз жарыстырып, құмардан шығатын едік. Өгіз төзімді келеді. Алған бетінен қайтпай, өрге тырмысады. Содан да халқымыз туған ауылының гүлденуіне септесіп, жан аямай еңбек еткен бейнетқорларды «ауылды өгіздей өрге сүйрегендер» деп мақтан тұтқан. Табанды да тұрлаулы бейнетке үнемі иығын тосатын шаруаны «ауылдың қара өгізі» дейтін еді қариялар. Сиыр малының тәрбие-тәлімге жанасымы молынан. Қазақ баласына ырымдап «Қарабұзау» деп те ат қойған. Дуалы ауыз қариялар: «Сөзді қуса дау шығады, сиырды қуса боқ шығады» деп те тақпақтаған. Бұл түлікті өсірген Зеңгібаба өмірде болған адам делінеді. Оған байланысты аңыз шығыс халықтарында молынан. Қазақ қауымы Зеңгібабаны малсақ, киелі адам деп пір тұтады. Сиырларын өзі бағады екен. Аямпаз болыпты. Ғұмырында малға таяқ сілтемеген екен дейді. Шәлкем-шалыс сүзегенге кейігенде «құдайдан тап» деп налыпты. Содан Алла Тағаланың әмірімен оқыра деген сона шағыпты. Оқыра сиырдың терісіне жұмыртқа тастайды. Сәйгел сонасы дегеніміз сол. Сиырлар сәйгелде-

генде ес-түсі қалмайды. Кірерге тесік таппайды. Сиырдың сейгелдегені турасында күлдіргі әңгіме де бар. Соғыстан кейінгі елуінші жылдар болса керек. Шет өңірінде ұмыр кешкен Байнамаздың Жұмаділі деген сөзшең, қара сөзге жүйрік адам болыпты. Кеңес үкіметі орнаған жылдарда ауылдық деңгейде қызмет атқарған. Кейінде қызметтен шеттетіліп сиыр бағыпты. Сәске түс әлетінде ауданнан шыққан өкілдер сиыршы Жұмаділге кезігіп: «Сиырың қайда баққан?!» - десе, қисық сөзге жаны құмар ол: «Өздеріңдей ала шапанды атқамінерлер алдына салып қуып кетті», - депті түк шімірікпестен. Колхоз бастығына келіп жүгінген өкілдер: «Әнебір сиыршының есі дұрыс па?! Табынды өздеріңдей ала шапанды өкілдер алдына салып қуып кетті деп кекетеді», - демей ме? Сиыршының «өздеріңдей атқамінерлер» дегені — кәдімгі сәйгел. Ала шапанды дегені сәйгелге сәйкеседі.

Өгіздің шалымдысы болады. Ондай жүйрігін «шаң мүйіз» дейді. Сиыр қарасан індетіне шалдығады. Сиыршы сиырға кейігенде «Мәлік келгір!» деп анайы кетеді. Бұзауламайтын сиырды «қу жатыр, қашақ» дейді. Бұл сөзді адамға қарата айту бейпілдікке жатады. Бейпіл ауыздық — жаман әдет. «Сиыр мүйізінен татиды, бейпіл - тілінен татиды» деген тыйымға тоқтаған жөн.

«Қой сүйеді қозысын қоңырым деп»

Әдетте, қоңыр түс көзге жайлы келеді. Жүрекке де жылы тиеді. Табиғат құбылысы барша жанды-жансыз қоңырайғанда сүйкімі артады. Қоңыр кеште қоңырлата ән саласың. Қоңыр саулықтың соңындағы томпандаған қоңыр қозысын көрген әке егіз туған қос қоңыры — баласын емірене аймалайды. Әсерленген ол қоңыр домбыраның күйіне елтиді. Қоналқаға ат басын тіреген қонағына қоңыр тоқтыны алып соғып, сойып тастайды. Қоңыр мінезді қонағы руда жоқ таптырмайтын адам екен. Үй иесін әңгімеге қарық қылады. Айта берсе, таусылмайды. Қоңыр ән, қоңыр домбыра, қоңыр кеш, қоңыр ат, қоңыр қой, қоңыр қозы...

Қазақ атамыз «қоңыр» атауын, көбінесе, қозы мен баласына қарата айтады. Жақсы өсіп келе жатқан жеткіншегін «қос қоңырым, үш қоңырым» деп мақтанышпен ауызға алады.

Сонымен, қоңыр қойдың қоңыр қозысына келейік. Қой - момын жануар. Оған қоңыр сөзінің көбірек телінетіні содан. Қой отшаң келеді. Алты жүзден аса шөп түрлерін қорек етеді. Етінің асыл, майының шыны болатыны сол себептен. Бұл

түліктің биологиялық қасиетін таратып айтуды мақсат етпейміз. Десек те, қазақ халқы қойды жылқыдан кейін екінші орынға қойған. Сан ғасырлар бойында күнкөріс көзі болған қой түлігіне байланысты аңыз-әпсана, мақал-мәтел бір кітапқа сыймайды. Біз ең негізгілерін тілге тиек етеміз.

Жетімдік - тағдырдың ең ауыр сыны. Қой малы бір-біріне үйірсек келеді. «Қойшы ұры емес, қой ұры» деген мақал осыдан шыққан. Бір отардағы қойлар екінші отарға қосылып кете береді. Бірін-бірі жатырқамай, емін-еркін жайылып жүре береді. Қойдың осы қасиетін ата-бабаларымыз ұрпағына жұғыстыруға тырысады. Жесірін қаңғытпай, жетімін бауырына тартқан. Енесінен көз жазған қозы заржақ келеді. Біздің бала кезімізде қой сауылатын. Қозыны енесінен бөліп алып жеке жаяды. Қозы бағатын баланы «қозышы» дейді. Қозылар енесіне жамырағанда (енесімен табысқанда) төңірек азан-қазан болып кетер еді. Қозылардың енесімен табысуын «жамырақ» дейді. Жамыраған қозының дауысы сай-сүйектен өтіп кетеді. Сөйткен емшек құмарқозы бір күндері тағдырдың әмірімен жетім қалады. Енесін іздеп маңыраған жетімектің үнінен зарлы дауыс, сірә да, жоқ шығар. Толассыз зарлағанда, жүрегіңді жеп тастайды. «Жетім қозы тас бауыр, түңілер де отығар» дейді халық.

Бүгінде жетімдерімізді елден елге асырып жіберіп жатырмыз. Бұл - халықтық ғұрыпқа қайшы. Ішінен шыққан баласын қиып кететін қатігез аналардың салдарынан «тастанды бала» пайда болды. «Тастанды» сөзін бұрындары жесір әйелдерге қарата айтатын едік. Енді балаға қарата айтатын болдық.

Қойдың да сүйкімсізі болады. Өз қозысынан жеритін аналықты «мекер саулық» дейді. «Тұмсасынан жеріген тұсақ саулық болып жарытпайды» деген нақыл және бар. Мекерлік — малға да жараспаған. Қатыбастық, әсіресе, анаға сыймысыз. Бүгінде заман ыңғайына қарай қатыбас мекер аналар көбейіп барады. Қандай қиын жағдайда да қазақ әйелі ішінен шыққан баласын басқаға қимаған. «Іштен шыққан шұбар жылан» деп бауырынан ұзатпаған. Қой малының балажандығын үлкендер келін-кепшікке үлгі еткен.

Мал бағу — бұрындары өнер саналған. Кәсіптің ең маңыздысы да қастерлісі — малшылық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) еңбек етуді малшылықтан бастаған. Қой мен түйе баққан. «Қой семізі — қойшыдан», «Қой шелді болмай, төлді болмайды», «Жалқау қойшының қойы құрттағыш келеді»...

Қой түлігінің иесі — Шопан ата. Бәлкім, киесі шығар. «Қойдың иесі болса, бөрінің тәңірісі бар», «Бөрінің аузы жесе

де қан, жемесе де қан» дегенге дес беріп, қасқырды кінәлай берген де орынсыз. Оны да құдай жаратқан, табиғат тектісі дегенге саяды. Қой баққан адамның да дөрекісі болады. Момын хайуанды басынып, таяқ лақтырады. Балағат сөзбен «топалаң тигір», «қасқырға жем болғыр», «иттің малы» деп көңілін отардан сырттатқанымен қоймай, отарды өрістетіп, жөндеп бақпайды. Осындайлық оспадарлыққа барған жалқау, қатыгез қойшыға қарата «Шопанды құдай ұрарда қойға таяғы тиеді» дегенді тұспалдайды. Бұл мақалдың мәні тереңде. Ұстазына қарсы шығатын шәкіртке, ағасын сыйламайтын ініге, ел қадірін білмейтін отансызға, ата-ана қадірін білмейтін қатыгез балаға ас қадірін білмейтін теке тойлы ысырапқорға ескерту бар түпкі мәнінде.

Бақұмарлар биліктегі көкесі көңілінен шықпай қалса, жағасынан алып, жұлқысудан тайынбайды. Абайдың «бүгінгі дос ертең жау, мен не қылдым, япырма-ау» деп торығатыны сол себептен. Сатымсақ жалған достар да жетерлік. Құдай ұрған опасыздардың дені солар.

Қойдың отшаң екенін жоғарыда айттық. Өрісін тапсаң, семіре түседі. Мейлінше семірген қойлар құйрығын тарта алмай, қотанда қалып қояды. Тым семіріп, денесін алып жүре алмай қалған қойды шайлап қалды дейді. «Шайлаған қойдай мамырлап қалыпсың-ау» дейтіні де бар біреудің біреуге сүйкеншіктеген қыжыртпасында. Десек те, семіздік малға жарасады. Оның ішінде қойдың семіздігі. «Жаман адамды«асырасаң, аузы-мұрнынды қан етеді, арық малды асырасаң, аузы-басынды май етеді». Сондай-ақ қазақта «Семіздікті қой ғана көтереді» деген мақал бар. Басқа халықтарда жоқ соны оралым. Болмашы бақ, шығымсыз атаққа мардымсып, аз дәулетке мастанғандардың әуселесін көріп жүрміз. «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпастың» керіне бағып, кекірейіп шыға келеді. Бүгінде сауда-саттықтың дәмін алғандар байып жатыр. Оған көз алартып, іштарлық көрсету жақсы қасиет емес. Алайда, сондайлар өздерін халықтан бөлектеп, төбесімен көк тірейді. «Жаңа байығанмен қоңсы /көрші/ қонба» дегендегі тұжырым осы.

Халық - ұлы ұстаз. Ұстаздан сөз артылмайды. «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ көжеге алғысыз. Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз», «Адам айтса нанғысызды» қорашсынып, жолына кедергі болатындар, күндейтіндер бар. Сондайларға қарата «Қой асығы демеңіз, қолайыңа жақса, сақа ғой» дейді дана халық.

Қойшылыққа байланысты кәсіптік сөздер /терминдер/

бүгінде қолданыстан шығып, көнеріп барады. Қотан - үй қасында қой жататын орын. Осыдан қотандау (қойды жусап тынығатын орынға иіру) деген сөз шыққан. Қойды қотанға иіреді. Бүгінде қойды шарбаққа қамайды. Үлкеңдер жастарға бата бергенде «Қойың қотанды, отбасың ошарлы болсын» деп ізгі тілегін білдіреді. Қой өрістейді, жайылады. Иіріліп жусайды. Күйекке түседі. Ертеректе қошқарға күйек тағылған. Қошқардан күйек алынып, қойды қашыра бастағандағы күз мезгілін «күйек алу науқаны» дейді. Әр кәсіптің ығыты болады. Дер кезінде, мезгілімен атқарылып, жедел жүзеге асуы керек. Осыны науқан дейді. Мал баққан ауылдар күйек алу науқаны, көктемгі қой төлдету науқаны, қырқым науқанымен абыр-сабыр болып жатады. Қой түлігінің бейнетпен бағылатынын осыдан-ақ шамалауға болады.

Малға жанашырлық көрсету халқымызға тән қасиет. Төлін адамша аялай білген. Малға үйірсек баланың жүрегі жұмсақ келеді. Өсер жасқа дуалы ауыз қарттар: «Қошқар болар қозының маңдай тұсы дөң келер, азамат болар баланың бас терісі кең келер», - деп баға береді. Бас терінің кеңдігі неден байқалады? Мінезінен, жаратылыс-бітімінен ерекшеленеді ондай талапкер. Болмыс-бітімі делінуі тұлға-тұрпатының ішкі дүниесімен /мінез ерекшелігімен/ үйлесуі. «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, көтен жеген озар». Қойдың көтеншегі майлы келеді. Қойшыларға тиесілі сыбаға. Қой бағудың ата кәсіпке жататынын айта түскен үлкендер: «Бәрің бірдей тойшы болсаң, жын боларсың, бәрің бірдей қойшы болсаң, құл боларсың», — деп және ескертеді. Бір рәуатта «үш ай /үш жыл/ қой баққан адамнан ақыл сұрама» делінеді. Бұдан қой баққан адамның бәрі миғұла, кеще болады деген ұғым тумаса керек. Бүгінде ортақ шаруашылық да ралыққа ауысты. Жеке меншік малын иесі өзі бақса оның несі сөкет.

Малдың індеттен аман болғаны, адамның саушылығының кепілі. Кеудесінен сыз өтпей, ене сүтін дұрыс еміп жетілген қозы желқабыз ауруына шалдықпайды. Сүйегі қара кеміктенбей, сары жілік болып өседі. Қазақта «уызына жарымаған» деген астарлы сөз бар. Уызына жарымай қалған төл қатпа болып қалады. Жақсы тәрбие көрмей өскен жасты «уызына жарымаған неме» деуде бәлендей әбестік жоқ. Қой аз жасайды. Сол себептен де қариялар: «Кәрі қойдың жасындай ғұмырым қалды»деп отырады. Бұл - тоқтамды сауап сөзге жатады.

Қой - момын түлік. Содан да қазақ атам балаларына Қойшыбай, Қойлыбай, Қозыбақ, Тоқтыбай, Қойшықара, Шопан,

Қорабай... деп ат берген. Қыздарына Ақмарқа, Марқаш, Төлбасы деген есімді лайықтаған. Қыста қоздаған қойдың қозысы «арамза» делінеді. Арамза қозы ерте жетіледі. Оны «кебе» дейді. Қазақта «Мал адамды ащы қылады» деген аталы сөз бар. Оны не себептен айтқан? Қой өсіру оңай шаруа емес. Аққұла бейнет. Жазбамыздың бас жағында «үш ай /үш жыл/ қой баққан адамнан ақыл сұрама» деген сөздің мағынасына жете тоқтамай кеттік. Оның мәнісі мынада. Қойдың өнімі: еті, сүті, терісі, жүні, құрты мен майы, ірімшігі қаншалықты бағалы болса, соншалықты қымбатқа түседі. Маңдай термен келеді. Әйтпесе, қой баққан адам ақыл-есінен айырылып, мәңгүрт болып кетеді дегендік емес.

Қой — қасиетті мал. Исламда қой киелі саналады. Ибраһим пайғамбар баласы Смағұлды Алланың ризалығы үшін құрбандыққа шалайын деп жатқанда, көктен көк қошқар түседі. «Еркек тоқты құрбандық» деген аталы сөз бар. Ер азамат Отаны үшін отқа түседі. Жаудың бетінде, желдің өтінде жүреді. Соғыста оққа ұшады. «Еркек тоқты құрбандықтың» мәнісі сол.

Шекшек ата

Төрт түлік делінгенде, ешкі ауызға алына қоймайды. Қосалқы түлікке жатқызылады. Бұл - Шекшек ата түлігін қомсынуға жатпайды. Қой мен ешкі бірлікте алынады. Ешкі қораласы қойға жолын берген. Алдымен, ешкінің қасиетіне тоқталайық. «Сойса, саны қалақтай, сауса, сүті бұлақтай...» Малдың жылқыдан кейінгі тазасы — ешкі. Сиыр іркінді лай суды іше береді. Ешкі тұныққа бас қояды. Отшаңдығы жөнінде қоймен деңгейлесе алмаса да, шөпті таңдап жеуге келгенде алдына ешбір түлікті салмайды. Шөптің кілең әсиясын /гүлін, жапырағын/ теріп жейді. Серкесі қой бастайды. Серкесі бар отар айбарлы келеді. Бала күнімізде /қойшының баласы болғандықтан/ серкеге мінетінбіз. Серке, керек десеңіз, қасқыр мен итке айбат шегеді. Халық өсер жасқа риза болғанда: «Қой бастаған серкедей», - деп мағұрланады. Мұндай ризашылық үнемі алға шығып, әр іске бастамашы болып жүрген жаңашылдарға қарата айтылады. Көткеншек жалқауды «Қой соңына ере алмайтын қотыр серке» деп шенейді. Алым-перім есерсоқты «Ит көріп ешкі көзденген, елірме, жынды сөзденген» деп тұқыртады.

Енді аздап ешкінің мініне тоқталайық. Шекшек ата — ешкінің пірі. Өз малын өзі бағып, мыңғыртып ешкі өсірген

Шекшекбай бабамыз отарды жаяу бағады екен. Қартая келе жүгіре жайылатын ешкілерге ілесе алмай, отардан көз жазып қала берген соң, соңына ит ертіпті. Иттер иесіне жәрдемдесіп, отарды адамша қайырмалайды екен. Ешкіде де мінез бар. Мүйізін ала жүгіріпті бақташы иттерге. Қой десе, қоймапты. Тауы шағылып, назаланған Шекшек ата «Иттен табыңдар!» деп қатты кейісе керек. Иесінің назасына ұшыраған ешкілер содан былай үркекситін әдетке басыпты. Шекшек атаның қарғысына ұшыраған ешкілер ит көрсе безе жөнелетін әдетке ұшырапты дейді. Тілімізде «Ит көрген ешкідей» деген тұрақты сөз тіркесі бар. Дәйексіздерге қарата айтылады. «Ит көріп ешкі көзденіп, елірме жынды сөзденіп. Жасынан үлгісіз шіркін, не қылсын өнер ізденіп» дегендегі ақынның аңғартары мейлінше ішті. Дәйексіздік жас адамды ұшып-қонған ұшқалақтыққа, берекесіздікке ұрындырады. «Жасынан үлгісіз өскен». Ойсыз жас ыржалақ-қылжалаққа үйір болып, не өнерге бейімделмей, не еңбекке ұмтылмай, ата-анаға масыл болып, өмірден өз орнын жөндеп таба алмай сұрқы кетеді.

Ешкінің басты міні - дәйексіз келетіні. Үріккенде алды-артына қарамайды. Содан жоғалғыш келеді. Қотанда байыздап жата қоймайды. Өре жөнеледі. Қыста отарды тебіндеткенде /қысқы жайылысқа шығарғанда/ қойдың қар астынан аршыған шөбін тартып жейді. «Есің кетсе, ешкі асыра» деген мақал бар. Малдан айырылып, қорасы бос қалғандар еріксізден ешкі өсіреді. Рас, ешкі сүтшең. Үш ешкінің сүті бір сиырдың сүтіне татиды. Тым отшаңдығы, етінің ояздығы, үркектігі, жоғалғыш келетіні «Есің кетсе, ешкі асыра» деген мақалды айтуға еріксіз мәжбүрлейді.

Ешкі - ширақ мал. Лағы тез жетіледі әрі өсімтал. Шібіш кезінде /бір жасарында/ лақтайды. Жылына екі лақтайтын әдеті бар. Тұрмысы қиындаған, қотанынан қойы, өрісінен жылқы кеткен кедей-кепшік ешкі өсіріп теңеліп кетеді. «Есің кетсе, ешкі асыраның» екінші мағынасы осыған саяды. Ешкінің сүйкімдісі - лақ пен туша. Туша - жас ешкі. Көркем әдебиетте «тушадай сүйкімді келіншек» деген сөз оралымы бар:

Шұбар туша дегенде, шұбар туша,
Қыздар сұлу көрінер белін буса.
Есігінің алдына су төгіп қой,
Шешең тайып жығылсын мені қуса... -

деп әндетеді бозбала.

Ешкінің кәдірлісі - серке. Сүйкімсізі - теке. Төрт түлікте текеден өткен ынсапсыз хайуан, сіре да, жоқ шығар. Күйекке

түскенде тіптен мазасыз. Түнімен бақылдап, ұйқы бермейді. Ешкіні қуалап жүріп қашырады. Әдетте, жігітшілікке көзсіз беріліп, қыз-қырқынға жаудай тиетіндерді «сары теке соқсын» деп таңбалайды көп аузы. Теке сүзісуден де құр қалмайды. Біреумен біреу қырбайласқанда «текетіреске барды» делінеді. Сақал қойысына қарата «теке сақал» дейтініміз бар. «Теке көзденген» деген қыжыртпа және айтылады. Біреуге біреу басу айтқанда: «Ешкіні - апа, текені - жезде» біліп сабыр сақтасаңшы» деп жатады.

Ешкі баққан бақташының даусы қарлыққыш келеді. Жүре оттап, жүгіре жайылумен діңкелетеді. Қолы бірдеңеге тисе болды, тау қопарғандай-ақ, бәлденгіш келетіндерді, болмашы талантына, әйтпесе, азын-аулақ бағына мардымсып, теке тойлы әдетке басатын тыраштарды халық жек көреді. «Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады» деп келетін уытты сөз сондайларға қарата айтылған.

«Теке тойлы» делінген сөз тіркесі де астарлы. Аяқ астынан байып шыға келетіндер, болмашы тойымдықты көтере алмайтындар нақ теке тойлы солар.

Ешкі - қойдың қосары. Тоңғақ келеді. Қатты аязда бүйрек майы қатып өліп қалады. Аязға шыдай алмағанда, бақырады. Қысқы жайылыста /тебінде/ қойдың ығында жүреді. Мүйізімен бүйірден түртіп жіберіп, қойдың қар астынан аршыған шөбін тартып жейді. Момын түлік — қой малы ешкінің еркелігін көтере береді. Елбесіп-селбесіп жан сақтауды қойдан үйренген де жөн-ау бір есептен.

Қазақтар қонақжай дегенді айта түсіп, ішінің кірін жасырған болып, көз алдаған сырт елдердің пайдакүнемдеріне есемізді жіберіп, байлығымызды уысымыздан шығарып алсақ, келер ұрпақ бізді кешірмейді. Ешкінің еркелігі өз ішімізде кешірімді. Жаңадан байығандарға масыл болып, жұлып кететін, іліп кететін сұғанақтар, нақ сол ешкі мінезділер. Әсіреширақтық мұратқа жеткізбейді. Қой мінезділік енді біздің колымыз емес. Ширамасақ болмайды.

Төре түлік

Жылқының адамдарға серік болғанына да кемінде бес мың жыл болған шығар. Осы болжам бүгінде ғылыми тұрғыдан дәйектелді. Британ ғалымдары жылқыны алғаш қолға үйреткен далалықтар /көшпелілер/, ежелгі Тұран ойпатында, кең сахарада ғұмыр кешкен сақтар, ғұндар, түркілер деп тұжырымдады. Қылқұйрықтылардың отаны ежелгі Сарыарқа даласы болып шықты. Олай болса, төре түлік атанған жылқыны Алла Тағаланың бұйыртуымен табиғат бізге, қазақтарға еншілеп берген. Оны немен дәлелдеуге болады? Соған жазбамыздың барысында көз жеткізуге тырысамыз. Жылқы жер шарының барлық бөліктерінде бар. Молығып өсіп-өнген жері - қазақ сахарасы. Оны біз мыңдаған жыл бойында тәлім-тәрбиеге, тұрмысымызға бағдар болған салт-дәстүр, наным-сенімімізбен-ақ дәлелдеп бере аламыз. Жазбамыз ғылыми еңбек болмағандықтан, дәйектемені жылқы өсірудің халықтық тәжірибесінен өрбітіп, әрі қарай сабақтаймыз.

Жер шарында жылқының үш жүзге тарта тұқымы бар. Оны таратып шықсақ, негізгі тақырыптан ауытқып кетеміз. Қазақ жылқысы деп те ерекшелеп жатпаймыз. «Қыз бен жылқының бармайтын жері жоқ» деп отырар еді қариялар. Астары қалың сөз. Жапсарлас елмен алыс-беріс жасасып, бейбіт қатар өмір сүруге дәнекер болатын қыз бен жылқы.

Ата-бабаларымызды шынықтырып, шымырландырған, жарық жалғанға ынтызар еткен қозғаушы күш - жылқы мен қыз емес пе. Қыз қылығымен ер жігіттің көңіл қошын арттырса, ат жүрісімен жаныңды жайландырады. Бүгінде, мына өтпелі кезеңде, базарлық экономикаға қол жалғаған сауда-саттықтың бел алған тұсында қыздарымыз қол саудаға (қорғансыз болып көшеде қалса) душар болып, қылығын жоғалтса, қазақ даласына сән берген «көгалалы көп жылқы» ұры-қарының талапайыпа ұшыраса, тірлікте нендей мағына бар?! Біле білсек, қыз бен жылқы қазақтың ажары мен базары. Ажарың оңып, базарың тарқап жатса, ұлттық ерекшелігімізде сын қалмайды. Осы күні қаныпезер ұрылар төре түліктің төбелінен көздеп ататын болыпты. Қыздарымыз қалталылардың мазағына ұшырап, жаттың қолтығында жүрсе, асыл түлік жылқы малы мінезінен айырылып, даланы ұмытып, қораны сағаласа, жылқыны ұрыдан, қызды «сары теке соққандардан» қорғайтын азаматтарымыз қарақан басынан артыла алмай дүние қуып /долларға айналып/ кетсе, ұлттың ажары мен базарынан не қалады?!

Жылқы баққан адамда уыт болуға тиісті. Жылқышы болбыр, босаң келсе, ондайлар қасқыр мен ұрының мазағына ұшырайды.

Малшы қауым ер-тұрман әбзелдерін сайлайды. Қазақы ер қарапайым келеді. Көбінесе қайыңнан нобайлап шауып жасайды. Бала кезімізде үлкендерден қалмақы ер, қырғыз ері дегенді өз құлағымызбен естідік. Қазақы ердің алуан түрі болады деп күпір болар жайым жоқ. Ер жасайтын ісмерлер бала мен әйелге, үлкендерге арнап ер шабады екен. Жетпістегі осы

жолдардың авторы да ер қосқан ісмерді көзімен көрді. Бірдіекілі ұсталар /ершілер/ болды. Олардың ер қосқаны ұзаққа созылатын. Алдымен ер шабатын ағашын ыңғайлайды. Оны кептіреді. Әбден сақайтып барып шабады. Алпысыншы жылдардан бастап малшыларға солдат ер (орыс ері) беріле бастады. «Солдат ері» деп аталатын ерді кейінде орыс ері дейтін болдық. Рас, орыс ері жинақы, бөлек-салақ көпшігі, тоқымы, іштігі — тағы басқа да тұрман әбзелдері бола қоймайды. Орыс ері атқа жайлы болғанымен, адамға жайсыз. Үрдіс пайдаланғандар ердің жайсыздығын айтып шағынады. Қазақы ердің бір қасиеті, ат арқасына жайлы. Екіншіден, ерге отырған адамға жарасымды. Жайлы ерге отырғанда, адам таққа отырғандай болады.

Бұрынғы кездері батырға арналған ерлер болған. Ат үстінде ырғасқанда, ерге күш түседі. Қоспасы сөгіліп кетпес үшін түйенің терісімен қаптап тастаған. Көкпаршылардың ері ат арқасына жата қалатын артқы қасы жатағандау, алдыңғы қасы сәл көтеріңкі келеді. Бүгінде көкпаршылар мінетін ерлер түске де кірмейді. Жайсыз ерге отырған әуесқой тақымкеш көкпарды тақымға қалайша баса алады?

Қалмақы ерді үлкендер ұнатады. Алдыңғы қасы жатағандау, артқы қасы сәл көтеріңкі, жинақы келеді. Мұңғыл ер деп те атайды мұндай ердің түрін. Ал қырғыз ерін «шошақ бас ер», «үйрек бас ер» дейді. Қырғыздар таулы жерді қоныстанған. Ат ылдилағанда ердің алдыңғы қасы үйрек бастау,биік келгені дұрыс. Содан да қырғыз ерінің алдыңғы қасы шошақ келеді. Құранды ер түркмендер мен қазақтарға, қырғыздарға ортақ. Біздің міндетіміз ердің түрлерін таратып беру емес, ер-тұрманға байланысты тәлімдік сөздердің тәрбиелік мәнін ашып көрсету. «Айырылысар дос ердің артқы қасын сұрайды» деген мақалдың мәні тереңде. Неге ол ердің алдыңғы қасын сұрамайды? Артқы қасын сұрайтыны қалай?

Ердің қасиеті — ат үстіндегі адамға тұғыр болуында (Бұл арада тұғыр бейнелі түрде айтылды). Ерге отырғанда аттылы жүргіншінің салмағы ердің артқы қасына түседі. Ат үстіндегі адамды демейді. Ердің жайлылығы артқы қастың бекемдігіне /семіз адамдарға, дене бітімі алқам-салқам, сүйекті кісілерге арнайы ер қосылады/ байланысты. Біріншіден, артқы қас мейлінше берік болуға тиісті. Екіншіден, ерге отырған адамның тепе-теңдігінің сақталуына септеседі. Ерге нұқсан келгенде, алдыңғы қасты жаңалауға болады. Ердің артқы қасына сызат түсіп, жарықшақтанды ма, онда ер пайдалануға келмей қалады. Қысқасы, ердің қасиеті артқы қасында жатыр. Айырылысар достың қатарлас жолдасқа салмақ салып, жанына баланған астындағы атын, әйтпесе, қолына ұстаған ескінің көзіндей қамшысын сұрап, қисынсыз салмақ салуын ерсі көргенде, шарасыз дағдарған адамның аузынан: «Айрылысар дос ердің артқы қасын сұрайды», — деген сөз шығады. Сұраншақтық жақсы әдет емес. «Досың сұраншақ болса, бөктеріншегің құтаймас» деген де тәмсіл бар. «Туысың сұраншақ болса, қотаның толмас» деп те мақалдайды үлкендер.

Жүген — ат әбзелдерінің ең бір бастысы. Атынан айырылғанда: «Жүгенімді ұстап қалдым», — деп торығады. Бетімен кеткен бейпілді, үлкеннің тілін алмайтын әумесерді халық «жүгенсіз» деп кейиді.

Жүгенсіз ат көндіге ме? Сол сияқты бетімен кеткендер де жүгенсіз ат сияқты ойына не келсе, соны істейді. Жүгенді төрге ілмейді. Аяқтың астына тастамайды. Жүгенмен малды ұрмайды. Жүген атадан балаға ауысып, көненің көзі ретінде сақталады. Айыл-тартпаға байланысты тәлімдік сөздер жетіп артылады. Ауыздық — жүгеннің ең негізгі бөлігі. Ат ауыздықсыз болса, ерікке көнбейді. «Ауыздықсыз кеткен» деп адамға да қарата айтыла береді.

Жүргінші ұзақ сапардан бұрлыққан мінгішін ауыздығын алып, шалдырады, шөп үздіреді. «Ат басына күн туса, ауыздығымен су ішер, ер басына күн туса, етігімен су кешер» деген халық даналығы ауыздықтың қасиетін дөп басады. Бәйгеге ат қосқанда, шабандоз бала атты ауыздыққа сүйеп (атты іркіп, тізгін тартады), тыныс алдырады. Ерді атқа бекітетін - айыл мен тартпа. Тартпа — төс айылға жатады. Шап айылды және қосарлайды. Шап айылды ат елейді. Қатты тартқанда, құлағын жымитып, тістеп те алады. «Айылдың батқанын иесі білмес, ат білер» деген мақал осыдан шыққан. Мәні түсінікті. Біреудің біреу қайғысын, басына түскен қиыншылығын бөле-жара көтерісе бермейді. Әр жан өзіне тиесілі тағдыр салмағын өзі ғана көтереді.

Жүгеннің қасиеті шылбыр мен тізгінде. Тізгінсіз жүген болмайды. Шылбырсыз және сүйкімсіз. Атты ауыздыққа сүйегенде, тізгінді іркеді. Біреуге біреу кейігенде «Тізгінсіз кеткен!» деп налиды. Атты қаңтарып байлағанда, тізгінді ердің басына (алдыңғы қасына) іледі. Баланы тәрбиелеуде «Тізгіндеп ұстау керек» деген сөз бар. Ақындар да тізгін сөзін көп пайдаланады: «Жар басына қонбаңыз, дауыл соқса үй кетер. Жатқа тізгін бермеңіз, жаламенен бас кетер» /Бұқар жырау/.

Жылқының сүйкімсізі қашаған келеді. Әсіресе, көп мінілген ат әккілікке басады. Қолдан шығып кетті ме, ұстатпай кетеді. Ондай әкі атты «аққаптал» дейді. Аққаптал аттар жа-

4-2628

сырынып жүріп жайылады. Жалқау аяңдайды. Қамшыламасаң, жөндеп жүрмейді. Ондай ат көп мінілгендіктен ердің қос қапталы арқасына бата-бата жауырға айналады. Арқасы қажалып, терісі ойылып, жарақат алады. Ердің қапталы батқан аттың арқасы ағараң тартады. Аққаптал делінетіні сол себептен. Қолдан бір шықса ұстатпай кететін ат тізгін қашаған, шылбыр қашаған делінеді. Тізгін қашаған аттан айрылып қалсаң, айдалада жаяу қалғаның. Ал шылбыр қашаған жетсең алға басып жүре жайылумен діңкелетеді. Сырғытпаға салып сөзін ұстатпайтынды тізгін қашаған,шылбыр қашаған деп әккілігін бетіне басады сыншыл қарттар.

Ноқта — жүгеннің қосары. Ауыздықсыз жүген десе де болады. Жас құлынды ноқталап, желіге байлайды. Халықта «Ноқталы басқа — бір өлім» деген даналық сөз бар. Тірі жан иесіне өлім ортақ дегенді аңғартады.

Қанжыға туралы ұғым бірқыдыру. Қанжығаға қоржынды бөктереді. Оны бөктеріншек дейді. «Бөктеріншегі қомақты екен, олжалы қайтқан-ау» десіп жатады біреуге біреу. Алған аң қанжығаға бөктеріледі. Аңға шыққан адамға: «Қанжығаң майлансын!» — деп тілек айтады. Аңнан, әйтпесе, құдалықтан, базардан қайтқан адамдарға: «Бөктеріншегі тоқ, қанжығасы майланып қайтқан екен», — деп тілеулестік білдіреді.

Жырым — айылдың доғаға өткізілетін екінші басы. Ұшы сүйір келеді. Кәдімгі былбырақ, жұмсақ қайыстан жасалады. Жырымға иттер өш келеді. «Құс қырымға, ит жырымға қарайды» деген мақал осыдан шыққан. Мәні ішті бұл мақалдың. Ризық-несібесін бейнеттеніп теріп жейтіндерді қыранға теңесе, ұсақ қулықпен жан асыраған, пайдакүнем сұғанақтарды «ит жырымға қарайдымен» шенейді.

Ер-тұрман әбзелдері халық өнерінің баға жетпес асылы. Алтынды күмістелген ерлер және оның әбзелдері көз жауын алады. Мәселен, Арғынның Қуандығынан тарайтын Темеш бұтағы ер-тұрманға қатты мән беретін көрінеді. Атқа сұлу отырып, сәнді ер-тұрманды пайдаланған бұл атаны: «Тебінгісі терме алтын» деп көтермелейді. Тебінгі — тоқымның үзеңгі баумен шектесетін тұсы. Тебінгенде тоқым (киізден сырған) ойылмас үшін былғарымен сырып қалыңдатады. Былғары тебінгіні күміспен зерлеп, ою-өрнек салады. Мұндай ер-тұрман зергерліктің жемісі. Ер-тұрманды қаншама өрнектеп, алтын-күміспен әшекейлегенмен, атқа жайсыз, адамның қимыл-қозғалысына үйлеспей тұрса, онда мұндай ер неше жерден алтын болғанмен, қасиеті кемшін түсіп жатады. «Алтын ерің атқа тисе, алтынын ал да, отқа жақ» деген де тәмсіл бар.

Ат әбзелінің бірі - құйысқан. «Құйысқандық» деп те атайды. Ол ердің ат арқасында ілгері кетпей, нық тұруы үшін дәнекерлік етеді. Ат ылдилап төменге түскенде, құйысқансыз ер шоқтығы аласа аттың мойнына кетеді. Халықта «Ері мойнына кетіп, еңселеп қалыпты» деген мүсіркеу бар. Салдыр-салақ, ісі алға баспаған, күнкөрісі төмендеген, жағдайы ауырлаған адамды осылайша атайды. Кекетуден туған сөз емес, мүсіркеу басым. Құйысқанға байланысты мына бір тұрақты сөз тіркесі көп айтылады: «Құйысқанға қыстырылған боқ құсап». Бүгінгі жастар бұл сөздің мәнін бірден түсіне алмайды. Құйысқанға боқтың /жылқының тезегі/ қыстырылуы еш қисынға келмейді. Олай болса, бұл сөз ауыздан ауызға неге көшіп жүр? Қисынсыз жерде ширақсып, пысықси қалатын, біткен іске жармасып, иелене кететіндер болады. Не болса соған килігіп және ығыр қылады адамдарды. Сондай жөнсіздерге қарата айтылады. Оларға үлкендер «Сен оның құйысқанына қыстырыла берме» деп ескертеді.

Жылқының бабы

Жылқының арғы тегі — тарпаң делінеді. Тағылық түйсік жылқыда әлі де бар. Жылқыны қолға ұстау оңай емес. Асау жылқының қайыры болмайды. Содан да мыңды айдаған байлар ақысын беріп, тақымды жігіттерге, талапкер бозбалаларға /балаларға/ тай мен құнан үйреттіретін үрдісті еш бұлжытпаған. Мұны «асауды бастықтыру» дейді. Тай үйретуден жалтарған бала «бос көтен» деген атаққа қалады. Жігіттің шымырланып, бой күшінің жетілуіне және септеседі. Содан да асауды жуасытып бастықтыру — қазақ ауылдарында науқанға айналып, соңы ат ойындарына ұласқан.

Асау жылқыға бұғалық салады немесе шалма лақтырады. Шалма — арқан тұзақ. Епті жігіттер шалманы асаудың мойнына дөп түсіреді. Оның екі түрі бар. Асауды аяқтан шалады Бұдан жылқының аяғы кетеді. Мертігеді. Сойысқа мал керек болып қалғанда, шу асауды осы тәсілмен бұғалықтайды.

Жиырмасыншы ғасыр поэзиясының ілкімді өкілі Сарбастың Түскені (1880-1937 ж.ж. Отыз жетінші жылы ұсталып кеткен.) түрмеде жатқанда былайша толғаныпты:

Биіктер асуы жоқ белең келді,
Жүйрікті арқан шалып көбең келді.
Қайғымен қапаланып жатқанымда,
Құлаққа бір-ақ ауыз өлең келді.

«Жүйрікті арқан шалып» деген сөз тіркесі жылқыға шалма лақтырудан шыққан.

Асауды бастықтырады. Құлынды желіге байлайды. Тайды үйретеді. Құлықты (бірінші құлындаған) бастықтырып сауууға үйретуге батылдық керек. Айғырды үйірге салудың ығыты мен амал-тәсілі жетерлік. Мал екеш малда да талғам бар. Жылқы - сезімтал келеді. Жақсы айғыр енесіне оқыранбайды. Жылқының бір қасиеті осы. Баласына шаппайды текті айғырлар. Көктемнің қанды қыздырған дүбірінде кексе айғырлар үйіріндегі тай-байталдарды мойнын салып қуалап тастайды. Сауырлы сұлу мүсінді байталдарды да үйірден бездіріп жібереді. Өзінен тараған нәсілге шабыты қозбайды екен құтпан айғырлардың. Содан да көктемнің ала қызбасында байталдар жоғалғыш келеді. Үйір қожасы айғырлардың да мінезі әрқалай келеді. Төбелесқор, қызғаншақ, мазасыз айғырларға қарата: «Үнді айғыр үйірлі болмас», — деп жатады үлкендер. Бауыры құтты құтпан айғырлар салмақты келеді. Орынсыз кісінеп, мазасыздана бермейді. Әдетте, үйірге жаңа түскен жас айғырлар мазасыздығымен ығыр қылады. Сәуріктерді шайнап, мертіктіріп тастайды. Аттың арқасынан алып тастайды. «Бесті айғырдың бетінен сақтасын» деген мақал содан шыққан. Билік тізгініне енді ғана қолы жеткен басшының солақайлығын шенеу осы мақалдың еншісінде. Қолы бірдеңеге тисе жетісе қалатын кеудемсоқтардың сазайы — осы мақал.

Үйірден бөлініп жеке жүретін тайларды, құнан мен аттарды, кейбір қашаған жылқыны «саяқ» дейді. «Саяқ баққан жүгенін ұстап қалар» дегендегі аңғартудың мәні түсінікті. Саяқ жылқы жоғалғыш келеді. Қасқыр да өш жеке жүрген саяққа. Ұры да қуа жөнеледі. Үйленбеген жігітті «саяқ жүрісті» деп шенейді дос-жараны. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» дейтін мақал осыдан шыққан.

Бабаларымыз ырымшыл болған. Төре түлік жылқыны санамай-ақ түстеп таныған. Малды түстеу - қапердің шыныгуына септеседі. Бір айғыр үйір жылқы елуге барады. Бір қос жылқы бес жүзге жуық.

Үйірге түсе қоймаған жас айғырды «сәурік» дейді. Құнан, дөнен айғырлар үйірге түспесе, сәурік делінеді. Сәурік мазасыз келеді. Құтты есерсоқ бозбала іспетті. Үні бір сембейді. Кейбір мазасыз жасты үлкендер «сәурікше шәңгірлей бермеші» деп тыйып тастайды. Үйірге түсуден қалған кәрі айғыр «сасай» делінеді. Қыран топшылы, сұңқар дауысты Сәкен Сейфуллин турашыл, бетті кісі болған. Әдебиетіміздің белгілі өкілі драматург-жазушы Әлжаппар Әбішев Сәкен өмірінен

көркем шығарма жазуға талаптанып жүргенімде мына бір әңгімені айтып беріп еді: «Отыз алтыншы жыл шығар ұмытпасам. Жазушылар одағында жиналыс өтті. Жиналыстың күн тәртібінде бір-ақ мәселе. Жазушылар одағының жаңа басшысын сайлау керек. Жиналысты Сәкен басқарды. Үш-ақ минәтте бітіргені есімде қалыпты, - дейді Әлжекең. - «Жолдастар, жиналыс бір-ақ мәселені қарайды. Бұрынғы одақ төрағасы Ілияс Жансүгіров сасайдың орнына сәурік Ілияс Қабылов сайлансын дегендерің қолдарыңды көтеріңдер», - деп шорт кесті...»

Сәкен қалай сөйлеуді білетін, ішкі мәдениеті жоғары, ысылған қоғам қайраткері. Бұл арада анайылыққа шарасыздан барып тұр. Қазақ әдебиетінің құлагері атанған айтулы ақынды төрағалықтан босату жөніндегі жоғарғы жақтың шешіміне наразылығы осы сөзді айтуға ақынды еріксіз мәжбүрлеген.

Қысырақты бір-біріне үйірлестіру оңайға түспейді. Үйірі басқа-басқа байталдар бір-бірін қатты жатырқайды. Содан да малшылық дәстүрде қысырақ матауға қатты мән берілген.

Қысырақты /тай-байталдарды/ көктемде бөлек үйірге салады. Сол себептен де байталдарды ұстап матауға тура келеді. Қыл арқаннан қос қабаттап желі тартып, асау байталдарды шыңғыртып бұғалықтап, басына ноқта кигізіп, желіге тұқыртып байлап тастайды. Серті үш күн, үш түн. Осы әдісті «қысырақ матау» дейді. Үш күннен кейін азаттық алған байталдар бір-бірінен еш ажырамайды екен. Қысырақ матау қып-қызыл науқан. Бала күнімізде көзіміз көрді. Асау байталдарды бұғалықтап ұстауға тақымы мықты жігіттер белсенеді. Қысырақтың үйіріне айрықша бағым керек. Қашан іштерінен үйірді бастайтын көсемі шыққанша жылқы баққандар қысырақтың үйірін көзден таса жібермейді. Келер жылы да бұл үйір назарда болады. Сүтшеңдерін сауууға үйретеді. Бірінші құлындаған жас биені «құлық» дейді. «Құлық сауғанның күбісі толмайды» деген сөз шындыққа жуық. Құлық сүтейе қоймайды. Құлықтың қымызы асыл әрі жұғымды келеді. Кеудесінің желі бар сырқат адамдар құлықтың қымызын торсыққа бөлек ашытып ішеді. Жас биелерді құлыны қатпа болады деп бірер сауып ағытады.

Осы күні жылқы баққандар қысырақ матауды артық жұмыс көреді. Матап әуреленгенше деп, қораға қамап бастықтырады. Бос тұрған жылқы бір-бірімен тебісіп, шәлкестеніп бітеді. Жылқыны қораға қамап үйірлестіру жабайы амалға жатады. Қысырақ матау әдісімен үйретілген үйір бір-біріне үйірсек келеді. Қысырақ матау — сандаған ғасырғы малшылықтың оңтайлы тәсілі.

«Жақсы ат — ер қанаты». Бұл сөздің мәні бүгінде солғындап кеткен. Техникаға жаппай әуестік жастарды салбөксе еріншек етіп жіберген. Бос көтен балалардың тай үйретіп, атқа мінуге икемі жоқ. Қала баласына кешірімді. Ауыл балалары да жылқыдан алыстап барады. Ер қанаты аттан қасиет қаша бастады. Атқа байланысты тәрбие-тәлімдік сөздердің мәні қалмай барады. Ер қанаты ат емес, мәшине бүгінде. Десек те, атқұмар жастар жоқ емес. Атқа мінген кісі ер үстінде қаққан қазықтай тіп-тік отыруы керек. Атқа сұлу отырудың өзі өнер. Атты сипай қамшылайды. Орынсыз қамшылап, сауырына қамшы үйіре берсе, аттың жүрісі бұзылады. Тізгінді тежеп ұстап, атты еркіне жібермей ауыздыққа сүйеу керек. Сонда ат басын көтеріңкі ұстап, жүрісін түзеп алады. Атты ширақ жүруге дағдыландыру, аяңшыл болуға икемдеу — өзінше бір өнер. Ерге қолапайсыз отырып, қисынсыз тебініп, атты қамшымен ұрғыштау - атқа міну мәдениетінің ережесіне қайшы. Ұзақ жолға мінілген атты жолай оттатып, шөп үздіріп алады. Белін босатып, аялдайды. Мұндай тыныстыны «белсуыт» дейді. Межелеген тұсқа жеткенде атты суытады. Үрдіс мінілген тұғырды зорық шалады. Зорық шалған ат көп міністі көтермейді. Ұзақ жолға шыдамай болдырып қалады. Атты міне сала шапқылап, дөрекі қамшылау— тәртіпке қайшы. Ондай оспадарлар мінгішті «қызыл май» етіп зорықтырады. Қызыл май болған ат тершең келеді. Көп міністі көтермейді. Болдырғыш келеді. Атты «қызыл май» етіп шапқылай берген бала үлкендерден сазайын алады. Таяқ жейді. Жібек жал, бөкен сан, сұлу мүсінді жылқыны қор етіп жөндеп міне алмағандарға қарата: «Ат қадірін білмесең, жаяулық берсін сазаңды», — деген мақал жүрегіңде малға деген аяушылығы жоқ ұзын сойыл ұрда-жықтарға қарата айтылған.

Жылқы - мінезді түлік. Бұлардың да тістеуігі, тебегені, қыршаңқысы болады. «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме» деген мақал содан шыққан. Кейбіреу бүгін достасып, ертеңге жетпей қастасып кек қуысып кетеді. Алдымен қатар жүрген адамның сырын алып, оның ішіне үңілу керек. Адамгершілігі қандай, мінезінде нендей оғаштық бар, соны біліп алып достасқан жөн. «Жақсы жаныңа жолдас, жаман малыңа жолдас» дегенді қаперде ұстау керек.

Күн таластыру деп күндіз мінілген атты күн батысымен отқа қоюдың тәртібін айтады. Ұзақ сапарлаған жолаушы қоналқада атын жатарда қояды отқа. Мұндай ат суытуды «қазан суыт» дейді. Ұзақ жолда қатты қиналған тұғырды таңасырады. Таң ата қояды отқа. Суытылып дағдыланған мінгіш

ширап сала береді. «Суытылған аттай сергек екен мына жігіт» дегенді үлкендерден сан естідік. Ел қорғаған батырлар, дуалы ауыз билер мен шешендер, жыраулар, үлкендер өздерін атша суытқан. Тағамға бірден бас қоймай, тынығып алған соң жеген. Өздерін атша суытатын кісілерді көзіміз көрді. Ауыр жұмысқа иық талдырып, қара жұмыстан титықтағанда әкелеріміз тамақты әбден тынығып барып ішетін.

Жылқы - киелі түлік. Содан да халқымыз жылқыны ес көріп, адамнан зият деп қатты іш тартқан. Балаға еншісін бергенде бірінші кезекте кішкене күнінде ен салдырған бәсірелі тайдан өрбіген қылқұйрықты бұйырып береді. Бәсірелеп атаған малға ен салдыру тек жылқыға жарасымды. Басқа малға ен салып әуреленбейді. Жиен нағашысына жиеншілеп барғанда, әйтпесе, немересі атасының ауылына келгенде жас балаға ырымдап мал атайды. Соны «бәсірелі тай» дейді, меншік малы деген мағына береді. Баланы ырымдап ашамайға отырғызып атқа мінгізу — әулеттің салтанатты жорасына жатады.

Ата-анасына серіктесуге жараған баланы «ат жалын тартып мінуге жарады» деп ырымдаған. Бүгінде мәшине рөлін ұстатады.

Жылқы уайымшыл келеді. Қыс қатты болатын жылы жылқының түгі үрпиіңкі тартып, қабағы салыңқыланып кетеді. Жүре жайылып, отшаңсып алады. Қыс жақсы болатын жылы жылқының жүні жылтырап тұрады. Бейбіт, тыншу қалыпта иіріле жайылады. Жылқыға жау тиетін болғанда айғырлар кісінегіш келеді. Биелер дамыл-дамыл шұрқырайды.

«Жақсы ат - жан серігі» дегенді үлкендер жиі айтар еді. Атқа ер салып жатқанда боқ тастаса, онда жолаушы жолым болады деп қуанады. Жол үстінде мінгіші дамыл-дамыл ішін тарта берсе, жолаушы сақтанады. Жанына балаған жақсы атының иесін бір қатерден сақтандырғаны деп біледі.

Жылқы жершілдік жөнінен түйеден кейінгі сезімтал түлік. Бауыр басқан мекенін ұмытпайды. Әсіресе, кексе биелер мен аттар, құтпан айғырлар жер түбіне кетсе де, үйреншікті мекенін қайткенде де іздеп табады. Таба алмаса, сол жолда мерт болады.

Арғы бабаларымыз - ғұндар, сақтар, түркілер адам өлгенде бәсіре атын бірге көмген. Бұл ғұрып кейінге дейін сақталып келді. Қайтыс болған марқұмның жақсы атын тұлдап (құйрық-жалын күзеп, кекілін шорт кесіп), иесінің жылына арнап құрбандыққа шалады. Елге белгілі адамдарға бейіт тұрғызғанда, бейіттің маңдайшасына тақымына басқан атының бас сүйегін белгі етіп қалаған.

«Ат арыса - тулақ, ер арыса - аруақ». Мақалдың мәні түсінікті. «Сен салар да мен салар, атқа тоқым кім салар?», «Құс аяған көкке қарар, ат аяған жерге қарар». Түсінікті мәтін. Жайылсын деп бос жібере салған атты ұры әкетеді. Әйтпесе, қасқыр жарады. Жоғалып та кетуі кәдік. Жылқыда шәлкестік жетерлік. Оның да тістеуігі, қыршаңқысы, қашағаны болады. «Астыңдағы атыңа сенбе, қойныңдағы қатыныңа сенбе» деген мақал өмір тәжірибесінен алынған. «Атың үркек болса - тақымның соры, қатының жеңілтек болса - шашыңның соры» деп және ескертеді. Осы сарындағы мәністі сөзге халық былайша тұжырым жасайды: «Атың жақсы болса, дүниедегі пырағың, әйелің жақсы болса, жанып тұрған шырағың». Құтпан айғырдың қабағы қалың келгенімен, тісі жұмсақ келеді. Оның мәнісі - бауырындағы тай-жабағыға, құлдыраңдаған құлынға тісін батырмайды дегені. «Қу бас айғыр құлынын талайды» деген содан шыққан. «Ат айналып қазығын табар, ер айналып елін табар», «Алып анадан, арғымақ биеден туады» дейді халық. Анасын аңыратқан бала Отанына лаң салғанмен бірдей. Олай болса, жылқыда бие - асыл, адамзатта - ана асыл.

Әке мен бала жолаушылап келе жатады. Баласы атын аяп, жайылсын деп тұсап жібереді. Әкесі сақтық жасап, мінгішін қасынан ұзатпайды. Тұсаулы атты жолбарыс соғып кетеді. Әке баласына кейіп, тілімді алмадың деп жаяу тастап кетіпті. Жаяулаған ол: «Бұқараның жолында арыған (бұрлығып шалдыққан) ат, өз қолыңда жоқ болса әкең де жат, еңді қу бас көрінсе арқандап жат», - деп бармағын тістелеген екен дейді. Жүйрік атқа байланысты аңыздар бір кітапқа сыймайды. Қазақтың байырғы қара өлеңінің дені жылқыға байланысты өрбиді. Ән де, жыр да жетерлік. Жылқының жабы тұқымы мініс көтермейтін шабандау келеді. Жылқының қазанаты түлкі құрсақтау жүрісті келеді. Жүйріктің дені қазанаттан шығады.

Жабыны жауға мінбе, жалды екен деп,
Жаманды еске тұтпа, малды екен деп.
Баласын қазанаттың бақпай қойма,
Қан түсіп аяғына қалды екен деп...

Осылайша жалғасатын қара өлең пәлсапалық ойға құрылған.

Жылқым жүзге жеткенде қуанамын,
Еңкейіп шыныаяқпен су аламын.
Түскенде сен есіме қимас қалқам,
Қолында асасы жоқ дуанамын, -

деп үздігеді жігіт қызға.

Жылқыны аузына алып сөйлесе, ақындардың шабыты қозған. Бозбаланың қызға ынтығы күшейген:

Жылқым жүзге жеткенде қатты болар,
Қағаз шай қантпен ішкен тәтті болар.
Сен есіме түскенде қимас қалқам,
Күйігің күйдіргеннен қатты болар.
Көшкенде жылқы айдаймын аламенен,
Аулыңа барушы едім даламенен.
Түскенде сен есіме қалқатай-ау,
Сарғайып сағынамын санаменен...

Ежелгі әдебиет үлгілерінің дені жылқыға байланысты өрбіген. Ақан серінің Құлагеріне арнап қаншама дастандар, әңгіме, романдар туындады. Ел ішіндегі аңыз-әңгімелерде жік жоқ. Жылқы - қазақтың намысы мен жігері, сұлулықтың жиынтығы есепті. Хас шебер, айтулы мүсінші Шота Уәлиханов елтаңбамызға /герб/ қанатты атты /пырақты/ тегін бейнелемеген.

Жылқы мейлінше сезімтал жануар. Жылқының сезімталдығын көретін көз, сезетін саңлақ сана керек. Үлкендер мал бауыздағанды жылқыға көрсетпеген. Сезімтал жануардың түйсігіне ауыр тиетінін білген. Батырлар жырларында ер қанаты атты сұлу жырмен төгілдіре бейнелейді. Тайбурылдың шабысы жырда былайша төгіледі: «Айт жануар шу деді, шу дегенде гуледі, табаны жерге тимеді. Тасқа тиген табаны саз балшықты иледі...» Немесе «Төменгі ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп...» деп келетін күшейткіш сөздер жырды оқыған адамға қанат бітіргендей болады.

Арғынның Мейрам сопысынан тарайтын Қаракесек /Болатқожа/ руының Сырт Бошанына жататын Машайдан тараған Қояныштағай ұлысының аталары Қояншы, Танай, Дәулет болып бөлінеді. Таңайдан тараған Кешубай мен Сазанбай өскен аталар.

«Сазанбай кешегі жоңғар шапқыншылығында ерекше қайрат көрсеткен аға батырлардың бірі. Батыр болғанда, жеке батыр болған. Жасы келіп қалғанына қарамастан, жау қашырарым азды, тұқым аламын деп Тәшкеннің қақпасын бұзып, жылқы алады. Алайда қапылыста сарттардың қолына түсіп қалып, қаза табады. Осыдан барып ел ішінде «Сазанбай аттан елген, Кешубай /к…тен/ тақтан өлген» деген сөз аңыз болып қалған. Сарттардың қолында қалған Сазанбайды құтқару үшін Кешубай жай адам болып Тәшкеннің қақпасына барып, ел қатарлы тұра береді. Сондағы бір өзбек әйелімен тамыр болып, қамақта отырған батырға ас-суын үзбей жеткізіп тұрған.

Сөйтсе, әлгі әйел бір бектің әйелі болса керек. Кешубайға тамақты тақ үстіне отырғызып береді екен. «Кешубай тақтан / дұрысы - к...тен/ өлген» деген сөз осыдан қалған. Бірде Кешубай мен әлгі әйел екеуі тақ үстінде ұсталады. Өзбектер әйелді де, Кешубайды да өлтіреді.

Аталмыш мәтелдің сөлі атта тұр. Сондықтан мәтелде Сазанбай батырдың есімі бірінші аталады. Кешубай да ешкімнен сорлы болмаған. Әйтпесе, Сазанбайды тұтқыннан босатам деп жалғыз өзі шығар ма еді. Сазанбай батыр жәнінде ақын Жәкен Байтуов (Шет өңірінің тумасы) «Көкжайдақ» атты дастан жазған:

...Тартысқан ерте кезде қазақ-қалмақ,
Егесіп жеңген жағын шауып алмақ.
Қазақтың елі өспеген, ері аз кезі,
Халыққа түсу керек ауыр салмақ.
Шапты елді күңірентіп сары даланы,
Шулатып кемпір мен шал, жас баланы.
Аударып қазақ елін Сарыарқадан,
Қонысын тартып алмақ болды арманы.
Қазаққа қалмақ үлкен қылды зорлық,
Шұбырды қазақ елі шөлді жол қып.
Ерлердің мінуіне ат табылмай,
Қырқысқан майданда да көрді қорлық.
Ел шауып қалмақ кетті, қазақ қалды,
Сазанбай қапа болып назаланды.
Бір терең тұңғиық ойға шомып,
Бастауға бір әңгіме ойына алды.

/Аңыз дерегі: «Үшінші ауыл»/
Сазанбай шежіресі/ кітабынан алынды.
Авторы - ***Төрехан Майбас, Әділхан Туғанбаев*** *2008 ж/*

Әлқисса, одан әрі оқиға былай өрбиді. Сазанбай қасына жақын інісі Орынбайды серіктікке алып, Тәшкен жаққа аттанады. Атағы аңыз боп тараған Көкжайдақ айғырды қолға түсірмекші. Іс сәтімен оңғарылып, Көкжайдақты елге әкеледі. Үйірге салады. Бауырындағы «биенің құлыны шықпай, ішін жарып, он бесі түгел өлді ажал жетіп». Одан әрі Сазанбай Тәшкенге тағы да аттанады. Көкжайдақтан тұқым алудың амалымен. Мақсаты сол жақтағы жылқы тұқымынан бір бедеуді қолға түсіру еді. Тәшкеннің Бегдербегі Көкжайдақты қайтар деп шарт қояды. Сазанбай елге сәлем айтады: «Мен үшін ел-жұртым қайғырмасын, Сазанбай тұтқында деп ар қылмасын. Бір қатын мен өлгенмен буаз болар, қолдағы Көкжайдақтан айырылмасын».

«Аңыз түбі - ақиқат». Көзге жас келтіретін ауыр оқиға. Жылқы мен қазақ егіз ұғым дегенге дәлел осы...

Төрт түліктің абызы - түйе адамша жылайды. Уайымшыл келеді. Содан соңғы сезімтал жануар - жылқы. Жылқы да жылайды. Үйірін іздейді, иесін жоқтайды. Жылқыны қорлағандарға зауал бар.

«Қысылғанды қымыз шығарады»

Қымызды ашытып баптау - қып-қызыл бейнет. Бүгінде сабаны мұражайдан көреміз. Бес биенің терісінен жасалған сабаға тонналап қымыз сияды. Сабаның піспегі ас үйдің туырлығынан сыртқа шығып тұрған. Қымызды көп піссе, ашуы азайып жуасиды. Қойылады, маңызы күшейеді. Күбідегі қымызды шешелеріміз балаларға пістіретін. Ақысына ірімшік, құрт, мәмпәси береді.Үлкендер де қымыз пісуге ерінбейді. Кеудесінің ылғалы бар шікатты кісілер күбі піскенді емдікке қолданады. Саумалдың хош исі сарайын ашып, тынысын кеңітеді. Бойжеткендер саумалға құмар келеді. Көкірегінің желі кетеді, даусы ашылады, жүрегі жұмсарады.

Бүгінде «қымызмұрындық» делінген сөздің мағынасын жас буын түсіне қоймайды. «Келіншекке жарасар емізулі баласы, бәйбішеге жарасар еміздікті сабасы» деп келетін жыр мәтініндегі «емізікті саба» қымызмұрындықтың мәнін ашып береді. Қымызға қосақталған мұрындықтың мағынасына ой жүгіртіп жатпаймыз. Сабаның емізігі (шүмегі) бүйірінде болады.

Көктемде бие байланып, сабаға қымыз ашытыла бастағанда, қымыздың алдын ауыл-аймақ, көрші-қолаңға татыру - бұлжымайтын салт. Ашуы кетіп иіндеген сабадағы алғашқы қымызды шараға қотарарда отағасы, әйтпесе, бәйбішесі емізікке түйрелген мұрындықты ағытып ырымдайды. Мұрындығы алынып, сабаның шүмегінен шараға лықылдаған қымыздың алдын алдымен балаға, содан соң, үйдің үлкені - ақсақалға ұсынады. Одан әрі қымызға шақырылған қонақтарға кезек келеді. Сүр ет желінеді. Көрші-қолаң, жақын-жуық шаңырақтың от анасына: «Сабаның мұрындығы алынып, мәре-сәре боп жатырсындар ма, қайырлы болсын, бие көп, уайым жоқ болғай», - деп шашу шашады. Осыдан «Қымызмұрындық» делінген атау шыққан.

Әдетте қонаққа қымызды сапырып отырып ұсынады. Үйге бас сұққан үлкендер: «Пай-пай, бүгінгі қымыз кемелінде екен», - десіп көңілқостық танытып жатады. Сандаған ғасырлар бойында сахарада ғұмыр кешкен халқымыз қымызға баға

беруге келгенде сарабдал сыншылдығынан еш жаңылмаған. Шараға, тегенеге қотарылған қымыз сапырылғанда алуан түрлі шөптің хош исі кісінің сарайына құйылады. Қымызға тәбеті артып, шөліркеген адамның шекесінен тер шығарады.

Қымыз ішудің өзіндік мәдениеті болады. Қымызды шай сияқты ұрттап ішуге әсте болмайды. Қымызды сіміреді, жұтады. Ішілген соң кісіні балқытады. Сүйекке шауып, тұла бойды балбыратады. Жел-құзы бар адамдар уыз қымыздан ішіңкіресе, бара-бара сақаяды, қаны тазарып, жүрегі әлденеді. Ұйқысы қашқандарға қымыз бірден бір дәру. Нағыз бал қымыз іш құрылысыңды тазалап, жүйкеңді тыныштандырады. Қымыз қанның құрамындағы зиянды қоспаларды кетіреді. Қымыз ішудің де тәртібі бар. Мөлшерсіз ішілген қымыз жүрекке салмақ түсіріп, соғысын жиілетеді. Бүйрек пен бауырға күш түсіреді. Мөлшерімен ішілсе сары тосаптай дәру.

Қымызды әркім әрқалай атайды. Негізінде нағыз бапты қымыз бір күндік межемен өлшенеді. Келесі күнге артылып қалса, түн асқан қымыз делініп, маңызы азаяды. Түн асқан қымыз бықырып, ашып кетеді. Осы күні мұздатқышқа салып қояды. Көп сақталған қымыздың дәмі онша болмайды. Дәмі кеткен қымыз -нашар қымыз. Лажы болса, қымызды күнбе-күн ішуге тырысқан жөн.

Қымыз - қуатты сусын. Кінәмшіл келеді. Қымыз ұстаған адамның көңіл күйіне қарай сан құбылады. Жайылысқа да тәуелді қымыздың маңызы. «Қымыз сұйылып барады, жұрт жаңаламасақ болмас» деп жатады үлкендер. Шүйгінді өрісте емін-еркін жайылған биелерден алынған қымыздың қасиетіне баға жетпейді. Қымыз ашытудың, оны баптаудың алуан түрлі әдіс-амалы бар.

Өмір - бәсеке. Әр аймақтың, шаңырақтың, ру-ұлыстың қымыз ашытудағы өздеріне тән әдіс-тәсілдері болады. Бие байлайтын үйлердің қымызының дәмі әр қилы келеді. Бір үйдің қымызы екінші үйдің қымызынан бөлекше ашытылады. Арқа төсінде Жезқазғанның, Жаңаарқа мен Ақадырдың қымызы әйгілі.

Қымыздың қасиеті - қуатында. Ақырған ащысы қуатты қымызға жатпайды, қуаты құнарында болады. Сол себепті қазақта қымызды құнан қымыз, дөнен қымыз деп ерекшелейді.

Қазақта Шоң есімді жақсылар болған. Арғынның сүйіндігіне жататын Шоң бар. Қуандықтан тарайтын Тоқа Телқозының Шоңынан сөз қалған. Заманында ел билеген. Тоқа Шоң төңірегіне ілкімді адамдарды ұстаған. Сайқымазақ Төлебай сал Шоңның серісі болған. Тарақты Бек шешенді билікке араластырған. Өзіне көмекші етіп алған. Ұтымды сөзді Бекке айттырады екен.

Шоң Ұрқия деген қызын Аққошқар Сайдалының Әлкейінің баласына ұзатады. Бәйбішесі Әйімкүлдің қасына Бек шешенді қосып береді. Әлкей құдаларын сөзден ұтпақшы болып қиыс сөйлеп, қыңырттай беріпті. Барлығын, байлығын алға тартып мақтанса керек. «Құдаларға дөнен қымыздан құйыңдар» дейді. Түнемел қымызды «құнан қымыз», «дөнен қымыз» дейтін де әдет бар қазақта. Соған дәсерсіген Әлкей бай: «Сіздің елде құнан қымыз, дөнен қымыз деген бола ма? - десе, Бек шешен отырып: «Қымыз көптің асы ғой, біздің жақта қымызды түн асырмайды. Күндегісін күнде ішіп тауысады. Кім біліпті, бермеген иттің үйінде бесті қымыз да тұратын шығар», — деп байды сөзбен ұтып кетіпті.

Қымыз дәмділігі мен құнарына, ашытылуына қарай уыз қымыз, бал қымыз, мейіз қымыз деп ерекшеленеді. Қыз бен келіншек десе, бұлғақтап қымызы бар ауылдан шықпай қойған бозбалалар өз көңіл күйлеріне орайластырып: қыз қымыз, келіншек қымыз деп те айта береді.

Бабы келіспеген қымызды іркіттей ақырып тұр деп құлдилатып жібереді. Ашуы жетпесе «қымызың жуас екен, жел тиіпті» деп ескерту жасайды сыншыл көздер. «Қымызың ашымай қалыпты» деп төтесінен қойып қалмайды. Мал сүті шөптің асылдығына, жыл мезгілдеріне қарай құнарын өзгертіп отырады. Көктемгі қымыз «уыз қымыз», «бал қымыз» делінеді. Жердің оты сұйылған кездегі қымызды «сұйқыл қымыз» деп ерекшелейді. Күздегі қымыз күздің көкше қымызы делінеді. Қымыз сұйылғанда көпіршіп тұрады. Жел тисе ашымай қалады. Суыққа тоңғақ келеді. Бабы келіспегенде қымыз «өлі қор», «жел тиген қымыз», «айнып қалған қымыз» делінеді.

Бие ағытылар кезде сабаға немесе күбі мен торсыққа толтырып қымыз алып қалады. Соны «сірге қымыз» деп атайды. Саба түбі сарқынды «сірге қымыз» делінеді. Бие ағытыларда мал мен бастың амандығын тілеп, сірге қымызды рәсімдеп құдайы беру тәртібі бар. Жаппай емес, әрегідік саба түбі сарқынды қымызға шақырудың да өз жолы болған. Сірге қымыз кісі тұмауратып ауырғанда емге ішіледі. Татып кетпес үшін сары қазыдан бір кесіп күбіге тастайды. Бір қалыпты салқындықта ұстайды. Емшілер алмас, күшала, сынапты сірге қымызға «өлтіріп» қолданған. Сірге қымыз емдік қасиетімен ерекшеленеді. Осы күні қымызды сақтаудың әдіс-тәсілдері жетілген. Қалай болғанда да қымыз маусымдық сусын. Көктем мен жазға қолайлы. Қымыз өндірудің әлемдік стандартына

жету - озық технологияның еншісінде. Қымыздың құрамында адам ағзасына пайдалы қоспалар мол. Бүгінде жапондар мен немістер, израилдықтар қымыздан алынатын өнім түрлерін ғылыми тұрғыдан дәйектеп, өмірге енгізе бастады. Ал біздің биологтар әлі үнсіз. Қазақстан ғалымдары қазақтың қымызын шет жұрттардың меншігіне иелендіріп қойды. Қымызға байланысты аталы сөздер - мақал-мәтелдер молынан. «Қымызды кім ішпейді, қызға кім сөз айтпайды». «Жақсы қымыз қалғанша, жаман қарын жарылсын», «Қысылғанды қымыз шығарады», «Қымыздың ашығаны керек, өзеннің тасығаны керек», «Сабасына қарай піспегі», «Сапты аяқпен қымыз құйып, сабынан қарауыл қараған»... Қонаққа ұсынған қымызын есепке құрып, өз пайдасына орайластыратын қарау адамның тақыстығына қарата айтылған.

Қымыз - жеңсік ас. Қазақ атамыз ненің болсын қадір-қасиетін көтермелеуге күш салған. Әсте-әсте, әрненің өз реті бар. Тағам мен сусынның да маңызын кетірмеу керек. Бие шөп буыны қатая бере ағытылуы тиісті. Көктемгі бие байлар өзінше бір той. Алғашқы қымызды «Қымызмұрындық» деп салтанатқа ұластыру - озғын заманның келбетіне лайықты ұлттық дәстүрге жатады. Қымызмұрындықты мемлекеттік шара деңгейіне көтеріп, халықтық мерекеге ұластыру - ұлтжанды азаматтардың мықтап қолға алатын ісі.

Дана халқымыздың ақыл-ой сүзгісінен өтіп, ұрпаққа жеткен қанатты оралымдарды жеңіл-желпі, үстірт қабылдау сөзді мәністеудің қадірін түсіреді. «Қысылғанды қымыз шығарады» деген мақалдың мәнінде сандаған астар бар. Адам қысылғанда, ұялғанда, бірдеңеден қыстыққанда қолайсыз жағдайға түсіп, қызарақтайды. Кісінің бұл халін «бетінен оты шықты» деген тұрақты сөз тіркесі дөп басады. Қымыздың құрамында күшейткіш бар. Қымыз кісінің арқа-басының құрыс-тырысын жазып, терісін кеңейтеді. Көңілдендіреді. Содан да іштегі қысылысты сыртқа шығарып, адамның көңілін жайландырады. Негізгі мәні әріде. Қысылыс неден шығады? Ар ұялар іске барса да, беті бүлк етпейтіндер болады. Сазарған саз беттердің беті қымыз ішкенмен де қызармайды. Бұл сөз соларға қарата айтылған. Алдына адал асын қойып, сусынның төресі қымызға қандырғанда, неше бүгін беті бүлк етпейтін арсыз болса да, жібіп сала бермей ме.

Осы күні бие байлау аса қиындыққа түспейді. Бұрынғы кездегідей екі жүз, үш жүз бие сауу түске де кірмейді. Бұрындары желіге асау құлындарды байлап сауу - еңбек салтанаты делінген. Қымыз бұлақ суы емес қой. Асау құлындарды жуа-

сытудың өзі аққұла бейнет. Асаусыған жылқының емшегін ұстау - қиынның қиыны. Бұрындары биені еркектер сауған. Қолы қажырлы, қары талмайтын қайратты жігіттер көнек (шелек) ұстап биенің бұтына отырған. Көнек - бие сауатын теріден жасалған көн шелек. «Көнектен шошыған биеден без, төсектен шошыған еркектен без» деген мақал өмір шындығынан алынған. Асау биенің емшегін ұстап, бұтына жармасуға жүрек керек. Бұрынғы кездерде мыңды айдаған байлар бие сауууды бәсеке-жарысқа ұластырады екен. Кемі жүз елу, екі жүз биені бір шеттен жебелей сауып шығуға білек сыбанған жігіттер бақтарын сынаған. Әкем Кәріп Әбілда баласы /1891 - 1975 ж.ж./ бие сауу жарысына қатыстым деп отыратын. Әбеу бай /тарақты Байғозы батырдың ұрпағы/ жыл сайын ұйымдастырады екен бие сауу жарысын. Екі мәрте озып шығып, ат міндім деп отыратын әкей.

Бие байлар - жайлау салтанаты. Салтанаттың сәнін өнерпаздар кіргізеді. Қымызда куат бар. Әсіресе, уыз қымыздың қуатында есеп болмайды. Масаңсиды үлкен-кіші. Қымызды іше салып, қисая кету денеге салмақ түсіреді. Ағзаға ауырлық келтіреді. Қымызды бойға сіңірудің әдісі - ойын-сауық. Оны қымызбасарға жатқызады. Қымызбасарға, әсіресе, жастар белсенеді. Балалар асық атады. Жігіттер тақым тартысады. Ат үстінде бір- бірімен сайысады. Асау үйрету, бие сауу жарысы да қымызбасарға жатады. Тай-жабағыларды үйретіп, күзеу де қымыз басар рәсіміне жатады. Мұндай шаралар жастарды еңбек етуге, малға үйірлесуге қызмет етеді. Бұдан кейін «Қарқын аяқ» бәсекесі қызады. Қыз бен жігіт бір-бірімен қымыз ішу арқылы сынасады. Қымызды шелектеп ішетін мешкейлер шығады белсеніп. Ұтқандар ат мінеді, бие жетектейді. Соның бәрінен де бәйбіше мен қарияның қайымдасуы қызық. Жеңгесі мен қайнысының тәжікесі, қыз бен жігіттің айтысы қандай. Жә, бие байланды, асау құлындар жуасыды. Енді одан әрі бабымен ашыған мол қымызды, қымыздың алдын ауыл-аймақ, жақсы-жайсандарға ырымдап ұсыну салтанаты басталмай ма. Қыстан аман шығып, бір малы екеу болғандар қымыздың алдын үлкен-кішіге татыруды мерекеге ұластырып, «Қымызмұрындық» деп атаған. Кең жайлаудағы биебайлар салтанаты айларға ұласқан. Асау үйрету, бие сауу жарысы, көкпар тарту, бәйгеге ат қосу, тақтым тартыс, сайыс /ат үстіндегі/ қымыз думанына ұласып, жайлауды дүбірге толтырған. Соңы ән-күй, «қымыз басар» ойынына ұласқан.

Дегенде кемпір деймін, кемпір деймін,
Шараны мол қымызға толтыр деймін.

Дем алмай сол қымызды бір-ақ ішсем,
«Еске алу «кешегіні» сертім деймін... -

деп ақсақалдар толғаса, кимешекті бәйбішелер де қайымдасудан тайсалмайды:

Дегенде шалдар деймін, шалдар деймін,
Сөзімнің тоқ етерін аңғар деймін.
Бәрінен қымыз ішкен бізге олжа,
«Кешегің» ескі жұртта қалған деймін...

Жеңгесі мен қайнысы шығады білек сыбанып:

Дегенде қызыл қашар, қызыл қашар,
Қызыл тауды айналып түлкі қашар.
Жеңеше, жауабыңды ыңғайлай бер,
Әніне мен басайын «қымыз басар»...

Жеңгесі қайнысына өз уәжін білдіреді:

Қайным-ау, сиқың қалай бұлғақтаған,
Масаңсып бал қымызға ыржақтаған.
Көзжақсым сенен көзін тайдырып жүр,
Жігіттің дүрі емес деп сыр сақтаған...

Жігіт қаражаяу болмай шықты. Үдетеді қара өленді:

Қорғалап туатұғын айым болсын,
Ауылдың желкесінде сайым болсын.
Барамын қымызға улап ақ жеңеше,
Қымыздың басытқысы дайын болсын...

Қара өлең ішті келеді. Тұспалға, емеурінге, астарлауға бейім. Өнерлі бозбала ойын «қорғалап туатын» айға меңзейді. Ауылдың желкесіндегі сайды нұсқайды. Тісқаққан жеңге оңайлықпен жеңілсін бе жігіттен:

Аузыңа түспеді ме елең-алаң,
Қорғалап ай туғанша неше заман.
Сарымсақ сайда өсетін әлі жасаң,
Күтіп ал қараңғыда келсе шамаң... -

деп ашық кетеді.

Қымыздың қуатты сусын екенін жоғарыда айттық. Тәбет ашып, шайнама іздетеді. Ондайда ақ бауырсақты сары майға жаншып жеу, майлы еттен қарбыту, қазы-қартаға, сүр етке тістің қышуын қандыру - бір ғанибет. Қымыз соңынан желінетін тағамды «басытқы» дейді. Қымыздың басытқысы болмаған жағдайда, көп ішуге болмайды. Басытқысыз ішілген қымыз бойды ауырлатып, денені дел-сал қылады. Басытқыны

қымыздың қонағы деп те атайды. Қонағы тапшы қымыз көп ішілгенде басты зеңдіріп, ұлтабарды қыжылдатады. Басытқысы құрғақ қымызды байқап-байқап ішу керек. Қымыз түйір тамақсыз денеге сіңе қоймайды. Бүгінде қымызды минерал су құсатып іше салатындар бар. Қымызды сапырады. Сонда оның хош исі мұрынға келіп, тәбет ашады. Бабы келіскен қымызды жұтқан сәтте шекеңнен тер шығады. Денең жіпселеңдеп, терің кеңиді. Дәрігерлер қымыз жүрек қан тамыры ауруын қоздырады деп жатады сырқатқа кеңес бергенде. Жүрегінің ылғалы бар адам қымызды татып алмасын деп үзілді-кесілді айту - ұшқары пікір. Әдетте қымызды шөлдеп-шөліркегенде ішу пайдалы. Ет желінген соң ішсе, ұлтабарға сеп, тағам тез қорытылады. Көкірек ауруына шалдыққан адамдар қымызбен емделеді. Қымызды жастайынан ішкен адамның бойында рак ауруына қарсы иммунитет қалыптасады екен.

Жоғарыда айтылды. Қыз қымыз, келіншек қымыз болады деп. Әдетте қыздар мен келіншектер өздеріне деп жеке торсыққа қымызды бөлек ашытқан. Әрине, жаппай емес. Ондай жеке ашытылатын қымыздың қорын шақты қылады. Сонда саумал бірден бұрқырап көтерілмей, баяу ілігеді. Жуастау ашыған қымызды қыздар ішкен, қартаң әйелдер ішкен. Келіншектер үйір келеді ондай жеке ашыған «момын» қымызға. Қымыздың қуаты ересен. Қымызды жуасытып ұстаудың түрлі-түрлі тәсілі бар. Керек десеңіз, қымызды қария мен бәйбішеге деп бөлек ашытқан ғой. Ондай жеке ұсталған қымызды кейбір аймақтарда «ата қымыз» деп қастерлейді. Балалар атамның қымызынан ішем деп қиыстайды. Қымыз баптаудың сан қилы әдіс-амалы бар. Оны осы жолдардың авторы да тап басып айта алмайды. Анық білетінім, қымыз ұстаған адамдардың (бұл арада бәйбішелер мен келіншектер) өзіне ғана белгілі қымыз ашытудың бабы мен тәсілі болады. Қымыз ас иесінің көңіл күйіне тәуелді. «Мына қымыз осы үйдегі келіннің мінезіндей бұрқырап-ақ тұр екен» дегенді сан естідік.

Қымыз - кінәмшіл, айнығыш келеді, қол сауданы көтермейді. Күнге тиіп жылып кеткен қымыз күш алып, ақырып кетеді. Ақырып ашыған қымызды жуасыту оңай емес. Ұзақ-ұзақ сапырып, салқындатып барып ішеді. Қымыз - киелі сусын. Оны қалай болса солай іше салу, қалдығын төгіп тастау, жиіркеншектеп ұрттап ішу, нашар екен деп мін тағу, үй иесінің көзінше асыра бағалап, қисынсыз дәріптеу - ата сусын қымызды қастерлеудің мәдениетіне қайшы келеді. Қымыз керек десеңіз, үй иесінің көңіл күйі мен қабағына тәуелді. Қабағы келіспеген ас иесі қымыздың бабын келтіруде мүлт

кетіп, беделін түсіреді. Ашуқор көк долы әйелдің ұстаған қымызы айнығыш келеді дегенді үлкендер жасырмай ашық айтатын. «Көкем үйіндегі апамның қымызы бапты, өзінің мінезі сияқты жуас келеді» деп жатады бала-шаға. Керісінше «Аққем үйіндегі келіннің иі жұмсақ, ашытқан қымызы ылғи жуас болып шығады» деп жатады.

Қымыз — бап талғайды. Бабы келіспесе айнығыш келеді. Айнудың белгісі, тым қатты ашып, ақырып кетеді, әйтпесе, жуастау келеді. Қымыз ыстықты көтермейді. Күнсіп кеткен қымыз дәмінен айырылып, ақырып тұрады. Тоңазытқыштың жоқ уақытында қымызды шымға батырып салқындатып ұстаған. Сабамен асқа, тойға алып жүргенде, суық сумен дамылдамыл салқындатып отырған. Бұлақтың көзіне апарып салқындатқан. Сабадағы қымызды жер қазып шымға батырып қояды.

Қымыздың айнуы күнге тиіп жылып кетуден болса, өлі қор болып жөндеп ашымай қалуы жел тиюінің салдарынан. «Қымызға жел тиіпті» деп жататыны сол себептен. Салқын күндері күбіні тұмшалап орап тастайды. Салқын тиген саумал көтерілмей қалады. Жөндеп ашымаған қымызды үлкендер: «Келін-ау, қымызың тоңып қалыпты ғой», — деп емеуріндейді. «Қымызың ақырып ашып кетіпті» немесе «ашымай өлі қор боп қалыпты» деп көзге айтпайды. «Қымызың тоңып қалыпты-ау» деп, әйтпесе, «бір пісуі кем екен» деп, болмаса, «жел тиіпті-ау» деп майдалайды.

Осы күндері қымыз қол саудаға шықты. Қағанақ шөлмектерге құйып алып ұсынады. Сондай жағдайда қымызды көтеріліп /ашып/ кетпес үшін нан содасын, әйтпесе, басқадай химиялық ұнтақ қосып жуасытып, «өлтіріп» тастайды. Өлі қымыздың тұшымы кетеді. «Тірі қымыз» ғана кісіні тұшындырады. Тірі қымыздың бар қуаты мен құнары өзінде болады. Қымызды түн асыру — ата сусынның табиғатына қайшы. Тоңазытқышта көп тұрып қалған қымызды да «өлі қымызға» жатқызуға болады. Қымыз бір күндік қана сусын, әрі кетсе үш күндік. Одан әрі сақталған қымыз он жерден салқын жерде тұрсын маңызын жоғалта бастайды. Қысқа сақтайтын сірге қымызды үлкендер балаларға ішкізбейді. Сорпаға қостырып барып тосады аузына. Қымыз ұстаудың технологиясы мейлінше күрделі әрі жұмбақ. Күрделі болатыны - қымыз ашытуда бірізділік болмайды. Қымыздың кінәмшілдігі сол — бүгінгі ашытылған қымыз ертең дәл сондай дәмділігімен айнақатесіз қайталанбайды. Ол неден? Біріншіден, жердің отына, шөптің маңызына тәуелді бие сүті. Бие қанша түрлі шөп құнарын бойына сіңірсе, сауылған сүті де соншама маңызға ие. Күбісі немесе сабасы, торсығы келіспеген қымыздың ашытылуында кінәрат болады. Сабаны немесе күбіні ыстау - бұлжымайтын тәртіп. Күбіге қаймақ, әйтпесе, жылқының майын қоюлата жағып, тобылғымен, қайыңның қабығымен ыстау - саумалдың хош исін арттырады. Күбіні күнде ыстау керек. Екі күн, үш күнге ұзап кетсе, қымыздың дәмі кетеді. Күбідегі қымыз екі мезгіл пісіледі. Іңірде және күбіден қотарардың алдында. Бұл тәртіп бұзылса, қымыздың бабына нұқсан. Қымызды күбіден қотарған соң міндетті түрде салқындату керек. Сосын барып ұсынады келгіншіге. Күбідегі саумал өз буына елітіп, ұйықтайды. Қымызды ояту үшін оны өлтіре пісу керек. Күбіні пісуге ерініп, орта жолда қалдырсаң, оянған қымыз бой бермей кетеді. Әбден пісілмеген қымыз ашулы келеді. Ақырған ащы қымыз содан шығады. Күбіде көп пісілген қымыз момақан тартады. Жолға алып шыққанда мінез көрсетпейді.

Қымыздың сұйылып кетуі неден? Көктемгі қымыз қою келеді. Сан алуан шөптің құнары бие сүтіндегі белоктың, басқа да минералды қоректік заттардың бие сүтінде молығуына септеседі. Құнарлы бие сүтінен ашытылған көктемгі қымызды сары қымыз, уыз қымыз деу заңды. Саушылығын ойлаған қазақ баласы көктемгі уыз қымыздан ішіп қалсын.

Қор - қымыздың ашытқысы. Ұйытқысыз сүт ілікпейді. Айран мен қатықтың ашытқысы - ұйытқы. Ағайын-туыс, жора-жолдас, ауыл-аймаққа дәнекерші боп, адамдарды бірлікке шақыратын адамды ауылдың немесе қауымның, әулеттің ұйытқысы дейді. Енді бір сөз ұйытқыға қарама-қарсы айтылады. Кәдімгі сүттің де ашытқысы болады. Соны «іріткі» дейді. Іріткіні ешкім де қажетсінбейді. Жылы жерде тұрған сүт өз-өзінен іріп сала береді. Міне, осыдан іріткі сөзі туындаған. Бірді бірге атыстырып жүретін, өсекші аузы жыбыр жеңілтекті, пәлекор айғайшылды, ауызбірлікке нұқсан келтіріп, елді алатайдай бүлдіретіндерді көпшілік «іріткі» деп жаман атайды. Ондай содырларды үлкендер «іріткі салмай жөніңе жүр» деп қатты қарпиды.

Ұйытқы мен іріткіге жақын ашытқы және бар. Нанды ашытқымен ашытады. Көжені де ашытқымен ашытады. Ашытқысыз көже ашымайды. Әйтсе де, ашытқының да маңыздысы болады. Ашытқысы жөндем болмаған айран дұрыс ілікпейді. Сұйқыл тартып, әйтпесе, ақырып, ашып кетуі кәдік. Осыдан келіп ашытқыны адамға қарата айтады. «Өзі бір жүрген жері қырсық, ашытқы адам» деген сөз содан шыққан. Ашытқы адам ұрыс-керіске, дау-дамайға, өсек-аяңға үйір келеді.

Қымыздың ашытқысы — қор делінеді, «қораба» деп те атайды. Қор сөзінің екінші мағынасы молығып, қорланып, баршылыққа кенелуді білдіреді. Сарайы асқа, қорасы малға толған адамды «қор жиып әлеуеттеніп қалыпты» деп үлкендер ауыз толтыра айтып отырады. Қорды сарқып алу жақсылыққа апармайды. Содан да халқымыз «жеген асыңнан да, жейтін асың көп болсын» деп қор жиюды қаперден шығармауға үндейді жас отау иелерін.

Күбідегі қымыздың ашытқысы қордың сарқылуы да жақсылыққа жатпайды. Қоры келіспеген қымыз өлі қор боп біразға дейін бабына келмейді. Ірімшіктің ұйытқысы мәйек делінеді. Мәйекті шешелеріміз қарын қалтаға сақтап қорын үзбейді. Ал қымыздың қорын сақтауды екінің бірі біле бермейді. Шешей бір жолы қымызы ілікпей дағдарғанда, көрші ауылға барып қор әкелді. Сондағысы шүберекке түйілген ірімшік түйіршегі еді. Шешей жөнін білдірмеген соң, әкемнен сұрағанымда, түсіндіріп шықты. Мыңды айдаған байлар бие ағытылғанда, саба түбі сарқынды деп келер жылға қор қалдырады екен. Оны «сірге жияр» дейді екен. Сірге қымыздың қоймалжыңына кәдімгі сары ірімшік түйіршіктерін салып қойылтады екен де, сүзіп алып, карын қалтаға салып, әйтпесе, мәрліге немесе шүберекке түйіп тастайды екен. Қорды сақтаудың көзбен көрген түрі осы.

Осы күні қымызды нанның ашытқысымен /дрожбен/ қорландырып ашытатындар бар. Бұл дегеніміз, қымыздың дәміне, маңызына нұқсан келтіріп, қымыз ашыту мәдениетіне үйлеспейтін дөрекі тәсіл. Нан ашытқысымен, ашыған көжемен іліккен қымыз көпке дейін түзелмейді. Нан ашытқысының жағымсыз исі біразға дейін кетпей қояды. Сол себептен де күбінің түбінде қалған сірге қымыздың қоймалжыңын қор есебінде сақтауды бұлжытпау керек. Күнделікті қымыз баптауға қорды бір қалыпты ұстаудың да өзіндік тәртібі бар. Қымызды қотарғанда күбіге қор қалдырады. Биенің алғашқы сауымын күбідегі қорға құйып, піседі. Одан кейінгі бие сүті арнайы ыдыста тұрады. Күн төмендеп, кешкі бие ағытылған кезде ғана күбіге құяды. Ымыртта қымыз пісу басталады. Оған балалар жұмылдырылады. Артылған қымызды түн асырмас үшін күбіні кезектесе піскен балаларға ішкізеді.

Күнбе-күнгі қордың бір деңгейдегі мөлшері саумалдың бабымен ашуына ықпал етеді. Қор аз болып, саумалдың мөлшері артық болса, онда қымыздың ашуы жетіспей, қуаты кемшін соғады. Сүтті күбіге жылыдай құюға болмайды. Онда саумал ірімтіктеніп кетеді. Ірімтіктенген қымыздың дәмі бұзылады. Үлкендер «мына қымызда қуат жоқ екен» дейтін. Қоры мен

саумалы үйлесіп емін-еркін ашыған қымыз қуатты болады. Күбідегі қымызды тұшындырамын деп орынсыз пісе берген де қисынсыз. Ашуы жетпей қалатын өлі қымыз деп соны айтады. Үлкендер «мына қымыз тірі қымыз екен» деп түшіркеніп құныға сімірер еді. Қымыздың бір қасиеті еркін көтеріліп, күш алуы боп табылады. Ашуын кетіреміз деп бұқтырып пісе берген қымыздың қуаты әлсіз болып, қасиетін жоғалтады. Қуатты /ашуы жеткен/ қымыз кісіні түшіркендіріп ішкенде мейір қандырады. Осы күні қол саудаға шыққан қымыздың дені өлі қымыз. Ашуы жетпей күбіден ертерек қотарып алып жолға алып шыққан қымыздың бабы кем соғып жатады. Күбідегі немесе сабадағы қымыз түнге қарай тыныштық алып ұйықтайды. Күбідегі қымыздың ұйқысы оның емін-еркін көтеріліп ашуы боп табылады. Ұйқысы қанбай күбіден мезгілсіз қотарылған қымыздың қуаты әлсіз келеді. Әлді қымызды құнан, дөнен қымыз деудің бір қисыны осы. Түн асқан қымызды ғана құнан, дөнен деу де қисынсыз. Күштілігі мен қуаты өзінде қымыз бесті деп те аталады. Жаз ортасынан ауа бере қымыздың ашытылуы қиындайды. Ол неден? Шөптің сарғайып, қыр отының сұйылуына байланысты бие сүтінің құнары азаяды. Белогы / минералдық құрамы/ жетіспей, бие сүтінің қанты көбейіп кетеді. Күбідегі қорды шағындау осы мезгілде керек.

Шешелеріміз қымыз сұйыла бастағанда, ертеңгілік ешкінің немесе сиырдың шикі сүтін аздап саумалға қосатын еді. Сонда қымыз қоюланып, құнарын арттырады. Мұндай әдіске байқап-байқап бару керек. Сиыр сүті мен саумалды араластыру қымызды шалапқа айналдырып жібереді.

Қымызға қажетті ыдыстың басты-бастылары: саба, торсық, көнек, күбі, піспек, шара, тостаған, саптыаяқ, ағаш аяқ, ожау, т.б.

Бүгінгі кезде бұл ыдыстардың дені ұмытылуға айналды. Саба мен торсық мұражайда ғана сақталады. Сабаның орнына күбіні пайдаланады. Күбіні ертеректе сүттен /қаймақ айыратын сүт тартқыш болмағандықтан/ май алу үшін пайдаланған. Сиырдың немесе қойдың жаңа сауылған сүтін күбіге құйып піскенде, томардай-томардай боп сары майы турылып бетіне шығады. Күбі, көбінесе, местің (іркіт жиятын, су құятын тері ыдыс) орнына қолданылған. Күбі ағаштан қиюластырылады. Күбінің кішірек түрін топатай /ағаш шелек/ дейді. Негізінде, күбі ертеректе айран, ашыған көже, ашымақ құйылатын ыдыс болған. Келе-келе сабаның орнын басқан.

Күбіні ыдыс жасайтын шеберлер қарағайдан қиып жасаған. Еменді де пайдаланған. Көбінесе, қайыңнан қиюластырған. Қарағайдың шайыры болады. Көпке дейін дәмі кетпей

қояды. Ал қайың күбіде бөтен дәм болмайды. Бүгінде үйеңкі күбілер пайдаға асты. Етек-жеңі кең бала-шаға ауыл-аймаққа аналық мейірімімен үлгі көрсетіп, немере-жиендерін маңынан шығармайтын балажан әйелдерді «бес биенің сабасындай» деп сыртқы кейпіне емес, мінезінің кеңдігіне бола айтады. «Саба түбі сарқынды» деген тұрақты сөз тіркесі бар. «Сабасына түсірді» деген сөз мәтіні ашуы басылды, ақылға келді дегенге келеді. Қымызда да ашу бар. Бұрқырап көтерілгенде сабаны кернеп кетеді. Пісілген соң «сабасына түсіп, жуасиды».

Әбден пісілген соң ашуы азайып, жуасиды, сабасына түседі. Өзендегі су қайтқанда да «арнасына түсті» деген тұрақты сөз тіркесі қолданылады. «Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі» дегендегі аңғарым терең мағынаға ие. Бір-бірімен мінездері үйлес адамдарға қарата айтылады. «Күбідей күмпиіп толып кетіпті» деген де сөз оралымы бар. «Әуеден күбі түсті, күбінің түбі түсті» деген жұмбақ табиғат құбылысын астарлайды /Бұлт пен жаңбыр/.

Қымыздың кәдесі молынан. Бұл арада кәделеу деп біз қымызды қастер тұтуды айтамыз. Қымызды төкпейді, күбіні теппейді. Саба мен торсық, саптыаақтар атадан балаға сақталып келген. Мәселен, Қаракесектің Машайынан тарайтын Кәрсөннің кішісі - Құлназардың саптыаяғы ұрпақтарында әлі де бар. Сегізінші ұрпағының қолында сақтаулы. Құлназар үйге келген қонаққа қымызды өз қолымен ұсынады екен. Саптыаяқпен сапыра түсіп, келгендерге әбден жуасытып ішкізген. Құлназардың саптыаяғын ұрпақтары ырымдап әлі күнге сақтап келеді. Жан торсық пен піспек те сақталған кейінгіге. Сүтті мама бие қартайып байлаудан қалғанда, кекілін түйетін әдет бар. Оның мәнісі ауылдың би апасы өзі емшегін ұстаған биені соғымға сойдырмаған. Мама бие, құтпан айғыр иесімен бірге жасасқан. Етін жемеген. Адамша көмген. «Бие өлген», «айғыр көмген» деген де қоныстар бар.

Қымызды кәделеуді жоғарыда айттық. Айта берсек таусылмайды. Қымыз, жалпы, ақты /сүт, саумал, қатық, айран/ кие тұту - жас ұрпаққа малдың қасиетін білуді, маңдай термен дайындаған астың, сусынның қадірін білуді міндеттейді. Ата сусын - қымыз құнарының, адам ағзасына тигізетін пайдасының өлшеусіз қасиетімен ерекшеленеді. Жан сарайың қуаттанып, каның толады. Ақыл-сарабың кеңейіп, таза сезімге жол ашылады. Ғашықтық аңсарың күшейіп, сүйіктіңе қапысыз ұрынасың. Қан құрамындағы зәрлі заттар жойылады. Кекшілдік, қызғаншақтық, көреалмастық тәрізді жағымсыз әдеттер қымыз ішкеніңде көңілден өше бастайды. Қымызды

жанға дәру дейтініміз содан. Адам ағзасына беретін күші тіптен ересен. Қымыздан қуаттанудың тигізетін пайдасы ұлан-асыр. Жар төсегі суынбайды. Қолға алған жұмысың өнікті келеді. Тән саулығына кенеліп, қаны тазарған ерлі-зайыптылардың арасында пайда болған сәбидің де дені таза болып, ана құрсағында емін-еркін жетіліп туарына біз кепіл.Ұлттық тағам - жылқы еті, қымызы, құрт-ірімшік, басқа да ас түрлері тәннің саушылығына, жанның тазалығына септесетінін әр қазақ баласы естен шығармасын.

Ұлттық тағам түрлерінің адам ағзасына тигізетін жағымды пайдасымен қоса, кісінің ішкі дүниесіне ықпал етіп, мінезін де реттейтін тәрбиелік мәні барын ақындар емеуріндеп жырға қосқан.

Абай да қымызға өлең арнаған. «Осы қымыз қазаққа, мақтаның ба, асың ба?» деп келетін өлең жолдарын қағазға бекер түсірмеген. Ақын қымыз қуған кыдырмашы болма, зейнетінен бейнеті басым, «әр төбенің басында жылқы аңдыған ұрыға жем болмай, жуасты мін де айран іш» деп үгіттейді кедейді. «Мақтанға бола жиям деп, жылқы үшін жұртқа бас ұрма» деп жанашырлығын білдіреді.

Осы кездегі қазақтың басындағы жай-күй ақын өмір сүрген заманға үйлеседі. Өткен тарауларда айтқанбыз. Қазақтың малының асылы - жылқы. Аяулысы - қыз. Мына заманда дүние-мүліктің, темір көліктің, көздің құрты болған сауда-саттықтың қызған кезеңінде асыл түлік - жылқыны өсіру, қызды ардақтап, суық көзден қорғаштау оңайға түспейді.

Жылқы бағудың өзі жас ұрпаққа тәрбие-тәлім, ұлттық салт-дәстүрдің бастау көзі. Жылқыны баға алмаған, қымызын іше алмаған, қызының арын қорғай алмаған қазақ, ол нендей қазақ?! Қаның тазарып, жаның жадырап, қазақтық қалпыңа түскін келсе, қымыз іш, жылқының етін же. Арам асты аузыңа алма. Сонда сен өмірдегі нендей қиындыққа қарсы тұрып жеңе аласың.

Сонымен, қазақ атам қымызды қайтіп, қалай жырлапты?

Шөлдесең мейір қандырған,
Жүректе отты жандырған,
Биесі бар үйлерге
Шақыртпай-ақ барғызған.
Қолға алдырып домбыра,
Еріксіз әнге салдырған,
Қымызы бапты жеңгеге
Қайындары наз қылған.
Ду-думанды жыр қымыз!

Шаршағанды сергіткен,
Бойға куат, әл қымыз.
Ішкенде канды қыздырған,
Көңіл құсы — ән қымыз.
Тіршілікке әр берген,
Салтанатты, сән қымыз,
Ұйқысызды қалғытқан,
Жанға шипа, мән қымыз.
Салтанатты сәні бар,
Шырқап салар әні бар.
Қыз күлкілі назы бар,
Әзіл-қалжың жарастық
Бір өзінен табылар,
Нұр жайнаған — гүл қымыз!
Жайлауымдай өрісті,
Жүйріктейін желісті,
Оңға бұрар терісті,
Су сепкендей басады,
Ашу-нала, керісті.
Күндей бейне шуақты,
Бағасы қымбат нұр қымыз!

Көңіліне жастардың желік берген — бұл қымыз.
Махаббатқа жеңгетай. Ерік берген — бұл қымыз.
Шалдарды да есіртіп, сынап көрген — бұл қымыз.
Қырындатып керімге, қуат берген - бұл қымыз.
Жеңгелерін қайнына жұғыстырған - бұл қымыз.
Жүрегінен сұлудың сыр ұқтырған — бұл қымыз.
Бір-бірімен аразды табыстырған — бұл қымыз.
Жүйріктерін дәмелі жарыстырған — бұл қымыз.
Шақыратын қол бұлғап алыс қырдан — бұл қымыз.

Осы жолдарды қағазға түсірген менің де қымызбен жолдас болғаныма алпыс жыл болды. Үш ай жазда қымыз ішпесем, жайым болмайды.

Ішпеймін жалынсаң да бұл арақты,
Өйткені, бабамызға ұнамапты.
Сапырып сары қымызды ішкенінде
Зар-мұңын көкірегінен куалапты.
Ішпеймін жалынсаң да у арақты,
Себебі, бабамызға ұнамапты.
Кең пейіл бабалардың мінезіндей,
Біздерге қымыз деген мұра қапты...

Ыдыс-аяқ

Қазақта жақсы сөз бар: «Шешесіне қарап қызын ал, ыдысына қарап асын іш». «Ыдысына қарап асын іш» деудің мәні терең. Ас үй мен асадалдан бастау алатын /бүгінде асхана/ дәм даярлаудың тәртібі ыдыспен бекиді. Шәміш, қырғыш, ошақ, мосы, тұтқыш, шымшуыр тәрізді тұтыну заттары ыдыс-аяқ түрлері қолданыстан шыға бастады. Мәселен, шара, торы ала аяқ делінетін қымыз құйылатын ыдыстарды бүгінгілер біле бермейді. Аяқ — ағаштан ойып жасалынады. Тостағанның бір түрі «шара аяқ» делінеді. Бүгінде шараны шыны тегенелер алмастырған. Шараға қымыз қотарады. Торы ала аяқпен қонаққа ұсынады. Шара сөзінің бірнеше мағынасы бар: «Көз шарасы» делінеді. Бір нәрсеге шара қолдануға да жатады. «Шектен асты» деген мағынаға ие. «Шарасынан шықты» деп те айтылады.

Аяққап — ыдыс салынатын киіз қапшық. Асадал — ас тұратын үйдің бөлігі. Асадалды «ас бөлме» деп жүрміз. Киіз үйде асты ши тұтып күркелеп ұстайды. «Ас ши» дейтініміз сол.

Міне, осы ыдыстар да тәрбие-тәлімнің көрнекі құралына айналған. Жазбамыздың әр тұсында келтірілген: «Саптыаяқпен ас беріп, сабынан қарауыл қарайды», — делінген тұрақты сөз тіркесінің жас ұрпаққа ұқтырар тәрбиелік мәні зор. Кісіге берген сәлемі, жасаған қолқайыры, көрсеткен көмегі мен қонақтың алдына қойған асына шейін есепке құрып, өз пайдасын ғана ойлайтын қарау адамды атам қазақ саптыаяққа байланыстырып өлтіре шенейді. Көркем әдебиеттегі бейнелі сөздер де ыдыс атауларымен ажарланады. Дүлдүл ақын Ілияс Жансүгіров «Құлагер» дастанында Құлагерді: «Саптыаяқтай салпиып төменгі ерні...» — деп бейнелейді.

Ұлтымызға тән қастерлі ыдыстың бірі — табақ пен қасық. Бұрындары ағаш табақ болған. Сыбағалы мүше қонақтың алдына табақпен тартылады. Табақ тарту өте жауапты. Табаққа етті мүшелеп салу - кісіге сын. Табақ тартуға еркекқолды әйелдер мен қазаншы /аспаз/ еркектер жұмылдырылады. Еттің мүшесін әр табаққа ауыстырмай, мөлшерлеп салу айрықша орнықтылықты қажет етеді. Өз ісіне жетік, кәнігі бәйбіше табаққа мүшені ауыстырмай сыбағалы етіп салады.

Табақ тарту — ұлттық салттың көкесі, тәрбиелік мәнге ие үрдіс. Табақтағы әр мүше халықтық салтқа, тәлім-тәрбиеге қызмет етеді. Үлкендер бата бергенде: «Табағыңнан ас кетпесін, тақымыңнан ат кетпесін», — деп жатады. Табақтағы сыбағаны құнсыздандырып, добал қолмен қалай болса солай

қидалаған етті қонақтардың алдына қоя салу - ұлттық дәстүрді белден басудың төте жолы. Табақтағы етті әдемілеп турап жеудің өзі бір ғанибет. Бәрінен де тәрбиелік мәнін айтсаңшы. Жастарға тыйымның бірі - табақты теппе. Асыңды ішіп, ыдысыңды теуіп кететіндер бар. Ондай оспадарды «астың киесі ұрсын» деп жатады. Жас ұрпақты «табақ тепті» әдеттен сақтандыру халықтық педагогиканың басты сабағы. Табақтың шеңберлі болуының да негізі бар. Табақтағы етті дөңгелене отырып жеудің өзінде тәрбие-тәлімнің сабақтары көрініс табады. Көппен отырып тағам жеу арқылы жастар сыпайылыққа дағдыланады. Көпшілікке жанасып, тәлім алады үлкендерден. Қалай болғанда да адам баласы табиғатқа еліктеген. Жаратылыстан жұқтырған барша қасиетті. Ыдыс-аяқ түрлерінің шеңберлі боп дөңгеленіп келуі -табиғаттың көшірмесі. Қара қазан, шоңке, табақ, торы ала аяқ, тостаған, шай кесе, бәрібәрі шеңберлі. Бұрынғы заманда мәжіліс құрғанда алқа-қотан дөңгеленіп отыру бұлжымайтын тәртіпке жатқызылған. Сөз тыңдауға оңтайлы десек те, түпкі мәні бірлікке негізделген. Тізе түйістіре отыру - татулықтың белгісі. Далаға түнегенде бас түйістіріп ұйықтау - далалықтарға тән қасиет. Ай мен күн де дөңгелек. Қыл аяғы аспандағы үркер шоқ жұлдызы да тығыз бірлікте. Бабаларымыздың құттыханасы - киіз үйдің шаңырағы да шеңберлі. Ақыл қонған басымыз да дөп-дөңгелек. Жанарымыз да шаралы. Табағымыз да сондай.

Қасықты ертеректе ағаштан жасаған. «Сырлы қасық» делінеді. Кейіннен қалайы қасық, күміс қасықтар шықты. «Ас қасық», «шай қасық» деп бөлінеді. Қасыққа байланысты мәнді сөз баршылық. Балаға ата-анасы қасық ұстатқанда оң қолыңмен ұста деп ұқтырады. «Қасықты тісіңе тигізбе» деп қадап айтқан. Ондағысы «тісінді сақта» дегені. «Қасықпен ойнама» деген тыйымды бала күнімізде сан естідік. Әдетте, ыдысты аяқасты етпеуге айрықша мән беріледі. «Қасықты баспа, аяғың маймақ боп қалады», «Қасық лақтырғанның қары сынсын» дейтін де тыйым бар.

Демек, ыдыс-аяқтың да киесі болғаны ғой. «Асыңды ішіп, дағараңа тышатындар» бар. Осы бір тұрақты сөз тіркесінде терең мән бар. Бұл арадағы дағара дегені - астық салынған қап. Әдетте, дағараға, меске, ыдыс-аяққа ит сарып, тілін малып кетеді. Содан да «меске сарыған иттей қылды» деген тұрақты сөз тіркесі бар.

Мес - теріден жасалатын ыдыс. Меске іркіт құйылады. Ешкінің бітеу терісінен жасалынып, ысталған меске қымыз құйылған. Бір мес қымыз алдыға келді дегендегі месіміз осы.

Тазалық - ыдыстан. Жаңа түскен келінге бірінші кезекте, сынақ - ас-су қамдау. Ыдысы кіршең үйден сыпайы конақтарт тағам ішуден тартынған. Ыдыстың тазалығы - деннің саушылығының кепілі. Ауызекі сөзде біреуді біреу «оның ыдысы таза» деп жатады. Бұл арада: «ыдысы таза» — бейнелі сөзге жатады. Кісінің ішкі дүниесіне қаратыла айтылған. Жан дүниесі кіршіксіз адам таза ыдыстай жұғымдылығымен, сүйкімділігімен кісіге ұнайды.

Қасық - ыдыстың оңтайлысы әрі елгезегі. «Құрғақ қасық ауыз жыртар» деген мақалдың мәні кім-кімге де түсінікті. Кісіні құрғақ сөзбен жұбататын сығырдандарға айтылған ескерту. Халқымыз ысырапты жек көрген. «Қасықтап жиғанды шөміштеп төкпе» деп ескертеді асыра шашпа дарақыға.

Қасық — сүйкімді ыдыс. «Қалайы қасықтай ғана бәкене келіншек» делінген теңеу көркем әдебиетте жиі ұшырасады. «Күміс қасықтай әдеміше қыз» деп те жатады тіл мамандары. «Қомағайдың тісі қасықтан кетілер» деген нұқыртпаны үлкендер жиі айтар еді. «Қасықтай қаным, шыбындай жаным халқым үшін садаға» деген де сөз бар.

Үйдегі әр мүлік пен жиһаз тәрбиелік мәнге ие. Сөз көркемдігіне қызмет етеді. «Текеметтің түріндей, алма ағаштың гүліндей» деген жолдар әсерлі-ақ. «Иіліп жастық, жайылып көрпе болып» деген тұрақты сөз тіркесі бауырмалдықты паш етеді. Туған соң, өлмек хақ. О дүниеге бет бұрған науқасты «ажал жастығына бас қойды» деп шарасыз тұспалдайды. «Көсеу ұзын болса, қолың күймейді» деп те емеуріндейді. «Көрпе көкте қой шиендеп жатыр» деген сөз оралымы көркемдігімен құнды. «Төріңе шығып, текеметіңді тіліп кететіндерге не шара?!» дегенді халық тегін айтпаған. Ниеті бұзық, жүрегі кіршендер асыңды ішіп отырып та иттігін тастамайды. Төріңе шығып та саған қастығын жасай береді.

Ұлттық тәрбиеге мән берейік дегендегі жас өскінге ұқтырар ұлағат халық зердесінде молынан екендігін еске салғанның әбестігі жоқ..

Ошақ

Отау шыққан жастарға үлкендер тілек айтқанда: «Ошағыңнан от кетпесін, қазаныңнан ас кетпесін», - дейді. «Ырыс-береке от басы, ошақ қасында» деп және үстемелейді. «Ошақтың үш бұтындай едік» деп қариялар ұзындата сөйлеп кететін. Үштік ұғымның этнографиялық мәні сандаған. Бізге керегі отбасылық жүйе. Әке мен шеше және бала үштікке жатады. «Ошақтың үш бұтындай едік» дегені осыған саяды.

Ошақ - халқымыз үшін қасиетті. Ұлттық тыйымда «Ошақты лақтырма, ошақ аттама» деген сөзде көп мән жатыр. Көшкенде жүктің ең үстіне шаңырақ қойылады. Шаңыраққа ошақты сұғыстырады. Жаңа жұртқа кеп жүк түсірілгенде, ошақты бірінші алып, керегесі керіліп, шаңырағы көтерілетін үйдің нақ от жағылатын ортасына қойып ырымдайды.

Ата-бабаларымыз «майлы ошақ» деп қастерлеп, күміспен оймыштап, кейінгі буынға ескінің көзі ретінде ескерткіш қылып сақтаған. Жерошақты да қаперде ұстаған. Қазылған жерошақ арқылы жаугершілікте қуғын-сүргінге ұшыраған ауылдың қай бағытқа бет түзегенін шамалаған.

Келін түскенде «отқа май құю» деген ырым бар. Қариялар: «Сәл бұрыс кетесіңдер», - деп отыратын. Бұл жоралғыны көнекөздер: «Келін бұрындары ошаққа май жағушы еді», - деп бас шайқайтын. Ошаққа май жағудағы мәніс — келін иеленетін ошақ майлы болсын дегені. Ошақтың қастерлі екені жас ұрпаққа аңыз-әңгімелермен ұқтырылған.

Ошақ — береке-бірліктің, молшылықтың ұйтқысы есепті. Ошақ мүлік есебінде қажетсіз боп қалғанымен, мәнінен айырыла қойған жоқ. Бүгінде түрлі ойын-сауық орталықтарын «мәдениет ошағы» деп атау сөздікте орныққан. Ошаққа байланысты әңгімені мына бір мысалмен тұжырайық:

«Көптен көрінбей кеткен. Төбе көрсетті бір күні. Ескі таныстар қауышты. Әсіресе, Ошақта ес қалмады. Айтып жатыр, айтып жатыр басынан кешкен қиындығын. Мұңая күрсініп те қояды. Іші толып кеткен ғой, сірә, зар-налаға.

— Керексіз боп қалдым, - деді Ошақ қамығып. - Ием жұртқа тастап кетіп еді, темір-терсек жиғандардың қарамағына өтіп, содан мұражайдан бір-ақ шықтым.

— Жаның тыныш екен ғой...

— Бүйткен жан тыныштығы бар болсын!

— Сабырлылық керек, — деді Тамызық қашанғы аңғарымдылығына бағып. -Қайта қорытылып, пештің өңешіне жұтылып кетсең қайтер едің? Осы тұрысыңа тәубе ет.

— Кешегі күндерді аңсаймын. Қазан көтеріліп... ет асылып... алау-далау болып жатушы едік-ау!

— Менің де жетіскенім шамалы, - деді Тамызық. — Газ пеш, тоқ пеш дегендер маңына жуытпайды. Қарап жүргенше деп басқа бір ермек тауып алдым.

— Ол нендей ермек?

— Ежелгі сүйекке сіңген дағды ғой, — деді Тамызық. — Отты сыртынан қоғамдаймын. Осы күні пеш дегендер менсіз

де жанатын әдет шығарды. Жер майының құдайы жарылқап тұрған жоқ емес пе?! Гәп жүректе. Жүрек оты әлсіресе, құштарлық бәсеңдейді өмірге деген. Жігері жасиды елім деген азаматтың. Сол себептен адамдардың жүрегіне қуат дарытамын. Дамыл-дамыл тамызық үстемелеп, жігеріне жігер қосамын. Намыс отын қағыстырып, бәсеңдемеуін қалт жібермей қадағалаймын. Жігер-қайраттың күш алып, елін сүйген ерлердің сесті жүруіне, бықсып, түтіндеген әдеттен аулақ болуына септесемін. Дүниеде тартпайтын пештен, күлбілте күншілдіктен, арсыздық пен надандықтан өткен қасиетсіздік жоқ-ау, сірә?!

Ошақ ескі досын үнсіз құптады. Тамызықтың елгезектігіне тәнті еді. Өмір көшіне ілесіп, адамдарға тілекші боп жүргенінің өзі неге тұрады...»

(«Тамызық», «Құс жолы» баспасы,
2008 ж., Алматы.
Өмір Кәріпұлы.)

Қазан

Ата-бабамыз «қара қазан, сары баланың» қамы үшін аттан түспеген. Қазанға байланысты тәрбиелік мәні бар сөздер молынан. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетер» дегендегі ұқтырайын дегені - ықтиятты бол дегені. «Қатын көп болса, шөміш жұртта қалады». Шөміш — ағаштан оймышталған сапты ожау. «Қасықтап жиғанды шөміштеп төкпе» дейді халық. Үнемшіл бол, ысырапқа барма дегені. Үйге қонақ келгенде отағасы бәйбішесіне: «Қазан көтер», — деп бұйырады. Ондағысы — «тамақ істе, ет ас» дегені. Жүргінші мінгішін бірден отқа қоймай, «қазан суыт қып» тынықтырады. Оның мәнісі —келген қонақ атын, тағам ішіп болған соң, жатарда ауыздығын алады. «Қазаныңа не салсаң, шөмішіңе сол ілігер» деген нақыл тағы бар.

Ерте кезеңдерде ет асып, қазан көтеруге әйелдер үлгере алмай жатқанда, шаруақор жігіттер көмекке келген. Әдетте, қазанды көлеміне қарата тай қазан, кіші қазан деп атаған. Тай қазаннан да үлкенін тай жүзген қазан деп атаған. Тай қазанға тайдың еті сыйып кетсе, тай жүзген қазанға үлкен жылқының еті толайым бір-ақ асылған.

Қазан бұрындары қастерлі ыдыс санатында болып келді. Қазан соғатын /жасайтын/ ұсталар болған. Оларды «қазаншы» деген. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген фразеологиялық тіркес содан шыққан. Бұл қанатты сөз

«Қолында бар қонышынан басадыға» жатады. Бұрындары қазан- ошаққа араласып, әйелдерге қолғабыс беретін еркектерді «қазаншы» деп те атаған. Бүгіндегі аспазшының көне атауы. Содан да тілімізде «Еркек қартайса қазаншы болар, бүркіт қартайса тышқаншы болар» деген мақал орныққан.

Ыдыс-аяқтан, тағам дайындаудан да ғибратты сөздер туындайды. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетер» деген мақалды келін-кепшікке қарата айтқан. Сорпа-суыңды иттің тұмсығынан сақта дегенді келін-кепшікке меңзей отырып, отау иесіне де мал-жанға ықтиятты бол, ұры-қарыдан сақтан дегенді де ишараттағаны. Ал «қатын көп болса, шөміш жұртта қалар» деген меңзеуде көп мән бар. Қазан көтеріп, сорпа сапырған боп, тамақты жөндеп пісірмей, пыш-пыш сөзге басып, сүйреңдеп өсек айтқан әйелдерді шеней отырып, жас келіндерді әдепті болуға шақырады.

Қазанға байланысты ұғымдар бірқыдыру. Әдетте, жау қашырып жарытпайтын ұзын сойыл ұрда жық, желкөкірек есерлерді қариялар «Қазан бұзар, үй тентек» деп таңбалаған. Ондай әумесерлер ауыл арасының айғайын аттанға ұластырып, жақынымен жағаласып, шырық бұзады. Ондайларды «қазан сындырар» демей, «қазан бұзар» деудің өзінде астар жатыр. Қазанды теуіп немесе ішіндегі асты төгіп кететіндер болады. Керісінше, береке-бірлікке нұқсан келтіріп, көрінгенге түйеше сүйкеніп, болмастан дау, жоқтан жау тілейтіндерді көпшілік бір ауыздан «қазан сыңдырар» деп әшкерелейді. Бүгінше айтқанда, үй тентектер - ішкіштер, нашақорлар, ата-анаға масылдар, жатып ішер жалқаулар... Үй тентектерді ауыл-аймақ жек көреді. Оларда ұят болмайды. Ауладан озбай ата-анасының бетіне шіркеу болып, сүйкімі кеткен, көрші-қолаңның мазасын алғандар — нақ осы үй тентектерге жатады.

Қазан сындыратындар, көбінесе, әке-шешенің ерке тентектері. Барлыққа мастанып, төбелес шығарады, қызды жәбірлейді. Ондайлар тентектікті асқындырып, төбелеске ұластырады. Демек, «қазан сындыру» жақсылыққа апармайтын шектен шыққан бұзатарлық.

Үйге қонақ келгенде қазан көтеріледі. Үй-күйі бөлек жаңұя мүшелерін «қазаны басқа» деп атайды. Ырыс-несібесі молыққандарды «қазаны қаспақты» деп көтермелейді. Қонақуар шаңырақ иелерін «қазаны оттан түспейді» деп мақтайды.

Той-томалақтан, астан, қонақ шақырудан кейін қонақ күтушілер немесе тойға келе алмай қалғандар өздерінше сыбаға дәметеді. Оны «той сарқыты» деп те атайды. «Қазанының түбінде бірдеңе қалған шығар» деп базына білдіру жарас-

тықты. Содан да қазақ ғұрпында той-томалақтан қалған асты «Қазан түп» деп кәделейді. Қонақтар жөнеліп кеткен соң, жаңұя мүшелері, көрші-қолаң жиналып келіп, той сарқытынан ауыз тиеді. Өздерінше әңгіме-дүкен құрып, әзілдеседі. Ән салып, көңіл көтереді. Тойды тойға ұластырады. Міне, осы жоралғы қазақ ғұрпында «Қазан түп» кәдесі делінеді. Қазанға байланысты бейнелі сөздер де жетерлік. «Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ», «Елу жылда - ел жаңа, жүз жылда - қазан». Елу жылда кәрілер кетіп, жастар қалады. Заман өзгерісі адамдарды бір қилы қалыпқа салады. Патша ауысады, билік жаңаланады. Жас өсіп, жарлы байиды. Елге ел қосылады.

Жүз жылда «қазан» болатыны неден? Осы бір астарлы сөз әрқилы мағынаға ие. Қазан айында өсімдік атаулы сарғайып, солғындайды. Шөп ағарып, тал-теректер жапырағынан айырылады. Қазанның дауылы ағаш атаулыны жапырағынан жұрдай қылады. «Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп, жапырағынан айырылған ағаш-құрай...» деп Абайдың бейнелеуі содан. «Жүз жылда - қазан» делінуінің бір себебі, табиғат перзенті - өсімдіктің қуарып, тіршілігін уақытша тоқтатуынан шығар. Десек те, бұл пәлсапалық тұжырым кәдімгі қара қазанға байланыстыра айтылған деуге толық негіз бар. Оттан түсірілген қазан төңкерулі жатады. Жүз жылда еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейінгі адамдар бірі қалмай жер астына барады. Жүз жылда «Төңкерілген қазан» делінетіні содан. Қазанға байланысты тұтыну құралдары мыналар: қазан қап, тұтқыш, қырғыш, қазан пышақ, т.т. Пендеге өлшеніп берілген аз ғұмырды сыйластықпен, мағыналы өткізуден артық не бар?! Осы ұғым бір ауыз өлеңге сыйған:

Ойлап тұрсаң дүние шолақ екен,
Адамдар бір-біріне қонақ екен.
Қызғалдақтай құлпырған қайран ғұмыр,
Қазан ұрмай, қар жаумай солады екен...

Әдетте, үлкендер әйелге ауыр көтертпеген. Бала көтерген жас келіншектерге енелері: «Қарағым, ауыр көтерме», - деп ескертіп отыратын. Ауырлық әйелдің іш құрылысына нұқсан келтіріп, құрсағына салмақ түсіреді. Медицинада дәлелденген. Ауыр бейнет өркенді жастың келешегіне кесел келтіріп, құрсақ көтермей кетуіне себепкер болады екен. Әйелдер қыбырламасын, жұмыс істемесін дегендік емес. Қайта жүкті әйел оны-мұныға қол тигізіп, қыбырлай беруі керек. Қозғалысы аз әйелдің іштегі баласы жүгініп кетеді делінеді. Бүгінде дамыған делінген американдықтар қол еңбегінің ығыстырылып,

жүріс-тұрыстың аз болуынан зардап шегіп, семіздікке душар болып, денсаулықтарынан айырылып, божып барады.

Еркек қанша дегенмен білекті, әйел — нәзіктеу. Әйелдің де шынығып, шымырланғаны керек. Етек-жеңі жиыңқы кербездігі ісінен, жүріс-тұрысымен үйлескен әйел тартымды келеді. Күнкөрісі төрт түлік малға тәуелді халқымыз мал бағып, бие сауууды, қазан көтеруді әйелдерге міндеттеген.

Кеңес одағының тұсында әйелдер жаппай еңбекке араласты. Сауыншы да, құрылысшы да, керек десеңіз, қойшы да солар болды. Отбасының күйбеңі, бала асырап, тағам дайындайтын қазақ әйелдерін шабан, диханшы деп көтермелеу кері әсерін тигізді. Еркектердің дені жатыпішерге айналды. Әйеліне иек сүйейтін масылдық психология қалыптасты еркектерде. Қазан-ошаққа араласуды еркектер ар көрді. Олардың дені карта ойнап, араққа ентелеп, отбасының берекесін алды. Сонымен қоса, қыдырымпаздық, аусарлық /жігітшілік/ еркектерге жарасымды саналды.

Халықтық тәрбиеде мұндай дарақылыққа жол берілмейді. Еркек пен әйелдің өздеріне тиесілі орны бар, атқаратын қызметі бар. Еркек, көбінесе, ат үстінде жүреді. Мал бағады, егін салады. Әйел, көбінесе, отбасынан ұзамайды. Мұны әйелдерді төменсіту деп ұшқары ойламау керек.

Әрине, еркек біткен шетінен жалқау дегендік емес, оларға түсетін салмақ батпан-батпан. Соғыста оққа ұшатын солар, ұрпақ үшін жанын жалдап мал табатын да, әділет жолында дау-дамайға араласатын да, ел билігіне араласатын да солар. Еркектерді ер дейтіні содан. Араларында ездері де жетіп артылады. Шылымшы, араққор, жатып ішерді халық ұғымында «ез» дейді. Қазан-ошаққа үйір еркекті бұрындары «қатынбасшы» дейтін еді. Бұдан аяқ-табақ ұстаған еркектің бәрі осы атаққа қалады екен деген ұғым тумаса керек. Еркектің мінезіндегі ұсақтығы, жүріс-тұрысындағы оралымсыздығы, сөзінің жасықтығы, өсек-өтірікке үйірлігі «қатынбасшы» деуге еріксіз мәжбүрлейді. Ұсақ сөзді, әйел мінезді еркектер осы атаққа ұшыраған.

Бүгінде ақпарат тасқыны адам санасын басы артық хабарошармен еңсеріп барады. Өсек-аяң, сыбыс-сыбыр, пәле-жала, қасақана бопсалау — бәрі-бәрі жарияға шықты. Интернет /ғаламтор/ арқылы небір өсек-аяң, жел сөз дүйім елге таралады. Бұрындары өсекті, басы артық сөзді әйелдер айтқан. Керісінше, бүгінгі таңда өсекке еркектер үйір. Қатынбасшылық былай қалып, қатын мінезді еркектер бой көрсете бастады. Осының салдарынан кісінің даралық қасиеті жалпылыққа

ұласып, жеке адамның (тұлғаның, ел ағалары, жақсы мен жайсандардың, аузы дуалы қарттардың) беделі төмендеп кетті. Мұндай келеңсіздік әр кезендерде бой көрсеткен. Ұлы Абай «Бір кісі мыңға, жөн кісі сұмға әлі жетер заман жоқ...» деп таусыла сөйлегені соған айғақ. Ел іші мұндай жөнсіздікті ара-дара деп жақтырмаған. Көршілес ханзу жұрты — қытайлар, жапондықтар мен үнділер отбасылық тәрбиеге күш салады. Қазақ халқы бала тәрбиесін ошақ пен қазаннан бастаған. Ошағы орныкты, қазаны оттан кетпейтін шаңырақты «құтты шаңырақ» атаған. «Қазаныңнан ас кетпесін, ошағыңнан от кетпесін» деген бата-тілек маңызын жойған жоқ. «Аллаға жағамын десең, азанды бол, халыққа жағамын десең, қазанды бол» деп және айтады.

Ас

«Ас — адамның арқауы» делінеді. «Аш қарынға ақыл қонбайды», «Жұтқан — жұтаймайды». Тағаммен қуаттанады өзегі қуыс пенде. Әңгіме орайындағы: «Аш қарынға ақыл қонбайды», - делінетіні шындықтан алыс емес. «Жұтқан жұтаймайды» деудің де астары қалың. Ұшқан құс, жүгірген аң — бәрібәрі бір тесік тамағы үшін тырбанады.

Халықта жақсы сөз бар: «Ас иесімен тәтті». Мәселе тағамның молдығында емес, бойға сіңімділігінде. Тамақ қайтсе сіңімді болады? Үйге келген қонақ берген тағамнан да бұрын үй иесінің қабағына қарайды. Содан да «қаз тойғанына емес, орғанына семіреді» делінеді. Шын ниетіңмен ұсынған аста береке болады. Кісіге жақсылығын бұлдаған кекірге қарата: «Таспен атқанды аспен ат», — дейді. Астың жолы ауыр. «Бір күн дәм татырғанға, қырық күн сәлем», «Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп», «Қонақ келсе, аса берме, саса бер», «Астың дәмін тұз кіргізер, жігіттің мәнін қыз кіргізер», «Адал ас тәнінді сауықтырады, ақпейіл адам жаныңды сауықтырады». Тұжырғанда, ас — тіршілік арқауы. «Арпа-бидай ас болған, алтын-күміс тас болған» заманды да көрді халқымыз. Содан да асқа байланысты тыйым ішті боп келеді. «Асты қорлама, құстырады, ерді қорлама, бұқтырады» деп келетін ескертуде терең мән бар. Халық ұғымында: «Таңертеңгі асты тастама, кешкі асты бақпа», — деген тыйым бар. Таңғы ас - үлкендердің ұйқыашары. Астан ауыз тию арқылы адамдар бір-бірінен ақпар алады. Үй ішінің, ауылдың амандығын біледі. Кешкі ас — бала-шағаның нәпақасы. Оған ортақтасу міндет емес. Небір зобаланды, үргін-сүргінді, аш-

тықты көрген халық ұрпағын нан тептіліктен сақтандырады. «Астан үлкен нәрсе жоқ» дейтіні өмір тәжірибесінің мысалы. «Асты телміртпе» дейтіні тағы бар. Былайша түсінікті, астың қадірін біл дегені. Бала-шағасына дайындалған тағамды ыстықтай же деген қамқорлығы және бар. Ыстықтай желінген тағам бойға тез сіңеді. Қуатты келеді ыстық тағам.

Қазақ ғұрпында тағам ішіліп жатқанда үйге бас сұққан адамды төрге шығару міндет. Келген адамның астан ауыз тиюі тәртіпке жатады. Астан ауыз тимеу жаман ырымға саналады. Ауыр қазада, жау шапқанда, табиғат апатында алаңсыз ас ішуге мұршасы келмейді алашапқын жандардың. Ондайда астан ауыз тимеу кешірімді. Ал жайшылықта жалған тоқмейілсу — асты қорлағандық боп табылады. Жас адам ұялшақтау келеді. Астан ауыз тиюдің түпкі мәнін зерделей қоймайды. Сондай жасқа: «Қарағым, тізеңді бүк, ауыз ти піскен астан. Келін тастап кетеді», — деп үйге бас сұққан жасты еріксіз төрге шығарады.

Асты қастерлеу — адамды сыйлауға жетелейді. «Ат қадірін білмесең, жаяушылық берсін сазаңды, ас қадірін білмесең, аштық берсін сазаңды» деген де тәмсіл бар. Ас қайырып, бата тілеудің жөн-жоралғысы тәрбие-тәлімге негізделген. «Асқа адалдық, басқа амандық берсін» деп келетін бата- тілектің мәні тереңде. Асқа адалдықты баса айтуда мән бар. Адалдан жиған дәулет, ырзық-несібе бойға сіңімді келеді. Арам жолмен табылған ақша, ұрлықпен жиыстырған мал, кісі ақысына қиянат жасап, оңайдан табылған олжа — арам асқа жатады. Мұсылман баласына шошқа еті харам. Кәдімгі «жынды су» арам астың нағыз көкесі. Қанды бұзады, жүректі улайды. Содан да халқымыз бастың амандығынан кейін, астың адалдығына қатты мән берген.

Нанды ата-бабаларымыз ертеден-ақ қорек еткен. Егіншілікпен жаппай айналысуға төрт түліктің қамы қолбайлау болды. Аяқты мал көк егінге өш келеді. Сырт елдің білімпаздары қазақтарды «көшпелі» немесе «көшпенді» деп үстірт пайымдаған. Жылдың төрт мезгілін үйлесіммен пайдаланып, малдың жағдайымен көшіп-қону көшпенділікке жатпайды. Табиғатқа деген адалдықтан туындаған, жерді тоздырып алмас үшін реттелген күнкөріс қамы. Тарих оқулығына еніп, ғылыми айналымға түскен «қазақтар ертеде көшпелі ел болған» деген топшылау мүлде қате пікір.

Халқымыз егін де салған, мал да өсірген. Оған дәлел, сөздік қолданыстарымызда нанға байланысты атаулар молынан. Қызыл шырайлы адамды «бидай өңді» деп атаған. Нан

өнімінің түрлері: тоқаш, бауырсақ, шелпек, жұқа, таба нан, сүт, бауырсақ, ботқа, быламық — сөз қолданыстарымызда ертеден бар. «Арпа, бидай ас болған, алтын, күміс тас болған заманды да көрдік» дегенді қариялар ұзындата айтар еді. Неше қилы нақылдар дәнді-дақылдарға байланысты қиыстырылған. «Атты қамшымен айдама, сұлымен айда», «Кетпеншімен керіспе, қамбаң бос қалады», «Тарыдан да тіс сынады»... Пәнидеи бақиға озған марқұмды «талқаны таусылды» деп те жатады.

Нанға байланысты атаулар кемінде жүзге жуықтайды. Нан — ас төресі. Содан да ата-бабаларымыз ұрпағын «нан тепті» жаман әдеттен сақтандырған. Әумесерді «кесірлі» деп жаратпаған.

Бауырсақ — үйге кісі келгенде, әйтпесе, той дастарқаны үшін жедел пісірілетін тағам. Бауырсақтың дәмділігі ас иесіне байланысты. Үлкендер, әкелеріміз: «Көркем келіннің пісірген бауырсағы-ай!» — деп тамсанып отырар еді. «Үлкен үйден бауырсақпен шай іштім» деп және серпитін қариялар. Әдеби қолданыста «оттан алған нандай, жаңа пісірілген бауырсақтай» деген теңеу бар. Қай ас болсын, оның ішінде бауырсақ пісірілген сәтінде дәмді келеді. Ыстық бауырсақты дастарқанға төгіп жіберіп, шай құя бастаған әйелдің реңі бабымен пісірілген бауырсақтай балбырап жүзіне өзгеше нұр жүгірер еді. «Алыңыз, үйде ет болмай қалды» деп жылы қабақ танытқан келіннің ықыласты ниетіне разы болған қонақ құнарлы нанды қарбыта жеп, шайды іше түседі.

Бауырсақ пісірілген үйге көрші-қолаңның балалары келгіш келеді. Дәметкені нан олардың. Меселін қайтармайды бауырсақ пісірген бәйбіше. Негізінде, бауырсақ көптің асы. Қолма-қол желінеді. Төрге жайғасқан қонақ үйге бас сұққан балаларға бауырсақтан уыстап берер еді.

Қазақтың бауырсағы да тәрбие-тәлімге қызмет етеді. Халықтық педагогиканың сабақтары әр ішілген ас пен дайындалған тағам арқылы елеусіздеу етіп жатады. Бала күнімізде ауылда кім бауырсақ пісіре бастаса, сол ошақты төңіректеуді әсте естен шығармаушы едік. Бақырашпен немесе кішірек қазанмен бауырсақ пісіріп жатқан ақ жаулықты ана біздің меселімізді қайтарып құр жіберсе, шешемізге айтып баратынбыз. Бауырсақтан балаларға ауыз тигізбеу — жаман ырымға саналған. Сарандық боп есептелген. Бал бауырсақ бесіктегі балаға арнап пісіріледі. Шай бауырсақ — қонақ келіп қалғанда дайындалады. Қоржын түп бауырсақ жол азыққа деп арнайы бапталады. «Қоян құмалақ» балаларға деп пісіріледі. Мәлжам бауырсақ - кәрі адамдардың қорегі.

Табамен отқа көмілген қамыр «таба нан» делінеді. Ауылдық жерде, біздің бала кезімізде таба нан сары қидың, ақжапа мен тезектің табына бабымен әбден қызарып пісетін. Бүгінде арнайы тоқ пеш, газ пештер шықты. Наубайхананың нанын жейміз. Оған шәк келтіру кесірге жатады. Шешем айтар еді: «Қызарып, бабымен піспеген нанның қуаты аздау болады», — деп. Күні бүгін шешелеріміз пісірген нанды аңсаймыз. Таңдайымызда жүр дәмі әлі күнге.

Қалаш - табамен отқа көміледі. Жедел, тез пісетін нан болғандықтан, ас қамдаған әйелдердің сыбағасы есепті. Содан да кей жағдайда «қатын-қалаш» делінеді. Қалашты тек аспаздар жеуге тиісті, отбасында ас қамдаушы әйелдердің сыбағасы десек қателесеміз. Пеш қасында, жерошақ басында күйбеңдеген аспазшылардан әркім-ақ дәметеді. Енесінің көзін ала беріп епті келін қайнысының қойнына қалашты сұға салады-ау. Қалашты шешелеріміз жаңа түскен келінге, жүкті әйелдерге, бөпесі бар келіншекке тықпалайды. Қыздарға қалашты сараңдау ұсынады. Қомағай болып кетеді дегені.

Тоқаш та табаға көміледі. Тез қызарады, жедел піседі. Қариялардың тісіне қатқылдау тиетіндіктен, жастар жағы өш келеді тоқашқа. Балалар болса-болмаса оған әуес, ауыздарының суы құриды. Бойжеткендер мен келіндер тоқаштан құр қалмауға тиісті. «Тоқаш жеген тойдым демейді, тон киген тоңдым демейді» деген мақал бұл нан түрінің аса дәмділігіне айғақ. Тоқаш - жастардың сыбағасы. Бастаңғыға арналады. Күнделікті тірлікте айран-қатықтың басытқысы ретінде желінеді.

Шелпекті майға пісіреді. «Жұқа» деп те айтыла береді. Әдетге, шелпекті кәделейді. Қазақта «жеті нан құдайы» деген бар. Өлгендер түсіне енгенде, қолайсыз түс көргенде, қатерден аман қалғанда жеті шелпек пісіру дағдысы бар. Арнайы дайындалған шелпек қарияның алдына қойылады. Құран оқып, аруақтарға бағыштайды.

Шелпек — қасиетті тағам. Көп сақтау көтермейді, бірден жеп қою керек. Балаларға да жегізеді. Жасың ұзақ болады деп ырымдайды. Қарттар шелпектің арасына май орап жейді. Сонда дәмділігі артады.

Қазақ халқы нан өнімдерін ерте дәуірлерден қорек еткен. Оған мысалды ауыз әдебиетінің үлгілерінен молынан табамыз. «Дегенде қызыл бидай, қызыл бидай, мен жүрмін қызды ауылды көңілім қимай» деп үздікпей ме бозбалалар. «Бидай өңді, әдеміше келіншек» деп келетін көркем тіркес қандай.

Құймақ - сыбағалы келеді. Құймақпен шай ішу бір ғанибет. Қариялардың сүйсініп жейтін тағамы.Тіске жұмсақ, ұлтабарға жайлы. Үлкендер бір-бірімен әзілдескенде: «Құймақ жеген шалдай қутыңдап отырсың ғой», — деп жатады. Құймақ сары майға пісіріледі. Сонда оның дәмі қоректік қасиеті артады. Енелері босанған келіндерге емшегіне сүт барсын деп құймақ дайындатады. Кеудесінің ылғалы бар шікатты адамдарға да сары майға жанышталған құймақ жегізеді. Жігіттер қыздарға тиісерге қара таппағанда: «Дегенде құймағың-ай, құймағың-ай, құймақты бізден неге бұлдадың-ай, құймақ жеген ерніңнен бір сүйгізші, шаққа шыдап, қалқажан, тұрғанымай!» деп соқтығады. «Құймақты жеуге асық, қыздарды ұзатуға асық» деген де тәмсіл бар. Тағам дәмділігімен тіл үйірсе, сөз майдалығымен көңілге қонады. Жұмсақ тамақ жан иесінің саушылығына кепіл. Кәдімгі сүт бауырсақ жұғымды астың бірегейі. Оқтаумен жаймалаған жұқа қамырды /етке салатын нан/ сүтке салып пісіреді. Пісірілген жұқа нанды кепсермен сүзіп табаққа салады да, сары майға шылайды. Сүт бауырсақ - кәріні сақайтады, келін-кепшіктің өңін киргізеді. Бойжеткеннің шырайын енгізіп, бозбаланың ілһәмін арттырады. Дәмін киргізу үшін жуа турайды.

Ата-бабаларымыз ұлтабар ауруын /гастрит, ұлтабар жарасы, т.т./ білмеген. Ол неден? Ұлтгық тағамдарының дені жұмсақ болып келеді. Жылқы сорпасын ішіп, жылқы етін жеген қазақ анау-мынау ауруға беріспеген. Сүт бауырсақ ұлтабарға жайлы келеді. Ауру адамдар сақаяды, сырқатынан айығады.

Быламық - қартаң тартқан адамдарға арнап пісірілетін тағам. Ұн көженің қою түріне жатады. Шешелеріміз быламықты баптағанда, кепсерді қазаннан айырмай, әбден төңкеріліп піскенше дамыл көрмейді. Асығыс- үсігіс дайындалған быламық ботқаға айналып кетеді. Ботқа — сапасыз пісірілген быламық. Быламық - айрықша ынтамен бапталатын дәм. «Төңкерме» деп те атайды. Төңкерменің қатығы аз (майы аздау келсе) болып, күйік дәмі шығып тұрса, балаларға жегізеді. Балалар таласа-тармаса жеп алады. Содан да сөздік қорымызда: «Ботқалап жей береді», — деген тіркес бар. Қомағай, тамақсау адамға қарата айтылады. Ботқаны аң алатын тазыға арнап та пісіреді. Ботқа жеген тазы жонды келеді. Быламықтың тағамдық қасиеті өзгеше. Қатығы кәдімгі тоң май, әйтпесе сары май. Бұл асты дайындау екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Быламық жеген қария ұйқышыл келеді. Саушылығы артады. Әйткенмен де, құйрық майды шайнаған, ішпесті ішіп, жеместі жеген кәрінің: «Тоқсан көрейін деген жасым ба еді, быламық жейін деген асым ба еді», - деп ұзындата сөйлейтіні бар.

Бидай көже келіге түйілген бидайдан жасалады. «Ақ көже» деп те атайды. Наурыз көженің бір түрі осы. Бидай көженің дәмін киргізудің неше қилы амалы бар. Май да салады, ет те туралады. Қаймақ та қосады. Жуа мен сарымсақ туралады. Бидай көже кәріге де, жасқа да ортақ ас.

Ішкенім дәйім менің бидай көже,
Ішіме бара жатыр сыймай көже.
Қолынан ақ жеңгемнің бапты шыққан
Шіркін-ай, табылар ма мұндай көже?! -

деп бозбалалар қызды ауылдың бидай көжесін де әнге қосады.

Бидай көже ыдыста көбіректеу тұрып қалса, ашыған көжеге айналады. Ұн көжені де ашытады. Ақ қосылса, көже міндетті түрде ашиды. Ашыған көженің арнайы күбісі болады. Оны «сиыр күбі» деп атайды. Көжені, көбінесе, топатайға ашытады. Топатай - ағаштан қиыстырған кіші күбі. Шелек пішіндес болып келеді. Оған сүттен немесе үн мен бидайдан ашытылған көже құйылады. Айран мен қатық та топатайға ұйытылады.

Топатай - қасиетті ыдыс. Атадан балаға ауысқан. Халқымыз қай ыдыс болмасын қастерлеп ұстаған. Кейінгі ұрпағына аманаттап кеткен. Көжені келең сүттен де ашытады. «Ашымақ» дегеніміз сол. Қымыз шыққанша ермек, шөл басар. Ашымағы жоқ үйді «отқа қарап қалыпты деп жақтырмай қалады.

Әдетте, шешелеріміз бала күнімізде қара су /өлі су/ ішкенімізді көріп қалса: «Өлі су өңезіңді көбейтеді, ішіңнің майын кетіреді, сүйегіңді жасытады», - деп жататын. Сүт болмай қалған жағдайда да шешелеріміз үн көже мен күріш көжені, бидай көжені топатайдан айырмайды. Қымызша бұрқыратып ашытып қояды. Үлкендер су ішкенімізді көріп қалса «осы неме судай сұйқыл болып жүрмесін! Өлі су ішкені несі, бұзау құсап» деп жаратпай қалатын.

Осы күнгінің адамдарында тағамға деген талғам жоққа тән сынды. Сөйтеді де, өздері саушылығының кінәратын ауа мен судың, өсімдіктер дүниесінің радиацияға ұшырауына аударады. «Өлі су оқ болып тиеді» деп отыратын үлкендер. Мал бақкан малшы, қой соңындағы қойшының да өз ризығы болады. Өрісте тас қорықпен /тасты қыздырып сүтке салады/ сүт пісіріп ішеді. Шөлдесе, торсығында ашыған көжесі бар. Жанынан торсығын тастамайды малшы мен жолаушы. «Жан торсық» делінетіні содан. Жан торсықта ашымағы жүреді шайқалып.

Қойыртпақ

Қойшы қойыртпақты үйде қамдап, түзде дайындайды. Сойған малдың қарнына (қойдың, ешкінің) үйдегі ашымақтан бірер қасық тамызып алады да, қарын қалтаға (сыртынан күн өтпес үшін құрым киізден қос қабаттап домбалдаған) салып, қанжығаға бөктереді де, қой соңына ілеседі. Ал жалқау қойшыға бәрібір. Сергек те сезгіш шопан өрістен ауылға «олжалы» оралады. Елгезек қойшы өрістен өзімен бірге даланың исін ала келеді. Бейнетқор шопандар көктемде таудан жуа теріп әкелсе, күзде сарымсақ қазып әкеп, балаларды олжаға қарық қылады. Шопан өмір мектебінің білгірі есепті. Біздер, балалар қойшы көкеміздің өрістен қоржынына сала келген сабаудай-сабаудай жуасын /тау жуасын/ айран-қатыққа шылап, нанмен араластыра жеп алатын едік. Сондайда мырзақол қойшы қарын қалтадағы қойырпақты балалардың алдына тосады. Майы бетінде туырылған қышқылтым салқын қойыртпақты таласа-тармаса сіміретін едік. Шекемізден терді бұрқ еткізетін қасиеті бар-тын қойыртпақтың.

Қойыртпақ қой немесе ешкі сүтінен дайындалады. Бұлақ басында, әйтпесе, өзен жиегінің көрпе көгіне байырқалаған қойды /қозылары таңнан бөлініп, ауылда бөлек жайылады/ қойшы қылшақпен /ағаш шелек/ саууға кіріседі. Сауылған сүтті қарынға құяды да, қарын қалтамен қанжығаға бөктереді. Ауылға жеткенше шайқала-шайқала әбден бабына келген қышқылтым сүт сусын төресі — қойыртпаққа айналады. Қышқылтым сүт қойшыны да, баланы да оңалдырып, көкірегін ашады. Іштегі жел-құзын сыртқа шығарады. Халық аузында «қойыртпақ ішкен қойшыдай жылтырап, өңейіп алыпсың ғой?!» деген көтерме сөз бар. Қойыртпақ қойшыға тиемел. Кімге ішкізем десе өз еркінде. «Қойыртпақсыз қойшы болмас, әу демейтін тойшы болмас» деген оралымды сөз соған дәлел.

Сары қарын бәйбішелер мен кәрі сүйек қарттар да қойыртпақты теріс көрмейді. Бойжеткендер де құмар келеді бұл сусынға. Әсіресе, келіншектер тамсанады. «Жерігім қанбай жүр» деп өрістен оралған қойшының қойнына қалаш тықпалап, кәделеп сұрап ішеді. Бәйбішелер қойыртпақтан дәметкенде «малшының ақысы» деп сүр ет пісіріп береді. Кәделеп жол-жоралғысымен ішер еді. Еңбекқор шопан қойыртпақты қолы ашық бәйбішелерге сыбаға ретінде ұсынып, үсті-басын жаңалап алады. Киім-кешектен қарайласады қойыртпақтан ауыз тигендер. Қойыртпақ - аса құнарлы сусын. Оны ішкен бойжеткендер мен бозбалалар махаббатқа шөлдегіш келеді.

Жылқыдай қызды ойласам желдей берем,
Қиырдан дыбыс берем кернейменен.
Қойшының қойыртпағын аңсағандай,
Қалқаны еске алғанда шөлдей берем, —

деп келетін өленді ауық-ауық қоңырлата созатын.

Шешелеріміз абысындарына «қанша пісас жидың?» деп отыратын. Пісаска ірімшік, сүзбе, құрт, майдан бастап сүттен алынған өнімдер жатады. Сүттен дайындалған тағам түрлері «пісас» делінеді. Бүгінде озық технология сүттен алынатын өнімдерді түрлендіріп, сапалы қып шығаратын деңгейге жетті. Оған дау болмаса керек. Әйтсе де, пісас дайындаудың «ұлттық технологиясын» шетке ығыстырғыш тастауға әсте болмайды. Пісас дайындап, ірімшік, құрт жиюдың ертеден келе жатқан әдіс-тәсілін мансұқтау - ұлттық қасиетімізді дүбәраландыратын үстірттікке жатады. Қайта жас буынға үйретіп пысықтағанның зияны жоқ. Базарлық экономиканың сұранысына керек болады.

Бүгінде бүтін тағам түрлері «темірдің өңешінен» өтіп жетеді бізге. Ас-су өзінің бастапқы табиғи дәмінен айырылып, жасанды қоспаның салдарынан қуатын әлсіретеді екен. Қоректік қасиетін жоғалтады екен. Сорақылығы сол —денсаулыққа кері әсер етеді. Бүгіңде сусамыр дерті асқынып барады. Жастардың сүйегінің боркеміктенуі дертке айнала бастады. Кеуде ауруы саналатын өкпе сырқаты ұлттық сырқауға айналып кетті. Демікпе, жүрек сырқаты жастарды қармап алған. Қазақ жастарының сүйегінің ұсақтығы, қанының аздығы көрер көзге аяушылық тудырады. Қуатты ұлттық тағам шетке ығыстырылған. Балалар су-суанға үйір болып алды. Шылым мен арақ және қосарлайды.

Біздер, бүгінгі егделер шешеміздің ежелден келе жатқан ас дайындаудың ұлттық әдіс-тәсіліне сүйеніп қамдаған тағамынан өзек жалғадық. Тоя жеу деген болмайды. Соғыстан кейінгі тіршілік қой. Сонда бізді сақтаған ұлттық тағамның құнары болатын.

Сонау ерте көктемнен қар түскенге дейінгі аралықта шешелеріміз гүлден шырын жиған бал арасындай күйбеңдеп, жаз бойы пісас дайындайды. Қосақтап қой сауады, ешкі сауады. Сиыр болса-болмаса сауын малы. Пісас дайындау — жазғы науқан әрі бәсекеге жатады. Ауылдың үлкендері күзгі жиынтерінді сылтауратып, үй-үйге бас сұғады. «Бәленшенің үйіндегі көркем келіннің пісірген бауырсағы дәмді екен. Етке қамыр илеуді жақсы игеріпті. Жиған ірімшігі мен қарындағы майы тіл үйіреді» деп көтермелейді.

Ас қамдауға икемсіз, пісас жиюға еріншек әйелдер салақ атанады. Салақ әйел бара-бара «жаман қатын» деген атаққа ұшырайды. Ас-суы дәмсіз, қабағы қырыс, баласының үсті-басы алба-жұлба, ыдыс-аяғы кір-қожалақ келіндерді сыншыл ата мен ене, байқампаз қайнаға: «Біздің әнебір келініміздің қойны құтты болғанымен, шаруаға икемсіз, бие шу майсалпақтың өзі», - деп отырар еді. «Бие шу» дегені - жүріс-тұрысы оралымсыз, мінезі ұяң, от басына ықпалы жоқ дегені. Майсалпақ әйелдер салақ келеді.

Табыс табу - еркектің міндеті болса, күйеуі тапқан табысты қоғамдап кәдеге асыру, құрастыру - әйелдің борышы. Қазақта «өзіндік қана» деген бейбіт сөз бар. Бұл аса кекесінді мағына бере қоймайтын мінездеу. Өзіндігі бар жанұя мүшелері құба төбел тіршілікке құмбыл. Өзгеге салығын сала қоймайды. Мәселе әр нәрсенің /табыстың/ құрасуында. Құрастыра білсе, аз дәулет молығады. Дүйімге жетеді. Қазақта «дидақшы» деген мағыналы сөз бар. Пісас туралы айтып отырып, дидақшылықты неге ауызға аламыз?

Тілімізде «қор жию, қорлану» деген де сөз тіркесі бар. Үлкендер жас отауға бас сұққанда: «Үй болуға бет алған екен, қорланып қалыпты», - деп қуанар еді. Бар береке - аста. Дәмді тағам бойға қуат дарытады. Қаның толады. Оның ішінде ұлттық тағамның орны бөлек.

Ірімшік

Бүгінгі озық технологиямен дайындалған ірімшікті жоққа шығаруға әсте болмайды. Десек те, шешелеріміз баптаған ірімшіктің дәмі әлі күнге таңдайдан кетпейді-ау.

Сүтті пісіреді. Майды жияды. Ірімшікті баптайды, дайындайды, жасайды. Ірімшікті «қайнаттым» демейді. Неге? Рас, ірімшікті қайнатады. Мәселе бабымен қайнатуда. Бабы келіспесе еңбек зая. Қайнату құртқа жақын сөз. Ірімшік бап талғайды. Әлбетте, нағыз қазақы ірімшік қой сүтінен алынады. Қой отшаң келеді. Өрістен бір мезетте алты жүз түрлі шөптің басын шалады екен. Табиғи дала шөбінің алты жүзден аса түрімен қоректенеді. Сиыр алпыс-жетпіс түрлі шөптің басын шалады. Ешкі сүті тіптен асыл. Ешкінің еті мен сүті кез келген ауруға ем. Әсіресе, сүтінде құнар мол. Шөптің кілең әсиясын /гүлін/ талмайды. Қой мен ешкі сүтінен алынған ірімшік асыл келеді. Құнарына баға жетпейді. Өзегің тез жалғанады. Көп жей алмайсың, шық етіп жүрегіңе тиеді. Асылдығын осыдан-ақ білуге болады.

Ірімшік — тек қазақтарға тән десек, ұшқарылық болады. Ақпарат көздерінен білуімізше, француздар ірімшік дайындаудың ең жоғарғы технологиясын игерген делінеді. Ірімшіктің сандаған түрі бар делінеді. Францияда ірімшік өндірумен шұғылданатын бір кәсіпкер көз майын тауысып өзі өндіретін өнім туралы кітап жазған. Францияда ірімшікке деген мұншалықты ықыластың артуында түбірлі себеп бар. Французлар етке зауқысыз, жеміс-жидек, сүт өнімдеріне ықыласты. Әсіресе, ірімшікке құмар. Біз де осы жазбамызда «қазақ ірімшігі» деп ерекшеледік. Ірімшік — ұлттық тағамның төресі. Ірімшік ертеректе нан орнына жүрген. Құрт талмап, ірімшік жеу бір ғанибет біздер үшін. Енді аздап бала күнімізде ірімшік қайнатудың көзбен көрген әдіс-тәсілін таратып көрелік.

Сүтті кіріктірудің неше қилы әдісі болады. Қазақтар үшін тоңазытқыш - шымды жер. Шымды жер қорысты бұлақтардың төңірегі. Шым қорысты келеді. Топырағы үгітілме жұмсақ. Ыстықта жаңа сауылған қой мен ешкінің сүтін шымға батырып қояды торсықпен, меспен қорысты батпаққа көмеді немесе батырады. Осыны шымға батыру дейді. Ірімшік қайнату шешелеріміз үшін қарбаласқа толы жауапты күйбең. Әдетте, ірімшік қайнатуды бәйбішелер күн шығар-шықпастан бастайды. Сүтті ірітіп алса, онда еңбектің зая кеткені. Содан да ерте кіріседі ірімшік қамдауға. Үлкен қазанға сүтті құяды да, аздап қана жылытады. Бұл сүттің ірімегенін білудің тәсілі. Сүт ірісе, онда қайнатуға келмегені. Ондай жарамсыз бүлінген сүтті іркіт жиятын меске, әйтпесе бөшкеге қотара салады. Қазақта «Сүттей ұйыған тірлігімізді ірітіп кетті» деген кейіс сөз бар. Ірімшік қайнатуға дайындаған мол сүттің іріп кетуі сәтсіздікке, есіл бейнеттің зая кетуіне апарып соқтырады. Содан да ірімшікке деп дайындаған сүттің сәтімен ұюы жақсы ырым нышаны саналады.

Қазандағы мол сүт жылы-шымшым болған сәтте ұйытылады. Сүтті мәйекпен ұйытады. Мәйек — жас төлдің ұлтабары. Ұлтабарға уыз сүт құйып ашытылады. Мәйек қарын қалтада сақталады. Сүт сәл жылысымен қарын қалтадан алынған мәйекті сүтке бір жүгіртіп шығады. Сүт «дір етіп» ұйи қалады. Немесе ілігеді делінеді. Мәйекпен ұйытылған сүт демде ілігеді. Көзбен көргендіктен айтып отырмын. Сонда шешем өзгеше мағұрланар еді. Сәтімен іліккен сүтті лөкет пышақпен, әйтпесе кепсердің қырымен айқыш- ұйқыш тіліп шығады. Бұл ырымға жатпайды. Іліккен сүт тұтасып жатып алмай күш алсын дегені. Сүттің іліккенін байқаудың тәсіліне жатады.

Ірімшік қайнату — аса ептілікті, айрықша ынтаны қажет

етеді. Қазаннан сәл алыстап, қолы кепсерден ажырады ма, ірімшік қамдаушының еңбегі зая. Қазан астындағы отты мөлшерімен қағыстырып тамыздықтау тағы бар. Қара қазанда бұлк-бұлк қайнап жатқан ірімшікті тәңіректеген шешей құмығыңқы үнмен ыңылдап үнін созатын еді. Маған «Бара тұр, ірімшік әлі төңкеріле қойған жоқ» дейтін. Сондағы шешейдің әні былайша құмығар еді:

Ақ ірімшік дегенде, ақ ірімшік,
Сандалған қайран елім бағың ұшып.
Жарығына жалғанның не жетеді,
Көрісейік жұртым-ау, сағынысып-ай!

Сары ірімшік дегенде, сары ірімшік- ау,
Тісім қақсап барады, жағым ісіп.
Алты қырдың астынан ән шырқасам
Жетермісің қалқажан, алып-ұшып-ай!

Желбіретер есер жел желкегімді,
Еш қылады кей жаман ерте күнді-ай.
Мұңсыз-қамсыз сәбилер ауыз тисін-ау,
Сәтіменен ірімшік төңкерілді...

Ірімшік қайнай-қайнай түйе жапырақтанып сары түске енгенінде, ырымдап алдын балаларға ауыз тигізеді. Ірімшікті кепсермен сүзіп алған соң, қазан түбінде сары суы қалады. Шешейдің кепсері қазанға қайта сұғынады. Сары су төңкеріліп қоюланғанша дамылдық алмайды. Тағы да ән кетеді көкке өрлеп:

Сірне жеймін, ендеше, сірне жеймін,
Жатқа сіңіп саяқсып жүр ме деймін.
Өзегіңді талдырып не қыласың,
Сақтап қойдым ірімшік, сірне деймін.

Домаланар дауылда түйе қаңбақ,
Ағайынға кей надан болар салмақ-ай,
Бір аштықтың болады бір тоқтығы-ей,
Өзегіңді жалғашы сірне талмап-ай!

Ірімшіктің сары суы қоюланғанда дәмі ауыздан кетпейтін сірнеге айналады. Сірнені дөңгелете нобайлап, өреге (пісас жайып кептіретін биік сөре) жайып тобарсытады. «Сірне тоқаш» делінеді кептірілген ірімшіктің маңызы. Сірненің тағамдық қуаты ересен. Үнемдеп қысқа сақтайды. Әл-қуаты азайған кәрілерге, балаларға шақтап береді. Жортуылшы мен жолаушыға таптырмас азық. Сірнені көмейлете жеу қомағайлыққа

жатады. Тандайға басып талмайды. Сірнені көбіректеу жесең, жүрекке тиеді. Қоректік қуаты орасан. Ұлтабары ауыратын шікатті адамдарға дәрі есебінде.

Біздің кәделегеніміз кәдімгі сары ірімшік. Жаңа сауған сүттен алынғандықтан сары ірімшік делінеді. Сүт тартатын мәшинеңің өңешінен өткен сүт ірімшік қайнатуға келмейді. Сары ірімшік ұзаққа сақталады. «Жазғы жуынды — қысқа азық» дегендегі аңғарым пісастың асылдығын меңзегені.

Құрт, ірімшік, сірне, басқа да сүт өнімдерін ұзақ сақтауды мақсат ету үнемге жатпайды. Ірімшікқұмар французлар ірімшікті жүз жылға сақтайды деп әузелейді. Рас-өтірігін кім білсін?! Қазақ ғұрпында асты ұзақ сақтаудың өзіндік қалыптасқан тәртібі бар. Маңызынан айырылып, дәмі кеткен асты көп сақтамайды. Өзіміз сөз етіп отырған пісас /ірімшік, құрт, сірне т.б./ жыл басы саналған Наурыз мейрамына шейін желініп бітуге тиісті. Наурыздан кейінгі пісас қалдықтары жарамсыз асқа жатқызылады. Бұл неліктен? Себеп-салдары тереңде. Біріншіден, көп сақталған астың құнары кемиді. Денсаулыққа әсер етуі кәдік, екіншіден, арамза қоздаған қой мен ешкіден, сиырдан сүт алсын, мал бағуға ықыласы аусын дегені.

Өмір көрген үлкендер ысырапты жек көреді. Пісасты келер жылға қалдырмаудағы мақсат — астың маңызын есепке алғаны. Маңызы кеткен, дәмі бүлінген тағам денсаулыққа зиян. Ас пен тамақтың, тағамның ең негізгі мәнді атауы «дәм» делінеді. Үйге келген қонаққа дәм дайындайды. «Бір күн дәм татқан адамға қырық күн сәлем». Ысырапты болдырмаудың амалы - үнем. Дәмі кеткен, ескірген деп адал асты жуынды-шайындыға төге салу - астың киесіне ұрындырады. «Жұтқан жұтаймайды» қаперге алған шешелеріміз маңызынан айырылған пісас түрлерін ескірген екен деп күресінге төкпей, балаларына дәмдеп ұсынады. Сары ірімшік ұзаққа сақталады. Екі-үш жылға дейін маңызын жоймайды. Қатқан ірімшікті келіге түйіп, әйтпесе, диірменге тартып майдалап, сүтке езіп жеуге болады. Майға да шылайды. Сондай тағамды «езбе» деп атайды. Шешелеріміз бала күнімізде: «Сүрт әрмен аузыңды! Езбе жегендей езуіңнен ағызғаның не сонша?!» — деп зекіп тастайтын.

Езбе аса бапты тағам емес. Жанұяның қорегі. Езбеден «езбалдақ» деген сөз туындаған. Езбалдақ адам татымсыз сөзді көбейтіп, көкіме әдетке басып, сөзін жасытып жібереді. Езбалдақтар салдыр-салақ келеді. Жауапсыз сөйлейді. Мыжып сөйлеп кетеді. Жүріс-тұрысы, киген киімі де қонымсыз келеді. Езбалдақ деп бобалақ адамдарға қарата айтылады. Қазақтың қара өлеңінде де бар:

Езбе деймін ендеше, езбе деймін,
Шыдамайды қу ағаш тезге деймін.
Езбалдақтап малтаңды езе бердің,
Кедейлігің көрінді сөзге деймін.

Езілетін құртты «езбе құрт» деп те жатады.

Құрт

Пісастың маңыздысы - құрт. Құртқа байланысты мақалмәтел, жаңылтпаш, жұмбақ жетіп артылады. Жастарды адамшылыққа, еңбекті сүюге баулуда құрттың алатын орны өзгеше. Үлкендер өсер жасқа деген тәрбиесін құртқа байланыстыра айтады. Сөздің асылы мен жасығы да құртқа байланысты туындап жатады. Құрттың анасы - сүт, атасы - іркіт. Іркітті де баптайды. Іріп кеткен сүттен ақ ірімшік алады. Ақ ірімшік екіүш күндік қана. Іріген сүтті, әйтпесе, кәдімгі сүтті бөшкеге немесе меске /мес мал терісінен жасалады/ құяды. Бөшкедегі сүт бақырып ашуы керек. Бықырған сүт іркітке айналады. Іркітті қойылту үшін көк суын ағызып жібереді. Әбден бабына келіп ашыған іркіттен алынған құрт қышқылтым һәм маңызды келеді. Бөшкедегі іркіт күн көзінде көбіректеу тұрса, химиялық құрамы молығады. Әсіресе, темір тотығы артады. Іркітті көк суынан арылтып болған соң, жанұяның би апасы іркіттің сапасын анықтайды. Содан кейін құрт қайнатуға келінкепшіктеріне жарлық береді.

Құрт қайнату - береке науқаны. Алдымен жерошақ қазылып, қазанды жерошаққа орнатады. Үлкен темір ошақтарға да қазан асылады. Отын қамдалады. Құрт қайнатуға жам отыннан да (көкпек, қу ағаш, ұшқат) қи пайдалы. Қидың қызуы өткір келеді. Көмірді пайлаланса да болады. Ерте кездерде құрт қайнату жауапты науқанға саналған. Ауылдың бар адамы жұмылдырылады. Балалар да жүреді отын тасып. Құрттың көбігін жалаймыз деп қуанады көген көздер. Әйелдер мен қазаншы еркектер білектерін сыбанып кіріседі құрт қайнатуға. Қазанның түбі күйіп кетсе, еңбек зая. Бабымен қайнатылмаған құрт күйік татып кетеді. Қариялар айтар еді. Бір жолы қаракесектің кернейіне жататын Жарылғап батыр /1735-1786 ж.ж./ жапсарлас тарақты ауылына ат басын тірейді. Күзекте отырған Байғозы батырдың ауылы құрт қайнатудың қамында екен. Ондаған қара қазанға қотарылған іркіт әр қазанда бүлк-бүлк қайнап жатса керек. Шаруагер жігіттерді қасына алған Байғозы батыр өзі бас болып, қазандағы іркіттің бабымен қайнағанын қадаға-

лап тұр екен дейді. Әйелдер жүн сабап, киіз басудың қамында жүрсе керек.

- Уай, Байеке, бұл не кәсіп? «Ер қартайса, қазаншы болар» деп, жерошақты төңіректеп жүргеніңізге жол болсын?! Ауылыңызда шөмішке ие болатын жөні түзу бір қатын шықпағаны ма? - дейді ғой. Сонда Байғозы батыр:

- Ой, жолың болғыр! Қатын-қалаштың қайнатқан құрты жорықшыға ас болушы ма еді?! - депті.

Елін жаудан қорғаған, қол бастаған батырлардың «жорық асы» құрт болып табылады. Құрттың кәдеге жүрмейтін жері жоқ. Сөз бастаған шешендер мен билердің дауысын ашу үшін талмағаны құрт болған. Қой соңындағы қойшы, қостап жылқы бағатын жылқышының қоржынында жүреді. Бойына бірдеңе бітейін деп жүрген келіншектің жерік асы - қойдың құрты. Қылықты бойжеткендердің жеңсік асы да осы құрт. Әсіресе, жорықшылар мен кірешілердің ұртында жүретінін кайтерсің. Талмап сорғанда өзегіне нәр жүгіреді. Содан да жорықшы ақын Махамбет: «Ерулі атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, еңку-еңку жер шалмай. Тебіңгі терге шірімей, терлігі майдан ірімей. Алты малта ас болмай... Темір қазық жастанбай, қу толағай бастанбай, ерлердің ісі біте ме?» — деп толғамай ма. Ақын «Алты малта ас болмай...» деп біз қаузаған тақырыпқа дөп түседі. Содан да батырлар ер азығы құртты өздері бас болып қайнатуға білек сыбанған ғой.

Ер азығы саналған құртқа байланысты жаңылтпаштар, жұмбақтар, қара өлең үлгілері жетерлік. Дені тәрбиелік мәнге ие. Бала күнімізде: «Апам үйіне барып құрт асағым келді», - деп жаңылтпаш айтатынбыз. Ескілікті беташарда: «Қаптың аузы бос тұр деп құрт ұрлама, келіншек. Өзің жатып байыңды тұр-тұрлама келіншек», — деген жолдар бар. Құрт ақындардың қағысуында тілге тиек болып жатады. Ауыз әдебиетінің нұсқаларында кездеседі. Балта ақын мен Алшынбай бидің қағысуы құрттан өрбіген. Алшынбай - Қаз дауысты Қазыбек бидің шөбересі. Тілмар шешендігімен қоса ақын да болыпты:

Армысың, сұғанақ сұр ақын Балта,
Ішінде тамам бегеш қораң орта.
Кірген үйден білдіртпей құрт ұрлайтын,
Бар дейді ме қойыңда ұры қалта, -

дегенде, Балта іркілместен жауап қайтарыпты. Балта ақын расында да құртқа құмар болған. Сол әдетін тілмар би ілік қылған:

Не қалар ақынсыған бағаңыздан,
Әрнені ілік етіп таба қылған.
Жегенім шешем жиған қойдың құрты,
Арам ба сіздің жеген параңыздан? -

деп биді ұтып кетіпті.

Құртқа байланысты күлдіргі әңгімелер де бар. Әдетте, құртты өреге жаяды. Өре - киіз үйдің маңдайшасына сұғылған тұғырлы сөре. Ши жаяды өреге. Құрт асты-үстінен жел кеулеп тез тобарсиды. Бозбалалар құртты сылтауратып, қызы бар үйді торуылдайды. Өреден құрт ұрлайды, одан қалды сөз салады көңілі ауған бойжеткенге. Ауыл-аймаққа өрлігімен мәлім бір бәйбіше қызына өредегі құртты, ел жатқанша деп, күзеттіріп қойыпты. Содан қызғаншақ шеше қызын бақыласа, қыз да жоқ, өредегі құртты да сыпырып әкетіпті сұғанақ жастар. Өз басынан да жастықтың елең-селеңін өткізген әйел «ұялған тек тұрмастың» керіне бағып: «Әй, айналайындар, сендердің де мендей шешелерің бар шығар. Адамды адам жемейді, қызымнан да бейнеттеніп жиған құртым қымбат еді. Құртты қайтарыңдаршы», — деп жалыныпты.

Бір жолы жолаушылап келе жатқан жүргіншілер сықырлаған сары аязда атын қорыққа жебіріп, қар үстінде шалқасынан ұйықтап жатқан жортуылшыны кезіктіріпті. Терең ұйқыдағы әлгінің буы аспанға шығып жатыр дейді. Сықырлаған сары аязды елеместен алаңсыз терең ұйқыдағы оған риза болған жүргіншілердің басшысы: «Оятпай-ақ қойындар. Қойдың құртына мас болып жатыр екен», - депті дейді.

Қойдың сүтінен алынған құртты «қойдың құрты» дейді. Қой сүтінен қайнатылған құрт асыл келеді. Қойдың езілген құртын тоя ішкен адам бойын суыққа алдыра қоймайды.

Құртты қайнату бір сын болса, өреге жайып кептіру - өзгеше ыспадиярлықты қажет етеді. Қапқа салып қысқа сақтаудың өзіндік әдісін білу керек. Күн көзіне тигізбей, сызға ұрындырмай, қоңыр салқын көлеңкеде сақталады құрт.

Құртты езудің де өз ығыты бар. Ағаш табаққа езілген құртты ұн шалған суға араластырады. Қойылып, бабына келуі үшін ысытылады. Ысыған құртқа тоң май немесе сары май қатады. Жылы шымшым күйінде ішу керек. Сонда бойға тез сіңеді.

Сүзбе күзге қарай алынады. Сәл ашыған қышқылтым сүт іріндісінен алынған құртты сүзбе құрт дейді. Сүзбені қайнатпайды. Қышқылтым болғандықтан сүзбе құрт делінеді. Сүзбе қысқа сақталады. Кеспе көжеге араластырып ішеді. Сорпаға қосады. Қайнатылған сұйық құртты да сүзбе дей береді. Қай-

натылған сұйық құртты, сүзбені сорпаға қосып ішкенде адамға әл береді. Тұмаудан сақтайды. Бойдағы жел-құзды кетіреді.

Әдетте, шешелеріміз құртты үлкен ағаш табаққа езетін. Бүгінде ағаш табақты ырымға таппайсың. Шыны тегенеге де езіле береді жарамды құрт. Езілген құрттың қалдығы малта делінеді. Малтаға балалар құмар келеді. Келіншектер мен қыздар да дәметеді шешелерінен. Аңға шыққан аңшы, жолаушылаған жүргінші жолазыққа деп қалтасына малта салып алады.. Қойдың құртының малтасы ағараңдау келеді. Содан да ақ малта делінеді. Малтамен шай ішудің өзі бір ғанибет. Жіпселеңдеп тершіген адам: «Малтамен шай ішкендей жадырадым-ау», — деп жатады.

Ағаш асыл көрінер жаңқасынан,
Үйші бедел алады балтасынан.
Суы құрып аузымның бара жатыр,
Шешеңнің уыстап бер малтасынан, —

деп бозбала қызға наз тастаса, бойжеткен де жігітке есесін жібере қоймайды:

Шанаға кер бестіні жегіп алдым,
Адаспай-ақ боранан келіп алдым.
Қыздан да бұл ауылдың малтасы асыл,
Сендейді дәніктіріп не қыламын...

Құрт ішу қазақ отбасы үшін бір ғанибет. Қонаққа кәделеп ұсыну тіптен жарастықты. Құртты күнде-күнде езе бермейді. Боранды күндері, шытынаған сары аязда ішілген құрт сары тосаптай сіңімді келеді. Бойды суыққа алдырмайды. Аң аулаған аңшы, ұзақ жолдан қажыған жолаушы, түн қатып түсі қашқан жүргінші міндетті түрде ішеді. Бойын суыққа алдырғандар қойдың құйрығынан алынған, тоң май араластырылған жылы шымшым құртты асықпай сімірген сәтінде бусанып терлей бастайды. Құрт - суыққа қорғаныш. Тұмауратқанда бірден бір дауа. Бойдан жел-құзды қуалайды.

Құрт сыртқы нобайына қарай сықпа, малта делінеді. Әдетте, қайнатылған құртты алақан толтыра сығымдайды. Сақтау көтеретін, қыста езілетін құрт осы. Сықпа, алақанға жеткізбей, саусақпен сығымдалады. Кішірек келеді. Сықпа тез тобарсиды. Сықпамен ыстықта шай ішу бір ғанибет. Құрт маңызына қарай егжей, сүзбе делінеді. Егжей ашуы жетпеген іркіттен алынады.

Құрт сақталуына, маңызына қарай ақ құрт, қара құрт, шақалтақ құрт делінеді. Ақ құрт қойдың сүтінен алынады. Қара құрт сиыр сүтінің өнімі. Шақалтақ — қаймақ айыратын мәшинеңің өңешінен өткен, сүттен қайнатылған құрт. Бар маңызынан жұрдай көк сүттің бөшкеде жөндеп ашымаған іркітінен алынған құрт әншейін айтарға. Ондай құртты «тас құрт» деп балалар итке лақтырады.

Көже

Көже - көптің асы. Сыбағалы тағамға жатпайды. Кедейдің өзек жалғары. Көженің түрлері бірқыдыру. Бала-шағалы жаңұя кедей қолды көжені сусын әрі тамақ ретінде пайдаланады. Отты көп қажетсінбейді. Тез піседі. Кәдімгі сүт пен ұн, бидай мен күріштен жасалады. «Бидай көже», «ұн көже», «сүт көже» делінеді. Кәдімгі ашымақ та «ашыған көже» деп аталады. Бала күнімізде ұннан жасалған көжені көп іштік. Қатығы /малдың іш майынан алынған/ тоң май болатын. Ұн көжеміз осы. Ұн көжені, көбінесе, «қара көже» дейтін еді.

Сірә, қатығы аз болғандықтан да, ұнның сапасына қарай солай аталған болуға тиісті. Кеспе көжеге ет туралады. «Сүт көже» деп те аталады.

Көженің сандаған түрі бар. Көбінесе, тұрмысы төмен отбасының бала-шағасына қорек. Шөлдегенде сусын. Ішкенде ұлтабарға жайлы. Қоректігі мол. Бала-шаға, кемпір-шалдың ермегіне жарайды. Өзегін талдырмайды.

Үйге келген қонақ көжені олқысынады. Бар болып тұрып көжемен сыйлағандарды сөзге қалдырады. Шығымсыздығын бетіне басады. Қазақ ғұрпында кедейдің дастарқанын олқысынатын әдет білімсіздікке жатады.

Көжеге байланысты ел ішінде әр қилы әңгімелер де бар. Тарақты Тұяқ шешен бір жолы ауылдасы Алтыбай байдың үйіне бара қалады. Байдың бәйбішесі Тұяқты көжемен сыйлайды. Келесі жолы бай Тұяқ шешеннің үйіне бір шаруамен келіпті. Үй иесі әйеліне «ұннан төңкерме жаса, қара көже дайында» деп бұйырады. Бай көжені қомсынып, не ішерін, не ішпесін білмей отырғанда, Тұяқ шешен: «Ішсең ішкен асың, ішпесең, жеңсік асың шығар. Бұл көже — байдың малын сақтаған көже. Жарлының жанын сақтаған көже. Іш, Алтыбайым, іш!» - деген екен дейді. Бұдан көже қадірсіз ас деген ұғым тумаса керек.

Ет тағамдары

Халық — ұлы ұстаз. «Қолың қимылдаса, аузың қимылдайды» деп баулиды өсер жасты. Етке байланысты тәрбиелік мәнге ие әзіл-оспақ ел арасында молынан. Малжанды бабаларымыз етті атасының асына балаған. Табиғаты әркелкі Алтай мен Атырау арасын емін-еркін жайлаған қазақ атамыз мінезді табиғаттан алған. Көңілінің кеңдігі, мінезінің ойпаң- тойпаңдығы даладан жұққан. Бабаларымыз ежелден мекен еткен бүгінгі Қазақстан аймағының табиғаты әркелкі. Ауа райы құбылмалы келеді. Жазы ыстық, қысы боранды. Осындай қатал табиғат аясында ғұмыр кешкен халқымыз ұрпағын сары жілік қып өсіру үшін асқа айрықша мән берген. Оның ішінде етке жететін дәм, сірә да жоқ шығар-ау. Қоректік қасиеті мол, қуаты ересен. Сырт ел қазақтардың ұлттық ерекшелігін - табиғатпен қойындаса тіршілік еткен дарқандығын жете бағалап түсінбей, ұшқары пікірге барады. Дұшпандық пиғылдарын жас ұрпаққа тықпалайды. Халықтың дәстүр-салтын, тәрбие-тәлімдік үрдістерін санасына сіңірмей, дүбәралау, өскен жастарды қаскөйлікпен ұлттық қасиеттен айыру үшін: «Қазақтар мал бағып, ет жегеннен басқа ештеңе бітірмеген. Табиғатқа масыл, жалқау, жатып ішер болған...» — деп қияс пікірге барады. Сондайлардың іріткі сөзіне бүгінгінің шала қазақтары иланады. «Ата-бабаларымыз ет жеп, қымыз ішуді ғана білген екен» дейтін білгіштерге не дерсің?! Қазақ халқының іштілігі сол - табиғатқа суық қолын сұқпаған. Туған даласына адал болған. Оның аңы мен құсын, өскінін рәсуа етпеген. Табиғат тепе-теңдігін сақтаған. «Шалғынды жапырма, көк шөпті жұлма» деп өсер жасты жас күнінен баулиды экологиялық мәдениетке. Сүйектің асылдығы мен жасықтығы, денінің саулығы, санасының саңлақтығы қазақтарға табиғаттан жұққан.

Біздің ұлт — ұрпағының аузына арам ас алдырмай келген табиғаттың өзіндей сыпа халық. Рас, қазақтың сөзі «ет дегенде бет бармадан» келеді. Ойнап айтсын, дұшпандықпен айтсын: «Қазақ етке қасқырдан да қомағай», - дейді. Шүкір дейміз, бабаларымыз бақа-шаян термеген, ит етін жемеген, қорсылдақтан қарадай жиіркенген. Төрт түліктің етін жеп, сүтін ішіп, соның арқасында ұрпақтары, мына біздер ата-бабаларымыз қалдырып кеткен кең қоныста еркін де бейбіт ғұмыр кешіп келеміз. Қанымыз таза, деніміз сау әзірше. «Ауру — астан, дау — қарындастан» деген қағиданы берік ұстанамыз. Қазақ қанша етқұмар болғанымен, шикі етті аузына алмаған. Шала піскен еттің өзін байқап жеген. «Бір қайнауы ішінде екен» деп

тартынған шала піскен еттен. Ет алаңсыз жағдайда асылуға тиісті. Жедел, тез дайындалатын ас түріне қуырдақ жатады. Ет мөлшеріне қарай: бір асам, бір кескен, бір асым, бір қуырдақтық деп жіктеледі. Бір асым ет асатудың тәртібінен шыққан, бір кескен ет қолкесер дәметушіге бұйырады. Бір қуырдақтық ет қуырдаққа шақталады. Бір асым ет қонаққа тиемел. Бір кескен ет пен бір асым еттің айырмашылығы әжептәуір. Бір асым ет сыбағалы мүшеге жатады. Атап айтқанда, омыртқа, жамбас, қазы, қарта, т.т

«Қолкесер» кәдеге жатады. Мал сойған, сойысқан адамның ақысы. Соларға тиемел сыбаға. Қуырдақ туралады. Кәдежоралғысына қарай «қара қуырдақ», «жау қуырдақ» /жау бүйрек/, «бал қуырдақ», «кедей қуырдақ», «қатын қуырдақ» делінеді. Қыстың кірісі желтоқсан — соғым айы. Соғым сойылғанда үй иесі қуырдақ қамдайды. Соны «қара қуырдақ» дейді. Қара қуырдақ делінетіні — санның сом еті, кесек ет туралады. Содан да «қара қуырдақ» аталады.

Жолаушылаған жүргінші мен жорықшы жаушы-жалам дайындаған қуырдақ «жау қуырдақ» делінеді. Кесектеу туралатын болуға тиісті. Қарынға салып, отқа көміп пісіреді. Істікке шаншып, отқа пысытқылап та жей береді. Сойылған малдың өкпе-бауыр, ішек-қарнынан дайындалатын қуырдақ «кедей қуырдаққа» жатады.

Қазан-аяқ ұстаушы әйелдер ет асудың алдында өзек жалғап алады. Еттің жылы-жұмсағынан турайды. Өз қолдарында болған соң, қуырдақтан ет аямайды. «Қатын қуырдақ» дәмді келгендіктен, бозбалалар жеңгесінен дәметеді. Сонда сұңғыла жеңге: «Еркек басымен қатындар дайындаған қуырдақтан дәметкені несі? Қатынбасшының өзісің ғой нағыз!» - деп сырғытпаға салады. Бұл қуырдаққа балалар да құмар келеді. Дәмділігіне сүйсінеді. «Бал қуырдақ» асықпай, баппен қамдалады. Қуырмайды, пісіреді бал қуырдақты. Нанға орайды, нанның арасына салады. Түсінікті тілмен айтқанда — нанның арасына салып, табаға көмілген нанмен бірге пісірілетін еттің ұп-ұсақ турамын «бал қуырдақ» дейді. Қуырдақтың бұл түрі бойжеткендер мен қарттарға бұйыршақ. Арнайы келген сый қонаққа да беріледі. Өкпе-бауыр турап, майға бөктірілген қуырдақты «шал қуырдақ» деп жататын шешелеріміз.

Жегенім үлкен үйден бал қуырдақ,
Оттағы табысмен алдым ұрлап.
Дәміне адал астың не жетеді,
Жеңешем қитықтырды барды бұлдап.

Жегенім жаушы жалам жау қуырдақ,
Шабамын жау қайдалап сайды құлдап.,
Алтай жаз қыз көрмеген қайран басым,
Қыз жеген еске түсті бал қуырдақ, -

деп келетін қара өлең үлгілерін үлкендер әнге қосатын.

Пысытқы — қуырдаққа жақын тағам. Отқа көміп пісіріледі. Пысытқыға, әсіресе, балалар, әйелдер құмар келеді. Отқа көмуге қойдың асықты жілігінің сом еті ыңғайлы. Бала күнімізде пысытқыға біз де әуес болдық. Шешем бір жолы сойылған малдың қарнына орап пісіріп бергені бар-тын. Ертеректе жаңа түскен келіннің бетін ашқанда:

Етке құмар мысықтай
Тамсана берме, келіншек.
Қаптың аузы бос тұр деп
Қол сала берме, келіншек.
Пысытқыға жілікті көме берме, келіншек,
Отқа ентелеп тоңғақ боп
Төне берме келіншек, —

деп термелеген.

...Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі... —

деп Абай дөп басқан.

Қазақ ғұрпында қонаққа кәрі қой сою сараңдыққа саналған. Қонаққа ақсақ-тоқсақ қой сою шығымсыздықтың белгісі.

Байдалы би үйез орталығы Ақмоладан еліне келе жатып бір ауылға қоналқаға ат басын бұрады. Үй иесі құрттаған кескекті қойды (құрттаған, ит тартқан қойды жарасын тұмсығымен үйкей бермес үшін мойнын бұрғызбайтын ағашты «кескек» дейді) соймақшы болғанда, қонақтан бата сұрайды. Әдетте, мейманға арнап қой соярда міндетті түрде қонаққа көрсетіп сояды. Бата сұраудың мәнісі осы. Бауыздалатын қойдың қалжасын байқап қалған би:

Мына қой құнан қой ма,дөнен қой ма,
Мойнында «кескегі» бар мерген қой ма?
Ашаршылық келсе егер де ел асырар,
Бұл қойды тілімді алсаң тіптен сойма, -

деген екен.

Жылқы етіне баға жетпейді. Кәрі жылқының сорпасы асыл келеді. Жылқының майы кеуде ауруына ем. Жылқы етін жейтіндер өкпе ауруына шалдықпайды. Еттің бар құнары сорпаға шығады. «Ет - етке, сорпа - бетке» делінетіні содан. Әсіресе, жылқы сорпасы ұлтабарға жайлы, бойға сіңімді келеді. Сорпа ішуді сөкет көретіндер де бар. Ондай «сыпайылар» көп нәрседен құр қалады. Үлкендер айтар еді: «Сорпа ішпесең, ет жедім деме». Жылқы етінің сорпасы денедегі желқұзды айдап шығады. Ыстық сорпаға қостағы жылқышы мен кіреші сұйық құрт қосып суытқылайды. Мұны «сорпаны томыртқалау» дейді. Әдетте, торсықтағы сусынға, ашымақ пен айранға, ашыған көжеге жазда арнайы сақталған мұз қосады. Әйтпесе, қайнардың тастай суын қосады. Бұл да томыртқалауға, сусынды суытуға жатады.

Мал союдың да тәртібі бар. Көктемгі төл төгінінде бие құлындап, қой қоздап жатқанда, қан шығару /мал бауыздау/ ырымға жаман. Жас төлдің еті «жылбысқа» делінеді. Үлкендер жемейді. Балаға да жегізбейді. Іші шығып қалған буаз малды союға болмайды. Құрбандыққа, құдайыға, той-томалаққа, көбінесе, еркек мал сойылады.

Сый қонаққа сойылатын малдың да өз жөні бар. Мал бауыздаудың да өзіндік ығыты бар. Қандай жағдайда сойылса да, малды бауыздамас бұрын үлкеннен, әйтпесе, келген қонақтан бата сұралады. Әйтпесе, үй иесі өз ырымын жасайды. «Сеңде жазық жоқ, бізде азық жоқ. Бұйыртып жегізе көр» деп қысқа қайырады. Қазақ ғұрпында ұры-қары, мойнында кісінің қаны бар, қолы қатты адамға мал бауыздатпайды. Ауылда еркек болмаса, өлгелі жатқан малды шариғатта әйелдің бауыздауына рұқсат етіледі.

Піскен етті жөнімен тураған да бір ғанибет. Бабымен пісірілмеген етті «бір қайнауы ішінде» дейді. Бір қайнауы ішіндегі етті турағандардың зықысы шығады. Көп қайнаған еттің де туралуы қиынға түседі. Ет турағыш еркектерді «спадияр» дейді. Табаққа піскен етті мүшелеп, мөлшерлеп салатын әйелді «ет тартушы» дейді. Табақтарға салынған етті қонақтардың алдына тарататындарды «табақшы» деп атайды.

Табақты алдыға апармас бұрын қонақтың турампазы ыңғайланады. Оларды «ет тураушы» дейді. Ет турау асқан спадиярлықты, ептілікті қажет етеді. Етті тым ірі қалпында кесектеп турау дөрекілікке жатады. Еттің жапырақтап туралғаны жеуге ыңғайлы. Әсіресе, кәрілердің тісіне жұмсақ тиеді. Нағыз турампаздың пышағы өткір, қолы жүргіш келеді. Жіті қимылмен тездете турайды табақтағы сыбағаны. Ертеректе ет ағаш астауға салынған. Астаудағы мол етті әркім өз ыңғайымен алып жейді. «Пышағы бар сүйгенін жейді, пышағы жоқ тигенін жейді» деген мәтел содан шыққан. Әдетте, үлкендер әдеп сақ-

тап қолына пышақ алмай, тураушыдан дәметеді. Тураушыдан дәметудің өзіндік тәртібі бар. Жылы-жұмсақтан қасындағыға бір кесіп беруі сөкет емес. Жарасымды қайта. Шал-шауқанға еттің майлы жерінен бір асату ерсілікке жатпайды. Осыдан мына мәтел шыққан: «Тураушыдан туғаның болсын».

Ет турау - қып-қызыл сын. Екі кесіп табаққа, бір кесіп өңешіне жытыратындарды «Құны жаман» деп қыжыртады үлкендер. Ет тураудан небір қалжың туындаған. Ертеректе ел ақтаған құшыкештер болған. Бүгінде ондайларды әзіл-сықақ театрының әртістері дейді. Қаракесек руынан шыққан Шаншардың қулары Бәсентиынның ауылына келе қалады. Бәсентиын - Арғынның бір атасына жатады. Шаншардың қулары тиын ойнаған болып: «Бір тиын, екі тиын, енеңді ұрайын, Бәсентиын!» - деп қулықтарын асырмақшы болғанда, Бәсентиын жігіттері келген қонақтарға ет турап қызмет көрсеткен болып: «Бір қаракесек, екі қаракесек, енеңді ұрайын, қаракесек!» — деп айласын асырып кетіпті.

Ет турауға байланысты рулар арасында қағытпа сөз бар. Керейлер етті жапырақтап, келістіре турайды, білем. «Ет дегенде бет бармаға» құмбыл керейлерді қазақ арасында: «Керей жапырақ, әлем-тапырық», - деп ілмелейді.

Етті ұсақтап келістіре турауға қырғыздар мәттақам келеді. Сол себептен ел арасында: «Етті қырғыздарға туратып, қазақтарға жегізсе», - деген әзіл бар.

Сый табақ пен бас табақтың жөні бөлек. Бас табақ сирек қойылады қонақтың алдына. Байлық пен мақтан қоса жүреді. Байлардың сабасын сарқып, табағын тақырлап кету халық арасында жөн-жоралғы болмаса да, өзіндік бір зиянсыз әдетке жатады. Сабаның сарқылып қалуы, табақтан ет қайтпағаны үй иелеріне қолайсыз жағдай. Тіптен қорлық саналады. Бас табақ әрқалай келеді алдыға. Қонақтардың арасында ет жегіш қомағайлары барын білген ас қамдаушы бәйбіше алдын ала сақтанып, арнайы бас табақ әзірлейді. Қазанға еттің шимандысын салады. Қойдың құйрығын толайым тұтастай тоғытады. Қонаққа қойдың семізін сояды. Әйтпесе, келгендер: «Асқаның осы-ақ па?» - деп ойнай, барымтаға салып: «Осыны жеп қойсам, бәске не бересің?» - деп ілік шығарады. Бәс табаққа екеулеп, кейде үшеулеп қол салынады. Мешкейі жеке шығып, бір өзі бір қойдың етін тік көтере жеп кетеді. Қалыптасқан рәсім бойынша, бәс табақты тақырлағандар үйден сыртқа шыққанша сыр беріп алмауға тиісті. Артық желінген етті лықытып құсып қойса, онда бәстен жеңіледі. Астындағы атын бәске беріп, ауылына жаяу қайтады. Шежірелік аңызда бар, рулар

арасында әжуаға айналған мына бір мысалды қыстыра кетудің әбестігі болмас. Қаракесектің Машайынан тарайтын Кернейдің Айтбайына жататын екі жігіт бәстесіп, бір қойдың етін тұтастай жеп алып, үйден шыға бергенде, біреуі сыр алдырып лықытып жібергенде, екіншісі алақанын тоса қалып, жұтып жіберіпті. Содан Айтбай атаның балалары «Құсық жеген Айтбай» атаныпты.

Ата-бабаларымыз қанағатшыл, сыпайы келген. Мешкейлікті жек көрген. Алыс сапарға аттанғанда жолазық алғанды артық көрген. Халықта «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» деген қағида күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Ет жегіш адамдар жолаушылап шығарда бір қойдың етін жеп алып, апталап тамақ ішпей жүре береді екен.

Бәс табақтың өз реті болады. Кәдесі болады. Халқымыз өсер жасты сыпайылыққа баулыған. Бұралап соға берген тамақсауды «Осы неменің құны жаман» деп жаратпаған. Табақты тақырлау жаман әдетке саналған. Тағамды сұғынбай тарта жегенді қаперде ұстаған. Ауыл балалары үлкендердің табағынан дәметкен. Қонақтан қайтқан табақтағы етті балалар таласа-тармаса жеп алған. «Үлкендердің сарқытын жесең, өскенде солардай атақты адам боласың» деп ата-анасы баланың құлағына құйып тастайды. Балаға құлақ беру, асықты жілік ұстату ертеден келе жатқан рәсім. Осындай тәлім-тәрбие бүгінде қожырап барады. Үлкендер кісіге дәм татырмайтын сараңдарды «Негізі жарымаған» деп қатты айтады. Халықта жақсы сөз бар: «Өзі ғана болған ұл - бас қамынан артылмас, жеті тегін білген жас — елге ұйтқы болар бас».

Сойылған малдың әр мүшесінің тәрбиелік мәні бар. Педагогиканың тілімен айтқанда - көрнекі құралға жатады. Малдың мүшесін қонаққа кәделеп ұсынған. Кісіге асылған еттің де кәде-жоралғысы болады. Келген қонаққа мал сойып, бас тарту - бұлжымайтын рәсім. Бас - үлкеннің сыбағасы. Қонаққа жас болса да бас тартыла береді. Қонақтың әкесі тірі болса, бас ұстамайды. Кішіге бас ұстату қазақ ғұрпында ерсілікке жатады. Қара малдың /түйе, сиыр, жылқы/ басын, жағын айырып, мүшелейді. Басты қақ бөледі. Кеңсірігінен айырады. Миы мен шүйделігі шеке аталады. Соғымға сойылған ірі қараның шекесіне шақыру бұлжымайтын міндетке жатады. Шекеге немесе соғым басына шақыру делінеді. Шекені, соғым басын үлкеннің алдына тартады. Соғым басына шақырылғандар шекеден ауыз тиеді. Балаларға бас ұстатпайды. «Бас ұстасаң, әкең өліп қалады» деп жасқайды. Құлақ - баланың сыбағасы. Құлақ жеген бала мәртебелі болып, өзін бір саты жоғары

ұстайды өзге балалардан. Құлаққа өкпелеу - кешірімді. Осы күні балаларға құлақ ұстату рәсімнен қалып барады. Әдетте, балаға құлақ бергенде қарияның жас өскінге даты болады. «Құлақ ұстауға жарадың, жақсы болып өс. Жаман әдеттен аулақ жүр. Еліңнің ертеңіне қызмет ет. Тықыр еткенді құтқармайтын саққұлақ бол. «Алла сақтансаң сақтаймын деген» деп баланың зердесіне құйып тастайды аталы сөзді. Балаға миды жегізбейді. «Ми жесең, мидай былжырап кетесің» деп сақтандырады. Мидың құрамында баланың ағзасына кері әсер ететін қоспа болады екен. Соны үлкендер жақсы білген. Қыз балаға бастың таңдайын ұсынады. Әнші боласың деп көтермелейді. Көзді ұсынбайды жастарға. Үлкендер көзді бөліп жеуге бармайды. «Алакөз боласың көзді бөліп жесең» деген тыйымды қаперде ұстаған. Көзді бөле жемеуді есіне салады. Жек көрушіліктен туған жағымсыз әрекетті «алакөз болу» дейді. Бастың езуін жастарға береді. Қыз балаға да ұсына береді. «Езуіңнен май кетпесін, дәулетті бол» деп ишаралайды. Шүйденің майлы құйқасын ел ағасына ұсынады. «Шүйделі бол» деп жатады. Бастың май тұмсығын бас ұстаған кісі тұстасына кесіп береді. «Бұқаның өзі қартайса да, тұмсығы қартаймайды» дегенді жұмбақтайды. Әзіл-қалжыңға ұласады бұл жол. Тіл — болса-болмаса қыздардың, келіншектердің сыбағасы. Бастың көмейі дәмсіз келеді. Содан да үлкендер жастарды, әсіресе, қыздарды көмей жеуден сақтандырады. «Көмей жесең, көмекейің бүлкілдеп ұрысқақ боласың» деп сақтандырады. Бұның астарында етті талғамай жей берсең, тамақсау болып кетесің деген тыйым бар. Ұсақ малдың өңеші дәмді келеді. Қазан-ошаққа сұғынған ашқарақ бозбалалар өңешке өш келеді. Әйелдердің көзін ала беріп іліп кетеді өңешті. Оған тыйым мынау: «Өңешке құмар болма, алған әйелің жалаңаш келеді». Өкпе-бауырдың да өзіндік кәдесі бар. Бауыр тез піседі. Қарны ашқан шыдамсыздар қатты ентелейді бауырға. Сондайда шешелеріміздің аузынан шығатын сөз: «Бауырды көп жесең, бауырың қатып қалады». «Бауырың қатып қаладының» мәнісі - адамдарға салқын тартып тұрасың дегені. Өкпе — тіске жұмсақ. Балалар өкпеге жанын салады. Өкпенің қуаты аздау келеді. Қоректік қасиеті кемшін. Соны жақсы білетін шешелеріміз: «Өкпені көп жесең, өкпедей былжырап кетесің», - деп ескертер еді. Кәдімгі ащы ішек пен тоқ ішекті жеудің өзіндік реті болады. Ащы ішекті жөргемдеп салады қазанға. Қазан оттан түсер-түспестен қамқор шеше ащы ішекті дімкәстау баласына бере қояды. «Жеп ал, тынысың ашылады» дейді. Ащы ішек асыл келеді. Құрамында адам ағзасына

керекті құнар мол. Тоқ ішекке тойым болмайды. Майлы келеді. Үлкен де, кіші де әуес оған. Кейде шешесі қызына: «Тоқ ішекке құмар болма, толып кетесің», - деп жатады. Етженділік әйел затының сүйкімін кетіреді, әрі денсаулығына зиян. Қызын толып кетуден сақтандырғаны. Талақты «қатын бауыр» деп те атайды. Бұл мүшені ас қамдаған әйелдер қазан-ошақтан ұзатпайды. Табаққа салмайды. Талақты көбінесе әйелдер жырғайды. Өзегі талып, қарны ашқандарға кесіп береді ет асқандар. Талақты балаға жегізе қоймайды. Дәмділігіне қызығып жегісі келгенге: «Талағың тарс айырылып, ашуланшақ болып кетесің», - деп тыйып тастайды. «Қатын бауыр» атануы қазан-ошақ ұстағандардың аузынан табылғандықтан болуға тиісті. Бір сөздің ретінде шешелеріміз: «Қарынға ентелеме, қарау, өзімшіл болып өсесің», - деп айтып қалатын. Қоректік қасиеті шамалы қарынды балалардың аузынан қаққанда, шеше перзентін қараулықтың жаман қасиет екенінен сақтандырады. Жүрек пен бүйректі балаға міндетті түрде жегізу қазақ ғұрпында бұлжымайтын тәртіпке жатады. Қыз балаға жүректі, ер балаға бүйректі жегізудің мәні неден? Жүрек пен бүйрек аса дәмді келмейді. Қоректік қасиеті жоғары емес. Жүректі ер балаға ұсынғанда үлкендер: «Жүректі боласың, жеп ал», - деп жатады. Қыздың алдына қойғанда: «Жүрек жесең, жүрегің жұмсақ болады. Мейірімді боласың», - дейді аналары. Бүйректі балаларға бергенде де, тәрбиелік мәні бар сөзді қосарлар еді. Әсіресе, әжелер қамқорсиды: «Бүйрек жесең, бүйірің тоқ жүреді. Туыс-туған, көрші-қолаңға жанасымды боласың. Жақсылыққа әрдайым бүйрегің бұрып тұрады», - деп майдалар еді. Біреуге біреу іш тартқанда «бүйрегің бұрып тұр» деп астарлайды. Малдың жүрегі мен бүйрегін кәделеудегі мақсат - өсер жастың жүрегінің таза болуын, бүйірінің тоқ болуын ойлағандық. Бүйрек пен жүрек еті сіңімді келеді. Ұлтабарға күш түсірмейді. Баланы етженділіктен сақтайды. Қазақ бабамыз ұрпақ саушылығына, шымырланып өсуіне айрықша ынта қойған. Тәттіні көп жегізбей, сандығына құлып салған. Тәтті астың тіске тигізетін залалын ертеден білген. Сүйектің кемігін ұсынып, «тісің қатаяды» деп баланы сүйек мүжуге баулыған. Сүйек мүжу желінген еттің тез сіңуіне ықпал етеді. Ас қорыту сөлінің көбірек бөлінуіне септеседі. Бүгінде ет жеу мәдениетін тым ресмилендіріп жібердік. Қонаққа етті турап әкелетін әдет шығардық. Бұны тағам жеудің мәдениетіне жатқызсақ та, халқымыздың сан ғасырлық ет жеу дағдысына үйлеспейтінін әркімақ ойлайды.

Тағам жеудің өзіндік қалыптасқан дағдысы болады. Бүгінде ет жеудің ұлттық үйлесімін «жабайылыққа» жатқызып, табаққа қол салудан тартына бастадық. Етті жеке ыдысқа салып жеудің сөкеттігі жоқ. Ауылдық жерде әлі де болса табақтағы етті бөлісіп жеу, табаққа қол салу дағдысы сақталған. Ет жеуді халқымыз «Өле жегенше, бөле же» деген тәрбиеге негіздеп, бір табақтан немесе бір астаудан жеуге бейімдеген. Көппен отырып ас ішу өсер жасты сыпайылыққа бейімдейді. Комағайлықтан тыяды. Көпшіл болуға итермелейді. Қазақ ғұрпында тамақты жеке ішу, оңашаланып ішіп-жеу сөлекет, ондайларды «Қарау» деп кекейді. Үнемі көптен бөлектеніп, тамақты жеке отырып ішетін бала өзімшіл болып өседі. Тек құлқынын ғана ойлайтындар сондайлардан шығуы кәдік.

Ортақ табақтан ет жеудің өзі бірліктің, татулықтың нышаны. Алдыға келген астаудағы, табақтағы етті бөлісе жеудің өзі тәлім-тәрбиеге септеседі. Алдымен дәм тату ишарасы жасалынады. Үлкен адам (ақсақал, отағасы, келген қонақ) асқа береке тілеп: «Асқа адалдық, басқа амандық бер», - деп бата жасайды. Мұны исламдық ғұрпта «ниет ету» дейді. Қазақы ғұрпта асты қастерлеу делінеді. Ет турайтындар білектерін сыбанады. Бас немесе шеке үлкен кісінің алдына барады. Тураушы сүйекті етінен арылтып, қонақтардың алдына қояды.

Жамбастың еті тіске жұмсақ әрі майлы келеді. Мүшенің бастан кейінгі кәделісі - жамбас. Сый қонаққа, үлкендерге жамбас тартылады. Жамбасты етінен арылтып ұсынғанда да осы тәртіпті сақтау керек. Сауатты ет тураушы жамбастың сүйегін сыйлы адамға ұсынады.

Ендеше жамбас деймін, жамбас деймін,
Қолынан үлкендердің жамбас жеймін.
Етіне жауырынның тісің батпас,
Тамаққа өкпелеген оңбас деймін.

Осы қара өлең жолдарынан біраз тағылым алуға болады. Атасы жамбастың сүйегін балаға ұсынғанда «Мендей үлкен бол, жамбас ұстайтын дәрежеге жет» дейді. «Етіне жауырынның тісің батпас» дегендегі аңғартудың сыры тереңде. Ертеден келе жатқан салт бойынша, малдың, оның ішінде қойдың жауырынына қарап бал ашу, келешекті болжау - түркі нәсілді халықтарда бар әдет. Қытай, мұңғұл, сібір халықтарында да бар рәсім. Көріпкел жауырыншылар /шаманизмнен қалған/ жаугершілік замандарда айрықша беделді болған. Жаудың қарасынын шамалап, қай бағытта шеру тартып бара жатқанын, саны қанша екенін дөп басу жауырыншының айрықша

көрегендігі саналған. Жауырыншылар қыстың да амалын болжаған. Тосыннан келетін апат пен індетті де алдын ала шамалаған. Жеке адамның келешегіне сәуегейлік еткен. Осындай себептен қой мен ешкінің жауырыны киелі саналып, сүйегіне тіс тигізбей мүжу әдетке айналған. Жауырынды итке бермеген. Отқа тастайтын еді шешелеріміз. Жауырыңды ырымдау екені осыдан-ақ белгілі. Бүгінде жауырын ашу көнерген ырымға саналады. Әйтсе де, жауырынды сый қонаққа асу білместікке жатқызылған. Жауырын қадірсіздеу мүше. Жауырынның еті дәмсіз келеді.

Асықты жілік - киелі мүше. Перзентсіз адамдар бала асырап алғанда асықты жілік ұстату арқылы әкелік құқығын бекіткен. Жаугершілік замандарда атыс-шабыста панасыз жетім балаларды, мейлі жаттың ұрпағы болсын, асырап алу заң саналған. Көпшілікті қатыстыра отырып, мына бала менікі құдай алдында деп рәсімдеп қолына асықты жілік ұстатқан. Асықты жілік ұрпақ сабақтастығын үзіп алмауға дәнекерлік еткен. Бұл мүшені сый қонақтың алдына баратын табаққа салу міндет емес. Асықты жілікке үлкендер үйір емес. Ет тураушы қарияға ұсынса, ерсілігі жоқ. Әдемілеп мүжіп, асықты етінен арылтып, қалтасына салып алады. Үйдегі немересіне апарып береді. Асықты мүжімейді. «Аш отырсаң да, асық мүжіме» деген ескерту бар. Әдетте, ауылдың бас иесі, көнекөз қарттар ұсақ малдың /әсіресе, қойдың/ денінің тазалығын асыққа қарап айырған. Жақсы жетіліп, індетке шалдықпай өрістеген қойдың асығы сап-сары болып тұрады. Содан да дене қуаты мол, саушылығы мықты жігіттерді «сары асық» дейді. Кінәраты бар, аурушаң малдың /қойдың, ешкінің/ асығы қара кеміктеніп тұрады. «Малың қара кемік қой, өрісіңді өзгертсеңші» деп жатады үлкендер мал иесіне. Дені таза қойдың асығы аппақ болады. Кінәраты бар малдың асығы қоңырқай тартып, омпасы бірден көзге ұрады. Желғабыз ауруына шалдыққан малдың сүйегі қаракемік келеді. Асықты жілікті ер балаға ұстатады. Әйтпесе, жігіттерге ұсынады.

Асық пен тобыққа байланысты тәлімдік сөздер жетерлік. Асық ойыны баланы шыныктырып, шымырландырады. Бүгінше айтқанда, спорттың бір түрі. Бала асық ойнау арқылы ішкі дүниесін реттейді. Оның мәнісі - мінез-құлқын түзейді. Нағыз шыншыл бала асық ойынында дауласа бермейді. Жеңілгенін мойындай біледі. Асықтан ұтылып, сағы сынған баланы аяп асығын қайтарып береді. Ал нағыз қараулар ұтқан асығын қайтармайды. Даукес, болмашыға дау шығарғыш бала-

ны «қарау» деп таңбалайды құрбылары. Асыққа беріліп кету баланы пайдалы еңбектен айырады. Халық педагогикасы асық ойнауды қош көре отырып: «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен де қой бағып, көтен жеген озар», - деген тәмсілді алға тартады. Неге болсын тым беріліп кетуді қош көрмейді. Бүгіндегі (құмар ойындары) карта ойнау, шарик-марик, ойын автоматтары, казино, т.б жастарды бұзатын әуейілік. Балалардың дені бүгінде компьютерге әуес. Бұған да қатты ентелеп кетуге болмайды. Компьютерде көп отыру баланың денсаулығын бұзса, ойынға алданып, сабаққа деген ынтасын және бәсеңдетеді. Қажетсіз құмар ойындарына жастан беріліп кетушілік өскенде де әдетке айналып, бала санасының саңлақ болуына кері әсерін тигізеді. Сана саңлақтығы адам бойына жас кезінен бастап қонуы керек.

Асықтан соңғы кәделі мүше - тобық. «Тоқ отырсаң да тобық мүжі» делінеді. Тобық - махаббат дәнекері. Бойжеткен мен бозбаланы бір-біріне жақындатады. Тобық сыйлау екі жақтан да бірдей болады. Тобықтан бас тарту - қалыптасқан дәстүрді аяқасты етушілікке жатады. Жігіт қызға немесе бойжеткен бозбалаға, қайнысы жеңгесіне, әйтпесе, жеңгесі қайнысына жұрттың көзінше сыйлайды тобықты. Тобық сыйлаудың шарты бойынша тобық алған адам тобықты тарту еткен кісіге шарт қояды. Күндіз демей, түн демей, қай уақытта сұрай қалса, тобық жасырған адам өз бойынан тауып беруге тиісті. Тауып бере алмаса, тобық берушінің сұрағанын /қалағанын/ сөзге келмей береді. Тобыққа байланысты кәдені «тобық жасыру» дейді. Бір- бірінде көңілі бар екі жас тобық арқылы көңіл қосып та жатады. Осы салтты жаңартып, телехабар арқылы жұрт алдына шығару өз шешімін таппай тұр.

Көкпарға көк бестіні мініп алдым,
Серкені жерошақтан іліп алдым.
Бойжеткен тобық берген ұтылып қап,
Шөп етіп ақ тамақтан сүйіп алдым, —

деген өлең жолынан тобық жасыру жастардың ермегі емес, бір-біріне дәнекер болатын халықтық жоралғы екенін пайымдауға болады. «Тобық жасыру» жоралғысы жастарды бірсөзділікке, мәрттікке баулитын көнеден келе жатқан сүйкімді де жарастықты ғұрып. «Тойдан тобықтай» деген халықтық тәлімнің ұқтырары мол.

Асыққа байланысты аңыздар да жетерлік. Асық иіру, асықтың шігі мен бүгі. Тәйкесі мен алшысы, ompасы арқылы әулеттің дау-дамайы шешіліп те жатқан. Халықтың ауызша тарихы болып саналатын шежірелік аңыздарда асыққа байланысты деректер бар.

«Шежіре деректерінің бірінде Арғыннан Дайырқожа, одан Қарақожа туыпты дейді. Қарақожаның бәйбішесінен Мейрамсопы туады. Мейрамсопының бәйбішесі Нұрпиядан (кейде Нұрқия, Әргүл деп те айтылады, бұл кісіні Кіші жүз Шоға бидің, кейде Досбай бидің қызы еді деп те келетін деректер бар) Қуандық, Бегендік, Шегендік, Сүйіндік туған. Нұрпия ұзатылғанда, оған жеңгесі және күтушілікке бір жігіт, бір қыз еріп келіпті дейді. Күтуші қыздың есімі Қарқабат екен. Кейін Мейрамсопы Нұрпияның жеңгесіне де, Қарқабатқа да үйленеді. Сәйтіп, Нұрпиядан - Қуандық, Сүйіндік, Нұрпияның жеңгесінен - Бегендік, Шегендік, Қарқабаттан - Болатқожа /Қаракесек/ туып еді дейді.

Көшкіншілік, үркіншілік кезінде Мейрамсопыдан туған Қуандық пен Сүйіндік бір бала тауып алады. Балаға екеуі таласып, бір пәтуаға келе алмайды. Сөйтіп, шешесі Нұрпияға жүгінеді. Нұрпия ана асық қаржылаңдар /иіріңдер/ депті. Қуандық жасының үлкендігіне, мінезінің адуындығына бағып, «алшы түссе де, тәйке түссе де, бүк түссе де, шік түссе де менікі» деп отырып алыпты. Сүйіндік шешесіне шағынып: «Апа-ау, осындай да қиянат бола ма екен?» - десе, Нұрпия шешесі: «Балам, бұйырғаны болар, асықтың омпа деген бесінші жағы да бар емес пе?» - депті. Содан асықты қаржып жібергенде, омпа түсіп, бала Сүйіндікке бұйырып, сол баланың Қаржас атануы осыдан еді дейді...»

(«Қазақтың ауызша тарихы», Ақселеу Сейдімбек, 255-бет, 2008 ж.)

Қол жілікті әр түрлі атайды. Майы тоқ болғандықтан «тоқ жілік», «тоқпан жілік» деп түрлендіре айта береді. Тоқпан жілікті /қара малдың - жылқы, сиыр, түйе/ әдетте, қазанға бітеу салады. Жілік майына бола. Тоқ жілік делінетіні содан. «Тоқпан жілік» делінуінің себебін бүгінде ешкім де ажыратып айтып бере алмайды. Етінен арылып мүжілген бітеу жілік кей жағдайда тоқпақ орнына /қол ағаш/ пайдаланылады. Соны көзіміз көрді. Ал «тоқ жілік» делінетіні жілік майының мол болуына байланысты. Тоқ жілік соғым сойылған күні тұтас түседі қазанға. Бала-шаға тоқ болсын деп, ырымдап соғым сойылғанда қол жілікті кәделеп соғым етіне шақырған көршіқолаңның алдына қою, жілікті шағып, майын бөлісе жеу жақсы ырым нышанасы. Тоқтық белгісі саналады. Қол жіліктің майы шыны келсе, көкірегінің желі бар шікатты адамға

жегізеді. Балаларға да ауыз тигізеді. Қарттарға кәделеп ұсынады. Үлкеннің қолынан жілік майын жеу өзінше бір кәдеге, сыйластыққа жатқызылады. Соғым сойған күнгі шақырысқа халқымыз айрықша мән берген. Соғым етіне үлкен-кіші демей көршілер, жақындар жиналады. Соғым сойылған күнгі асылған еттің дәмділігіне, сорпасына баға жетпейді. Ішек қарын, өкпе-бауыр араластырылмайды. Тек еттің жылы-жұмсағы асыдады. Қазы-қарта, жал-жаяны кәделеу міндет емес. Еттің шымандысы түседі қазанға. Қол жілікті бөлмей салады. Осының жорасын үлкендерден сұрағанда «Тоқ жілік тоқтық белгісінің нышанасы» дейді. Оны екіге бөлу ырымға жаман. Жілікті бөлмей қазанға тұтас салу ортамыз тола берсін, ырыс-несібеміз ортаймасын дегенді көтермелеуге жатады. Әрі тоқ жіліктің жілік майына үлкен-кіші кеneліп, бір тоғаяды. Көкірегінің желі кетіп, сарайы ашылады. Тоқ жіліктің жілік майына қарап үлкендер малдың күйін андайды. Қыстың амалын алдын ала болжайды.

Киізден ақ ұлтарақ ойып алдым,
Қалқаны сағыныштан ойыма алдым.
Соғымы қызды ауылдың семіз шығып,
Майына тоқ жіліктің тойып алдым, -

деп келетін қара өлең жоғарыдағы ойымызды бекемдей түседі. Ал ұсақ малдың, қой мен ешкінің қол жілігі тәрбие-тәлімнің көрнекі құралы іспетті. Қойлы байдың ерке баласы қол жілік аспадың деп асықты жілікті шаңырақтан лақтырады екен. Дау жоқ, жіліктің майы асыл. Оған құныққан бала әлгіндей оспадарлыққа бармай қоймайды. Оңдай майға құмар балаға тыйым: «Жіліктің майын көп жесең, мұрныңның боғы көбейіп кетеді. Маңқа атанасың». Жіліктің майын шағып, карттарға, үлкен кісілерге беру - сыйластыққа жатады. Сүйек шағып, майын сору адамға әл береді. Тұмаудан, жөтелден сақтайды. Сүйекті бала кезімізде шешелеріміз қайнататын. Сүйектен алынған майды арнайы ыдысқа құйып сақтап қоятын еді. Сүйектің майы көкжөтелге мың да бір ем. Ұлтабар жарасына шалдыққандар сүйек майынан жазылады. Сүйек шағатын аспап «шапашот» делінеді. Бүгінде шапашот қолданыстан шығып қалды. Сүйек кемірудің бір пайдасы - тісті сақайтады.

Ірі малдың ортан жілігін қазанға екі бөліп салады. Ұсақ малдыкі тұтастай түседі. Қойдың ортан жілігін жұдырықпен ұрып сындыру өзінше бір өнерге жатады. Бүгінде бұл әдет ескілікті салтқа жатқызылып, ұмытылуға айналды. Жілікті ұрып сындыру - жастарды шымырлыққа баулиды. Әйнешек

болудан сақтандырады. Бүгінше айтқанда, ұлттық спорт ойыны десек те болады.

Асқаны жеңешенің атан жілік,
Құрбыңа көз алартпа қатар жүріп.
Бәстесіп жеңешеммен ойда жоқта,
Ұрғанда қақ бөлінді атан жілік, -

деген қара өлең жолдарын үлкендер әнге қосар еді. «Шіркін, бұрынғының жігіттері-ай» дегенді қосарлайтын.

Ақсақалдар ер тұлғалы азаматты «Атан жіліктей ерім-ау!» деп көтермелейді. Кесек келген уытты бозбаланы: «Түйенің атан жілігіндей іріленіп келеді», - деп мағұрланады.

Ортан жіліктің /қара малдың/ бір атауы - «атан жілік». Ертеректе түйенің атан /ортан жілігі/ жілігін ұрып сындыратындар болған. Қойдың ортан жілігін бұрап сындырғандарды өз көзімізбен көрдік. Кейінде жілікті ұрып сындыру аяқсыды. Жілік сындыру екінің бірінің қолынан келмейді. Оған жалықпай машықтану керек. Кейбір мақтаншақтар жілікті ұрып сындырам деп қолын ауыртып алып, күлкі болады.

Сондайда жеңгелері:
Ағысты мекендейді ала шабақ,
Жігітті қыз жақтайды жаңа талап.
Ұрыншақ, шыға шаппа кей бозбала
Ісінде нәтиже жоқ, орашалақ, -

деп әжуалайды.

Осы өлеңді талдасақ, мағынасы ашыла түседі. Балық екеш балық та ағысқа үйір екен. Әрнеге еліккіш, табаны бүрлі жігітті «жас талап» деп көтермелеп, келешегінен дәмеленеді үлкен-кіші. Енді сол «жас талап» әр өнердің басын бір шалып, әр кәсіппен бір айналысып, «бір-ақ секіріп шығам деп, мертігеді де жатадының» керіне ұшыраса не болғаны?! Онда ол «шыға шаппа» ұрыншақ аттай боғы ауып, орта жолда қалады. «Ісім өнсін десең, ретін тап» деген халық нақылын ұстанбай, әр шөптің басын бір шалып оттаған тізгін қашаған жылқыдай іске сырдаң, сөзге жылмаң атанып, сұйық жүрісті тұрлаусыз деген атқа қалады. Жүрісі сұйық делінетіні - берекесіздіктің белгісі. Бір нәрсеге табан тіреп қала алмай, әрнеге бір қол тигізумен жүретін берекесіздер «сұйық жүрісті» делінеді. Халқымыз жаһандану үрдісіне қосылып, нарықтық қатынасты игере бастады. Қиырға қанат қомдап, биіктей ұшатын жігіттер керек ендігі жерде. Қайратты да қайсар азаматтарға зәруміз. Атан жіліктей шымырланып өскен өрені бар ел мерейі әрдайым үстем.

Кәрі жілік

Кәрі жілікті қарттар әр қилы атайтын. Қартайған адамдай опырайған көрнексіздігіне бола «кәрі жілік» деп кеткен шығар-ау. Археологиялық қазбалардан шыққан сүйектердің ішіндегі ең берігі малдың кәрі жілігі екен. Кәрі жіліктің ерекшелігін тарата айтқанның сөкеттігі жоқ. Әкей /Әбілдин Кәріп/ отыз жыл қой бақты. Қиян шетте, тау арасында өтті менің балалық шағым. Кәрі жілікті әкей итке тастамайтын. «Тазының азуы кетеді» дейтін. Бұл — кәрі жіліктің беріктігінің айғағы. Бұл жілікті шақтырмайтын. «Кәрі жіліктің майын жесең, маңқа боласың» деп шошытатын шарай көзге. Әкейдің осы сөзінде бәлендей ырым-жырым жоқ. Жіліктің сүйегі қатты келеді, сүйек майы болмашы. Баланы бұл жілікке үйір етпеудегі бір себеп — кәрі жіліктің сүйегінің қаттылығы. Қыздан да қашыртады. Байқаусызда қолына алған бойжеткенге: «Тек, ұстама кәрі жілікті, қартайғанша үйде отырып қаласың», — деп жанашырлық танытады қыз жеңгесі.

Сөйте тұра, етінен арылған кәрі жілікті кәделейтін әдет бар. Әкей бұл жілікті қуысына ши қыстырып, арқалыққа қыстыра салатын. Әкемнен естуім бойынша, мұндай ырым көнеден келе жатса керек. Мал баққан елдің зауалы - жұт. «Жұт жеті ағайынды» делінеді. Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде бір сараң бай болған екен дейді. Жүн-жұрқасы мен сүйек-саяғын қыстаудан жайлауға көшерде біреу пайдаланып қояды деп өртеп жібереді екен. Қадірсіз кәрі жілікті ғана елеусіз тастайды. Оны да көзі қимай, күлдің арасына көміп кетеді. Күндердің күнінде елге жұт араласады. Халық жүдеп-жадайды. Сараң бай аш-арыққа жем болмаймын деп, басқа жаққа қоныс аударады. Қаптаған аш байдың жұртын төңіректеп талғажау іздейді. Қажақ-құжаққа сүйек те таппайды. Көң-қорданы ақтарады ашыққан тобыр. Кәрі жіліктен басқа түк те таппайды. Күл арасында маңызын жоймай сап-сары боп жатқан кәрі жілікті суға қайнатып, сорпасын ішіп, шағып майын талмап, әл жияды өңшең аш- арық. Жазға ілігіп теңеліп кетеді. Кәрі жілікті содан былай ырымдайтын әдет шығыпты. Енді бір рәуатта, кәрі жілік малды ит-құстан сақтайды деген ырым күні кешеге дейін айтылып келді. Тағы бір ескілікті әңгімеде Шопан ата алдындағы отарының амандығын, оңалып, семіргенін, төлді болатынын, қыстан қойдың жұтамай аман шығатынын кәрі жілікке карап болжайды білемін. Заман жақсы болатын жылы сойылған қойдың жіліктері, оның ішінде кәрі жілігі сап-сары боп майы шығып тұрады екен. Малға жұт араласатын болса, сүйектеріне салмақ түсіп, қоңырайып, бозаң тартып кетеді екен дейді. Осыдан кәрі жілікті төбеге қыстырып қоятын әдет шығыпты. Қуысына ши жүгіртетіні — «мал тебінді болсын» дегені. Жерге шөп жағып, қыс жайлы, жаз да жаңбырлы болатын жылы жілік қуысына қыстырылған шөп жасаңсып, көк күйінде тұрады екен. Амал болатын жылы жілікке қыстырылған шөп құрап қалатын көрінеді.

Кәрі жілікті кей өңірде «қатын жілік» деп те атайды. Кемпір-сампырға тиесілі мүше делінеді. Кәрі жіліктің еті майсыз болғанымен, дәмді келеді. Кәрі адамдар сүйсініп жейді. Кәрілер әуес болған соң, кәрі жілік атануы содан да шығар. Негізгі атауы «қар жілік» болуға тиісті. Қасиетіне қарай кәрі жілік атанып кетсе керек.

Халық жадында кәрі жілікке байланысты мынадай да ескілікті әңгіме бар. Ерте бір кезеңде /заманда/ Ерназар деген бай болыпты. Төрт түлігі сай болыпты. Бөрідей тоғыз ұлы бар екен. Жаугершілік заманда Ерназардың балалары атқа қонады. Тоғыз көкжалдың дұшпанмен майдандасуға кеткенін білген қасақы жау Ерназардың ауылын шабуға қам жасайды. Алдын ала жансыз жібереді. Ел орынға отырған кез болса керек. Кәрі жіліктерді ырымдап кереге басына қыстырып қойған бай: «Әй, бәйбіше, балалар жорықтан келді ғой. Тездет тамағыңды. Іргеден сығалағандар бізге көз аларта бастап еді. Тоғыз ұлға тон керек, маған мал керек, ұрыға жан керек. Боғымды қылар», — дейді жайымен ғана. Жансыздар жабықтан сығаласа, шам жарығына шағылысқан кереге басындағы кәрі жіліктер зорайып, адам бейнесінде шалынады. Байдың бәйбішесі жалшы әйелге:

— Төрдегі төртеуге бер, есіктегі екеуге бер. Жантайғанға жал асат, шаршағанға қазы асат. Қазан түбінде қалғаңды үшеуге сақтап қой. Ат дүбірі естіледі, келіп те қалар олар да, - дейді. Үй сыртынан сығалаған жансыздар көзге түсіп қалмайық деп жөніне кеткен екен дейді.

Кәрі жіліктің қасиетін үлкендер осы бір аңызбен де байланыстырады. Кәрі жілікті қасқырға айбар, ұрыға қалқан дейтіні содан қалса керек. Әдетте, мал сойылғанда шешелеріміз міндетті түрде малдың алдыңғы қол жілігін қазанға салар еді. «Ісіміз алға басады, шаруашылығымыз алға жүреді» дейтін. Демек, кәрі жілікті ырымдау бәлендей ерсілікке жатпайтын ежелгі үрдіс болғаны ғой.

Омыртқа

Омыртқа үшке бөлінеді. «Жалпақ омыртқа», «ұзын омыртқа», «мойын омыртқа» делінеді. Ең кәделісі — жалпақ омыртқа. Жалпақ омыртқа етті келеді. Бас табаққа салады көбінесе. Сүйегін сыйлы қонаққа ұсынады. Ұзын омыртқа да кәделі мүшеге жатады. Жалпы, омыртқаның еті дәмді келеді. Кәрі де, жас та өш омыртқаға. Ет желініп болған соң, үлкендер тоқ басарға деп омыртқаны асықпай мүжиді. Мойын омыртқа кәделі емес. Бала-шаға, қатын-қалашқа тиесілі. Әйелдер босанғанда қалжаға деп сойылған малдың мойын омыртқасын тіс тигізбей мүжіп шығады да, қуысына жіп өткізіп төбеге іліп қояды. Олай ырымдаудың жорасы — сәби тез ширап, мойны бекісін дегені. Омыртқаның жұлынына балалар құмар келеді. Үлкендер «жұлын жеме, жұлындай ұшып кетесің, жұқарып, сүйегің ұсақ боп кетеді» деп ескертеді.

Ата-бабаларымыз алдыға келген етті кәделеп, малдың әр мүшесінен ғибратты әңгіме туындатқан. «Ет дегенде бет бар ма» деп алдына келген дәмді қалай болса солай жей салмаған. Кәде-жоралғы рәсімімен бойға сіңірген. Еттің әр мүшесі көрнекі құрал есебінде тәрбие-тәлімге негіз болған. Тазалық тәртібін сақтаймыз деп етті алдыға турап әкелу — халық арасында сақталған жөн-жоралғыны мансұқтау болып табылады. Етті қонаққа мүшелеп ұсыну рәсімінен қол үзу — ұлттық тәрбие-тәлімге нұқсан келтіретін жағдай.

Омыртқаның халықтық жөн-жоралғыға, сыйластыққа ұйытқы болатын тәлімдік жағы басым. Бұрынғының адамдары, кешегі өткен шешелеріміз: «Барында бір омыртқаңды жеп кетсеңші», — деп жатқанын сан естідік. Шешемізге қайындары мен қайнағасы, таныс-білістері: «Менің омыртқамды сақтап қойсаңшы», — деп базына білдірер еді. Омыртқа — сыйластық дәнекері. «Мың сіз-бізден бір шыж-быж артық» делінетін мағыналы сөздің дәйегі осы.

Қазақ ғұрпында кәріге, үлкенге дәмді оңашалап, бөлек беру сөкет емес. Көппен отырып ішкен тамақ сіңімді болады деп қариялар оңашалықты жаратпайды. Саушылығы кеміген қартқа тағамды бөлек, жеке беру әке сыйлаудың жақсы нышанасы. Үлкендіктің жолы ауыр. Кәрі адамға сын көп. Малжаңдап алдыңа келген дәмді соға берсең, келін-кепшікке қадірің кетеді. Дастарқан басында үлкендік жолға ешкім таласпайды. Бірақ үлкендер өз жолынан жығылмауға тиісті. Табақтағы жылы-жұмсақты жастарға, балаларға ауыз тигізудің жолын бұлжытпайды. Осыны «ет асату» деп атаған. Келе-келе ет асату

жоралғы болып кеткен. Сырт көз ет асатуды етке құмарлық, қомағайлық, мәдениетсіздік деп біледі. Ет асатудың да астарында ұрпақ қамын ойлағандық жатыр. Ысырапқа жол бермей, келген еттің түгел желінуіне, балалардың тоқ жүруіне септесетін зиянсыз дағды. Үлкендерден қалған сарқытты «жасың ұзақ болады» деп балаларға жегізуді ата-ана бұлжытпаған. Ет асату етке құмарлыққа жатпайды. Ет асатудың өзі ұрпақ тәрбиесіне қызмет ететін рәсім. Піскен асты қадірлеу, аспазшының еңбегін елеу тәртіпке жатады. Ысырапқа жол бермеу — халықтық тәрбиенің басты нысанасы. Сойылған малдың басы мен үйітілген сирағына шейін желінуге тиісті. Ұсақ малдың үйітілген сирағын «Жеп ал, желаяқ, жүйрік боласың» деп балалардың қолына ұстатқан. Сирақтың сіңірі мен құйқасы бала ағзасына қажетті қоректе бай келеді.

Қазақ ғұрпында ет жегіштік қабілет-қарымға жатқызылған. Сыншыл әке кірпияз жиіркеншек баланы ұнатпаған. Ондай нәренжіктер өсе келе бойына ішкен-жегені жұқпайтын «қатпа қара» атанады. Тағамды бірсыдырғы жеп, бойына сіңірген өсер жас сары асық болып өседі. Жілігіне май жүгіріп, жақсы оңалған малды «сары жілік» дейді. Сары асық бозбалалар әндемді келеді. Бойын суыққа алдырмайды. Тұмау-сұмауды елемейді. «Ас — адамның арқауы» десек те, халқымыз тұяқ жалғар ұрпағының аузына не болса соны апарып, тамақсаулыққа дағдыландыруды қош көрмеген. Сіңімді, құнары мол асты аузына тосқан. Сонымен қатар өсер жасты тамақ талғаған жиіркеншектіктен, кірпияз сыпалықтан сақтандырған. «Жұтқан — жұтаймайды» деп ескерткен.

Тіршілік — өзінше бір қара жарыс. Есік пен төрдей ғана қысқа ғұмырда барды базарлап, байлықтың қызығын көру де өзінше бір ғанибет. «Бар мақтанса, айбынын асырады, жоқ мақтанса, шашылады». Жақсы мағынасында мақтана білу де мерей. Бәсеке - тіршіліктің қозғаушы күші. Бәсекесіз ғұмыр қызықсыз. Мақтангерлік - қабілет-қарымның қозғаушы күші. Байлықтың қызығын көрудің бір жолы — асыра шашпа мырзалық. Мырзалықтың түрі әрқалай. Біреу ас бергіш, біреу ат бергіш. Мақтангерлік көп жағдайда ерсілікке ұрындырып, кісінің бағасын түсіреді. Асқа байланысты ел арасында неше қилы әңгімелер бар. Әсіресе, етке байланыстырады ондай күлдіргі қағытпаларды. Сондай қағытпа-қалжың сырт жұрттардың атынан айтылып жатады. Басқалар біздің ет жегіштігімізді мін көріп, өздерінше кеміткісі келеді. Керісінше, қазақтар көрші елдердің шығымсыз сараңдығын әжуалайды.

Тарихтан белгілі, Романовтар әулетінің таққа отыруының 300 жылдығына Қазақ елінен де игі жақсылар шақырылған. Бұл салтанатқа артынып-тартынып барған ғой қазақтың игі жақсылары. Қонақасы аста-төк болған. Күтушілер қонақтарға /қазақтарға/ бас табақ тартқан. Алдыға келген еттің молдығы соншалық, дастарқан басындағылар еттің тасасында көрінбей қалған екен дейді. «Ә» десіпті қазақтар. Көрсетейік сары орыстарға ет жегенді. Патшаның қонақжай дастарқанындағы шөпшаламға сұғына алмай, орта құрсақ отырғандар жылқының қазы-қартасы мен жал-жаясын көргенде көздері қызарып кетсе керек. Сорпасы шулығып кетіпті. Десе де, етті еңсеріп жіберген ғой қазекемдер. Ет желініп болған соң, қазақтар қымыз сұрапты. Қымыз жоқ болыпты. Сонда араларындағы құшыкештеу біреуі: «Құрсақ пропал», - деп салмай ма. Осы сөз той иелерін дүрліктіріп, қазақтарға қайтадан ет асуға мәжбүр етіпті. Қазақтар етке тоймай қалыпты деген сөз патшаның құлағына жетсе керек. Көмекшісін жіберсе, қазақем өздерімен бірге ала келген торсық-торсық қымызын сіміріп, қарқ-қарқ күлісіп отырса керек.

Қалай болғанда да, кәрі-жас еттен бойына қуат алған. Аспен қуаттанған. Содан да ол заманның жігіттерінің дені сары жілік келген. Әлді де әлеуетті, сүйегі берік болатыны — мал өнімдерінің қуаты. Оның ішінде етке жететін ас жоқ. Етке тісі тимеген адамның еңсесі түсіңкі, үні тосаң келеді. Адам ағзасының дерт-дерменеге қарсылығын күшейтеді. Еркектің белін бекітеді, ұрғашының шырайын арттырады. Балалардың балғын болып өсуіне септеседі.

Бүгінде ет өнімдерін сырт елдерден әкелегін болдық. Дала бос жатыр. Даланы қалай да малға толтырмасақ, дағдарыстан шыға алмаймыз. Соған Үкімет жағдай жасасын. «Даладан мал кетсе, қазақтан әл кетеді». Әлсіздік ауру-сырқауға жол ашады. Дене қуаты әлсіз адамның ерік-жігері де босаң келеді. Арақ-шарапқа, анаша-шылымға әуестік содан туындайды. Дене қуаты әлсіз, боркемік, босаң жастар кім айтса соның жетегінде кетеді. Ұлттық санадан мақұрым қалады. Санасыздық дертіне шалдығып, салт-дәстүрден алыстайды. Жігерсіздік, өлі сүйек ынжықтық ұлттық тағамның кемшіндігінен де пайда болады. Қуаты аз тағамдарға үйірлік жастардың балғын болып өсуіне кедергі. Сағыз шайнау, көз алдаған химиялық қоспалар арқылы дәмі енгізілген жасанды тағамдарға құмарлық жастарды әлжуаз етіп, сұрын кетіреді. Қуатты тағам миға қан жеткізуді үстемелейді. Мидың қалыпты жұмыс істеуі құнарлы асқа байланысты. «Аш қарынға ақыл қонбайды» делінетіні содан.

Әлқисса, қазақтың етке құмарлығын әжуалаймыз деп басқалар өздері күлкі болып жатады. Үш қазақ өзбек тамырына қонаққа барады. Үй иесі көршісімен ақылдасады. Бордақыға қойған қойын сұрайды. Қойдың құйрығы тегенедей екен. Апар да сой дейді көршісі. Қазақ ет жегіш дейді, әншейін көтерме сөз.

Тұтас асылған қой етін үш қазақ тік көтере жеп алыпты. Үй иесі көршісін оңашалап: «Ой, әкә, шүкірана дейік! Қазақтан пайғамбар шықпағанына мың да бір шүкіршілік! Әгарки, қазақтан пайғамбар шыққанда бар ғой, хаммасын барша үмбеттерін толайым қоса жеп қоятын ба еді, әлде қайтер еді?!» — депті таңданысын жасыра алмай.

Бұл - қалжың сөз. Сөйткенмен де, шындыққа бір табан жуықтайды. Өзбек ағайындардың шығымсыздығына мысал. Бірде қазақ татар досының үйіне бара қалады. Қожайын байшыкештеу екен. Бақалшы саудагер қазақ арасында көп жүріп, қазақтардың қонақжайлығына әбден көзі жеткен үй иесі «туғанның үйінен бір тойғаным-ай» деп айта жүрсін деген есеппен әйеліне нұсқау беріп, «етті жақсылап ас» дейді. Бабымен піскен үйме табақ бұзау етін қонағына тартқан татар байы: «Аша, қазағым, аша! — дейді қодырайып. —Тауыса алмасаң, қолыңдағы қамшың мен астыңдағы атыңды алып қаламын».

Қазақ өп-өтірік тартынады. Мұншама етті тауыса алмаспын деген рай танытады. «Тауыспасам да орталармын, ғұмырымда бұзау етін жеп көрмеп едім» деп және мәймөңкелейді. Қонақ бабымен піскен бұзау етін асықпай қылғыта береді, қылғыта береді. Алдына келген етті түгін қоймай сыпырып жеп алып: «Енді жейтін нең бар?» — депті қонақ еш шімірікпестен. Үй иесі жылап жіберуге шақ қалады. Мырзалығын асырам деп қазаққа күлкі болғанына, мазаққа ұшырағанына қапаланып: «Енді немді берейін?! Қатыным мен баламды өзіммен қосып хаммасын ашамасаң? Бұл қазақтар жай келіп, жай кетпейді. Қораға түскен қасқыр да бір, бұлар да бір», — депті.

Бәстесіп ет жеу өз ішімізде де бар. Оған жоғарыда тоқталдық. Оңтүстік өңірді мекендеген қазақтарды «аға балалары» дейді Арқа қазақтары. Қазақ үш жүзге бөлінгенде Ұлы жүз үйсіндер ағаға жатады да, арғын ата ұлысы Орта жүз делініп, ортаншы атанған. Сырды, Шудың бойын, Жетісуды мекендеген Ұлы жүз отырықшылыққа бейімделіп, жер жыртып, егін еккен. Жеміс-жидекке құмбыл болған. Ал Арқа қазақтары табиғаты қатал солтүстік өңірге қоныстанып, бірыңғай мал

өсірумен айналысқан. Мал тұяғына еріп жылдың төрт мезгілінде көшіп-қонып жүрген. Арқа қазақтары да егіншілікпен шұғылданған. Аяқты мал егінге түсіп, көк егінді типылдап кете берген. Егіншілікпен айналысқандарды «жатақтар» деп атаған. Қыстауда қалып егін егіп, үй ағаш басқан, қолөнермен шұғылданған. Реті келгенде айта кеткеннің сөкеттігі жоқ. Тарихтан белгілі, қазақ елін отарлаушы Ресей империясы қазақ сахарасын басып алып, біржолата иемдену үшін орыс шаруаларын Қазақ даласына қаптатып жіберген. Оларды жергілікті халық «кержақтар, қара шекпенділер, мұжықтар» деп атаған. Қазақтың құнарлы өлкесіне қоныстанған кержақтар мен қара шекпенділер ел мен жердің иесі, жергілікті тұрғындарды ығыстырып, қара топырақты өңірлерді басып алған. Жай ғана ығыстырып қоймай, жүректерінің отын алып, мылтықтарын шошандатқан. Айбалтасын жаландатқан. «Орыстан досың болса, жаныңда айбалтаң болсын» деген мәтел содан қалған. Егіншілікпен айналысқан орыс мұжықтары төрт түлік малға жаудай тиген. Егінге түседі деп мылтықпен шошытып, қырғынға ұшыратқан. Қазақтарды шөбі сұйық, қуаң жерлерге ығыстырған. Орыс отаршылдары қазақтарды төрт түліктен айыруды армандаған. Олардың сол армандарын қызыл империяның жаналғыштары жүзеге асырды. Социализмнің ортақшыл принципіне қайшы келеді деп байларды «қанаушы» деп тәркілеуді ойлап шығарды. Жиырма сегізінші жылы қазақ ауылына жаудай тиіп, күнкөріске деген малын тартып алды. Не қорасы жоқ, не малға дайындаған шөбі жоқ қызыл белсенділер делінген Кеңес өкіметінің әпербақандары қазақ ауылдарына ойран салып, адалақы малын тәркіледі. Бұл - қызыл империяның қазақ халқына жасаған адам төзгісіз қиянаты еді. Қиянаттың соңы отыз екінші жылы аштыққа ұласты да, халық қырғын тапты. Бұл қырғынға бірыңғай мал шаруашылығымен айналысқан Арқа қазақтары, солтүстік өңірді мекен еткендер ілікті. Аштыққа ұшыраған ауылдар түстікке ауа көшіп, қырғыздарды, өзбектерді сағалады. Оңтүстікте егіншілікпен айналысатын қазақтарды панаалады. Арқадан ауа көшкен аш-арықтардың ішінде небір темір жақ ақындары да болған. Солар Арқаны, туған даласын аңсағанда аузынан түйдек-түйдек жыр төгілген:

Таятқан таудың шеті Шұнақ қалды,
Сарықұлжа іші толған бұзақ қалды.
Өлкесі Шажағайдың бәрі мекен,
Сол өлке ел кеткен соң құлап қалды.

Шажағай жарқылдаған суың қайда,
Түнде шық, күндіз мұнар буың қайда?
Ауылды көк шалғынға қондыра сап
Ойнайтын екі-екіден күнім қайда?!

Беліме буынғаным күміс белдік,
Арқадан қоңыр салқын неге келдік?!
Шайнайтын қазы-қарта қайран басым,
«Ас қылған шөптің басын елге келдік, -

деп арылған Тайшыбек ақын. Өзі де Шу бойында аштан өліпті. Бұл арада ақын «шөптің басын ас қылған» дегенде оңтүстіктің қазақтарын кемсітейін деп отырған жоқ. Малдан айырылып, бір түйір дәнге көзін сатқанына қорланғаны. Малсыз қалған қазақтың аштан қырылғанына айтқан қош-қошы.

Енді әңгімемізді сәл жұмсартайық. Қомағайлықты күлкі қылатындар өз ішімізден де табылады. Бір жолы Арқа қазағының бірі тары палау жеп отырып шашалып қалады. Аға балалары: «Етпен көзі шыққан қомағай арғын», - деп қарқ-қарқ күлгенде, есін жиып, өз-өзіне келген қонақ: «Әй, тауық көз тары-ай, шықпап едің, үйсінді қырдың. Шығып едің, енді арғынды қырайын дедің-ау», - деп алдындағы бір табақ палауды шаңырақтан сыртқа шырқатып бір-ақ лақтырыпты.

Бүрме

Соғымға байланысты қаншама жол-жоралғы, рәсім бар. Сойылған малдың, соғымның әр мүшесі халықтық педагогиканың сабақтарына сеп. Соғымға, әдетте, ірі қара сойылады. Көбінесе, жылқыны жығады. Қасапшы үй иесінен: «Жаялайын ба?» - деп сұрайды. Үй иесінен рұқсат алған қасапшы ірі қараның сан еттерін жаймалап, сүйегінен бөлектеп шығады. Санның сұрпы еті «жая» деп аталады. Көбінесе, жаялауға жылқы еті сұранады. Етінен арылған жамбас пен ортан жіліктер бөлек алынады да, жаяға дәнекерлікке құйымшақты қалдырады. Етті жаялап болған соң, қасапшы жаяны жақсылап тұрып оспалайды. Оспаланған /жаймаланған/ етке сарымсақ пен тұз сіңіріп шығады да, сойылған малдың терісіне орайды. Үй иесінің қалауымен бөлек- салақ мүше жаяға қосылады. Теріге оралған жаяны, тағы басқа бөлек-салақ омыртқа, қабырға, бұғана секілді мүшені «бүрме» дейді. Теріге оралған жая аяздан бүріліп қатып қалады. Осыдан «бүрме» деген сөз шыққан. Теріге оралған бүрме қыс бойы қатып жатады. Аузы жеңіл

қайындары жеңгелеріне соқтығып: «Бүрмедегі ет — түрмедегі ет», - деп түртінеді. Бүрмеге мезгілсіз қол салу әдепсіздікке жатады. Самарқанның көк тасы жібіген наурызда ғана бүрме жібиді. Қыстан жазға алып шығатын сүріңіз осы. Бүрмедегі етті тобарсытып кептіру керек. Сонда ғана сүрге айналады. Жаяның еті шақтылы болса, шаңыраққа жайылады. Мол етті арнайы киіз үйде астынан от беріп, тобылғының түтінімен ыстайды. Ысталған жылқы еті дәмді келеді. Жас етке араластырып жазда жеуге таптырмайды. Бүгінде бүрмені екінің бірі біле бермейді. Бүрме орнына тоңазытқышты пайдаланады. Әйткенмен, бүрменің қасиетіне не жетсін. Бүрмедегі еттің дәмі, құнары өзінде болады.

Бүрмеге байланысты «бүрме бұзу» кәдесі сақталған. Бүрменің алдын ақсақалға, сәбиге жегізеді. Қыстан алып шыққан етті жайысып, абысындарына қызмет көрсеткен келінкепшік «қазан бүлкілдетер» рәсімін жасайды. Көрші-қолаң етке бір тояды. Қазан бүлкілдетерге жиылған жас пен кәрі шер-құмардан бір шығады.

Бүрме дейін ендеше, бүрме дейін,
Жазға сақтар етімді бүрмелеймін.
Сұғанақ қол шоланға сұғынбасын,
Дәмі кетер бүрмеге тиме деймін, —

деп келетін өлең жолдары бүрменің халықтық салт-санаға ықпалы барын айғақтайды.

Бүрмеленіп қыстан алып шыққан сүр ет қымыз басарға таптырмайды. Мейіздей қатқан жылқының сүрі тағамының ең бір дәмдісі. Жас етке сүр етті араластырып жеген де бір ғанибет. Сорпасына баға жетпейді. «Сары ала сорпа» деп соны айтады. Сары ала сорпаны жазда да іше беруге болады. Негізінде, сорпа жазда ішке жақпайды. Үлкендерден естіген сөз: «Үркер көтеріліп қалыпты-ау. Сорпаның күні туды десеңші». Үркер көтерілдінің мәнісі — күн салқындады, сорпа ішке тұратын болды дегені. «Ет - етке, сорпа - беткенің» мәніне жете көңіл бөлмейміз. Сорпа ішпейтін сыпалардың көбісі қатпа, бірішек келеді. Қаны аздыққа сорпа таптырмайтын қорек. «Сорпа ішпесең, ет жедім деме» дегенді үлкендерден сан естідік.

IV. АҚЫЛ - АУЫЗДАН, МЕРЕЙ - КӨЗДЕН

Бас

Қалыптасқан тұжырым: «Дос - басқа, дұшпан аяққа қарайды». Досың мәртебелі болғаныңа тілекші. Қабағың түспей, қырың сынбай, дененді тік ұстап, шалқақ жүргеніңді қалайды. Бас киіміңнің өнді, өзіңнің сергек сестілігіңді қош көреді. Қырыс қабақ, көреалмас дұшпан басқан-тұрғаныңды аңдып, мүлт кеткен сәтіңді пайдаланып шалып түсіреді. Жақсы қасиетіңнен де жамандығыңды әйгілеп, әшкерелеуге жаны құмар. Жаза басқаныңды жар салып, жұртқа дабыралайды. Дұшпанның аяққа қарайтыны осы себептен. Соны дана бабаларымыз мәйекті сөзбен астарлап дөп түсірген.

Сөз неден шықты? Бастан, бас киімнен. Ерте замандарда шапқыншылықта опат болған боздақтың бас киімін артындағы еліне беріп жібереді екен. Бұл - азаматың қан майданда ерлікпен қаза тапты дегенді мәлімдегені. Киерге киімі болмай қалғанда жақынына: «Басым тозып жүр», - деп тұспалдар еді әкелеріміз. Бас киімнің жоғалуы жаман ырымға саналған. Содан да үлкендер тымағын сенімді біреуге тапсырып қоятын. Немесе жанынан ұзатпайды. Адам түсінде бас киімін жоғалтып алса, онда оған бір тықырдың таянғаны. Не жан қиысқан досына, не өзіне сын. Үйге бас сұққан қонақ, бірінші кезекте, белін шешеді, содан соң, тымағын немесе тақиясын, бөркін төрдегі тесекке, әйтпесе, кереге басына іледі. Әке-шешелеріміз «Бас киіммен ойнама!» деп зекіретін. Бас киімді тебуге, басып кетуге жол берілмейді. Бұл - оспадарлыққа, көргенсіздікке жатады. Балаға «Бас киімді теппе, бағың қайтады!» дейтін әкеміз. Бас киімді кәделеп, қастер тұту арқылы қариялар бас қадірін кетірмеуді көздейді. Кісінің қадір-қасиеті қайтсе артады? Сыйластықтан, адами қасиеттен молығады.

Қазақы бас киім үлгілері бірқыдыру. Елтірі тымақ, елтірі құлақшын бастан суық өткізбейді. Түлкі тымақ әрі сәнді, әрі жылы. Сәукеле, топы сәндікке жатады. Қыз бала босаға аттағанша, қазақ ғұрпында басына байлам салмайды. Шешелері бойжеткенге деп ерекше үлгідегі түлкі тымақ, қоян малақай тігеді. Біздің жас кезімізде қыздар қыс айларында түлкі тымақ пен қоян құлақшынды бастарынан тастамайтын. Үлкендер: «Басымды жұқа ұстадым дегенше, базарым тарқады дей бер»,

— деп жиі айтар еді. «Бастан өткен суық бағыңды байлайды» деп және төндіреді. Осы күнгі /бұрындары да/ жастар жастықмастықпен сықырлаған сары аязда бас киімсіз жүргенді серілікке санайды. Бұл — серілік емес, селтеңбайлық. Жұқа киіммен жүргенді өздерінше сәнге жатқызады. Жігіттіктің белгісі деп біледі. Қыздар да қыста жұқа киінеді. Мұндай жастарға халық: «Сыпайы тоңбайды, қалтырайды», — деп ескертеді. Әсіресе, басты жалаңаштау, бас киімді жұқа кию келешекте өкіндіретін жағдай. Шынығып, шымырланамыз деп, киімнің жылуынан да сұлулығына ыңғай беру жас адамды өкінішке ұрындыруы кәдік.

«Бас қадіріңді» төмендетпеймін десең, алдымда не бар деп сақтан. Өзіңді жаман әдеттерден қалыс ұста. Жақсыға жақын жүр, жаманнан қашық жүр. Сонда сенің бас қадірің артады. Біреуге біреу риза болғанда: «Бас бітімі келіскен, маңдайы жарқырап тұрған азамат екен», - деп мағұрлануының астарында көп мән бар. Бас - жоғары орналасқан, демек, Аллаға жақын. Аллаға жақындық - табиғатқа жақындық, адамдарға жақындық. Керт басыңнан да жалпақ жұрттың амандығын ойласаң, адамша өмір сүруді мұрат тұтсаң, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренсең - бас қадірің артады. Бас қадірі артқан адамның ниеті мен пиғылы ақылмен сәулеленеді. Ойы байсалды келеді. Мұндай қадір-қасиетке ие адамды досы тұрмақ, дұшпаны да мойындап: «Басы бас-ақ, іші толған ақыл!» — деп шарасыз құптайды. Данышпан Абай: «Басыңда ми жоқ, көзіңде ой жоқ. Күлкішіл, кердең наданның...» — деп тіке бастағы мидың жоғына шүйлігеді. Алла — абзал, пендесін милы етіп жаратқан. Адамда бәрі бар, қабілет-қарымында шек жоқ. Соны орынды пайдалана алмаса, өзінен көрсін.

Бастағы миды қашыратын - ойсыздық. Ол неден көрініс табады? Күлкішіл, кердең келсе, бәлденгіш, кергіме болса, адал мен арамды ажырата алмайтын барып тұрған иісалмас болса: «бойда қайрат, ойда көз болмаса», «ақылсыз басқа бақырайған көз бітердің» кері болмағанда қайтеді?!

Билік тізгінін ұстағандарды «елбасы», «басшы» дейді. Сыйлы қонақтардың алдына қойылатын сыбағаны да «бас табақ» деп жатады. «Бас редактор», «бас маман», «бас қолбасшы», «бас хатшы»... дәрежесі де бастан бастау алған. «Басқа амандық, малға түгелдік берсін» деген бата да бастың амандығын ишаралайды. «Басың аман болсынға» өзіңнің керт басың, бала-шағаң сыйып тұр.

Таудың басына шықсаң, еңсең көтеріледі. Өзіңе тиесілі бас атың бәйгеден келсе, мәртебең биіктейді. Өнер жарысында,

өмір додасында, ғылым мен саясатта озғындасаң, бас жүлдені жеңіп аласың. «Көсем серке қойды бастайды, басқарушы елді бастайды». Бұлақтың да бастау көзі болады.

Байқап қарасақ, бәрі басқа байланысты екен. Баспен ойланып, әрнені ақыл сарабына саласың. Бас қадіріңді кетірмеу өзіңе байланысты. Дос-жаранға міндетсуден пайда жоқ. Андысқанмен алысып, кектескенмен тартысып, қастасыңмен майдандаса берсең, көрінген қызылға жүгірсең, пайдаға бола жаныңды жалдап жіберсең, өзім білемдікке салынып, өзгенің артықшылығын көре алмасаң, кім көрінгенге сенімсіздік көрсетіп, жанның бәрін дұшпан көрсең - онда басыңа пәле тілегенің. Басымды сақтаймын десең, өзімшіл болма, көпшіл бол. Баршаға бауырмалдық көрсет. Көп асауға құныққа. Көп асаймын деп, боқ асап қалсаң - басыңның қайда қалғанын да білмей, дауға ұрынасың. Құдай бетін аулақ қылсын, істі болып, заңның құрығына ілігесің. Ойсыз болсаң, маубассың, ақылсыз болсаң, су мисың. Басқа пәле көп. «Пәледен қашық боламын десең, жақсылыққа асық бол» дейді атам қазақ. Ақыл айтқандық емес, ой салғаны...

Аяқ

Өмір сүрудің сәнді де мәнді, мағыналы болуы басқа байланысты. Баста ақыл бар. Ақылды адам пайымды келеді. Нені болсын ақыл сарабына салады. Саясатшыл келеді, әріден ойлайды. Болмашыға бордай үгітілетін босандыққа жоқ. Ашуын сабырға жеңдіреді. Сөйткенмен де, бас аяқсыз шаруа бітіре алмайды. Бас, бүгінше айтқанда, саясаткер болғанда, аяқ — дипломат /мәмілегер/, елгезек. Бастағы жоба-жоспарды жүзеге асыратын, ойлаған ойдан нәтиже шығаруға септесетін аяқ екен. Денені қозғалысқа келтіріп, күнкөріс күйбеңінде бейнет көретін де сол. Ата-бабаларымыз «екі қолды қамшы қылып, екі аяқты ат қылып» бейнеттеніп жүріп ұрпақтарын жеткізіп кеткен. Елгезек аяққа нұсқау көрсетіп, бағыт сілтейтін біреу болуға тиісті де емес пе. Ол, әрине, бас. «Ақылсыз бас екі аяққа дамыл бермес» дейді халық. Гәп баста болғаны. Сөйткенмен де, дегбірсіздеу, дәйексіз аяқ жай жүрсін бе, шалыс кетіп, қателікке ұрынады. «Кезеген аяқ боқ басар» деген нақылға еріксіз тоқтайсың. Аяқ та сау сиырдың боғы емес. Тым ұшқалақтанып кетеді. Содан да «Аяғы жаман төрді былғайдының» керіне ұшырайды.

Бала қаз тұрады. Тәй-тәй басады. Тұсауы кесіледі. Ата-ана баласының тұсауын ырымдап, елгезек, шаруақор адамға

кестіреді. Балам өскенде пысық болсын дегені. Балаға әркез «сенің тұсауынды көкем үйінің келініне кестіргенбіз» деп отырады. «Сен де сол көкем үйіндегі келіндей шаруақор бол» деп есіне салады.

Халық зердесінде мынадай сөз бар: «Бала жетіге дейін жерден таяқ жейді, өсе келе елден таяқ жейді». Үміт еткен өркеніміз әңгүдік, ақымақ болып шықса, жүріс-тұрысы сөлекет, долпыаяқтау келсе, жатыпішер жалқау болса, елден таяқ жемегенде қайтеді?! Ненің болсын аяғы бар. Жанды-жансыздың да бастауы мен аяғы болады. Бастаған жұмысты орта жолда қалдырмай, аяқтауың керек. Ауыздағы сөз аяқсыз қалса, ол да жаман ырым нышанасы.

Бас ақылдың ұясы болуымен қатар, адам мінезінің өлшеміне де жатады. Өмірге салғырт қарайтын бейжай адамды «маубас» дейді. Миына салмақ түсіргісі келмейтін жүрдім-бардымды «су ми» деп таңбалайды. Киген киімі, жүріс-тұрысы, аузындағы сезі үйлеспейтін есерсоқты «жынды бас» деп кекесе, бас бітімі келіспеген, мінезі тұрақсыз адамды «ешкі бас», «шақша бас» деп мінеген.

Жас адамның жүріс-тұрысына халық сын көзбен қарайды. Елім деп еңіреп, халқым деп аңырап басын бәйгеге тіккен біртуар қаһармандарға қарата: «Жақсы ат аяғынан қалады», - деп іш тартады. Барша қажыр-қайратын ел мүддесіне арнаған азаматтың сүрінгеніне кешіріммен қарап, ондай қайраткердің жұқарған кезінде қолтығынан демеген. Жақсы аттың сүрінісі - жақсы адамның сүрінісі есепті. Мәстек пен шобыр да сүрінеді. Қарақан басына бола дүниені обып жұтып қоюға бар ашкөз, тойымсыздарға да зауал бар. Ондайларға халық: «Жүйрік сүрінсе, жүрісі түзелер, мәстек сүрінсе, жалы күзелер», - деп тоқетерін бір-ақ айтады. Жақсы аттың сүрінгені жақсы адамға меңзелгені. Қателігінен қорытынды шығарып, ендігі жерде жаза баспай мінін түзеуге тырысады. Кеудесі бітеу өркөкіректің сүрінісі қайтып оңалмас қасіретке душар етеді. «Жалы күзелер» дегені — аяғы кеткен мәстектің соғымға жіберілгені.

Тіршілік — қозғалыстар үйлесімі. Қозғалыста үйлесім болмаған жағдайда, сүрініс пен жығылыс килігеді адамға. Сүрініп жығылғанды ар көретіндер жалтарай-бұлтарайға басады. С у - жұқпас қуларды «алаяқ» деп шенейміз.

Аяқ — елгезек. Сол себептен оған сөз ереді. Данагөй абыздар: «Қисық жүріп сан шатаққа ұрындым, өле ішіп сор батпаққа жығылдым, аусарлықпен жат қақпаға бұрылдым, жол күнәмді кешіре гөр, Жаратқан!» — деп саналы тәубеге барады.

Аяқ кісіні сауапты да, сауапсыз да жолға бастайды. Күнәға батырады. Бұл - өмір заңы. Аяқ - қозғалысқа дәнекер. Бейнеткор барып тұрған. Керек десеңіз, басты алып жүретін де сол. Жұмырбасты пендені бақыт жолына бастайтын, сапарға алып шығатын да аяқ. «Дау қуған пәлеге жолығады, жол қуған қазынаға жолығады». Қазына-байлық, жан байлығына да дәнекер - екі аяқ. Елгезек те еңбекқор, тынымсыз бейнеткор аяқты да аялап, жылы ұстау керек.

Біз де бала болдық, жас болдық. Соғыстан кейінгі жылдары жоқшылықты көрдік. Қонышы жасанды етікпен жүрдік. Шешеміз киізден байпақ жасап, етікке сұғыстырып беретін. Оны кигенді ар көретіндер, тоңбай, қалтырайтын. Ұлтарақты күн сайын пешке кептіріп ки деп құлағымызды жейтін. Ұлтараққа байланысты халықтық аңыздар қаншама. Шешелеріміз үйге келген қонақтың аяқ киімі мен ұлтарағын пешке жайып кептіруді міндет санайтын. Оған арланбайтын. Ұлттық аяқ киім түрлері қазақ даласының ауа райына орайластырылып жасалынған. Қара саннан келетін былғары етікке киіз байпақ сұғыстырып киюдің өзі бір ғанибет. Пима суыққа бермейді. Аяқтан өткен ызғар алдымен жіліншігіне шабады. Беліне ұялап, сегізкөзіңді зақымдайды. Белдің құяң /радикулит/ ауруы, көбінесе, суықтан болады. Бүйрекке залал келтіреді. Нерв /жүйке/ талшықтарын әлсіретіп, ойлау қабілетіңді шабандатады. Жұмыс істеу қабілетіңді /ой еңбегін/ азайтады. Денедегі қуатты алып түсіп, қан айналысыңды баяулатады. Сұрқыңды қашырады. Бозарып тоңу денені әлсіздікке душар етіп, ішкі ағзаңды зақымдайды. Бойды суыққа көп алдырудың салдары жас ұлғая келе кісіні аурушаңдыққа душар етеді. Сүйек құрт, буын аурулары /ревматизм/, өкпе сырқаты бойды жылы ұстамаудан өршиді.

Бастан басталған әңгімені аяқпен бітірейік. «Жатқанға жан жуымайды, жүргенге жөргем /пайда/ оралады». Аяққа дененің барша мүшелері тәуелді. Аяқ өзімдікі екен деп «кезеген аяқ боқ басардың» керімен не болса соған ұрына берудің де қисыны келмейді.Абайша айтқанда: «Бір-ақ қарғып өтем деп, бір-ақ секіріп түсем деп, мертігеді де жатадының» керіне ұшырағандар күндердің күнінде аяқтан айырылады. Аяқтан айырылмайын десең, алдымда не бар деп сақтанып жүр. Алла тағала «сақтансаң, сақтаймын» деген.

Аяқ киімнің іш жағына салынатын төсеніші «ұлтарақ» делінеді. Ұлтарақты киіз, басқа да қалындау матадан сырып жасайды. Бала кезімізде шешелеріміз киізден ұлтарақ пішетін. Оны күн сайын жатарда пешке жаю міндет саналады. Қыздар

қырмызыдан ұлтарақ салдырған. Ұлтарақтың аяққа жұмсақ келуі қажет. Әрі табаннан ызғар өткізбеуге тиісті. Бүгіндегі аяқ киім ұлтарақтары тым жұқалаң. Ұлтарақты қалыңдатып, қолдан пішудің ерсілігі жоқ. Ұлтарақ ауызекі сөзде «мені ұлтарақтай көрмеді» деген мәтінде де айтыла береді. Халықта «жатар жеріміз ұлтарақтай ғана» деген де сөз бар. Жер бөлінісінде «ұлтарақтай жер тиді» деп қомсынады.

Бір кісінің екі әйелі болыпты. Бәйбішесі ерінің ұлтарағын пешке жайып кептірудің орнына аязды күндері далаға тастайды екен. Күндердің күнінде еркектің тегеуріні әлсіреп, кіші әйелінен суына бастайды. «Сенің құшағың тартпай жүр» деп тоқалына кінә артады. Отбасында көңілсіздік басталады. Төсектен қызу кетеді. Қартаң әйелдің құдайы жарылқайды. Жас тоқал алабұрта бастайды. Арты қайыр, бөйбішесінің амалын біліп қалған отағасы ұлтарағын кіші әйеліне міндеттейтін болыпты.

Әйелдер өзара сырласқанда «Отағасының қуатын арттыру өз қолымда. Ұлтарағын қалындатқан сайын ілhамі артады» дейді-міс. Жасыратын несі бар, төсек құштарлығынсыз ерлі-зайыптылардың татулығы мен ынтымағы бекімейді.

Қазақтың белгілі күйшісі Тоқа Шоңманұлы заманында сері болған адам. Сұлуда есесі кетпеген. Жетпіс жасына дейін желдіртіпті «желкүреңін». Сонда мұншалықты қуатты бойда қалай сақтадың деген тұрғыластарына: «Жайдақ атқа мінбедім, табанымнан ызғар өткізбедім», - деп жауап беріпті."

Қол

Сықырлаған сары аязда бірінші қол тоңады. Үсікке тез ұрынады. Соны жақсы білетін үлкендер биялайсыз жүрген жасты: «Осы неме жойдасыз сыпайы», — деп кекейді. Қолдың қасиетіне баға жетпейді. Содан да қолға байланысты ғибратты сөздер молынан. Педагогиканың тілімен айтқанда, қол ең тиімді көрнекі құрал. Үлгі-өнегеге бастау болатын он екі мүшенің аяқтан кейінгі ең елгезек, еңбекқоры. «Қолың қимылдаса, аузың қимылдайды» дейді халық. Ақындар ойлы жырды, көбінесе, қолдан өрбітеді. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ, қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай». «Әуелі махаббатты көз бастайды, білдіртпей ептеп қысып қол бастайды...»/Мағжан/, «Береген қолым алаған» /мақал/...

Қол — бейнетқор. «Күсті қол» делінеді. Еңбекке икемсіз, жатыпішер жалқауды халық «ақ саусақ» деп шенейді. Адамның күні — адаммен, біреуге біреу қолғабыс береді. Сүрінсең, қолтығыңнан демейді. Ауырғанда туыс-туған алақанын маңдайына басып аялайды. Бір-бірімізбен қол берісіп амандасамыз. Араздасқандар қол алысып татуласады. Жүкті қолдасып көтересің. Тілалғыш елгезекті «қолбала» дейді. Толып жатқан сөз қолдан өрбиді. Бәлкім, мың, одан да асып жығылады. Кілең орнықты да мағыналы сөздер. Ең дәнекерші тұрақты сөз тіркестері қолдан бастау алады. Біреуге біреу жәрдемдесіп, қол ұшын береді. Біреуге біреу арқа сүйеп, қол артады. Бітер іске қол соғып құрмет көрсетеді. Жомарт адамның қолы ашық келеді. Бір-біріне ынтық екі жас қол ұстасып кетеді. Жомарт адамдарды «қолы ашық» деп көтермелейміз. «Кедейдің қолы қысқа» келеді. Нағыз мәрт адам «қолымен істегенді мойнымен көтереді». Жігерлі азамат намысын қолдан бермейді. Кісі бітер іске жұмылғанда қолына түкіріпеді.

Адам — пенде, ет пен сүйектен жаралған. Алыспай-жұлыспай жүре алмайды. Дүниенің боғына бола бет жыртысады. Араздасып, кек куысады. Жаға жыртысып, жаулыққа басады. Билікке ұмтылғандар қара халыққа қиянат жасайды. Досын сатып, жолдасын мансұқтайды. Махаббат үшін майдандасып және сау басын саудаға салады. Нәпсісін тежей алмағандар суық қолын арудың аш беліне жүгіртіп, зорлыққа барады. Қораға түсіп қой ұрлайды. Арам пиғыл қара ниеттер қасы былай қалып, досының адалына қол салады. Қаныпезер қарақшы сұқ саусағымен мылтықтың шүріппесін басады. Жазықсыз жанды өлімге қияды. Қолдың сұғынбайтын жері жоқ. Тәубешілер «Сумаң қолым, көнбей қойдың еркіме, ұмсынады нені көрсе, серті ме? Қайт райдан, тәубеге кел, жер тіре, қол күнәмді кешіре гөр, Жаратқан!» деп жалбарынады Тәңірге.

Қолға сөз ереді. Еңбегі - еш, тұзы — сор. Сәл мүлт кеттің бе, «суық қол», «сумаң қол», «ұры қол», «кірлі қол» деп таңбалап, іске алғысыз қылады. Тентекке шүйілсе, «қол жұмсады» деп жазғырады. Кім көрінгеннің айдауында жүріп, көңілжықпас атанса, «қолжаулық болды» деп және кекейді. Қарау достан сырт беріп, жалтарсаң, қисынсыз жерде досынан қол үзді деп кінә тағады. Біреуге жәрдем қолын созса, «анаған қолшоқпар болды» дейтіні және бар. Біреуден жәрдем күтсе, «қол жайды, тіленші нағыз» дейтіні бар. Сәл босаңсыса, «қолынан боқ та келмейді» де іске алғысыз қылады. Ақындар да қолды кінәлауға бейім. «Түбінен үзгеннен соң суық қолмен, қалмай ма пәк жүзінде ызғар табы». Міне, қараңыз, қолдың қалай ұсталғанын. Гүлді үзгені үшін де оны «суық қол» деп жазғырады екенбіз. Халықта қолды күстәналай беруден де оны

қастер тұтып, мадақтау жағы басым түсіп жатады. «Қолыңмен істегенінді мойныңмен көтер» деп кінәнің бір ұшығын мойынға жапсырады. Халық тұжырымы - ішті. Қол жалғыз емес, оның да жәрдемшілері бар. Қолдың күші - білекте. Күштімен тіресу үшін білекті сыбанып, күреске түсесің.

Енді білектен қарға келейік. Қолдың шынтақтан жоғарғы иыққа жетер тұсын «қары» дейді. Қол мен білектің күштілігі қарымға телінеді. Қолы әлсіреп, білегі күшке шыдамағанда, «қарым талды, шаршадым» деп жатады. Қарының қарымды болуы білектегі бұлшық етке байланысты. Бұлшық ет — қуат пен күштің жиынтығы. Бұлшық еті бұлт-бұлт ойнаған азамат ұстасқанын тымақша лақтырады. Қолы қыжырлы адамды «білекті» дейді. Білекті болғанымен, жігіт адамда жүрек болмаса, оған мін. Қарыға байланысты халықта жақсы сөз бар: «Қарына тартпағанның қары сынсын». Жақынынан жырақтап, суықбауыр келетіндер болады. Сондайларға қарата айтылған. Қарыны да кінәлауға көштік. Иық та құр қалмас кемшіліктен. Дос-жаранмен иық түйістіріп, қатар жүресің. Жарыңмен бір көрпе астында иық түйістіріп жатасың. Ауыр жүкті өзгелермен бөлісе арқалап, иық талдырасың.

Кесек пішінді азаматты «мың адамнан иығы озық тұр» деп мағұрланады. Сұрқы қашып, жүдегендерді «иығына су кетті» деп төмендетеді. Біреуді біреу иектеп күш қылғанда «иыққа шығып алды» деп кекейді. Адам ентігіп, шаршағанда, ауырғанда «иығынан дем алады» дейді. Кедей-кепшік үстіне бірдеңе жапсырғанда «иығы бүтінделді» дейді. Біреуге біреу күш қылғанда «иықтасты» дейді.

Мойын

Иықтың бағасы орташа. Соншалықты бұзатарлыққа бара қоймайды. Бейнетқор. Жігіт мықты келсе, кейпінен ірілік байқалғаны. Әйел затына да иық жарасады. Келісті де көркем әйелді кермиық /дұрысы - кермеиық/ деп бағалайды. Иық пен басты жалғастыратын дәнекерші мойынның жүгі ауыр келеді. Бас пен қол, иық, көбінесе, кінәні мойынға аударып тастайды. «Қолыңмен істегенінді мойныңмен көтер» деп бұйырады. Кісі кінәлі болғанда да қателігін мойнына алады. Қылмысын мойындайды. Айыбын мойындаған адам «қылша мойным талша» деп жаңғырыққа мойнын тосады. Жаналқымда мойынга қыл тұзақ түседі. Дар ағашының алдында мойын тұрады ажалмен беттесіп. Дұшпанның қылышы боздақтардың қылша мойнын талша қияды. «Ез күнде өледі, ер бір-ақ өледі» деген уытты

сөзді халық Отаны үшін құрбан болғандарға, жаужүрек қаһармандарға қарата айтқан. Бүгінгі заманның ынжықтары сәл нәрседен шеккі көрсе, қиындық көрсе, мойнына тұзақ іліп, өле салады. Асылып өлгенді ерлік деп біледі. Мұндай қазаны халық «ит өлім» дейді. Жарық дүниеге келген екенсің, адамша өмір сүр, қиындықты қайткенде де жеңе біл. Өмір саған екі рет берілмейді. Адамның ұлылығының өзі өлетінін біле тұра қайғыға берілмей, азапқа алдырмай, арпалыса білуінде. Болмашы ілікті қиянатқа санап, араққа масайып, нашаға елітіп, асыла салуды Исламда «кәпір өлімі» деп, өз жанын өзі қиғандардың намазын шығартпайды.

Жаратушы ие адамды мінсіз етіп жаратқан. Мойынға ақылдың сарапшысы - басты қондырған. Иықтан жоғары тұрған басқа Алла Тағала барша дене мүшелерін бағындырған. Патшалық иесі - Бас. «Басында ми жоқ, көзінде ой жоқтар» алдымен өзінің он екі мүшесін қинайды. Әсіресе, мойынға обал. Сот алдында қылмыскер қылмысын мойнына алады. Мойындайды. Тән — жанға қонақ, жан — тәнге қонақ. Бірбірімен тығыз бірлікте болса, аз ғұмырда көп тарыға қоймайды. Әрі тарт та бері тарттан жан шаршайды, тән тозады.

Мойын - қастерлі мүше. Өнерде, ғылымда, қарапайым тірлікте «ақырын жүріп, анық басатындардың» өзгелерден мойны озық келеді. Ондай адамның атағы жақсы атымен, адал еңбегімен шығады. Нанын тауып жеуге икемсіздер, жалқаулар мойнына су құйылып, ұнжырғасы түсіп, көрер көзге жиіркеніш тудырады.

Көз

Көз көру мүшесі болумен қатар, адамның ішін танытатын, мінезін даралайтын, пиғыл-ниетін байқататын айна есепті. Үлкендер өсер жастың көзінен келешегін байқап, баға береді. «Көзі өткір екен мына баланың, болайын деп тұр» дегенін сан естідік. «Жанары таза екен, жаман адам болмас» деп түсі игі жасқа оң бағасын береді. Абай мінездеген «ит көрген, ешкі көзденген, елірме жынды сөзденгендер» де жетерлік.

Халық педагогикасы жас ұрпаққа тәлім-тәрбие сабақтарын жүргізгенде, өсиет-өнегені көзге байланыстырады. Өсер жас айналасындағы құбылыстарды көру арқылы, үлкен-кішінің өнегелі істеріне көз жеткізу арқылы санасын саралайды. Ақыл-ойын шыңдайды, өмірге көзқарасын қалыптастырады. Әке мен шеше, бірінші кезекте, балаға «көзіңе қарасаңшы!» дегенді дәйімі ескертумен болады. Осы бір қарабайыр

сөздің мағынасы тереңде жатыр. «Көзіңе қара» деген балаға ескертудің екі жағы бар. Дәйексіздігін ескертумен қатар, көзі бола тұра «көрмейтіндердің» тобына қосылып жүрме дегені. Көзі бола тұра «көрмейтіндерді» халық «көрсоқыр» дейді. Көрсоқырда да көз бар. Алайда, оның көретіні ылғи жаманшылық істер. Кісінің бер жағын ғана көріп, ішіне үңілмейді. Сенің арғы жағыңды, ішіңді тануға жоқ. Көкірек көзі бітеу, содан да ол көрсоқыр. Кісінің көкірек көзі қайтсе жетіледі? Ол сенің өмірден алған сабағыңа, ақыл-парасатыңа байланысты. Саған сабақ берушілер дұрыс ұқтыра алды ма негізгі тақырыпты? Өзіңде ынта болса ше?! Білмекке құмарлықты көрсеқызарлық әдетін жеңіп кетсе ше? Көзі ашық, сезімтал саналы жан көрсоқырлықтан қашады. Ондай азамат көзінің отын не болса соған шығындамайды. Әсемдікке, өнерге, ғылымға, еңбекке, табиғатқа ынтығып, оқу іздеп, ғылымға құмартып, талмай ізденіп, оқу-тоқуға жұмсайды көз жанарын. Ізденіспен көз майын тауысады. Көкірек көзі бітеу көрсеқызарлар көрінген қызылға көзін сатып, әлекке түседі. Көңілі алып-ұшпа ондай орнықсыздарға: «Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, лапылдап көрсеқызар нәпсіге ерме» деп Абайдың ескертуінде гәп бар. Көзсіз көбелектер бүгінде жетерлік. Ондайлар нәпсінің құлы. Нағыз арлы жан «бет көрсе жүз ұялардың» аясынан шықпай, «көргеннен көз ақы алатын» желкөкірек әсіреқызылдардан бойын аулақ ұстайды. Көрсеқызар желөкпе қызғанышқа қол артса ше? Онда ол көреалмастықтың батпағына батады. Күншілдікпен дерттенген ол барабара зұлымдыққа құрық береді. Кім көрінгенге көз алартып, өштігін иттікке жеңдіреді. Қастасқанды шөпше жапырып, көзіне көк шыбын үймелетеді. Өлтіріп тынады. Құдайын ұмыткандар қасы тұрмақ жан аяспас досын да көзге ілмей кетеді. Онымен не бітті? Қысқа ғұмырды рәсуа қылғаннан пайда бар ма?! Бір есептен иттікке көз кінәлі. Өйткені, тойымсыз. Көрінгеннен көз ақы алуға жаны құмар. Көзі түскен жылтырақты иемденуге құмар. Сөйткен тойымсыз пенде көрге түсіп, көзіне көр топырақ енгенде ғана тыншиды. Ондайлар тіршілікте көргеннің үстіне көре берсем, көргенді іліп түсе берсем деп өзеурейді. Көзде де қанағат болады. Жүрегі кең, тәрбиелі, көкірек көзі ашық ынсапты адамдар көрінген жылтыраққа көз сатқан әсіре құмарлықтан бойын аулақ ұстап, көргеңділік танытады. Тәрбиелі жасты дана шалдар «көргенді» деп іш тартады. Ел көрген, көпшілікпен араласқан жас тез есейеді. Шыңдалып, шымырлану деп соны айтады. Бүгінде қазақ жастары шет елден білім алып, басқа жұрттардың озғын

жаңалығын үйреніп жүр. Шетке кеткен жас өз тілін, дәстүр-салтын ұмытады деп ұшқары пікірге кетіп жатамыз. Саналы — қайда да саналы. Санасызға бәрібір, он жерден өмір көргенмен, дүниенің түкпір-түкпірін сүзіп шаққанымен, көкірек көзі ашылмаса, мәңгүрт болып шығады.

Көз — жалғанның жарығы. Сол жарық та бір күні жалп етіп сөнеді. Қара түнекке жұтылады. Қазақтың арқалы ақыны Қасым Аманжолов:

Екі көз - екі шырақ маңдайдағы,
Көруші ең құбылысты қай-қайдағы.
Япырм-ай, сен де бір күн сөнермісің?!
Қап-қара түнек болып маңайдағы... -

деп арман қылмай ма.

Арғын ішінде қаракесек, оның ішінде қояныштағай /Қояншы-Таңай/ Қақпан ақын былайша зар төккен:

Қақпан ақын атандым бала жастан,
Жүйрікпін шығанақтан шыға шапқан.
Әулие жеті жаста көзімді алып
Атандым сол себептен соқыр Қақпан.

Ақ шабақ су ішінде тоңбайды екен,
Айырылған екі көзден оңбайды екен.
Күніне жүзді беріп, мынды алсаң да,
Жалғанның жарығындай болмайды екен...

Ауылдың үлкені жолдан оралғанда: «Естігенімді айтайын ба, әлде көргенімді айтайын ба?» — деп жатады. Сонда арналы жігіт ағасы: «Естігенде қоспа болады, көргеніңізді айтыңыз», — дер еді. Көзден көргіш не бар. Көргеннің бәрін көйіте берсең, онда жыпықауыз, өсекші болып кетесің. Аузы ауыр, сыр сақтағыш адам жақсысын асырып, жаманын жасырып, ғибратты болатын жағдаятты тілге тиек етеді. Көңілге дік салып, жүректі шіміркеңдіретін қолайсыз жағдайды ішіне бүгеді.

Құранның «Әнфал» сүресінің 179-аятында: «Рас, тозақ үшін де көптеген жын, адамдар жараттық. Олардың жүректері бар, алайда, олар онымен түсінбейді. Көздері бар, онымен көрмейді. Және олардың құлақтары бар, ол арқылы естімейді. Олар хайуан тәрізді, тіпті одан әрі адасуда. Міне, солар мүлде кәпірсіздер...» - делінеді /Құран Кәрім. Халифа Алтай аудармасы, 1999 ж./

Күнәнің денін әр нәрсені көру арқылы, жамандыққа бой үйрету арқылы жасайды екенбіз, жүрекке жапсырады екенбіз. Шынайы діндар содан да: «Не сұмдықты шыққыр көзбен

өткердім, көріп алып жау тіледім, кектендім. Көргіштерден қиянатты көп көрдім, көз күнәмді кешіре гөр, Жаратқан!» — деп Аллага жалбарынады.

Құлақ

Құран — бас кітап. Оның кәусарына адамзат баласы шөліркеумен келеді. Оған шөл қандырғанда пенде қуаттанады. Жан сарайы тазарып, құлағы ашылады. Құранның әр аяты - даналық. Көзіміз бар, бірақ көрмейміз. Жүрегіміз бар /бұл арада сана/, онымен түсінбейді екенбіз. Және де құлағымыз бар, онымен естімейді екенбіз.

Нені? Алланың сөзін. Жаратқан иенің Құран арқылы бізге жеткен сөзін естімеген пендеге не шара? Бас кітап - Құран адамзат адасуда деп дөп түседі. Расында, тура жолмен жүріп бара жатырмыз деп қалай айтамыз? Адасудамыз. «Су анасы - бұлақ, сөз анасы - құлақ» делінеді. «Сөздің анасы - құлақ» деудің қисыны бар ма? Оған да халық даналығы жауап табады. «Иесі жоқ жер жетім, тыңдаушысы жоқ сөз жетім». Ауыздан шыққан сөз құлаққа жетпесе, ешкім құлақ қойып тыңдамаса, сөз — жетім баланың күйін кешпегенде қайтеді?!

Адамның бір міні — сөз ұқпайтындығы. «Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетеді. Құйма құлаққа айтсаң, құйып алады» дейді сыншылдар. Ақпа құлақтарға назаланған Абай: «Есіл сөзім қор болды-ау тобықтының езіне...» — деп таусылмай ма. Асқына торығып, шамырқанған ақын «ызалы жүрек, долы қол, не жазып кетсе жайы солға» басқанда, тобықтының езіне уытты сөзбен төнеді-ау. Әсіресе, «Сегіз аяғында» қазақтың мінезін жеріне жеткізе, таусыла сипаттайды. Әр өлеңінде даналық ой бар. «Егер түзу көрінсе, ойлап-ойлап құлаққа іл» деп те үгіттейді қалың елі қазағын. «Салсын құлақ ұққандар, өрбі сөзім, өрбі енді» деп буырқанды. Ақын қара сөзінде: «Құлақ болмаса, не қаңғыр, не дауыс, жақсы үн, күй, ән — ешбірінен ләззаттанып, хабар алмас едік...» — деп құлақтың қасиетін дөп басады. «Құлақтан кіріп, бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй...» деп және тебіренеді. Әнді тыңдаушының әрқилы екенін айта түседі. «Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша, кейбіреу қояр құлақ ұққанынша...» деп те тыңдаушысын байыптылыққа шақырады. Тыңдар құлақты кілең жазғырмай: «Әннің де естісі бар, есері бар, тыңдаушының құлағын кесері бар....» — деп талғампаз тыңдарманға ой салады.

Құлақ құрышы қайтсе қанады? «Аңыз болған арман жыр, құлақ құрышы қанған жыр» үдесе ғана құлақ шері тарқамақшы. Құлақта да шер болғаны ғой. «Домбыра тартқаныңда шер тарқатар, насыбай атқаныңда ашу басар». Құлақ құрышы - шер тарқатып әңгімелесуден, ән-күй тыңдап, әсерленуден байсал тартады.

Өмірде олай болмай шығады. Осы күні тойға барсаң, құлақ тұндыратын даңғаза әуен, жастарды есалаңдыққа есіртіп, кәріні есінен тандырып, ығырыңды шығарады. Батыстан жеткен рок деп аталатын музыканың дендегені соншалық, жастар азғырынды даңғыраққа елітіп, құтырына жұлқынады. Мына бір мысал сұранады: «Музыканың адам ақыл-ойына ықпалын ғылыми деректерден молынан алуға болады. Неміс ғалымы профессор Г. Раух мынадай пікір айтады: «Көңіл көтеретін кейбір музыканың түрлері /рок/ адамның жүйке тамырын шектен тыс қоздырып, мидағы өмірден жиған ақпараттық қорды «жойып жіберетін» стресс-гормон затын бөліп шығарады...» — дейді. Рок музыканың кері әсерін тереңдете зерттеген американдық ғалым Ден Вагнердің айтуы бойынша, дельфиндер классикалық музыканы ұнатады, тіпті олардың сүйікті композиторлары да бар. Бахтың құдіретті акордтарын тыңдаумен олар адамдарға жақындай түседі. Керісінше, рок музыка дельфиндерді біржолата естен айырып, берекесін алады екен. Ал швед Ларс Кнутсонның мәлімдеуіне қарағанда, көп жылдан бері өзі зерттеп жүрген шошқалар тек рөк музыкасын ғана ұнататын көрінеді. «Олар дельфиндер сияқты емес, классикалық музыканы өте жек көреді. Бетховен, Бахтарды тыңдатқан кезде шыдай алмай, төбелес шығарады» деп жазады...» (Әмина Нұғыман «Қазақтың әншілік дәстүрі»).

Шамадан тыс дыбыс адамның жүйкесін жұқартып, сезім мүшелерін, оның ішінде құлақты зақымдайды. Музыка дыбыстары бейпілденіп, өткінші арзан әуенге молыққанда, бір сәттік көңіл күйге құрылған дыбыстар дендейді. Жеңілтек әуеннің етек алып кеткенін көріп, дағдарасың. «Баланы жастан» деген халықтық қағиданы берік ұстанып, эстетикалық тәрбиені отбасынан бастасақ, кәнеки?! Атақты жазушы Бернард Шоудан ақыл сұрай келген бір жас ана: «Шоу мырза, айтыңызшы, балама неше жастан бастап тәрбие беруім керек?» — деп сұрағанда, жазушы: «Балаңыздың дүниеге келгеніне қанша болды?» — деп сұрапты. «Баламның туғанына бір жеті болды» деген анаға Шоу: «Балаңызға тәрбие беруге бір апта кешіккен екенсіз», — деген екен.

Отбасылық тәрбиеге, бірінші кезекте, құлақ жұмылдырылады. Ол сезім мүшелерінің ең елгезегі. Бала естігенін ұмытпайды. Бала кезімізде үлкендер еркекше сөйлегенде /қалжың-

дасқанда/ баланы тәтті беріп алдап, сыртқа шығартып жіберетін. Әсіресе, қыз баланың көзінше анайы қалжыңға әсте бармайды үлкендер.

Құлақ сенің жаныңа қонақ. Аз күндік тіршілікте жаныңмен бірлесе өмір сүреді. Естігенін санаңа, жүрегіңе жеткізеді. Құлақ шыншыл келеді. Содан да «Естіген құлақта жазық жоқ» деп халық құлақтың сақкұлақтығына кешіріммен қарайды. Сонда адамның азғындауына, қисық жолға түсуіне кім кінәлі? Құлақта жазық жоқ екен. Ол сәл-пәл тосаңсып, есту қабілетін азайтты ма, керең, саңырау, миғұла, кеще деп құлағы тосаңдарды неше қилы атаққа ұшыратамыз. Дегенмен де, құлақ мақтаудан шет қалмайды. Сақкұлақ, құймақұлақ деп көтермелейді. Артынша «ол барып тұрған акпақұлақ, қанша айтсаң да құлағына ілмейді» деп қол сермейміз.

Құлаққа да тәрбие керек. Тыйым керек. Саналы адам не болса соған құлақ түріп, дыбыс аулаған жаман әдеттен өзін аулақ ұстайды. Әр естіген жағымсыз сөз жүйкені жұқартады. Қанның қысымын көтеріп, жүрегіңді соқтырады. «Тұла бойында бір міні жоқ» пенделер өзгені қаралауға әуес. Іші тар жыбырлақтар мен сыбырлақтар біреуді біреуге атыстырып, айтар сөзін жәдігөйлікпен сыбырлап жеткізеді. Саған дос болғансып, басқаның сөзін «жылан сыбырмен» көйітеді. Сені еліктіріп, досыңа айдап салады.

Ең таза дыбыс — табиғаттың үні. Бұлақтың сыңғыры, жапырақтың сыбдыры, құстардың мың құбылта сайрағаны саған тыныс бермей ме. Бәрінен де сәбидің уілі мен ананың айналып толғанғанына не жетсін. Сұлудың күлкісі, құрбы-құрдастың бейбіт қалжыңы, дос-жараның базынасы, ұстаздың ұлағатты сөзі қандай! Солардың мерейлі де мейірімге толы жүрек лүпілі сені бір көтеріп тастамай ма. Үнемі сыбыс-сыбырға құлақ тосқан адамның санасы қарайып кетуі кәдік. Олай болса, құлақты да аяйық. Оны жазғырғаннан түк шықпайды. Гәп санада.

Мұрын

Адам ағзасы тығыз бірлікте. Мұрныңыздан дым білінсе, дереу қолыңыз жүгіреді. Көзіңізді кірпіктеріңіз қорғайды. Мұрын жағымсыз жат иісті сезіп, көзге түртікі салады. Көз құлақты, құлақ тілді түртеді. Тіл сөзге келіп, қауіп-қатерді дүйім жұртқа жариялайды.

Хөш, сонымен, мұрынға келейік. Оған қамқоршы қол екен. Суланса, сіңбіресің. Жыбырласа, орамал басасың.

Сөйткен мұрныңыз басқа дене мүшелеріне сес көрсетіп, мардымсиды кәдімгідей. Танау көтергіштейді, мұрын шүйіреді.

Қазақ отбасы, бірінші кезекте, баланы ынжық болудан сақтандырады. Ондай баланы «боқмұрын» деп әжуалайды құрбылары. Дегенмен, мұрын жанға жақын. Адам жанталасқанда, жанына қатер төнгенде жаны мұрнының ұшына келеді екен. Мұрын жан тазалығына да, тән тазалығына да септесіп, мінсіз қызмет көрсетеді.

Мұрынның қасиетін Абай былайша сипаттайды: «Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді...» — дейді қара сөзінде. Нәш айтылған. Біз иісті табиғаттан аламыз. Сандаған өсімдіктің хош иісі ауаға таралып, мұрын арқылы кеудемізге құйылады. Көңіл күйімізді көтеріп, жан сарайымызды ашады. Сонымен, Абай айтқан «жақсы иісті» таратып көрелік. Ол, бірінші кезекте, ананың иісі, ақ мамасынан шыққан ана сүтінің иісі. Қазақ үшін кәдімгі көктемгі уыз қымыздан өткен, оның иісінен өткен не бар?! Жүздеген өскіннің әсиясы бие сүті арқылы саған жетеді. Оң-солынды танып, бозбала жасына жеттің, қызға қырындадың. Ақыр соңында табыстың бір қиық қаспен. Бір көрпе астында денеңе денесі тиіп, жар төсегін қызықтайсың. Сондағы сені мас қылатын не? Сүйген жардың иісі. Ақ тамағына тұмсығыңды жұғыстырып, құныға иіскегенде, жан-жайлауының төріне бір-ақ шығасың. Абайдың «жақсы иіске ғашық болмағы» осы. Бозбала сұлуға ынтыққанда: «Бір менен екі де бар үшке дейін, көтерші ақ тамақты, иіскелейін» деп үздікпей ме. Махаббат пен ғадауатгы асқына дәріптеген Абай: «Иісің гүл аңқыған, нұрың күн шалқыған. Көргенде бой еріп, сүйегім балқыған...» - деп сұлудың иісін гүлдің жұпарына баламай ма.

Дәлелденген. Ана мен сүйген жардың иісі - табиғаттан таралатын мың сан хош иіспен бірдей (Шешем менің отыз жасымда қайтыс болды. Әкем шешемнен кейін бес жылдан соң дүниеден озды. Әке-шешемнің киімдерін күні бүгінге дейін көзіндей көріп сақтап жүрміз. Олардың исі сіңген киімдерінің сақталуына елу жыл жолдас болған бәйбішем Бәтен Түсіпқызының зеректігі септесті).

Әке-шешенің, жардың иісінен кейінгі ең бір ғажайып иіс — сәбидікі. Бұл — жалғыз қазаққа ғана тиесілі ерекшелік емес. Бүтін дүниедегі барша қауым баланың балдай тәттілігіне ден қояды. Дүниеде сәбидің иісінен артық иіс, сірә, жоқ-ау!

Жағымды иіс мың сан. Соған қоса жағымсыз иіс те жетерлік. Сол сандаған иісті мұрын ғана айырады. Соншалық-

ты сезімтал мұрынды да жазғырамыз-ау! Сасық иіс қолқаңды қауып, жүрегіңді айнытады. Соны төзімділікпен мұрын байғұс көтереді.

Адамды өсіретін де, өшіретін де иіс. Сандаған иіс жұпары көкірегіңе құйылғанда, тәнің сауығып, жаның сергиді. Жаман иіс тәніңмен қоса жаныңды да тітіркентіп, тұншықтырады. Өлтіре жаздайды. Иіс — тіршіліктің мәні мен сәні. Мұрынға жеткен жағымсыз иісті кетірудің түрлі жолдары бар. Химия көмекке келеді. Жұпар сабынмен жуынып, үстіңе әтір себесің.

Алайда, ішкі дүниеңнің сасығын, сасық пиғылынды, сасық мінезіңді қалайша түзерсің?! Арам ой, қулық пен сұмдық, надандық пен топастық, тойымсыздық, көреалмастық тәрізді сасық пиғылдарға нендей тосқауыл бар? Абай айтқан «кей сасық миларға» қандай қайран болмақшы? «Адам бір боқ, көтерген боқтың қабы, боқтан сасық боласың өлсең-дағы...» деп ақынның меңзегені санадағы тосаңдық шығар-ау.

Мұрынға байланысты тәлімдік сөздер жетерлік: «Ат ерінді, ер мұрынды келер», «Мұрның барда бір сіңбіріп қал». Өнеріңді жетілдір, жарысқа қосылып, бағыңды сына дегені. Еңбекқор, елгезекті көпшілік: «Мұрнынан шаншылып жүр», — деп мүсіркейді. Жағдайы оңалған табыскерді «Мұрнынан есек құрты түсіп қалыпты» деп кекейтіндер де табылады. Көнпіс елпілдекті: «Мұрнын тескен тайлақтай», — деп мүсіркейміз. Паңсыңғанды «Мұрнын көкке көтерді» деп жақтырмаймыз. Ұйқышыл жалқауға «Мұрныңа жылдың иісі келді ме?» деп әзілдейтініміз сөкет емес. Көктемге қарай адам босаңсып, ұйқышыл болып алады. Сол себептен айтылған.

Ауыз

Егер сезім мүшелеріне тіл бітіп, бір-бірімен сөз таластыруға тура келсе, ауыз бәрін жеңіп кетер еді. Жұмырбасты пенденің ең ұлы қасиеті сөз — ауыздан шығады. Тағамды ішке ауыз қуысымен жеткіземіз. Және бұл шіркін, жан-жақты. Тіл мен көмей, таңдай мен ерін жұтқыншақ, өңеш, тіс, бәрі-бәрі ауыздың көмекшілері. Соларың да тойымсыз. Бұларды жинақтағанда, құлқын деуге келеді. Құлқында тойымдық әсте болмайды. Әкеле бер, бере бер, аузыңды жаппа, шайнап жұта берден келеді.

Құлқын жақсы атты көрініп, бар кінәні ауызға аудара салады. Ауыз да берісе қоймайды. Қызыл сөзді суша сапырады дейсің! Сондағы алатын алғысы: «Аузымен орақ орған өңшең

қиқым, мінекей, кетірді ғой елдің сиқын...» /Абай/. «Ауыз — дарбаза, сөз — самал, құдай ұрғанға не амал». Осыдан кейін ауызды қайтіп ақтарсың? Жалған достық «ауыз тамырлықтан шығады». «Ауызбастырық» пара беруге жатады. Сарандар ауыз байлық жасайды, аузын қу шөппен сүртеді. Аузына сөз тұрмайтындарды «аузы жеңіл», «қылауыз» дейміз. Сыбайлас жемқорлар пайда ойлағанда, бір-бірімен ауыз жаласып кетеді. Парақорлар мен жемқорлар аузын араңдай ашып, түйені түгімен, биені бүгімен қылғытады. Аузы-мұрны қисаймай жалған сөйлейтіндер қаншама. Сөзге құмарларды «ауыздыға сөз, аттылыға жол бермейді» дейтініміз және бар. Пәтуасыз мылжыңды «ауыз жаппады» деп кекейміз.

Дегенмен, ауызда да ұят бар, иман бар. «Ауыз баққан бай болады» дейді қазақ атам. Түсінікті-ау. Сол ауыз баққан үндемесіңіз ішмерез /арамдығын ішіне сақтайтын/ арам болып шықса ше?

«Аузын ашса жүрегі көрінетін» ақкөңілдер де баршылық. Ұяты барлар әдепсіздіктен, біреуді жамандаудан тартынады. Ғайбат /әсек/ сөзден тартынады. Пенде баласы қателеседі, аяғын шалыс басады. «Аузы күйген үрлеп ішеді» деген мақал содан қалған. Жақсының аты ауыздан ауызға тарайды. Үйден құр ауыз шықпай дәм тату жақсылықтың жоралғысы. Ауыз бірлік-ынтымақ пен татулықтың ұйытқысы. Дәмді астың иісі мұрынға келгенде, аузыңның суы құриды. Кейде ауызды арандай ашып, тойымсыздық көрсететініміз бар. Біреу сасқалақтап қалғанда, аузына сөз салатынымыз да жақсы қасиет. Момындық, көп жағдайда, ұтысқа шыға бермейді. «Аузын буған өгіздей» мыңқиып отыра берсең, дұшпаныңды басқа шығарып аласың. Шындықты бетке айтсаң, қарсыласыңның аузы жабылады.

Ең мағыналы өлең — бір ауыз өлең. Шешен тілмарларды «от ауызды, орақ тілді» дейтініміз де тапқырлық. Сүйкімді баланы, қызды «үріп ауызға салғандай» деп ризалық білдіреміз. Сөзі жұғымды, ойы кең ата-баба дәстүрін ұстанған көне көздердің /ақсақалдардың/ аузының дуасы болады. Дуалы ауыздар бүгінде шет қалды. Оларды пайдакүнемдер, дүниеқоңыздар, аран ауыз қомағайлар, атаққұмарлар еңсеріп барады. Май ауыздар да бар, өз құлқынын ойлаудан басқада жұмысы жоқ. Кім айтса соған илігетін майысқақтығы және бар. Өзіндік беті жоқ. «Май ауыздарды» халық жек көреді.

Өмір — өткінші. Біреуден біреу сөзден ұтылғанда: «Аузына құм құйылды» деп жатамыз. Ауызға құм өлгенде, көр топырағы кеудеңді басқанда құйылады. Құранда айтылған. Аузыңа

ие бол дейді. Ауыз байлық, ауыз мырзалық кісіні қасиеттен айырады. Пәле-жәлеге үйірлік, сыбыс-сыбырға құлақ төсеген сөз аңдығыштық ұсақ мінезділікке ұрындырады.

Ауызды құртатын — өсек. Өсек өрттен де жаман. Пәленің басы пыш-пыш сөзден басталып, бара-бара өртке айналады. «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды». Өрт емей не? Аузы жамандардың елді былғайтыны — қаңқу сөзге құмарлық. «Ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман». Бөріні қойшы-қолаң «жаман ауыз» деп атайды. Түйін мынау — «Жақсы адам сөйлесе, аузынан гүл төгіледі, жаман адам сөйлесе, аузынан жын төгіледі». «Екі елі ауызға бір елі қақпақ». «Ақыл — ауыздан, мерей — көзден» дегендегі аңғарымда астар бар. Көзбен мерейлесіп, ауыздан шыққан ақылды сөзбен білік-біліміңді молықтырасың.

Ерін

Ерінді сөз еткенде осы сөздің жасалымына фразеологиялық мәніне күдік келтіресің. Ауыздың «ер, маған ілес» дегенінен шыққан ба? Ауыз ашылып-жабылған сайын ерін демесіндіктен таңбайды. Дамыл жоқ оңда. Содан да титықтап шаршаған соң, еріншектеп, өз міндетін атқарудан жалтаратын болуға тиісті. Еріну, бәлдену деген мағынаға да жуықтайды. Ондайда «ернімен емеуріндеді» делінбей ме. Емеуріндемегенде қайтеді, жыпық ауыздар ерінге дамылдық берсін бе. Сүйрең тілді де ерінге күн көрсетпейді. Жыпық ауыздар ерні ерніне тимей өсектің отын үрлегенде, еріннің жайы қайдан болсын?! Жалқауланса тағы пәлеге қалады. «Салпы ерін» деп тұқырта-ды. Сөзге үйір келсе, «шұртік ерін» деп таңбалайды. Біреуді жақтырмай, керги қалса, ернін шығарғаны несі деп қисынсыз жала жабады. Әйел заты боянғанда, «қызыл ерін» деп және өсекке таңады.

Дегенмен, қазақ атамыз ерінге байланысты тәрбиелік мәні бар сөзді жас өскіннің құлағына сіңіре білген ғой. Ерін — дәне-кер, мейірімге үгіттейді адамдарды. Жігіт қызға ынтыққанда: «Дегенде ала құнан, ала құнан. Қалқаның жел соғады балағы-нан. Суға түскен шортандай шолп-шолп етіп, қыздардың сүйер ме едім тамағынан...» — деп шалқымай ма.

Сұлуға ұрынған жігіттің халін Шәкәрім былай білдіреді:

Қолыңнан тартып,
Білегін артып,
Ақ тамақтан шөп етіп,

Тал бойың еріп,
Тіліңді беріп,
Сүлдерің қалар, ес кетіп...

/Жастық туралы/

Ғашықтардан ес кеткенде, ерінде ерік қалмайды екен. Ана баласын аймалайды, әке баласын сүйеді.

Кісіні бір-біріне үйірлестіріп, жүрегін жұмсартатын адам-шылық қасиеттің ең бір өтімдісі мейірім болса, сол мейірімділікті нығайтатын ерін екен. Адамдардың бір-біріне жақындасуы иіскесу арқылы, сүйісу арқылы бекиді. Сондағы бетке жұғысатын елгезек ерін емес пе.

Жалпы, сүйісуді атам қазақ жоққа шығармайды. Бірақ әсте-әсте. Сүйісуден сүйіспеншілік шыққан. Махаббат — ананың балаға, әкенің ұл-қызына, бауырдың ініге, достың жолда-сына мейірленіп жылы амандасуы, төс түйістіруі арқылы бекиді. Қазақ ғұрпында орынсыз жерде шөпілдесіп сүйісу ерсілікке жатады. Мұсылмандық тәртіп бойынша, мейлі, әкесі, әйтпесе, ағасы болсын, қыз баланы сүйіп жақсы көру орын-сыз. Керек десеңіз, күнәға батыратын оғаштық. Қызды әкесі немесе ағасы сағынып көріскенде, төбесінен иіскеп, әйтпесе, маңдайына ернін жұғыстырып, ишаралайды. Бауырына тартып өбектеу, кеудесіне басу сөкет емес.

Қазақ тәртібінде үлкендер ұстамды келген. Әдеп-ибаның шекарасын тең ұстаған. Еркек пен еркек төс түйістіріп аманда-сады. Онда да сағынып көріскенде. Күнде емес. Еркек пен әйелдің қол берісіп амандасуы, жұрттың көзінше құшақтасуы тәртіпке жатпайды. Батыстан келіп жеткен /американдық, еуро-палық/ демократияның бір көрінісі — жыныстық еркіндік. Көргені жаман әдепсіз жастар көшеде сүйісетінді шығарды. Жай ғана сүйіспей, бір-біріне жанығатынын қайтерсің?! Қазіргі жастардың амандасқандары да ерсі. Жалп-жалп құшақтасады.

Жыныстық еркіндікке ата-бабаларымыз жол бермеген. Қатты тыйым салған. Үйде қонақ жатқанда әйелімен жақын-дасқан еркекке ат-шапан айып төлеткен.

Ерінде жазық жоқ. Жазығы - сезгіштігі, оңтайлы келетіні. Ерін сөйткен күнде де жақсыатты бола алмайды. «Түртік ерін», «көнтек ерін» деп добалдығына бола бадырайта таңбаласақ, сұлудың қаймыжықтай ерніне және төнеміз. Әйел затын «қызыл ерін» деуіміз бүгінде артықтау. Ерні кезеріп тұрса, көгістеніп кетсе не болғаны?

Десек те, ерінді халқымыз мағыналы сөзге тиек еткен. «Елде болса — ерінге тиеді, жауда болса - тезегі тиеді» деген

мақал ішті. Абай: «Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма», — деп бәтуасыз көбік ауыздарды шенейді.

Ерін грамматикада /тіл ғылымында/ дыбыстардың дәнекершісі. Еріндік дыбыстар /әріптер/ жұмсақ һәм үнді әрі жіңішке келеді. Ерін айрықша сезімтал. Кісі қатты ойланғанда, бір нәрсеге көңілі толмағанда ернін жымқырады. Әлденеге кейігенде, ренжігенде ернін тістегіштейді. Адам тоңғанда ерні көгеріп сала береді. Мұңайғанда көгістенеді. Ішкі ызасы сыртқа лықсығанда дірілдейді.

Ерінді аяу керек. Жаратқан ие ерінді елгезек, сезімтал еткен. Артықшылық сыйлаған. Жан жарыңды ерніңмен өбесің. Сәбиіңді ерін арқылы сүйгіштейсің. Тәтті-дәмді тағам түрлерін ерінмен демесіндеп, аузыңа апарасың.Ерін тазалықтың, адамгершіліктің, мейірімділіктің қолдаушысы. Сондай-ақ адалдықтың дәнекері, пәктікке, тазалыққа құштар. Ащыдан жерінеді, арам астан тітіркенеді. Тәттіге тұшынады. Сезімге масайтады. Ләззатқа кенелдіреді. Ғашықтарға жеңгетай болады. Ерінді аяңыз. Құмарлыққа, тойымсыз ындынға дәніктіріп, қадірін кетірмеңіз. Еріннің де обал-сауабы бар.

Жүрек

Жүрекке байланысты әңгімені Құран сөзінен бастаған жөн: «Күдіксіз Ыбырайым /пайғамбар/ Раббына ынталы жүрекпен келген еді» Саффат сүресі, 8-аят. Одан әрі не болды?! Аллаға ынталы жүрекпен берілген Ибраһим /Ыбырайым/ түс көреді күндердің күнінде. Жаратушы ие оған аян беріп, жалғыз балаңды құрбандыққа шал дейді. Ибраһим көрген түсін Смайылға айтады. Баласы «Алланың әмірін орындаңыз» деп келісімін береді. Алла жолында қартайғанда көрген жалғыз ұлын құрбандыққа шалуға бекінеді. Неге бекінді? Өйткені, Ибраһим Аллаға ынталы жүрекпен берілген ғой. Құранда бар, шариғатта айтылған. Қиямет-қайымда тау қаңбақтай ұшып, тас бұршақтай жауып, жанды-жансыз сырат көпірден өтерде күнәсі мен сауабы таразыға түседі. Адамның он екі мүшесі жұмырбастының күнәсі мен сауабына айғақ болады екен. Көз көргенін, қол ұстағанын, аяқ лас жерді басқанын жасырмай айтады. Жалғыз-ақ жүрек үндемейді. Себебі неде? Жақсылық пен жамандық жүректен өтпей ме? Соның бәріне айғақ болып, айтып беру оған ауыр. Үндемейтіні содан шығар. Құдіреті күшті Ие жүректің үнсіздігіне кешіріммен қарап, оны аса тергемей, таразыдан өткізуге періштелерге пәрмен бермей ме. Күнәні бойына көп

жинаған жүрек ауыр тартса, адал да ақ жүрек жеңіл тартады екен. Содан да шынайы да шыншыл, ақжарқын, ақкөңіл, адамгершілігі мол жандарды «акжүрек» десек, қатігездік пен зұлымдықты көкірегіне сіңіргендерді «қара жүрек» дейміз.

Барша адами қасиет жүрекпен өлшенеді. Қызметі осыншама болғанда, денеге дәнекерлігі орасан. Күндіз-түні бір тынбай, лүп-лүп соғып, дене мүшелеріне қан жеткізіп тұратын еңбекқорлығына не жетеді. Тіршілікте тәніңе қуат беріп, қан айналысыңа мінсіз қызмет жасаса, қиямет-қайымда да адалдығынан жаңылмай, сені күнәдан қорғаштап, үнсіз тілекші болады. Онсыз да бейнетқор жүректі қинай беретініміз қалай?! Ар мен намыстың да тұғыры - жүрек. Махаббат пен достықтың жылы ұясы тағы сол. Қуаныш пен қайғы да жүректен өтеді. Содан да сөз ұсталары жүректі жыр етуден жалықпайды. Абай қиналғанда жүрегіне үңіледі. Жүрекке шағынады. «Жүрегім, ойбай, соқпа енді, бола берме тым күлкі. Көрмейсің бе, тоқта енді, кімге сенсең, сол шикі...», «Жетім қозы тасбауыр, түңілер де отығар. Сорлы жүрек мұнша ауыр, неге қатты соқтығар? Сенісерге жан таба алмай, сенделеді ит жүрек. Тірлікте бір қана алмай, бұл не деген тентірек?»

Абайдың қай өлеңін алсақ та, жүрекке соқпай кетпейді. Ұлылықтың өзі жүректе жатыр емес пе. Халық та мүлт жібермей дөп басады. Үлкендер кейбір ождансыздан түңілгенде «Жүрек жоқ онда» дейді. Жүрексіздік имансыздыққа жатады. Сыншыл қарттар менменсіген ісік кеудеге «Жүрегің өскен екен. Бұл бетінде көп кешікпей бір пәлеге ұрынарсың» деп налығанын сан естідік. «Жүзі жылы екен, жүрегі жұмсақ-ау осы баланың» деп өсер жастан үміт күтетіні тағы бар. Он төртінші қара сөзінде ақын былай дейді: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені - «батыр кісі» дегені. Онан басқа жүректің қасиетін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, оларға да болса игі, демек, бұлар - жүрек ісі. Асықтық та жүрек ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды...»

Бұл арада Абай, сөзі бір басқа, ісі бір басқа адамды нұсқайды. Айтып-айтып келеді де, былайша түйіндейді: «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады...»

Осы ойын ұлы шайыр өлеңде де бекітіп, мықтап шегелейді:

Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі - асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек болмас.

Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Достық, кастық, бар қызық жүрек ісі,
Ар-ұяттың бір ақыл күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса өзге қылық,
Арын, алқын — бұл күннің мәртебесі.

Осы екі ауыз өлең бір кітаптың жүгін көтеріп тұр. Абайды ой дариясы дейтініміз осыдан. Мұхит десек те болады. Жүрек - таразы. Адамгершілік өлшемі. Соның аялдамасы іспетті. Оған соқпай өтпейтін жан тебіренісінен туындаған сезім толқыныстары кемде-кем. Жақсылық пен жамандық та жүректен өтіп жатады. Қуансаң, жүрегің алып-ұшады. Жүректің рақымшылдығы керемет. Ол дос таппай тыншымайды. «Жүрегі жұмсақ, шын дос таппай тыншымас. Пайда, мақтан, бәрі тұл. Доссыз ауыз тұшымас»/Абай/.Жүректің сезімтадығы да ғажап. Сәл нәрсеге дір етеді. Жағымсыз іс жүрекке инеше қадалады. Қайғыдан жүрек қарс айырылады. Адамға жасалынған жаманшылық ізсіз кетпейді, жүрекке беріш болып байланады. Жүрек соншалықгы нәзік, қайғы-қасіретке төзе алмайды. «Боғаштың бойын өрт алды, жүректің басын дерт алды». Адамға жасаған қастандық, опасыздық жүректі қылыштай тіледі. Кісіні өлімге душар етеді. Сеніскен досқа «жүрегіңді сақта» дейтініміз осы себептен.

«Ойлану — кейде наркескен. Жүректі сара тіледі. Ойланбасаң жаның жай. Қысыла қында жүреді...» /Ілияс Жансүгіров/. Жүрек қартаяды екен. Біз де жүрегімізге мұң шағамыз. Өзіміздеи де бұрын оны аяймыз:

Жүрегім, бұлқынасың, бұның қалай?
Қисынсыз мезі еттім бе, тынымдамай.
Кеудемде сен тұрғанда дүрс-дүрс соғып,
Қамшы боп өрілмейді жырым қалай.

Қолыма құшырланып қалам алсам,
Сеніскен ескі досым, сенің арқаң!
Қояйық бақұлдасып, сыралғым-ау,
Қалармын қоштаса алмай тоқтап қалсаң.

Халқыма атандырып ақын, жырау,
Жетпістен мен бейбақты асырдың-ау.
Әлі де серіктесіп жүре тұршы,
Жазатын дастаным бар, ақылдым-ау!

Ғұмырды жебір уақыт жырымдаған,
Бұл да жөн, мезгілімен тынымдаған.

Өкпе

Бала кезімізден құлақта қалды. Үлкендер, әке-шешеміз «жылы киініп жүр, өкпеңе суық тиеді» деп көп айтатын. Суық сөз жүрекке қадалса, бойды қармаған ызғар өкпеге шабады. Өкпесі қабынбай, қолқа-жүрегі сырқатқа шалдықпаған жас балғын болып өседі. Өкпе жүрек тәрізді үнемі қозғалыста. Денеге ауа жеткізеді. Ағзаларға бір минут ауа бармай қалса, өлім сағатының жеткені. Жан тапсырған адамды «тынысы бітті» дейміз. Өкпе жүректен де нәзік. Денедегі қызметі орасан болғанымен, болбыр, босаң келеді. Суық тигіш келетіні содан. Сол себептен жігерсіз, өлі сүйек баланы «бозөкпе» деп жақтырмайды үлкендер. Жетімдік көріп жетілген жасты «тесік өкпе» деп мүсіркейміз. Реніштен, қайғыдан, ашу-ызадан жүрек өрекпісе, туласа, өкпе де сыр беріп, ауызға тығылады. Жүгіре-жүгіре өкпесі өшеді. Асығып, аптыққанда «өкпесін қолына алып» жетеді. Өкпеден «өкпеші» деген сөз туындаған. Тіршілік адамдардың бір-біріне деген ықылас-пейілімен, сый-құрметімен, алық-берік жасасқан аралас-құраластығымен мағыналы.

Дүние — дәнекер. Көңіл бір атым насыбайдан қалады. Дүниеге бола, болмашыға өкпелеп, сырт айналатындар бар. Ондайларды «өкпеші» дейді. Өкпешілдікті адамның жаратылыс қалыбынан /мінезінен/ деуге келе қоймайды. Өкпелеспейтін адам болмайды. Бұл — адамға тән үйреншікті дағды десек те болады. Кісіні кінәмшіл, кіді, құбылмалы, екіжүзді, өкпеші деп таңбалап, шетке шығарып тастағаныңмен, сондай мінез осалдықтарын өз бойыңнан да табасың. Өкпенің бір қосары — кінәмшілдік. Кінәмшіл адам не болса соған өкпелеп, кісіні ығыр қылады. Үлкендер «Үкіметке өкпелеген өзіне өкпелесін» деп отыратын. Біреуге кінә таққан адам алдымен өзіне қарасын. Өзін салсын тезге.

Өкпешілдіктің жұмсақтау түрі — наз. Бұл ұғымды өкпеге жуықтатып, «өкпе-наз» деп қосарлайды. Наз — жақсы мағынадағы өкпе түрі. Кісіні араздыққа ұрындыратын, бір-бірін көрместей түңілдіруге апарып соқтыратын өкпе кекке ұласып кетуі кәдік.

Тарихтан белгілі, халқымыздың біртуар азаматы Мәди Бәпиұлы әкесінің ағасы Қақабай болыспен бір тай /ат шығар/ үшін шығысқан ғой. Қақабайдың баласының астындағы тайды әлімжеттікпен тартып алып, мініп кеткен. Осыдан дау шыққан. Соңы қуғын-сүргінге ұласып, әкесінің ағасы Қақабай Мәдиді елден бездірген. Түрмеге отырғызған. «Қақабай Бөпименен бір туысқан, кеттік қой өле-өлгенше кек қуысқан...» деп келетін өлең жолдары сол даудан шыққан.

Өкпені болдырмаудың, оны ушықтырмаудың амалы — кешірімділік. «Білместі кешірмесең, білгендігің қайсысы?» дейді халық. Адам — пенде. Өкпе-араздық болмай тұрмайды. «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» деп жуып-шаяды халық. Теңгермешілік /бай да, кедей де/ Кеңес одағымен бірге кетті. Кең сахарада /далада/ қона түстеніп, емін-еркін қыдырыстайтын қонақжайлық бүгінгі күнкөріске /нарықтық қатынасқа/ үйлеспейді. Бұл қалай? «Өле жегенше, бөле женің» заманы өткені ме? Дәстүршіл қоғам (ақсақалдық, үлкендік, қонақжайлық, үлкеннің кішіге базынасы, ағаның ініге үстемдігі, асыра-шашпа мырзалық) енді біздің қолайымызға келмейді екен. Үйлеспейді екен. Сонда не істеуіміз керек? Біреуге біреу қарайласпасын ба? Мырзалар, қайырымды адамдар бүгінде бар, оларды бұзатын өзіміз. Ашпа-жалап сұрамшақтар, тілемсектер бұзады олардың көңіл күйлерін. Енді бір топ: «Сенде неге бар, бізде неге жоқ», — деп көрінеу қастыққа басады. Барды тонап, жылқысын ұрлап, банкке ұрлыққа түсіп, одан қалды байлардан алым сұрап, қарақшылық жолға түседі. Өкпе-араздық шектен шықпасын. Араздыққа шапса, кекке ұласып, адамшылық шекарасынан шығарып жібереді. Шынайы өкпе-базынадан аспасын. Назбен шектелсін. Өкпе сонда дәнекерлікке жүреді. Ағайынның, жолдастың, туыс-туғанның арасын ашатын өкпе арандатқыш келеді. Түптеп келгенде, қазақ халқы кең қолтық келген. Ұлтымызға тән қасиет: «Өкпеге қиса да, өлімге қимайды»!

Тіл мен тіс

Тіл — сезімтал мүше. Ауызға апарған тағамның дәмін тіл арқылы айырасың. Тілсіз дыбыс шықпайды ауыздан. Онсыз сөйлей алмайсың. Біреуге біреу кейігенде, сөзі өтіп кеткенде «тілің кесілсін» дейтіні бар. Тіс те өзгеше мәнге ие. Оның қызметі тілден де асып түседі. Ауыздағы сөзді анық етіп шығаратын тіс. Тісі жоқ адамның сөзі бұзылып, құлаққа жөндеп жетпейді. «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды». Тіс — адамның көркі әрі қаруы. Кәрілік жеткенде тіс кетіледі. «Бір жаман кәрілікте түссе тісің, ауыздан опырайып кетер пішін. Жасыңда оймақ ауыз сұлулардың, өзгертіп бұл кәрілік алар түсін...» /Шал ақын/.

Біреуге біреу кейігенде тісін қайрайды. Тістенеді. Үлкендер мұндай әдеттен жастарды сақтандырып, «тістенбей сөйле» деп ескертеді. Жуас адам ширап, қатарға іліге бастағанда,

көре алмастар «тісің шығайын деген екен» десе, ақындар: «Бұл заман азулы мен тістінікі», — деп қайрайды момындарды. Өмірлік тәжірибесі молыққандарды «тіс қаққан» деп көтермелейміз. Қазақ сөзі бейнелі келеді. Үндемеді, сөйлемеді дегенді «тіс жармады» деп тұспалдайды. Кәрі малдың, кәрі адамның тісі сарғайып тұрады. Үлкендер жастарға: «Ақ сақалды, сары тісті бол», — деп бата береді. Тіл мен жақ егіз. Жақ ашылмаса, тіл қозғалысқа келмейді. Тілмарсығандарды «тіл мен жаққа сүйенді» дейміз. «Жағың түспей жамандық көрме» деген батаны жастар түсіне қоймайды. Адам қартайғанда /жүзден асқанда/ жағы икемге келмей /жағы түсіп/, сөйлеуден қалады. Көп жасаны «жағың түспей жамандық көрме» деген астармен айтқан. «Жамандық көрме» дегені — «әбден қартай» дегені.

Бойға ана сүтімен даритын, Алланың әмірімен санада қорытылып, дәнекерлікке септесетін, жүрек сөзін ғашығыңа жеткізетін қасиетті сөзді бейнелеп «ана тілі» деп, ана атына балау басқа халықтарда жоқ. Қауіп сөйлемей тауып сөйлейтіндерге «тілінен майын тамызды» деп ризаланады атам қазақ. Біреумен біреу тіл табысып мәмілеге келеді. Жас бала сөйлей бастағанда «тілі шықты» деп қуанамыз. Тілашар кәдесін жасап, көрші-қолаңға дәм береміз. Бүгінде жедел хат /телеграмма/ делінетін хабарды ертеректе «тіл әкелді» деп айтатын-ды. Бала елгезек болса, «тілалғыш» деп мағұрланады ата-анасы. Айтқанға илікпейтін баланы «тілазар» деп жек кереді. Адам ауыр науқасқа ұшырағанда тілден қалады. Есін жиғанда «тілге келді» деп қуанысады жақын-жуығы. Таусыншақ ғұмыр мәреден озып, өзегі куыс пенде ажал табалдырығын аттарда «тіл аузын қойып» беті әрі қарайды. Істі болып қамаққа /түрмеге/ түскен жазалыны жақындары «тілдестірші» деп жалынады. Сөзі өткір адамды «тілі мірдің оғындай» дейді. Тілі ащы адамды «тілінің бізі бар» дейді. Біреуді іліп шалып, кекететіндерді «тілін сұғып алды» деп шарасыз мойындайды. Қарғыстың жаманы: «Тіліңді тәңір кессін!», «Тіліңе тікенек кірсін!», «Тіл — тас жарады, тас жармаса, бас жарады». Тілдің қасиетін кетіріп, қадірін түсіретін өзіміз. Азғырыңды шақпайлар біреуді біреуге айдап салады, шағыстырып, араздастырып қояды. Тіл табысып жүрген де мерей. Осы күні жас та, кәрі де жүрек талмасы — инфаркке ұшырап жатады. Жүректі жаралаушылардың әрекеті бұл. «Жылан тілді», «қан тілді» дейді ондайларды.

Құранда, пайғамбар хадистерінде тілге байланысты ғибратты сөз көп кездеседі. «Тілін бейәдеп сөзден тыйып алмайынша, кісі иманның рахатын сезбейді», «Бір-бірлеріңе жала жауып, өсек айтпаңдар», «Екі кісі бірін-бірі ғайбаттай бастаса, егер

олардың бұрын бастағанынан соң, бастағаны ұрыс үстінде тілін тигізіңкіреп жіберсе, күнә соған ауады», «Бұл дүниеде екіжүзділікпен өмір сүрген адамның қияметте оттан жасалынған екі тілі болады», «Адам пәлені, көбінесе, тілінен табады»...

Міне, осы хадистерді атам казақ тігісін жатқызып: «Басқа пәле — тілден», — деп нақтылайды. Тілге баға жетпейді. Кісіні бір-бірімен табыстыратын да, алыстыратын да — тіл. Мұхаммед (с.ғ.с.) өсиетінің /хадистерінің/ бас сабағы «ілім үйреніңдерден» келеді. Ілім /ғылым/ үйренсең, көңіл көкжиегің кеңейеді. Түсінігің молаяды өмірге деген. Білмекке құмарлығың артады. Содан бара-бара білімді атанасың. Ілімдінің бәрі білімді ме? Көп білгендердің дені бос сөзге салынып, лағып кетеді. Ілімді болғанымен білімді /ақыл-пайыммен суарылған ілім/ емес. Осыған дәлелді пайғамбар хадисінен табасың: «Ілім екі түрлі, бірі ниеттегі /көңілдегі, жүректегі/ ілім, ол — пайдалы. Екіншісі, тілдегі ілім, ол — Алла алдында пенденің залалына шығады». Бұдан шығатын қорытынды: алған білімің, игерген ғылымың адамгершілікпен ұштасып, көңіліңе байыздап, жүрегіңе орнықпаса, онда ондай ілім-білім саған да, өзгеге де пайдасыз. Неге? Сіз білімдісіз, дауымыз жоқ. Білмейтініңіз бит астында. Сөйте тұра, білетін іліміңіз тіліңізде ғана. Осының астарында не жатыр? Имансыздық шығар, одан да зоры болуы кәдік. Жүрегіңізге ұяламаған, көңіліңізге қонбаған ілім жалған ілім болмақшы. Сіз тіліңізге ерік беріп, жалған сөйлеп, өтірік білімпазсып, екіжүзділікпен жұртты адастырып, тура жолдан тайындырасыз. Сірә, «жылан тілді», «қан тілділер» солар шығар. Ғажап емес. Алланың алдында игерген біліміңіз зиянға шығатыны содан да болуы кәдік. Олай болса, тілді өз орнына жұмсайық. Жастарға ақыл-кеңес беріп, жылы-жылы сөйлейік. «Тілі — тәтті, діні — қатты» деген атақтан арылайық. Екі сөйлемейік, бірсөзді болайық. Туған тіліміздің, ана тіліміздің көздің қарашығындай сақтайық. Тілдің киесіне қалмайық. Тілі бардың ділі бар. Тіл тазалығы - діл /жүрек/ тазалығы, жан тазалығы. Тіл — кие, тіл — ар-ождан.

Бет-әлпет

Адамды Алла тағала бір-біріне ұқсатпай, әр қилы жаратқан. Табиғаттың /Алланың/ шеберлігіне шәк келтіру — күпірлік.

«Тауларды көріп тапжылмай тұр деп ойлайсың. Негізінде, ол бұлт тәрізді жүреді /Бұл аят жердің күнді айналатынын

дәлелдейді/. Бұл әр нәрсені берік жасаған Алланың шеберлігі. Күдіксіз, ол жасаған нәрселерді толық біледі» /88/ Нәміл сүресі.

Көрдіңіз бе, құдай шебердің өлшеусіз құдіретін. Жаратушы ие адамдарды сомдағанда шеберлігін аямаған. Адамдардың түр-түсі әр қилы екенін меңзеу арқылы құдай шебер /біздің/ олардың мінез-құлқын да қилы- қилы еткен. Ғылым тілімен айтқанда, адамдар аса күрделі әрі нәзік жаратылыс. Күрделі болатыны — ішкі дүниесінің шексіздігі. Ол нендей шексіздік? Әр пенденің өзіне жұмбақ қасиеті бар. Сол жұмбақ қасиет оның шексіздігінің дәлелі /Бұл арада қасиет — мүмкіндік/. Мүмкіндігі мол жанның қасиеті де үстемелі. Сол мүмкіндіктің қадірін білмесең, оған кім кінәлі? Өзің бе, басқалар ма? Жаратушы ие ме? Осымен тұжырымдаған ләзім. Адам әлемнің кіші моделі /көшірмесі/ бола тұра неге нәзік? Оған жауапты өзіңнен табасың. Алладан көрсең күнәға батасың. Алланың адамдарға берген артықшылығын қомсынып, пенде пақыр дүниені /жаратылысты/ қолдан әлеміштейді. Алла жаратқан дүниеге /тіршілікке/ суық қолын жүгіртеді. Рас, небір кереметтерді ойлап тапты ғалымдар. Сонда да өлместі (адамды) туындата алды ма? Адамның түр-тұлғасын, бет-бейнесін өзгерте алды ма? Оның /пенденің/ сан қатпар мінезін игеріп, өзгертуге шамасы жетті ме? Игерем деп /темір адам жасап/ бүлдіріп жатқан жоқ па. Қызылды-жасылды дүние, сан алуан электронды құралдар, үй жиһазы, киім-кешек, техниканың небір кереметтері, дәрі-дәрмек, ауруды болдырмаудың озық әдістері озғын жаңалық екені рас. Алайда, осыншама ілгерімпаздық /прогресс/ адам жаратылысын түбегейлі өзгерте ала ма? Баяғы сол бет-әлпет, баяғы сол іші қуыс, сырты жылтыр пенде. Ішсе, ішкенге, жесе, жегенге ынсапсыз. Құбылғыш және өздері. Бірбірін көре алмайды. Абайша айтқанда: «Бүгінгі дос — ертең жау». Осының салдары неден? Жаратушы иеге көңіліміздің түзу болмағанынан. Алланың құдіретін мойындамаудан туындайтын келеңсіздіктер. Мұны кім білмейді дерсіз. Бір ауық айнаға жүз бұрыңыз. Айнадан бет-әлпетіңе, түр-тұлғаңа дұрыстап қара. Осы мен адаммын ба деген сұраққа жауап ізде. Бетіңді түзуле (түзуле дегенде, тәубеге кел дегендік). Өмірге деген, алғы күндерге деген бет алысыңды бағамдап, жүрер жолыңды айқында. Бет бақтырмаған даукестіктен, бетпақтықтан адалаң. Кім көрінгеннің бетінен алып, даукестікке салынба. Біреудің кемшілігін бетіне басып табалама. Майда сөйлеп ұялт. Сөзге қонақ бер, беталды лаға берме, тоқтамды бол. Сабырлық жарасады адамға. Бірбеттік жақсы қасиет емес. Алған

бетімнен қайтпаймын деп дұшпанды көбейтіп аласың. Беті бүлк етпейтін адамдардан қашық жүр. Үлкеннің тілін алмай, ата-анасын тыңдамайтын әдет — бетімен кетушілікке жатады. Бет бақтырмайтын даукестікке барма, онда өзімшіл, қарау атанасың. Жаратушы саған бет- әлпетіңді ажарландырып, өлшеусіз көрік сыйлады. Жарқыраған маңдай, қиылған қас, нұрлы көз, маржан тіс, сезімтал ерін, томпиған бет сыйлады. Адамның тегі — маймыл деген ғылыми долбар мейлінше ұшқары. Алла маймылды да жаратты, оған ұсқынсыз түр берді. Оның бет-бейнесін сиықсыз етті. Маймылдарды ұсқынсыз етудің өзінде жаппар Хақтың адамға деген іш тартуы жатыр. Егер де маймыл тәрізді бір кейіпті болсақ не болғаны?! Жаратылыс заңдылығын реттейтін Жаратушы ие. Дарвин емес, ол бар болғаны топшылады. Жаратылыс құпиясы тек Аллаға ғана мәлім. Алланы Құдіреті күшті ие дейтініміз содан. «Көктер мен жердегі әркім Аллаға ғана құл болып келеді /93/. Расында Алла оларды түгендеп, бір-бірлеп санын біледі /94/. Сондай-ақ олардың барлығы оған жеке-жеке келеді /95/. Күдіксіз иман келтіріп, түзу іс істегендерге Алла сүйіспеншілік береді /96/. «Таһа сүресі» (Құран-кәрім).

Қараңыз. Жаратылыс біртұтас. Соның мысалы өзің емес пе. Өзіңнің кім екеніңді өзіңнен артық кім біледі? Іші-тысың өзіңе ғана аян. Жаның мен тәнің тығыз бірлікте. Біз өзімізді танудың орнына жаратылыс заңына қарсы шығамыз. Мардымсымыз, көкірек керіп, Жаратушы иенің өзін көзге ілмей шала бүлінеміз. Құранда айтылған жоқ па: «Көктер мен жердегі әркім Аллаға ғана құл». Біздер, жұмырбасты пенделер қызылды-жасылды дүниенің, тойымсыз ындының, нәпсінің, мансаптың, жалған атақтың, жалған намыстың құлымыз. Құлы болатынымыз, сол жолға барша адами қасиетімізді сарп етіп, Алланы ұмытамыз. Аллаға мойынсынбаған, құдайсыз жұмырбасты дүниенің құлдығына түсетінін біле тұра білмегенсиді. Түрлі қоздырғыш улы заттар адамдық бейнеден айырып, кісінің кескін-кейпін бұзады. Дүниенің дидары құбылмалы. Ата-бабаларымыз соны жақсы білген:

Дүние құдым, сені жалықпай-ақ,
Ұстатпайсың судағы балықтай-ақ.
Көрсетіп бірде алдыңды, бірде артыңды,
Дидарыңды қойдың ғой танытпай-ақ...

Ішкі адамшылық қайнары озғын жанның бет ажары шуақты сәулелі келеді. Мінезді қайсар азаматты «бетті» деп көтермелейді. О дүниелік марқұмға «бетінен жарылқасын» деп

жатамыз. Бет — сіздің адамшылық ажарыңыз. Адамгершілік айнасы десе, тіптен келісімді. Ішкі жан дүниеңіздің сыртқа тепсінген күш-қуаты бет-жүзіңізден көрінеді. Қуанғанда дидарыңыз алаулап, нұр жайнайды. Реніш табы да бетке шығады. Сөйткен дидарымыздың айнасы - бетті де күйелейміз. Сұлу беттен әр тайса, табиғат заңдылығы. Кәріліктің ізі. Егер де сол бетіңізге қара күйе жағылса ше? Онда беттің соры қайнады дей бер. Есіл сұлу өң, нұрлы жүз, келісті кейіп, бетке ұялаған ажар да жоқ болғаны ма?! Өз бетіне өзі қара күйік жаққан адам құдайдың дидарын қалайша көрмекші?! Бетіне қара күйе жағылған адамнан өткен имансыз, сірә да, жоқ шығар. Кісіге қастық жасаса, досын дүниенің боғына бола, оққа байласа, кісі қанын мойнына жүктесе, табиғатқа өрт салса, қарақан басының қамына бола Отанын сатып кетсе, қара бет болмағанда қайтеді! Екі дүниеде жүзі жарық болмайтындар солар.

Қарабеттік — ең ауыр қылмыс. Ерте замандарда ел тыныштығын кетірген, ауылға лаң салған қанипезерлерді, ардан безгендерді жұрт алдына шығарып, мойнына құрым киіз іліп, бетіне күйе жағып масқаралаған. «Қара бет» сөзі содан қалған. Бет бақтырмайтын арсыздарды, ұры-қарыны, нәпсісін тежей алмайтын нысапсыздарды елден бездіріп жіберген.

Қарабеттік — өлгенмен тең. Ақша беттен нұр, жүйрік көңілден жыр кетірмесін деп тілейік. Әр саналы жан бет бақтырмайтын даукестіктен, жүзіне шіркеу түсіретін бетсіздіктен қашық жүрсін. Жүрегі кіршең бетсіздерден сақтасын!

Өң-түс

Адам — сұлу жаратылыс. Жаратушы ие адамдарға барша табиғат әсемдігін, көркемдігін бұйыртқан. Біздің Жаратушы иеге өкпеміз жоқ. Адамдарды Алла тағала көркем етіп жаратқан. Адамдар нұрдан /Алланың әмірінен/ жаратылған. Нұрлы болатыны осыдан. Адамдардың сырты қалай келісімді келсе, ішкі дүниесі де кең-байтақ. Ақыл-ойға бөккен. Жан сарайымыз бен кескін-кейпіміз, ажарымыз мінсіз сомдалған. Алғыс — Аллаға, тағзым - табиғатқа. Сонымен, біз - адамбыз. Алла адамдарды неге есті қылып жаратқан? Құранда айтылған. Алланың бірлігін ақылмен танып, оған мойынсынамыз. Табиғатқа да бас иеміз. Сансыз жаратылысты әнге қосып дәріптейміз. Жырлаймыз. Сонымен қоса, өзімізді де тәртіпке келтіріп, күнәлі істен бойымызды аулақ ұстаймыз. Жанымыз-

ды да, тәнімізді де ластықтан сақтап, адамша өмір сүруге тырысамыз. Егер де біз осы айтылғандарды мүлтіксіз орындасақ, онда ішкі нұр бетке шығып, өңіміз кіріп, шырайымыз артады екен. Сүйкімді көрінеді екенбіз сырт көзге. Назары өткірленіп, шуақты нұрға малынған жанның жүзінен сәулелі нұр шалқымай ма. Сол нұр жан-жағына шуағын төккенде, әлгі жанары - күн, қабағы - ай, лебізі - самал, жүзі - асқан көркімен көз суырады ғой. Ондай жанды «өңді» деп айрықша атаймыз.

Жолаушы бейнет көргенде, түн қатып, түсі қашады. Түсі қашқаны - жүдеп-жадағаны. Қабағы түсіп уайымға батқаны. Көз жанары салқындап, ерні кеберсиді. Өңсізденеді. Бұл - таза тәни көрініс. Шаршап-шалдығудың салдары. Ішіңіздің салқыны /ашуыңыз/ сыртқа тепсінгенде, өңіңіз солғындап, түріңіз бұзылады. Ондай жаннан былайғылар «пәлесінен аулақ, осының түрі бұзық, ылғи суықсып жүреді» деп сырт айналады. Жасанды қоздырғыш арақ пен нашаға бөккенде, кісінің түр-әлпеті тіптен өңсізденіп, түсі қашып кетеді. Тілі болса-болмаса ұзарады әлгінің. Бүйіше бұртиып, зәрімен ықтырады. Ал шынайы ақ жүрек адам кейігенде де түр-түсін аса суыққа салмай, өзін тежеп ұстайды. Осындай ерекшелігіне қарата: «Түсі игіден түңілме», - дейді атам қазақ. Ажар-көрік, кескін-келбет кісіге тегіндікпен бітпеген. Өң-түсі келіспеген адамды: «Түріңді ұрайын!» - деп кекейді сыншыл көздер.

«Ақылды адам — бақытты адам» делінеді пайғамбар хадисінде. Жалған кербездік, тыраштық, сырты сызданған паңдық, алдамшы көлгірлік, жәдігөйсіген аярлық кісіні сырт көзге жағымсыз қырынан көрсетіп, беделін түсіреді. Нағыз кербездік, сыпайышылық адамның ішкі дүниесімен үйлесіп тұрса ғана жарасымды. Мінезімен сырт кейпі үйлескен адамды түсі жылыға жатқызады. «Жасынан түсін билеп сыр бермеген» делінетін адамдар — нағыз кісілікті түсі игі жандар.

Қас-қабақ

Сөзді мәністеу /жіктеу/ өзінше бір ғылым. Бір ғана бет-жүзге байланысты сөз атаулары, басыңнан қара бақайыңа шейінгі он екі мүшең мен алпыс екі тамырың, барша бітім-болмысыңды сипаттап беретін атаулар қаншама. Мәселен, беттің өзін «жүз», «кескін-кейіп», «ажар-көрік», «пішін» деп құбылта атаймыз. «Өңі», «түсі» деп ажарлаймыз. Тұлға-тұрпатыңызды да сұлу сөздермен бейнелейміз. Мүшесі сұлу, иықты, ер бейнелі, тұлғалы, сүйекті, кесек пішінді деп ауыз толтыра айтамыз. Әйел затына қаратқанда сөз әсері тіптен күшейеді. Еркекті ұзын бойлы десек, әйелді сұңғақ бойлы дейміз. Еркекті кескінді десек, әйелді келбетті дейміз. Еркекті қас-қабағы келісімді десек, әйелдің қасы мен қабағын: биік қабақ, керік қабақ, имек қас, қасы айдай қиылған деп келістіреміз. Еркекті иықты дей салсақ, әйелді «кермеиық» деп өзгешелейміз. Еркекті «қара көз» демейді, олай айту әйелге ғана жарасады. «Тана көз», «нәркес көз» деп еркектерді атасақ, тіл білмейтін сауатсыздығымыз. Кескіні, кейпі, тұлға-тұрпаты деген анықтамалықты әйел мен еркекке қатар қолдана береміз. Абай келбетті азырқанып, «қалқамның нұсқасын көр көзім, бір кенел» деп шалқиды.

Тақырыптан ауытқып кетуімізде мәніс бар. Бүгінде жастарға, жастар былай тұрыпты, жасамыстарға /орта жастағы/ тіл білмейсіңдер десек, жатып кеп ашуланады. Сөз көркемдігіне баға жетпейді. Оны игеріп, қолданысқа енгізу оңай емес. Бүгінгілер /қазіргі күннің қазақтары/ ана тілінің көркемдігіне, сөз сұлулығына, оның әсеріне, тәрбиелік мәніне жете көңіл бөлмейді. Ауызекі сөзбен шектелгендер ана тілінің сұлулығына, көркемдігіне терендеп бара алмайды. Сөзді меңгерем деген талапкер кітапқа үңілсін, халқымыздың ежелгі әдебиетіне ден қойсын.

Сонымен, әлем қаншалықты біртұтас болса, адамның бітімі де бір-бірін толықтырып, бүтін тұтастыққа жан мен тәннің қызметін күшейтіп ілгерілетеді. Қас пен қабақты жүзіңізден бөлек алып қарастыруға келе ме? Кескін-кейіпіңіз ішкі дүниеңіздің сыртқа тепсінген бұлқынысына қызмет еткенде ғана өзгеше мәнге ие болады екен. Адам кейігенде қабағы түйіледі. Жадырағанда қабағы ашылады. Бұл - жан мен тәннің бірлігінің дәлелі. Өңің мен түсің былай қалып, сыншыл көздер сенің қас-қабағыңа қарайды. Қабағыңды бағады. Адам ойланғанда қабағы түйіледі. Ашуға басқанда қасы дірілдейді. Жауар бұлттай түнереді. Біреуге біреу жанашырлық білдіргенде: «Осы сенің қабағың түйіледі де жүреді, қабағыңды бір ашпайсың, бір жерің ауыра ма?» - дейтіні бар. Жапондар қиыншылықты көп көрген халық. Жер сілкінісінен әбден зәрезәп болған. Сөйте тұра олар қабақтарын ашық ұстауды салтқа айналдырған. Шығар күнді аман-есен көргеніне шүкіршілік етеді екен. Үйқыдан күліп оянған адам күні бойы көңілді жүреді деп есептейді. Қабақты орынсыз түйілдіру кісіні ортасына сүйкімсіз етеді. «Қабағынан қар

жауған» дейді ондайдарды. Рас, жұмыстан шаршау, ұйқының қанбауына байланысты кісі еріксіз тұнжырап, қабағын ашпайды. «Ұйықтамасаң қабақ жаман, ішпесең тамақ жаман» дейтініміз сол себепті. Үнемі суықсып, паңсынып жүретін, өзін өзгелерден жоғары ұстайтындарды «қабағы қалың» деп таңбалайды. Түсі суық адамдар болады. Ол оның жаратылысынан.

Біреудің біреуге қастығы қабағынан көрінеді. «Қаса екеніңді қабағыңнан танимын, сараң екеніңді табағыңнан танимын» дейді халық. Қабақ — жан дүниеңнің барометрі. Адамның ренішін, кейістігін дұрыс түсініп, кешірім ету көңілқостыққа, білімділікке жатады. Көңіл-күй күн көріске тәуелді. Көңіл күйі болмай, реніште жүргендерді дұрыс түсінетін кісіні «қабақ баққыш» немесе «кісіні қабағынан танығыш» деп бағалаймыз. Ондайлар адамның ішін қабағынан сезініп, кешірімді болуға тырысады. Қабақ - мінездің көрсеткіші. Ішіңнің бұлқынысын сырт көзге байқатып қояды. «Қабағы тырысқан, көрінгенмен ұрысқан» деген атаққа қалмау үшін қабағыңды ашып, жадырап күліп жүрсең, сені жұрт жайдары, аққөңіл, ақжарқын деп жақсы көреді. Қабақ танығыштық та жақсы қасиет. Ондайлар бір-бірін қабақпен таниды. Іштей ұғынысу деп осыны айтады.

Қабақ - кінәмшіл келеді. Оны көп түйілдірмей ашық ұстау көңіл күйіңнің көтеріңкі жүруіне әсер етеді. Ескілікті ырымда «қабақтың тартуы» қуанышқа жатады. Қабағы тартқан адам қуанамын деп ырымдайды. Кей жағдайда «қабақтың тартуы» ренішке ұрындыруы кәдік. Бұдан шығатын қорытынды - қабаққа күш салып, орынсыз түйілдіре берме дегенге саяды. Қас — керісінше, елгезек. Қабақтың көңіліне қарайды. Керіледі, түйіледі. Қабақ пен қастың қызметі бет ажарға тәуелді. Көзге тәуелді. Көз, көбінесе, салмақты қабаққа түсіреді. Көз күлімдесе, қабақ та жадырайды. Көздегі мұң, көңілдегі шер сыртқа тепсінгенде қас-қабаққа салмақ түсіреді. Тіршілікте қабақ түйе бермей, жадырап жарқын жүргенге не жетсін.

V. ЖАРАТҚАН ИЕ

Алла - бір, пайғамбар - хақ

Бүтін дүниенің, әлемнің иесі - Алла! «Тумаған, туылмаған, баласы болмаған». Біздер, мұсылмандар, жұмыр басты пенделер Алланың құлымыз, Мұхаммедтің үмбетіміз. Мұсылманның бас дұғасы осы. Діндердің пайда болуы, шығу тарихы кімкімге де белгілі. Ата-бабаларымыз әуелгіде қандай нанымсенімде болған, оны да білеміз. Халықшыл, ұлтжанды оқымыстылар, дінтанушылар өздерінше жазып та, айтып та жүр. Тәңірлік дін дегенді жабыла қоздатып, соны бір үлкен жаңалық деп біледі. Жаратушы иенің жүз бір /бәлкім, мың бір/ аты бар, соның бірі - Тәңір. Ата-бабаларымыз бейнелеп сөйлеуге, астарлауға, пікірін бірден айтып салмай, тұспалдауға шебер. Бұл ерекшелік неден? Табиғат аясында қатаң климат жағдайында, жылдың төрт маусымы өз ретімен ауысып тұратын белдеуде ғұмыр кешкен бабаларымыздың оқыған бас кітабы - табиғат құбылысы. Олар жерді «Ана» деп білсе, көк аспанды тәңірге балаған. Жер ананың құрсағына ұрық тастайтын құдірет — Тәңір.

Бар жақсылық аспаннан: күлімдеп күн, жарқырап ай, жымыңдап сансыз жұлдыз тұр. Көктен жерге жететін рахман нұрда есеп жоқ. Күн кірпігінен саулаған сәулелі нұрдан Жер-Ананың жүзі жылып өңі кіреді, буазиды. Көктен жауған жаңбырға мелдектеген жер төсі мың сан өскінін қаулатады. Тіршілік күш алып, қуаттанады аспаннан төнген нұрға. Ай тұрады нұрланып. Аспан шырақтары жер бетіндегі тіршілікке ықпалын күшейтеді, демесін көрсетеді. Сайын далада мал тұяғына ілесіп жылдың төрт мезгілінің ыңғайымен көшіп-қонып жүретін бабаларымыз жұлдыздарды бағдаршы еткен. Табиғат амалын жұлдыздарға қарап жорамалдаған.

Алланың қазақ ұғымындағы екінші атауы - Құдірет! Құдіреті күшті ие жанды-жансызды асқан спадиярлықпен, көрегендікпен жаратып, бір-бірімен үйлесімді байланыста қозғалысқа келтіріп қойған. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Құдіреті күшті жаппар Хақ жанды-жансызды өсіреді, көктетеді, одан қуартып, солдырады. Тіршілік иелерін де сондай амалмен дүниеге әкеледі, аздаған ғұмыр береді де, ақыр соңында өзіне қайтарып алады. Содан да Алла - Құдірет. Құдіреті күшті ие

өзінің кереметін табиғаттың бойына сіңірген. Көкте жасын ойнап, найзағай жарқылдайды. Дауыл тұрып, долы соғады. Аспаннан тас бұршақ жауады. Тау теңселіп, жер жігі ашылады. Осының бәрі ненің амалы? Көктің амалы. Ата-бабаларымыз, өзге жұрттар отқа, суға, пұтқа табынып, дүниені танып-білудегі санасының балаңдығынан арылмаған кездің өзінде көк аспанды Тәңір деп білген. Демек, бабаларымыз Алланың бірлігіне әу бастан ыңғай беріп, табиғат құбылыстарын бірлікте алып, көк аспанды Жаратушыға балаған.

Алла — бүтін әлемнің жиынтық бейнесі десе де болады. Кәдімгі ғарыш, он сегіз мың ғалам шетсіз, шексіз кеңістік көк жүзінде қозғалыста болмай ма? Сол көкті біртұтас бірлікпен тәңір тұтып, табынып, сиынғаны бабаларымыздың Алланың бірлігін танығаны, мұсылмандыққа сәбилік санадағы кезінен жақын екендігі емес пе? Олай болса, қазақ халқы әу бастан мұсылман. Бүгінде айтылып жүрген атүсті пікір — ұшқары. Қазақтар жартылай мұсылман деген сандыраққа еш келісуге болмайды. Тәңірлік дін деп жүргеніміз мұсылмандықтың алғашқы басқышы. Ежелгі грек мифологиясының артықшылығы табиғатты тануында, кемшін тұсы /бұл арада балаңдығы/ табиғат құбылыстарының кереметін құдайға теңестіріп, оларды адам есебінде алуы, көзге елестетуі. Буддашылық, христиандық, осы діндерден таралған түрлі секталар /ағымдар/ құдіретке сиына отырып, адамды құдайға балап, адамға табынады. Будда да. Исус Христос та кәдімгі ет пен сүйектен жаралған адам емес пе?

Алланың мың бір атының бірі - Шындық. Төтелеу емес, ақиқат сөз. Халық ақыл-ойының жиынтығы аңыз әңгімелер мен ертегілерді, мақал- мәтелдерді зерделеп, ой көзімен оқып шықсаңыз, бұған шүбә келтірмейсіз.

Құдай шындық айтады өлесің деп. Өлетінімізді біле тұра өмір сүруге құштармыз. Халық мұны да тап басады: «Түстік ғұмырың болса, кештік мал жи». Ал пәлсапашылар не дейді? Спиноза Барух /1632-77/ былайша кемелдікпен айтады: «Адамның ұлылығы сол, өлетінін біле тұрса да өмір сүруге деген құштарлығы».

Құштарлық, бейнелеп айтқанда, қанат. Кәдімгі құс қанатымен ұшады, құйрығының демеуімен жерге қонады. Ал адамның қанаты - арманы, қиялы - дүниені танып-білуге деген құштарлығы, махаббаты, бір сөзбен тұжырғанда, адамның адамға деген ықыласы, сонымен қоса табиғатты жан тартуы. Құштарлық - қозғалысқа тәуелді. Қозғалыстың тоқтауы тіршіліктің тоқырауына әкеп соқтырады. Дүниедегі барша

жанды-жансыз қозғалыс аясында жетіліп, өнік шашады. Ғұмырын жалғастырады, бара-бара тоқтатады. Ата-бабаларымыз тіршіліктің мәні қозғалыста екенін жақсы білген. «Қолың қимылдаса, аузың қимылдайды.»

Алланың қазақ ұғымындағы бір атауы - Жаратқан ие. Нені жаратқан? Он сегіз мың ғаламды, ғарышты. Бүтін әлемнің қазақша атауы — Жаратылыс. Жаратылысты кім жаратқан? Жаратушы ие жаратқан. Жаратушы жаппар Хақ өзі абзал жаратқан пендесін /адамдар/ тым еркінсітіп жіберген жоқ па? Олай етпеген шығар. Керісінше, уайымы асқын, қайғысы қалың. Әу баста пешенесіне жазылғанды көруге тиісті. Түсінікті тілмен айтқанда, маңдайына жазылған-ды. Ол нендей жазу екен? Жазу ма, таңба ма? Таңба да болуға тиісті. Кәдімгі тағдырдың маңдайға басқаны.

Жазмыш

«Жазмыштан озмыш жоқ». Осы бір пәлсапалық тұжырым әке-шешелеріміздің аузынан түспейтін. Жазмыш деген не? Оған түсініп жатқан біз жоқ. «Ежелде жазу солай болған шығар» деп және тұспалдайды. «Маңдайға жазғанды көре жатармыз» дейтіні тағы бар.

Ауыр қаза салмағын көтере алмай ah ұрған бейбақ: «Маңдайымның тайқылығынан көрмесем, кімнен көремін?» — деп жатады. Әлгі қазалы жанға үлкендер: «Тағдырға не шара?» - деп басу айтады. «Жазудан артық болмайды» деген тұспалды үлкендерден сан естідік. Халқымыз жазмыштың амалын өлеңге де қосқан.

Шалшық су құдық болмас қазбағасын,
Сауырдан ат жүре алмас саздағасын.
Жете алмай мұратыма зар илеймін,
Ежелде хақ тағала жазбағасын.

Осындағы «хақ тағала» Алланың жүз бір атының бірі. Алла жазбаса, ішкелі отырған асың, сатып алған бұйымың, қызыл аяқ ақ күмісін де бұйырмайды екен. Керек болса, иманың да бұйырмайды екен. Хақ тағала әу баста кесіп-пішіп қойған. Жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы, бәрі Алладан. Мұсылмандықтың бес парызының бірі осы тұжырым. Құранда солай жазылған. Пәлсапаның да сарыны соған саяды. Тағдыр — себеп пен салдар һәм кездейсоқтық жиынтығы. Осыған жуықтайды. Дүниеде /жалған тіршілікте/ себепсіз ешбір жағдай өз бетімен туындап жатпақшы емес. Себептің салдары болуға

тиісті. Бабаларымыз мұны да жақсы білген. «Не болса құдайдан, жаратқанның әмірінен» деп шорт кескен. Бұл - діни түсінік. Ал атам қазақ себеп пен салдардың қозғаушы күшін адамдардың өзінен шығарады. «Шығасыға иесі себепкер», «Бір асқанға - бір тосқан», «Асқан - асылады, толған - төгіледі», «Шығыс шықпай, кіріс кірмейді», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Бірлік болмай, тірлік болмайды», «Кезеген аяқ боқ басар», «Тек жүрсең, тоқ жүресің», «Құдайға өкпелеген өзіне өкпелесін», «Жол қуған қазынаға жолығады, сөз қуған пәлеге жолығады»...

Кездейсоқ жағдайды халқымыз жоққа шығармайды. Оны «жазым» дейді. «Тарыдан да тіс сынады». Жазымның мысалы осы. Қазақ халқының пәлсапаға жүйріктігі қанатты сөздерінде молынан. Қазақтарда философия ілімі өрістемеген деген сөзге еш иланауға болмайды. Халық болып қалыптастың ба, сенде бәрі де бар. Мүтін дүниенің амалын бір ауыз өлеңге сыйдыратын да қазақтар, от ауызды, орақ тілді ақындар халықтан шыққан.

Үйректің ұшқыр келер қасқалдағы,
Жалғыздың жары құдай сасқандағы.
Алладан жазатайым пәрмен келсе
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы..

Құдайдың құдірегіне бұдан артық мысал болмас. Жаратушы иенің бір аты - Қаһар. Бауырлас татар халқы кейігенде: «Қаһар соққыр!» - деп налиды. Қиямет-қайымда тау қаңбақтай ұшып, тас бұршақтай жауады екен. Соның жаңғырығын адам баласы басынан өткеріп те жатыр. Жер сілкінісі, табиғат апаты, атылған жанар таулар соған дәлел. Үлкендер айтар еді: «Пәле-жәле қайда деме, аяғыңның астында». Халқымыз кездейсоқтық Жаратқанның амалынан деп кесіп айта қоймайды. Ойламаған жерден сап ететін пәле-жәленің, қайғы-қасіреттің, қазаның, үргін-сүргіннің себептері өзіңсің дегеңді екі сөзінің бірінде тұспалдайды. Халық айтады: «Жақсы ниет - жаныңдағы періштең». Періште адамдарды қорғаштайды, пәле-жәле қағады қанатымен. Түзу жолға бастайды. Олай болса, бір істі бастап қолға аларда немесе сапарға шығарда ниет ет. Ата-баба аруағына сиын, Аллаға жалбарын. «Оң жолыңа бастай гөр, жолымды қыла гөр» деп Алладан тілек тіле. Бірақ сен олай етпейсің. Сапарға аттанарда жора-жолдастарыңды шақырып, бар мәзіріңді дастарқанға төктің. Оларға тост көтертіп, тілек айттырдың. Сен де іштің, олар да сілтеді. Масаң күйде жолға шықтың. «Оң жолынды бере гөр» деген тілек шықпады аузыңнан. Жақсы ниетіңді менмендік жеңді. Астымда иномарка,

өзім болсам төбеммен көк тіреймін, қазір-ақ жетіп барамын деп астамсыдың. Пиғыл-ниетіңді шайтан жеңді. Оң жолға емес, сол жолға түстің. Мәшинені барынша ұшырттың. Апатқа ұшырадың. Жарайды, өлмей-ақ қой. Жарымжан болып қалдың. Қалған ғұмырыңда екі аяқты арбаға таңылумен ғұмыр кешесің. Сосын келіп, қарғап-сілейсің құдайды.

Алла саған көз берді, сөйлесін деп тіл берді, екі аяқ, екі қолың бар. Бәрінен де жұмыр келген басты айтсаңшы - іші толған ақыл. Ұстасқанды алып ұрасың, тістескенді шайнап тастайсың. Бетіңе тірі жан келмейді. «Өзімдікі — дұрыс, өзгенікі - бұрыс» дейсің. Құдай-тәубені ұмытасың. Қастасқанды қылыштай шабасың, досыңа опасыздық көрсетесің. Сен кімсің сонда? Күпірлік болса да айтпасқа болмайды - пәлекорсың. Өштігің көкке ұласса, сөзіңде жылылық болмаса, жуасты ықтырып, момынды бұқтырып, дау-дамайды өршітесің, пәлекор емей кімсің?! Пендеге жасаған қиянатың былай қалып, табиғатқа астамсисың. Жазықсыз аңы мен құсын атасың, шарапқа қызынғанда бұлақтың көзіне түсесің. Құрағын жапырып, тал-терегін қидалайсың. Табиғат - ана ғой, еркелігіңді көтерсін-ақ. Енді келіп Жаратушы иенің өзіне мұрын шүйіресің. «Құдай жоқ, бар болса, ол қайда?» деп білімсіздік көрсетесің.

Мұндай да қысастық болады екен-ау! Барша жанды-жансызды жаратқан, бүкіл әлемнің әміршісі құдіретті көзбен көрмекші. Сонда, сенің ойыңда, Алла адам болып көрінуі керек пе саған? Ұғып алғын, достым. Алланың дидарын жетпіс мың түрлі-түсті перде көлегейлейді екен. Егер сол сансыз перде бір сәтке түрілсе, Жаратқан иенің дидарынан бүтін дүние от болып жанып кетеді екен. Бұл - ақылға сыятын шындық.

Рас, адам ақыл-ойының озғындығына дау жоқ. Техникаға тіл бітті. Жойқын қару жасалынды. Желмен жарысып құсша ұшамыз. Темірден адам жасауға кірістік. Электронды құралдардың кереметіне кенелдік. Осының бәрі өмір сүрудің амалы, бүтін әлемдік ақыл-ойға сыйдырғанда, әншейін саздан домбалдап ойыншық жасаған баланың әуестігіндей ғана тырбаныс. Адамзат санасының кемелдігі Құранда тап басып айтылған. Алла адамды өзімді танысын деп басқа мақұлықтардан өзгеше етіп жаратқан ғой. Ал біз Алланы танудың орнына одан қашықтап, адамнан құдай жасап алуға құмармыз. Соған құмбылмыз. Жаратқан иенің бізге бұйыртқан нығметіне кенеліп, жатқанымызды мойындағымыз келмейді. Бәрінен де Алланың санаға құйылатын сәуле-нұрын қай көзден көлегейлейміз?

Нұр

«Алла әлдекімнің көкірегін Ислам үшін ашса, сонда ол Раббы тарапынан нұр үстінде емес пе? Жүректері Алланы еске алудан қатайғандар құрысын! Міне, олар ашық адасуда» /22-аят, Зүмәр сүресі/.

Құран сөзі ақиқат. Кімде-кім Алланы еске ала отырып Исламды көкірегіне сыйдырса, онда ол Алла тарапынан нұрға бөленеді екен. Біреуге біреу ризаланғанда /риза болғанда/ бетінен иманы көрініп тұрған адам екен деп жатады. Алла нұрландырған, жүрегіне имандылық (мейірім құйған) ұялатқан жұмыр басты нендей қабілетімен ерекшеленеді? Оны бірден тап басып айту ұшқарылық болып шығар еді. Дегенмен, жобалауға тырысайық. Алланың нұры алдымен жүрекке құйылуға тиісті. Санаға сіңіп барып жан сұлулығына жол ашады Сүйкімі артады ондай жанның.

Ажар-көрік ақылмен нұрланғанда тіптен ашылады. Шырайы енеді, сұлуланып кетеді. Әдетте, сүйкімділікті балаға қаратып айтамыз көбінесе. Бала - пәк, бала - періште. Қазақ қаламгерінің бір әңгімесін талдап көрелік. Белгілі сөз ұстасы Мұхтар Мағауиннің «Алтыбақаннан соң» деген шығармасына студент жігіт пен қыздың танысуы арқау болған. Жігіт қызды сүймейді. Салқын тарта береді бойжеткенге. Қыз, керісінше оған ғашық. Осындай себептен ән туыңдайды. Қыз жігітке деген іңкәрін ән әуенімен жеткізеді. Әннің мәтінін жазушы қағазға былайша түсіреді:

«...Сен тауға біткен терек ең, мен қырда өскен қызғалдақ ем, созсам қолым жетер ме. Сен сеңгір шыңға, көк аспанға ғана қарайсың, аулақта шешек атқан әлсіз гүлге назар аудармайсың. Сен терең тамырларыңмен құзар қойнаудан нәр аласың. Биіксің. Беріксің. Дауыл құлата алмайды, нөсер жыға алмайды. Үскірік аяздың қаһарынан да қорықпайсың. Ал мен жіптік тамырлы, жіңішке сабақты нәзік гүлмін, жел жапырады. Бұршақ сындырады. Күздің алғашқы қара суығынан қалмаймын. Басым иіліп, сабағым үзіліп, демім бітеді. Сен, асқақ терек, сезінермісің күйімді, түсінермісің халімді. Сен жүз жасайсың, мен алғашқы ызғырықпен бірге өлем. Бірақ мен өлмеймін. Көктем туа қайта тірілем. Қайтадан бой түзеймін Қайтадан арманыма қол созамын. Сен жүз жасасаң, мен мәңгілікпін. Өйткені, бұл пәниде тоқтаған тамырымды қайта соқтырар, өлі бойыма жан бітірер сиқырлы күш бар Ол - мәңгі жасар күннің нұры, ол - ешқашан өшпейтін менің саған деген махаббатым...»

Астарлы. Мейлінше ішті толғаныс. Әңгіме иегері мәңгілікті күннің нұры мен махаббатқа балайды. Жан мәңгілік делінеді Құранда. Адам пақыр гүл тәрізденіп ажал ызғарынан солады. Келер жылы көктем шыға қайта тіріледі. Қайтадан бой түзеп, арманына қол созады. Гүлді өмірге қайта әкелетін ненің қуаты? Ол — күннің нұры. Күн неден қуаттанады? Ненің құдіретімен сәуле шашады? Алланың әмірімен. Ал бейкүнә арудың әңгімеде мәңгілікті серік етуінің себебі неде? Оның жігітке деген адал да пәк махаббаты емес пе. Нұр мен махаббат автордың толғауынша егіз екен. Екеуі де құдіретті. Тоқтаған тамырды қайта соқтыратын, өліні қайта тірілтетін орасан озғын күш бар екен екеуінің бойында.

Демек, Құранда айтылатын мәңгілік нұр — Алланың пәрменінің жемісі, Жаратылыстың жиынтық бейнесі болғаны ғой. Әлемді Жаратушы ие асқан спадиярлықпен мінсіз сомдаған жоқ па. Тіршіліктің негізіне ұйытқы күннің сәулесі, айдың жарығы, су мен ауа, мың сан өсімдік, табиғат көркі - бәрі-бәрі Жаратылысты нұрландырып, айрықша өң беріп тұрған жоқ па. Нұрды Жаратушы ие алдымен адамдардың игілігіне бұйырып берген ғой.

Алла тағала сансыз табиғат байлығын бізге, адамдарға басы бүтін беріп қана қоймай, санамызға ақыл дарытқаны, ми бергені, тіл бергені, зердемізді ұштап зейінімізді жетілдіргені, түйіндегенде, саналы қылып жаратқаны, Алланың сансыз нұрының жарылқауы емес пе. Айрықша саналы кісілікті адамдарды халық «нұрдан жаралған» деп қастерлейді. Әулие адамдарға сондай баға беріледі. Үлкендер «Алланың нұры жаусын!» деген тілекті жастарға айрықша екпін түсіре айтады.

Жоғарыда айттық, нұрлы адамның басты ерекшелігінің бірі — сырбаздық екен. Сырбаздықтың шарықтау шегі — дегдарлық. Дегдарлық тазалықтың, ақылдылықтың нышанасы. Алла еншілеп берген Нұр /қасиет десе де болады/ алдымен санаға ұялайды. Талапкер жасты саналы деуіміз содан. Саналы жас бара-бара ақылман аталады. Нұрдың санада сәулеленуі ақылдың қорлануы екен. Ақылды, бірінші кезекте, неге жұмсауымыз керек? Алланы танып-білуге. Данышпан Абай «Алланы ақылмен таны» дейді. Жоғарыда өзіміз мысалға алған әңгіме өзегінің бір түйіні — Махаббат! Қыз айтпай ма: «Гүлдей нәзікпін, содан да табиғат амалының ызғарынан соламын...»

Гүлдей құлпырған қыз да, бәріміз де өлеміз. Гүлдей қайта көктеп жапырақ жаямыз. Қайта тірілеміз. Оның дәлелі — махаббаттың мәңгілігі.

Абай айтпай ма: «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа...»

Адамды сүю — махаббат. Іпынайы шыншыл махаббат мәңгілікке бастайтын жол. Адамды сүюдің арқасында ғана адам адам болып өмір сүрмекші. Оны бейнелеп «махаббат» дейміз. Махаббат жоғалған жерде, адамдар ождансызға айналады. Бүгінде нарықты сылтауратып еркіндікке, жабайы бостандыққа ентелегендер «махаббат жоқ» дегенді әуезелейтінді шығарды. Жарайды, махаббат өлсін. Одан адамдар нендей пайда табады? Дүние кісіге жолдас болмайды. Дүние өлі зат - құлқынға тығын. Нұрды ше? Алланың нұрын. Табиғаттың заңдылығын, жазмыш пен озмышты. Тағдырды. Өлімді. Махаббатты құлқынның құрмалдығына шалсын-ақ, Алла Тағаланың нұрын қайтпекші? Жазмыштан озбақшы ма? Әлде табиғатты типылдап шықпақшы ма? Тіршіліктің қайнар көзі табиғатты жұтатып, оның байлығын қомағайлықпен обып түгескенде нендей ұшпаққа шығады бұл жазғандар?!

Нұр - жарық, нұр - тіршілік, нұр - иман, нұр - сенің өзің. Өзіңді жоққа шығарам десең, Жаратушы иеге қарсы шық. Оны жоқ деп дүниеге жар сал. Өзіңді жоғалта алмайсың, ол сенің қолыңнан келмейді. Өзің барсың ба, Алла тағала да бар. Барды жоқ ету Жаратушы иенің пәрменінде. Жоқтан бар жасау да құдіреті күшті Иеге тиемел. Қысқасы, нұрды өшіре алмайсың. Нұр — мәңгілік.

Жарық

Нұрдың табиғи көрінісі - жарық. Қариялар айта түсетін: «Жалғанның жарығына не жетсін». Кісі өлгенде «жүзі жарық болсын, иманы жолдас болсын» деп көңіл айтады. Қарғыстың жаманы да жарыққа байланысты. «Жарығың өшсін, жарығың!» Жарық - табиғаттың тіршілікке тартқан сыйы. Алланың нұрынан шалқыған өзгеше қасиет. Шеше баласын «Жарығым сол!» деп еміренеді. Жан-жануар жарыққа ұмтылады. Көбелек те жарыққа құштар, қанатын күйдіріп тынады. Адамдар боса-болмаса жарықтың қасиетінен қуат алады. Пайғамбар хадисінде айтылады, қараңғыда адамды шайтан азғырады екен.

Қараңғылық - жарыққа қарама-қарсы ұғым. Қазақта оқымаған адамды «қараңғы» дейді. Қараңғылық - надандықтың белгісі. Ұры түн жамылып кіріседі ұрлыққа. Кісі тонау, қыз зорлау қараңғы қалтарыста болып жатады. Бір жақсы өлең бар (Белгілі ақын Абдрахман Асылбековтің туындысы):

Гүлді де біреу гүл дейді,
Қасиетін біл дейді.
Бірақ гүлдің ішінде
Тікен барын білмейді.

Түнді де біреу түн дейді,
«Түнексің» деп күндейді.
Бірақ түннің ішінде
Ләззат барын білмейді.

Қараңғылықты кілең жамандық белгісі деуге болмайды. Оқымаған «қараңғыңыз» оқыған көзі ашықтан көш ілгері болып шығады. Білімпаз тыраштардан қарапайым адамның қасиеті зор. Жарықты сүйіспеншілік деп білсек, ғашықтық аңсар кекке ұласып кететін де кездері болады. Қараңғылық кілең жаманшылық ұясы деу біржақты пікір. Қараңғыда адам өзіне өзі есеп береді. Сырт көзден оңашада өзімен өзі болып ойланады. Жіберген қателігіне өкінеді, сәттілігіне марқаяды. Алдағы күндерге бағдар белгілейді. Жар төсегін қызықтайды, әйтпесе, ғашығын ойлап, сағынышқа батады.

Ішінің жарығы мол адам нұрлы адам. Нұр кісінің санасын сәулелендіреді. Санасы сәулелі адамның ішкі дүниесінің жарығы сыртқа теуіп тұрады. Жарық ішке түсіп қана қоймай, сенің жан дүниеңді ақылмен баурайды. Жүрегіңе шабады. Ақжүректер солар. Ішкі жарығы молығып, жан дүниесі нұрға толған адам сол бойындағы қасиетін сыртқа шығарады. Сонда оның дидарынан айналасына нұр шашырайды.

Қараңғылық түспесе жарықтың қасиетін білеміз бе. Бәрінен де көңілдің қараңғылығы жаман. Көңіліңе көлеңке түссе, ниетің бұзылып, пиғылың тарылады. Тоқтам керек неге болсын. Тоқтамның тежегіші - райдан қайту.Өшпенділік - адамды аздыратын жаман әдет. Кекке ұласып кетсе тіптен сорақы. Онда адамшылық шекарасынан шығып кеткен жыртқыштың нақ өзісің.

Алланың нұры, бірінші кезекте, жүрекке құйылады. Нұрға малынған жүрек жұмсақ һәм жылы келеді. Жүрек және қанмен қуаттанады. Жүректің тазалығы қанға байланысты. Кекшіл, кісіге жылуары жоқ суық бауыр, адамға үнемі сенімсіз көзбен қарайтын рақымсыздарды «Қаны ашыған» деп таңбалайды. Ниеті түзу емес, үнемі көреалмастықпен өзгенің өскенінен де өшкенін тілейтін, барға қанағаты жоқ, тойымсыз ашкөз, қызғаншақ, іші тар адамның кінәраты көп болады. Көңілі аумалы-төкпелі, досқа опасыз, жолдасқа тұрлаусыз,

11-2628

тоқтамсыз жанның басты кінәраты — өзі бола алмағандығы, өзгені көре алмағандығы. Ашу мен ыза, көңілдің ауытқуы үнемі қайталана берсе, жүйкені зақымдайды. Ширыққан жүйкенің салдарынан қан құрамы бұзылады екен. Қанның ашуы сол себепті. Енді біреулерді «Қаны сұйылған» деп жатамыз. Қанның сұйылуы тіптен қауіпті. Жүрісі сұйық, сөзі сұйық адамдар болады. Ондайлардың ісінде береке болмайды. Ондайлар тұрлаусыз екі сөзді келеді. Әр нәрсеге бір ұрынады. Және бұндайлар рақымсыз, мейірімсіз һәм кекшіл келеді. Азғындыққа бейім және. Кісі өлтіретіндер, лаңкестер — нақ осы қаны сұйылғандар.

Қанның тазалығын генетика ұрпақтар сабақтастығынан, тек-тамырдан қарастырады. Қанішерлік тұқым қуалайды екен деген де ұғым бар. Халық педагогикасы олай демейді. «Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады, бір аяқ көжеге алғысыз». Әкесі қанішер болса, баласы да кісі өлтіреді деген тұжырым халықта жоқ. Халықтық педагогика ұрпақтың сапасы ортасынан (ауыл-аймақ, оқыған мектебі) отбасылық тәрбиеден деп біледі. Көргенді жас тәрбиелі де тәртіпті ортадан, сүттей ұйыған шаңырақтан, әділетшіл, тәртіпті жолға қоя білген қоғамнан тәрбиеленіп шығады. Қалыптасады. Байсал тартады. Ұрпақтың азуы — ұлттың жоғалуына, бара-бара жойылуына апарып соғады. Азған ұрпақ ұлтының ділі /халықтық педагогика қағидалары, тәлім-тәрбие/ мен тілін, дәстүр-салтын аяққа таптайды. Көрген-баққаны дөрекілік, тойымсыздық болса, ондай жандардың қаны ашып әрі сұйылмағанда қайтеді.

Сонда тоқтамды деп кімді айтамыз? Бәтуасыздық бос сөзге ұрындырады. Даукестік бара-бара арызқойлыққа, арызқойлық пәлекорлыққа ұласады. Ондайлар шындық үшін күресіп жүрмін деп алдаусыратады өзін. Шындық — біле білген адамға адамның өзіндегі қасиет. Тазалық, пәктік жоғары сападағы адамгершілік жиынтығы, шындықтың көрінісі. Бір рәуатта шындық — Алла деген де ұғым бар. Рас, бұл сапа — туралықтың, әділеттің жиынтығы десе болады. Туралыққа бет бұрған адамның өзінде сапалық қасиеттер болуға тиісті. Ол қандай сапа? Шындықты іздеп таба алатындай мақсаткерлік — ақыл-пайым, білім-білік, табандылық және басқа да мінездік сапалар.

Шындық

Шындықты әркім әр қалай қабылдайды. Әділет жиынтығы деп біледі. Еркіндік, бақыт, арман, махаббат һәм алдағы толған мақсат, толған таңдаудан тоқырап, тауы шағылғанда шындықты іздейді. Іздемейді, керісінше, шындықты жазғырып, оны жоқ деп мәнсіздендіреді. Бүгінгі жалған патриоттар үкіметке қарсылықты, топқа, жікке бөлінуді, әйтпесе, ел назарындағы қайраткерлерді сүріндіріп, олардың жағасына жармасуды, ілімділердің еңбегін сынап, оны іске алғысыз етуді өздерінше ерлікке балап, шындық үшін күресіп жүрмін деп жар салады. Ондайларға салса, шындық кім көрінгеннің қолындағы шоқпар тәрізді. Өмірде жолы болмағандардың қолшоқпары болып шығады.

Қазақтың азатшыл ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Ендігі беталыс» деген өлеңін оқып көрелік:

Кірді ғой түстен кейін тентек акылы,
Сертімнің бұл өмірлік ең ақыры.
«Адам — құл, өзін жеңіп ұстамаған»
Деген ғой Сократгың бар нақылы.

Тұрмысты үмітім көп жеңем деген,
Жігермен жеңуіме сенем деген.
Ырқыма менің жүрер қай дүние,
Көнбесе өз ырқыма өзім денем.

Әрине, шыдар-ақпын өлуге мен,
Баспаспын жаман жолға көнуге мен.
Ақтармын оқып-жетіп адам атын,
Басқаға жоқ ықылас бөлу деген.

Менде жоқ қажу деген, ашу деген,
Торығып болымсызға жасу деген.
Ісіне құрт-құмырсқа ілтипатсыз,
Ойымда тек сол белден асу деген.

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,
Разымын не көрсем де осы жолда.
Шаршармын, адасармын, алданармын,
Бірақ бір табармын деп көңілім сонда.

Достарым, оған шейін асықпаңдар,
Алдыңда әлі ататын жарық таң бар.
Тез уақыт жердің жүзі бір түрге енер,
Түбінде, замандастар, осымды аңғар.

/1914 ж/.

Ақын шындықты алдымен өзінен, өз бойынан тауып, іздеуге бел буады. Іздеген жоғының оңайлықпен қолға түсе қоймайтынын, сол жолда адасатынын, небір қиындыққа тап болатынын біліп, өзін күреске дайындайды. Сондағы бірінші мақсаты — «оқып жетілу». Және ол өзін жаман жолдан аулақ ұстамақшы. «Жасып, өмірден түңілуді ойыма да алмаймын» дейді. Шындықтың ауылын іздеп шыққан сол жолда не көрсем де ризамын деп өзін жігерлендіреді. Алдағы атар жарық таңға ұмтылады. Ол таң — халқының еркіндігі, ол таң — оқу-білім, ол таң — қазақ халқының отарлық бұғаудан азат болуы. «Жердің жүзі бір түрге енеді» дегені — келешектен үлкен үміт күткені.

Әділет ақынның ұғымында жеке адамның мақсаты емес, жалпының /халықтың/ арманы. Шындықты іздейтіндер ақиқатшыл келеді және де әділетті сүйеді. Туралық бағытта болады. Сырты мен іші сәулелі келуі керек ондай мақсаткердің. Бірбеткейлік пен өжеттік оған тән. Бірақ ондай азамат тіршіліктің (бұл арада Алланың әмірін) заңдылықтарын жетік біліп, мойындауға тиісті. Шындық жолындағы күрестің қаруы, бірінші кезекте, бойдағы қайрат, /ақыл, білік-білім, мінез/ болып табылады. Осы арада Абайға жүгінуге тура келеді. Саналы жан шындықты заманнан, халықтың ақыл- ойынан іздейді. Сол жолда сау басын саудаға салады. Қараңыз, Абай не деген?

Бір кісі мыңға,
Жөн кісі сұмға
Әлі жетер заман жоқ,
Қадірлі басым,
Қайратты жасым
Айғаймен кетті, амал жоқ.
Болмасқа болып қара тер,
Қорлықпен өткен қу өмір...

Абайдай-ақ болар шындық үшін шырқырағаң. Жөнге сала алмады надандарды. Абайдың түңілісі — саналы түңіліс. Жекелеген адамдар әділетсіздікке шыдамай, күйректікке жол береді. Сұлтанмахмұт түңіле тұрып, шындықты таба алмаған күнде де жаман жолға баспаспын» деп өзін қайрайды. Бүгінде көріп те біліп жүрміз, шындыққа шырқырағандардың дені басараздықтың құлы. Өз дегені болмаса, Отанын сатып кетуге бар. Абайдың түңілісі өзі өмір сүрген заманның әділетсіздігін жеңе алмаған торығудан туындаған. Бүтін қазақ жұртын жөнге сала алмай жаны ауырады.

Ал бүгінгінің амалы, ендігі бет алыс бағдары бізді қайда бастайды? Шындықты іздеуді неден бастауымыз керек? Егер біз шындықты қарақан басымыздың мақсатына бола іздесек, онда мақсатқа жете алмаймыз. Онда адасамыз, адасып қана қоймай, ұлттық ерекшелігімізден айырылып, елдігімізді жоғалтып, құрдымға жұтыламыз. Ол құрдым — жаһандану. Жаһандану — бір жағынан оңтайлы бағыт. Экономикамыз көтеріледі, басқа дамыған делінетін елдермен аралас-құраластықта боламыз. Саудамыз жүреді, алыс-берісқе кең жол ашылады. Экономикада толайым табыстарға жетіп, нарық заңдылықтарын шебер меңгеріп, байлықты баянды етуді қамтамасыз етуіміз әбден мүмкін. Мүмкіндігіміз бар оған. Жеріміз бай, еліміз де бай, бақуатты елу елдің деңгейіне көтеріліп, әлемдік додада топ жару — басты мақсат бола тұра, рухани кеңістігімізді тарылтып алмауды естен шығармауымыз керек. Естен шығару былай тұрыпты, әр сәтімізді рухани өрістің молығуына, тақырланып қалмауына жұмсасақ, қанеки. Дін мен тіл, дәстүр-салт, халықтық наным-сенім, мінез, әдет-ғұрып, әдебиет пен өнер, ұлттық мәдениет, бәрі-бәрі рухани өрісті молықтыратын жан байлығы, рухани байлық. Мұны мектеп оқушысы да біледі дерсіз. Біле тұрып білместікке, ұлттық намысты жеке мүддеге, жалған беделге жеңдіріп, жеке бастың қамына бола, мансап үшін, байлық үшін бақталастықты қоздырып, демократияны әуезелеп ұрандайтындар шындық үшін шырқырап жүрміз деп халықты алдайды. Нағыз шындық сол — ғаламданудың аран аузына түсіп кетпес үшін намысты қолдан бермеу. Оны ойбай-аттанға шаптырып, құрғақ ұрандау еш нәтиже бермейді.

Шындық — мақсаткерлік. Өмірдің мәні мен сәніне негізделген бағдар. Бағдарды түзулеу үшін сенің өзінде /ұлтымызда/ қуат көзі болуға тиісті. Бұған жауапты тағы Абайдан табамыз:

Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар
Қайратың мен ақылың екі жақтап...

Міне, көрдіңіз бе, шындық жолындағы күресті өзіңнен баста дейді. Шындық мағыналы өмірдің бағдары. Шындыққа жету — бақытқа жету деген сөз. Шындық шырайланғанда заман да, адам да Алланың нұрына бөленеді. Шындық санаға ұялауға тиісті. Сонда әр қазақ баласы мақсаткерлікке қол жеткізеді. Абай айтқан «сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап» дегенді

қаперде ұстап, алпауыт елдердің зымиян саясатына беріспейді. Сырты жылмағай, іші суық келеді ондайлардың. Сіздер керемет дархан халықсыздар, қонақжайлыққа, жомарттыққа жеткізбейтін ересен елсіздер деп жымсиятын елшілер мен жат жұрттың әміршілері, қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, «күле кіріп, күңірене шығатындардың» нақ өзі. Ғаламдану — бізге тасталған тор. Азат ел едік басынан. Талай торға шырмалдық. Ресейдің телімінде болдық. Одан да аман шықтық. Халқымыздың көрмеген құқайы жоқ, азап пен сорға малтықтық. Шындық былай тұрыпты, ұлт ретінде жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрып, Алланың алқауымен тәуелсіздікке қол жеткіздік. Еркін де дербес елге айналдық. Елбасымыз табанды, көреген, қайсар тұлға. Нұрсұлтан Әбішұлының алысты болжаған сарабдал саясатының арқасында Қазақ елі еңсесін көтеріп, еркін тыныстай бастады. Әйтсе де, қауіп сейілген жоқ. Азаттыл түз құсы — сұңқар мен қыран, бүркіттің мінезі бар қазақта. Оңайлықпен беріспейді. Шынығып, шыңдалған талай-талай шайқастарда. Сол үшін де торды жетілдіре түседі байлыққа құныққан тойымсыз ашқарақ сырт жұрттың сұғанақтары.

Соның бір көрінісі — қолпаштау. Қазақ оны «астыға көпшікті қалындата қою» дейді. Тор, кәдімгі, бүгінде екінің бірінің аузында жүретін «демократия» делінетін, жыланның сілекейі тәрізденген, көзге көрінбейтін сиқырлы жіппен өрілген, сондай жіптен тоқылған. Оған шырмалғаныңды білмей қаласың. Торға бір түстің бе, шығу жоқ саған. Торға тұтылудың насихаты күшті, пәрменді және. Өмірге келдің бе, еркін жүріп-тұр. Еркіндіктің кепілі — ақша. Қазақ оны «Талтаңдасаң, талтанда, ақшаң болса қалтаңда» дейді. Содан да Тәуелсіз Қазақ елінің еркіндігін «демократия» деген сайқал саясаттың торына шырмап, тұншықтыруға құмбыл сырт жұрттың саясаткерлері. Ғаламдану — соған апаратын жол. Бұл жолдан ауытқысаң, жүгің ауып, орта жолда қалып қоясың. Көштен қалмас үшін тек алға тырмысып, ілгері оз. Данышпан Абайдың айтқыштығында қапы жоқ:

Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Шындықтың ауылын іздеушілер, көбінесе, кеудемсоқ мақтанқұмар болатыны рас. Сағым қуған алдамшы елеске малданатындар әділет пен ақиқатты түлкіше соғып аламын деп дәмеленеді. Ақын соны аңғартады.

Ақиқаттың ауылы оңайлықпен жеткізе қоймайды. Сол жолдағы сүріністі ұлы ақын нақпа-нақ түсіреді өлең жолына:

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе үңіл де, түбін көзде,
Сонан тапқан шын асыл тастай көрме.

Айтады-ау, қайран ақын. Алла сәулелендірген санадағы нұр жүрекке дариды. Алланың өзіңе сыйлаған қабілет-қарымынан, ақыл-пайымынан артықты іздеме, жұрттың аузын күзетсең күн көрмейсің, өзіңе, өз ішіңе, жүрегіңе үңіл. Өзіндегі барды ұқсата білсең, қор болмайсың дейді.

Шындықтың шолғыншысы — туралық. Туралық сені әділет жолына бастайды. Турашылмын деп өз айтқаныңнан қайтпайтын бірбеткей болсаң, онда қыңыр, қиянпұрыстау әдетке үйір келесің. Қисық мінез жамайсың бойыңа. Турашылдық ақ сөйлеуге жатады. «Шоттың басын бассаң, сабы өзіңе тиеді» дегендегі меңзеу осыған саяды. «Айттым — бітті, кестім - үзілді» турашылдыққа жатпайды. Оның соңы дау-дамайға ұласып кетуі кәдік. Халық - ұлы ұстаз. «Тура сөйлесең, туғаныңа да жақпайсың», «Тура биде туған жоқ, турасыз биде иман жоқ». Сонда қалай, жұртқа жақпаймын деп әділін айтпай, теріс айналуың керек пе? Онда сен қарау, арам ойлы болып шығасың. Әділетті жақтап, адалды арамдардан қорғаштап шыр-пыр болсаң ғана өзіңе де, өзгеге де пайдаң тиеді. Дүниедегі жаман әдет — немқұрайлық. Ондай әдетті ата-бабаларымыз «Жаны ашымастың — басы ауырмас» дейді. Ақиқат пен әділет жолында күресуші адам жанына адалдықты серік етеді. Адалдық қана кісіні адастырмай, шындықтың ауылына жеткізеді. Пікіріміз ұшқары, екіұшты көрінуі де кәдік. Шындықтың философиялық мәніне талдау жасап жатпаймыз. Ниетіміз түзу — сол ғана демеу көңілге. Мақсат — сананы сергіту, жас ұрпаққа өмірлік тәжірибемізден түйгенімізді халқадерімізше түсіндіріп шықсаң, тәрбие-тәлімдік сабағымыздың мақсатына жеткені деп білеміз.

Сонымен шындықтың ауылына жете алдық па? Шындықтың мәніне тоқталғанда айтайын дегеніміз не еді? Шындық — Алла, Ол жаратқан бүтін әлем, жанды-жансыз және өзің. Өзің барсың ба, шындық та бар. Демек, сен шындықты өзіңнен бастауың керек екен. Өзіңдегіні жарат керегіңе. Өзгенің әділдігі, туралығы саған азық болмайды. Ақиқат өз бойында, ол — қажыр-қайратың, санаңа құйылған Алланың нұры. Шыдамтөзімің, табандылығың. Бәрі-бәрі өзіңде. Өйткені, Алла сені

абзал жаратқан. Абай неге торығады? Неге таусылады? Әр өлеңі, әр жолы жүрегіңді езеді. Бұл - даналық. Даналыққа жеткен адам ғана шындықтың бетпердесін аша алады. Қаймықпайды өзгеден, қатты айтады:

Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын.
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын... —

дегені саналы жанға шындық бағдары болуға тиісті. Шындық үшін күрес, біле білсек, надандықпен күрес.

Заман ауысты, жұрт жаңарды. Сауда жүріп, табыс молайды. Базарлық экономика өрістеді. Жер шарын мекен еткен барша қауыммен аралас-құраластықта тіршілік етіп жатырмыз. Бір жағынан, үлкен жетістік бұл. Екінші жағынан, қауіп ойлатады. Жүрек шімірігеді. Абай айтқан надандық жойылды ма санадан? Шындық нендей күйде? Айта алып жүрміз бе ақиқатты ақ сөйлеп? Айтылады әділ сөз. Әділдікке құлақ тосатындар бар ма? Жұрттың бәрін күстаналаудан аулақпыз, олай дейтініміз, бүгінде надандық жоқ. Бүгінгінің адамдарын надан деуге ауыз бара ма, бәрі оқыған.

Білімдар шетінен. Білмейтіні жоқ. Хабар-ошар тасқыны, озық технология, электронды құралдардың үстемдігі, ғылымның қарыштауы адам санасына надандықты жуытсын ба. Киген киімі, ішкен тамағы, мінген көлігі, үй-жайы қандай! Бүгінгінің адамдарын надан деп көрші, тіке сотқа жүгінеді. Бопсалайды. Ақшасы бар қалталылар тіптен үстем. Сатып алады, сатып жібере салады. Ондайлардан шындықты сұрама. Олар үшін шындық - ақша! Надаңдық жоқ па сонда?! Бар-ау, бірақ айтуға ауыз бармайды. Сонда Абай сөзі жоққа шығуы керек пе?! Сұраққа жауапты кідірте тұрайық. Алғы тарауларда жауап беруге тырысып көрерміз.

VI. ТАҒЫЛЫМ

Қайырымдылық

Адамзат баласы елдесіп өмір сүргендіктен жоғарғы өркениетке қол жеткізді. Бір-біріне қайырым жасап, қол ұшын беру - адамның ең сапалы озғын қасиеті. Керісінше, қайырымсыздық адамның жүрегін беріштендіріп, мейірімге орын қалдырмайды. Біреуден біреу түңілгенде «Оны қой, қайырсыз нағыз» деп бет бұрады.

Өлген соң арыстаннан тышқан артық,
Қайырсыз жаман достан дұшпан артық.
Қолына кей адамның алтын түссе,
Қадірін біле алмайды мыстан артық, —

делінбей ме қара өлеңде.

Өзі мейірімсіз, рахымсыз болса, ондай жолдас кімге опа қылады?! Пендеде қанағат аздау. Шүкіршілік еткендер: «Қуған жетпейді, бұйырған кетпейді», - дегенді қаперде ұстайды. Бұйырмайын десе, аузыңа апарған асың да кері қайтады. Қайырымды адамдар ақкөңіл, аңқылдақ келеді. Кейде сол әдетінен өкінетіні бар. Біреу жолаушылап келе жатса, айдалада бір жаяу қол бұлғап шақырыпты дейді. Сөйтсе, әлгі адам соқыр екен. Жүргіншіге жабыса кетіп, айырылмай қояды. Соқырың нағыз содырдың өзі болып шығып, қайырым жасаған жолаушының астындағы атына жармасады. Екеуі қазыға барып жүгінеді. Қазы атты соқырға бұйырып береді. «Енді соқыр көрсем, жоламайын қасына, қайырым жетті-ау басыма» деп налыпты атынан айырылған жолаушы.

Бұл мысалдан нендей ғибрат алуға болады? Жақсылықты кісіге шамаңа қарап жаса деген аңғар бар әңгіме астарында. Әйтпесе, соқырға қайырым жасама дегендік емес.

Әкелеріміз атұстарын «Қайыр», «Қайыржан», «Қайырбек», «Қайыртай», «Қайырқұл» деп тегін атамаған.

Заман азарында адамдардан қайырым кете бастайды. Рақымсыздық, қатігездік етек алып, бетімен жайылған малдай қайыру бермей кетеді дегенді қариялардан сан естідік. Ақындар мен жыраулар шерлі өлеңді ағытады. Заманға налиды. Тас екеш тасқа да қына шығады. Жүректен мейірім кетсе, сен де сол тассың! Жүрегінің жылуы жоқтар - солар. Рақымсыздық

қатыгездікке жол ашады. Заман өзгерісіне орай адамдар кілең қатыгезденіп барады деп сары уайымға салынуға бола ма? Даласындай кеңпейіл қазақ халқының қайырымдылықтан қол үзуі мүмкін емес. Қайырымсыздық, түптеп келгенде, өзіңе сор. Кісіге жасаған жақсылығың да, иттігің де күндердің күнінде алдыңнан шығады. Дүние жеткізбейді қуғанмен.

Құранда айтылады. Жомарт та, мырза да - Алла. Бай да Алла. Оған дәлел - табиғат байлығының молдығы. Жаратушы ие ысырапшыл емес. Бір тоқтыға бір түп жусан артық жаратады екен. Әр нәрсе шақтылы болса, қымбат. Табиғаттың қисапсыз мол қазынасын есептеп шығара алармысың? Ондай қабілет бізде жоқ. Осыншалықты ырғын байлыққа иелік ететін күдіреті күшті Ие асылыққа бармайды. Өйткені, ол мейлінше кең һәм жомарт. Пейілін кеңге салады. Мына біздерде тойымдық әсте жоқ. Халықтан сөз артылмайды: «Толсаң, төгілесің, ассаң, асыласың». Оған да тоқтамасаң: «Көргеннен көзақы алатыннан сақтасын!» - деп түңіледі. Тіптен үдетіп жіберсең, дүниеге деген тойымсыздықты «Көзіңе көр топырақ енсін!» деп келтесінен бір-ақ қайырады. Бүгінгінің байшыкештері дүниені арын саудалап, қадір-қасиетін бұлдап, өлермендікпен табуға жан салады. Бәрі емес, әрине. Байығандарды жаппай кінәлаудан аулақпыз. Гәп сол дәулетті халық игілігіне жұмсауда жатыр. Халық санасында сараңдар - «шық бермес Шығайбайлар», «Қарынбайлар» жағымсыз атымен қалса, уызына жарыған мырзалар да ел есінде сақталған. Атымтай жомарттар әр ұлыста болған. Арғын - одан Мейрам, одан Болат қожа, одан Бошан, одан Машай, одан Бораншы, одан Керней /көк бөрі/, одан Түйте, одан Жарылғап батыр, одан Қырбас, одан Бәйсейіт /Бәжең атанған/, одан Нұрлан мырза туады. Сол Нұрлан мырзалығымен аты шығып, даңқы жайылыпты өз төңірегіне. Кедей-кепшік, жоқ-жітік Нұрланға барады екен соғым уағында. Біріне соғымдыққа ат жетектетсе, өзгесіне тай береді екен. Одан қалды аш-арықтарға қап-қап ет арқалатқан ғой. Мырзаның әкесі Бәйсейіт би тегін олжаға кенелгендердің жетектеген жылқысын, арқалаған етін тартып алмақшы болып: «Саған Нұрлан береді, маған кім береді?» - дейді екен. Сірә, артымда сөз қалсын дегені шығар. Сөйткен Нұрлан мырзаның ұмыры аз болыпты. Қырықтан асар-аспаста дүние салыпты. Әкесі Бәйсейіт би ботасы өлген інгендей боздап: «Қара жерге Нұрланымды қалай қиямын. Қолын бір жұмбаушы еді, дүниенің опасыздығын ертеден-ақ білген екен-ау!» - деп ah ұрыпты. Сараңдарға айтылар қарғыс: «Жиғаның бұйырмасын!» Құдайым сондай наладан сақтасын!

Түркмен халқының ұлы шайыры /классик ақыны/ былайша түйіндейді:

Мақтымқұлы, жарлымын деп мұңайма,
Риза бол, құлшылық қыл құдайға.
Ажал жетер жүйрікке де, құмайға.
Қарыстай жер бәрімізге шақ болар..

Ысырап

Үнем - береке бастауы. Сараңдыққа жатпайды. «Тарта жесең, тай қалады, өле жесең, нең қалады?», «Ішер асыңнан ішпеген асың көп болсын», «Бір аштықтың бір тоқтығы болады», «Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыз жалғыз атын сойдырады». Тым тамақсау мешкей адамды «жалмауыз» дейді. Содан да: «Мешкей деген жақсы ат емес», - деген сөз қалған. Пайғамбар хадисінде «Жеңдер, ішіңдер, бірақ ысырапшылдыққа, бос мақтаншылдыққа жол бермеңдер!» делінген. Дарақылық, біреуден асып түссем деген жалған мырзалықты Алла қош көрмейді. Сол себепті Құранда қанағат пен ысырап жөнінде көп айтылады. Атам қазақ тым ерсі сәнкештерді /сәнқой емес/ тыраш деп кекеткен.

Баланы бесіктен белі шықпай жатып үнемшілдікке баулып, ысырапқа жол бермеуге дағдыландырған. «Нанның ұнтағын жесең, бай боласың», «Сыбағаңды сарқып іш, несібең кемиді». Осы ескертудің бәрі ысырапқа жол бермеудің тәсілі. Үлкендерден сарқыт дәмету - ежелгі ырым. «Жасың ұзақ болады, үлкеннің сарқытын ішсең» дегенді жиі еститінбіз бала кезімізде. Халқымыз ненің болсын қадірін, бағасын бастан өткен өмір тәжірибесінен сабақтаған.

Тек тағам ғана емес, орынсыз пайдаланылған табиғат байлығы да ысырапқа жатады. Жаңа экономикалық саясат жеке адамның баюына жол ашты. Байлықты ысырап етпей, орнымен жұмсау қайырлы.

Ысыраптың түрлері көп. Артық сөз, орынсыз шығындалған бойдағы қуат, асыра шашпа дарақылық та ысырапқа жатады. Не нәрсенің шақтылысы жақсы. Адамшылық қасиетіңді, адал ниетіңді ірікпесең, байқап-байқап баспасаң, қара ниет қарауларға жем болып кетуің кәдік. Жалпақ жұртқа жанашыр болып, шашылып-төгіле берсең, бұрлығып жолда қаласың. Есепқой дос, әккі жолдас жиғаныңды шашып, иманыңды (бұл арада адамшылық) бұйыртпайды. Сонда не істеу керек?! Қарау мен құлқынқұмардың тобына қосылуың керек пе? Шүкіршілігі жоқ, ындыны кепкен обырлар күндердің күнінде

қақалады. Ысыраптың да обалы бар. Атам қазақ «Көп асаймын деп боқ асап жүрме» деп ескертеді.

Ысырапқа тосқауыл - қанағат. Бұйырған несібеге қанағат ете білсең, тыныш ұйықтайсың. Уайымың азаяды. Қанағат турасында мақал-мәтел, аңыз әңгімелер мен жыр-дастан жетерлік. Ерте бір замандарда екі жігіт сапарлас болып жолға шығады. Бірінің астында ат, екіншісі өгіз мініпті. Аттылының есімі Ақырбай екен. Өгіз мінген Қанағат есімді момын еді. Ұзақ жолда қарны ашып, қоңқылдаған жігіт: «Өгізді жолазыққа сойып алайық та, атқа мінгесейік. Бұл қалпымызда аштан бұрлығып, межелі жерге жете алмай жолда қаламыз», - депті. Оған Қанағат келіспейді. Олай болса, мен кеттім депті серігі ширығып. «Асықпаған арбамен қоянға жетеді» депті де Қанағат қала беріпті серігінен жырылып. Жай қалмай: «Жолдасын жауға алдырған жолда қалады», - деп және тұспалдапты.

Аттылы жолаушы былай шыға адасады. Азығын тауысқан соң, астындағы атын сойып жейді. Серіктесі өгізбен өңкеленделп жеткенде, Ақырбай аттың етін қарақшыға тонатып, жападан-жалғыз келе жатады ғой. Өгіз мінген жолаушы қапаланып: «Қанағат - қарын тойғызады, қанағатсыз - жалғыз атын сойдырады», - депті де, жаяуды аяп, артына мінгестіріп алады. Ақырбай есін жиып әлденген соң, қоналқада өгіздің қарнына пышақ сұғып алады. Қанағат қатты кетеді: «Өгіздің етін сен-ақ же!» - деп ілгері озады. Еліне аман-есен оралған одан жаныңдағы серігін сұрайды. Болған жайды Қанағат жасырмайды. Бауырлары Ақырбайды іздеп шығады. Барса, өліп жатыр екен дейді. Өгіздің сүйегін де қалдырмапты аш бөрілер. Содан шыдамсыз, ашкөз, қанағаты жоқ бейбақтың қазасына байланысты «Ақырбайдың түбі аштан өлер» деген сөз қалыпты. Күні бүгін айтылады.

Кесір

Істің оңға баспауы кісінің өзіне де байланысты. Бұйырмайын десе, алдындағы ас та ішілмей қалады. Бөктеріншегің өзгеге бұйырады. Қалай да есебі табылады шығасыға. Кесір неден шығады? Адамның өзінен ғой. Сонда жаппай кесірлі болып кеттік пе? Кесірліні түстеп бере аламыз ба? Жағалатып көрелік. Ондайлар кергіме келеді. Бәлденгіш және өзі. Пандық та бар. Өзін жоғары қояды басқалардан. Жоқтан ілік шығарып, жақсы отырыстың шырқын бұзады. Үнемі төрге озады. Төршіл. Жесе, жедім демейді. Ішсе, іштім демейді. Ондай кергімеден алып та жарымайсың, беріп те жақсы атты атанбайсың.

Кесірлі - Алланың құлы емес, өзіне өзі құдай. Ондайды «тәкаппар» дейді. Кесірлі, бір есептен, менменге жата қоймайды.

Кесірліде кісілік кемшіндеу. Тәкаппардың мінезінде ірілік бар. Кесірліде надандық басым келеді. Неге? Өйткені, тәубесі жоқ олардың. Кесірлі бір есептен қырсықпен ағайындас. Екеуі бір анадан туғандай дерсің. Дегенмен, айырма бар бұларда. Қырсық қиықтанса, берген сыйыңды алмай, алдына қойған асты ішпей кете салады. Одан сенің нең кетеді? Асың дастарқаныңда, атың жаныңда қалады. Кесірлі олай етпейді. Табағыңды /ыдысыңды/ теуіп, атыңды басқа ұрып, өзіңді боқтап кетеді. Ата-бабамыздың зар тілегінің бірі: «Иә, құдайым, кесір-кесапатыңнан сақтай гөр!» Көзге шұқығандай етіп және түйрейді. «Ат кесірленсе, жемнен қағылады, қатын кесірленсе, ерден қағылады». Құдайдан және тілейді: «Кесірлі келіннен, кесапат ұлдан сақта!»

Бір мысал сұранады. Арғын, оның ішінде - Мейрам, оның ішінде - Куандық, оның ішінде - Алтай, одан - Мойын, одан - Рақпанқұл, одан - Әлібек, одан - Аралбай. Сол Аралбайдың бір бұтағынан тарайтын Қосыбайдың Кеттебегі заманында ел билеген, болыс болған. Паң, тәкаппар адам болыпты. Кісінің сәлемін жөндеп алмайтын қырсық екен барып тұрған. Кеттебекпен замандас -тоқа Телқозының Шоңы мейлінше ақылды, білімдар кісі екен. Шоң би айтқан екен дейді: «Бұл төңіректе менен ақыл сұрамаған екі-ақ адам бар. Бірі - Кеттебек, екіншісі - Қаңтарбайдың Исасы (Иса қажылыққа барған, кісілікті адам болған заманында. Алтайдың сайдалысына жатады). Исаның өз ақылы өзіне жететін еді, Кеттебек кесірлігінен сұрамады ақылды».

Арқа атырабында атақты паң Нұрмағанбет деген болған. Айтулы сөз зергері Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесінің кейіпкері. Өзі кезінде басынан сөз асырмаған, кісілікті болған. Кесірлі Кеттебек те ел аузында бар. Өзі болыс, ел билеген, сөйте тұра кесірлі атанған. Кеттебекте мінез болған. Содан да кесірлі атанса керек. Абай айтқан: «Болыс болдым, мінекей, бар малымды шығындап, түйеде қом, атта жал, қалмады елге тығындап. Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап, нашардың сөзін салғыртсып, шала ұғамын қырындап...» - деп келетін жалтақай, екіжүзді құбылғыштар санатына жатпаған кесірлі Кеттебек. Ондай-ондай оғаш мінезді жандардың иттігінің өзі кейінгіге үлгі. Бой-басын таза ұстайтындарды «дегдар» деп те айтады. Кеттебек дегдарға жатпайды, кесірлі деп те кесіп айта алмайсың. Бір қасиеті болуға тиісті. Бәлкім, сыпа шығар?..

Сыпалық пен сыпайылықтың жөні екі басқа. Бір-бірінен өзгешелігі бар. Мінезі жұмсақ, сөзі майда, жүріс-тұрысы үйлесімді кісіні сыпайыға жатқызады. Бүгінше айтқанда, мәдениетті жан. Ал сыпа қандай кісі? Кесірлі Кеттебек сыпа болған десек, бірден келісе қоймассыз. Жадағай жайдақ мінезді, киген киімі, жүрген жүрісі, сөйлеген сөзі қарабайыр

келсе, ондай адамды халық жан тартып, қарапайымға жатқызады. Қарапайымдылық та жақсы қасиет. Көзге түсіп тыраштанудан ада. Жұпыны киініп, жұлынбай сөйлейді. Тым ұсақсып, жабыланып /момынсып/ кетсең, сөзің жасық, өзің жасқаншақ болсаң, үнемі төменшіктеп, иығыңды түсіріп жүрсең, онда сыншыл қариялар: «Осы неме ынжық, жасық боладыау!» - деп жақтырмай қалады. Ынжықтық жігерсіздікке соқтырады. Жігерсіз жаста уыт болмайды. Уытсыз жас қатарынан кейіндеп жүреді. Үлесінен құр қалады.

«Жақсы ат жүрісінен пұл болады, жаман жүрісінен құл болады» дегенді халық осындайларға қарата айтқан. Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскендерді «Шірік неме!» деп жаратпайды үлкендер. Мұқату емес, намысын оятып, қайрағаны.

Сыпайы сыпа адам артық сөйлемейді. Бой-басын таза ұстайды. Кірлі ыдыспен тамақ ішпейді. Қанағатшыл келеді. Қомағайлықтан ада. Кесірлі Кеттебек кісі үйінен сұғынып тамақ ішпейді екен. Алдындағы астан сәл секем алды ма, аузына салмай қояды. Жылқы етінен басқаны татып алмаған. Бір жолы Кеттебек болыс тоқа Тойымбектің (Ол да кезінде атқа мінген, би болған. Сәкен ақын Тойымбекті іш тартқан. Турашылдығына бола) үйіне түседі. Әулеттің бас иесі қонағына қысырдың тайын сойдырады. Екі қазан көтеріп, бір қазаңдағы сорпаға сиырдың қарнын салдырады. Сол қазандағы етті түсіріп әкеліп, қонағының алдына тартқанда, Кеттебек тыжырынып, табаққа қол сала қоймапты. Дәм тату ишарасын жасапты да қойыпты. Сонда Тойымбек еріксіз бас шайқап: «Болмас, болмас. Екінші қазаңдағы еттен әкеліңдер. Бұл жазғанды бекер кінәлайды екенбіз. Кесірлі деп жазғыру әбестік Кеттебек мырзаны. Бала кезінен әдеттенген ғой, сірә. Кесірлі емес, жиіркеншек сыпа екен», — депті.

Жиіркеншек адамдар кірпияз, сыпа келеді. Не болса соны көңіліне алып, дәмі келіспеген тамақты аузына салса, ұшынып ауырып та қалады. Кеттебек сыпа болған. Сыпалық игі жақсылардың көбінде бар қасиет. Бой тартады, өзін сұлу торы аттай жарау ұстайды. Шымыркештер /спортшылар/, бишілер, әншілер - халық алдына көп шығатын өнерпаздар да сыпалыққа үйірсек.

Арғынның бір бұтағы — сүйіндік, оның ішінде айдабол Едіге би жолаушылағанда азығын қоржынға салып алады екен. Ғұмырында кісі үйінен сұғынып тамақ ішпеген дейді. Атақты батыр Бауыржан Момышұлы ет жеуге зауықсыз болған. Олжас Сүлейменов тауық етін аузына алмаған. Ертеден бар әдет. Қазақтың игі жақсылары сыпа келген. Мәселен, Абайдың әкесі Құнанбай насыбай атпаған, насыбайшыларды тыйған. Сұңқар ақын Сәкен Сейфуллин арақ ішуден өзін қатты тыйған. Тамақты да сұғынып ішпеген.

Шектен шыққан сыпалық ерсі әдет. Ондайларды бүгінгінің тілімен айтқанда: «Жалықпайтын мәдениетті» деуге келеді. Сыртын жылтыратқанмен, ішінде жылуары жоқ, білік-білімі тапшы сыпайыны тырашқа жатқызған сыншыл көздер.

Көпшіл

«Көпте құдайдың рахманы бар» делінеді Құранда. Халық та осы сарында ғибрат айтады. Тіптен асырып та жібереді. Атам қазақтан сөз қалмаған ғой. «Көпшілік құдай емес, құдайдан былай емес». Ал, керек болса! «Көп - қорқытады, терең - батырады». Құранда айтылған - құдайдан қорық дейді. Көптен /халық, ел/ де қорқу керек. Қариялар имансыз қара жүректерден түңілгенде «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деп ескертеді. Көптен де қорыққан жөн. Әрине, жақсы мағынасында, сыйлау керек қалың көпшілікті, сөзіне тоқтау керек. Санасу керек пікірімен. Нағыз ауыр сынақ - көп талқысы. Жүрегі кіршең, ниеті қара, пиғылы бұзықтар жұрт бетіне қарай алмайды. Сол себепті ондайлар жұрт көзінен тасаланып жүреді. Қарақан басын күйттеген, оңай олжаға дәніккен, тегін нәрсеге құныққандар ел бетіне қарай алмайды. Көпшіліктің ұлы атауы - Халық. «Халық айтса, қалт айтпайды». Көп асауға құмар қомағайларды, ұлтын сатқан ождансыздарды, озбырларды, бас пайдасы үшін Отанын сатуға да бар опасыздарды халық ежелден-ақ ар сотына тапсырған. Ондайлар оңбайды, түптің түбінде сазайын алады. «Көптен қашқан - көмусіз қалар».

Шариғатта бар, пайғамбар хадисінде жақсы айтылады: «Көппен бірге жүріңдер, бөлектенбеңдер. Имандылығың нығаяды, сауабың артады. Намазды жамағатпен /көппен/ бірге оқысаң, сауапты келеді».

Халық өнегелі сөзді айтудан жалықпайды. Кісікиіктеу топқа қосылмайтын жалқылықты қалайтындарға: «Жалғыздық Аллаға ғана жарасқан!» - деп ескертеді. Бұра тартатын, бөлек қос болуға жаны құмар дүниеқоңыз пайдакүнемдерді нысаналап: «Бөлінгенді бөрі алады», — дейді.

Жас жеткіншегін әке-шеше көпке үйірлестіріп, топқа қосуға бейімдеген. Көптен қашатын, жұрт назарынан жасқаншақтап қорынатын өспірімді сыншыл қариялар «Ынжық, бозөкпе» деп жаратпаған. Көпшіл жас ақжарқын, кеңпейіл келеді. Туған тілін, дінін, ұлтын сүйіп, қорғаштайтын қасиет - жүрегінің оты бар ұландардан шығады. Өзімен өзі болып топтан қашатындар басқа елдің әдет-ғұрпына еліктегіш келеді. Түрлі діни ағымдардың /секталардың/ алдау-арбауына тез беріледі.

Бойдағы қабілетті, ерік-жігерді жетілдірудің бір амалы — Көпшілдік! Көпке қосылуға, ағайын-туыспен араласып жүруге ынталы жас ұлтжанды, бауырмал келеді. Топтан бөлініп, көптен қашатындар арақ-шарапқа, анашаға бейім тұрады. Көпшіл адамның пейілі кең келеді. Жанның бәріне жақсылық жасауға бейімдер солардан шығады.

Бүгінде біз өмір сүріп жатқан кезең «капиталистік қоғам» деп аталады. Капиталист байлықты нысаналайды. Табыскерлер де қоғамға, халыққа қызмет етеді. Бүгінгінің ұраны - жеке адам байыса ғана қоғам байиды. Жастарды саудадан бездіріп, одан кінәрат табу асылық. Табыс-табыс деп өлерменденбей, өзгені де ойлауымыз керек. Көптің көңілінен шыға білсек, кәсіпкерлігіміз бен саудамыз алға басады. Рас, бір тиыңды екеу ете алмасаң, саудаң жүрмейді. Абай айтқан «пайда ойлама, арды ойланы» да ұмытпауымыз керек. Көптің наласына ұшырап қалуың кәдік. «Көпке жақпаған, құдайға да жақпайды». Нағыз қатал сын — көптің талқысы. Көптің назарында жүрген де бір мерей. Назасына қалсаң, ардан безген атанасың. Екі дүниеде жүзің қара...

Қазақта ескіден келе жатқан сөз бар: «Атқа мінген /ел билеген/ билікші кіндігінен төмен қарай қан кешеді». Халыққа билік жүргізгендерде әділеттілік бола бермейді, соны тұспалдағаны. Билік шоқпарын тентекке сілтеймін деп, момынның басын жарып алуы кәдік. Мемлекет басшысын «Елбасы» деп қазақ атауымен айтамыз. Расы сол. Елдің бүгіні мен ертеңіне, болашағына бағыт сілтейтін, халықты тура жолға бастайтын, "корғанысын нығайтып, экономикасын ілгерілететін, халқымыздың рухын биіктетіп, моральдық бейнесін айқындайтын Елбасы екені анық.

Халық «Ханда қырық кісінің ақылы бар» дейді. Өйтпесе, ол әмірші атана ма?! Пайғамбар хадисінде «Тіпті сендерге мейізден де қара эфиопиядық құл басшы боп сайланса да, оны тыңдаңдар, бойұсыныңдар» дейді. «Басшысын сыйламаған ел батпақта қалар» деген де аңғарту бар халықта. Құранда Алланың әмірі — парыз, патшаның нұсқауы - уәжіп /бұлжымайтын бұйрық/ делінген. Аллаға бойсұнудан кейінгі бағыныштылық — Елбасына тоқтау, соған құлақ асып, сенім көрсету болып табылады. Әділ билікшінің қабағы - Ай, кірпігі - Күн, лебізі — самал, озбыр патшаның қабағы - қырау, жанары - сүңгі, лебізі - үскірік делінеді.

Мансап - қолға ұстаған мұз. Күндердің күнінде еріп кетеді. Бұл - халықтың сөзі. Билік жүргізу - атқа мініп жүртқа өкім жүргізу мұз тәрізденген суық та салқын бірдеңе болғаны ма?! Сөйте тұра, қайырсыз екенін біле тұра, мансапқа жүгіретініміз қалай? Кім-кім де мансап тізгінін ұстауға құштар. Қазақта бар сөз: «Жақсы атқа мінсе, жаманды қосшылыққа ертеді. Жаман атқа мінсе, жақсыларды зор етудің орнына қор етеді!» «Тұсында әр заманның бір сұрқылтай» дегендегі халықтың айтайын дегені әділетсіз әкім қаралар ғой. Орыстық шовинисгік солақай революция жеңіске жетіп, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін кедей-кепшікке есе-теңдік тиіп, жалшы атаулы жаппай атқа мінді. Халықты зар жылатты солар. Кім бай, кім текті, кім мұсылман болса, кім өнерлі болса, солардың түбіне жетті шала дүмбілездер. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» саясатын Кеңес үкіметі әлгі шала сауатты шалағайлардың қолымен жасады. Халық оларды «киіз сөмкелі шолақ белсенділер» деп атады. Одан кейінгі жылдарда билікке кілең коммунистік партияның қолғанаттары - комсомолдар /күлшелі балалар/ келе бастады. Креслоға солар жайғасты. Өзіндік ойы жоқ, пікірі сырдақ, сөзі жаттанды, жоғарыдағылардың нұсқауын бұлжытпай орындаудан әріге бармайтын, тақылдағанда таңдайынан шаңы шығатындар қаптады. Оларды халық «партократтар» деп кекеді. Сол партократтар ел экономикасын тұралатып, партия нұсқауын қасаң күйге ұшыратты. Ақырында өздеріне өздері көр қазып, құрдымға кетті.

Бүгінде дербес елміз. Оған дау жоқ. Ілгерілеу басым. Халық басшылардан үмітті. «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деп көтермелейді. Дегенмен, бес саусақ бірдей емес. Бәрін бірдей күстаналау әділетке жатпайды. Халық шыдамды ғой: «Көш жүре түзелер», - деп үміттенеді. Біз де соған тоқтаймыз. Бәрінен де кауіптісі - мансапты биік дәреже деп білуі, сол жолда ар-ұятын саудаға салу. Оңдай өлермендер халық қамынан да бас қамына құмбыл. Жалған сөйлеп, жұрт көзіне түсіп тыраштану - елім дегең есті азаматқа лайық емес. Қыран болу екінің біріне бұйырмайтын қабілет. Сұңқарлық керек бізге. Қазақ болып қалу үшін, ұлттық мүддені баяңды ету үшін, ел мен жерге иелік ету үшін, Елбасы белгілеп берген елу елдің қатарына ілігу үшін! Көл қорыған қызғыштар да керек, онсыз ұлттық намыс ширықпайды. Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мынаған саяды:

«Не жалған, бұл дүниеде, мансап жалған, сол жолда сандалғандар сарсаң болған. Айдың да күні бітсе ортаяды, орнында талай көлдің сортаң қалған. Мансаптың бастауы - ну, соңы — тақыр, сандалып шөлде қалған талай пақыр. Нағыз биік дәреже - озғын сана, болашаққа жалғасып ізі жатыр. Мансап үшін талайлар досын сатқан, жат ошақтың жалданып отын жаққан, шаңырақ пен ошағын саудалаған, құдайым сақтай көрсін сатымсақтан!

Адамдық ақ жолдан ен таймаңыздар,
Мансап емес ел қамын ойлаңыздар!

12-2628

VII. ТӘРБИЕ-ТӘЛІМ

Ықпал

Осы еңбектің алғы тарауларында айтылды. Наным-сенім, салт-дәстүр, діни ғұрып, әдебиет пен өнер - бәрі-бәрі тәрбиеге негізделген. Әдет-ғұрыпқа байланысты төтеннен жол тауып жаңалық айту біздің міндетімізге жатпайды. Халықтың өнегелі сөздерін ұрпақ санасына сіңіру бір жылдың еншісіндегі шаруа емес. Жылдарға созылады. Ата-ана ішінен шыққан перзентіне жаман бол демейді. Бала санасын орта (мектеп, аула, теледидар, электронды ақпарат құралдары, түнгі клуб, ішімдік, анаша, т.б) еңсеріп барады. Оған қоса тобырлық мәдениет етек алып, Батыстан (Еуропа елдері, Америка) тараған даңғазалық (қалай болса солай киіну, алқын-жұлқын би, нәпсі желігі, дөрекілік, озбырлық) ұрпақ санасына кері әсерін тигізіп, керек десеңіз, билеп-төстеп алған. Осыған қарсы қояр тосқауыл бар ма?! Тәрбие құралдары жетімсіз бе әлде? Бар, жетерлік. Радио, теледидар, театр, әдебиет, музыка... Осыншама үгіт-насихат орындарын тиімді пайдаланып отырмыз ба? Ата-бабадан қалған тағылымды сөз, өсиет ұрпақ санасына жетіп жатыр ма? Осы біз жетесіздерді тәрбиелеп жатқан жоқпыз ба? Нағыз тәрбие баланың жетесіне жетіп, жүрегіне орнау керек. Бүгінгінің баласы «ақылды» темірдің шылауында. Компьютер басты /Мұхтар Шаханов айтқандай/ ұл мен қыз ертеңгі күні ата-баба дәстүріне мойынұсынып, зердесіне тоқиды дегенге сене қоймайсың. Үміттен де құр емеспіз, алайда түңіліс басым естияр қауымда. Жастарға ақыл айтып не керегі бар. Бәрібір саған ілікпейді. Қоғам өзі реттеп алады. Үгіт құралдары қолында. Тәрбие орындары жеткілікті. Заңмен реттейді. Несіне бүлінеміз? Еріксіз өзіңе ойысасың. Ата-анаңды еске түсіресің. Олардан алған тәлім-тәрбиеңді санаңда жаңғыртып, шала бүлінесің. Өзің ғұмыр кешкен заманды артта қалған жылдарды қиялмен шарлап, ой елегінен өткізесің.

Тәрбие қайтсе сіңеді санаға? Тәсілі, әдістемесі бар ма? Күні кеше ғана емес пе, мақсаты айқын, мұраты нысаналы, ізгілікті насихаттаған адамсүйгіш қоғамда, коммунистік тәрбие дәстүріне қалыптасып, Совет адамдары деген айбынды атқа ие болғанымыз. Коммунистік партия ұран етіп алған: «Адам адамға дос, жолдас, бауыр», - деген қағида бұрын айтылған ба? Будда мен Құндызы /Конфуций/, Мұса мен Иса пайғамбарлар да осылай деген. Алла атымен қолға тиген бас кітап - Құранда да бар сөз. Акырдың пайғамбары Мұхаммед (с.ғ.с.) те осылай өсиет қалдырған. Маркс пен Энгельс, Ленин ғана айтпаған мұны. Оларды да жазғырудың қисыны жоқ. «Адамды адам еткен еңбек» деген анықтама әу баста кімнің аузынан шыққан? Қасиетті төрт кітапта /Тәурат, Інжіл, Библия, Құран/ бар сөз емес пе. Алла тағала адамды әу бастан-ақ еңбек етуге бейімдеп жаратқан жоқ па?! Өз ризығыңды адалдан теріп же демеді ме?! Ата-бабаларымыз: «Жүргенге жөргем оралар, жатқанға жан жуымайды» дегенді тегін айтпаған.

Еңбек

Баланы тіледік құдайдан. Отым өшпесін, ұрпақ жалғастығы үзілмесін деп. Хош, бала өсті. Жігіт болды. Бұлғақтады. Ыржақтады. Киместі кидірді, ішпесті іштірді балажан әкешеше. Өбектеді «Жаным осы құлынымның жолында» деп. Жалпы, қазақтар балажан келеді. Үргін-сүргінді, атыс-шабысты көп көрген елміз ғой. Соған қарамастан өсер жасты шынықтырып, шыңдауды да ұмытпаған. Бірінші кезекте саналы болуға баулыған. Оқу-тоқу арқылы, еңбекке икемделу арқылы санаға сәуле түспей ме. «Еңбегі аздың өнбегі аз», «Еріншектің ертеңі бітпес», «Өтірікшінің шын сөзі зая»...

Халықтың тәлімді сөзін Абай күшейте түседі: «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек бекер мал шашпақ...»

«Бекер мал шашпақтың» заманы өткен. Оны қазақ «дарақылық» дейді. Еңбек ете білу бар да, тапқанды ұқсата білу бар. Ұқсата білмесең, еңбегің зая. Еңбек қайтсе өнікті әрі жұғысты болады? Ол таңдаған кәсібіңе байланысты. Кәсіпті «жұмыс» деп жүрміз, дұрысы - кәсіп. «Қолың қимылдаса, аузың қимылдайды». Бұл қағиданы бала айттырмай-ақ біледі. Мәселе баланы ізгілікке, еңбекке жөргектен баулуда жатыр. Абай айтқан «әдеті жаман» қайдан шығады? Тәрбиесіздіктен. Тағы да бейбақ әке мен шешені жазықты қыламыз. Абай айтады: «Жүректе қайрат болмаса, ұйықтаған ойды кім түртпек, ақылға сәуле қонбаса, хайуанша жүріп күнелтпек...»

Еңбек етіп жан асырау үшін адам қайраттанады. Жігерленеді. Сонда оның қолға алған жұмысы алға басады. Ісі өнікті болады. Мал екеш мал да бейнетпен тойындырады қарнын. Мәселе санада. Ақылға келіп тіреледі. Саналы бала әкешешеге масыл болуды ар көреді. Ерте есейеді. Мұны атам

қазақ «Болар бала боғынан» деп ишаралайды. Баланы жөргекте боғына былғанып жатқаннан тәрбиелеу керектігін халықтық педагогика тәрбие-тәлім сабақтарының кіріспесі деп білген.

Ерте есейген баланы есті деп жан тартады үлкен-кіші. Есті бала өсе келе естияр азаматқа айналады. Жөн-жобаны зеректікпен зерделеп, топқа қосылып, көпшілікке көрінеді. Келе-келе үлкенге - кішік, жасқа - ұстаздық етуге жарайды. Ашуын ақылға жеңдіріп, ұстамдылыққа бейімдейді өзін. Досқа опалы келеді. Кісіні өкпеге қиса да өлімге қимайды. Мұндай естиярды жастар «аға» деп сыйлап, үлкендер келешегінен үміт күтіп, назарында ұстайды. Тілекші болып жүреді ондай азаматқа. Естілікті халық жоғары сапаға жатқызады. «Есті айғыр енесіне шаппайды» дегендегі мақалдың мәні тереңде. Есалаңдарды да халық шетке қақпайды. Аясынан шығармай тәрбиелеуге күш салады. Есалаңның да аяғының желі бар. Ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін әсіре ширақтар солардан шығады. Ондайлардан қашсаң да құтыла алмайсың. Есалаңдар әр ауылда бар. Жақсыны күндеп, табалап, таңын атырмай, күнін шығармайтындар да солар. Өліміңнен де кінәрат тауып, өсекке іліктіреді. Үлкендерден қалған сөз — «Есалаңды есіңе ал».

Есті де, есалаң да жанын асырайды. Бас пайдасын ойлайды. Бас пайдасынан жаңылған /ұмытқан/ адам көшке ілесе алмай жұртта қалады. Жанын асырай алмағаннан өткен сорлылық, сірә да жоқ-ау. Өз қолы өз аузына жеткеннен кейінгі тырбаныс - жан асырау. Үлкендерден /әке-шешеміздің/ сан естідік: «Екі аяқты ат қылып, екі қолды қамшы қылып, қызыл аяқ қар кешіп, жалаң аяқ жар кешіп жүріп жанымызды асырадық», - дегенді.

Жаныңызды сақтаудың басты амалы — еңбек етіп, пайда табу емес пе. Пайда — табыстың алғы шарты. Пайдасыз табыс молықпайды. Әсте-әсте. Әр басқан қадамыңды пайдаға құрсаң, тек алуды ғана білсең, беруге жоқ болсаң не болғаның?! Кісіге пайдасы тимейтін, сырты жылтыраған, іші мұздақтау, суық мінезді адамды «арам» дейді. Арамдық адамға жүре жамалады. Ондай әдетке шырмалғандар кісілігін кісімшілдікке, жақсылығын бас пайдасына бейімдеуге ыңғай беріп, пайдасынан жаңылмауға тырысады. Өзгенің астындағы жүйрігін, қолтықтасқан сұлуын, артық ауыс дүниесін іліп кетуге әуес келеді. Былайша сыр мінездеу ондайлар. Арамдығын ішіне бүгіп, сырттай көлгірсиді. Іші толған қулық пен сұмдық. Мұндайларды Абай бұлтартпай тап басады:

Құйрығы шаян, беті адам,
Байқамай сенбе құрбыға.
Жылмаңы сыртта, іші арам,
Кез болар қайда сорлыға...

Ақынның ескертуі орынды. Арамдардан ықтайды. Аңқауларға үйірлеседі, момындарды жағалайды.

Сауда-саттықтың өрістеуіне орай пайдакүнемдердің күні туды. Бас пайдасыз саудаң жүрмейді. Сауда - еп, сауда - пайда табудың амалы. Пайда табу үшін біреулерді алдап, біреулерді арбауың керек. Пайдаға құныққандар соны өнер көреді. Енді қалай, онсыз табысың молықпайды. Көзжұмбайлыққа басып та жібереді пайданы көздегендер. Осындайда көпке тіл бітеді: «Адалдан жи дәулетті, арамнан жиған малдың қайыры болмайды».

Данышпан Абай халықтан да асырып жібереді. Қалың елі қазағының жүрегін ағартуды мақсат етеді:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге... —

деп пайдадан да арды биіктетіп, білім алуға талаптансаң, адамшылық қасиетің артады дейді. Артық білуге талаппен жетесің, талаптанбаған жас дүниеден бос қалады деп түйеді.

Талап

Бала ес тоқтатты, әр нәрсені білуге талаптанды. Арам мен адалды айырды. Енді біреу өйтпеді. Кежегесі кейін тартты. Ұйқышыл, маубастың нақ өзі. Маубасымыз кім? Жалқау, ұйқышылыңыз - сол. «Ұйқы мырза, ұйқы мырза, ерте жатып кеш тұрсаң, болады риза» дейді үлкендер маубастарға ескертіп. Талапты жас сергек келеді. Білімдінің сөзін ұғатын, көкірегінің көзі бар жас ұғымтал келеді.

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз... -

демей ме Абай.

Талаптану - білмекке құмарлықтың алғы шарты болғаны ғой. Сөздік қорымызда талаптан туындайтын біраз атаулар

бар. Талапкер, талапшыл, талабы таудай, талабы зор деп кете береді. Гәп талап сөзінде емес, талапкерде. Көкірегінде көзі бар талапкер ғана ойлаған мақсатына жете алады. Талап қызығушылықтан туындайды, әуестенуден басталып, білмекке құмарлыққа ұласады. Абайдың «Сегіз аяғында»:

Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос
Талаптың дәмін татуға.
Білмеген соқыр,
Қайғысыз отыр
Тамағы тойса жатуға... —

деп талапсызды дөп басады. Ғұмырыңды бос дырдумен өткізбей, «білмекке талаптан» деп тұрған жоқ па ұлы ақын.

Талапты жас сергек те сезімтал, еңбекқор келеді. Абай айтқан «білмеген соқыр» емес, тамағы тойса ұйықтай салатын.

Отбасылық тәрбиені халық бірінші кезекке қойған. Бұл жауапкершілікті бүгінде әке мен шеше өзінен қашырады. Заманға, ортаға, заңға аударады кінәні. Сөйтеді де, балаларын білімдар етіп шығардым, оқыттым, жоғарғы деңгейдегі оқу орнын бітірттім, диплом әпердім деп мақтанады. Сөйткен жастардың көбісіне оқу қонбайды. Неге? Талап жоқ білім алуға деген. Оқуға барып келіп жүргеніне мәз. Оқытушыны паралап, бағаны қойдырып алады санасыз ыржақай. Ұят-ақ. Ойлансын ата-ана. Халық даналығына үңілсін. «Жетектеп қосқан тазы түлкі алмайды».

Әке-шеше сыншыл болуға тиісті. Қазақ дәстүрінде баласын үлкендерге сынататын үрдіс болған. Арғынның Қаракесек бұтағынан тарайтын Керней ата. Одан Самырза, Дау, Шаң, Балапан туған. Ел аузында мынадай аңыз бар: «Сары үйсінің Қоныс деген ақсақалы /Кәрсен мен Керней қоныс еткен Арқаның Ақшатау өңірін ертеректе сары үйсіндер жайлаған екен/: «Осы бізді Арқадан ығыстырған қандай ел екен, көрейінші», - деп өзінің ата қонысына келеді. Керней балаларын сынатпақ болып бөлектеп, екі киіз үй тіккізеді. Оның біріңде Самырза мен Шаң болады, екіншісінде Дау мен Балапан отырады.

«Кернейім, балаларыңның атын тауып қойған екенсің. Мына балаңның үйінен кісі үзілмес, бірақ көбеймес» депті Қоныс ақсақал шалқасынан жатқан Самырзаны көрсетіп. Бұдан әрі шөкелеп жатқан Шаңды нұсқап:

«Мына балаң бай болар», - депті. - Ал екі қолын жастанып жатқан Дауды көрсетіп: «Мына балаңнан кісілік артылмас», - депті. Ал Даудың аяқ жағында жатқан Балапанды нұсқап: «Ал мына балаң осының айтқанынан шыға қоймас», - деген екен.

Шаңға байлық біткен. Бұл ата балалары шетінен дәулетті. Заманында он жеті мың жылқы бітіпті Шолаққа. Шолақтың қос бөрісі Адамбай мен Тұрсын шіріген бай болған (Қаржыгер Дәулет Сембаев сол атаға жатады. Ұлтжанды азамат Қанат Боранқұлов та Шаңның ұрпағы). Кісілік дауға қоныпты. Даудың екі баласы - Балта мен Түйте. Түйтенің кіндігінен жақсылар көп шыққан. Түйтеден атақты керней Жарылғап батыр туған /Ірі кәсіпкер Амангелді Ермегияев, белгілі қаламгер Төрехан Майбас осы атаның тумасы. Балтадан да тәуірлер көп шыққан. Ел тарихына жетік жазушы Садық Смағұлов осы атаның ұрпағы).

Әдетте, әке - балаға сыншы. «Тарақты Байғозы батырдың әкесі Наймантай да батыр болыпты. Тәуке ханның белгілі қолбасыларының бірі екен. Наймантай көп балалы болыпты. Балаларын сынағысы келіп, боз қыраудың кезінде бір семіз қойды сойғызып, балаларына тұтастай жегізеді де, жеңіл киімдерімен далаға жатқызыпты. Көрпе-төсек бергізбей, тек астарына бір кесек киіз тастай салыпты. Батыр таңертең тұрып балаларына қараса, үлкендері Есқара мен Жанқара жер бауырлап жатыр екен. Сонда батыр: «Е-е, сендердің қызықтарыңды сыртқы ел көреді екен», - депті. Айтқандай, олар өскен соң, Ташкент пен Түркістанда қалыпты. Заманында олар он екі қақпалы Ташкенттің екеуін ұстап /билеп/ тұрыпты.

Бір-екі баласы киіздің астына кіріп кеткен екен. «Е-е, сендер бақас, берекесіз болады екенсіңдер!» дейді әкесі. Ал Байғозы ортада екі аяқ, қолы төрт жақта беймарал, шалқасынан түсіп ұйықтап жатыр екен. «Сенің қызығыңды ел көреді екен. Атағың қазақ даласына жайылады екен» деп жорыпты батыр.

Наймантай балаларының бағын сынаумен қатар батылдығын да сынап, байқайды. Бір күні үшкір кездігінің сабын жерге тіреп, ұшын жоғары қаратып қойып: «Қане, мына кездіктің ұшына кім жүгіріп келіп аунайды?» - дейді Наймантай.

Балаларының біреуі жетпей, біреулері асып жығылады, кейбіреуі тіпті батпайды. Тек Байғозы ғана жүгіріп келіп пышақ үстіне аунай кетеді. Әкесі пышақты жатқыза салған ғой, денесіне дақ түспейді...»

(«Қазақтың XIX-XX ғасырдағы тарихи аңыздары», Балтабай Адамбаев)

Бүгінгі таңда ата-анада сыншылдықтан гөрі жадағайлық басым. Сыбайластықпен жең ұшынан жалғасу арқылы балала-

рын оқытып шығарып, қызметке қояды. Ақшаның күшімен атағын шығартады. Сыншыл әкеде уайым басым келеді. Ана байғұс баласының жолында болса-болмаса шыр-пыр. Бұларды жаппай кінәлаудан аулақпыз.

Көрнекті қазақ ақыны Ғалым Жайлыбаймен сыр бөлісіп көрелік. Бала тәрбиесі жөнінде не айтар екен.

Ұйқы ашылғалы не заман, жұрт ашынғаны,
Жұрт ашынғалы көгімнен бұлт ашылмады...

Ақын заманның амалын табиғатпен астастырып, образға /кейіптеуге/ орайды. «Ұйқысы ашылғаны» тегін емес ақынның.

...Өзегімдегі өртімді өмірім жүндеп,
Өксітсе қалай айтамын өр ұлыңмын деп.
Арқаға жауған ақ қардай аяулы-ақ еді,
Қалмаса деймін қайранда көңілім кірлеп.

Поэзиядағы суреткерлікті көбіміз түсінбейміз. Көрмейміз. Содан да ақындар кілең бір өңкей жамырама, жайдақ өлең жазады деп үстірт топшылаймыз. Шымырлап ағатын баяу ағысты өзендей өз арнасында бұлқынған өлең сені еріксіз еліктіріп, өзіне тартады.

Өзгеден де бұрын ақынға жаның ашиды. Осы өлеңді өргенде қу жаны қалды-ау деп. «Арқада жауған ақ қардай аяулы көңілі» неге жүдеген? «Өр ұлыңмын деп» жүрген ақынды тұсаған не? Ол - замана желі, уақыт екпіні. Оқиық зер салып:

Тұрамыз біздер Алматы — сауық қалада,
Сауық қалада әзірге қауіп бар ағаға...

Ақын оқырманына сырын жайып салады. Мұңдасарға жан таппағаны ма? Есті өлеңсүйер оқырман ақынмен бірге мұңдасады. Мұңы ортақ екеуінің де.

Нашақор Коля түнімен ойранды салып,
Маша апай бізді апарды тауық қораға...

Керек пе өмір шындығы? Сұмдықтың көкесі емей немене?! Кешегі кезеңде Маша апайлар бізді /қазақтарды/ тілімізді ұмыттырып, салт-дәстүрімізден безіндіріп, «орыстандыруға» үгіттеп еді. Енді олар бүгінгі өтпелі кезеңде көк өрім жастарымызды нашаның уымен улап, адамдық бейнеден айыруға кірісті. Бұдан өткен қасірет бар ма?!

Ақын Ғалым Алматыға кешеңдеу келіп орнаған. Қалалық емес, даланың еркін де ерке ұлы. Кезінде Сәкен Сейфуллин қалада /Омбыда/ оқып жүргенде: «Еркін де бейбіт ауылым-ай,

сағындым сені бауырым-ай...» - деп ауылын аңсап, жырға қосқан жоқ па. Мұқағали ақын: «Алматы - сайқал қала, сайтан қала...» - деп тегін айтпаған. Жасыратын не бар, қаланың сыртты сұлу болғанымен, іші былық.

Ғалым Жайлыбайдың:

Сағымды, сәнді сары бел — Өскен тұғырым,
Қимай да қимай қол бұлғап көшкен-тін Ұлың... -

дегенде не айтқысы келді? Ал, көшсін! Кім көшпей жатыр.

Өлең «ақсақ» болып қалмасын, ары қарай оқиық:

...Сонарға сайлап жүр едім, сұр көжек болмай,
Көк бөрі болса жарады қос бөлтірігім.

Не айтты ақын? Қос бөлтірігі - ақынның қос ұлы. Ақынның аңсары өзінде емес, өзгеде. Қос ұлы образ үшін алынған. Өзгелердің /қазақтың/ ұлдары «сауық қалада» шашылып қалғаны ма?! ШІарап, одан қалды қара сораның түтініне елітіп есіріктенген, жасына жетпей қартайып, ит мүжіген асықтай ұсқыны қалмаған жастар нешік?! Ғасыр тажалы қазақтың ұлдары мен қыздарын жалмап жеп, жұтып қоймай ма? Кешегі ер түрік бабамыздың, көк бөрі әулетінің бүгінгі нәсілі айдаһардай ысқырынған аждаһа заманның өңешінде кетіп қалмай ма?!

Өлеңді сараң өрбітетін Ғалым ақын айтар ойының оннан бірін ғана «су бетіне» шығарады. Негізгісі «су түбінде». Ой түбінде десек те болады. Бұл арада ақынды барша қазақтың ұл мен қызының өкіл әкесі десек, еш қателеспейміз. Әр ата-ана ұрпақ қамы үшін ақынша толғанып, уайымдауы керек. Сары уайымға салынудың еш қисыны жоқ. Саналы түрде жас өскіннің көктей солмауына қайрат көрсетіп, бала тәрбиесін күн тәртібінен түсірмесін.

Заманды қарғап-сілегеннен адам түзелмейді. Адам түзелсін десек, өзімізді реттейік. Үмітсіз торықпайық. Әр адам /қазақ/ өзін ұстаз деп білуі керек. Тәрбиеші екенін ұмытпауға тиісті.

Ақынның пірі - өлең. Артықтау кетіп, заманның көлеңкелі жағын көбірек төңіректеп кеттім бе деп, сарабдалдықпен өлеңді былайша түйіндейді. Көктөбеден арай көреді. Ол нендей арай? Елдігіміздің, ертеңіміздің арайы ғой. Олай болса, ұлды намысты, қызды арлы етіп тәрбиелеуде күйректікке беріліп кетпей, көк түріктің нәсілдері - бүгінгі Тәуелсіз Қазақ елінің жастарын қайсарлыққа, намысқойлыққа, табандылыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеп, шыңдайық. Шымырландырып, шыныктырайық.

Сонымен, ақын нендей қорытынды жасайды?

Көктөбе жақтың баурайы көкорай белең,
Көкорай белең қырқадан көп арай көрем.
Көктерек күнге қол созар көктемі туса,
Өкпелеп жүрме біздерге, өлең-ай, өлең...

Өлеңдегі іштілік деп осыны айтады. Ақын көктеректей алғы күндердің мәуелеп көкке бой созарынан үмітті. Қос ұлының келешегінен, барша қазақ ұландарынан үмітті. Көкбөрі болып шығарына кәміл сенімді.

Сыншылдық

Халық ұғымында сыншылдық, кісі танығыштық қасиетке жатады. Бүгінше айтқанда, психологгар. Бала тәрбиесін сөз еткенде әке мен шешеге орала беретініміз ізбастылыққа жатпайды. «Әке балаға сыншы» деп тегін айтылмаған. Бауырынан өрген ұрпақ бауыр еті - балалары ата-ананың сенімінен шығуға тиісті. Атаның күшін, ананың сүтін ақтамаған балада нендей қасиет бар?! Әке қатал болуға тиісті. Шеше байғұс кешірімшіл келеді. Әкенің сыншыл болмасқа лажы жоқ. Халық педагогикасында шындалған тәсіл. «Құлыным, жарығымды» балаға азырақ айтуға тиісті әке. Сол әке ішкіш, берекесіз болып шықса ше?! Мұндай әкеден сыншылдықты қалай күтесің?!

Баланың қылығы кішкентайында тәттік е л е д і , ал өскен соң, қылықтары өзгеріп, ұнамсыз бола бастайды. Неге?! Осындайда еріксіз Абайды тыңдайсың: «Өмір сүрген кісіге дәулет — қызық, бала - бал. Бала болатын бала бар, бала болмас Рахымшал! Бүйтіп берген балаңды берген құдай өзің ал!»

Міне, көрдіңіз бе, ақынның ащы дауысын? Осындай сыншылдық әр ата-анада болуы керек. Қырағылық қажет. Қалғымасын әке мен шеше.

Осы күні жастардың бұзылуын шет жұрттың ықпалынан көреміз. Ата-ана тасады қалады. Баланы ана тілінен, халықтық салт-дәстүрден, діннен алыстатып, кері тәрбиелейтіндер баршылық. Озғын ойлы болсын дейді, азып-тозып кетерін неге білмейді?

Сыншылдық шешеде де болады. Баласының келешегін тамыршыдай тап басатын, керек десеңіз, аналар. Ақын Сәкен Сейфуллиннің шешесі Жамал: «Өзге балалар асық ойнап, серкеге мініп шапқылап жүргенде, Сәкенім өзімен өзі болып көлеңкеде отыратын...» - дейді екен. Оны айтасыз, ана перзентінің келешегін бала бойына бітпес бұрын болжаған ғой. Түс көрген. Жақсы жоралғыны тәжірибе қылған. Уытты, тәуір болып өсетін баланы туардағы ана толғағы қатты болады екен.

Ана бала бойына біткендегі жерік асын да ырым көрген. Ағыбай батыр бойына бітерде шешесі Қойсана қара тасқа жерік болыпты. Тастың қынасын талмап, тас көрсе жалайды екен. Сонда бір абысыны: «Тастан да берік болатын, кіндігінен қынадай көп ұрпақ өрбитін біртуар ұл жатыр құрсағында», - депті.

Бүгінгінің аналары ондайды ескіліктің сарқыншағы деп біледі. Әрине, бәрі емес. Біз бұл арада ырымшыл бол деп отырғанымыз жоқ. Бала тәрбиесін өңің тұрмақ түсінде де естен шығарма дейміз. Әке мен шеше жақсы түс көрсе де баласына жапсырған.

Сыншылдық /психолог болу/ білім-біліктен, акыл-пайымның кеңдігінен, өмір тәжірибеден жинақталады бойға. Сезімталдық қасиеті жоғары болады ондай кісінің. Жанары таза, жүрегі қылаусыз болуға тиісті. Күншілдікті, көреалмастықты бойына жиғандар, көзі сұқты, тілеуі жамандар сыншылдықты міншілдікке шаптырып, жігеріңді құм етіп, бағытыңнан жаңылдырып жібереді.

Кісі танығыштық адамға оңайлықпен қонбайды. Бірінші кезекте, өзіңді тануға тырыс. Өзің тани білген адам Жаратушы мен жаратылысты ақылмен мойындап, тани білуі керек. Кімсің сен? Жарық дүниеге қалай келдің? Мұсылманбысың, әлде басқа діннің шырмауында жүрмісің? Қазақпысың, жоқ, шала дүмбілезбісің?

Тағы да Абайға жүгінеміз:

Ардақты күнім балалық,
Әр ісің бір қаралық.
Сендерге кім айтты екен,
Кетті деп мүлде тазарып.
Сен кеткен соң балалық,
Сұм жүрегім тұрмады-ау
Бір сәтке де тазарып...

Ақын балалықтан қол үзген соң, жүрегім бүлінді, тазалықтан айырылды дейді. Одан соңғы халіне былайша баға береді:

Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес.
Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес.
Аршып алып тастауға,
Апандағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған наз емес.

Ақын өзін мінеу арқылы өзгеге ой салады. Бойдағы міні «тау тасынан аз емес». Бәрі өзімнен болды деп мойындайды. Сыншылдықтың көкесі осы.

Мін

Әр кезеңнің /дәуірдің/ өз насихатшысы болады. Кеңес заманында үгітшілер коммунистік партия атынан сөйледі. «Көсеміміз» Маркс пен Энгельс, Ленин былай дегеннен келді әр сөзіміз.

Бұрындары Ислам дініне негізделді халықтық тәлім-тәрбие. Алла атынан Құран түскен. Ал сол Құран аяттары да халықтың сөзі. Саналы адамдардың мыңдаған жылғы өмір тәжірибесінің, даналық ойларының жиынтығы. Пайғамбар хадисінде былай делінеді: Ақырдың пайғамбары Мұхаммед (с.ғ.с.) желмен тілдесіпті. Жел айтқан дейді:

«Жаратылыстың ең абзалымын. Мен болмасам бұлттар қозғалысқа келмейді. Жаңбыр жаумай, жер бетін құрғақшылық жайлайды. Әрі төңіректі шаң-тозаң, күл-қоқыстан тазартамын, демек, мен ең елгезек, еңбекқор һәм күнәдан пәк табиғат құбылысымын...»

Алланың елшісі: «Жөн-ақ, бірақ сенде де мін бар. Өзіңді көрмейсің. Өзін көрмеген өзгеге баға бере ала ма? Асыра сілтеп жібересің көбінесе. Артық кетіп долырғанда жандыжансыз кірерге тесік таппай қалады».

Су тұрып: «Жер бетіндегі тазалықтың бастау көзі менмін. Мен болмасам дүние дидарын кір шалып, ұсқыны қалмас еді», — деген ғой.

Пайғамбар сумен де келіспепті: «Дүлейсің, — депті. — Арындап тасығанда, құлдилап аққанда ес-түсің қалмайды. Құдды ашуқор адам тәріздісің, алды-артын бағамдамай күрт кететін. Адал мен арамды, кір мен тазалықты қойбатпақтап араластырып жіберетінің жаман. Басыңнан аяғыңа шейін күнәһарсың. Мінің басыңнан асады!»

Бұл мысалда нендей ғибрат бар? Алла жаратқан жандыжансыздың бәрінде де мін болғаны ғой. Мінсіз тек бір Алла ғана. Ғұлама да сол, бай да сол, асқан мейірімді және Өзі. Бұл — Құран сөзі. Әзгеміз, өсіресе, мына біздер, жұмырбасты пенделер тозақы күнөһардың нақ өзіміз. Данышпан ұлы ақын содан да мінін жасырмай, айтып-айтып тастайды:

Осыншама ақымақ болғаным,
Көрінгенге қызықтым.

Ғаділетті жүректің
Әділетін бұзыппын.
Ақыл менен білімнен
Әбден үміт үзіппін.
Айла менен амалды
Меруерттей тізіппін.
Жалмауыздар жалаңдап
Ар-ұяттан күсіппін.
Қулық пенен сұмдыққа
Құладындай ұшыппын.
«Сіз білесіз» дегенге
Күнге күйіп пісіппін.
Мақтанбасқа мақтанып
Деп жүріппін «пысықпын»...

Абай сөзін мыңдарға арнаған. Зер салып қараңызшы, қайталап оқып. Адамның мінінен «ат шаба алмағаны ғой». Осыншалықты пендешілігімізді көре тұрып өзімізді судан таза, сүттен ақ деуімізге жол болсын!

Тағы да ұлы ұстазды /Абайды/ сөйлетіп көрейік. Мінсіз адам жоқ дейді. Енді сол күнәһар пендеңіз қайтпек керек?. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалаң...» деп нұсқайды ұлы ойшыл. «Қайрат пен ақыл жол табар... - дейді және - Әділет, шапқат кімде бар, сол жарасар туғанға...» деп үстемелейді. Он жерден қайраттанып, ақылды серік еткеніңмен әділетшіл, шапағатшы болмасаң, еңбегің зая екен. Неге олай дейді ақын? «Алдың - жалын, артың - мұз, барар едің қай жаққа?»

Кедергілі өткелекке тіреліп, кісі дағдарғанда қайтпекші? Оған да сөз табады ойшыл ақын:

Пайданы көрсең, бас ұрып,
Мақтанды іздеп қайғы алма.
Мініңді ұрлап, жасырып,
Майданға түспей бәйге алма...

Мәселе мінде тұр бұл арада. Өзін пысық, өзін ақылды деп білгендер түптің түбінде шалынады бірденеге.

Сонда не істеуіміз керек?! Мақтанқұмарлыққа салынбаңыз.Өз шамаңызды біліңіз. Мініңді жасырып, тым пысықсыма Төзімді бол. Шығыс даналығында «Көнгіш ақыл бақыт әкеледі» деген тұжырым бар. Құрғақ көмпістік кісіні жадағайлыққа ұрындырады. Абайша айтқанда «майданға түспей бәйге алам» деп дәмеленбе. Онда әшкереге ұшырайсың.

Сапалы

Сана - ақылдың, адамгершіліктің қоймасы. Абай түйін-деген «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» сананы сәулелендіріп, жүрекке орнайды. Халық әумесер ыржалақты «санасыз» деп қол сермейді. Ойлы, ақылды жасты «саналы» деп іш тартады. Халық санасыздықты, көбінесе, тоңмойын топасқа, жүрегі кірлі қараулар мен ойсыздарға қарата айтқан. Ойсыздық сананың күңгірттеуіне әкеп соқтырады. Жақсы мен жаманды айыра білмеу де санасыздыққа жатады. Сана - сағы-ныш пен мұңның, махаббаттың ұясы. Санадан сарғайып, сағы-нышқа берілу, қайғы мен мұңды жүректен өткізу - саналы-лықтың белгісі.

Көкірегінде сәуле жоқ санасыздар көріп тұрса да көрмейді, естіп тұрса да естідім демейді. Көрсоқырлық деп соны айтады. Абай сомдаған «бойы бұлғаң, сөзі жылмаңдар» өз ойында, тұла бойында бір міні жоқтар, міне, нақ осылар. Санасыздардың қатарын көбейтеді. Құр ішіп-жегенге мәз, ыржақай, күлегеш-тер де осы топқа жатады.

Санасыздықты ұлы ақын былайша таңбалайды:

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса, көнді,
Жұрт айтса, болды,
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз,
Болмаған соң, айтпа сөз...

Өмірді табиғи түс әрлендіреді. Әлеміштеу жасаңдылыққа ұрындырады. Сәнқойлықты халық ажырата қоймайды. «Бояу-шы, бояушы дегенге сақалын бояйдының» керімен деп келемеждейді. Тіршілік амалының сан қилы көрінісі бар. Көріністі желбіретіп, жақсыатты көрінгісі келетіндерді «көлгір» деп таңбалайды. Жұрт көзіне түсуге жаны құмар, әсіре пысықайды «тыраш» деп кекейді. Жалған кісілікке үйір басқалардан өзін артық санап, киген киімі, жүріс-тұрысы, сөз саптасы мінезіне үйлеспейтін әсіре сыпайылардан халық жа-лығады. Сырт береді ондайлардан. Еліктегіш келеді ондайлар. Өзін тәуір адам ретінде көрсетуге тырысады.

Абай шәкірті Көкбайдың бойынан сәнқойлықты байқап қалып былай демеді ме:

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Қисайта тартып мұрынын.
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп,
Әр нәрсенің орынын.
Керенау кердең бір керім,
Жақпайды маған сол жерің...

Халық екіжүзділерден ығыр болғанда қойдай қоңырларды, табиғи мінез қалыбынан аспайтын біртоға момындарды іздейді. Ондай жандар қарапайым келеді. Қарапайым кісінің басты қасиеті - өзін зор, өзгені қор тұтпауында. Көптен іргесін бөлмейді және өздері.

Қарапайымдылық қарапайым киінуден басталады. Пай-ғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Қарапайым киіну - иманды-лықтың белгісі», - деген. Қарапайым жанды бүгінде кездестіре аламыз ба? Жетерлік олар. Көзге түсе бермейді. Бай да емес, кедей де емес, орташа тірлікті қалайды. Қанағатшыл келеді. Өз ақылы өзінде. Кісі ақылын да жерге тастамайды. «Табан ақылы өзінде» дейді ондайларды.

Дау айтылуы мүмкін, мұндайлар сыртымен момын, іші қуыс һәм былық болуы кәдік. Қарапайымдылық мінезбен бекиді. Гәп мінезде, мінезге сіңбеген қасиет санаға орнай қоймайды. Тәрби-еге, шыққан ортасына байланысты. Дағдыға, тұрмыстың қалы-бына тәуелді. Қарапайымдылық санаға сіңгенде елдік қасиетке айналады. Әдет-ғұрыпқа, салтқа кірігеді.

Мәселен, хансулықтар /қытайлар/ мен жапондар сырты мен ішін тең ұстайды. Ол неден? Тәрбие-тәлімнен, күнкөрістің ама-лынан. Жер жүзіндегі ең көп халық қытайлар қомағай, дүниеқо-ңыз, ұры-қары, қара ниет қорқау болып бірін-бірі талап жеп жатса не болғаны?! Содан да қытайлар қарапайымдылықты ұстанады. Сөзі майда, жүзі жылы келеді. Барға қанағат етеді.

Жапондықтар аралда тұрады. Жері теңселмелі. Табиғат байлығы шамалы. Қатал табиғат аясында ғұмыр кешіп жатқан олар ұлттық дәстүрге, дінге сүйенеді. Ұстамды келеді өздері. Ішін алдырмайды сырт дүшпанға. Ол - тәрбиеден, еңбекқор-лықтан. Арын сатпайды, еңбегін сатады. Мұндай ерекшелік қазақта неге жоқ?! Біздер өзгелердің теліміне түсіп, көрбала-лау болып қалғанбыз. Бұл, әншейін сылтау. Халықпыз ба, ұлтпыз ба, онда бізде бәрі де бар. Қарапайымдылықтың көкесі қазақтарда. Оның көрінісі кеңдігімізде, кеңпейілдігімізде. Та-қуамыз шетімізден. Пайғамбар хадисінде былай делінеді:

«Тақуа үшін мол дүниенің зияны жоқ. Тақуа адам үшін байлықтан гөрі саулық жақсы. Пейілдің кеңдігі - ең зор байлық».

Демек, қарапайым адам тегін болмады. Жан жомарттығы басым онда. Ашуын сабырға жеңдіреді. Иттігін бұқтырып ұстайды. Сырты сынық келеді, іші - тұнық. Қарапайым адамда жақсы ниет бар, жанның бәрін жан тартады, өзіндегіні бұлдамайды.

Біртуар

Сәндікке киетін киімді «біркиер», асқа, тойға мінетін жақсы атты «бірмінер» дейді. «Біртуар» дегенді де құлақ шалады. Бірақ әуезелеп айта бермейді. Біртуар азамат ілуде біреу ғана. Соны тұспалдағаны. Жақсылар мен жайсаңдар да бар ел ішінде. Атқамінерлер де жетіп артылады. Бүгінше айтқанда, әкімдер, депутаттар, түрлі салада қызмет істейтіндер. Оқығандар /интеллигенция/ жыртылып айырылады. Ғалымдар, өнер саласының дүлдүлдері қаншама. Жазушылар, ақындар, серке сөздің саңлақтары қаншама. Осыларды топтап, зиялы қауым деуіміз, бір есептен орынды. Алайда, солардың бәрінен зиялылықты талап етуіміз, табиғат заңына қайшы. Бүгінде халық бұларды «зиянды қауым» деп те атайды. Оған жұқарудың қисыны жоқ. Ақ пен қара, жақсы мен жаман алмасып келмей ме. Біреулердің ісіне сөзі, мінезі үйлеспесе, «Есектің еті арам, күші адал» дей саламыз.

Осы айтылғандардың сыртында дегдар, кемеңгер, данышпан, дана, ойлы деген анықтамалар бар. Халықтан шыққан сөзді жатырқаудың қисыны жоқ. Несі бар, халық деген анадан, Алла абзал жаратқан жұмырбастылардың арасынан айтулы саңлақтар шығып жатса, жағасынан алмай, аяқтан шалмай, құп алуымыз керек емес пе. Қазақта данышпаңдық Абайға қонған, мұны мойындауымыз керек. Кемеңгерлік әркімде бар қасиет. Дегдар да арамызда жүр. Даналық та бар. Халық данасымен, ойлыларымен ұлы. Ойлылық өсер жасқа жөргектен дарыса, басқа қонады, санаға сіңеді. Менің осы балам бай болады, әкім болады деген-нен гөрі, ақылды болады, данышпан болады десек, кәнекей?!

Халық артық кетпейді, кем де түсіп жатпайды. Не айтса да, орнымен келістіреді. Парасат-пайым, білік-біліміне, қайраткерлігіне, ұлтжандылығына, талант қарымына, елжандылығына баға бергенде жұрт назарындағы азаматты «Тұлға» дейді халық. Тұлға, былайша көп айтыла бермейді. Жапсырма атақ — депутат, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, «Халық қаһарманы» дегендерге жұрттың

құлағы үйренген. Ел-жұртқа есті жандар керек, дарынды да алымды халықты қысылшаңда қиыннан жол тауып алып шығатын, жарқын заманға бастайтын, алған бетінен қайтпайтын табанды да қайсар азаматты не десек екен?! Кісілігін былай қойғанда, кішіктігінің өзі жас ұрпаққа үлгі. Елге қылған қайырымы, жылағанды жұбатып, қайғырғанға сүйеніш болатын елгезектігі, ерінбейтін бейнетқорлығы қандай! Баршылық мұндай қайраткерлер. Халықтың ондайларға беретін бағасы — Тұлға! «Түсі игіден түңілме» дегенде жұртқа қамқор бола білетін тұлғаны меңзегені. Тұлғасыз жұрт - тұл. Тұлғалы азаматтары бар елдің ертеңі жарқын. Жайлауы өрісті, мінгіші желісті, қыздары қылықты, жігіттері білікті.

Тұлғадан да асып түсетіндерді халық «Біртауар» дейді. Біртуар да ет пен сүйектен жаратылған. Анадан туған. Бала болған, келе-келе даналыққа жеткен, халықтың көшбастар бірегейі болып шыққан. Бұлар кімдер? Оны халықтан сұрау керек. «Біртуар азаматым мынау» деп бірден айтып салмайды. Онысы арда күрең азаматын тіл-көзден қорғаштағаны. Біртуарлар көп те емес, аз да емес. Халық деген ананың құрсағы кең. Кең құрсақтан біртуарлар шықпай қоймайды. Біртуар да, тұлға да, түптеп келгенде, Ел жақсысы. Бәрі-бәрін жинақтағанда азаматқа келіп тоқайласады. Қазақ ұғымында азаматтан өткен дәріпті анықтама, сірә да, жоқ-ау! Жігіттік те, батырлық та, көрегендік пен кемеңгерлік те, халыққа тұлға бола білу де, біртуарлық та - бәрі-бәрі Азаматқа келіп тіреледі. Ең бір жігітке лайықты сөздер де азаматтан асып кетпейді. Бойдағы қабілет-қарым, талант, қайраткерлік, азаматтық қасиетке лайықты болуға тиісті. Бұл - әлгі төлқұжатта жазылған азаматтан бөлекше атау. Орыстың «гражданиніне» келіңкіремейді. Бас куәліктегі азамат пен біз мәністеген азаматтың арасы жер мен көктей.

Халық ұл-қызынан жақсы сөзді аямайды. Мерейін өсіріп, не бір әсерлі сөзбен көтермелеп жатады. Даралық қабілетімен жұртының мерейін тасытып, мәртебесін биіктетіп, мәрттігі мен мырзалығы қара халыққа жұғысты болып жатса, елім деп езіліп, жұртым деп қабырғасы қайысып тұрса, мұндай бірегейді ел-жұрты «Азаматым сол!» деп төбесіне көтереді. Ата-бабалар сөзіне құлақ қойсаң, азаматқа берер бағасы мейлінше жоғары. Екінің бірін «азаматым» деп айтпайды. Ел аузында, ежелгі әдебиет үлгілерінде «Алаштың азаматы» деген анықтама бар. Олай болса, әр саналы қазақ азаматы «Алаштың азаматы» деген бағаға лайықты болсын. Ауыз әдебиетінің өкілі Базар жырау былайша толғайды: «Жасаған өзі жарылқап, жер

жарылып, көктейді, Берейін десе жігітке, талабын құдай ептейді. Азамат ерден қол үзбе, күндердің күні болғанда, басыңа қиын іс түссе, қайырылып саған кетпейді. Арғымақтың баласы мойны жалсыз болса да, қараны көрсе өктейді. Үйірде құтпан жалды айғыр, жанына ерген саяғын, құлағын жымып теппейді...»

Ізбасар

Ел ертеңіне қызмет көрсететін Алаш азаматы соңына ізбасарларын ерте біледі. Бүгінде ұлағатты ұстаз бен тәлімді ағаның ізін басып, үлкеннен алған сабақты санасына сіңіріп, азамат болуға талаптанған жасты «шәкірт» дейміз. Халық ауыз толтыра «ізбасар» дейді. Баласына ырымдап «Ізбасар» деп ат қояды. Ізбасар жас әдепті болуға тиісті. Әдептілік жас адамның бойына көріп-білуден, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуден қонады. Киген киім бойға үйлессе, қонымды делінеді. Қонымды болмаса, олпы-солпысы көрініп тұрады. Жастың көргенінің бәрі әдептілікке жата бермейді. Әділетсіздікке бастайтын нәрсе — жаман әдет. Бүгінше айтқанда, ішімдікке үйірлік, шылым тарту, үлкеннің сөзін жүре тыңдау, т.т. «Жақсы әдет - әдеп, жаман әдет — әлек», «Ауру қалса да, әдет қалмайды»...

Жасынан бейпіл сөйлеуге дағдыланған бала өскенде боқтампаз келеді. «Жасыңда қылжың /қылжақ/ болсаң, өскенде мылжың болады» дейді үлкеңдер, «Көргені жаман бергенін айтады» дегенді тағы ескертеді. Жастарға, өсер жасқа шынайы адами қасиет көріп білгеннен орныға бастамақ санасына. «Жақсыны көрмек үшін» дегенде мән жатыр. Көргені жаман көргенсіз атанады. Өсе келе иттікке басады, жаманшылыққа үйір келеді.

Азамат болып шығар ізбасарлар халықтан «көргенді» деген атақ алуға тиісті. Атақ оңайлықпен беріле салмайды. Жүре-жүре көсем болуың керек, сөйлей-сөйлей шешен болуың керек. Көргенді көңіліңе тоқып, жүрекке орнықтыра білуге тиістісің. Бұл арада көруді халық бейнелі түрде айтып тұр. Оқы, тоқы, үйрен, ізден, көпке аралас, топқа қосыл, ел аралап жер көр, ғылымға құлаш ұрып, шартарапқа қанатыңды кең жай дейді.

Әдепсіздік жақсылыққа апармайды, бір қараға ұрындырады ойсыз жасты. Бара-бара ондай жас «өнегесіз» деген жаман атқа қалады. Өнегені бала ата-анадан алады, ауыл-аймағынан, туыс-туғанынан жұқтырады. Көргенсіз бен өнегесіздің кінәсі әке мен шешеге ауады. Әдепсіз, ыржақай жастың ұшқан ұясы кінәлі болып шығады. Осыған қоса, әлгі көргенсіз ауыл-аймағына, ағайын-туғанға, мектебіне, ұстазына, керек десеңіз, ұлысына, ұлтына кір келтіреді. Нағыз азамат боламын деген ізбасарлар үйренуден жалықпасын. Үйретуден жалыққан аға буын, бізге кінә тақсаңыз, түсіністікпен қабыл аламыз.

Саналы жас, көргенді ұл мен қыз өз басының бағасынан да ата-анасының бетіне шіркеу келтірмеуге тиісті. Екінші кезекте, әрине, ұстазына. Көргенсіздік ушыға келе «кір келтіруден» асып, сүйекке таңба болатын арсыздыққа ұласып кетуі кәдік. Осы күнгінің жастары шамшыл, кіді болып барады. Үлкендердің, әке мен шешенің, ағаның өзімсініп айтқан сөздерін көңіліне ауыр алады. Қарсыласады. Өз бағасының түскенімен қатар, айналасына жексұрын көрінумен қатар, жақындарына кір келтіргенін есепке алмайды. Ондай жасқа алдымен әке ширығады, шеше шаптығады. Ақсақалдар налиды. Ашынды сөз шығады түңілістен: «Иттің ғана баласы!», «Тексіз неме!», «Шыққан жері жаман ғой!»

Міне, байқадыңыз ба, ашынды сөздің сарынын. Көргенсіздің түгі де кеткен жоқ. Долыққа ата мен ана күйеді. «Иттің баласы» дегендегі жазғыру әкеге тиеді. «Шыққан жері» дегендегі сарындау шешесін кінәлағандық. Сонда көргенсізді дүниеге әкелген әке мен шешеде нендей қасиет қалады?! «Тексіз неме» дегендегі мұқату бабаларына кінә артқаны. Енді несі қалды көргенсіздің?!

Көргенсіз ұл мен қызды шенейміз деп тым асыра сілтеп жібердік. Оларды жазғырудағы түпкі ой, алдымен, атаң мен анаңды тыңда, ауыл-аймағыңнан, ұлттық дәстүрің мен салтыңнан көз жазып қалма деген ұзын ой. Қазақы қасиетіңді санаңа сіңір, ана тілің мен ата-баба дінін қастер тұт. Өзіміздегі барды игер, сосын барып өзгенің /басқа елдердің/ өрісін шарла.

Бүгінгі жас бұл сарынды естіп жүр. Намыстылар ширығулы. Алды-артын бағамдауды сіз бен бізден сұрай қоймайды. Ғаламдану /жер бетіндегі елдердің қауымдастығы/ үрдісі кең етек жайған кезеңде тар өрісті «ауылдық» ойлау шеңберінен шығып, жер шарын мекендеген халықтардың жетістігінен үйреніп, озғын ғылымы мен тұрмыстық артықшылығын кәдеге асыру, сөз жоқ, қажеттілік. Алайда жаппай шекара асып кетуге бола ма?! Өзіндегі бар да ұқсатып, кәдеге асыратын адам керек қой. Сонда көргенді жастар көзге түсуге тиісті. Көріп, білгеніңді жеңіл қалқып, үстірт шолуға елігіп, құрғақ тамашалауға берілсең, онда құрғақ сауық-сайранмен уақытты рәсуа қыласың. Өзгермелі заманның бет-бейнесі сені /өсер жасты/ түзу жолдан тайдырып жіберуі кәдік.

Бүгінгі заманның «көргенділерінің» шықпаған тауы, шырламаған соқпағы жоқ. Дүниенің төрт бұрышын адақтап

шыққан. Өзге елдердің озғын технологиясын, сауда-саттықтағы мәдениетін, тәрбие-тәлімдегі өнегелі жақтарын да зердесіне тоқыған. Осылай етсе, «көргендіге» не дауымыз бар?!

Алайда ондайлар басқа жұрттардың «озғындығын» /бұл арада кері тәрбие беретін жақтарын, киносын, музыкасын, киім-кешегін, отбасылық ерсі әрекеттерін, қыл аяғы жат елдердің жүріс-тұрыс, сөйлеу мақамына дейін/ дәріптеп, жастарды ождансыздыққа үгіттесе не болғаны?!

Мақсат - тек қана табыс табу, бизнесті алға бастыру деп білсек ұтыламыз. Сананы реттейтін кім сонда?! «Реттейтін» деп жасаңдылау сөйлеп кеттік. Бүгінде жастар жалаңаштанып алды. Сана бос қалған жоқ па өзі?! Бос қалған сананы немен толтырсақ екен? Сұмдықтың көкесі осы! Халық педагогикасында санасыздық оқымағандықтан, көріп, білмегендіктен, надандықтан шығады деп нұсқайды. Ал бүгінгі заманның саналысы мен көргендісі кімдер? Оларды «жаңа қазақтар» дей бастадық. Білімсіген бір саясаткердің аузынан шыққан былжырақ сөз бұл.

«Жаңа қазақтар» нендей артықшылығымен ерекшеленеді? Компьютердің тілін білгені үшін бе? Бизнесті меңгергені, озық технологияны игергені, орыс тілін былай қойғанда, ағылшынша сөйлегені, пайдасынан жаңылмағаны үшін бе? Бұл дегендер - өмір сүрудің амалы ғана. Табыс табуға, бір тиынды екеу етуге жүгіргіштеу - күнкөрістің күйбеңі. Заманға бейімделгенде тұрған не бар?! «Жаңа қазақтардың» жаңаша қасиетін жоққа шығармайық. Келешек солардың қолында. Елі мен жерінің, қазақ даласының байлығы озғын жастардың иелігінде болуға тиісті. Билік тізгінін ұстайтындар да жас буын. Бұған дау айту қисынсыз. Бірақ оларды «жаңа қазақтар» деп ерекшелеудің, даралап көрсетудің еш қисыны жоқ.

Шындығына көшейікші, ат төбеліндей-ақ аз қазақты екіге бөлгеннен ұтарымыз қайсы? «Жаңа қазақ», «ескі қазақ» деп даралау кімдерге тиімді? Әрине, сырт дұшпандарға. Ертеңгі күні «жаңа қазақтар» деген атау оқулық бетіне көшіп кетуі кәдік.

Кеңестік құрылыс, коммунистік идеология халықты бай мен кедей деп тапқа бөлді. Кедейді байға айдап салды. Содан не шықты?! Енді тағы бір жіктелуді ойлап тауып, қазақтарды «жаңа қазақ», «ескі қазақ» деп жіктеудің астарында сұмдық зымияндық жатқанын неге білмейміз?! Жарайды, «жаңа қазақтар» озғындасын. Нендей ерекшелігімен? Абай айтқан «адамды заман сүйремек, заманға адам күйлемек» деген кімдер?! «Жаңа қазақ» па, «ескі қазақ» па?

Өткеннің бәрін ескілік деп біліп, ұлттық құндылықтарды күресінге лақтырып, шет жұрттардың мәдениеті мен салтына

көзсіз еліктеп, рухани құндылықтарды көзге ілмей, тек жылтыраққа әуестеніп, материалдық артықшылықты нағыз өмір деп біліп, жан тазалығын тәни ластыққа айырбастап, ардан безу жаңалық болғаны ма?!

«Жаңа қазақ» та, «ескі қазақ» та бір - Қазақ! Қазақты екіге бөліп, білгішсінгенді әруаққа тапсырамыз. Жарайды, айтылып қалған екен. Нағыз қазақ /«жаңа қазақ» емес/ арлы да намысқой келсін. Ұлт үшін қызмет етсін. Байлықты сол жолға жұмсасын. Өздерін бұқара халықтан бөлмесін. Қазақтық қасиетін жоймасын.

Момындық - табиғат сыйы, адам санасына Алла бұйыртқан қасиет. Әкенің қанынан, шешенің сүтінен, Жаратушы иенің пәрменінен жинақталған ерекшелік. Момын адам мінезімен сүйкімді. Қылтың-сылтыңы жоқ, сабырлы да ұстамды. Өз ақылы өзінде. Табан жолынан ауытқымайды. Заман қатыгезденіп, күнкеріс қиындағанда қайтер екен момындар? Оларды кім көрінген пайдаланып, жуастығына бола құлданып алмай ма? Ендігі жерде момындық кембағалдық болып шығуы кәдік. Дегенмен, күдігіміз орынсыз. Жер бетінде бірде-бір құдай деген момын қалмаған күні күніміз қараң. Адам бойындағы ең ұлы қасиет момындық санадан өшкен соң, неміз қалады?! Тіршілік амалына орайласқан қомағайлар, екіжүзділер, залымдар мен қараулар қаптап кетсе, онда санада не қалады?!

Біреудің үш ұлы болыпты. Ат қоймапты бұларға сыншыл әке. Үлкені жүре келе «Момын» атаныпты. Ортаншысы су жұқпас мінезіне бола «Суайт» атаныпты. Ал кенже ұлы қой аузынан шөп алмас момындығына бола «Ынжық» атына ие болыпты. Күндердің күнінде ағайынды үшеу жолаушылап, сапарға шығады. Бір ауылға ат басын тірейді. Үй иесі «ныспың кім?» деп сұраса, ағайындылар «атымыз жоқ» деп әкелеріне аударыпты кінәні. Отағасы үшеуін төріне шығарып, төредей күтеді. Аттанарда: «Әкелеріңе сәлем айтыңдар менен. «Мыңның түсін білгенше, бірдің атын білді» ұмытқаны қалай?!» - депті.

Сыншыл әке балаларын әлгі ауылға қайта жібереді. Мына үшеуіне дұрыстап ат қойып бер сәлем айтыпты.

Ауылдың басиесі «менің малымды бағасыңдар» дейді. Амалсыздан келіседі ағайынды үшеу. Момындауы ұмытшақ болып шығады. Қолындағы қамшысын жоғалтады. Одан алдындағы малды түстеп тани алмай, соры қайнайды. Суайты ширақтау болып шығады. Ынжық атанған кішісі ұстағанына тұтқыр болып шығады. Тілалғыш елгезектігімен және танылады.

Үш айғы сынақтан соң, ауыл ағасы Ынжықты алып қалады да, Момын мен Суайтты үйіне қайтарады.

«Жаңылысыппын, - деп мойындайды әке қателігін. - «Жақсы сөз - жарым ырыс», Ынжығымнан түбінде бірдеңе шығатынын білген екен. Қайттым райдан. Ынжығым - Ырысбай Момыным - Шымырбай, Суайтым - Әділбай деп аталсын'

Бұл мысалдан нені түсінуге болады? Сыншыл әке ұлдарының туабітті мінезіне қарап ат қойған, жүребітті мінезін есепке алмаған. Содан да оның ынжық баласы тіршілік амалына орайласып, айтқанды ұғатын, ұстағанына тұтқыр болып шыққан. «Суайт» деп айдар тағып, ат қойған баласы шаруақор, шалымды болып шыққан. Момыны табан жолынан таймағанымен, жан сақтауға икемсіз, қолпайсыз екен.

Тіршілік амалының жалтарай-бұлтарайында ерден ауып қалатын бос көтен болбырлар қайдан шығады? Ата-ана тәрбиесінің кемшіндігінен бе, әлде қоғамнан ба? Халықтың алды кең. Ынжық, жуас, болбыр, бозөкпе, ұялшақ балалар өсе келе ширайды. Шымыркеш болып шығады. Әр жан иесінің өзіне бұйыратын несібесі болады. Соны бейнетпен теріп жеп бас пайдасын білген жас жұртта қалмайды. Жуастық та мін. «Жуастан жуан шығады» деп неге айтқан? Ширасын дегені. Момындық қой аузынан шөп алмас жуастыққа, ынжықтыққа ұялшақтыққа ұласып кетсе, өсер жастың міні болып шығады. Момынға да кешіріммен қараған дана халқымыз. Қойдай жуас қоңырын тіл-көзден қорғаштап: «Момынның ақысы залымда кетпейді», - деп тұжырған.

Қазақта әдемі сөз бар: «Қолда өскен түйенің тайлақ аты қалмайды» - деген. Бұл - өзімсінуден айтылған. Кешегі қолдағы бала ғой дегеннен шыққан. Сол бала дана болып шықса «Жүйріктің сыны ішінде» деп тұспалдар еді үлкендер. Жүре келе жүрісін түзеп алатын жылқыға балағаны талапты жасты. Жас адамның бір әдеті - ұялшақтық. Ұялшақтық дағдыға айналса, жігерсіз жасықтыққа душар етеді өсер жасты.Ұяңдық - бір есептен ұятсыздықтың қалқаны.Ұяңдықтан ада қызда қылық қалмайды. Қылықсыз бойжеткен қылымсының нақ өзі. Бүгінгі кіндігін көрсетіп, қалай болса солай ашық-шашық жүретіндер ұяттан безгендер.

Рас, ұялшақтық - ынжықтықтың, жігерсіз, жасықтықтың белгісі. Мұндай жас есерсоқ құрбысының дегеніне көніп, әлгі не десе, соны орындайды. «Шылым тартайық» десе иіліге кетеді. «Арақ ішейік» десе, іше салады. Шегуден де қашпайды Ұялшақтықтан қайтіп арылуға болады? Алғы жолы - көппен араласу. Көппен араласудың жөні осы екен деп, бүгінде саңырауқұлақтай қаптап кеткен түнгі клуб, казино секілді жынойнаққа бой үйрете бастасаң, ұяңдық былай қалып, аз-ақ күнде

арсыздың нақ өзі болып шығасың. Көппен араласуды театрдан, кітапханадан, мәдени кештерден бастасаң ғана ұтасың.

XXI ғасыр рухани күштердің /идеологиялық майдан/ соқтығысына ұласатын түрі бар. Діндердің тайталасы, өнер бәсекесі, мәдениеттің додасы бұрынғыдан әрмен өршіп, екпін алады. Адамзат баласы мына жұмыр жерде қайтсек адам болып өмір сүреміз деген сұраққа жауап іздейді. Жанталас тірлік дүниеге ашкөздікті қоздырып, байлыққа құныққандар аз халықты іштен ірітіп, құлдануға, олар иеленген жері мен елінің игілігін оңай жерден олжалауға жанын салып, алдап, арбай бастайды. Әзәзіл дұшпан бірінші кезекте қой аузынан шөп алмас момындарды, ынжықтарды іздеп табады. Діндегі жат ағымға икемдеп, сені ата-бабаң ұстанған ислам дінінен айырады.

Ашық ауыз аңқаулық сорың болып шығады. Азғырынды дұшпан санаңды өзге діннің «өсиетімен» улайды. Жабайы өнері /музыкасы, биі, киносы, секс революциясы/ жан байлығыңды тонап, рухани мүгедектікке душар етіп, арың мен ұятыңды жалаңаштап, ұлттық қасиетіңнен айырады.

Жас дос! Артық кетсек кешіргін. Сені ынжық, бос белбеу, ұялшақ, көрбала, бозөкпе атандырып, талабыңды тұсап, жігеріңді мұқалтып не қыламыз? Қаупіміз күшті болып тұр ғой. Сырттан, Батыстан, дамыған Америкадан келіп жеткен «тобырлық мәдениеттің» дүлей тасқыны аңқау жастарымызды, момындарымызды есірік қылып, есалаң күйге ұшыратпаса не қылсын деп қауіп ойлайды ата-ана.

Абай айтқан: «Көп айтса көңді, жұрт айтса болды, әдеті надан адамның. Бойда — қайрат, ойда — көз. Болмаған соң, айтпа сөз...» — деп келетін өсиетін тағы да еске салуға тура келеді. Есті азамат «бойда — қайрат, ойда — көздің» мәнісіне ой жіберсін. Қайрат — ақыл мен қуатты қосарлаудың нәтижесі. Қайраттану бір сәттік ширығыстан туа салатын өікінші сезім емес. Ол сенің бойыңда /запаста/ жұруге тиісті. Мәшинеңің қосалқы күшейікіші /скорость/ тәрізді. Қиналған сәтте іске қосылып, көмекке келсін.

Ал Абайдың «ойда көзін» қалай түсінуге болады? Ойлы жастың ақылы бар. Есті келеді. Он жерден күші тасып жүрсе де, ойсыз жас өзіндік қана. Бір мықтының шылаушысы /оққағары/ ғана болып шығады.

Ұяңдық қыз балаға жарасады. Ұяттың бетпердесі. Ұяңдықтан көз жазған жерде ұятсыздық белең алады. Ұялшақ бала өсе келе ширайды. Кім айтса соны құптап, жаман әдеттерге бой алдыру — жігерсіздің ісі. Ұстағанына тұтқыр, табан жолынан таймайтын бір сөзді жас озады. Озадының мәнісі қиындықты жеңе білетіні, күйректікке салынбай, жігерін

ақылға жанып, көткеншектемей, тек алға басатыны. Алға басу - жақсы әдет. Алғы күндерден үмітін үзбей, адамшылық мақсатты нысаналаса, арманын қамшылай түссе, өсер жас діттеген тұстан әлі-ақ көрінеді. Болмашыға мастанып, кесірлену, не болса соған кергіп бәлдену - өнікті ісіңді божыратады. Кері кетуді халық жаман ырымға санайды. Содан да «Ілгері басқаннын иті оттайды, кергіме - кері кетеді» деп ашығын айтады.

Көшбасшы

Халық - сыншы. Сөйте тұра сөзге жомарт. Жақсылықты дабыралағанда небір серке сөздер ойқастайды. Сондайда біртуар деп те, азаматым деп те, батырым, қаһарманым деп те, қайсар, табанды деп те түрлендіреді. Соның бәрінен де «көшбасшы» дегенге айрықша салмақ түсіреді. Көш бастау екінің біріне бұйырмаған. Халықты тығырықтан көш жолына табанды азамат қана алып шыға алады. Содан да ондай біртуарды «Көшбасшы» деп өзгешелейді. Көшбасшы бір күнде туа салмайды. Талапкерден, жүрегінің оты бар алғыр жастардан суырылып шығады. Ондай талапкер, бірінші кезекте, табан жолынан ауытқымауға тиісті. Қай соқпақпен, қай жолмен жүрсе адаспайды? «Бір жол бар - алыс, алыс та болса жақын. Бір жол бар - жақын, жақын да болса алыс». Жаңылтпаш емес, ақиқат сөз. Құранның «Фатиха» сүресі былай басталады: «Бізді тура жолға сала гөр! Нығметіңе бөленгендердің жолына /4-с, 69-а/. Ашуға берілгендердің, адасқандардың жолына емес! Әмин!» /5-с, 78-а/.

Өмірде тура жол бар ма өзі? Халық айтады: «Дүние бір қисық жол бұраңдаған, бақ тайса ерге дәулет құралмаған...» Оқтай түзу жол болмайды, болмақшы емес. «Өмір - күрес» дейтініміз содан. Мағжан ақын «Өмір - көпір, от үстіне салынған, діңгектері заннам отқа малынған...» деп асқына торығады. (Қиямет-қайымда адамдарды діңгектері жанып жатқан отқа малынған сырат көпірден өткізеді екен. Сол от «заннам оты» делінеді).

Өзіне лайықты жол таңдауда әркім-ақ адасады. Көш жолына, сара жолға шығу оңай емес. Адаспас үшін нені жанына серік етуі керек? Тәуекелді шығар? Құрғақ тәуекелден не шығады? Жігер мен қайратқа сүйенетіндер табысқа жетуі кәдік. Бірақ сол жігерің де мұқалып, қайратың да жасиды. Орта жолдан қайтуың керек пе? Сонда сен ішкі түйсігіңді іске қосасың. Сәтсіздікті жеңіп шығу үшін тек алға тырмысып, алғы күндерден үміт күтуге бір күш сені алға итермелейді. Ол күш не? Ол

- Алланың құдіреті, табиғаттың демесіні. Алла жаратқан сансыз жұлдыздар, аспандағы ай, кірпігінен шуақ төккен күн, лекіткен жел, түйілген бұлт, қыл аяғы қолыңдағы қамшыңа шейін сені демегендей болады. Сонда «тәуекел» деп айтқаныңды өзің де байқамай қаласың. Еріксіз алға ұмтыласың. Мұны физиканың заңына сыйдырғанда, ішкі және сыртқы қуат дейді. Қуат көзі сенің бойыңда, соны іске қосуың керек қиыннан жол таппай қиналғанда. Ал сыртқы қуат Алла бұйыртқан сансыз жаратылыс. Сондай ширығыста көк жүзіне қарайсың. Аспанда қалықтап қыран жүр. Құс екеш құс та қияға қанат қомдайды. Сен неге орта жолда қалып қоюың керек? Еріксіз ой түседі, санаңа нұр құйылғандай болады. Жігеріңе жігер қосылып, өз өзіңнен ширыға бастайсың. «Өлуім бар, орта жолдан қайтпаймын!» деп қайрайсың өзіңді. Алланың демесіні деп осыны айтамыз. Алға озасың. Қиындық артта қалып, қуанышқа кенелесің, ойға алған мақсатына жетесің. Халық мұны «Бір жасың екеу болды» дейді. Сүйгеніңді құшып, жар қызығына кенелесің. Махаббаттың шуағына бөленесің. Қолға алған ісің өнімді болады. Табысқа жетесің өмірдің әр саласында. Сондайда «Бұл өзі алған бетінен қайтпайтын қайсар, табанды азамат» деп мойындайды досыңмен қатар дұшпаныңның өзі.

Табандылық - ерге лайықты қасиет. Әйел затын «өжет» деп көтермелейді үлкендер. Өжеттен ерлік қасиет пайда болады. Өр әйел еріне де, еліне де пайда келтіреді. Сыншыл қариялар табандылықты екінің біріне таңбайды. Келешегінен үміт күткен жасты майданға салып шыңдап, сыннан өткізіп алған соң, ішкі ризалықпен айтады. Табандылар баршылық. Нағыз алмастай мұқалмайтын қайсарлар, алған бетінен қайтпайтын уытты ұландар қадау-қадау келеді. Көбісінің табаны тайғанақтап, сыр беріп қояды. Нағыз табанды діттеген тұсқа жетіп барып босаңсиды. Табандылық, әсіресе, ел назарындағы азаматқа, көш бастаушы бірегейге, елбасыға тән қасиет. Халқын қиыннан жол тауып, соны өріске алып шыққан қайраткерлер көшбасшы дәрежесіне жетеді. Ондай атақты бірегей қайраткерге халық береді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы дербес ел болып, Тәуелсіздік алған өтпелі кезеңде көрегендікпен ертеңімізді болжап, Қазақ елін соныға /өрісті де өркенді ел қатарына қосып/ алып шыққанын бүтін әлем жұртшылығы мойындаған озғындық. Елбасымызға деген өзгеше ризалықтан жыр туындады:

Бір жылғы туған құрдасым,
Армандасым, мұңдасым,
Реті келіп тұрған соң,

Өзіңе бұрдым жыр басын.
Елің үшін қайыстың —
Не көрмеді бір басың.
Пайғамбар сынды Абызым!
Ауызда жүрген күнде атың.
Қыбырды шолар қырымнан,
Биіктеп ұшқан Қыраным!
Иір біткен бұтағы,
Өзегі құрыш, Шынарым!
Қазақтың туған бағына,
Аруақты ерім, Ұраным!
Қиындықтан тайсалмай,
Аршыдың көзін тұманың.
Арқаға көшті бастадың,
Белгілеп елдің тұрағын.
Табансыз, тайғақ болбырды
Намыспен буып бұрадың.
Қыр аспайтын қиқарды
Ширасын деп сынадың.
Дау тілеген күншілді
Шаң қаптырып, ұзадың.
Бабаға шындап сиындың,
Тәуекел болды ұраның.
Ел сенер сендей Еріне,
Соңында өжет ұланың.
Дарабозым, Тарланым,
Данагөйім, Абзалым,
Ел мен елдің арасын
Көпір болып жалғадың,
Қазағыңды мұратқа
Жеткізу ғой арманың.
Даналықпен саралап
Саясаттың тармағын.
Ғасырдан өтер сүрінбей,
Тура жолды таңдадың.
Еркін қазақ көгінде
Қырандайын самғадың.
Жасаңсып өскін өркенің,
Жайқала берсін орманың.
Жамбылдың жет жасына,
Қызығын көріп жалғанның.
Арайлы болғай, лайым,
Алдағы атар таңдарың!

VIII. М І Н Е З

Бітім-болмыс

Мінез — жан-дүние жиынтығы, сезім көрінісі. Рухани сапалы қасиет. Соған қоса ішкі дүниенің ажары. Қуаныш пен шаттық, қайғы-қасірет, жігер мен уыт, қайсарлық, махаббат пен достық, қатігездік пен мейірбандық, бәрі-бәрі — мінез. Жантану ғылымына сыйдырғанда, мінез — психикалық әрекет. Сонымен қоса, күрделі әрі жұмбақ құбылыс. Мінездің айнасы — көңіл. Ішкі дүмпу көңіл айнасында көрініс береді. Құранда айтылады: «Адамның көңілі қайнаған судан да құбылмалы келеді».

Мінездің сапалық жиынтығы санаға орнайды, жүрекке ұялайды. Ақыл көрігінде шыңдалады. Ой — сезім арқылы көңіл кеңістігінде қанат қомдайды. Сонда мінездің де қанаты болғаны ма? Мінезсіз адам - қанатсыз құс сықылды. Қиялдап, армандамасаң, үміттенбесең, он ойланып, жүз толғанбасаң, мақсатқа жете аласың ба? Бейнелеп айтқанда, мінез - кісілік, мәрттік, өзгеше сападағы адамгершілік, т.т.

Жантану ғылымында әр қилы ерекшелігіне баға беріледі. Төрт топқа жіктейді. Бұл — әншейін долбарлау. Санамалап кетсек, жүзден асып жығылады, бәлкім, одан да көп шығар. Қазақ ұғымында мінез ерекшелігі әр қилы жіктеледі. Ашуқор, көтерімді, көмпіс, жуас, момын, шырт етпе, тызылдақ, шайпау, ынжық, тентек, сабырлы, салмақты, ұшқалақ, дүлей, т.т. Біздің бұл арада айтайын дегеніміз - ата-бабаларымыздың мінезді қайтіп саралайтыны. Қазақ ұғымында адамдарды мінез ерекшелігімен даралағанда: «Ол өзі мінезді жан, соны қой, мінезсіз неме!» — деп пышақпен кескендей екіге бөліп тастайды. Мал екеш малда да мінез болады. Адамды жылқы мінезді дейтіні содан. Мінезді адамдар бір сөзді, алған бетінен қайтпайтын өжет, ер көңілді жомарт, қайсар да табанды келеді. Мәселен, тымық күн мен желді күнді алайық. Желсіз тымық күн мал мен жанға жайлы. Жүрек соғысын, тыныс алуың бір қалыпты, жайлы келеді. Жаңбыр сабаламай бабымен жауады. Тыншу күні жауатын жаңбырды «ақ жауын» немесе «ақ жаңбыр» дейді. Қар да қапалақтап түсіп жатады жерге. «Ақ мақтадай ақ үлпек қар» делінеді.

Момын, жуас, біртоға, қақ-соқпен жұмысы жоқ, жан бала-

сының бетіне жел болып тимейтіндер желсіз тымық күндей жайлы келеді айналасындағы үлкен-кішіге. Мінезі жұмсақ олардың. Момындар осылар. Төмен етектілер ақ жарқын, ақ пейіл, сүйкімді атанады. Желсіз тымық күндей, қойдай қоңыр мінезділер озады екен.

Алайда, сол желсіз тымық күндердің де жанды-жансызға жайсыз келетін тұстары бар. Үнемі тымырсықтанған ауа райы адамдарға қолайсыз. Ауа ұйытқымаған соң тынысқа ауыр тиеді. Жағымсыз иіс-қоңыс қолқаңды қауып және кетіреді мазаңды. Тымық күні пеш жөндеп тартпайды, отын лаулап жанбайды. Шаң-тозаң басады айналаны. Ауа ауырлап, сарайыңды ашпайды. Малға да жайсыз, шыбын-шіркей буады. Сонда желсіз тымық күндердің де жайсыз болғаны ма? Ауа таза болмаған соң көкірек сарайың ашылмайды. Денсаулығыңа жайсыз тиеді. Қалада тіптен қиын. Ауа жетпей демігесің. Желсіз күндей тоқмейіл момындар үлесінен құр қалып жатады. Кейбір жуастар өзім аман болсам болды, өзгеде не жұмысым бар деп жұрттан бөлектеніп жүреді. Үнемі өзін бірқалыпты ұстайтындар кісікиіктеу келеді. Кейбірі ішімдегіні тап дегендей тастүйміштеніп алады. Сөзге жоқ әрі тұйық келгендер бара-бара арамдыққа басуы кәдік. Тымырсықтанып іші түтінге толып кетуі кәдік.

Енді желді күнге келелік. Жел бұлттарды айдап әкеледі. Қыста боран соғады, жазда нөсер төпелейді. Күшейген жел дауылға, долыға ұласады. Жазда сел жүріп, су тасиды. Қыста тентек желдің әсерінен ат құлағы көрінбейтін боран соғады. Желді күндей ашушаң, бірбет, алған бетінен қайтпайтын қайсарлар ше? Ортасына жайсыз келеді ондайлар. Өркөкірек, паң. Жүрген жеріңде жоқтан ілік шығарып, төбелес ашады. Аузынан боқтық сөз шығады.

Желді күндердің де жан-жануарға тигізетін пайдасы мол. Жаңбыр үдесе, топырақ ылғалды бойына сіңіреді. Шөп биіктеп, егін жайқалады. Ауа тазарып, шаң сейіледі. Тынысың кеңіп, өмірге деген құштарлығың артады.

Адамдарды кей жағдайда мінезді немесе мінезсіз деуіміздің себеп- салдары табиғат құбылыстарына байланысты туындап жатады. Сөз жоқ, мінезділер кәдімгі қыстың ақ түтек боранындай, жаздың нөсерлеткен жаңбырындай, долы дауылдай ойпаң-тойпаң келеді. Ұрт мінезділерді халық «Күйдірері де бар, сүйдірері де бар» деп аса алыстатпайды өздерінен. Сонда қалай, мінезділер кілең ашушаң, тентек, әпербақан, аттанқұмар, айғайшылар болғаны ма?! Мінездіні мінезсізбен салғастырса ғана ерекшелігі байқалады. Әдетте, халық «мінезді»

дегенді екінің біріне жапсырмаған. Есті тентектерге қарата айтқан. Кәдімгі ер қанаты - жақсы атта да мінез болады. Мінезді жылқы суды сиыршылап марғау ішпейді- Басын судан бір-ақ алады. Онысы — уыттылығы. Уытты қылқұйрық мініске берік келеді. Ұзақ жолда белі босап, болдыра қоймайды. Жүрдек келеді, қамшы салдырмайды.

Ал мінезді азамат /әйелдер - өр, еркек - бағалы/ намыской келеді. Жігерлі және өздері. Бастаған істі аяқсыз қалдыру ондайларға үлкен мін. Шеттерінен табанды, мәрт келеді. Астындағы атын жолдасына түсіп беруге бар. Аталы сөзге тоқтайды. Жеңілгенін мойындау оларға тән қасиет. Ел шетіне жау келсе атқа бірінші мінетін солар. Дауда да бірге, жауда да бірге ел-жұртымен. Мінезділер ашуға да, ақылға да бар. Ездерді, жігерсіздерді дамыл-дамыл жұлқылап, ұйқысынан сергітетін, санасын оятатын уытты азаматтар емес пе. Азаматтардың суы қайтып, кісіліктен жаңылып, жігері мұқалып, божи бастағанда, ұрпақ тәрбиесі босаңсиды. Бір қалыптан шыққандай «мінезсіздер» пайда болады. Мінезді адамның ашуының өзі сені сергітеді. «Ақылды ойланғанша, тентек іс бітіретінін» халық тегін айтпаған. Не өзіне, не өзгеге жасайтын жақсылығы жоқ, құр ішкенге мәз, жегенге тоқ болып, жақсы мен жаманды ажыратпайтын иісалмастарды: «Хайуаннан боғы бөтен мінезсіз неме!» — деп жазғырады.

Мінезсіздіктің жас ұрпақ тәрбиесіне тигізетін салқыны орасан. Мінездің жабылануы /жүнжуі/ жастарды ынжықтыққа, өлі сүйек жігерсіздікке соқтырады. Кім көрінгеннің қақпақылында кетіп, не болса соған көзсіз еліктейтіндер, өзіндік дүниеге көзқарасы қалыптаспаған жалтақайлар мен жайдақтар тәрбиенің босандығынан шығады. Мінезсіздік ынжықтықпен, надандықпен тынса, оған да көнесіз. Мүтін бір ұлт қара тобыр жайлаған мәңгүрттер отаны болады да шығады. Құдай ондайдан сақтасын. Біздер, Алаш жұрты шетімізден мінездіміз. Мінезсіз болсақ, ендігі ұлт болудан қалар едік. Мінез байлығы қожырап, босаңсып кетті десеңіз, оған келісуге болады.

Мінез байлығы

Мінез - қасиет. Адамды бір-бірінен даралайтын да мінез. Мінезді бықырып ашыған қымызға баласақ, ақыл — қымыздың қоры есепті. Қоры дұрыс болмаған қымыз жөндеп ашып, бабына келе қоймайды. Ақыл-пайымсыз мінез де орнықпайды. Тұрлаусыздыққа ұрындырады. Қараңыз. Біреулер пәлекор.

Арызқой және. Әділетсіздік үшін, шындыққа бола күресіп жүрмін деп жар салады. Шатаққа ұрынып, шырғалаңға тап болады. Шындықтың ауылын іздеп таба алмай жүрген жанмын деп өзеурейді. Оған салса, өзінен басқа бір адам жоқ әділетті жақтайтын. Шындыққа бір табан жақындап, әлгі жазған табысқа да жетуі кәдік. Бірінші нөмірлі демократ болады да шығады. Тобырды еліктіріп, соңынан ерткен әлгі «қайраткер» енді «көсемдікке» ұмтылады. Бара-бара екі сөйлей бастайды. Алдамшы мінезге басады. Абай айтқан: «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай, бақ қайда» — деген амалға басады.

Мұндай ұраншыларды өзіміз мінезді деп таңбалаған сортқа жатқызбасқа амалымыз жоқ. Сөз де, іс те, ақыл-айла да бар әлгі «патриотта». Білік-білімі де жетерлік бір басына. Не қилы әрекетке басып, мың құбылады. Пікіріміз екіұшты болса да мұндай құбылғыш баққұмар «отаншылды» мінезділер санатына жатқызуға әсте болмайды. Мінезділік — сүйекке біткен қасиет. Оның бастау көзі әріде. Қаннан ауысады ұрпақтан ұрпаққа.

Жаңа айттық, ақыл-мінездің қоры - «ашытқысы» деп. Демек, мінезділік айрықша сананың, өзгеше қабілет-қарымның көрінісі болғаны ғой. Көрінісі деуден де, жемісі деген орынды. Жалпы, мінез байлығы - ақылдың қорлануының, кісілік пен тектіліктің сабақтастығының нәтижесі.

Мінез қайтсе молығады? Ол тетік өз қолында. Өзінді бар еткің келсе, мінезіңді молықтыр. Мінез сатылмайды, өйткені, оған баға жетпейді. Табиғаттың сыйы, Алланың бұйыртқаны. Мінезсіздік - қор адамның қасиеті, мінезділік - Алла биіктеткен зор адамның қасиеті.

Мінездің жеке адамдарда болатын ерекшелігіне, жалқылығына аздап тоқталдық. Енді мінездің жалпылығына /ұлттық мінезге/ ой жіберіп көрелік. Мынадай сұрақ туады — адамды бір үлгіде, бір қалыпқа түсіріп бірдейлестіруге бола ма? Онда адам атаулы кірпіш болып кетпей ме? Кеңестер Одағының халқы бірыңғайлыққа бейімделді. Коммунистік тәрбиеге көндікті, нәтижесінде аз ұлттар тілі мен дінінен, дәстүр-салтынан алыстады. Сонда мінез қайда қалады?! Мінез орнында. Кеңестік өмір салтында тәрбиеленген кешегі ізгілікті адамдар кайда жүр? Бәрі бірдей жойылып кетпеген шығар. Құдай сақтасын! Аманбыз. Бармыз. Ендігі бет алыс қай жақ? Батысқа, Америкаға түзедік бағытты. Дамыған елдерге сүйеніп, озық технологиясын меңгереміз. Дәстүр-салтын ұстанамыз. Жаһандануға бейімделіп, жер шарындағы барша халықтармен араласып, қоян-қолтықта өмір сүруге дағдыланып, соған көндігеміз, бойұсынамыз. Бұл — жалпылама ұран. Десек те, сананы

тұрмыс билейді. Тұрмыс түзелмесе, бәрі бос сөз болып шығады. Ал сонда мінез қайда қалады? Оның ішінде ұлттық мінез?! Алдымен соған келейікші, бізде осы ұлттық мінез бар ма?

Елдік ерекшелік

Ұлттық мінез елдіктен бастау алады. Елміз бе, онда ұлт болғанымыз. Үлкендер баладан жөн сұрағанда «Қай елсің?» дейді. Осының астарында терең мағына бар. Қай атадансың, қай рудансың демей, елді ауызға алуының түп төркіні тереңде. Елге байланысты мақал-мәтел кемі мыңға барып қалар. Ежелгі әдебиет үлгілері - батырлар жырлары, махаббат дастандары, ақындар толғауында «елім» деу, «елім-айлау» молынан. Қазақтың ескілікті әнұраны «Елім-ай» аталады. Күні бүгінге дейін үлкендер «Қайран елім, қазағым» деп отырады. Байырғы қара өлең үлгілерінде елім деуді тіптен күштейді абыздар.

Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң,
Кең жайлау құлазиды ел кеткесін.
Бірге өскен кішкенеден қарағым-ай,
Күлермін кіммен ойнап сен кеткесің?!

Енді елдің баламасына жақын «жұрт» ұғымы бар. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» деп күңіренбей ме Абай. Селдір, шанжау-шанжау қоныстанған ел емес, қалың ел және қазақ екен өздері. «Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін» деп ақын жұртқа салмақ түсіреді. Ал осы жұрт ұғымын Ыбырай Алтынсарин: «Өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салдырған...» — деп келтіреді. Бұған таусылатын не бар, аталуы басқа-басқа, мағынасы бір-біріне жақын, мағыналас /синоним/ сөздер емес пе. Халық атауының сыңары деп те тұжыра салуға болады. Осы ұғымдар неге көнермейді, заманнан заманға өткен сайын мағынасы әңейіп, жарқырай түсетіні қалай? Міне, мәселе осында! Бүгінде Президентті «Елбасы» дейміз. Астана қаласын «Елорда» деп жүрміз. Гимнді «Әнұран» деп алдық. Ел сөзінің қасиетті екеніне бір мысал осы. Алаштың көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов «Қазақ елі» дегенді орнықтырып кетті. Алаштың арда күреңі дүлдүл ақын Мағжан Жұмабаев:

...Дариға сол күндерде күнім қараң,
Қазақ елі — бір ауыз сөзім саған.
Кінәні жүрекке қой, қойма маған... -

деп Қазақ еліне сөз арнады. Тәрбие-тәлімге негіз болған ма-

қал-мәтелдерде елдікті қастер тұту - даналық өзегі. «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол». XXI ғасырдың кірісінде, жер бетіндегі халықтардың бір-бірімен аралас-құралластығы дендеген тұста елдікке байланысты аманатқа қалдырған ата-баба өсиетін ұрпақ санасына жөргектен сіңірмесек, ұтыларымыз айдан анық.

Түркіменнің ұлы шайыры Мақтымқұлы:
Бұралқы ит етектен ап үргенше,
Опасыз дос бір күн ойнап күлгенше.
Кісі елінде сұлтан болып жүргенше,
Өз еліңде ұлтан болған көп жақсы, —

деп өзі өмір сүрген кезеңнің шындығын өлең тілімен әдемі жеткізген. Түркімен халқы ақын өмір сүрген кезеңде жат жұрт қызылбастармен жауласты, ирандықтардың тепкісіне ұшырады. Түркімен жұрты парсылардың дәстүр-салтына еліктеді, соларға ыңғайласты. Дамыған, өркен жайған елдің өнері мен әдебиетінен, салтынан үйрену - ежелгі үрдіс. Халық оны: «Ақыл - ауыс, ырыс - жұғыс» дейді. Көршілес жұрттардың жақсысынан үйрену бір басқа да, жаманнан жирену бір басқа. Жаманы не? Сол жат елдің өздеріне тән ұлттық қасиеті, дәстүрі, діни ғұрпы, тұрмыс-салты өзгелерге өнеге бола ала ма? Көп жағдайда кері әсер береді. Әсер беріп қоймай, бүтін ұлттық болмысыңды, мінезіңді жояды. Ұлттық мінездің жойылуы - тіл мен дәстүрдің, елдігіміздің мәнсізденуіне апарып соқтырады. Мәнсіздену — елдігіміздің еңсесін түсіреді. Ата-бабамыз ертеден сарындаған: «Кісі баласы кісендесе де тұрмайды, өз балаң өзекке тепсең де кетпейді». Өсер жасқа өз еліңді өгейсітпе дегені. «Өз — өлтірмейді, жат - жарылқамайды» деп те аңғартқан. Түркімен шайыры «Опасыз дос бір күн ойнап күлгенше...» деп нені тұспалдаған? Елін сататындар опасыздар дегені. Сатқынның сатқыны — елін сататындар.

Әйел — тіршіліктің ажары. Жақсы әйелге «сұлу» деген анықтаманы бере қоймайды дуалы ауыздар. Ажарлы екен дей салады. Іші мен сырты бірдей дегені. Елін сүюді халқымыз әйел затынан да талап еткен. Қыз жат жұрттық десе де, елдікке іргетас әйел деп білген. Әйел — ана, ұрпақ өрбітуші және өздері. Содан да ерінен шеккі көрген /тепкі көрген/ әйелге «Ерден кетсең де елден кетпе» деп тоқғам айтады. «Балаларды ертіп төркін жұртыңа кетіп қалма» дегенді «елден кетпе» деген мағыналы сөзбен аңғартқан.

Халық - кәнігі ұстаз. Данагөй педагог. Ұлт ұланына сабақ бергенде басы артық сөзге бармай, ойын нәштеп жеткізеді.

Қысқа қайырады: «Жиен ел болмас, желке ас болмас». Жиендерді еркелету қызды ардақтап сыйлаудан шыққан. «Қыздан туғанның қиығы жоқ» деп жиенді жан тартады. Сөйте тұра «жиен ел болмас» деп ашығын айтады. Қыздың бармайтын жері жоқ. Жатқа да кетеді. Жиен болғанымен «Жат елдің азаматы» он жерден бауырыңа тартқаныңмен саған үйірлеспейді дегені. Ата-бабаларымыз өзінің елдігін қорғаштай отырып, өзге жұрттардың елдік қасиетін бағалай білген. Елдікті қастер тұту, оны ұлықтап ұрпақ санасына жеткізуде «мың өліп, мың тірілген». «Ер жігіт ел үшін туады, елі үшін өледі», «Батыр туса, ел ырысы, жаңбыр жауса, жер ырысы». Ақындар «Туған ел, өскен жер, ыстықсың жаныма» деп шалқиды. «Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан», «Өсер елдің ұланы елжанды келеді, бай болатын ауылдың ұлдары малжанды келеді», «Елге ел келсе - құт, елден ел кетсе — жұт». Қазақтар баласына ат қойғанда да елге жақындатып: «Елкелді», «Еламан», «Елдес», «Елгүл», «Елшібай» есімін рәсімдеген. Өз елін, өз жұртын емірене сүюде қазақ халқы ешбір халықтан қалыс қалмайды. Елдің жиынтық бейнесі - Отан. Отаны бар азамат бақытты. Отаншылдық, ұлтжандылық мінездің көрінісі. Тұжырғанда елжанды азаматтар мінезді келеді. Отбасына омалған ынжықтан мінез шыға ма? Ойпаң-тойпаңды көп көрген қазақ халқы ұлттық мінезінен еш жаңылмаған. Нағыз мінезді халық - Қазақтар. Жер бетінен ұлт ретінде жойылып кетпеуіміз мінез байлығының молдығынан.

Мінезіміздің бір көрінісі елжандылығымыз екен. Қазақ атануымыздың түп төркіні ұлттық ерекшелігімізде жатыр. Мінез неден шығады? Өмірге деген құштарлықтан, атамекенге, туған елге, балаға, жарға деген махаббаттан бастау алады. Өмір айдынында емін-еркін құлаштап, жағалауға аман-есен жетуде адам пақыр небір қиыншылыққа тап болады. Қуғын-сүргін, атыс-шабыс, табиғат апаты, бәрі-бәрі ет жүректі пенденің керт басынан өтеді. «Елім-айлаған» алмағайып заман ата-бабаларымызға оңайға соқпаған. Жауынгер ел екенімізді сырт дұшпанға беріспеген өлермен өжеттігімізбен дәлелдеппіз. Тарих беттерін парақтағанда соған кезіміз жетеді. Біздің айтайын дегеніміз, мінез ерекшелігі. Адам баласының тегі бір. Жер шарындағы барша халықтың адами қасиеті, түр-түсі, мінез-құлқы, бітім-болмысы, ойлау қабілеті, сезім толқынысы, арман-аңсары, қиялы, барша кейпі бір-бірінен кереғар емес. Бұл ерекшелік жұмырбастылардың маймылдан пайда болмағанын, Адам-Ата, Хауа-Анадан өрбігенімізді, бір кіндіктен тарағанымызды айғақтайды. Сөйте тұра адами қасиетіміз, тіліміз, өмірге деген

14-2628

көзқарасымыз бен Алланы танудағы көзқарасымыз, күнкөріс күйбеңі мен жан сақтау амалдары әр халықта басқа-басқа. Осыдан келіп адамдардың өзіне тән қасиеті — Ұлттық ерекшелігі дараланады. Даралық, бірінші кезекте, мінезден байқалады. Қазақта оғаштау бұрыс сөз бар: «Атың шықпаса жер өрте». Айғай, аттанға үйірлерді кекеткені. Енді бір қанатты тіркес ауыздан көп шығады: «Аман ердің аты шығады». Ата-бабамыздың даңқы немен шыққан? Отбасы, ошақ қасы, ауыл-аймағы, ел-жұртының амандығы үшін: «Жаным - арымның садағасы, малым — жанымның садағасы» деген қағиданы ұстанып, сырт жұрттардың сесін қайсар да қайратты, арлы да намысты сұсымен басып, елдігін бекемдеп, нығайтуға күш салған. Арлы да арманшыл, өжет те өлермен бабаларымызды сырт дұшпан кекеп, мұқаған. Қойындасуға бар да, сойылдасуға жоқ момын ұлыстарды билеп-төстеп жаман үйренген озбырлар сахара төсін жайлаған, құйрық-майды шайнаған еркін де ер көңілді азат елді құлдыққа көндіктіре алмай дымы құрығанда мінез ерекшелігімізді мін қылған. Еркін де ер мінезді азат елді құлдыққа көндіктіре алмай амалсыздан бас шайқаған. Көнбейді бұлар жат елдің тепкісіне деп түңілген. Ақымақ достан ақылды дұшпан артық боп шыққан. «Ә, бұлар ғажап ел!» деп танырқаған. Бабаларымыздың табиғатқа жақындығына сүйсінген. Жылдың төрт мезгіліне орайласып көшіп-қонып жүретін көшпелі жұрттың көш салтанатының өзі көз суырған. Басына тіккен үйі, киген киімі, атқа мінісі, тойшылдығы, көкпар тартып, жайлауды думанға бөлейтіні, қыз ұзатып, келін түсіруі, астындағы атын жолдасына түсіп беретін мәрттігі, қонақжайлығы, аталы сөзге тоқтайтын бірсөзділігі, даладай кеңпейілдігі, қыздардың күмістің үзбесіндей сүйкімді келетіні, еркектердің үнемі ат үстінде жүретін сергектігі — сырт елдің назарын аударған, ерлігін мойындатқан. Бәрінен де өлгеңдердің басына там соғып, рухын көтермелеп, аруаққа сиынатыны, бабаларының кәрі моласына ауық-ауық оралып, сол маңды қоныс ететіні қайран қалдырған. Басқыншы жұрттың абыздары: «Бұлар — ғажап-ғажап! Ежелгі көк түріктердің нәсілі емес пе. Қанында табиғаттың тазалығы бар», — деп бағалаған. Сол «ғажаптанудан» Қазақ атануымыз бек мүмкін.

Көк түрік әулетінің ежелгі ерлігін, дұшпанға бас имейтін қайсарлығын, көк семсердің жүзіндей өткірлігін, уыттылығын айнытпай қайталаған бабаларымыздың жауынгерлігін, мал ашуы жан ашуы деп біліп, көрші елге ауысқан малы үшін майдан ашатын содырлығын, атқа мінгенде тіке ақ сауытты батырдай бірінің өзі жүз кісілік болатыны, опасызды орақша оратын, сөзінде тұрмағанды ат құйрығына байлайтыны, жігіттерінің сұлуға көзі түссе, сұңқарша шүйілетіні, төмен етектілерінің өзі жауға беріспей, жат құшаққа енгенді ар көріп, жауына кездікше оқталатынын есепке алып: «Ә, бұлар шеттерінен кәззап барып тұрған» демей ме. Сол «кәззаптан» қазақ атанып кетуіміз де ғажап емес. Бұрыс сөзді сырт елдердің естілері,өзге жұрттың тарихшы білімпаздары жұмсартыңқырап: «Олай демеңдер, азаттыққа құштар, еркіндікті ерлікке ұластырған еркөңіл мәрт шеттерінен. Ежелгі бабалары сақтардың ұрпағы. Солардың сұсы бар кейпінде, нағыз сақтар осылар. Хас-Сақ қой бұлар. Сақтардың өзі болмаса да көзі, тұяқ жалғары». Осы бір қисын көңілге қонады. Ұлтымыздың түп-тамырын бүгінгі ұрпаққа, келер нәсілге шыншылдықпен ақ сөйлеп жеткізбесек, құрғақ білімпаздықпен бос ділмәрсу жалғандыққа ұрындырады. Жалған сөз жүрекке орнамайды, санаға сіңбейді. Қазақтың қайдан шыққаны жөнінде айта бермей, қайтсек қазақ боп қаламыз, соны ойлауымыз керек. Бұл — құрғақ ақылдымсу емес. Біз, қазақтар, мінезді халықпыз. Қазақ этносының өзгеше ерек қасиеті мінезінде жатыр. Жоғарыда айтып өттік. Елжандылығымен қоса жаужүрек батыр екен. Бірсөзділігі және басым. Жомарт келеді екен. Бауырмал шеттерінен.

Жер бетінен қаншама халық жойылып кетті. Жойылғаны емей не — тілінен, дінінен, дәстүрінен айырылса, басқа халықтарға сіңісіп кетсе. Осыншама кең байтақ даланы иемденіп, ата жұртынан тапжылмай, ауа көшпей, басқыншы жұрттардың сығымына шыдас беріп, елдің ерекшелігінен айырылмай, XXI-ғасырға Қазақ елі болып аман-есен жетуі — саналы ұрпақты ойландыруға тиісті. Ойлаңдырып қана қоймай, ұлт келешегіне қызмет етуге, қазақтық қасиетімізді (мінезімізді) қорғаштап, соның түрленіп жетілуіне, толысуына азаматтық ар-ожданымен қызмет жасауға, керек десеңіз, жанын пида етуге дейін баруы керек-ақ.

Бауырмалдық

Туыстық қатынас жөнін таратқанда мінезге байланысты жағына баса назар аударуға тура келеді. Соның маңыздысы - бауырластық! Бауырластық жөнінде халықтық педагогиканың жас ұрпаққа ұғындырары аз емес: «Жат — жарылқамайды, өз — өлтірмейді». Бұл арадағы «өз» кім? Ол — туыс-туған, ағайын-жекжат. «Сыйласуға жат жақсы, жыласуға туыс жақсы». Дүние адамды бұзбай қоймайды. Туыстан кетісу, көрместей

боп түңілу бола береді. Бірақ ат құйрығын кесісіп кеткен қазақты тумысымда өз басым көрген емеспін. Ата-бабаларымыз туыстықты ұрпақ санасына әлмисақтан жеткізіп кеткен. «Қарағай басы қар жауса, жұтамайды сауысқан, қанды қалпақ кисе де, қиыспайды туысқан». Бұл - қазақ этносына тән қасиет. Мінезділігіміздің бір ерекшелігі қаншылдығымыз, бауырмалдығымыз екен. Жеті атаға дейін қыз алыспауымыздың себебі туыстық сабақтастықты үзіп алмаудың амалы. Өз құлағымызбен естідік. Ағайындар бір-бірімен құйрық-бауыр жесісіп, құда болып мәре-сәре болып жатқанда, сыншыл қария мұртын қопсытып: «Құда, құда дей бермеңдер, алыстап кетеді, туыс-бауыр деңдер», — дер еді. Қыз ұзатып, келін түсірудің кәде-жоралғысының өзі ұлтымыздың дархандығын танытады. Өліге ас берудің өзі той-томалаққа ұласады. Толып жатқан кәдені - нарықтың (өз күніңді өзің көр саясатына) жолына айтып қара қоңызша тоңқаң-тоңқаң етіп дүние қуып кетсек, қазақтық қасиетіміз - бауырластықтан не қалады?!

Бауырластыққа бір мысал. Қазақта «Атасы басқа аттан түс» деген аталы сөз бар. Жаугершілікте бір батыр жау қолында қалып бара жатқан баласын ат артына мінгестіріп алып, ұрыс даласынан сытылып шыға бергенде, «көкелеген» інісінің даусын естіп қалып, «Атасы басқа аттан түс» деп баласын тастай беріп, бауырын құтқарып қалған екен. Туысы өлгенде үлкендер «бауырымдап» жылайды. Қысқасы, бауырмалдық, қаншылдық қазақ ұлтының — мінезі.

Бауырмалдықтан, туыстық қатынастан әулет шыққан, әулеттен ру-ұлыстық қауымдастық бекіген. Рулар ұжымдаса келіп тайпаға, одан жүзге бөлінген. Жүздік, рулық бөліністер — ел болып бірігуіміздің алғы шарты, керек десеңіз ұлттық артықшылығымыз. Осы ерекшелікті (рулық қатынасты) өзімізден шыққан тарихшылар: «күні өтіп көнерген бүгінімізге қабыспайды» деп тарихтың қоқыс жәшігіне лақтырып тастағысы бар. Шет жұрттың білімпаздары «трайболистік сарқыншақ» деп руластықты ұрпақ санасынан «өшіріп» тастамақшы. Сондағы сырт дұшпандардың мақсаты - қазақ этносын мінезден айыру. Қазақтың жаны (бауырмалдығы, дәстүр-тағылымы, ұлттық қасиеті) далада еді. Далалық қазақтар (ауыл қазағы) қопарыла көшіп, қалаға орнап жатыр. Дау жоқ, қала — мәдениет ордасы, әлемдік жетістіктердің шоғырланатын нүктесі. Қалалық қазақтар (бүгінгі қазақтар) жаһандануға әлден-ақ оң иығын бере бастады. Бұдан біз нені көреміз? Қалалық қазақтар руластық былай қалып, туысқандық қатынастан көз жазып қалуы бек мүмкін. Осындай өтпелі кезеңде саналы жастар заманның өнегелік жақтарын кәдеге асырып, дәстүрдің түрленіп толысуына күш салуға тиісті. Мінезді азаматтар осындайда суырылып шығады.

Мінезді айта түсуіміздің астарында аңғарту жатыр. Мақсат — жаңалық ашу емес, келешек ұрпаққа ой салу. Ойлы жас ата-баба өсиетінен де өзіне керектісін ала алады. Олар жүріп өткен жолдың жетістігінен үйренеді.

Қазақ үш жүзге бөлінген. Шежірелік аңызда үш ата баласы көрінеміз. Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс — арғы бабалармыз. Ақарыстан Ұлы жүз өрбиді, Бекарыстан Орта жүз тарайды, Жанарыстан Кіші жүз қазақтары өрбіген. Былайша қисынды. Дау айта алмайсың. Тарихшылар әкімшілік бөліниіс деп дәлелдейді. Соңғысы қисынды. Бүгінше айтқанда, аймақтық жіктелуге жатады. Бүкіл дүниенің (әлемнің) өлшеміне сыйдырғанда, Жер шары асықтай-ақ. Сол асықтың үлкендігіндей ғана жерде өсіп-өніп жатқан адамдар бір-біріне ұқсамайды. Ақыл-пайымы, арман аңсары, сезінуі, айла-амалы, жан дүниесінің тазалығы - бәрі-бәрі өзгеше. Ал осы қисынды әр ұлттың (этностың) шығу тегіне, пайда болуына, ұлт ретінде қалыптасып, ел болып еңсе көтеріп, халық болып қауымдасуына үйлестірсек, әр халықтың өзіндік ерекшелігі тайға таңба басқандай атойлап шыға келеді. Ағылшын мен орысты бір-біріне ұқсата алмайсың, жапонды қазаққа жақындату мүмкін емес. Сырты үйлеседі, ішіне үңілсең, басқаша кейіптегі адам. Біздер, қазақтар да басқа ұлттарға ұқсамаймыз. Бұның бәрі неден?

Осы еңбегіміздің әр жерінде айтылды. Алланың әмірінен, табиғат құбылысының кереметінен, түрлердің пайда болып, сұрыпталуынан десек те, Адам-Ата, Хауа-Анадан бері үзілмей келе жатқан адами сабақтастығымыздың нәтижесінен деп білуіміз керек. Адамша өмір сүрудің талпынысынан туындаған қасиет. Сол қасиеттің жиынтығы — Мінез. Қазақ бола тұрып әр ата баласының мінез өзгешелігі — қасиетіміз. Керек болса, артықшылығымыз.

Қазақтың үш жүздік құрылымы ел болып бірігуіміздің классикалық үлгісі. Өз кезінде бұл одақтасу қазақтың бірлігіне қызмет етті. Жүздік жіктелуді бабаларымыз тәрбиелік мақсатқа пайдаланған. Ұлы жүз аға баласы делінген, шыңдығы солай. Орта жүз - ортаншысы. Кіші жүз - кенже ұл. Үлкен тұрғанда кіші сөйлемейді. Жол-жора аға баласына бұйыршақ. Ортаншы ұл да тегін емес. Кіші ұл, әдетте, еркелеу, тентек келеді. Байқадыңыз ба, үш жүздің баласы мінез ерекшелігіне қарай бөлінген десек, ұшқары болса да, қисынға келеді.

Діни аңызда жүз жиырма төрт мың пайғамбар өткен екен.

Соның отыз шақтысы ғана белгілі. «Атамыз — Алаш, керегеміз - ағаш» деп айта түсеміз. «Қазақпыз» дейміз. Нәсіліміз түрік екені айдан анық. Түрік бабамыздың отыз ұлы болыпты делінеді шежірелік аңызда. Сол отыз ұлдың біріміз. Одан арғы атамыз кім болған? Ғұндар, әйтпесе, скифтер мен сақтар. Қалай болғанда да Алтай мен Атырау — кең байтақ далада іргемізді бекітіп ел болғанымызды ешкім де жоққа шығара алмайды. Ру-ұлыс боп бөлінгеніміз де рас. Сол ру-ұлыстар бірлесіп елдікке (мемлекет болуға) бет бұрған. Арғы нәсілімізді жобаладық. Бергі аталарымыз кімдер еді? Ағайынды үшеу - Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс атамыз Алаштан туған. Алаш - қазақтың атұстары. Қазақ болса-болмаса Түрік нәсілінен.

Ақарыстан Ұлы жүз қазақтары өрбіпті. Ныспысы — Ақарыс, өзі және үшеудің үлкені екен. Арыс атауының екі-үш мағынасы бар. Ру, ел атаулының орнына жүреді, «екі арыс ел» деп те келеді. Арыстың басты мағынасы - «біртуар азамат» дегенді білдіреді. Сонымен, үшеуі де асыл текті біртуар, нағыз азаматым дейтіндей Алаштың айтулысы екен. Енді қараңыз — үлкеніне Ақарыс деп ат берген (бұл бейнелі атау, оған дауласпаңыз). Ақарыстан тарағандар аға баласы болып келеді. Аға әрқашан көшбасшы болады. Қара қылды қақ жарған әділ әрі адал болуға тиісті. «Қазақ үлкенін құдайдай көреді» деген содан шыққан. Топшылағанда Ұлы жүздің ұлы әкесі (бас иесі) аға болуға лайықты ақпейіл. Ақжүрек, ақкөңіл,ақ сөйлейтін әділ, ақжарқын, адал болған ғой. Енді қисынға келейік, Ақарыстың ұрпақтары — Ұлы жүз аға балалары бабаларына тартып (лайықты болып) ақ сөйлеген. Әділдікті ту етіп көтерген. Тым қиянпұрыс тентектікке бармай, дау-дамайды өршітпей, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен. Дуалы ауыз абыздар, әулиелер, ақылмандар, сопылар, ботагөйлер Ұлы жүзден көп шыққан. Момындық та бар өздерінде. Көтерімді келеді. Аға баласы болғандықтан да тәрбие-тәлімнің ұйтқысы бола білген. Өзге ұлыстарға (қазақ бауырларға) жол көрсетіп, өнегелі болуға үндеген. Төле бидей данагөй — аға баласы. Аузына үш жүзді қаратқан. Інілерін сабыр-тоқтамға бейімдеп, елдігімізге ұйтқы болған. Бұл — артық сөз емес, дәлелденген ақиқат. Ұлы жүздің құрамындағы аталарды Үйсін деп атайды. Халық жады - сергек. Неге Қатаған, Қаңлы, Жалайыр демейді? Аға балаларын Үйсін дейтініміз неліктен? Сөздің қисынына тоқтау керек. Ежелгі Үйсін мемлекетінің жаңғырығын кәрі құлақ бабаларымыз зердесінен шығармаған. Санасында жаңғыртқан. Үйсін мемлекетінің жұртынанбыз, солардың тұяқ жалғарымыз дегенді кейінгі нәсілінің құлағына салып кеткен.

Аға балаларынан батыр да шыққан, ақын да шыққан. Дана да шыққан. Әйтсе де, қандастарына (өзге қазақтарға) үлгі болудан еш жаңылмаған. Күні бүгінге дейін солай. Осы атадан, аға балаларынан Құдай оңдап, аруақ қолдап дербестікке қол жеткізгенде, Тәуелсіз ел болып еңсе көтергенде, Нұрсұлтан Әбішұлының тарих сахнасына шығып, үш жүздің көшін бастап, болашаққа жарқын заманға негіз қалғаны, дамыған елу елдің деңгейіне көтерілуді басты мақсат етіп қойғаны — ата-бабадан үзілмей келе жатқан дәстүрдің XXI ғасырда да жалғасын тапқаны деп білуіміз керек.

Сабағымызды әрі қарай жалғайық. Аға балаларының мінез (бұл арада қазақи ерекшелігінің) ерекшелігіне жататын қасиеті - Аға болудан жаңылмағаны. Ұстамдылығы, көтерімділігі. Сонымен қабат еңбекқорлығы деп білуіміз керек. Адамды түзейтін еңбек. Еңбексіз, қарекетсіз адамда жөні түзу мінез де қалмайды. Жатып ішер жалқау, еңбексіз пайда табуға дағдыланған ұры, қара ниет қарақшыдан қайбір адамгершілік шығады? Еңбегінің жемісін көрмей ардан безгендерден адам тұрмақ қара жер де тітіркенеді.

Біздің айтайын дегеніміз - жүзге бөлінудің мінезге әсері. Ғылыми тұрғыдан зерттеп зерделеу емес, топшылау деп білген жөн. Жер ыңғайы табиғат амалына бейімделіп, сонымен қоса, көрші елдердің ықпалына түсіп, жұтылып кетпей елдікті сақтау — бабаларымызға оңайға соқпаған. Оған қоса күнкөріс күйбеңі тағы бар. Соның бәрі халық педагогикасында көрініс тапқан. Із қалдырған. Жақсыны асырып, жаманды жасыру — қазаққа тән қасиет. Ұрпағым ез болмай, ер болсын деген аталық ұстанымы. Құлаққа сіңісті «Ұлы жүзді қауға беріп, малға қой» деген аталы сөз бар. Ұлы жүз қазақтары табиғаты жұмсақ, түстік өңірді — оңтүстікті жайлаған. Егін егіп, мал өсіруге қолайлы қоныс. Содан да егіншілікті, малшылықты кәсіп еткен. Абай айтқан «еңбекті сат, ар сатып неге керекті» жадында берік ұстаған. Жастарды қарекет етуге баулыған. «Еңбегі аздың өнбегі аз» деп жөргектен тәрбиелеген жас өскінін. Кеңес өкіметі орнаған кезеңдерде де оңтүстіктің қазақтары ауырлыққа иығын тоса білді. Замана зобалаңына беріспей, егіншілікті, малшылықты ата кәсібім деп білді. Коммунистік еңбектің үлгісін көрсетіп «Еңбек Ері» атанды. Социалистік құрылыс ұжымдық еңбекті дәріптеді, соған ұйыстырды адамдарды. Бұра тартқандарды «дара шаруа» деп жазалады. Көндікпегендерді еңбектен жалтарды деп соттады. Кейін

кеңшілдігіне бағып, жұмысшы мен шаруаны арқадан қағып, омырауына орден тақты. Еңбек Ері деген атақ өз жемісін берді. Еңбек батырдары Қазақстанның оңтүстігінен көп шықты. Бұл занды еді. Олардың еңбектегі ынтасын көре білді басшылық. «Соңиалистік Еңбек Ері» атағын ЫБырай Жақаев пен Жазылбек Қуанышбаев тегіннен тегін алмаған. Екі мәрте «Еңбек Ерлері» болды. Басқа өңірден «Еңбек Ері» дәрежесін екі рет алғандар кезікпейді. Сол үшін де Қазақстан басшылығын (Д. Қонаевты) жікшілдер (жүзге бөлінгіштер, рушылдар) жазғырды. Арызқойлық өршіді ел ішінде. Арызқойлықты коммунистік партия өз мақсатына пайдаланды. «Өзара сын» деп көтермеледі. Арызқойлар жүзшілдіктің, рушылдықтың қоздырғышына (вирусына) айналды.

Атақ-дәрежеге дәніккендер мен білікқұмарлар, мансапқорлар, пәлеқорлар және өршітті жікшілдікті. Ат төбеліндей аз ғана шоғыр қазақ қауымының бірлігі мен бауырластығының ұйтқысы — жүздік құрылымды өз мақсаттарына пайдаланды. Жүзге бөлінудің салқыны ұлт бірлігіне, қазақтық қасиетімізге, онсыз да тіл мен діннен, дәстүрден қол үзе бастаған кезеңде, орыстанудың саясатына қызмет ететінін білген біртуар қаламгер Ғабит Мүсірепов : «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін», - деп ашына айтты. Бұл сарын бүгін де бар. Үш жүздік құрылым - қазақ елін біріктіруге қызмет етті. Әлі де қызмет ете бермек. Сөз неден шықты, Ұлы жүз балаларының еңбекқорлығы емес пе? Бүгінгі өтпелі кезеңде (социализмнен капитализмге бет бұрған заманда) аға балалары (оңтүстік өңірдің қазақтары) тағы да озғындық танытып, саудаға оң иығын тосып, нарықты мәу демей озғындай бастады. Дайын асқа тік қасық, жалқаулар мен жатыпішерлер, күншілдер мен көреалмастар «көтен күңкілге» басады. Оңтүстіктің қазақтары төске өрлеп барады деп. Бұған кейбір шолақ ақыл жетесіздер елігеді. Қазармалық социализм де оңдырған жоқ қазақ қауымын. Ендігі бет бұрыс елу елдің қатарына ілігудің амалы. Артқа қарайлаудың қажеті жоқ. Тек алға озуды қажет ету керек. Қазақ атамыз ежелден тәуекелшіл. «Жаманға жалынғанша, жат та жаныңды қарма» дейді. Бүгінде айтылып жүрген: «Өз күнінді өзің көр» ежелден бар үрдіс. Өмір - қара жарыс. Бір мінгішке (бұл арада еңбек етіп, кәсіппен шұғылдану) ие бола алмай шаң қауып, жарыстан шығып қалсаң өз обалың өзіңе. Өз күнінді өзің көре алмағаның үшін, жаныңды сақтай алмағаның үшін қазақтық қасиетімізге күйе жақпай жайыңа жүр. Жауға жаныңды берсең де, намысыңды берме. Намыс - сенің мінезің. Мінезді қазақ енді шығады. Айғай-сүреңге басқан тентектікпен емес,

табандылығымен, қайсарлығымен, мақсаткерлігімен, ұлтын ұлықтаған қаншылдығымен. Бұл - Құдайдың бірлігіндей.

Дуалы ауыз ақылмандардың Орта жүзге берген мінездемесі де шындықпен үндес. «Орта жүзді қалам беріп дауға қой» дейді. Бертінде шыққан сөз тәрізді. Сарыны солай. Орта жүз қазақтары қоныстанған Арқа даласының табиғаты катал. Қатал табиғат аясында өмір сүру оңай емес. Сарыарқаның солтүстік өңірі орыс жұртымен шектес. Ресей отаршылдары ішке ертерек енді. Орыс оқуы Орта жүз қазақтарына ертеректеу келді. «Орта жүзді қалам беріп дауға қой» дегендегі мінездеу - шындыққа бір табан жақын. Бұл аймақтағылар орыс оқуының дәмін бірінші болып алды. Сауатын орысша жетілдіріп, қағазға жазуға бейімделді. Орыс тілін үйренді. Соның нәтижесінде оқымыстылыққа ден қойды.Орта жүз қазақтары. Ең құрығанда тілмаштыққа тұяқ іліктірді. Жер дауы, жесір дауына араласып, патшалық биліктегілерге арыз-шағым жазып берді. Дауға қойдың мәнісі - біріншіден, сөзге жүйріктігі, екіншіден, орыс тілін білгендігі, қағазға жазуға икемділігі деп білуіміз керек. Даукестік - арыздану. Арыз-шағымға да сауат керек. Сол себепті шығар. Екінші бір қисын әріде жатыр. Абылай заманының сарыны шалынады құлаққа. Ердің құнын «екі ауыз сөзбен шешкен» от ауызды, орақ тілді, темір жақ шешендер мен билер Абылай ханның ордасын төңіректеген ғой. Абылайдың оң тізесінен орын алған ғой Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек би, Байдалы шешен, қарауыл Қанай би - Орта жүздің тілмарлары.

«Кіші жүзді найза беріп жауға қойдың» мәнісі тереңде жатыр. Жауынгерлік - жаугершіліктен шыққан. Кіші жүз қазақтары күні кешеге дейін аттан түспей келді. Іргеден орыстар сығалады. Сығалап қана қоймай, көз алартты. Түрікмендер және шықты жауқайдалап. Қоқаңдап қоқандықтар және кетірді мазаны. Ежелгі дұшпан - Еділ бойының қалмақтары да жаулықтарын ұмытпады. Өзімізден шыққан сойылшылдар тағы бар. Қарақалпақтар да қарап отырмады. Барымтаны өршітті. Кіші жүз қазақтарының жауынгер болмасқа амалы қайсы. Үш атаның баласы - бәріміз бір қазақпыз. Әйтсе де, Кіші жүз қазақтарының көрген құқайы аз болмаған. Күні кешеге дейін жауға қалқан болып келді. Жері қуаң, шөлейт болса да, ата мекеннен табан аудармай келді. Қазақ елінің елдігіне бұл ата балалары, Кіші жүз қазақтары сандаған есе үлес қосқанын кейінгі ұрпаққа мәлімдей білгеннің оғаштығы жоқ. Бүгінде кіші атаның балаларына Құдай берді. Қашанғы жылата берсін бізді. Кіші атаның балалары үнемі ат үстінде жүргендіктен бе,

кеудесін шалқақ ұстайды. Тік сөйлейді. Қасы тұрмақ досына да бас ие қоймайды. Ұстағанына тұтқыр. Екі сөйлеуге жоқ. Шеттерінен мәрт. Киежарма кеудемсоқтыққа да бар. Тентектеу келеді жігіттері. Есті тентектері басым. Ал қыздары қылықты шетінен. Етек-жеңін көлбіретпей ықшам жүреді. Әйелдері өр келеді. Осы қасиет өнерге де жұққан. Күйлері төкпе, әндері асқақ, биік келеді. Жігерінді жанып, делебеңді қоздырады. Кіші жүз қазақтарының ұлы әкесі Жанарыс жанға сая, досқа пана, арысқа салар азамат болған.

Орта жүз балаларының ұлы әкесі Бекарыс екен. Кішілігінен де кісілігі басым, ішті болғаны ғой. Төршіл шығар. Іші мен сырты үйлесімді, жан дүниесі ақылға молыққан жаны бай, біртуар болғаны ғой. Екі сөйлеуге жоқ, аузы ауырлау шығар. Тәкаппарлығы да бар-ау, сірә. Қыздары кербез, кер келеді екен. Әйелдері өр келеді екен. Бұл — менің сөзім емес, халықтың мінездемесі. Ал өнері ше? Өнері де өздерінің мінезіндей кең келеді. Күйлері сыршыл, әндері зарлы келеді. Теперішті көп көрген. Атыс-шабыссыз өткен бір күні жоқ. Жау алмаса, барымташы алады. Қатаң табиғаттың ойпаң-тойпаңы және бар. Қыста борандатады, жазда дауылдатады. Бұлақтары сылқ-сылқ күліп ағады. Қыздары сұлу, керме иық. Жігіттері сылқым, керіле күледі. Содан да күйлері тереңнен дүмпіп, шер толқытады. Сарыарқаның сұлу табиғатына еліктеп аққуға үн қосады өнерпаздары.

Бұл топшылау үш ата балаларының мінез ерекшелігі жас ұрпаққа үлгі болсын деген тілектен туындаған талпыныс. Ойжоба. Қалай болғанда да қазақтарда даланың мінезі бар. Сырт елдің тарихшылары Алаш жұртын көшпенді, көшпелі деп үстірт топшылаған. Ата-бабаларымыз бар болғаны, далалықтар. Біздер, қазақтар дала мінездіміз. Жанымыз даладай кең. Кең байтақ өлкенің мінезі (климаты) әркелкі. Сол мінез қазақтарға жұққан. Бұл — Алаштың артықшылығы.

Рулық бөлініс

Жүздік құрылым қиын-қыстау замандарда алаш жұртының бірігіп ғұмыр кешуіне қызмет етті. Ал сол жүздік бірлестік аясында рулық қатынас қанат жайды. Жүздік бөлініс, туыстық айырым, ендігі жерде, мәнінен айырыла бастайды. Көмескіленді бара-бара. Бүгін емес, ертең емес, енді бір жүз жылда. Сандаған ғасыр бойында халқымыздың бірлігіне, ұлттық ерекшелігімізге, тәлім-тәрбиеге өзек болған рулық

мектептің де өзіндік дәстүр-тағылымынан үйреніп, үлгі алу — бүгінгі жас буынның жан дүниесін байытуға септеседі. Рулық қатынас — бірінші кезекте, туыстықты, бауырластықты нығайтқан. Содан да «У ішсең — руыңмен» деген мақал сөздік қорымызға енген. Заман қатал еді. Туыстықтан, рулықтан қалсаң, тіке жойылып жер бетінен өшіп кетесің. Әр рудың басиесі, жақсысы мен бақсысы, батыры мен абызы болған. Өскен ата балаларының беделі үстем келген. Жауда да, дауда да шоқтығы биік тұрған. Ұлы жүздің бір бұтағы Дулаттан тарайтын Жаныс ата балаларын: «Жаныс көп пе, қамыс көп пе?» — деп қобырайтады. Келекеге жатпайтын көтерме сөз. Ұрпағы өскен атаны «кіндікті» дейді, «жуан тамыр» деп мойындайды.

Бірлік болмаса, көп болғаннан не пайда? Көп болғанымен бас біріктіріп ұйымдаса алмаған ру-ұлыстарды сыншыл бабаларымыз онша ұната қоймаған. Үлкенді тыңдамай, ұлыққа бағынбай, бірікпей, жеке-дара күн кешсең — береке-бірліктен айырыласың деген аңғарту жатады шайырғал сөздің астында. Тарақты әріден келе жатқан ұлыс. Соған қарамастан өспеген. Өскен-ау, бірақ бастары бірікпей тарап кеткен. Бастары бірікпегені дәлелді. Екі болыс тарақтылар Ақмола уезінде, бір болыс тарақты Сыр бойында, бір болыс тарақты Семей уезінің Абыралы өңірінде ғана орныққан. Өзгелері басқа руларға қосылған. «Тарақтысыз ел жоқ» делінетіні содан. Сөйте тұра тарақты төре жоқта төре, қожа жоқта қожа болады дейді. Орта жүздің ноқта ағасы деп және ерекшелейді. Ақ қашып, қызыл қуған жылдарда тарақты ата балалары тіптен шашырады. Ата-бабаларымыз өзіне тиетін сөзді айтпаған. Бірлігіңді сақтамасаң, тарақтылар тәрізді тарап кетесің деп меңзеген. Өсер жасты содан сақтандырған. Бертінге дейін басқа атаның ақсақалдары: «Тарақты ел емес, ауыл ғой», — деп қалжындар еді. Өзім шыққан ру болса да, тарақтылардың бірлігінің болмағанына мына бір шежірелік деректі келтіруге тура келеді: Қыдыр тарақтыларына жататын Меңілбайдан шыққан Тұяқ шешен: «Тарақты баққан тасбақа баққанмен бірдей», — дейді екен (Тасбақа - басы бірікпейтін жәндік).

Арғынның Қуандығынан өрбитін Алтайдың бір бұтағы Аралбай — Бекшеден Байдалы би шыққан. Байдалы Абылай ханның оң тізесін басқан темір жақ шешен. Байдалы би: «Үш жүздің басын қоссам да, отыз үйлі Бекшенің басын біріктіре алмадым», — деп налыпты. Бұл — жел сөз емес, ұрпаққа сабақ болатын, қауымды ынтымақшыл болуға шақырған аңғартпа.

«У ішсең — руыңмен» деген ұстаным бағдаршы болған замандарда әр ата ұрпақтары өз аясында тырбанып тіршілік ет-

кен. Жақсысынан үйренген, бақсысынан жиренген. Үлгі тұтып, бас иетін өз ұлысының игі жақсылары болған. Рудан міндетті түрде батыр шығады. Жаугершілікте қол бастайды. Би-шешеңдері бітімшілікке ұйтқы. Мырзасы мен сараңы, қуы мен сұмы да көзге түседі. Бұған қоса әр әулеттің өзіндік салты мен дәстүрі қалыптасады. Ру-ұлыстың тұрмыстық күйі, күнкөріс тырбанысы қауымның назарында болады. Неге? Әр атаның жақсы әдетінен үйренеді, жаманынан жиренеді былайғы ағайындар. Бір ата балалары шетінен күйбеңшіл келеді. Ұры-қарысы басым аталар да жақсыатты бола алмайды. Соның бәрі мінезге әсер етеді. Әдептілікке жөн сілтейді, әйтпесе, көргенсіздіктің қоздырғышы болып шығады. Сарандық пен мырзалық та, асыра шашпа дарақылық та өз жөнімен үйлесімді болуға тиісті. Ерсілікке соқтырмасын. Немесе тым өршіп кетпесін. Онда ел аузына ілігіп, әйкәпір атанады.

Қазақтың ұлттық ерекшелігінің бірі - қонақжайлық. Бұл — дала заңы. Одан жалтарғандар көп аузына ілігіп, жаман аты шығады. Билер талқысына түсіп, жазаланады. Ат-шапан айып төлеп құтылады. Осы бір бұлжымайтын үрдістен масылдық әдет өршіген, қыдырмашылар қаптаған. Ондайлар беймезгілде есік қағады. Тынышыңды алады. Қыдырмалар бара-бара сұраншақ әдет шығарады. Сұраншақтан тілемсектік пайда болады. Тілемсектік бүгінде де бар. Атам қазақ орынсыз қол жаятындарды ұнатпаған. Олардан сырт айналып: "Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады, адамнан сұрағанның екі көзі шығады» деп аңғартқан.

Арғын ұлысының Қуандығына жататын Алтайдың кенжесі Кенжекара балаларына мына бір кекесін таңылған: «Кенжекарамен құда болсаң, кеш жарығын кенде болмас». Бұл кемсіту емес, халықтық тыйым. Орынсыз жерде төске ерлеп, төрге тырмысып, үнемі сый-сыбаға дәмету құдаға да жараспайды. Беймезгіл жүрген адам сый қонаққа жатпайды. Төленгіттер біз де төреміз деп беймезгіл есік қағады білемін. Содан ел ішінде: «Ит үреді балалар шығып қара, тәленгіттер болмасын бұғып қара», - делінген сөз шыққан. Әр атаның мінезіндегі ерекшелік сол атаның әдетінен көрініс табады. Данышпан Абай: «Ел бүлігі тобықты, көп пысыққа молықты», — деп, өзі шыққан атаның, тобықтылардың сойылшыл содыр, барымташы, даугер екендігін тап басады.

Қазақта «Ит ұяласынан қорықпайды» деген кең етектеу сөз бар. Рулар арасында аталарын зор тұтып немесе төменсітіп, кекеп-мұқаған қалжың туындап жатады. Сондай қалжыңның астарында да тәрбиелік мән жатады. Аға баласы

Үйсіндер мен Арғынның ойнай барымта қалжыңдарын теріп, екшегенге бір кітапқа жуықтайды. Мәндісі де, мәнсізі де бар. Аға баласының сыншылдығы басым келмей ме. Аға сөзінің парыз-қарызы жоқ. Ұрғаны еттен өтіп, сүйекке жетпейді. Ұрысқаны майдай жағады. Неге десеңіз, олар аға баласы. Үлкеннің сөзін, зекіндісін іні кек тұтпайды. Үлкенге, ағаға тоқтау халықтық тәрбиенің басты сабағы. Аға баласының ортаншы /Орта жүздің Арғынына/ інісін жақтырмағанда айтып қалатын кекетінді сөзі бар - «Тоңмойын Арғын» деген. Арғындар өскен ата. Қордалы, берекелі, жан-жақты ұлыстың менмендігі болмай тұрмайды. Орталық Қазақстанды, Сарыарқа төскейін мекендеген Арғын ұлысы ерте замандардан белгілі ғұндардың /ақ ғұн/ нәсілі делінеді. Қазақ елінің бірлігіне үлес қосқан жауынгер келеді бұл ата ұландары. Кісілікті келеді жігіттері. Кісімшілдігі де бар. Неге тоңмойын атанған? Тоңмойындық тәкаппарлықтан, өз айтқаным болсын дейтін бірбеткейліктен туындайды. Жаппай емес, Арғын ата балаларында кеуде бар. Кеуделі азаматтың өзіндігі болады. Өзіне сенеді. Жеке жортатын көкжалдай тәуекелшіл келеді. Тоңмойындық асқынып кетсе, суық бауырлыққа, мейірімсіздікке ұласып, кісіні адами қасиеттен айырады. Ішін ашпайтын сырты сыз адамды кім жақсы көреді? Жасыратын не бар, Арқа қазақтарында салқын сабырлылықпен қабаттаса сызданған суық сұс атойлайды. Қайырымсыз деуге де келеді. Бұл неден? Арқаның табиғаты қатал: жазы ыстық, қысы аязды. Сөз жоқ, табиғат амалы адамның болмысына - іші мен сыртына әсер етпей қоймайды. Арқа қазақтарына бір мінез табиғаттан жұққан.

Екінші бір ықпал - көршілестік әсері. Ортаның амалы. Ресей отаршылдары Арқа қазақтарына ертеректеу сұғынды. Орыстармен араластық-құраластық оқу-тоқуға жол ашқаныменен, олардың әдет-дағдысының жағымсыз жақтары ауысты. Сол ауысудың салқыны мінезге тиді. Біреуді біреу мұқатқанда «орыс мінезді» деп кекейтіні бар. Тоңмойындық «орыс мінезділікке» жатады. Керісінше, оңтүстіктің қазақтары майда сөзді, шикі қаймақтай жұғымды келеді. Сіз-бізі басым. Жастары үлкенін «көкелеп» тұрады. Шеттерінен діндар. Арқа өңірінің жастары аға, көкені «ақсақал» деген қатқылдау екіұшты сөзге ауыстырып алған. «Ақсақал» дегені боқсақал дегендей қатқыл естіледі. Әкесін «папа», шешесін «мама» дейді. Әкей, шешей, аға, көке, әже, тәте, апатайды аузына алғысы жоқ (Дегенмен, әрине, бәрі бірдей емес). Орыс мінезділіктің салқыны демеске амалымыз жоқ.

Рулық қатынас өзінше бір үлкен оқу орны есепті. Бұл

мектептің сабағын алғандар қазақи мінезден алыстай қоймайды. Әр рудың өзіндік жан сақтау машығы болған ғой. «Керейден ұл туса, ағашқа күн туады», «Қыпшақ қырланса, жау түсіреді», «Арғын айғайласа, қоңсы үйін жыға бастайды», «Танысаң — Адайыңмын, танымасаң - құдайыңмын», «Наймандар жер таныңыш, үйсіндер ел таныңыш», «Кіші жүзді ат үстінде көр»...

Осы танымдық пайымдаудың астарында мінез өзгешеліктері байқалады. Қазақтық қасиет көрініс береді.

Рулық ортаны /мектепті/ ендігі жерде /XXI ғасырда/ шоғырлы мекендер - ауыл, аудан, қала алмастырады. Рулық мектеп өз сабағын тоқтатады. Әйтсе де, халықтық педагогиканың танымдық үрдісі өз жалғасын таба бермекші.

Сырт көздің сұғы

Сырт елдердің Алаш жұртына тағатын мінінің бірі — кіділігіміз. Онымен қоса шамшыл келетініміз. Тез тұтанатын жам отындай лап етпе әдетімізді де жақтырмайды. Айныңыш, ұстараның жүзіндей лыпып тұрады деп те мінейді. Неге айныңышпыз? Бұл — мінезіміздегі сезімталдық. Аңқау еместігіміздің дәлелі. Сырт елдердің сырын білмейтін жылмаңдарың бір көргеннен-ақ пиғылының арам екенін біле қоятынымыз, танып қалатынымыз айныңыштыққа жатқаны ма? Сірә, кісі танығыштықтан шығар. Оған дау бар ма. Кісі танығыштық қасиетіміз сырт елдің кеудемсоқтарына ұнамайды. Оларға салса, аңқау да аңғал болғанымыз бек жарасымды. Аңқаулық бабаларымызды талай-талай сансыратқан. Жер соқтырған. Қысқасы, ауыз күйген аңғалдықтан. Содан да шамшылмыз. Кісінің ішін сырт бітімінен-ақ байқап қаламыз. Опасыздыққа жанымыз өш. Құлқы арамдарды, ниеті бұзық, пиғылы жамандарды жек көру былай тұрыпты, сырт беріп кететініміз әлі де бар. Қазақта мәймөңкелеу, күлбілтелеу деген жоққа тән. Кісінің (сырт дұшпандардың иттігін) мінін көзіне айтатын тік мінезділік, кей жағдайда, ұтылысқа соқтырады. Дұшпанды көбейтеді. Мүләйімсу, жәдігөйлік ғадет, сыртыңды сындырып, ішіңді ашпау сияқты арамдық халқымыздың мінезінде кездесе қоймайды. Тіпті, жоқ десе де болады. Мұндай жәрукелік /жәдігөйлік/ сырт дұшпандардың амалы. Сол амалға бабаларымыз мінезбен жауап берген. Дұшпандығын бетің бар, жүзің бар демей көзіне айтқан. Әйтпесе, жалт беріп, жүз бұрған. Осы бір ұстарадай қылпыған мінезімізді ел мен жерімізге көз алартқандар қош көрмей «қазақтар айнымалы» деп мінеген.

Жаңа экономикалық қатынас, нарықтық жүйе, сөз жоқ, мінезге ықпал етпей қоймайды. Сырт елдің алпауыттары қазақтарға тән көңілжықпастық, кеңпейілдік, қонақжайлық ғұрыптарды бетке ұстап, мақтай келеді. Бабаларымыз көзге мақтағанды көлгірлік деп білген. Жек көрген ондайларды. Жарамсақтану деп көлгірсігеннің бетін қайырып тастаған.

Қазақ айнымалы емес, кешірімді. Кешірімділік кеңдікке жатады. Күні бүгін сол мінез ілесіп жүр ұрпақтарына. Бүгінше айтқанда, дипломатпыз. «Таспен ұрғанды аспен ұр» дегені соған дәлел. Еріксіз мойындайсың. Табиғат байлығы мол, жері кең қазақтарды озбырлар жаулады, отарлады. Езгіге салды, қанады. Ресей отаршылдары, орыс жұртының озбырлары қазақты надан ел деп кемсітті. Кешегі күнге дейін естіп келдік сол кемсітуді. Орыстың көкірегіне, кеудемсоғына жақпай қалсақ, «баран» /қой/ деп шыға келетін. Астарында дұшпандық жатыр: «Қазақтар мал бақҚаннан басқа түкті де білмеген», - дегенді меңзегені. Адамдар, мүтін қауым, біле білгенге, табиғаттың төлі. Біздер, қазақтар табиғаттың құрсағынан шыққан перзентіміз. Табиғаттан кіндігімізді әлі күнге үзбей келеміз. Сөйткен даладай кең, табиғаттың өзіндей кіршіксіз таза /пәк/, арам асты аузына апармаған, тұнықтан жүзіп ішкен тұлпардай текті нәсілді /қазақтарды/ үш жүз жылдай отарлап, езіп келген Ресей империясы мен Кеңестік құрылыстың шовинистері /орыстық менмендік/ дұшпандығын ішіне бүгіп, арқадан қағу саясатын ұстанды. Неге өйтті? Асаудай қияңқы, тағыдай тарпаң, өжет елді /қазақтарды/ жер бетінен жойып жіберу мүмкін емес еді. Мінезінен айыра алмасын білді де, тілін күрмеуге /ана тілінен алыстатуға/, ділін /жүрегін/ әлсіретуге тырысты. Тентек қазақтарды, Алаштың ардақтыларын атқан, асқан. Жер аударған. Соның салдарынан қазақтар қояннның құмалағындай жер бетіне шашырап кеткен. Қырған, жойған, аштыққа ұшыратып, тентіретіп жіберген. Асыл текті абыздарымыз — Алаштың ардақтыларының сүйегі шашылып, әр сайда қалды.

Шүкір, Тәуелсіз мемлекет болып ірге бекіттік. Көршілестермен сауда-саттық жасасып, аралас-құраластыққа жол ашылған еркін даму кезеңінде, дамыған елдің саясаткерлері «Қазақ жағымпаз, аңқаушалыс» дегенді шығарды. «Жарамсақ» дегенді және бадырайтады. Достық па, дұшпандық па, біліп болмайды. Сондайда еріксіз ойға қаласың: «Осы біз тым жайдақсып, жадағай болып кеткен жоқпыз ба?!»

Бұл мінімізді кейбір білімпаздар « Әлі қатарға қосыла қойған жоқпыз, жас мемлекетпіз» деп жуып-шаяды. «Жас мемлекет» дегенді қою керек, ауызға ала бермеу керек. Біздер, қазақ-

тар әлмисақтан іргелі ел болып келеміз. Бұдан былай күшейеміз, елу елдің қатарына қосылуға бет бұрамыз.

Сонымен, сырт көздің сыншылары /саясаткерлері/ мінезіміздегі босаңдығымызды неге сөз қылады?! Жалтақ екеніміз өтірік пе? Үнемі басқалардың илеуінде жүргеніміз санамызда із қалдырған. Ол нендей із? Бағыныштылық, жайдақтық. Құлдық ұрып, қол қусыру да сол іздің салдары. Жеке адам жарамсақсып, өзінен зорға жағынса: «Е, ол бір жандайшап, жорғалақ», — деп қол сермей саласың. Сол жағымпаздық халық санасына кеп ұяласа, ұлттық сырқатқа айналып кеткені ғой. Дүниеде кісіні құнсыз қылып беделден айыратын ғадет - жалған қолпаш. Мүләйімсу, құлдық ұру, өзінен дәрежесі зорларға өле табыну, алды-артын орағыштап, жалықпай жағыну — қазақта бар мінез бе? Бұл мінезге жатпайды, бар болғаны ерсі әдет. Ерсіліктен кейінгі жас буын аулақ жүрсін. Шын сыйластық — салқын сабыр, ішкі түсіністікпен бекиді. Үнемі сыртын құбылтып, жалықпайтын жағымпаздыққа берілгендерді қазақ атамыз «құбыл» деп жазғырады. Құдай сондайдан сақтасын.

Басқа жұрттар бізді неге болсын бейімделгіш, әсіреқызылға қызыққыш, еліктегіш деп есептейді. Мұнысы мінеуден де мақтауға жақын. Бейімделгіштік — ұлттың алғырлығы, санасының саңлақтығы. Әсіреқызылға ауып түсетінін жоққа шығаруға болмайды. Өзінде жоққа қызығушылық әр ұлтта бар. Оны балаңдыққа жатқызуға әсте болмайды. Ал еліктегіш келеді дегені — білмекке құмарлық. Алайда, еліктеуге көп беріліп кету — өзіндегі бардың қасиетін қашырады. Ұлттық құндылықтардың әрін кетіріп, бояуын оңдырады. Еліктеу солықтауға ұласып, көзсіздікке апарып соқтыруы кәдік. XXI ғасырдың кірісінде Батыстан, Еуропадан, жалпы, дамыған елдерден келіп жеткен секс революциясы делінетін жыныстық жанығыстың қоздырғыш күші қазақ жастарын есірік қылып, ардан бездіріп, тәнін де, жанын да жалаңаштап, ұлттық бейнеден айырудың аз-ақ алдында. Қыздар мен келіншектердің жаппай шылым шегуі, тәнін жалаңаштап жүруі, бейпіл сөйлеуі, үлкенге деген ізеттің, әке мен шешеге деген құрметтің қожырап, мәнсізденуі, дінге, туған тіліне салқынсып, басқа діндерге ойысуы, ана тілін құрметтеп, көздің қарашығындай сақтауға деген ықыластың бәсеңсуін еліктеудің салдары десек, қателеспейміз. Көзсіз еліктеу деп осыны айтады. Әсіреқызылға әуестік және оңдырмайды өсер жасты.

Сырт елдерден ауысқан технология, компьютер, электронды құралдар күнкөрісті жеңілдететін жетістік. Оны игеріп, тұрмыс қажетіне жарату — өмір талабы. Енді соған /бүтін

ақылды құралдарға/ өле беріліп, басқа жастанып жату деген — өзіңнің адами қасиетіңді, қабілет-қарымыңды ұштаудың орнына, жоятынын да бірауық қаперде ұстау керек. Нағыз саналы жан өзін ақылды темірден жоғары қояды. Оның /компьютердің/ ығында қалғанды ар көреді. Еліктеуді халқымыз «Ақыл — ауыс, ырыс - жұғыс» деп меңзейді. Көзсіз еліктеуге «Әсіреқызыл тез оңар» деп тойтарыс береді.

Сырт елдердің бізге тағатын мінін, көреалмастықпен қара буралаған дұшпандық пиғылын көңілге алып, мұқалу деген ата-бабамызда жоқ әдет. Қайта ширығып, өзіндегі барды өзгеге көрсетуге күш салады. Дұшпанның күңкіліне «Ит үреді, керуен көшеді» деп уытты жауап қатады.

Өзгелерге көзқарасымыз

Жат жұрттардың бізге /қазаққа/ берген бағасын аздап екшедік. Енді өзгелерге көзқарасымызды байқатайық. «Шүршіт» деп хансуларды /қытайларды/ атаса керек. «Қара қытай» деп те айтады. «Қара кытай қаптаса, қабығың да қалмас» деп ескертеді. Көптігін айтқаны. Қытайларды құмырсқадан да көп деп отыратын үлкендер. Мінезіне баға бергенде «шүршіт» дейді. Мінезі қатал, түрі қатқыл кісіні «Ол өзі бір шүршіт кейіпті» деп жатады қариялар. Шежірелік деректерде де бар осы атау.

Қаракесек ішіндегі Бошанның Машайынан тарайтын Кәрсеннің Аралбайынан төртеу туған. Жабағы, Жандыр, Көшекбай, Шүршіт деп келеді. Шүршіттің шын есімі Қонақбай екен. Жеңгелері бір мойындау ұрт мінезіне бола «Шүршіт» деп атап кеткен.

Ендi бір мысал. Екі жүз жылдан аса Алаш жұртымен бірде селбесіп, бірде ерегесіп, жауласып келген қалмақтар қырыс қабақ қиқар келеді екен. Қанішер шеттерінен. Бұқар жыраудың «Отының болсын жантақтан, қатының болсын қалмақтан. Тоғыз торап түгел сай, төрінде жатып салмақтан...» деуінде заман шындығы тап басылған. Қалыңсыз әйел алуды кім жек көрген. Ол кезеңде жат жұрттан қыз алу өнерге саналған. Қазақтың хан, сұлтандары мен батырларының шешелері қалмақ қыздары болып келеді. Ал осы тілі де, діні де бөлек қалмақтардың мінез-құлқы, әдеті мен салты, дәстүрі бізге сіңді ме? Көрші елдерден ауысқан ғұрпты жоққа шығаруға әсте болмайды. Мәселен, күні бүгін «қалмақ ер» деп айтылады. Қалмақтардың ер-тұрманы ат арқасына жайлы екен. Қазақы

ер, қалмақы ер, қырғыз ері деп бөлекшелейді атам қазақ. Атты қалмақша қаңтарудың әдісін үлкендерден үйрендік. Екі атты бір-біріне айқастырып қаңтарады.

Қалмақтардың қазақтарға қаны араласқанымен, жаны үйлеспеген. Шешелеріміз күні кешеге дейін әпербақан, ұрдажықтарды «қолаң қалмақ» дейтін. Тұрпайы, қолапайсыз дегені. Кейбір қабағы қырыс, сөзі бұрыстарды «қалмақ бет» деп те кекейтініміз бар. Бұған қарап ата-бабаларымыз көрші елдерді ұнатпаған, жек көрген деген ұғым тумаса керек. «Қытайлардың жібегі» дегенді жыр-дастандардан кезіктіреміз. Жібек матасы бар елдің өнерлі екенін мойындаған ғой. Түрік тектес өзбек бауырлардың саудаға икемділігі, үнемшілдігі жас ұрпаққа үлгі ретінде дәріптеледі. Неге десеңіз, біздер, қазақтар асыра шашпа жомарттыққа, ысырапқа үйірміз. Бұл — қасиетіміз әрі кемшілігіміз. Ел аузында жүреді. Кітапқа да енген. Қазақ өзбек бауырының үйіне барады. Алдыға ас келеді. Жемістің неше түрі самсап тұр дастарқанда. Қазекең жүзімді уыстап ауызға жөнелте бастайды.

- А, әка, мұны бізде үзім дейді, бір-бірден үзіп жейді, - дейді ғой үй иесі. Сонда қазақ тұрып: «Бізде мұны жүзім дейді, бір жегенде жүзін жейді, — деп көмейлете асаған ғой.

Көп айтататын бір мәтел бар: «Түрікмен төрін бермес», — деген. Көршілес ұлт, қандас бауырымыз түрікмендер үйге қонақ келгенде, бала-шағасымен бірге отырады екен сый қонақты ортаға алып. Бұл — олардың ұлттық дәстүрі. Қонақты айрықша қадірлеп, сыйлаудың үлгісі болып табылады. Бізше, ерсілікке жатады. Ауқатты адамдар қонақты жеке үйге түсірген. Оны «қонақ үй» деп атаған. Қазақ халқы қонақ үйді тұрмысқа алғаш енгізуші елдердің қатарында. Күні кешеге дейін түрмесі болмаған қазақ қонаққа арнап жеке үй тіктірген ғой.

Іргелес орыс жұртымен де сандаған ғасыр бодандықта болдық. Жақсы ғұрпынан үйрендік, жаман әдетінен жирендік. Әдебиеті мен өнері, ілім-білімі ауысты қазақ халқына. Сонымен қабаттаса ерсі дәстүрлері, мінез-құлқындағы одағайлығы, суық бауырлығы, қатыгездігі шіміркендірді ет жүректі. Қазақ елі орыстардың үстемдігіне /отарлап билеп-төстеуінде/ шарасыз бойұсына отырып, олардың мінезіндегі солақайлығын ұрпағына ескертіп, сақтандыра білген. Рухы мықты қазақтар Ресей отаршыларына бірден илігіп, көндікпеген. Талай-талай майдан өткен керт бастан. Бүтін бір ауылды қырып кете берген ғой баскесерлер. Ондағысы — рухы асқақ, намысшыл, тағыдай тарпаң, асаудай шәлкес халықтың жүрегінің отын алып, әбден жасытып алудың амалы еді. Күні кешеге дейін сараң,

бірмойын, өз айтқаны болмаса басқаға иіліге қоймайтын, ағайын-туысқа суық бауыр адамды «орыс» деп шенейтін еді.

«Ат орнына тай төлеу» деп жұбатқан ғой қазақ бірін-бірі. Тұңғышы шетінеп кетіп, екінші баласы туғанда «Төлеу» деп атаған. Үлкендер сәбиі шетінегенде «Төлеуі тез болсын» деп көңіл айтады. Қазақта Төлеу есімділердің көп болатыны сол себептен. Біздің өңірде /Жаңаарқа, Ақадыр атырабында/ Төлеу есімділерді бір-бірінен бөле-жара «жорға Төлеу, қара Төлеу, шу жеген Төлеу, орыс Төлеу» деп атайды. Жорға Төлеу сөзуар әр нәрсеге епті болатын. Екінші бір Төлеу құлындаған биенің шуын итіме беремін деп таласқан кісәпірлігіне бола жанама атауға ие болған. Ал орыс Төлеу қолындағысын ешкімге бере қоймайтын тік мінезді еді.

Енді бір мысалға жүгінейік. «Орыс ойына келгенін істейді» дегенді әке-шешемізден естідік. Аса мән бере қоймайтынбыз сөз астарына. Кейінде айтылмайтын болды. Орыстың ойына келгенін істейтіні қалай деген сұрақ бала болсақ та көкейімізден кетпейтін. Табиғат ананың төлбасы перзенгі далалықтар /қазақ елі/ баладай пәктігінен айнымай келген ғой күні кешеге дейін. Арақ-шараптың не екенін білмеген. «Орыс ойына келгенін істейді» дегенді самогоншы мұжықтың ішіп алғандағы есірік халіне қарата айтқан болса керек. Сөйте тұра әке-шешеміз «Орыс түсіңе енсе, ісің оңалады» деп жақсылыққа жоритын. Бұл - орыстардың еңбекқорлығын мойындағаны. «Орыс әділ ғой» дер еді үлкендер. Оның да себебі бар. Дала заңы басқаша еді. Билер мен қазылар ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешіп, даугерлерді бітістіре салатын. Кейінде орыс тәртібі ене бастады. Заң-законды енгізді. Ресей отаршыларының «законы» далалық дәстүр-салтты жойды. Даукестікті өршітті. Арыз-шағымға үйретті қазақтарды. Сүттей ұйыған ынтымақшыл жұртты бір-біріне айдап салды. Үлкенге тоқтау, әділдікті ата-баба дәстүрінен үйрену деген жайына қалды. Шағымданып, ұлыққа жүгіну өршіді. Орыстың әділдігін жоққа шығаруға да болмас. Бірсөзді, мәрт келетіні рас олардың. Жалтарай-бұлтарайға көп бара бермейді. Орыс халқының рухани демесінін жоққа шығарсақ, әділетсіздік болар. Орыс мәдениеті мен әдебиеті, өнері, сөз жоқ, ұлтымызға жұғысты болды. Сөйте тұра ұлттық мінезімізге нұқсан келтіргенін де мойындаған жөн. Орыстардың психологиясын мүтіндей санамызға қотарып алмасақ та, орыстанып кеткеніміз мінезіміздің байқалып тұрады. Қазақы мінезден қол үзе бастағанымызды мойындамасқа болмайды. Бүгінгі /XXI ғ./ жастарда қазақтық мінез бар деуге ауыз бармайды. Оларды амалсыздан «қара орыс»

дейсің. Неге? Ана тілін ұмытып, орыс тілінде сөйлесе, мінезінде орыстық белгілер атойлап тұрса, ұлттық дәстүрден қол үзіп, әдет-дағдысы орыс халқының ұлттық ерекшелігіне бейімделіп, кірігіп кетсе, «қара орыс» болмағанда несі қалды?

Орыстанудың мінезімізге келтірген залалын екшегенде, басты-бастылары мыналар: Ана тіліміздің құнарынан айырылуы. Сөз саптаудың дөрекілікке ұласуы.. Тік мінезділік. Өз айтқанынан қайтпау. Арам асқа үйірлік. Шарап ішуді дәстүрге балау. Өсіп-өнуімізге кері әсері. Бала табуды шектеу. Некедегі тұрақсыздық. Ұябұзарлық. Итті ұстаудағы гигиенаның сақталмауы. Итті төрге шығару. Тарихты бұрмалау. Дәстүр-салтты тұншықтыру. Дінді /Исламды/ әлсіретіп, христиандықты санаға сіңіру.

Санап тауыса алмайсың отарлаудың кері әсерін. Коммунистік идеологияның салқыны десек те, шовинистік саясат /орыстық саясат/ қазақ ұлтын орыстандыруды, мінезінен айыруды асқан ептілікпен шебер өрістетті. «Түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деген тезисті бетке ұстап, дәстүрдің тозығын серпіп тастап, озық дәстүрге икемдеді мүтін қазақ ұлтын. «Советтік өмір салты» делінді дәстүр жиынтығы. Киім кию, жүріс-тұрыс, сөз саптау, сәлемдесу, түрлі рәсімдер тек қана орыстық тәртіппен жүзеге асты. Толып жатқан ұлттық кәдежоралғы коммунистік өмір салтының тасасында қалды.

Қысқасы, қазақтардың психологиясы бүлінген. Мінезі ұлттық ерекшелігінен айырылып қалуға жақындаған. Өзгеріп те кеткен. Қалалық қазақтар соларға жатады. Жаппай емес, әрине.

Заманның мінезге ықпалы

Кеше мен бүгін — арғы замандардың жалғасы. Ұлттық дәстүрге негізделген тәрбие-тәлім сабақтастығы үзіле қойған жоқ. Алғы күндерге елеңдеп, келешегімізден үміттенеміз. Кешегіден қалған ұлттық үрдісті қаузап сабақ жүргізгенде жас ұрпақты миландырып тастадық деуден аулақпыз. Бүгініміз де еңселі. Ертеңіміз тіптен биіктейді. Дербес елміз. Тізгін қолда. Темірді қызған кезінде соғып қалуымыз керек. Жастарды ұлттық дәстүрде шыңдаудың сәті енді туды.

Қазақ ұлты орыс елімен қолтықтасты. Қойындаса қойған жоқ. Ол неден? Ұлттық рухымыздың мықтылығынан. Бүгінгі таңда казармалық социализмнің шектеулі аясынан еркіндікке шығып, мемлекеттігімізді нығайтып, іргемізді бекітіп жатырмыз. Шет жұрттармен алыс-беріс күшейді. Елдестік /дипломатиялық/ қатынас орнады. Жүздеген елмен сауда-сатгық жасасамыз. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы «ашық есік» саясатын жүргізіп отыр. Қазақ бабамыз ежелден-ақ барыс-келісті оң көрген. «Бармасаң, көрмесең жат болып кетесің» деп араласқұраластықты ұрпағына аманаттаған. Бүгінгі заман талабы әр азаматтан сергектікті талап етеді. Есігіміз ашық. Ашық тұрған есікке әркім-ақ бас сұғады. Есікті құлыптау әдетімізде жоқ. Кең қолтық қонақуар бабаларымыз төрін бұлдамаған. Қазақ үшін төр қастерлі орын. Досы тұрмақ дұшпанына да бұлдамаған төрін. Қазақ елінің бүгінгі қастерлі төрі — Ақорда. Президент резиденциясы. Ақорданың төрін Елбасымыз ашық қойған. Келгендердің бәрі бірдей елдесем деп келмейді. Қазақстанды сынап-мінеп кетуге бар. Бас пайдасына бола жалған жымиятын бұзық ойлылар қаншама. Сондайда ата-бабамыздан қалған өсиетті қаперде ұстасақ, ұтылмаймыз. «Қонақ аз отырады, көп сынайды», «Аяғы жаман төрді былғайды, аузы жаман елді былғайды», «Жолаушыны бөгеме, жолынан қалдырасың, қонақты көп кідіртпе, сырыңды алдырасың», «Қонақ — өз үйіңді ойлай отыр», «Таспен ұрғанды аспен ұр», «Иесі жуас үйдің иті осырақ», «Қонақ қойдан жуас, май берсең де жей береді», «Жақсыда жаттық жоқ», «Күлтөбенің басында күнде жиын»...

Міне, осы ұлағатты сөздердің астарында терең мән жатыр. Қазақ атамыз кәнігі дипломат болған. «Елдесгірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» деген тұжырым соған дәлел. Обалы нешік, Елбасымызда қазақтық мінез әр сөзінен, жүріс-тұрысынан, қимылынан, қабағынан, жымиысынан, сөз саптасынан байқалып, көзге ұрады. Жігер де бар, уыт та бар, қайсарлық пен табандылық та бар. Биліктегі басқа азаматтардың /министрлер, әкімдер, депутаттар мен елшілердің, кәсіпкерлер мен өндіріс басшыларының, заңды қадағалаушылардың, түрлі мамандық иелерінің, дәрігерлер мен мұғалімдердің/ өмірдің әр саласында халыққа қызмет көрсетіп, ат үстінде жүргендердің заман талабына орайласа ыңғай беріп, бейімделуде кәнігі қазақтық мінезден көз жазбай, ұлттық қасиетімізді бойтұмар қып жүретін, елім дейтін есті азаматтар қатары көбеймесе, азайған жоқ. Десек те, сырт елдердің зымияндығы іш жидырады. Қазаққа мінез енді керек. Қазақтың бағы далада еді. Мінезінің ерекшелігі, қайсарлығы, өршілдігі, кең пейілдігі, асыра шашпа жомарттығы, етек-жеңін кең ұстайтындығы даладан ауысқан. Содан да біздер, қазақтар дала мінездіміз. Ата-бабаларымыз дала заңына бағынған. Социализм, керек болса, қазақтардан шыққан. Моралдік кодексі: «Өле жегенше, бөле

же». Қазақ халқының өзгеше ұлттық қасиеті далалық социализмнің аясында қалыптасты. Ортақтасып өмір сүруді басты назарда ұстады. Жыршы-жыраулар ортақтаса өмір сүруді насихаттады:

...Бәрімізге ай ортақ,
Қайырлы болса бай ортақ.
Жақсы болса би ортақ,
Көп жасаған көне ортақ.
Жаман адам не керек,
Жақсының елге бәрі ортақ.
Ел жабылып ішуге,
Айдын- шалқар көл ортақ.
Ай батқан соң, күн ортақ.
Күн батқан соң, түн ортақ,
Алдыңғы өскен ағаға,
Жақсы болса іні ортақ,
Жаман болса кім ортақ?

(Шернияз Жарылғасұлы)

Далалық социализмнің негізінде орыстық социализм орнай қалды. Ғылыми негізін салған Маркс пен Энгельс және Ленин болатын. Бұл социализм халыққа күштеп таңылды. Қанмен орнап еді, коммунистік құрылыс өз-өзінен ыдырады. Барсын, өкінетін түк те жоқ. Қазаққа үйлесетін тұстары бар еді. Орыстық социализмге айналып кетті де, қазақтарды «қара орыс» жасауға аз-ақ қалды. Мінезімізді өзгерте алмады. Өз басым бұған куәлік бере аламын. Мінезімізді өзгертіп жіберсе, қазақ болудан қалар едік.

Ол да бір өткен заман. Қанша бүркемелеп, мінезімізді бұза қойған жоқ десек те, кінәраты қалды санада. Ол жөнінде осы еңбектің әр тұсында айтылды. Айтайын дегеніміз, заманның ықпалы, мінезге келтіретін залалы ғой. Өткен заманалардың жаңғырығына құлақ тосқанда, тозғындыққа ұшырағанымен, азғындыққа қасарысып, беріспепті Қазақ елі. Ұлттық рухымыздың күштілігінен деп білуіміз керек. Беріспей қайрат көрсеткен. Азғындау - жаман әрекет. Жеке адам азса, оған аса жұқара қоймайсың. Бүкіл қауым азса ше? Ол енді індет бірден бірге таралған. Кеңестер одағы коммунистік құрылыс азып тозғандықтан ыдыраған жоқ. Бейқамдықтан тартты сазайын. Өтірік айта алмаймыз, біз азғындаған қоғамнан озғын қоғамға аунай салған жоқпыз. Олай десек, Аллаға күпір болғанымыз. Содан да бүгінгі саясаткерлер /буржуазиялық

үстемдік, авторитарлық өктем қоғам/ кешегі Кеңестер одағының аясында өмір сүрген адамдарды «төменгі деңгейдегілер» деп мін тағады. Халық - сыншы. «Тұсында әр заманның бір сұрқылтай» демей ме. Әр ханның тұсында бір сұрқылтай делінеді бір рәуатта. Оқырманға түсінікті болу үшін сұрқылтайдың қандай құс екенін түсіндіре кетейік. Торғайдың үлкендігіндей ғана. Беймаза келеді. Сұрқылтай көзге елеусіздеу көрінеді. Ерекшелігі, алдамшы қимылға жеткізбейді. «Бүгінгі қазақтардың» данасы да бар, шаласы да бар. Бәрін күстәналау әділетсіздікке жатады. Олардың біразы барлыққа мастанған текетойлы. Мінезсіздер деуге келеді. «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас» - осылар. Екінші бір топ /ұсақ байшыкештер/ өздерімен өздері болады. Қара халықты ұмытып кетеді. Олардан іргесін аулақ салады. Мұндайлардан нендей мінез күтесің? Тіл мен дінге пысқырып та қарамайды. Үшінші бір топ бизнесте ірі қимылдарға барады. Арамнан байығандар. Сол әдетін жалғастыра бермекші. Бұлардың дұшпанына көрсететін айбаты - оқтаулы мылтық. Көздегені бір-ақ мақсат — байығанның үстіне байи түсу. Төртінші бір топ билікке қызмет еткенсіп, өз қалтасын қалыңдатуды ойлайды. Орынтаққа жайғасқандардың да жетісіп жүргендері шамалы. Көбісі жалтақ, көлеңкесінен қорқады. Бүгін бар, ертең жоқ екенін біледі. Есебін тауып қойны-қонышына тыққыштауды әсте ұмытпайды. Сонда бұлардан нендей мінез күтуге болады? Шетінен сұрқылтай. Қырандар қайда? Сұңқарлар ше?

Шүкір, заң бар. Сол заңды орындатушылар да жеткілікті. Бәрін бірдей күстаналау әділетсіздік. Шама-шарқынша қызмет етеді. Әділ болғысы келеді. Қызметті таза атқарғаны үшін жақсыатты бола алмайды. Неге? Қоғамды коррупция, жең ұшынан жалғасқан парақорлық жайлаған. Адамның күні — адаммен. Біреуге біреудің ісі түспей тұрмайды. Жең ұшынан жалғаспасаң, ісің бітпейді. Ісің түскен адам ұзын арқан, кең тұсауға салып діңкеңді құртады. Әлімсақтан солай. Пара беруге жатпайды. «Сыйға — сый, сыраға — бал». Жең ұшынан жалғасу жаппай етек алып, әдет-дағдыға айналып, асқынып, қабындап кетсе не болғаны? Көмейі кең парақорлар халық қамын ойлайды дегенге кім сенеді? Коррупция /кең аукымды пара/ ел шеңберінен шығып, сырт жұрттардың пайда іздегендерімен, ауыз жаласуына апарып соқтырса, онда ен байлық /жер асты байлығы, жер үсті байлығы/ талапайға түскені ғой.

Рас, бәрі заңмен зеттеледі. Заң босаң болса ше? Ұлттық мақсатқа қызмет етпей, басқалардың мүддесіне қызмет етіп

кетсе, ондай заң босаң болғаны ғой. Біздегі заң, көбінесе, өлі сүйек болбыр адамның кейпінде. Көңілжықпас көлгір заңдардан не пайда? Айтайын дегеніміз, заңда да мінез болуға тиісті. Біздегі қолданысқа енетін зандардың дені жұмсақ. Заңымыз да жұмсақ, адамымыз да жұмсақсып кетсе, онда сырт дұшпан басқа шығып алмай ма? Жалтақсу, көңілге қарау, өсер жасты есіртіп жіберуі кәдік. Бүгінде қоғамды немқұрайлық, қауқарсыздық жайлап барады. Жеке бастың мүддесіне /жеке меншікті қорғауға/ қызмет ету, барлықты, байлықты қорғаштау тым асқынып, қара тобыр тасада қалып кетуі кәдік. Қазақ елі ешуақытта ара-дара күй кешпеген, бірлікті қалаған.

Төменгі топтағылар не күйде? Ауыл қазағы, қала қазағы, қара қазақтар қайда жүр? Шүкір, ел аман, жұрт тыныш. Өз күнін өзі көрер-ау. Заманға ыңғайласуда, жаңа экономикалық саясатқа бейімделуде озғындыққа қол жеткізіп жатса, не дауыңыз бар?

Нансыз емес. Дүкенде не керектің бәрі бар. Теледидар көреді. Нарық қарық қылды. Оған не дау айтарсыз? Мінезі ше, жан дүниесі тазарып болды ма? Діндар шығар шетінен. Дәстүр-салтынан айнымай, ұлттық мүддеге қызмет ете білсе, арман не. Өмірде, бірақ, олай болмай жатады. Ұлттық идеология әлсіз дегенді айтады ұлтжанды азаматтар. Осы жазбамызда біз де сол сарынды қоздаттық. Жаһандану дегенді қоздырдық. Соған қарсы тұрайық деп те білгішсідік. «Қара орыс» бола жаздап, әупіріммен аман қалдық деп те көсемсідік. Кеңес өкіметінің құрдымға батып, енді қайтып келместей болып қарасы батқанына Аллаға мың да бір шүкір деп тәубаға келдік. Әсіре сөз емес, шындығы сол. Еркін де Тәуелсіз, дербес мемлекетпіз. Оған кім дау айтады. Ендігі қауіп қай жақтан? Елбасы айтуындай айтып жатыр. Іргедегі көршілерімізді нағыз дос-жар деп айта алмаймыз. Сонау мұхиттың ар жағындағы Америка, одан берідегі дамыған елдер делінетін Еуропа мемлекеттерінің құлқы адал ма? Еріксіз мысал келтіруге тура келеді.

«...Соғыс бітті, тіршілік сабасына түсті. Жер бетінде тыныштық орнады. Осындай шақта біз өзіміздегінің бәрін: алтын-күміс, асыл заттарымызды, басқа да байлығымызды, күш-қуатымызды басқаларды миғұла, мәңгүрт етуге жұмсауға тиіспіз. Адамның миы, санасы өзгеруге бейім. Дүниені алақұйын етіп, басқалардың асылын жасанды жасыққа айналдыруға және солардың жасанды жасығын озғын дүние деп қабылдауға мәжбүр етуіміз керек. Қалайша? Біз Кеңес одағынан /бүгінгі Қазақстаннан/ пікірлестерімізді, одақтастарымызды іздеп табуымыз керек. Ондағы бас июді білмейтін ұлттардың өзіндік наным-сенімінен айырылуына, жаппай етек алуына жол ашқаңда, нәтижесі көп кешікпей белгілі болады.

Әдебиеті мен өнерін, адами мақсат-мүддесін өшіріп, салт-дәстүрін мазақ қылып көрсетіп, суреткерлерінің қалың көпшілігінің көкейкесті ой-ниеттерін зерттеуден, айшықтап көрсетуден айырамыз. Әдебиеті, театры, киносы, бәрі де анайы, арзан сезімдерді малданатын, мадақтайтын болады. Жезөкшелікті, зорлық-зомбылықты, айуандықты, сатқындықты, яғни ұлтсыздық атаулыны дәріптейтін суреткерсымақтарды қолдаймыз. Ұлттық мүддесін қорғайтын шенеуніктері, дөрекі, пәтуасыз, күлкі-келекеге жем етіліп, ескінің сарқыншағы делінеді. Екіжүзділік, бетсіздік, суайттық пен сатқындық, бірін-бірі көре алмаушылық, маскүнемдік пен нашақорлық, бірінен бірі хайуандық қорқу, өзара қырқысу, сатқындық, білімділерін күндеу мен дұшпандық — осының бәрі оларды ыстан бетер қақтайды, күйелейді. Төңірегінде не болып жатқанын аңғара алатындар, түсінетіндер азаяды, ал есі барларын дәрменсіздікке ұшыратып, қолжаулық етіп, өлтіре мазақтап, қоғамның сілімтіктеріне айналдырып, масқаралайды. Рухани бейшара, байғұс етіп, адамгершілікті мүлде ұмыттырамыз. Ұлтын ойлайтындарды әсіреұлтшыл деп, салт-дәстүрін дәріптейтіндерді ескішіл, білімсіз деп өздері мазақ ететін болады. Бала кезінен, жасөспірім шақтарынан шырғаланға душар етіп, әбден азғындатамыз, қыздарын ардан жұрдай етеміз. Сөйтіп, олардан түйсіксіз, Отансыз тобыр жасаймыз...»

Бұл үзінді Аллен Даллестің кітабынан алынды. АҚШ-тың бүкіл әлемді билеуге тиістігі туралы зымияндық саясаты осы жолдардан-ақ атойлап тұрған жоқ па? Бұдан елу жыл бұрынғы сарындау, бүгінде толығымен жүзеге асты. Қызыл империяны құлатып тынды. Россия орнында қалды. Америкаға алдырмайды. Қару-жарағы сайлы, іші майлы. Бізге, Қазақстанға аздаған бөлігі ғана бұйырды. Оның өзі талапаймен кетті.Нәтижесі белгілі. Ел ішінде байлықты бөлісу науқаны жүріп жатыр. Бүгінгі саясат жеке меншікті қолдап, дәріптейді. «Жеке адам байымай, қоғам байымайды» делінетін тезис басты ұран. Жемқорлықтың үдеуі, парақорлықтың асқынуы ұйымдасқан қылмысқа айналып, «Берсе қолынан, бермесе, жолыңнан» делінетін дағдыға айналып, насырға шауып кетпесіне кім кепілдік бере алады? Әркімге жан керек. Есігі жабылмайтын қазақ, төріне шыққанды төредей күтетін қазақ, асыра шашпа жомарт қазақ, «Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде» дейтін кешірімді қазақ, «Өле жегенше, бөле же» дейтін

қазақ, «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқанға» дейтін кеңпейіл қазақ, кішісі үлкеніне, баласы әкесіне тоқтайтын қазақ, мылтық орнына қолына қамшы ұстайтын қазақ, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешетін қазақ, аталы сөзге тоқтайтын қазақ, аузына арам ас апармайтын қазақ, дәстүр-салтына берік, ұлтжанды, қаншыл қазақ амалсыздан заман ыңғайына бейімделуге мәжбүр. «Адам адамға дос, жолдас, бауыр» делінетін Құран сөзі, әншейін айтарға болып қалды. «Адам адамға қасқыр» делінетін батыстық насихат ішімізге дендеп енді. Есіктен сығалауды қойып, төрге озды. Телеэкран арқылы тіл қата бастады. Батыстан келіп жеткен ақпарат толқыны тасқынға айналып, ұлттық құндылықтарымызды жоқ қылып, типылдап кетуге бар. Сонда қазақтық мінез, ұлттық қасиетіміз, мыңдаған жыл бойында жинақталып қордаланған дәстүр-салтымыз, тәрбие-тәлімдік құндылықтарымыз, өнеріміз бен әдебиетіміз, адами болмысымыз қайда қалады? «Әкесі өлгенді де естіртеді» — мәнсізденеді. Мінезіміз орнында болатын шығар? Міне, гәп осында болып тұр. Аллен Даллестің аруағы риза шығар. Жаны жәннатта болғырдың айтқаны айдай келуін қарашы. Жә, болары болған шаруа ғой. Біздің қаузағанымыз мінез емес пе?! Кәдімгі қазақтың мінезі. Қазақ барда мінез де бар. Жоғалмайды. Өзгеретінін жоққа шығармаймыз. Қалай өзгеретінін тап басып айтудан аулақпыз. Ептеп шамалауға болады. Бұрынғы мінез дағдысынан ауытқи қойған жоқпыз. Нанбасаңыз, атам қазақтың сөзіне құлақ түрейік: «Жылды жұтқа санамайық, ел өлетін аштық жоқ», «Жау жетті, ел көштінің не қисыны бар», «Шүкір, ел орнында, хан тағында», «Дау қуған пәлеге жолығады, жол қуған қазынаға жолығады», «Бөлінгенді бөрі алады»...

Мұның бәрі жалпақшешейлік. Жалпақшешейлік досты көбейтіп, дұшпанды азайтады. Оны қазақ атамыз жақсы білген. Балажан ананың балалары шолжаң, еркетотай, сідікмасы, жалқау, болбыр болып өседі. Бізге ендігі жерде жалпақшешейлік үйлеспейді. Тәрбие-тәлімді ширатпасақ, ұрпақ болбырланып, босбелбеу болып, ойына не келсе, соны істейтін үйтентек болып шығуы кәдік. Үйтентектер көшенің «бомждарына» айналып кетсе, не болғаны?!

Қазақта «Жауырды жаба тоқу» деген сөз тіркесі бар. Оның мәнісі - ит мініп, ирек қамшылап жүре берге саяды. Өлі сүйек болбырлық содан шығады. Бүгінгі қазақтар /«жаңа қазақтар»/ жалпақшешейлік былай қалып, немқұрайлылыққа, немкеттілікке ойысқан жайы бар. Қарақан бастың қамы, жан сақтау күйбеңі, дүниеқоңыздық пиғыл - ортақ мақсат, ұлттық

мүддені ұмыттырып жіберуге бар. «Ел не болса, ол болсын, өзім аман болайын» деген көзқарас санада бұрыннан бар, бүгінде кемелінде. Сонда қазақы мінез қайда қалады? Қазақтың қамын кім ойлайды? Тіл мен дінді кім қорғаштайды? Мінез өзгермейді дейміз. Қарақан басынан артыла алмаса, өзім ғана болайын деген дүниеқоңыздық пиғыл санасына мықтап орнап алса, сонда ондай қазақта қазақтық мінез қала ма?

Бізге тән жағымсыз әдет - тоқмейілдік. Аузымыз аққа тисе, үстімізге бүтін шапан ілсек, тақымымыз атқа тисе болды, көбеңси қаламыз. Бүгін бар, ертең жоқ аз ғана барлыққа /байлыққа емес/ текетойлы болып тыраштанамыз. Мінез шығара бастаймыз. «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпастарың» осылар. Не байып жарытпайды, не қазақ болып жарытпайды, шалапісті дүмбілездік әдет мінезсіздіктің көкесі.

Енді бір дағды - жарамсақтық. Бір киген шапан, бір жеген тамағына бола, батағөйсіп, бардың базарын мадақтап өле жаздайды. Көңілжықпастық десек те, ұрпақ тәрбиесіне кері ықпал ететін көлгірлік нағыз. Жарамсақтар құлқынына бола құдығыңа у тастауға бар. Айтақшылдардың үргішіне айналып шыға келеді. Жікшілдердің тобына да қосыла салады.

Қара тобырға кінә қоя алмайсың. «Жарлының бір тойғаны, шала байығаны». Зияткерлер /көзі ашық азамат/ жарамсақтанса, ұлттың қамының жоқшысы кім боп қалады? Сонда қазақта жөні түзу мінез қала ма? Біздегі бір әдет - кісіге жақсыатты көріну. Ондайлар, көбінесе, зияткерлерден шығады. Сұлу сөйлейді, астыға көпшік қойып, қолпаштауға жеткізбейді. Мадақ-марапатты үйіп-төгеді. Досы былай қалып, дұшпанын да мақтай салады. Дау-дамайда бұғып қалады. Бітімшілікке жаны құмар, сондағысы жақсыатты көрініп, төбе билік атын алу ғана. Зекіндісі де аз, баланы маңдайдан сипайды, тентекті арқадан қағады. Сырты сырбаз, ішінің құнары аз. Мұндай типтер басшы болмаса да, басшыға қосшы болудан шет қалмайды. Қатарда жүреді. Зейнет жасына іліксе де, сырт қалмайды. Бір бөлмені иеленіп отыра береді шағын орынтақта. Өзіндік пікірден жұрдай. Пікірін ішінде тұншықтырып, өлтіре салады. Бұларды көз алдағыш көлгір десе жарасады. Момын қазақ деп айта аламыз ба? Нағыз қаскөй қасақылар осындайлардан шығады десек, нанармысыз? Ұлтжанды азаматтардың жолына кедергі осындайлар емес пе? Мәймөңкелер бүгінде кеңсені жаулап алған. Оларды жағымпаз деп те айта алмайсың. Ондай жандайшаптарды бір көргеннен-ақ танып қаласың ғой. Ал мына сыпайысыған біртоға сұлу торы аттай «сүйкімділер» саған алдыра ма? Билікке жақын, басшыға жағымды.

Мәмілегерлікке, тігісін жатқызуға, өзінен зорға сөз келтірмеуге кәнігі. Қазақ мұндайларды «мінезсіз» деп жек көрген. Мінезіміздің жасып, бірсарындылыққа бейімделуі деп осыны айтады.

Тағы бір топ - көзге түскіштер. Жарамсақтармен ағайындас. Жақсы аттылардың, мәмілегерлердің, қатарында жүреді. Билікке де, жікшілдерге де, халыққа да жақын. Тең орталықта жүретіндей ме. Мақсаты не сонда? Ғалымдығы мен өнерпаздығы, кісілігі ешкімнен кем емес. Кескін-кейпі де келіскен. Сөзге де бар, үндемеуге де құмбыл. Қайда да жұрт назарында жүреді. Теледидарды ашып қалсаң, көз алдыңда тұрады. Радионы басып қалсаң да соның дауысы саңқылдайды. Жиынжиналыста да төрде сол «көкеміз» отырады. Шетелдік сапарларда делегация құрамында, міндетті түрде «көзге түскіштердің» біреуінің төбесін көріп қаласың. Көзге түскіштердің бүгінде мына өтпелі кезеңде құдайы жарылқап тұр. Ауылда да, қалада да, қаптап жүр. Олардың көздейтіні бір ғана - мақсат. Жұрт назарында жүрсе болғаны. Әкім-қаралардың, депутаттардың, кәсіпкерлердің, жаңа қазақтардың шашбауын көтеруді ұмытпайды. Оларға кір келтіруге жоқ. Тіл, дінім, қазағым деп айтса тіліне терiскен шығады. Өйтсе онда ол көзге түсуден қалып қояды. Көлгір емес пе? Көлгірмен туыстас, бірақ ол емес. Мұндайларды атам қазақ «тыраш» дейді. Тыраштық зиянсыз делінгенмен, адам болмысына көлеңке түсіреді. Мінезді мәнсіздендіреді.

Енді бір топ бар. Өзіндік қана. Жеке адамның қасиетіне сыйдырғанда, сондайлық бөжекей емес. Өзіндік адам бас пайдасынан артылмайды. Пара бергіштер осылар. Жағынуға да, жандайшаптануға да бейім. Халық мұндай типтерді іш тартады. «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар» дегенге сыйдырады. Бұлар бүгінде молықты. Көбейіп барады. Жан сақтаудан басқаны ойламайды. Баюға да құмбыл. От басындық қана десек те, бұларда намысқа шабу, қазағым деу кемшін. Жаһандануынды, тіл мен діннің мәнсізденуі, ұлттық құндылықтарымыздың жойылып бара жатқаны ойландырмайды. Өз күнін өзі көрсе болғаны, бұларда не жұмысымыз бар дерсіз. Топқа қосылмайтын, жиналыс-жиынға бармайтын, сайлауда қалыс қалатын, ауласынан қия басып сыртқа шықпайтын томағатұйықтарды момын қазаққа жатқызуға бола ма? Момын емес бұлар, немқұрайлыларың осылар. Өзен өртеніп жатса да мыңқ демейді. Ұраны біреу — «Өзім аман болайын, бала-шағам аман болсын». Әркім-ақ солай дейді. Халықтың, ел-жұрттың амандығын кім тілейді сонда? Мұндайларды атам қазақ «тілеуі жаман» деп таңбалайды. Мінездіге жатқыза алмайсың, мінезсіз деуге аузың бармайды, тең орталықтағы дүбәралар. Дүбәралық мінезге шауып кетсе, жан сырқауына айналып кетуі ғажап емес. Жұрттан қашқақтау, қоғамнан сырт айналу - ұрпағына ауысса не болғаны?! Томаға-тұйықтық кәріні беделден айырса, жасты кісікиік әдетке ұрындырады. Еш адам қоғамнан тыс қала алмайды. Әр адам тәрбиеші боп табылады. Өзі өмір сүріп жатқан қоғамның қолқанаты. Қолынан өзгеге жасайтын жақсылығы болмаса да, халқына, Қазақстанына деген тілегі түзу болғаны жөн. Әсіресе, мың өліп мың тірілген қазағына.

Тағы біреулер бар. Өз өлінше сыншыл, сынампаз өзгені. Қоғамда болып жатқан оң өзгерістерді көруге жоқ. Тек кемшін тұстарын бадырайтады. «Қазақ оңбайды, ел болмайды» деп те бөседі. Оған салса Елбасы да, әкімдер де, билік басындағы шенеуніктер де, туған халқының тілі мен діні, өнері, әдебиеті де түкке тұрмайды. Кім дейміз бұларды? Білгіш пе? Өзінен басқа ешкімді мойындағысы жоқ. Мейлі, өзі білсін деп қол сермей салуға болады. Оларың да қара жаяу емес. Әр нәрседен хабары бар. Газет те оқиды. Кітапқа да үңіледі. Түн ортасына дейін көгілдір экраннан көз алмайды. Құтқармайды бірде-бір телесериалды. Мұндай ата-ананың балалары да төріндегі «үгітшінің» шырмауында. Көре берсін-ау, алатын тағыдымы бар ма? Жалған оқиғаны малданады. Біреуді біреу өлтіре салады. Біреуді біреу қинайды. Зорлайды. Қолдарында бір-бір пистолет. Махаббат та, достық та, адамдар арасындағы алық-берік мылтық қарауылымен шешіледі. Кілең қылмыскерден жас ұрпақ нендей тәрбие алады? Одан қалды төсек ойнағы. Ашық-шашық дене. Аллен Даллестің көксеп кеткені бүгінде /XXI ғ./ толығымен ақиқатқа айналды. Өзіміз мінездеген «сынампаз білгіш» дәл сол «батысшыл» қазақ боп шыққан. Қазақтық өркениет ол үшін ескіліктің сарқыншағы. Оның нысанасы әлемдік өркениет, жер шарындағы озғын жаңалықтарды құтқармайды. Бәрі-бәрі көз алдынан өтіп жатады. Аяққа оралғы, санаға тұсау, сезімді оятпайтын ескі заманның үрдістері, әдет-ғұрпы, салт-санасы оған түкке тұрмайды. Осындайлық озғындыққа жеткен жоғарғы санадағы қазақты мінезсіз дей алмайсың. Бүгінгінің мінезділері осылар. Даукес және өздері. Аузыңды жауып тастайды. Сен білгенді мен де білемін дейді екі сөзінің бірінде. Әдебиеттің /қазақ әдебиетінін/ «жауы» да осылар. Қазақшасы кемшін, орыстық дәстүрге тәрбиеленсе, оған шара жоқ. Осы құрғақ білгіштер құртады діңкенді. Өнердің - дәстүрлі музыканың да дұшпандары осылар. Сонда қазақ қалды ма өзі? Мұндайларды атам

қазақ «қасақы» деп кейістенеді. Қасақыдан туған бала да оңған емес.

Осы мінездеуді әрі қарай жалғастыра берсек онда қайталау боп шығады. Сабағымыздың дәмі кетеді. Абай: «Егер де қолымда закон болса, адам түзелмейді дегеннің тілін кесер едім», - деген ғой. Он жерден сынампаз болғанымен, ойшыл ақын адамның адами қасиетін жоғары қояды. Адамның ұлылығының өзі - оның заманға, өмірге, қоғамға икемделгіштігі, бейімделгіштігі емес пе. Адамды қатып қалған қара тас дейтіндер де бар. Жоқ, олай десек қателесеміз. Жан асырау, қайтсе де аз күнгі тіршілікте адамша өмір сүру - адам пақырдың мақсаты сол ғана.

Енді сол мақсатқа көз жауын алған қызылды-жасылды дүние іріткі сала бастайды. «Әй, мені көресіңдер ме?» — деп түлкіше бұланғайды. Атам қазақ: «Дүние - қызыл түлкі бұланғаған, бақ тайса ерге дәулет құралмаған...» - деп дөп түседі үстінен. Сонда мінез де ірігені ме?! Ірітпей қойсын ба қызылды-жасылды дүние. Ал ірісін дейік мінез, оны қалай білесің? Қазақты дүниеқоңыз дегің келгені ме? Адамзат баласы еш уақытта дүниеге дәл бүгінгі кезеңдегідей ентелеп көрген жоқ. «Бай - бір жұттық» деуінде тоқтам бар. Тоқтам бүгінде бар ма, бар болса атап бере қойшы. Кінәлаудан аулақпыз, ғұмырында байып, байлықтың не екенін білмей келген қазақ бүгінгі таңда жаппай аттанысқа шықты. Тақымында бір-бір жүйрік. Ат мінбейді бүгінгі қазақ. Темір тұлпарды тізгіндейді. Сұмдық-ай десеңші, жол апатынан, көлік соқтығысынан майып болып жататындар қазақтың өрімдей жастары. «Қой көрмеген қуалап жүріп өлтірер» деген мақал бар қазақта. Соның кері. Қызылды-жасылды дүние қазақтың есін алып, есірік қылып бара жатқанын көріп отырмыз. Соңда дүниеқұмарлық та мінезге жатқаны ма? Бұрын да болған ондай-ондай ауытқушылық. Дүние - көздің құрты, көңілдің дерті екенін білген атам қазақ «Кедей байға жетем дейді, бай құдайға жетем дейді» деп өлтіре әшкерелеген. Бүгінгі бет алыс басқа бір қауіпті ойға оралтады. Адам дүниенің тасасында қалып бара жатқандай. Оның ішінде қазақтар. Обыр тіршілік қазақ бейбақты бұл қалпында тіке жұтып салуға бар. Көз арбаған қызылды-жасылды дүниенің жарқылы «кел, кел» деп өзіне шақырған сайын теке тойлы қазақ бейбақ еміне ентелеп өліп барады. Біз қазаққа мәшине мінбей жаяу жүр демейміз. Жаныңды ойласаңшы дейміз. Бабаларымыз, бірінші кезекте, бастың амандығын тілеген. «Басы аманның малы түгел» дегені неге тұрады.

Дүниеқоңыздық мінезге әсер етпей қоймайды. Өзге тұрмақ

өзін де ұмытып, тек баюды мақсат еткендерден жөні түзу мінез шықпайды. Опасыз да, сатқын да, қаныпезер де солар болып шығады. Ата-бабаларымыз «Мал - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы» дегенді тегін айтпаған. Әдебиетте «Көзін шел басқан» деген тіркесті дүниеқоңыздарға, байлықты ғана ойлап, өзгені ұмытқандарға қарата айтады.

Кәсіптің /мамандықтың/ мінезге әсері

Кәсіптің, мамандықтың адам мінезіне әсері бола ма дегенге келсек, әңгіметіміз ұзай береді. Кәсіп - жинақтағанда, күнкөріс. Тырбаныс, еңбек ету, жұмыс істеуге жатады. Кәсіп қылған адам әр тарапта қол қимылдатады. Олай болса, кәсіппен айналысу өмірдің мәні екен. Заман талабына орай кәсіп те өзгеріп, өрісін кеңейтеді. Мәселен, аңшылық кәсіпті алайық. Ерте замандарда нағыз күнкөріс көзі болған. Аңшылықтың өзі сала-салаға бөлінеді. Құс салу - нағыз өнерге баланған. «Бүркітші», «саятшы» деп те көтермелеген. Қыран құстар, бүркіт, лашын, сұңқар, қаршыға, жағалтай, ителгі, құмай, тұрымтай сынды жыртқыштарды қолға үйрету, баптап, аңға, адал құсқа салу, айтары жоқ, кәнігілікті талап еткен. Аңшылық кәсіптің айналасында жүрген адамдардың мінез-құлқы көптің назарында болады. Қарау, өзімшілдеріне қарата: «Атасы басқамен аң ауласпа», - деп кесіп айтады. Ағайын арасында келіспеушілік туындағанда осы мақал ауыздан ауызға көшеді. Бүгінде мәнін жоя бастады. Аң аулау екінің біріне қонбайды. Оған дағдылану керек. Еңбеккорлық, ептілік, бұған қоса, табиғат сырын тамыршыдай тап басу, әр аңның мінезін білу, қасиетін тану оңайға түспейді. Әсіресе, дала бөрісін олжалау - жігер мен қайратты, батылдықты талап етеді. Қасқырды итпен алады аңшылар. Көбінесе, мықты атпен жетіп соғады. Кәдімгі қақ сойылмен жайратады. Қасқырды қысқа қарай қар түсе аулайды. Қара жерде қасқырға жететін ат жоқ. Жеткенімен алдырмайды. Қарсы атылып, адамды жазым қылуы кәдік. Қар қалыңдағанда адымын жаза алмай, толық айбат көрсете алмай, шарасыздан беріледі. Онда да зордың күшімен. Кейбір ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін кеудемсоқтарды атам қазақ «Қара жерде қасқыр соққан» деп келекелейді. Қара жерде қасқыр соғатын көкімелер қазір де бар. Бүгінде аңшылық кәсіп емес, демалудың, сейілдеудің, таза ауа жұтудың ермегіне айналды. Қазіргі аңшылар табиғатқа орасан нұқсан келтіреді. Аңдаусызда өрт шығарады. Қызыл

кітапқа енген құстар мен жануарларды тағылықпен аулап, тұқымын құртады. Ондай аңшыларды қасақы, қаскөйлер демеске лажың бар ма?!

Қазаққа тән ата кәсіп — малшылық. Бүгінгі шаруа /фермер/ малын бақтыра алмай жүр. Өзі бағайын десе, алықберікке жүгіруден қалады. Томаға-тұйық күн кешетін заман емес, аралас-құраластық шешеді шаруаның күрмеуін. Ерте кезеңдегі жылқышы мен қойшы, сиыршы мен түйешілер кілең дала академиктері еді. Дала сырын, табиғаттың құпиясын, құстар мен аңдардың тілін, өсімдіктердің жаратылысын, ауа райының құбылысын тамыршыдай тап басатын еді. Бүгінгі бақташы бір күндік күнкөрісін ғана ойлайды. Малға қамқорлық, адамға қамқорлық екенін естен шығарған. Бағымы келіспеген, бақташысы мінезсіз малдан да қасиет қашады. Азады керек болса. Ата-бабаларымыз малдан да мінез күткен. Мінезді малдың тұқымы асыл келген.

Еңбектің, кәсіптің, бүгінше айтқанда, мамандықтың, өнер жолындағы ізденістің, ғылымға құлаш ұрудың, ел билігіне араласудың мінезден көрініс табатынын халық жақсы біледі. Шет жағасын көрдік, ұсталар мен зергерлер, ісмерлер, шеберлер, үй ағашын басатындар, етікші мен өрімшілер халық арасында беделді болған ғой. Бала кезімізде көрдік, әр ауылда ұста болады. Ұсталарда мінез бар-тын. Олардың мінезіне қарай бағаланатын соққан кездігі мен пышағы, ұстарасы.. Әкелеріміз «ана ұстаның соққан кездігі асыл, мынанікі жасық» деп отыратын. Кейін білдік, уытты келеді екен ұсталардың дені. Ондай мінезді ұстаның соққан кездігі де асыл болып шығады. Темірдің өзін жонып түсірген. Ұстахана — кішігірім завод десе болғандай. Оған бас сұқпайтын адам жоқ, үлкен де, кіші де келеді. Балаларға көрік бастырады. Үлкендер әңгіме-дүкен құрады. Ұста дүкенінен алатын тәлімнің өзі баланың келешегіне сабақ. Ұсталар, әдетте, сабырлы келеді. Орнықты сөйлейді. Қабағында ашу тұрады. Орынсыз жыртақайлықты тыйып тастайды. Соған қарамастан әңгімешіл. Әндетіп те отырады. Өсек-аяңды жақтырмайды. Тыйып тастайды. Әзілге де бар, онысы - көпшілікті өзіне тарту. Ұстаханада еңбек ырғағы салтанат құрған. Қазақ өнерінің шоқтығы болып қалған Үкілі Ыбырай көрік басып, ұсталықпен айналысқан ғой. Әндерінің дені көріктің үіліне, балғаның темірді жаныштаған ырғағына үйлеседі. Ұсталық хас шеберлік деп дәріптелген қазақ арасында. «Молдадан хат қалады, ұстадан дат қалады» делінуі содан. «Ұста қырланса, көрік үнілейді» деген де тіркес бар.

Үй ағаш басу, қамшы өру, ағаштан түйін түю, білезік, жүзік соғатын зергерлікті жинақтап «шебер» дейді. Халыққа қызмет ететін «Шебердің қолы ортақ». Етікшілік кәсіпті атам қазақ бәрінен де жоғары қойған. Етікшілік екінің біріне қона бермейді. Асқан төзімділік керек, шыдамды келеді етікшілер. Сөзге сараң, өзімен өзі. Өз ішіне үңіліп, өз-өзімен сырласады. Өз көңілімен мұңдасады. Сондайда бойында өнері барлар өлең шумақтарын құрастырады, ән шығарады. «Ерінбеген етікші болады» деген тіркес сөздік қорымыздан берік орын алған. Бүгінде осы мақалдың мәнін өзгертіп, кері айтатын болып жүрміз. Еріншектен етікшілік шықпайды дегенді меңзегені. Етікші ертеңнен қара кешке дейін тыңбай еңбек етеді. Соған қарата айтылған. Кейбір көре алмастар «Ерінбеген етікші болады, ұялмаған әнші болады» деп кекетеді. Ол енді бұрыс сөз. «Еріншектің ертеңі таусылмастың» керіне бақсаң, бой-басыңды құнттамайтын салдыр-салақ атанасың. Ертеректе өткен етікшілердің отбасында береке болған. Қарттары күйбеңшіл, жастары ұстағанына тұтқыр, еңбекқор келген. Қазақтың көрнекті қаламгері, сөз ұстасы Жүсіпбек Аймауытов қолөнер шеберінің баласы. Әкесі етікші еді. Жүсіпбек те қаражаяу емес екен. Етік тігуді өнер деп білген. Етікшілік өнерді жазушылыққа ұштастырған. Осының астарында нендей сыр бар?

Ұшып-қонған шошақай, орныксыз жан пәтуасыз келеді. Сөзінде де, өзінде де береке болмайды.

Қолөнер кәсібі адамды орныктылыққа, шыдамдылыққа бейімдейді. Мәселен, жазушылық пен ақындықтың өзінде айырма бар. «Ақындардың арқасы бар» делінеді. Ол - оның табиғи қасиеті. Ой-сезімінің бұлқынысы. Бір өлеңді қағаз бетіне түсіргеннен кейін бой жазады. Гүлге қонған бал арасындай ойына азық болар тақырып іздейді. Сонда ол былайғы көзге есер адамдай көрінеді. Шынайы ақынның буырқанысқа көп берілетіні содан. Ал қарабайыр, қарадүрсін өлең шумақтарын ұйқастыратындар — «шөп те өлең, шөңге де өлең» дейтіндер. Ақындар үстелге көп отыра бермейді. Оларда толғаныс басым келеді. Оны «шабытын шақыру» дейді. Болашақ жазар өлең ойын түртіп, жүрегіне шапқанда барып қолға қалам алады. Ара-арасында шарапқа беріледі. Шалқиды. Шатаққа да ұрынып кетеді. Тентек деген атаққа да қалады. Ақындар кілең шатаққұмар дегенді жиі естиміз. Оларды шыдатпайтын «өлеңнің толғағы» ғой. Мінезге жатпайды, толғаныстың әсері. Ақындардың мінезі, жалпы, өнер адамдарының мінезі олардың сомдаған, мүсіндеген, жазған өлеңінде болады. Өлеңі мінезді - нағыз ақын.

Жазушылық - айтары жоқ, қып-қызыл қиямет. Күн сайын

16-2628

жазуың керек. Асықпай, баяу қимылдамасаң, жазғаныңның суы көбейіп кетеді. Жазушыға тән қасиет - орнықтылық, сабырлылық. Нағыз жазушының қыдырып, сейілдеуге, шарап ішуге, шатаққа ұрынуға уақыты болмайды. Жалпы, қаламгерлер мен өнердің сан саласындағы таланттарды күнделікті тіршілік ыңғайына қаратып, жүріс-тұрыс, сөйлеген сөзінен мінезін ұстап ажырату үстірттік болар еді. Әртістер мен жазушылар, суретшілер, ғалымдар, озғын таланттылар бойындағы бар қабілетін, керек десеңіз, мінезін туындысына, шығармасына сіңіреді. Өз-өзіне келгенше бірталай уақыт өтеді. Осындай босаңсыған сәттерінде өнер адамдарының «доссымақтары» оларды өз мақсаттарына пайдаланып, жолдан тайдырады. Пендешілігін /қызбалығын, аңқаулығын, адалдығын/ ағаш аттың басына іліп, «жерден жеті қоян тапқандай» дос-дұшпанға сүйіншілейді. Бақталастық, көреалмаушылық, қызғаншақтық өнер адамдарында да болады. Бәсекесіз өнер өрістемейді. Сол көреалмаушылық асқан сөз ұстасы, етікшідей ерінбей, сұлу сөзден бірегей шығармалар сомдаған есіл Жүсіпбек Аймауытовты да өмірден мезгілсіз әкетті. Қырағылар аттырып тастады.

Сөз неден шықты? «Ерінбеген етікші боладыдан». Қазақстанның батыс өңірінде ғұмыр кешкен ақын-сазгер Қайыпназарұлы Қайып етікшілік кәсіппен айналысыпты. Әр ауылда айлап жатып етік тігу салқа айналған. Бір байдың Ақбөбек деген сұлу қызы болыпты. Етікші Қайып әлгі қызбен көңіл жарастырады. Екі жас ғашықтық аңсарын баса алмай күйіп-жанады. Күндердің күнінде етікші жігіт қызды алып қашады. Қолы ұзын қыз әкесі Ақбөбекті жігітінен айырып, алып қалады. Қайып асау сезімін баса алмай аласұрады. Ақбөбекке ән арнайды:

Ақбөбек кеткенің бе серттен тайып,
Баласы Қайыпназар атым Қайып.
Аз күнге серттескенмен серуен құрып,
Бүгін бар, ертең жоқсың дүние ғайып.
Қараймын жабығыңнан қаздай бойлап,
Ақбөбек отыр ма екен бір ой ойлап.
Кез болған қапияда қарағым-ай,
Тоймадым қызығыңа бір жаз тойлап...

Бүгінде бұл ән халық әні болып айтылып жүр. Кезінде белгілі фольклоршы ғалым, ақын Балтабай Адамбаев осы аңыздан алып «Ақбөбек» поэмасын жазды.

Тағы бір қастерлі кәсіп - үй ағаш басу. Шаңырақ құрастырып, уық ию, кереге қаусыру асқан шеберлікті қажет етеді.

Қазақ ғұрпында үйшілерді /киіз үйдің шеберін/ қастер тұтып, төріне шығарып, кәде-жоралғыдан құр қалдырмаған. Ырымдап, баласының кекілінен сипатып, отырған жеріне аунатқан. Әдетте, үй ағаш басатын шеберлер салмақты, орнықты сөйлер еді. Көзіміз көрді, аузы ауыр келетін.

Әр кәсіптің /мамандықтың/ өзіндік ығыты, машығы болады. Еңбексіз адам жүрген бір бос қауақ. Ал кәсіпке икемделіп, машықтану, сөз жоқ, кісінің мінез дағдысына әсер етеді. Мүлде өзгерту деген болмақшы емес мінезді. Ол бір Алланың қолында. Әрқилы нобайдағы мінез қалыбына бейімделу деген бола береді. Кәсіпке маманданып, ыңғайласу - жан дүниеге, адамның арман-аңсары, сезім толқынысына тікелей ықпал етпей қоймайды. Мәселен, актерлерді алайық. Жайшылық өмірде бір қилы әртістер сахнада басқаша кейіпте. Содан да әркімнің аузында жүретін қарапайым тұжырым бар: «Өмір - сахна, адам сахнаға шығатын әртіс». Бір қалыпта жүре алмайсың. Еріксіз құбылтасың мінезіңді.

Ежелден емшілерді, ұстаздарды халық қастер тұтқан. Емші тәніңді сауықтырса, ұстаз жаныңды байытады. Бүгінде дәрігерлер мен мұғалімдер ең бір қастерлі мамандық иелері болып табылады. Дәрігерлер бір қалыпта жүруге дағдыланады. Өздерін бір қалыпта ұстауға тырысады. Адамдарға деген аяушылық сезімі басым келеді. Өмірдің баянсыздығын, тіршіліктің келтелігін жақсы біледі. Соған ертерек көз жеткізеді. Дәрігерлер артық-ауыс сөзге, қылжақай, құбылмалыққа бара бермейді. Мұршасы жоқ еркінсуге. Шығыстың данышпандарының бірі ибн Сина дәрігер болған. Орыстың ұлы жазушысы А. Чехов адам жанының арашасысы бола жүріп, қалам ұстаған. Медицина ғылымында озғын жаңалықтар ашқан Төрегелді Шарманов, Ғабдолла Құлқыбаев, Мұхтар Әлиев сыртқы кейпіне ішкі жан дүниесі үйлескен айрықша дегдар азаматтар. Қазақтың дегдарлары осылар. Дәрігерлер адамды қастер тұтып, сүюде алдына жан салмайтын бірінші нөмірлі гуманист десек, артық айтқандық емес. Ал сол озғын гуманист өзімшіл келсе, қабағында сыз тұрса, алдына келген сырқаттан қарадай жиіркеніп, суықсып алса не болғаны? Адамның адамшылығының өзі бір-біріне сүйеніш болып қызмет көрсету емес пе. Дәрігер сырқатты сөзбен емдейді деген қағида бар. Сөз - адамның мінезі. Демек, дәрігер адамды мінезбен емдейді екен. Бүгінде компьютер енді өмірге. Электронды құралдар адамдарға қолғабыс көрсете бастады. Сөз жоқ, озғындық. Компьютердің тұтқасында отырған маман ақылды темірдің ығында қала береді. Тетікті іске қосатын жай ғана қалыс адам.

Сөйлеуге мұршасы жоқ, ақылды темірдің шылауында. Алдына келгендерге мінезбен қызмет көрсете алмайды. Келешекте өңшең үндемейтін тұйық, қабағы қату, өңі солғын «темір» адамдар қаптап кетуі кәдік.

Ұстаздық — ұлы кәсіп. Тәрбиеші тәлімгер шеттерінен. Оқымысты. «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға». Демек, ұстаз жалықпайтын ізденімпаз, еңбекқор болғаны ғой. Алаңсыз еңбек ету үшін мұғалімге жағдай керек. Жағдайы келіспеген мұғалім балаға нендей білім беріп жарытады. Осы жолдар авторының да мамандығы мұғалімдік. Мектепте үзіліссіз жиырма жыл қызмет атқарған.

Мінез дағдыларын тап басып айтып бере алмаймыз. Өзі маманданған пәнін жетік білген мұғалім — нағыз ұстаз. Оқулықтың аясында ғана балаға білім беретіндер әншейін ерқара. Мейлі математик болсын, биолог, әйтпесе, физик болсын - мұғалімнің даралық қасиеті болуға тиісті. Даралық қасиеті дегеніміз — мінезі. Сіз әр күн сайын сахнаға шығасыз. Бейнелеп айтқанда, әртіссіз. Образға еніп, өзіңіз бейнелейтін кейіпкерді ойнауыңыз керек. Сіз олай етпейсіз, сабақ өткізесіз, онымен қоса баланың мінез-құлқына ықпал етуіңіз керек. Ол оңай шаруа емес. Психолог болуыңыз керек. Сыныпқа кіріп келген сәттен бастап, әр баланы назарыңызда ұстап, жүрегіңіздің жылуын бағыттайсыз оқушыларға. Ол айтқанға ғана оңай. Бала қыбырламай, жыбырламай отыра алмайды. Ол үшін сабақты қызықты өткізуің керек. Қайтсең тартымды өткізесің сабақты? Ол дайындығыңа байланысты. Ұстазға ізденімпаздық ауадай қажет. Ал мінез ше? Баланы мінезбен тәрбиелеу деген қолға түспейтін алтын құс есепті.

Ұрысу, айғайлау, зеку, желкеден нұқу - мұғалімнің әлсіздігі. Мінез балаға ұстаздан бір күнде, әйтпесе, бір жылда ауыса салмайды. Сіздің, мұғалімнің шеберлікпен аса тартымды өткізген сабағыңыз шәкіртіңіздің санасында өшпестей болып қалуға тиісті. Жылдар өтіп, әлгі оқушы есейіп, азамат қатарына қосылғанда, ұстазының өте сәтті өткізген сабағының әсерін санасында қайта жаңғыртып, кәдеге асыруға тырысады. Мұғалім үнемі жоғары деңгейде сабақ жүргізе алмайды. Көбінесе, орташа өткізеді сабақты, тәрбие-тәлімдік ықпалы да бәсең көрінеді. Қарадүрсіндеу ықпал ететіндей сезінеді өзін. Мен керметпін деп еш мұғалім кеуде кере алмайды. Неге? Мінезсіздік қинайды. Мінезбен тәрбиелеуге қабілеті жетпейді. Білік-білімі тапшы. Баланы мінезбен тәрбиелеу деген ұлттық тәрбиеге жатады. Бойына ата-баба дәстүрін, салтын, ұлттық қасиетін сіңірмеген, сөздік қоры тапшы, тіл мен діннен хабарсыз, кісілік кейпі қораш, азаматтық алымы кемшін мұғалім баланы мінезбен қалайша тәрбиелемекші? Оның үстіне, бүгінде мектепте ер мұғалімдер жоққа тән. Әйел жаны нәзік. Қыздар мен келіншектер, қарт ұстаздар тым жұмсақ. Тентекке тепсінбесең, басқа шығып алады. Қиқарды мінез тезіне салған да жөн. «Баланы жастан...» дейді атам қазақ. «Аюға намаз үйреткен - таяқ». Қисықты түзеу үшін мінез керек. Мінезсіз мұғалім дәрменсіз жалпақшешей есепті. Сонымен, мінезді мұғалім кімдер? Бұлай деп те кесіп-піше алмайсың. Гәп мында. Мұғалімдер өз нанын адалдан жеу үшін еріксіз ширайды. Мінезге де басады. Алдынан тәрбие алып шыққан шәкірттерін өз баласынан кем көрмейді. Бірақ қол қысқа. Неге олай? Балаға ұлттық тәрбие беру үшін ұлттық мектепті қалыптастырып, даралау керек-ақ. Көп ұлттымыз деп сылтауратудың не жөні бар?.. Ұлттық мінезден жұрдай жастар қазаққа тұлға болып жарыта ма?

Мамандық түрлерін санамалап кетсек, онда біз сабағымызды шашыратып аламыз. «Ойлаған ойды қыстаған тұрмыс билейді». Адам жағдайға қарай, алған мамандығына, айналысқан кәсібі, атқаратын қызметіне қарата бейімдейді мінезін. Мүлде өзгертіп жіберу деген болмайды. Мәселен, құқық қорғаушыларды алайық. Әсіресе, полицияларды. Қызмет бабында оларды қатігез, дөрекі деп ұнатпаймыз. Жақсы мінездеме жоқ оларға. Солар еңбек демалысына шығып, қазақша айтқанда, аттан түскенде жұп-жуас, моп-момақан болып шығады. Биліктегілерді де халық жарата бермейді. Бүгінгі әкім -қараларға таңылмайтын ат жоқ. Халық айтады: «Атқа мінген /бұл арада билікке араласқан/ тәуірлер кіндігіне шейін қан кешеді». Қолындағы билік шоқпарын сілтеймін дегенде байқаусызда бір момынға тиіп кетеді. Жанның бәріне жақсы атты көріну де оңай емес. Біреуді алдайды, біреуді арбайды. Содан барып екі сөзді болып шығады. Ондайды атам қазақ «Былай тартсаң, арба сынады, олай тартсаң, өгіз өледі» дейді. Үстел басындағы бастық жақынына, дос-жаранға бұрмай тұрмайды. «Қолында бар қонышынан басады». Халық оны да айтып қойған. «Бір кісі таққа мінсе, жүз кісі атқа мінеді». Таққа талас, баққа таласты «Біреу өлмей, біреу күн көрмейді» деп тұжырады халық. Ішті сөз. Алланың әмірі дейміз бе, тағдырдан дейміз бе, шындығы сол. Сонда билік басындағыларда да мінез болмағаны ма? Алғы тарауларда айтқанбыз. Басшыға тән мінез жиынтығы — әділдік. Әділдік - ұлы қасиет. Нағыз мінез ел билігіне араласқандарға керек. Қоғам қайраткерлері, саясаткерлер, ғалымдар, зияткерлер, ұлтжанды азаматтар, ұлтым деген әр азамат

қазаққа /Алашқа/ мінезімен қызмет етуге тиісті. Бұл сөзді Алаштың көсемдерінің бірі Әлихан Бөкейханов айтқан. Өтпелі кезеңде, бір қоғамдық формациядан келесі бір қоғамдық формацияға бет бұрғанда, санада сілкініс болмай қалмайды. Нағыз елім деген есті азаматтар төбе көрсетеді. Майданға араласады. Сол жолда құрбан болып кетеді. Мәселе құрбан болуда емес, ақ сөйлеп, әділін айтуда.

Білгішсіп кетсек те, айтпасқа амалымыз жоқ. XXI ғасырдың кірісінде, өтпелі кезеңде біртуарлар /зиялы қауым/ кісіліктен қалып барады. Бұдан былай тіптен жеңілейіп кетуі кәдік. Кеңес өкіметі орнаған жиырмасыншы, отызыншы жылдарда қазақ қоғамында ұлт зиялылары арасында тартыс үдеді. Мендешовшілер, сейфуллиншілер, бөкейхановшылар деп атады оларды. Бұлардың бәрі де қазағым деп күресті, билікке араласты. Қайтсек ат төбеліндей қазақты қиын-қыстау күндерде аман сақтап қаламыз деп аласұрды. Бұлардың таңдаған жолдары әрқилы болғанымен, мақсаты қазақтық болатын. Замана тартысында «күріш арқасында күрмек су ішедінің» керімен тарих сахнасына «сұрқылтайлар» шығады. Тартысушы, айтысушы екі жақтың ортасына түскен болып, өздерін қайраткер етіп көрсетуге тырысады. Ақылман болғансиды. Білгішсініп, өзіндік соны ілім тудырғансып көсемсиді. Әсіре саясаткерлерді отызыншы жылдары «жолбикелер» деп таңбалаған. Жолдан қосыла кетіп, көш бастағысы келетіндер, білгіш бола қалатындар, ішін жасырып, сыртымен көрінетіндер «жолбикелерге» жатады. Бүгінгі өтпелі кезеңде нақ сол жолбикелік сахнадан көріне бастады. Шоғыры көбейіп барады. Жолбикелік қоғамтанушы саясаткерлердің де санасын жаулап алған. Екі ауыз қазақшасы жоқ, сөйте тұра «ана тілім» деп толғанады. Дені жалған сөйлеуге әуес. Бүгінгі саясаткерлердің /жолбикелердің/ табиғаты қазаққа келмейді. Батыс саясаткерлеріне еліктеп, тыраштанады. Билікке қарсы топта /оппозицияда/ да жөні түзу мінез жоқ. Жеке бастың араздығын халық мүддесіне ұштастырмақшы. Өздерін халық қамын ойлаған қайраткер етіп көрсетпекші. Халық ондайлардың соңынан ермейді. Мінезсіздерді ит етінен жек көреді.

Әңгіземіз кәсіп /жұмыс/, мамандық турасында еді ғой. Әр кезеңнің әз күйбеңі болады. Социалистік құрылыс кезеңінде «жұмыскер», «жұмысшы», «колхозшы» делінді. Бүгінде «кәсіпкер», «бизнесмен», «шаруагер», «банкир» сынды кәсіп иелері шықты. Байырғы теміржолшы, шопыр, шахтер, кенші, есепшілер өз орнында. Жорналшылар, радио мен телеарна қызметкерлері, діндарлар өзінше бір шоғыр.

Мамандық иелері мен қоғамдағы таптар мен топтардың сан алуандығы қоғам мүшелерінің біркелкілігіне /орныққан сана/ әсер етеді. Және біз өтпелі кезеңде тұрмыз. Феодалдық қоғамнан социализмге бет бұрғанда, бейкүнә еркін де бейбіт қазақ халқы қойдай қырылды. Бүгінгі таңда басымыздан тағы да зобалаңды өткеріп жатырмыз. Соғыс жоқ, ел аман, жұрт тыныш дейтін мамыражай кез. Социалистік құрылыс коммунистік билік тілімізді күрмесе де, мінезімізден айыра қойған жоқ-тын. Ал мына жабайы капитализмнің жойқын үрдісі /адам саудасы, дүниеге ашкөздік, озбырлық, қатыгездік, лаңкестік, жезөкшелік, жең ұшынан жалғасқан парақорлық.../ тіке санаға ұрады. Батыстан келіп жеткен ақпарат тасқыны, өз ішімізден күш ала бастаған бейпіл басылымдар мен бетімен кеткен топтар /діни ағымдар, батыстық мүддені көздейтін ұйымдар, орыс шовинистері/ қазақ қауымын сүйек құртша кеміріп барады. Оған есірткі мен арақ күш бергенде, қазақта мінез қала ма?

Рас, билік тізгіні қазақтардың қолында. Соған қарамастан ұлттық мүдеге келгенде тым майысқақпыз. Көп ұлтты елміз деп сылтауға басамыз. Осыдан келіп, өз ішімізде «батысшылдар» күш алып барады. Олар өз қандастарымызды ескішіл, кертартпа деп жүре тыңдайды. «Қазағым қайран елім» деп мінез көрсеткенге /ұлтым, тілім деген/ және салқынбыз. Америка саясаткерлерінің көксегені де осы еді ғой. Әлі бұдан да сорақысын көреміз. Тұрмыс түзеліп, шаруа оңалғанымен, қазақ бейбақ мінезден айырылып қалған соң, баяғы бодандықтың өңі айналған шекпенін қайыра кимесімізге кім кепілдік береді?

Кешіргін, дос, бұл сары уайым емес, қауіптен сақтандыру. Жалпақ шешейлікті қою керек. Немқұрайлылық та жаман әдет. Талғамсыздық та келісімсіз. Әсіре еліктеушілік, көрсеқызарлық, бұған қоса, өз асылыңды бағаламай өзгенің (шет жұрттардың) жасығына қызығушылық мінезді қожыратпай қоймайды. Ақшаға қалтасын сықағанды «оздымға» санайтындарды мінезді деп қалай айтарсың? Мінез былай тұрыпты, ондайлар бара-бара өзінің барша адами қасиетін ақшамен елшесе не болғаны?! Еріксіз Абайға құлақ тосасың: «Адам адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады...» Сіз де Абай ғибратынан үлгі алыңыз, жас дос! Ақыл сарабына салып, ой қорытуды өзіңізге қалдырдық.

IX. ШАҢЫРАҚ

Баспана

Алғашқы адамдар баспана ретінде үңгірді паналағаны мәлім. Уақыт өте келе олар лашық тұрғыза бастады. Лашықты жетілдіріп, шымнан, кірпіштен, ағаштан баспана салуды үйренді. «Шым үй», «жер үй», «ағаш үй» делінгені содан. Далалық өмір салтын ұстанған бабаларымыз киіз үйді тұрмысқа енгізді. Оны табиғатқа еліктеп жетілдірді. Киіз үйдің ауқымдылығына, керегелерінің санына қарай бес қанат, алты қанат, он екі қанат, жиырма төрт қанат үйлер тігілген. Үзік, туырлығына орайластыра, сән-салтанатына қарата «боз үй», «ақшаңқан үй», «ас үй», «қонақ үй», «отау үй», «үлкен үй», «ақорда», «көкорда» деп түрліше түрлендірген. Ақорда мен көкорда - хандардың тұрағы. Ақшаңқан үй сән-салтанатымен көз тартады. Боз үй тұрмысы орташа адамдардың құттыханасы. Қазақ әулеттің бас иесі тұрағын үлкен үйді «қара шаңырақ» деп атаған. Отау үй - жаңадан шаңырақ көтеріп, ата-анасынан енші алып бөлек шыққан үлкен бала мен ортаншы балалардың құтты тұрағы. Уақыт өте келе үлкен үй кенже балаға өтеді. Қара шаңырақтың иесі атанады.

Аттың жалы, түйенің қомында жүріп, мал тұяғына ілескен ата-бабаларымыз көш жолында жол-жөнекей уақытша күрке, итарқа, жаппа тұрғызады. Жаугершілікте жорық үйін бірге алып жүреді. Жылқышылар қосты тұрақ етеді. Қос — қасиетті тұрақ. Соған байланысты «қара қос» деп ерекшелеп атайды. Әдетте, қосты тонаушыларға халық «қара ниет қарақшы» деп қарғыс таңбасын басқан. «Қосты тонаған көмусіз қалар» деп жас ұрпаққа әрдайым ескертіп отырған. Жолаушы қара қосқа аялдаса, жарасымға жатқызылған.

Әулеттің батагөй ақсақалы отырған үлкен үй қара шаңырақ болғандықтан, ру-әулет, ағайын арасында өршіген дау-дамай, өкпе-араздық осы үйде талқыға түсіп, бітімгершілікке жол ашылған. Үлкен үй татулықтың ұясы атанып, атадан балаға мирасқа беріліп келген.

Қара шаңырақты қастер тұту күні кешеге дейін жалғасын тауып келді. Әр атаның үлкен үйі болған. Үлкен үйдің төріне әйелдер шықпаған, жастар да әдеп сақтаған. Бұдан бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген атақты батырлар мен әулиелердің, билер мен жыраулардың, ру басылардың қара шаңырағы күні кешеге дейін сақталып, жалғасын тапты. Қара шаңырақты кие тұтып қастерлеу - жас ұрпақтың ата-бабадан қалған дәстүрлі үрдістерді әрі қарай жалғастыруына игі ықпал етті. Ұрпақтар сабақтастығының үзілмеуіне септігін тигізді. Бүгінгі тілмен айтқанда, қара шаңырақ әр атаның, әулеттің мұражайы іспетті. Хатқа түскен шежірелік жазбалар, бұрынғы өткен айтулы тұлғалардың, әулие-әмбиелердің, темір жақ шешендердің, ту ұстаған батырлардың тұтынған заттары мен киген киімдері, қолына ұстаған қамшысы, қару-жарағы, қолданған ыдыс-аяқтары қара шаңырақта сақталып келді. Осы бір игі үрдісті бүгінде неге жалғастырмасқа? Сені ер жеткізіп өсірген ата-анаңның, бұрынғы өткен аталарыңның көзі (киім-кешек, сыйлыққа алған заттары, тағынған орден-медальдары, жазған еңбектері, т.б.) келешек жастарға мұра болып, педагогиканың тілімен айтқанда, көрнекі құрал ретінде ұрпаққа қызмет етпей ме.

Үйге, қара шаңыраққа байланысты тәлімдік тыйымдар, мақал-мәтелдер мен ғибратқа толы аңыз әңгімелер жетерлік. Мәселен, қосты тонағандар жазаланатын болған. «Қорқарың бар, қосты неге тонайсың?!» деп дүрелейді екен ұрыны. Үлкен үйдің төріне көңіліңді адалдап, ізгі ниетпен ғана шығуың керек. Көңілінде арамдық болса, онда сені қара шаңырақтың киесі ұрады.

Қысқасы, шаңырақ киелі ұғым екенін атам қазақ ерте заманнан айтып кеткен. Біреудің төрінде отырып дауыс көтеріп, орынсыз мінез көрсеткенді үй иесі (отағасы): «Шаңыраққа қара!» — деп тыйып тастаған. Онысы шаңырақты сыйла дегені. Бұрынғылардан қалған салтты, тыйымды еске салғаны. «Отауын сайламай, көсеуін сайлайды» деген мәтелдің тәрбиелік мәні дау туғызбайды. Алдымен жар таңда, содан соң ғана дүние жи дегенге саяды. Кейбір берекесіздердің пайда көздеп, ұсақсып кететініне келіңкірейді.Бүгінде бұл мәтел «Үйлену оңай, үй болу қиын» деген жаңаша мәтінмен айтылып жүр.

Отбасын құруға, ерлі-зайыпты болып өмір сүруге, бас құрап түтін түтетуге үлкен дайындықпен келген жөн. Бүгін қосылып, ертең ажырасып жату ата-бабамыздың салтына қайшы әрекет. «Отан - отбасынан басталады» деген қанатты сөз тегін айтылмаған. «Ажырасу» деген сөз қазақ ұғымында өте ауыр түсініктердің бірі. Ата-ана екі жасқа тілек тілегенде «Құдай айырмаса, мен айырмаймын» деп жатады.

Үйге байланысты тыйымдардың бірі — «Үй артында кісі бар». Яғни отбасындағы күңкіл-шүңкілді сыртқа шығарма дегені. Үлкендер: «Үй болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай

тұрмайды», - дегенді де қапысыз айтқан. Осыдайша отбасындағы ұсақ ұрыс-керіске кешіріммен қарай білген.

Қазақ ұғымындағы «Өз үйің — өлең төсегің» деген тіркес өзіңнің қара шаңырағыңа ештеңе жетпейді дегенді аңғартады. Жиренше шешен мен әз-Жәнібек туралы аңыз-әңгімелерде де бұл туралы шебер баяндалады. Әз-Жәнібек хан күндердің күнінде сарайынан шығып, ақылгөй шешені Жиреншенің құжырасына келген ғой. Сонда Жиренше аяғы қостан шығып жатып: «Қайран, менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім», — деп көсілсе керек.

Бес күндік опасыз жалған көзді ашып-жұмғанша өте шығары хақ. Өзекті жанға өлім бұйыршақ. Ырыс-берекенің ұйытқысы құтхана қапелімде қаралы шаңыраққа айналады. Үй иелері қара жамылады. Тіршілікте сыйласып өт дегенді ата-бабаларымыз: Бір үй толған жансың, бір-біріңе меймансың... — деп көрегендікпен дөп айтқан. Қазақтың біртуар ақыны Қасым Аманжоловтың:

Адамзат мекенінің мейманымыз,
Бір мезет дүниеге кетер соғып... —

деген өлең жолдары жүректі шымырлатады. Үйге байланысты ырымдардың тәрбиелік ықпалы өзектілігін жоймақшы емес. Мәселен, сапарға аттанып бара жатқан адам орта жолдан бұрылып кері қайтпайды. Бұл жаман ырымның нышаны саналады. «Қонақтың жақсысы — үйді тінтпей кеткені» деп те айтады. Қонаққа келгенін малданып, жайбарақаттыққа салынып, астындағы атын, қолындағы қамшысын жоғалтатын, «шідерімді кім алдыға» басатын мейман үй иелерін әбігерге түсіретіні белгілі. Атақты Біржан сал шідерін жоғалтып, әнге басқан ғой. Құдайы қонақ болып түскен үйінің қызы Ләйлімге екі жапсар, бір сылтаумен ұрынып:

Ләйлім шырақ, дегенде, Ләйлім шырақ,
Таудан аққан құм қайрақ сен бір бұлақ.
Қайыс болсын, жіп болсын, неге керек,
Шідерімнің бағасы қырық қысырақ,—

деп қолқа салған екен атақты Біржан сал.

Үй — дүниемен ажарланбайды, қонағымен ажарланады. Шаңырағына қонақ түспейтін сарандарды, үйінен дәм татырмайтын шығайбайларды тілі ұзындар: «Оның үйі - үй емес, мола», — деп сыртынан мінеп отыратыны да жасырын емес. Әдетте батағөй ақсақалдар: «Үйің жанға толсын, қораң малға толсын», — деп тілектерін айтып жатады. Үйді дүниеге сықап қойсаң да, адамы жоқ болса суық тартып тұрады. Өсер жас «Балалы үй - базар, баласыз үй - қу мазар» дегенді естен шығармағаны жөн. Шаңырақ әуел бастан қазақ ұрпында қастерлі саналған. Қосылған екі жасқа ата-ана, туыс-туғанның «Шаңырағың биік, керегең кең болсын» деп бата бергені соның бір нышаныдай. Иә, үй — әр үйелменнің құтханасы. Ошағыңнан от, қазаныңнан ас кетпеуі үшін тырбанып еңбек етуің керек. Білім іздеп, көкірек көзіңді ашқаның жөн. Бір кәсіппен шұғылданып, мал табасың. Ата-анаға масыл кержалқауды сыншыл көздер: «үйкүшік, үйтентек» деп жағымсыз атаған.

Жанұя

Атам қазақ амандық сұрасқанда: «Үй-ішің аман ба, малжаның, қора-қопсың, ауыл-аймағың аман ба?» — деп жатады. Бұл — мән-мағынасыз сөздер емес. Халқымыздың амандық сұрасып, жөн сұрасуының өзі мазмұнының тереңдігімен сүйсіндіреді.

Үй іші мүшелерін жалпылап қалай атаймыз? «Отбасы» десек жарасымды. «Жанұя» десек те мағынасын жоғалтпайды. «Үйелмен» деп те айтады. Меніңше, оны бір ізге түсірудің қажеті жоқ. Жанұя дейтіні неліктен? Қазақта «жаным ұяда болса» деген жақсы сөз бар. Бұл тірі жүрсем, аман болсам дегенге саяды. Бүгінде орыс тілді қандастарымыз «семья» деп атаудан жаңылар емес. Отбасы, үйелмен, үй іші деуге кежегелері кейін тартады. Олай болса, «семьямен» иықтасып «келсең, келге» басқан «жанұяны» жатырқаудың еш қисыны келмейді. Өз үйің - жаныңның ұясы емес пе?! Қазақ «бір үйде неше адамсыңдар?» демейді. Неше жансыңдар дейді. Бала-шағалы жанұяны жанды-жақты дейді. «Жандымыз» - отбасы мүшелері. «Жақты» делінеті - жейтін ауызды меңзегені.

Ата мен әже

Ата ұғымы көп мағыналы. Ата-баба дегенде жеті атаны меңзегені. Бұрынғы өткен бабалар атаға жатады. «Атамыз Алаш, керегеміз ағаш» дейді тегін білетін ұлтжанды азамат. «Атадан жақсы ұл туса, елінің қамын жейді. Атадан жаман ұл туса, елінің малын жейді», «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер. Өзін ғана білген ұл құлағы мен жағын жер», «Текті атаның баласы теңдікке тұрса да, кемдікке көнбейді». Атаның екінші бір мағынасы әке дегенге келеді.

Абай: «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ», — дегенде әкесі Құнанбайды айтқаны. Құнанбай төрт әйел алған. Алты баласы болған. Абай Үлжаннан туған. Бір анадан төртеу.

Қайын жұрттың (келіншегіңнің туыстары) үлкендері де «ата» делінеді. Қайын ата, қайын ене деген атау соған келеді. Біздің айтайын дегеніміз, әкенің әкесі. Қазақ үлкенін (шалды, ақсақалды) ата, аке, көке деп атаған. Шал дегенді ерсі көрген. Бүгінде «ақсақал» деген жалпылама сөз жастардың аузында жүр. Оған да шүкір дейміз, «әй, шал» демесе болғаны. Үлкен әке — жанұяның бас иесі. «Атасыз ұл — жетесіз ұл», «Ата көрген оқ жонады, ана көрген тон пішеді» деген мақалды үлкен әке мен шешеге қарата айтқан ғой қазақ.

Атасыз өскен ұл, әжесіз өскен қыз әдепсіз келеді десек, күпірлік болар еді. Өмірлік тәжірибесі бар үлкен әке мен үлкен шешенің алдына отырған, тәлім-тәрбиесін көрген баланың өзгелерден бір сабағы артық болады. Қайткенде де ата мен әже немересін жаман болсын демейді. Әдептілік сабағын жөргегінен сіңіреді немерелеріне.

Дау айтуыңыз мүмкін: «Атам арақ ішеді, әжем сәнқой», — деп. Өнегелі жас әке-шешесі тұрмақ, атасы мен әжесіне ықпал ете алады. Керек десеңіз, нағыз саналы өспірім үлкендерді аузына қаратады. Қамқоршы болады, артық-ауыс кемшіліктеріне кешіріммен қарайды. «Асыл — тастан, ақыл — жастан» дегенді ағамыз қазақ бекер айтпаған.

Бүгінгі бала ертең-ақ есейеді, ел көріп, жер таниды. Сонда ол әке мен шешеден, ата мен әжеден алған тәлімін, өнегесін жанына азық етіп, көргенді азамат болып қалыптасады. Барабара елінің елеулісі, халқының қалаулысы болып шығады. Мұндай озғындық — немересінің ертерек есеюіне жағдай жасаған ата мен әженің ықпалы. Кейде олай болмай шығады. Өсірген ұл мен қыз өз қолы өз аузына жеткен соң «сені қайдан көрдім?» деп теріс айналуы мүмкін. Суықсып алады әріберіден соң. Ондайлар үлкен әке мен шешені қарттар үйіне апарып тапсыруға құмбыл. Өз әке-шешесін де жетістіре қоймайды. Сонда қамкөңіл ата-ана: «Ұлдың өзі болғандай, келіннің өзі түскендей», — деп емеуріндейді. Қарғыс емес, кекесінге де жатпайды. Аңғара білгенге ой саларлық тәмсіл. Өзімшілдігі асқынған ұл мен қызға әке-шеше пікірін қатайта түседі. «Өзі болған қыз төркінін танымас» деп кейіс білдіреді. Жас өседі, жарлы байиды. Өмір озады, адам тозады. Ұл мен қызға да кәрілік келеді. Бағы қайтып, базары тарқайды. Соңда

олардың да балаға қарап қалады. Қазақтан сөз артылмайды: «Балаға қарадың - далаға қарадың», - деп түңіледі. Тіптен кекірейіп, ата-анасын көзге ілмей кетсе: «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді», — деп нықыртады.

Ата мен әже әулеттің, бір шаңырақтың батагөй ақсақалы. Немере мен шөберенің тілекшісі. «Атасы бардың нақылы молығады, әжесі бардың ақылы молығады», «Атасы бардың сөзі мәйекті келеді, әжесі бар ұлан әдепті келеді», «Ата — қорған, әже — орман»...

Кемпір-шал

Жастық — жалын, кәрілік — қоламта. Қоламтаны қанша үрлесең да лаулап кетпейді, сартап болып жатып алады. Тұтана қоймайды. Шал-шауқанды есептен шығарып тастамайды. Атам қазақ ондай мейірімсіздікке әсте бармаған. Дұрыс қартая білген де тектілік белгісі. Қарттық - дәреже. Сүйегі асыл, қарттыққа жеңдіре қоймайтын, білім-білігі өмір тәжірибесімен ұштасқан қарияны: «Тайлақтан артық нар болады, жігіттен артық шал болады», — деп көтермелеген.

Табиғат заңына, Алланың әміріне шара жоқ. Уақыт өз дегенін болдырады. Заманында жігіттің серісі мен перісі атан - ғандар да қалтақ шалға айналады. Жас күнінде етегімен көл шайқаған керімдер бетін әжім сызықтары айғыздаған кемпір атанады. Жақсы қартаю - бір мерей. Саушылығы мығым, жағдайы жақсы болса, әркім-ақ қырын сындырғысы жоқ. Заман — бұрқақ, қыз бен келін — жыртақ, бала мен немере — бұлтақ болып шықса, сордың жеңгені ғой («Бұлтақ» деген сөздің мағынасы тұрлаусыз, берекесіз дегенге саяды).

Қартая білу де қайсарлыққа жатады. Қазақ қариялары бойдан қуат кете бастағанда, көпшілік назарынан аулақтап, үйден ұзап шықпаған. Дүние сөзінен тыйылып, жайнамазға жығылған. Мал көзеген бай-бай шал атанып, қадір-қасиетін кетірмеген. Мұны тектілік дейміз.

Халықтан өткен сыншы жоқ. «Аюдың алжығаны тасқа шығып кетеді» деп емеуріндейді қадір-қасиетін сақтамаған кәріге. Не болса соған араласып, жастармен жағаласа берсе, ондай қарт «алжыған» атанады. Келін мен балаға тоқтамай, дау қуып, бәлеқор атанса, шарап ішіп шатаққа басса, ескі әдетін тастамай қыз-қырқынға ұрынса, ондай дәйексізді «шайтан шал» деп кекейді аузы жеңіл жастар.

Кәрілік әйел адамға үлкен сын. Бір кездегі ай қабақ, алтын кірпіктер шандыр бет кемпірге айналады. Әдетте, үлкендер

«кемпір демеңдер, әже, апа деңдер» деп жастарға қатты ескертеді. «Кемпірі бар үйдің кәпірі бар» деген қырыс сөз де айтыдып қалады. Тегіннен шықпаған. Жүрегінде аналық мейірімі аз, ұл мен қызына сүйкімсіз, келініне тынышсыздар одан да зорғысы — «мыстан», «қақпас» атанған. Нағыз жүрегіне мейірім тұнған, пейілі кең кейуананы немерелері «Ақ әже» деп қастер тұтады. Аялайды, ардақтайды.

Үлкенді сыйлау — халқымыздың ұлттық қасиетіне жатады. «Үлкені бар ауылдың иманы бар» деген қанатты сөз тегін айтылмаған. Өкініштісі, бүгінгінің қарттары қадірсіз болып барады. Өтпелі кезеңнің салқыны тиді десек те, ата мен әженің беделінің күрт төмендеуі олардың өздеріне байланысты. Кінәлі өздері. Үлкендік жоқ көбісінде. Ішетіні арақ, тартатыны темекі, айтатыны өсек болса, ондай қарияда қасиет болушы ма еді? Шал мен кемпірдің қадірінің қашуына тағы бір себепкер — ақымақ бала мен мекер келін, тас жүрек туысқан, тәрбиесіз жастар.

Аталар мен әжелер ақылдың кені іспетті. Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде де айтылған. «Жасы үлкендермен сұхбаттасып, ғұламалардан ақыл сұрап, халықпен араласып тұрыңдар». Халықта үлкендікке байланысты нақыл жетерлік. Ащысы да, ойлысы да бар. «Бөрі кәрісін жұлмалар», «Әкең қартайса құл жалдама», «Тарланды қойға мінбес бо-

лар»...

Ақындар қарттарды көп жырлайды. Жас ұрпақты мейірімді болуға шақырады:

Ардагер көнекөздер көп жасаған,
Жаныңа одан жақын болмас адам.
Жаңылыс жардан озбай жаяуласаң,
Жүйрігін түсіп беріп жолға салған.
Жүреді ізбасарын карағымдап,
Береді болар ұлға бағаны нақ.
Батагөй қара шалдар, дана шалдар,
Тілеген мәңгі ғұмыр саған ұзақ.
Суын тап қалтақ шал деп айта көрме,
Таптырмас ақылшы ғой жайсаң ерге.
Тарланды қойға мінбес есті бала,
Бабын тап кәрі бозды салсаң өрге.
Опасыз пәни жалған бір-ақ күндік,
Кәрілік әлі-ақ жетер саған сырғып.

Әке мен шеше

«Әке — асқар тау, шеше — ағын су». Түсіндіруді қажет етпейді.

Ана сүтін ақтау қиынға соғады перзентіне. Ананың қақ өзегін жарып шығасың. Шеше әкеден гөрі жұмсақтау келеді. «Әке қарғысы — ақ, ана қарғысы — боқ» дейді қазақ. Әке қаталдау болуға тиісті. Көңіл жықпас жігерсіз әкенің баласы ынжық, босбелбеу, кержалқау келеді. Ел шетіне жау келгенде жарға бұғатын қоянжүрек әйеншектер босаң тәрбиенің салдарынан болады.

Аңызға құлақ түрейік. Бір жігіт қажылық сапарға аттануға ниет етіпті. Сөйтіп, Меккені бетке алып жолға шығады. Жолай алдынан бір әулие кезігеді. Әулие жігітке «Үйіңде әкең мен анаң бар ма?» деп сұрайды. «Бар болса, соларды қалған ғұмырыңда ренжітпе, барыңды ауыздарына тос, қас-қабағына қара. Сонда сен Меккеге барғанмен бірдей сауапқа ие боласың. Алланың жақсылығына кезігесің» дейді әулие.

Тағы бір аңызда былай делінген: Ертеде бір адам өлерінде қатты қиналыпты. Жаны шықпай қояды. Сонда осыны көріп тұрған тақуа: «Бұның анасы тірі ме? Тірі болса, соған барып, баласының жағдайын айтыңдар» дейді. Жігіттің жақындары әлгінің анасына баласының жағдайын білдіреді. Қатыгез ұлынан әбден түңілген шеше «оған сол керек» деп қайырылмай қояды. Кешірім жасаңыз дегендердің өтінішіне илікпейді. Елдің игі жақсылары анасының алдына жиналып барады. «Ата-анадан қарғыс алған дозақыны тірідей өртейміз деп жатыр» дейді. Сонда анасы селк етіп шошып кетіпті. «Отқа жаққан деген не сұмдық?! Кештім, кештім! Ішімнен шыққан шұбар жылан ғой» деген екен. Осы кешу сөз анасының аузынан шыққан бетте жаны шықпай қиналып жатқан жігіт созылып жүре беріпті.

Пайғамбар хадисінде: «Әуелі анаңа, тағы да анаңа, тағы да анаңа, содан соң Отаныңа жақсылық жаса», - делінген. Бір қыршын жиһад соғысына тіленеді. Сонда қолбасы одан: «Ата-анаңнан рұқсат алдың ба?» — деп сұрапты. Жігіт ата-анасының пәтуасын алмай, өз еркімен келгенін айтады. Сонда көпті көрген қолбасшы: «Ертеңгі күні соғыста қаза тапсаң, итжемеде атаусыз өлесің. Шейіт кеткенге саналмайсың. Алдымен әкешешеңнің рұқсатын алып кел», — деп кері қайтарған екен.

Біле-білгенге ата-ананың жолы ауыр. Атаның күші мен ананың сүтін ақтау әрбір саналы жастың басты парызы болуға тиіс.

Ертеде бір адамның көп жасаған анасы болыпты. Бәлкім, жүзде, бәлкім, одан да көп жасаған. Кейуананың келіні жайсыздау болса керек. Ері ұзақ жолға жиналып жатқанда, әйелі: «Сен болсаң ұзақ уақытқа кеткелі жатырсың. Қашан ораларың белгісіз. Өзің жоқта анаң олай-былай болып жүрсе, менен көрме», - деп арылады. Ері: «Саған қиын тиетінін білемін. Көп жасаған адам ғой, өкпені майға қуырып бере бер. Өзі де көпке ұзамас», - дейді. Әлгі азамат апта жүріп, ай жүріп үйіне оралса, шешесінің түгі кетпепті. Аппақ борықтай болып оңалып алған екен дейді.

Шариғат бойынша, әкесі баласын өлтірсе, қатыгез әкенің дәм-тұзы таусылып, о дүниеге аттанғанда жаназасын шығаруға болады. Ал бала әкесін өлтірсе, ондай адам жүзге келіп өлсе де, жаназасы шығарылмай, о дүниеге кәпір өлімінде кетеді делінеді. Құранда солай жазылған. Әкесін өлімге қиған қанышердің екі дүниеде жүзі жарық болмайды екен. Олай болса, мына бір өлең жолдарын қаперде ұстайық:

Ағын су, асқар тау ғой ата-анаң,
Ардақтап сыйлағайсың болса санаң.
Көзге ілмей әкесін де, шешесін де,
Жүреді кекіректеп кейбір надан.
Сен өзі қайдан шықтың болған мырза,
Шүпілдеп кенересі толған мырза.
Есті айғыр енесіне оқыранбас,
Масайған не біледі жалған пұлға?!
Қайсарлық жарасады жас балаға,
Аралас ғұмыр майдан бақ сына да.
Ұмытып ата-анаңды кетпегейсің,
Атанба әлім-перім бақсы бала.
Алмасаң әке-шешең ақ батасын,
Ғұмырда жанбай бағың бос лағасың.

Бала мен келін

Жас өсіп, жарлы байымақ. Үлкен ұл үйленген соң, жеке отауға шығады. Ортаншы бала да қара шаңырақтан іргесін бөледі. Кенже бала ғана түп қазықта — әке-шешесінің қолында қалады. Үлкендер айтушы еді, тұңғыш бала ата-анаға суықтау келеді деп. Оның мәнісі үйі бөлектің күйі бөлекке саяды. Әке-шешеге міндет артпай, өз күнін өзі көруге бірінші болып кіріседі. Содан салқын тартады.

Үлкен бала өзімшілдеу келетіні рас. Ол бауырларына

әмірін жүргізуге бейім. Ортаншы да үлкен ағасына жақындау болады. Кіші ұлдың мінезінде алдыңғы ағаларына қарағанда кереғарлық байқалып тұрады. Кейбір үйдің кенжесі әке-шешесіне арқа сүйеп алады. Саналысы сандақ болып шығады. Ақылгөйлері қасында. Солардың айтқанын екі етпесе болғаны. Шарап ішіп шатылып, ұрлық істеп ұсталып жатпайды. Тәртіпті, тәрбиелі өседі кенже ұл.

Ал келіндер ше? Үлкендер айтып отырушы еді балаңның адал болғанынан келіннің адал болғаны артық деп. Келін — біреудің көзінің ағы мен қарасындай қызы. Келінмен ілесіп ырыс келеді дейді. «Қойшының таяғынан, келіннің аяғынан» деген мақал келінге іш тартудан шыққан.

Келіннің ырысты болуы ата-енесіне, қосылған қосағына, қайын жұртына байланысты. «Жақсы елге түскен келін — келін, жағдайсыз әулетке тап келген келін — келсап». Ежелгі халықтық үрдісте жаңа түскен келін қонақтарға шай құятын дәстүр бар. Бүгінде бұл әдет мәнінен айырылған. Жаңа түскен келінге шай құйдырып, қонақтарға қызмет көрсетуге икемдегені — қайын жұртының үлкендеріне таныстырудың жоралғысы. Ата-енелер «Келіннің қабағы ашық, қолы берекелі екен» деп айтып жүреді.

Жас келіннің үлкендерге сәлем салуының өзі әдепке жатады. Үлкенді сыйлауға тәрбиелеудің алғы шарты. Әдетте, жас келін ата-енесінің есімін, әулеттің үлкендерінің, қайнағасының атын атамайды. Оларға ат қояды: «Үйдегі үлкен кісі», «етікші ата», «аңшы қайнаға» деп атайды. Қайындарына да түрлі ат қояды. Олардың мінез-құлқын біліп алған соң байыппен бастайды. «Кенжем», «үлкен үйдің тентегі», «мырза жігіт», «сері қайным» деп ерекшелейді. Қайындарының мінез сипаттары мен түр-тұлғасына қарата «дәу табан», «жүрдім-бардым қайным» десе, қайынсіңлілерін «еркем», «танакоз», «кенже қыз» деп еркелеткен.

Ескілікті ұрыпта қазақ әйелі күйеуін әсте өз атымен атамаған, жанама ат берген. «Рысбаланың көкесі», «біздің үйдің кісісі», «отағасы», «балалардың әкесі» деп ізет көрсеткен. Мұның бәрі тәрбиеге жатады. Үлкенді құрметтеудің, жар сыйлаудың халықтық үлгісі.

Тәрбиелі келін бәйбіше жасына жеткенде кішілерге жөн көретеді. Ықпал етеді. Ұл-қызын әдептілікке тәрбиелейді. Өзі отырған үлкен үйдің үлкен-кішісіне қамқор болады. Ізгілік пен адамгершілік, мейірімділік - сыйластықтан бастау алады. Өзгені сыйлаған келін өзін де сыйлата біледі. Тарихқа көз жүгіртсек, елге тұтқа, әулетке ұйытқы болған талай аймандай

келіндердің тәлімі кейінгілерге үлгі болып, халық аузында аңызға айналған. Найман ұлысына қарасты сондай бір шежірелік аңызға кезек берейік.

Найманның бес ұлы болған екен. Жаугершілікте бес ұлы бірдей жау найзасының ұшында кетеді. Тоқбай деген баласының Әлпеш атты келіншегі жесір қалады. «Атамның атын үзбеймін» деген келіні арғын, қыпшақ, керей жігіттерінен бойын аулақ ұстайды. Қартайған атасы Найманға қыз алып береді. Оны Әлпеш «Қызене» деп атапты. Сол Қызене Найманнан жүкті болады. Алайда Найман баба болашақ тұяқ жалғарын көруге үлгермейді, Алланың ақ бұйрықты ажалымен дүниеден озады. Қызене ұл тауып, атын Белгібай қояды (Бұл атаны «Өкіреш» деп те атайды. Онысы, Найман шалдың өкіріп-бақырып жүргенде артында қалған белгілісі дегені). Белгібай он алтыға келгенде әмеңгерлік салтымен қырықтағы Әлпешке үйленеді. Екеуінен бір ұл туады. Әлпеш тоқтасып (бала табудан тоқталғаны) қалғанын желеулеп, Белгібайға қыздай әйел алып береді. Мұнымен де қоймай, үшінші әйелге үйлендіреді. Белгібай осы үш әйелден үш ұл сүйеді. Найман ұлысы осы үш атадан тарайды екен.

Ұрпақ жалғастығына дәнекер болған Әлпешті халық «Найманның ақнар келіні» атап кеткен. Күні бүгінге дейін ұрпақтары оның рухына бас иеді. Осы Әлпеш сынды ақылды келіндер әр руда болған. Қазақ халқының қара шаңырағын биіктетіп, замана дауылына жықтырмаған қазақ әйелдерінің мерейі әрдайым үстем бола бермек.

Әдетте, келін мен ененің арасындағы алакөздік көп айтылады. Үй ішіндегі ұрыс-керістің, түсініспестіктің себеп-салдарына тоқталып жатпаймыз. Өзегін жарып шыққан баласын қай ана басқаға қиғандай. Тәрбиесіздеу, қытымыр келінінен енесі баласын қызғанса, оған кешіріммен қарау керек. Мұндай «қызғаныш» адам жанының құпиясына жатады. Оны жіліктеп, талдау ұшқарылық. Бала тауып беріп, ернін жібіткен келінді ене жек көрсе, өзіне сын.

Егер келін өзімшіл, қытымыр, қызғаншақ, байжанды, мейірімсіз атанса, сордың жеңгені. Оған бір жағынан әйелжанды, тоғышар отау иесі кінәлі. Келіншегінің құшағында балқып, ләззат мастығына батқан мырзамыз әке-шешені есінен шығарып алуы бек мүмкін. Сондайда сыншыл ана шыдай алмай қатты айтады. Міне, мәселе қайда жатыр. Тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп тапқан, өсіріп ер жеткізген ұлы ата күші мен ана сүтінің қадір-қасиетін білмей, мекер келіннің жолына айтып жіберетіні жиі кездесетін жағдай. Мұндайды атам қазақ: «Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді», — деп емеуріндейді. Ынжық ұлды қайрағаны. «Бақпасаң мал кетеді, қарамасаң қатын кетеді» деп және ескертеді. Еркектік сезі жоқ ұлын әке-шеше «жадыбас» деп кекейді. Еркекке сұс, ызбар жарасады. «Астындағы атыңа сенбе, қойныңдағы қатыныңа сенбе» дегенді ұшқары пікір деу қисынсыз. «Баланы жастан, қатынды бастан» дейді атам қазақ. Әйелдің өр мінезді болғаны жарасымды. Алайда төрге өрлей бергені, ата-енесін тықсырып, күйеуін билеп-төстей бастағаны жараса қоймайды. «Еркек — бас, әйел — қабырға». Мына бір толғау еріксіз тілге оралады:

Атаң болса анаңмен,
Қоршап тұрған қорғаның,
Жақсы болса алғаның,
Ардақтысы ол жанның.

Әдемі-ақ қисын. Ақын (Қайып Айнабеков) термесін тұздықтай түседі:

...Ақымақ бала алдыңда,
Көрініп жүрген жынмен тең.
Жаман туыс бір масыл,
Арқалаған құммен тең.
Кекесіні келіннің,
Езіп берген умен тең....

Өмір үнемі бір орында тұрмайды. Бүгінгі жас келін мен үйленген жігіт ертең-ақ қыз ұзатып, келін түсіреді. Халықтың алды — кең. «Ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің. Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» деп толғайды ақындар.

Кейде ақындардың өлеңі ащылау келеді. Мақсат біреу — қайтсе ұрпақты мейірімділікке тәрбиелеуге болады? Мейірімділік — ізгіліктің бастау көзі, адамшылық арқауы.

Бала — бал тәттілігі таңдай қапқан.
Қасыңа алып жадырар иіскеп жатсаң.
Қылығы, еркелігі жаннан асып,
Секілді күміс шақша ашу басқан.

Бір сол деп аз ғұмырда тырбанасың,
Кейінге серпіп тастап жыр додасын.
Қасыңа солар үшін сойыл білеп,
Досыңның міне шауып ұрлап атын.

Бала үшін жалпыштанып надандарға,
Жүресің атқосшы боп жамандарға.

Өскен соң жетесіз ұл сүрейленіп,
Тездетер ажалыңды, амал бар ма?!

Құдайым сақтай көрсін надан ұлдан,
Бұрындау өлтіреді ажалыңнан.

Мұңлық

Халқымыз астарлап, майдалап сөйлеуге шебер. Қызды «мұңлық» дейді. «Бойжеткен» деп және айтады. Қыз — дүниенің ажары мен базары. «Қыз кеткен соң ауылдан қызық кетер» деп әндетпей ме бозбала. «Қызға кім сөз салмайды, қымызды кім ішпейді» дей тұра, атам қазақ сұлуын жатқа қимаған ғой.

«Жақсыны жатқа қимас болар» деп емеуріндегенде айтпағы сол. Қыз — намыстың жиынтығы. Намысты қыз арлы келеді. Жыртақайлыққа салынбайды. Мұңға бейім тұрады. Мұндық дейтініміз содан қызды. Ақындар бойжеткенді гүлге теңейді. Гүл аз күндік қана. Ғұмыры қысқа. Қыздың гүл ғұмырлы болатыны, ата-ана бауырында бұлғақтап ұзақ жүре алмайды. Табиғат заңы қатал. Гүлдеп тұрған дер шағында жігіт назарына түспесе, гүлдей солып қалады. Бұрынғының қыздары:

Ай көрінер ақ үйдің мандайынан,
Берген қантың кетпейді-ау таңдайымнан,
Бұлғақтаған біреудің еркесі едім,
Кез қыласың жігіттің қандайына? -

деп армандаған ғой.

Халық ұғымында «кәрі қыз» деген сөз ұнамсыздау шалынады құлаққа. «Отырған қыз орнын табар» деп жұбатады ата-ана бір-бірін. Өзін ұстай білген, намысын жігітке таптатпаған қыз ғана отырып қалады. Ондайлар сирек. Атам қазақ қызды құтты жеріне қондыруға асыққан. Ескілікті сөз бар: «Өлікті жөнелтуге, қызды ұзатуға асық», — деген. Неге асығады? Үйде жүре тұрса қайтеді? Қазіргі жағдай соған барды. Жастарға үкімет тарапынан қамқорлық керек. Билік тізгінін ұстағандар жастар қалашығын тұрғызсын. Кәсіпке бейімдесін. Ұлттық дәстүрді насихаттасын. Қыз — ұлтымыздың намысы, махаббаттың алтын құсы. Бүгінде жастар «махаббат жоқ» дегенді шығарды. Көрінген әумесерден алданған қыз бейбақ махаббат жоқ демегенде не десін?! Заманның азуынан ба? Тәнін саудалағандар шығып жатыр. «Арыңды жастан сақта» деген ғой халқымыз. «Қызға қырық үйден тыйымды» атам қазақ тегін айтпаған.

Әйел заты

Қыз дей отыра әйелді тілге тиек етуімізде түбірлі себеп бар. «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады-ны» айтқан біз емес, халықтан шыққан сөз. Кім әлпештеген қызын жаман болсын дейді?! «О, шіркін, жақсы ұрғашы, сүт бетінде қаймақтай, екі дүниенің тұтқасы. О, шіркін, жаман ұрғашы, қабаған қара иттейін, көлденең жолда тұрмашы. Екі дүниені былғашы» дегенді ділмарлар тегін айтпаған. Әйелді бейнелеп «ақ жаулық» деп айтады. «Бірінші байлық — денсаулық, екінші байлық — ақ жаулық». Діни аңызда әйел еркектің қабырғасынан жаратылғаны айтылады. Содан да «алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық» делінеді. «Бір әйелдің амалы қырық есекке жүк» дегенді тағы қосарлайды. Соған қарағанда әйел заты осал емес. Әйелді «қатын» деп те атаймыз. Қазақ халқы сөздің үндестігіне, әуезділігіне қатты мән берген ғой. Бабаларымыз сұлу сөйлеген. Өзбек ағайындар «қатын-қыздар» дегенге салмақ түсірсе, қазақтар әйел дегенді көбірек ауызға алады. «Қатын дей беретінің не, қатып қалғыр» деп ұзын шаштылар дөрекі сөйлейтін еркекті тыйып тастайды. Десек те, мақал-мәтелдердің дені қатын сөзіне қарата айтылады. «Қатын алма, қайын ал», «Қатын өлді, қамшының сабы сынды», «Бақпаса мал кетеді, қарамаса қатын кетеді», «Жалғыз болар жігітке бедеу қатын кезігер», «Қатын ашуланса, қазан қайнатар», «Кіші қатын — кісі қатыны», «Байдың атын қатын шығарады, қатынның атын жетім шығарады», «Жаман ерден жайдағым жақсы, жаман қатыннан бойдағым жақсы», «Айлас қатын — мұңдас», «Қатын өтірік айтпайды, қағыс естиді», «Ағайынға қадірім жоқ, бетімді көреді. Қатынға қадірім жоқ, етімді көреді», «Жақсы атын мақтар, жаман қатынын мақтар», «Қатын бастаған көш оңбас»... Сонда әйел заты атқа мінбеу керек пе? Билік тізгінін ұстауына болмай ма? Төмен етектілерді тым тұқыртатыны қалай? «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» дегенді тағы айтады. Халық айтса, қалт айтпайды. Сандаған ғасырды артқа тастап, ұлт болып ұйысып, халық болып қалыптасқан Қазақ елі қайсарлықты дұшпанына қанжар ретінде жұмсаған. Қанша дегенмен, әйел заты жұмсақ келеді. Табиғатына жат қатыгездік. Онсыз да жүгі ауыр. Қақ өзегін жарып бала табады. Еркекке жар болады. Енді оларға атқа мін, билікке аралас деу - әйелге жасалған қиянат. Төмен етектілерді мансапқа дәніктіріп, ел билігіне араластыру - бүгінше айтқанда оларды әйелдік құқықтан айыру болып табылады. Қазақ атамыз соны жақсы білген. Бір кездері дәуірлеп

жарты әлемді уысында ұстаған түрік қағанаты билікке ұзын шаштылардың араласуынан ыдыраған. Көршілес елдер сұлуларын түрік қағандарына ұзатқан. Сол сұлулар қойындасқан қосағына айтқанын істетіп, ел билеген сұлтанды бұрыс жолға салып жіберген. Содан барып қағандардың беделі түскен. Беделсіз билеуші халықты тура жолға бастай ала ма?

Орыс шовинистері, коммунистер аралас некені құптағаны мәлім. Кім орыстан қатын алса, кеңестік биліктің оң көзіне ілікті. Қызмет бабында өсті. Бүгінде азаматтық неке күш алды. «Әкесі өлгенді де естіртеді», бұл дегенің бірін ал да, бірін таста дегендік емес пе өзі?! Сонда некедегі тұрақсыздыққа көпекөрінеу жол ашқанымыз ба?

Гендерлік саясаттан да хабарыңыз бар. Батыс әлемінде, Еуропа елдерінде бұл саясат заң жүзінде бекітіліп, жүзеге асырыла бастады. Әйел мен еркектің ара салмағын теңестіріп, керек десеңіз, әйелді алға шығару саясаты жаппай етек алып барады. Адам құқығын шектемеу дегенді желеу етіп, демократия жалауын желбіреткен батыс саясаткерлері төсек еркіндігін билікке келген әйелдердің құптауымен жүзеге асырмақшы.

Еркек пен еркектің, әйел мен әйелдің некелесуі, шешесінің ұлына қойынын ашуы, жыныстық еркіндіктің ашық дәріптелуі Еуропа мемлекеттерінде (Норвегия, Дания, Швеция, Голландия) заңдастырылып та қойылған. Хайуандық нәпсіні дәріптеу — құмарлықты қоздырып қана қоймай, адамзат баласын азғындыққа итермелеп, ақпарат тасқыны арқылы бізге де келіп жетті.

Тарихтан белгілі бір жымысқы тәсіл бар: «Елін жаулап аламын десең, әйелдерін азғындат». Осындай көзқарасты көздеген дұшпандық есіктен сығалай бастады. Төрге озудың аз-ақ алдында. Жасыратыны жоқ, қазақ азаматтары болбыр тартып барады. Қалтаны ойлау, бас қамынан артылмау, жал - ған атақ пен мансапқа бола діні мен ділі, тілін, керек десеңіз, Отанын да сатып жіберуге бар «жаңа қазақтар» ұлттық құндылықтарды көзге ілмей, жаңашыл болғансып, Батыс мәдениетіне көзсіз еліктеп, өзінің қазақ екенін ұмытып, космополиттік пиғылын ашық мәлімдеп, ұлтына жау болудың аз-ақ алдында. Ата-бабамыздан қалған асыл жәдігерліміздің (ұлттық киім, тұрмыстық бұйымдар, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қазақи мінез, әдебиет пен өнер) ығыстырылып, мұражайдан табылып сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысына дейін батыстық үлгіні көшіріп алған «дамыған қазақтар» ертеңгі ел билігіне араласатын, ұлтын ұлықтайтын, алашым деп майданға шығатын ерлер деуге аузың бара ма? Отаны үшін «отқа түсетіндерді» бөжекей

етіп көрсетіп, «жікшіл» деп таңбалап, зықысын шығарамыз. Бүгінгі азаматтардың дені тоғышарлық дертіне шалдыққан. Ертеңгі күні гендерлік саясаттың «саңлақтарына» жол беріп қоюы кәдік. Кешегі көк түріктің ұрпақтары, Алаштың ардакүрендері аламанда «ақ байталдарға» ілесе алмай шаң қауып қалса, көкеңді сонда танисың. Бабаларымыз «Байтал шауып бәйге алмас» деп тегін айтпаған. Гендерлік саясат бізге қол емес. Қазақты жоюдың саясаты болса, қалайша қолдарсың?

Жә, бұл тақырыпты осымен тәмамдайық. Онсыз да жоғалтқанымыз аз емес. Әйелдеріміз балаға ана болсын, жарына пана болсын. Қошқардай ұл тапсын, сүйіктей сүйкімді қыз тапсын. Ерін сыйласын, ерін сыйлаған әйелді елі сыйлайды. Тәнін сатпасын, етегін ашпасын. Шашын жаймасын, ұлт қамын ойласын. Шалшықта шабақша шоршымай, адамшылық айдынында ақ сазандай еркін жүзсін.

Халқымыз ана сыйлауды, әйелді ардақтауды, қызды аялауды ежелден берік дәстүрге айналдырған. Ұлттық қасиетіміздің, ерекшелігіміздің бірі - әйел затын арындай қорғап, аруын жатқа қимағаны. Халықтық жыр-дастандарда, ертегі аңыздарда әйелді дәріптеудің небір озық үлгілері бар. Бәрінен де бұрын «сүйген жар» деп, «қосағым» деп, «қияметтік жолдасым» деп тек қазақтар ғана айта алған. Ақындар ең сұлу сөздерін әйел затына арнаған.

Жар

Жұмыр басты пенде жарық жалғанға аз ғана күндік мейман. Мәңгілік тұрақтай алмаймыз. Келеміз де, кетеміз ана жаққа. Содан да халық бұ дүниені «қамшының сабындай қысқа ғұмыр» дейді. Жазмыштың саған бұйыртқан аз күндік қызық-шыжығын бөлісетін қойыңдағы қосағың, жан жарың.

Кісіге екі дүниеде де шынайы жолдас адамгершілік. Адамшылық қасиетіңмен таныласың ортаңа. Мұны діни ұғымда «иман» дейді. Қайтыс болған адамның жақындарына көңіл айтқанда «Иманы жолдас болсын» деп жатады қазаға жиылғандар. Тіршіліктегі екінші бір айнымас серігің — жарың. Жаныңа ең жақын адам сол. Содан да атам қазақ әйелді «жар жолдас» деп атаған.

Тілімізде «жар құшағы», «жар төсегі» деген ұғымдар бар. «Жар құшағы - жалғанның жарым қызығы» деп келеді. Жар төсегіне Абайдан асырып ешкім баға бермеген. «Кем емес хан тағынан жар төсегі» дейді данышпан ақын. Жардың саған де-

ген қылығы, ықылас-пейілі ше? Жарың саған адал болса, сыйлай білсе, көңілің ешқашан кірлемейді, қабағың ашық жүреді. Ісің өнімді, кәсібің жемісті болады. Шал ақын да (1760-1831ж.ж.) әйелді жырға қосқан ақындардың бірі.

Әйел алсаң қарап ал ақылдысын,
Сол болар басқадан да жақын кісің.
Ағайынға, туысқа қайырылса,
Дүниеде нағыз сол мақұл кісің.
Еріне аю, баласына қасқыр болса,
Ондай қатын алғанның күні құрсын... —

деген Шал ақын әйел затына шебер баға берген.

Ерім деген жардан қойыңдағы қосағы айнымайтын адалдықты күтеді. Сондағы тоқтамы мынау:

Ұшады қара бүркіт аспанменен,
Болжаусыз таң атпайды сасқанменен.
Кісіге кісі жары жар бола ма,
Қаншама бауырыңа басқанменен...

«Жолға шыққанда атың өлмесін, жер ортасында қатының өлмесін» деген сөздің астарында терең мән жатыр. «Қатын өлді, қамшының сабы сынды» деп қазаны жеңілдетіп айтқанмен, жардан айырылу оңай емес ер жігітке. Әйелі өлген еркектің екінші жолдасы дұрыс келмесе: «Жолдан қосылған жолдаяқ» деген сөз ауыздан еріксіз шығады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистерінде әйел мен ердің сыйластығы жөнінде көп айтылған: «Некелі әйеліңмен тату-тәтті бол». Әйелдерді тек жақсылар ғана құрмет тұтады. Жамандар оларды аяқ асты етіп қорлайды. «Алла алдындағы пенделердің ең жақсысы - өз отының басына пайдасы тиетіндер. Бір-біріңді жақсы көріндер, өйткені жақсы көру махаббатты арттырады, ділдегі (жүректегі) дұшпаңдық сезімді жояды».

Түркіменнің атақты шайыры Мақтымқұлы:

Өз үйің — бейне мысыр шаһары,
Көпірмеден жақсы сөздің мақалы.
Кімге керек біреудің жас тоқалы,
Жалғыз жарың — кім болса да сол жақсы, —

деп жар қадірін аспандата жырлайды. От жағу, түтін түтету — бірлік пен ынтымақ белгісі. Үй иесін «отағасы», әйелін «отанасы» дейтініміз сол ыңғайда.

Дін, оның ішінде Ислам діні ерлі-зайыптылардың адалдығына, тазалығына шарт қойғанда, аса қатты кетпейді. Әйелдерді әр

нәрседен шектегендегі мақсат - отбасының жарасымын ойлағаны, ерлі-зайыптының татулығын тілегені. Мұсылмандар әйелдерді қорлайды деп жала жабады бүгінде кейбір өркениет насихатшылары. Көп әйел алушылықты жазғырады. Құранда төрт әйел алуға рұқсат етілген. Ондағысы жесірі мен жетімін қорғансыз тастамаудың амалы. Төмен етектілерге қымтанып жүруді міндеттегені - нәпсіні шектеудің амалы. Ашық-шашық ұрғашыға көзі түскен еркек еріксіз қозады. Әйелдердің басты міндеті - бала табу, адал жар болу. Әйелдерді қоғам өміріне араластыру, саясатқа икемдеу - артық міндет деп біледі Ислам мәдениеті. Көп жағдайда әйелдің құқығын шектеу оларға көрсеткен құрметке жатады. Пайғамбар хадисінде: «Қашан да ері әйеліне, әйелі өз еріне жәрдемдессе, Алла оларға рахыммен қарайды. Егер ерлі-зайыптылар алақанын алақанға қосса, саусақтарының арасынан күнәлары төгіледі», - делінген.

Ел аралаған әулие қоналқаға қыстаққа бұрады ат басын. Бір үйдің сыртына келіп «кім бар-ау?!» деп дыбыс береді. Сыртқа бір жас әйел шығады.

- Үйіңнің тіреуі бар ма? - деп сұрайды әулие.

- Жоқ, — дейді келіншек сөз мәнісін түсіне қоймай. - Біздің үй тіреусіз тұрғызылған.

- Ә, онда сенің үйіңе қонуға болмайды екен,- деген жолаушы әрі қарай өтеді. Тағы бір үйдің тұсында кір жайып жатқан әйелден:

- Үйіңде тіреу бар ма? - деп сұрайды тағы да.

- Тіреусіз үй болушы ма еді?! - деп әйел кекірттеу жауап қатады.

- Онда қонуға болады екен сенің үйіңе, - дейді де, жолаушы аттан түседі.

Төрге озған қонақ:

- Тіреуің қайда? - деп сұрайды әйелден.

- Сүйеніп отырсыз ғой, - дейді әйел жайбарақат.

Жолаушы:

- Отағасы емес пе үйдің тіреуі? - дейді.

- Қайтыс болған, - дейді әйел кемсеңдеп.

- Күйеуіңнің қайтыс болғанына неше ай өтті?

- Жылға тақады.

- Содан бері үйіңе тіреу қоймай жайбарақат жүрісіңе жол болсын! - дейді әулие салқын райда.

- Дұға бағыштаңыз, - дейді әйел мұңайып.

Дұғаның қабыл болмайтынын ескерткен әулие үйден шығып кетеді.

Діни аңызға құрылған осы әңгімеден нендей ғибрат алуға

болады? Осы күні кейбір үйдің тіреуі мүлде жоқ. Тіреусіз үйлер (күйеусіз әйелдер) көбейе бастаған. Тірі жесірлер мен жетімдер қаншама?! Әлгі әулие не деп кетті өзі? Мұндай аңыздан бүгінгінің адамдары үлгі алып жарыта ма? Еркіндікке жол ашылған заманда «тіреусіз» үй жетерлік. Күйеусіз де өмір сүреді әйелдер. Ішімдікке салынған, нашақор, оған қоса табыс таппайтын әкені қайтеді бала?! Бала-шағасын көңіл желігіне айырбастап жіберетін ерді қайтеді әйел пақыр?

Құран — Алланың адамдарға жіберген қасиетті кітабы. Ислам дінінде күйеуі өлген әйелдің үш айдан кейін тұрмысқа шығуына рұқсат берілген. Ал әлгі аңызда айтылған әйелдің күйеуі дүниеден озғанына бір жылға тақаған. Әулие оның рухына құран бағыштаудан тартынды. Қабыл болмайтынын айтты. Әділет пе осынысы? Жап-жас әйел күйеуінің аруағын құрметтеп, жесір отыр. Өзгелерге үлгі етуге лайықты төзімділігі. Бұл арада шындық бүркемеленіп тұр. Әулие сол шындықты ашып тастады. Тән қажеті шыдата ма жесір әйелді. Тұрмыс құруы керек. Сонда қабыл етіледі екен дұғасы.

Тіреусіз үй ортасына түсуі кәдік. Ері жоқ жесір әйелдің күні тіреусіз үймен тең. Жетім-жесірді кім-көрінген басынады. Мазақ етіп кетеді әрі-беріден соң. Ондай әйел бара-бара түзу жолдан тайып, көрінген еркектің қолжаулығына айналады.

Аяқ салу

Ата-бабамыз жесірін қаңғытпаған, жетімін бауырына тартқан. Мұны дала заңына үйлестірген. Сондай қазақы ереженің бірі — аяқ салу.

Өткен ғасырдың елуінші жылдарында, соғыстан кейінгі кезеңде жесір мен жетімде есеп болмады. Екі үйдің бірі қара жамылған. Әке-шешеміз «Анаған қайынағасы аяқ салыпты ғой» деп жұмбақтар еді. Кейін білдік. Бұл ата-бабадан келе жатқан рәсім екен. Қазақ әйелдері, жетім-жесірлер кім-көрінгенге етегін бастырғанды ар санаған. Сәкен Сейфуллиннің жары Гүлбаһрам жиырма сегіз жасында ақыннан айырылып қалды. Қуғында жүргенде жалғыз ұлы Аян да шетінеп кетті. Ақынның жары өмірден тұл жесір (күйеусіз, баласыз) өтті. Небары жиырма сегізінде жесір қалса да, өз жалынына өзі өртеніп, жесірлікке қайсарлықпен шыдаған.

Мұхтар Әуезов 1937 жылы ұсталып, атылып кеткен Ілияс Жансүгіровтің жары Фатимаға аяқ салған. Некелесу мүмкін болмаған. Ол кезеңде екі әйел алу коммунистік моральға қай-

шы еді. Халық дәстүрінде ата-бабамыздан үзілмей келе жатқан әмеңгерлік салтқа кірікпейтін бір жол - аяқ салу. Бұл салт некелесуге үйлесе қоймайды. Соған жуықтау десе болады. Қимастыққа, көңілдестікке жуықтайды. Ертеден бар үрдіс. Жақсының артында қалған жарына теңдес тұстасы ұрынады. «Жаманға жар төсегін бастырғысы келмеген» есті әйел күйеуінің үзеңгілесіне, қимас досына бейімделеді. Мұхтар Әуезовтің Фатимаға көңілі құлауы ата-баба дәстүрімен сабақтас. Соны қаперде ұстаған Мұхаң ақынның жесіріне аяқ салған.

Аяқ салу төсек қатынасымен бітпейді. Жесірге қамқорлық көрсетіп, қарайласуға ұласады. Жесірге аяқ салған еркек көңілдесіне ұрынғандай жасырынбақ ойнамай, ашық-жария бастайды қатынасты. Ондай қатынастан туған бала ойнастан пайда болған делінбейді.

Бүгінгі таңда жер шарының ақпараттық кеңістігінде мылтықсыз майдан өрістеп жатыр. Байлыққа құныққан алпауыт елдер шикізатқа бай елдерге көз алартады. Дамыған елдер дамымай қалған елдерге үгіт-насихат құралдары арқылы ықпал етіп, ұлттық-сананы улайтын айла-шарғыға барады. Бір ғана Ресейдің бес мыңнан аса газет-журналы Қазақстан аймағына таралады екен. Орыстандыру саясаты бәз-баяғы қалпында десек болады. Оған батыстың үгіт-насихаты қосылады. Сонда қазақ жастарының санасын қалай қорғаймыз? Ұлттық құндылықтарымыз шайылып кеткені ғой.

Өз ішіміздің шыққан тоғышарлар қаншама. Халықтық салт-дәстүрді, өнерді, әдебиетті, шынайы махаббатты белден басып, барша адами құндылықтарды доллармен бағалайтындарға бәрі бір емес пе? Ақшаның құдіреті жаратушы иеге деген махаббаттан асып түсті қазір. Байшыкештер жетім-жесірге қарайласпайды деп ұшқары ойлауға болмайды, әрине. Доллар уыстағандар да ет пен сүйектен жаралған. Дегемен, «күштінің арты диірмен тартады» деген халық айтқан сөз тағы бар. Сол «күштілер» аяқ салудың жаңа заманға бейімделген түрін жаңғыртып жатқан жоқ па. Қалталылардың әр жерде сүйіктілері бар. Сүйікті болу - сүйгендіктің нәтижесі. Сүйген жүрек бірді ғана таңдайды. Бүгінгінің доллар уыстаған серілерінің бұраң бөкселері - әншейін көңілдестері. Ашынасы деуге де келіңкіремейді. Көңілдестікке байланысты: «Бүгін - жалын, ертең - шоқ, бүгін бар да, ертең жоқ», - деп баға беріледі. Аяқ салу - тұрақты, опалы қатынас. Сонда жүрекке ұялайтын махаббат қайда қалады десеңші. Уақытқа, жағдайға баланысты көңіл де тұрақтай қоймайды. Тұрақсыздар әр кездерде болған. Оған жауапты Абайдан табамыз:

Махаббат, достық қылуға,
Кім де болса тең емес.
Қазір дайын тұруға,
Бес күндік ғашық жөн емес...

Міне, көрдіңіз бе, сұлуға үздіккен, көрінгенге аяқ салғыштардың әрекетін. Нағыз опалы жан «бес күндік» ғашыққа ұрына қоймайды. Аяқ салудың ертеден келе жатқан тәртібі ығыты бар. Әйтсе де, сүйіспеншілік те мәңгі емес. Қараңыз:

Сүйіспек көңілім ойлайды,
Жанның бәрі қатыбас.
Сүйісу тозбай тұрмайды,
Еңбекке аз күн татымас...

Абайдың сөзімен айтқанда «бес күндік ғашық тез тозғаны ғой». Тозбайтын, көнермейтін махаббатты тағы да жеріне жеткізген Абай емес пе?!

Сүйекпен бірге кететін махаббатты ақын былай деп бейнелейді:

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да.
Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да...

Арманына жете алмаған. Сөйте тұра «жар» дейді. Осындай айнымас жүректі, адал арманды сүйекпен бірге кетпейді деп көріңізші.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып жақсы сөзден жаңылса да.
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табынса да...

Нағыз сүйген жүрек, Абайдың сөзімен айтқанда, ғашығының «қорлығы мен мазағына» риза. Ғашықтықтың басқа салғанына шыдайды.

Кейбір жас ғашықтың азабына шыдамай, өртенуге бар. Ондайлар өзіне-өзі қол салады. Күйреуіктері ішімдікке салынады. Қыздар да бүлінеді.

Күйрек жан өз отына өзі өртеніп кетуге бар. Оған да кешіріммен қарауға болады. Одан да сорақысы бар емес пе?! Аруды жәбірлеп, арын аяққа таптауды ерлік санайтындар бар. Махаббат майданының «қаһармандарын» дәріптеу сарыны әдебиет пен өнерде бой көрсете бастағанын жасыруға болмайды. Кекшілдікті шығарманың өзегіне айналдырып, адамдарды

қатыгездікке бейімдеп, жүректі қатайтып, беріштендіріп жіберетін телесериалдар көгілдір экранды жаулап алды. Махаббатты зұлымдыққа, қатыгездікке айырбастап жіберу етек алып барады. Жүрекке қол салуға болмайды ғой. Жүрек — махаббаттың ұясы. Ұя талқандалған соң сүйіспеншілікте нендей қасиет қалсын?! Осыдан кейін «махаббат өлді» демеске лажың бар ма?! Сабыр сақтайық. Алла адамдарды махаббатпен жаратқан. Алланың көзі түзу болсын деңіз. Алла бар да, адам да бар, махаббат та бар. Махаббат турасында төрелікті Абайдан оқыдық. Енді шығыстың жеті шайырының бірі Омар haямның жырларына назар аударайық:

Махаббат көкке балқып күн шығардай,
Сүйгенің күйіп-жансаң тыншыға алмай.
Бұлбұлша зар қақсаған сүйген емес,
Сүйген сол - өле білсең үн шығармай...

Ғажап емес пе! Шығыстың өлең дәстүрін қазақтың өлеңіне лайықтаған Қуандық Шаңғытбаев өте көркем тілмен тәржімалаған. Өленді әрі қарай талдап-түсіндіріп жатудың қажеті шамалы. Жырдың өзі айтып тұр барлығын.

Мынадай сұрақ туады. Нені сөз етсек те, ғашықтыққа тіреле береміз. Құмарлық қайда қалады сонда? Құмарлық - қызғаныштан басталады. Көру сезімі жетекші оған. Бірақ тым сұқтанып, өліп-өшпе. Сезіміңді тежей біл. Сыншыл пайым адамды сабырға шақырады. Құмарлықтың жолы әр тарапта. Арман қанаты десек те болады. Өмірдің бағасы қызығумен, бір нәрсеге құмартып, ынтығумен артады. Қызықпасаң, құмартпасаң тіршілікте нендей мағына қалады?! Мақсаткерлік емес пе адамды алға бастайтын. Алға озған пенде мақсат жолында адасуы, жығылып-сүрінуі мүмкін. Содан барып әлгі мақсаткердің қызығушылығы қызғанышқа, құмартуы қомағайлыққа ұласады. Өзімшілдігі — көреалмаушылыққа бастайды. Көреалмаушылық — өштікке, өштік — кекшілдікке бастайды. Сонда жүректе не қалады? Ақыл-пайым қайда? Кісілік пен кішілік ше? Махаббат пен достықтың күні нешік? Өзегі қуыс пенде ішіп-жейді, киінеді, жақсы ат мінеді, сұлуды сүйеді. Дүние жияды, балқып-шалқиды. Жан құмарлығы қайда қалады сонда? Жанның құрамдас бөлігі: ақыл мен парасат, ұят пен ар, намыс, жігер мен қайрат десек те, құмарлық мұнда да алғы шепте жүреді. Алайда, оның жолсерігі ынсап пен қанағат, жақсылық пен ізгілікке құштарлық болып табылады. Аллаға жүрегінді түзулеп өнерге, сөз сұлулығына, табиғат көркіне, ғашығыңа ынтығу - жан құмарлығы. Осыған қоса құмарлық жан шолғыншысы есепті...

Ғашықтық құмарлық пен ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,
Мен не болсам болайын, сен аман бол... -

деп Абай құмарлықты махаббаттған бөліп тастайды.

Құумарлықтың құрығы ұзын, нәпсінің құлы. Махаббатқа емес, нәпсіге бой алдырады. Нәпсі - дүлей күш. Ықты-жарды тыңдамайды. «Сенен артық жан жоқты» айта береді. Жүрекпен емес, нәпсінің жетегімен.

Қыздардың жігіттерден көп алданатыны құмарлық пен махаббатты бір-бірінен ажырата алмауынан. Абай «Мен не болсам болайын, сен аман бол...» деп ғашығына тілекші болып тұрып, нәпсінің құтырындысы құмарлықтан арашалап-«Ғашықтық құмарлықпен ол екі жол» деп жігін ашып тастайды да, бұл екі сөзімнің түйісер жері жүрек деп былайша толғайды:

Ғашықтық келсе жеңер бойыңды алып,
Жүдетер безгек ауру сықылданып.
Тұла бой тоңар, суыр үміт үзсе,
Дәмеленер, өртенер күйіп-жанып...

Жансыз тән жоқ, тәнсіз жан жоқ. Соны біле тұра хакім Абай құмарлықты махаббатқа қосақтамайды. Өйтсе, сүю-күюден не қалады?! Ғашықтықты пір тұтқан данышпан ақын екі сезімнің бірлігін астарлайды, ашып айтпайды.Онда эротика болып шығады өлеңі. Абайда эротика жоқ деп кім айтады? «Етің етке тигенде, демің тиіп сүйгенде, бой шымырлап, тән еріп, ішім оттай күйгенде» дегенді айтқан кім? Ақынның құмарлықта опа жоқ дегені қапысыз. Жас адам «екі жолды» (құмарлық пен ғашықтықты) ажырата алмай қалады. Көбінесе, құмарлық жеңіп кетеді. Махаббат жоғалған күні адамзат баласы түнекке енеді. «Махаббатсыз дүние дос, хайуанға оны қосыңдар...» деп Абайдың айтайын дегені осы.

Жеңге

Жеңге - жанұяның, әулеттің, керек десеңіз, бүгін ұлттың ұйытқысы, дәнекершісі десек артық айтқандық емес. Қойындасқан қосағына әйелдік міндетін өтеп, ұрпақ өрбітумен қатар өзі келін болып түскен шаңырақтың кішілерін (қайнысы мен қайынсіңлісін) аяқтандыру оның басты борышы болмақ. Жақсы жеңгенің қадірін алдымен қайнысы мен қайынсіңлісі білген. Ата-енесі мен қайындары, ауыл-аймақ жеңгені қастер

тұтқан. Ондай әйелдің аймаққа беделі артқан. Үлкендер әспеттеп, би келін, би жеңге атандырған. Қайындары «Ақ жеңге» деп атын асқақтатқан. Жақсы әйелдің қадірін білмеген қытымыр ене мен қазымыр атаға, қызғаншақ отағасы мен шолжаң қайынсіңліге, бұзатар қайынға қарата дуалы ауыздар: «Жібекті түте алмаған жүн етеді, келінді күте алмаған күң етеді», — деп ашық айтқан.

Тәуір жеңге — әулеттің ұйытқысы. Оның ата мен енеден кейінгі қамқорлығына алатыны қайындары мен қайынсіңлілері. Жеңге қайынінісін аяқтандыруға міндетті. Босаң, болбыр бозбала ақылды жеңгенің кеңесіне ділгір. Ауызекі әңгімеде тілге оралатын мына бір күлкілі жағдайды қистыра кеткеніміздің әбестігі болмас. Бірде жеңгесі қайынінісіне:

— Кіндіктөбеге барасың, қолыңа шоқпар аласың, — дейді.

— Шоқпарды қайтемін? — дейді аңқау бозбала.

— Қорысты жүнді шаттан аң аулайсың, - дейді әзілқой жеңге қайнысына жұмбақтап.

— Ол не аң?

— Кәдімгі жүні жетілген түлкі.

— Түлкіні қайтеді? — дейді аңқау бозбала. — Ол қаша ма?

— Інге кіріп шықпай қояды.

— Мен не істеуім керек? — депті қайнысы.

— Қолыңдағы шоқпарды інге сұғып-сұғып аласың.

— Түлкі шықпаса ше?

— Ырғай бер, ырғай бер... — деген екен сонда әлгі аузынан әзілі түспейтін жеңгесі.

Жеңгенің екінші бір міндеті — қайынсіңлісіне бас-көз болу. «Қызға қырық үйден тыйымның» басты салмағы жеңгенің иығына түскен. Үйде оң жақта отырып аяғы ауырлаған қыз үшін жеңге басымен жауап береді. Пәктігін сақтаудан да бұрын сақтанып жүрудің құпиясын қайынсіңлісіне жеңге ғана жеткізе алған.

Қайынсіңлісінің атын шығарып алған жеңге күйеуінен таяқ жеп қана қоймай, ауыл-аймаққа қара бет атанады. Қайынсіңлісінің беделін сақтай алған жеңге қыздың ұзатылып барған жерінде үлкен беделге ие болып, жол-жоралғыны молынан қамтыған. Ондай жеңгенің қызметін күйеу бала да ұмытпай, ғұмыр бойы «жеңешелеп» сыйлап өткен.

Қыздың оң жақта отырып қалмауы, кәрі қыз атанбауы жеңгеге байланысты. Жастарды бір-бірімен табыстырып жіберу - жеңгелердің шалымдылығына жатады.

Ертеректе үйде көп отырып қалған қызға көрші ауылдың жігіттері кеп ұрынатын болған. Қыз жеңгесі жігітті қайынсің-

лісімен таныстырып, екеуінің емін-еркін сауықтасуына мүмкіндік жасайды. Сондай бойдақ жігіттің бірінің қызға көңілі толмай қалса керек. Ертелетіп суыт аттанған оның жолын тосқан жеңгесі: «Күзде сойған тоқтының сарыала болар тұздығы. Көп отырған қыздардың тереңде болар қыздығы, - дейді. Жігіттің неден қисайғанын сұңғыла келіншек түсініп, соны тұспалдағаны болса керек.

Сонда жігіт тұрып:
Далбаса, жеңгей, далбаса,
Қалмапты бедел онда аса.
Жігітке оның қол емес,
Шалдарға ермек болмаса, —

деп атын тебініп жүріп кетіпті.

Ата-анасының бауырында бұлғақтаған қыз шаттығынан жаңылса да, пәктігінен жаңылмауға тиісті. Біріншіден, бұл қыздың өзінің беделі үшін керек болса, екіншіден ата-енесі мен жеңгесінің абыройы да соған байланысты. Бабаларымыз қызды құтты жеріне қондыруға асыққан. «Он үште отау иесі» дегенді бекер айтпаған. Бойжеткенге қызығатындар жетерлік. Көргіш көзден оны қалай жасырып ұстасын. Бұлғақтаған боз-бала сұлуға ұрынбай жүре алсын ба?! Бойжеткеннің пәктігі, керек десеңіз, бүкіл әулеттің абыройы.

Қыз беделінің сақшысы — жеңге! «Жеңгесі жақсы қыздың тәрбиесі жақсы» деген сөз тегін айтылмайды. Енді осы әңгімені әдебиет үлгілерінен, көркем шығармалардан суыртпақтап көрелік: «...Деген өліара. Жайшылықта сығырая қалатын іңір жұлдызын қараңғылық бейуақтың өзінде қамап алған. Үйме-жүйме қонған он неше ауылдың адамдары күндізгі той-томалақтан мұрттай ұшса керек, бәрі де жатып қалған. Тек шеттегі қоңырқай үйде ертең аттанатын қыз бен жеңгесі ғана отыр.

— Жеңеше-ау, әкеле көрме! — деп безек қағады қызыл шымылдықтың ішінде қалш-қалш етіп отырған қаршадай қыз. Екі тізесін қапсыра құшақтап еңіреп отыр өзі...

Өткен жылы өлтірісін өткізген күйеу, іле-шала жыртысын әкеп, есік көріп еді биыл жазда. Енді міне, адамын алуға келіп отыр. Малын айдап берген адам қалыңдығының қасында талай рет болуға қақылы ғой. Бірақ әне-мінемен сырғақтатып келеді қыздың жеңгесі.

«Жүні жетілсін кішкене. Қайда барады? «Табындағы өз түлігің ғой бұл» деп қайтарып еді алғаш келгенде. «У қорғасын жеп өле қалатын түрі бар. Мұндай періштені еппен түсіру керек, еппен. Тойға дейін шыда, қайтсең де!» деп есік көре келгенде де құр тұлыпқа мөңіреткен болатын. Соңғы түйенің жүгіндей болып неке де оқылды бүгін. Келіншектің қараңғы отауында ін түбіндегі аю құсап күйеу жатыр. Екі көзі есікте. Сылдырлаған шолпы үнін дәметеді, өзеуреген көңілі. Бір тұрып, бір отырады орнынан.

Қайынсіңлісін ертіп келуге барған жеңге:

- Шырағым-ау, несіне жылайсың. Қызды Алла-тағала еркектің қажетіне бола жаратқан. Күйеуің «жә» деген әулеттің байы, - деп жеңгесі кәдімгідей шытынады.

- Құдай болса да келмесін қазір, апарған соң тұншықтырып өлтірсе де өз еркі, - деп тіке тартты қыз да.

- Он жетіге келдің сен. Еркектен өліп қаламын деп отырсың ба?— деп жеңге де қитықты.

- Еркекпен көзің шыққан сен болмасаң, кімнен кімнің өлетінін мен қайдан білемін.

- Қуатым-ау, жас қызға еркекті алғаш көрудің оңай емес екенін білемін ғой, - деп жеңге ендігі сөзін жұмсарта түсті. - Дегенмен, әлжыныс пен мәлжыныстың арасындағы іс қой, көніп кетеді кісі. Ағаңмен алғаш мен де солай селкілдегенмін. Тұк етпейді екен, бірақ,- деді қыздың қорқып отырғанын аңғара қалған келіншек.

Өзі осы түнде тап болған жағдайдың тылсымын басынан өткізіп көрмеген пәк қыз, жеңгесінің мына бір көсемсігеніне елең ете қалды, білем, өксігін бәсеңдетіп, құлағын түре қалды.

- Мен де тек алғашқыда ғана... тізе киімім жоқ, кісі құсап, өзімнен өзім... Біресе тап бір сақинамнан айырылып қалған сықылданғанмын. Аздап сылтып қалған сықылдымын, — деп имандай сырын жалғастыра жөнелді жеңгесі. — Бірақ бәрі де бос уақыттық, бәрінен қиыны ертеңінде жан біткеннің бетіне қарай алмайды екенсің.

Келіншек сөзінің арасында «тұншығып өлмейтініне енді көзің жеткен шығар» деген кісіше қайынсіңлісіне күле қарап еді, оның көзінен бауы үзілген таспихтың төгілген моншағындай жасты көріп шошып кетті».

(«Ақжелек», әңгімелер. 1989 жыл, «Жазушы» баспасы, Ахмет Жүнісов)

Жазушы А.Жүнісов «Құпия» деген әңгімесінде жеңгенің міндеттерін мөлдірете көрсетеді. Пәктігін қимаған қыздың шынайы көңіл күйін шеберлікпен дөп басқан.

Абысын-ажын

«Ағайын тату болса — ат көп, абысын тату болса — ас көп». Ағайынды жігіттердің, ет жақын туыстардың үлкенінің әйелі інісінің зайыбына абысын болып келеді. Немере, шөберелестердің де әйелдері осы тәртіппен абысын-ажындар болады бір-біріне. Ағайын-туыстың бауырластығы әйел дәнекерлігімен бекиді. «Жақсы әйел алсаң, үйіңе ырыс кіреді, жаман әйел алсаң, ұрыс кіреді». Туыс-туғанды бір-біріне қосатын да, араларын ашатын да әйел. Әйелдің қосалқы есімі — айырма. Қазақ әйелдері ерте кезеңнен туыстық-бауырластыққа ұйытқы болып келді. Үй болып түтін түтеткен соң да күл шашарың болуы керек. Бірге туған екі жігіттің бірінде перзент болмаса, екіншісінің баласын асырап алған. Бұған қытымырлық көрсеткен абысындар айырманың өзі нағыз.

Абысындардың татулығы әулеттің ынтымағына сеп. Мейірімді кең етек абысындар туған қайнысының баласы былай тұрсын, бүкіл әулеттің балаларын бауырына тартқан.

Абайдың туған інісі Оспанда бала болмаған. Әйелі Еркежан Абайдың үлкен ұлы Ақылбайдан туған Әубәкірді өз бауырына салып алған. Шежіреде Оспаннан ұрпақ жоқ делінбейді. Әубәкірден туған балалар Оспанның тұяқ жалғары деп саналады.

Арғын Қаракесек ұлысының бір бұтағы Бошаннан тарайтын Машай балалары Бораншы, Бейімбет болып келеді. Бейімбеттің әйелі қызды көп тауып, ұл туа қоймапты. Содан, інісі Бораншының бір ұлын асырап алады. Абысынының баласын бауырына салған Ақборық ана кешікпей бірінен соң бірі үш ұл табады. Олар Қояншы мен Таңай, Дәулет еді. Ағасының балалары інісіне ауысқан, інісінің ұлы ағасына ауысқан дерек аталар шежіресіне көз жүгіртіп отырсаңыз жиі кездеседі. Мұның еш сөкеттігі жоқ, керісінше жарасымды ғұрып.

Абысын-ажындар ұрпақ сабақтастығына да септескен. Қолы ашық, берекелі абысындар өз баласынан бұрын қайындарының кішкентайларына емешегі езіліп тұрған. Мейірімсіз, қатыбас әйелдерді ауыл-аймақ «бауыры суық» деп жақтырмаған. Татулық — береке бастауы. Қолы ашық абысындар ассуды ірікпей, әулеттің үлкен-кішісіне ықыласпен ұсынған. Кіші үйдің отанасы (інісінің әйелі) үлкен үйдің бәйбішесін (ағасының әйелі) әпкесіндей сыйлап, атын атамай «үлкен үйдегі апа», «тәтетай», «жеңешелеп» алдынан кесе өтпеген.

Сыйластық - әр шаңырақтың жібек арқаулы желбауы. Желбауы босаң үйдің шаңырағы шайқалғыш келген. Нарық жағдайында өмір сүріп жатқан бүгінгі таңда, туыстық қарым-

қатынастың сетінемеуіне, ағайын-туыстың ынтымағының бір болуына дәнекерлік етегін, ет жақын туыстардың өзара аралас-құралас болуына абысын-ажын ұйытқы. Қабағы қырыс, сөзі бұрыс, дүниеқоңыз, кергіме абысындар мықтаса күйеуі мен баласындық қана. Өз баласын үлде мен бүлдеге орап, қайнысының көген көздерін есіктен сығалатпайтын, жастарға жаукөзденіп қарайтын әйелдерде үлкендік жоққа тән. Ондай абысын үлкендік атауы — бәйбіше дәрежесіне жете алмайды. Қазақ әйелдеріне атақты әулеттің, ауыл-аймақтың үлкендері берген. Әйелдің үлкендігін бәйбіше атауымен бекіткен.

Бәйбіше

Үлкен әйелді «бәйбіше» деп дәрежелеген. Кіші әйелді «тоқал» дейді. Орта жастағы әйелді де бәйбіше деп атаған. Жасы үлкен егде еркектің әйелін «келіншек» деу орынсыз. Жұмсартып «бәйбіше» дейді.

Әйелдер бір-біріне бәйбіше демейді. Ер-азаматтар айтады. Мұндай атау, көбінесе, үлкендердің аузынан шығады. Жас адамның әйелге қарап бәйбіше дегені құлаққа сөкет естіледі, ерсі көрінеді.

Үлкендер, сыншыл қарттар екінің біріне олай деп айтпаған. Сабырлы, салиқалы, етек-жеңі кең, қолы берекелі, мінезді, ақылды да аңғарымды әйелді ауыз толтырып Бәйбіше дейді. Бәйбішелер бірінші кезекте, әулеттің, ауыл-аймақтың қамын ойлайтын көпшіл болып келеді. Олар бір әулеттің «айқай апасы» дәрежесіне жеткен. Бүгінде «бәйбіше» атауы көнеріп сөздік қорымыздан шығып қалудың аз-ақ алдында тұр.

Арғын ұлысына жататын Қуандықтан тарайтын Қара-Тоқадан Бесім туған. Бесім екі әйел алған. Бәйбішесі Бетей күйеуіне жайлы, шаруаға епті, балажан әйел болса керек. Соған қоса, адуын өр болыпты. Домаланған шарқылау әйел екен, шаруақор пысық болған. Күйеуін күндесі — Бесімнің кіші әйелі Дәулетбикеден сұмдық қызғанған деседі. Бәйбішесі Бесімді қасынан ұзатпайды білем. Күйеуін кезегін сақтау тәртібінен де жаңылдырған. Бесім жалшыларына: «Ел ұйқыға кетісімен қойды үркітіп, аттандап жау шаптыды жар салыңдар», — деп тапсырып қояды екен. Қотандағы қой үркіп, ит үріп, дала азан-қазан болып жатқанда малсақ бәйбіше күйеуін тастай беріп, тысқа ұмтылмай ма. Кіші әйеліне үздігіп жатқан отағасы алас-күлесті пайдаланып іргелес үйдегі Дәулетбикенің

жанына барып жата қалады екен. Бұл әңгімеден Бөтей бәйбішенің күйеуіне берілген ержандылығын әрі әулетке ұйтқы малсақ болғандығын байқаймыз. Мұндай шаруақорлық бәйбішеге тән қасиет. Ондай әйелді ауыл-аймақ мінезіне, өрлігіне, балажандығына қарата «Ақ бәйбіше» деп көтермелейді.

Ақ бәйбішелер бүгін де баршылық. Қазақ ұлысына тән әдемі атау - бәйбішені түрлендіріп, жаңа заманға сәйкестендірсе, шіркін! Озат ұстаздарды, тәлімгерлерді, аналық міндетін адал атқаратын, отбасына ұйтқы бола білген, аймаққа танымал аналарды «Ақ бәйбіше» атағымен көтермелесе, ұлтқа мерей емес пе?! Аналық міндетіне жүрдім-бардым қарайтын, күйеуін сыйлай білмейтін, келіндеріне тынышсыз әйелдерге ықпал етіп, ой салар еді.

Күндес

Адам баласына берілетін ғұмыр тым қысқа. Сол қысқа ғұмырда тіршілік амалы сені әр толқынға ұрындырады. Бір сарынды бейбіт ғұмыр кешу мүмкін емес. Бақталастық, бәсекелестік, күншілдік - пендеге тән. Көре алмау, сұқтану, қызғану деген тағы бар. Бұлар адамға тән мінез ауытқулары. Ақжүрек періште болуды Алла бізге жазбаған. Абай күндестікті ортақ ұғымда қарастырып: «Күндестігін қоздырып, азапқа қалма езбеден», — дейді. Езбеміз кәдімгі күншілдер. Оларға күндестік тән. «Ақылынды күндеген, ішінен күйсін дұшпаның» деп ұлы жырау Жамбыл да күндестікті өлеңге қосқан. Көре алмайтындар, керек десеңіз, ақылынды да күндейді екен.

Арғы-бергі әдебиетке зер салғанда, бір адамның алған әйелдері бір-біріне күндес болған. «Күндестің күлі де күндес» деген сөз содан шыққан. Бұған қарағанда, бір үйдегі екеуінің ымыраласып тату-тәтті өмір сүруі екіталай. Бәрі бірдей сөйтпеген де шығар. Есті әйелдер бір-бірін түсіністікпен сыйлай білген. Осалдықтарын мінезге сыйдырған. Өзіміз тілге тиек еткен Бөтей бәйбішенің күндестігі мінезінің кесектігіне жатады. Зиянсыз қызғаныш. Бөтейді келіндері «Енең» деген. Бәтейден тарағандар «енең Токасы» атанған. Соған қарағанда Бәтей бәйбіше мінезді әйел болған ғой. Шежірелік аңызда мынадай бір дерек бар: Қара Токаның баласы Бесім Ташкент үшін болған шайқасқа қатысқанда қалмақ қызын олжалаған көрінеді. Енді бір аңызда кәдімгі опасыз хан Тұрсынның үш қызының бірі екен делінсе, тағы бір деректе Тұрсын ханның

қоластындағы Қатаған ұлысының бектерінің қызы еді делінеді. Шежіреде «үш қыз» деп айтады. Соған қарағанда, Тұрсын ханның қыздары болуға тиіс. Үшеуін бірдей Қаракесек Шаншар батыр (Қаз дауысты Қазыбек бидің үлкен әкесі) олжалапты деген дерек бар. Нұрбикесін Шаншар, Күнбикесін Атығай руының бір батыры, Дәулетбикені Қара Токаның Бесімі алған көрінеді.

Дәулетбике ақылды да сұлу әйел болса керек. Бөтейдің күндесіне өлердей өш болғаны содан шығар. Әдетте жаңа жұртқа көшіп шаңырақ көтерілгенде, алғашқы уықты үлкен үйдің бәйбішесі шаншады. Домаланған Бөтей енеңнің қарымы жетпеген соң, күндесі Дәулетбикені отырғызып қойып, соның иығына шығып шаншады екен уықты. Бір жолы Бесім жорықта жүргенде күндесін ескі жұртқа тастап та кетіпті дейді.

Бірде ауылда Бесім жоқ кезде қалмақтың барымташылары қалың жылқыны айдай жөнеледі. Жау жұртта қалған Дәулетбикеге жолығып, жай-жапсарын білген соң: «Тиісті үлесіңді алып қал, қолынды қақпаймыз», - дейді. Дәулетбике өз қолымен Бүйір айғырды ұстап алып қалады. Қаба жал құтпан айғыр мейілінше үнді, кісінегенде даусы күншілік жерден естіледі екен. Айғырдың арқыраған даусын құлақтары шалғанда, қалың жылқы төңкеріле ұйытқып, кері қашады. Жау әрі қуады, жылқы бері серпіледі. Осылайша, қалмақтар алашапқын болып әуреленіп жүргенде, арттан қуғыншы жетіп, жылқыны жаудан айырып қалады. Дәулетбике осал болмаған. Осал әйел болса ру атын иелене ме?! Дәулетбикеден тараған Айтқожа, Сатыпалды, Барғана балалары аналарының атымен Дәулетбике Токасы атанып кеткен. Дәулетбике токасынан игі жақсылар көп шыққан. Солардың бірегейі Телғозының Шоңы (1827-1901 ж.ж.). Өзі орысша оқыған, сауатты. Әрі логикасы берік ақылман. Осы еңбектің әр жерінде Шоңның шешендігінен мысал келтірілді. Шоң екі әйел алудан қашқан. Бір әйелі Әйімкүлді сүйіп өткен. Осынысын замандастары мін қылған. Әйімкүл өліп, төсек жаңғыртуға ниет еткенде ме, әлде қызы Үркияны ұзатқанда ма, Шоңның сөзін ұстанатын тарақты Бек шешен айтты деген бір сөз бар ел ішінде.

— Бұл Шоңның несін дәріптейді, екі әйел алуға шамасы жетпеген бе?! — деп тұрғыластарының бірі сөзбен шалғанда, тарақты Бек шешен тұрып:

— Екі әйел алып сатпақ болғанша, бір әйел алып аппақ болайын дегені ғой, - депті. Сол сөз күні бүгінге дейін ел аузында.

Ислам дінінде төрт әйелге дейін алуға рұқсат етілген. Бұл рәсім әйел құқығын аяқ асты етуден туындамаған. Тіршілік

амалынан қалыптасқан қажеттілік. Табиғаты қатал өңірді мекен еткен арабтар зобалаңды басынан көп өткерген. Ерте кезеңдерде ауыр азап жүгін негізінен ер-азаматтар көтерген. Соғыста алғы шепте жүретін еркек адамдар, табиғат апатына бірінші болып қарсы тұратын, құрбан болатын да ерлер. Бала жетім, әйелдер жесір қалған. Міне, осындай тіршілік амалынан екі-үш әйел алу қажеттілігі туындаған. Шыбығы сыздағандықтан емес. Қорғансыз жетім мен жесірді қанатының астына алып, қамқорлық жасау ер-азаматтарға бұлжымас міндет саналған.

Қазақ халқы да ежелден көшпелі өмір салтын ұстанған ел. Мал тұяғына ілеспесе, күн көрісі қиындап сала береді. Жылдың төрт мезгіліне бейімделіп, ауа райының мінезіне орайласып, қыс мезгілінде қыстаудың, көктемде көктеудің, жаз жайлаудың, күз күзеудің тәртібін сақтаған. Табиғаттың төрт мезгілінің мінезі бабаларымыздың бойына жұққан. Қыстай қаһарлы, көктемдей жадыраңқы, жаздай жайсаң, күздей ойлы болатыны осы себептен.

Қазақ елі — қай ғасырда да атыс-шабыс, жаугершіліктен көз ашпаған ел. Екінің бірі - жесір, екінің бірі - жетім. Мұндай жағдайда не істеу керек? Жесірін кім көрінгеннің мазағына ұшыратып, жетімін құлдыққа сату керек пе? Онда несіне ел болғаны? Қазақта Абайдан ақылы асқан жан жоқ. Сол ойшыл хакімнің өзі бабалардан қалған әмеңгерлік салтынан аса алмаған. Туған інісі Оспанның шаңырағына ие болып, інісінен қалған үш әйелдің біреуі Еркежанды некелеп алған. Күндестікті қоздырып, қызғанышқа берілген Әйгерімнің Абайдан салқындап кеткені мәлім. Ақынның жарға, отбасына байланысты насихаттық өлендерінің дені салқындық танытқан жарына қарата жазылған. Қазақ салтында «іні өлсе — аға мұра, аға өлсе - іні мұра» деген қатаң қағида қай кезеңде де бұлжымай орындалған. Мұндай жораның тәрбиелік мәнінің қайтарымы мол. «Жақсыны жатқа қимас болар» деген тұжырыммен бекітеді әмеңгерлікті. Таза моральдық тұрғыдан келгенде де, екі әйел алу кешірімді. Ислам дінінде оған рұқсат берілген. Ал некені бұзу - зор күнә. Біреудің некелі жарына көз салу - шариғат заңына қайшы, мұсылмандыққа жат. Ондай «ұя бұзардың» оқыған намазы, ұстаған оразасы, тәубасы зая кетеді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) тоғыз әйелмен некелескен. Ислам дініне қарсылар соны мін қылып көрсетуге тырысады. Христиан діниндегілер көп әйел алуды ерсілікке жатқызады. Арсыздық, ождансыздық деп біледі. Сөйте тұра, өзгенің әйеліне көз салғандар діни тұрғыдан әшкереленбейді. Оны кешірімді деп санайды. Ашық айтпаса да, сыртынан бүркемелеп тастайды.

Әйелқұмар еркек талайдың етегін көтереді. Зинақор «қызыл бет» еркек талғамайды. Исламда некелескен жұбайыңмен ғана бол, өзгенің жарына көз салма деп үгіттейді. Пайғамбар хадисінде: «Кімде-кім ері сапарға кеткен әйелмен зина (ойнас) жасаса, қияметте оны жылан шағып азаптайды», —делінген.

Қазақ ғұрпында тоқтасқан бәйбішелер еріне рұқсат беріп тоқал алдырған жағдайлар кезігеді. Баладан тоқтап қалған, саушылығы болмаған әйелдер күйеуіне өздері қарастырған болашақ күндесін. Күндестікті ушықтырып, отбасының берекесін кетіру қазақ әйеліне жараспайтын қылық. Әйелдік осалдыққа жол беру мін саналған.

Балдыз

Жезде мен балдыздың ара қатынасы сыйластыққа құрылуға тиісті. Ақындар балдыздарына ойнақы жыр арнаған. «Қарға аунаған түлкідей құлпырасың балдызым». Қандай әсем теңеу десеңізші!.. Дегенмен, әсте-әсте жібі босаң балдыз, құмарпаз жезде ауыл-аймаққа әшкере болып, сүйкімі кеткен. Қыз байға өтпей, жезде жарынан суынып, шаңырағын шайқалтып алады.

Рас, апасы күйеуіне сіңлісін алып беретін жағдайлар да кездескен. Екі жақтың келісімі болса, сөкеттігі жоқ. «Ақыл — ауыздан, мерей - көзден» дейді мұндай келісімді. Қазақта апасы өзінің сіңлісін күйеуіне қосқан жағдайлар да кезігеді. Бабаларымыз әуел бастан әйел затын құрмет тұтқан. Бір еңбектен оқығаным бар: «қазақтар қатын ұрғыш» деген ұшқары пікірді. Бар ғұмыры ат үстінде жаугершілікпен өткен бабаларымыз отбасын, шаңырақты бәйбішелеріне сеніп тапсырған. Қойындағы қосағын, балдызын, қызын, қарындасын, әпкесін, анасын ардақтамаса, ел болып еңсесін биіктете алмас еді. Кәдімгі көне әнұран «Елім-ай» әуенін әу баста бесік тербетіп отырған аналар шығарып, халыққа таралып кеткен ғой. Не қилы зар, жоқтау қазақ әйелдерінің көкірегінен өксіп шыққан. Ұлының уытты болып, қызының қылықты болып өсуіне, әулеттің келінкепшік, ұландарының дені сау, көргінді болуына бүтін ғұмырын арнаған қазақ әйелдері қандай асқақ мақтауға да лайықты. Жезделерінің әдеп шекарасынан өте алмай дымы құрып, балдыздарына құрғақ әзіл айтып қана тынуы ата-бабамыздан үзілмей келе жатқан дәстүрлі сыйластық.

«Еруліге қарулы» балдыздар да (әйелінің інісі де балдыз саналады) жақсы көретін жездесін жау қолында қалдырмаған. Қысылшаң-қысталаңда, басына іс түскенде, қайғы бұлтына

қамалғанда, балдыздар сүйеніш бола білген жездесіне. Соған бір дәлелді шежіреден суыртпақтайық.

Арғынның Мейрамсопысынан тарайтын Қуандықтың бір бұтағы Алтайға жататын Мойыннан (шешелерінің аты солай болған) туған Әлібектің Аралбайы (заманында ат арқасынан түспеген батыр болған) ұрпақ үшін дау-дамайды басынан көп өткеріпті. Ұрпақ өрбітпесе тұқымы құрып кетпей ме бар қазақтың. Содан да Аралбай тұтас бір рудың ұранына айналып, күні бүгінге дейін есімі ел аузынан түспей келе жатыр. Аралбайдың (Қаракесекте де Аралбай руы бар) үлкен әйелі Айсадан — Жоламан, Құттыбай, екінші әйелі Кежектен — Өмір мен Темір (Осы жолдардың авторы Өмірден тараған Аралбайларға жиен), үшінші әйелі Таңсұлудан — Бабық, Жабық, Бәйтелі (Бәйтелі балаларын Жәнекең дейді), Байтоқа, Жабағы туған.

(Шежіре дерегі осы атаның білікті ақсақалы Тілеу Жәкенұлының айтуы бойынша қағазға түсті).

Бұл шежірелік баянды жазбамызға кірістіріп отырғанымыздың түбірлі себебі бар. Кежек өлген соң (сірә, үлкен әйелі Айса қайтыс болса керек) Аралбай балдызы Таңсұлуды әйелдікке алған. Кәдімгі, Алтай әулетіне қошқардай-қошқардай бес ұл тауып берген —Таңсұлу!

Таңсұлу Кіші жүз тама мен алшынның бір атақты байының қызы екен. Алдында алты ағасы бар бұлғақтаған сұлуды кәрі жезде сұрай келіпті. Мұның айып-шамы жоқ қазақ ғұрпында. Сіңлісінің апаның орнын басуы дәстүрге сыйымды. Жездесінің басы бос балдызға құдай әмірімен (бәйбішесі қайтыс болып) сөз салуы сөкет емес.

Кәрі шөңге Аралбайдың аққудың көгілдіріндей Таңсұлуды құшуға құмартып жүргенін шам көріп, намысқа ерік берген қыздың алты ағасы шал жезделеріне қырыс қабақ танытып, жөндерін білдіре қоймапты. Үлкендер жағы Таңсұлудың өзі білсін деген ғой. Мезгіл күздің шығысы, қыстың кірісі болса керек. Ол заманда қазақтар киіз үйде қыстай беретін-ді. Кәрі күйеу, шал жезде екі қолын төбесіне қойып, қақ төрде шалқасынан түсіп жатып алады. Нөкерлерін шұбыртпай, жалғыз өзі жіңішкелеп келген жайы бар еді. Ондағысы, қайын жұртын өзімсінгені. Меселімді қайтармас, әпкелерінің орнын сыйлар деген емексі үміт те бар-тын кәрі шөңгенің көңілінде. Апасының тірі кезінде жездесіне әкесіндей еркелейтін шолжаң қыздың да қабағы түсіңкі. Қайын жұрттың жақсылары Аралбайға іштартқанымен, жастар жағы жезделерін жатырқап, кәрі бурадай көріп осқырына берсе керек. «Қарай көр мұның басынғанын» дейтіндей ме?

Таңсұлудың ішкі пікірі өзінде. Жеңгесі екеуі Аралбай жатқан үйдің есігінен сығалаған ғой. Кәрі қонақ терең ұйқыда жатса керек. Оттан жаңа ғана түсірген қара қазанша буы аспанға шығып, ашық қалған жүндес төсінің қырауытқанын да елең қылмай, шалқайып тәтті ұйқыда жатқанын көріп таңғалысыпты жеңгесі мен қайын сіңлісі. Тәжірибелі жеңге: «Еркем, мына шал тақияңа тар келмес», - депті өзімсінген ыңғайда. - Назасына қалма. Бағың байланып қалып жүрер, —деп және ескерткен ғой.

Есті жеңгенің сөзі қамшы болды ма, әйтпесе, жездесін аяды ма, марқұм әпкесінің артын жоқтатаайын деген естиярлық па, Таңсұлу: «Менің бағымды байламаңдар, осы шалдың етегінен ұстаймын», — деп отырып алыпты аға-жеңгелеріне. Қарындасына өкпелеген ағалары Таңсұлуды бір жаман атқа мінгізіп, жездесіне ертіп жіберіпті амалсыздан. Бір аңызда алты ағасы сойылшылдарды жұмсаған дейді қызды Аралбайдан тартып алып қалыңдар деп. Аралбай жолдан тосқандардың өздерін сойылға жығып, аттан аударып кеткен дейді.

Ай өтеді, жыл өтеді. Қыздың алты ағасы қарындасы Таңсұлуды іздеп келгенде, өкпелі қарындасы жөндеп қонақасы бере қоймапты. Сонда Аралбай тұрып: «Бұлар сен екеумізге емес, жиендеріне келді ғой», — деп жұмсартқан екен әйелінің ағаларынан қалған көңілін.

Таңсұлудан туғандар «бес бөрі» атанған. Бәйтелісі қаһарынан жұрт қаймыққан батыр болған. Байтоқа - темір жақ шешеннің нақ өзі. Немерелес туысы Бекшенің (Аралбай, Бекше бір туған) Байдалысымен (атақты Байдалы шешен) дауға бірге түседі екен. Дау-дамайда сөзді алдымен Байтоқа алады екен. Қызба, тілмар Байтоқа бір сөйлесе жеріне жеткізбей тоқтамайды екен. Сөйлегенде шабттанып, қозғалақтап отыратын әдеті болса керек. Сонысын жақсы білетін Байдалы Байтоқа сөз алғанда шынтағын ағасының тізесіне тіреп отырған. Тым қызынып, шектен асып бара жатқанда: «Дат, Байтоқа!» -деп қалатын көрінеді. Кейін Байтоқа шешен билік айтудан шектеліп: «Байдалы тұрғанда сөйлемеймін», — деп інісіне жол беріпті. Байтоқа балаларынан игі жақсылар көп шыққан. Қос бөрі атанған Өтебай мен Қосыбай заманында ел билеген. Бұлардың балалары да шеттерінен қасқыр болыпты. Осы еңбектің әр тұсында есімі аталып өткен Кесірлі Кеттебек те осы атадан шыққан. Құтжан қажы да кесек мінезді адам болыпты. Ол да заманында тұстастарына теңдік бере қоймаған.

Атақты күйші Сайдалы сары Тоқа бір отырыста Құтжан қажыны қағытып: «Енсіз көк дейміз бе, иесіз көк дейміз бе?» — деп тұспалдаған ғой. «Иесіз көк» дегені — «малыңа ие болатын ба-

лаң жоқ» дегені. Күйші Тоқаның сөзіне назаланған Құтжан қажы тарақты Байғозы батырдың Шегірінен туған қызды тоқалдыққа алады. Шегірдің қызы бірінен соң бірі Иманмұса мен Әлімұса атты екі ұл табады. Үлкені шыр етіп жерге түсісімен Сайдалы сары Тоқадан сүйінші сұратыпты. Мәрт күйші сүйіншісіне тақымындағы күрең жорғасын түсіп беріпті. Кейін күйші тұстасы Құтжанға «Мен ол сөзді саған ой салайын деп айтқан едім» депті.

Құтжан қажы заманында атқа мінген. Болыс болып ел билеген. Ұлықтарға жақпай қалып жер аударылатын болған кезде замандасы тоқа Шоң (атақты Телғозының Шоңы) Құтжанды өзінің қарамағына алып, мекені Қараағаштың бір пұшпағынан қоныс беріп, оны бір-екі жыл қанатының астына алады. Заңның құрығынан алыстап, жағдайы түзеліп, есін жиған ол Шоңның өзіне түрткі салып, үстінен арыз түсірген дейді. Құтжанның мінезіне налыған Шоң алыстан астарлап сөйлейтін әдетіне басып: «Орыста — жебірей (еврей), қазақта — Аралбай. Аралбайдың ал тіліне нанба, алтын берсе де алма» деген екен. Құтжанның әрекетіне бола Аралбай ата балаларын оңдырмай мінездеген. Телғозының Шоңынан қалған сол астарлы сөз күні бүгінге дейін Аралбай атаға ілесіп жүр.

Айтса айтқандай, Аралбай балалары шетінен пысық, шешен, сөзшен келеді. Әдебиетші һәм тәржімашы Ісләм Жарылғапов осы атадан шыққан. Ісләмнің сөйлегенде таңдайынан шаң шығатын еді. Мейлінше шешен, тілмар болатын. Өлең де жазатын. Қазақтың қара сөзіне көркем аударма арқылы олжа салған Жарылғаповтың әдеби мұраларын кәдеге жарату келешек ұрпақ еншісінде. Жазушы Әзілхан Нұршайықовтың өмірбаяндық романында Ісләмнің шешеңдігіне байланысты мына бір жай мысал ретінде келтірілген: «Қазақ әдебиеті» газетіне Әзілхан Нұршайықов бас редактор болып бекігенде (1960 ж.) Ісләм Жарылғапов: «Сен іске емес, істікке отырдың», — депті. Айтқаны айдай келіп, редакторлық орында көп отыра алмапты.

Таңсұлудың бес бөрісінен тараған ұрпақтар бір қыдыру. Белгілі жазушы Алдан Смайыл да осы атадан. Бабық-Жабықтың бірінен. Айтыскер ақын Аманжол Әлтаев та осы атадан тарайды. Әдебиетші ғалым Балтабай Әбдіғазиев, ауыл шаруашылығы саласының үлкен білгірі, ғалымдар Зейнулла Ысқақов пен Еламан Шаханов, спорт жұлдыздары ағайынды Ғалым, Ғазым Жарылғаповтар Аралбай ұлысының тумалары. Абылай ханның қамқа тоны сақталған шаңырақтың басиесі, осы атаның білгірі Сәтжанов Хамзе де аталы сөзге жетік.

Қазақ прозасына олжа салған айтулы қаламгер Асан Жұмаділдин мен Бұкпа Әшімов Аралбайдың Өмір бұтағынан

шыққан. Қаламы желісті жорналшы Сейфолла Оспановты, Битабар балуанды Аралбай баба ұрпақтары ұмытпақшы емес.

Таңсұлудан туған ұрпақ, барша Аралбай ұлысы Жаңаарқа өңірінде тамыр жайған. Биыл бұл ата ұрпақтары Аралбай бабасына ас берді. Аралбай заманында айтулы батыр болған. Мәселе шежіре таратуда емес. Есті балдыз Таңсұлудың жездесі Аралбайды кәрісінбей жар болуында. Таңсұлу анаға арнап кітап жазу, ескерткіш орнату ұрпақтарына аманат. Халқымыз жезде мен балдыздың қарым-қатынасына, сыйластығына айрықша мән берген. «Жезденің ең жақыны әкеңдей» деген тұжырым күні бүгін ел аузында сақталған. Осы анықтаманың өңі айналып кеткен тәрізді. «Әкенің жақындығы жездедей-ақ» деу тым ұшқары пікір. Туған әкені қай бала жездесінен кем санаған?! Дұрысы: «Жақсы жезде — әкеңдей». Жездені әкеден асырып жіберу ерсілікке жатады.

Апа-апатай

Қазаққа бауырымды орнықтырған қыз бейбақ емес пе. Сағынып көріскенде, аға мен інісін «бауырым-ай» дейтін, жоқтағанда «бауырым-ау» деп сұңқылдайтын тағы солар. Қазақ әйелдерінің жүрегі жұмсақ, бауырмал келеді. Сағыныш пен мұң да солардың жүрегіне орнайды. Қуаныш пен қайғы да қазақ әйелдерін басымдайды. Қазақ әйелдерінің туысқа деген бауырмалдығы өлшеусіз. Тақырыптан ауытқымас үшін апаға тоқталайық. Қазақ халқына тән қасиеттердің бірі - бауырмалдық. Бабаларымыз әу бастан жақыны үшін жанын аямаған. Бізді ел қылып ұйыстырған осы қандастық қасиетіміз. Жеті атаға дейін қыз алыспауды берік ұстануымыз — ағайын арасы алыстап кетпесін деген сақтықтың амалы. Осының айқын дәлеліндей туыстық атауларымыз молынан. Өзіміз өрбіткелі отырған «апа» атауының өзі бірқыдыру. Санамалағанда - әпке, апатай, тәте, тәтетай делініп түрленіп кете береді.

Арғын ішінде Мейрам - одан Қуандық, одан Қарпық, одан Тоқа туады. Қара Тоқадан Жасыбай тарайды. Одан Мырзамбет пен Қалмамбет туады. Жасыбай соғыста шейіт кетіп, екі баласы жетім қалады. Дәметкер деген қызы ұзатылған. Қос жетімек Мырзамбет пен Қалмамбет бақалшы саудагерге ілесіп кете барады. Барған жерінде өзбектің бір байына жалданып күн кешеді. Екеуінің апасы Дәметкер Арқаға келген саудагерлердің біріне камзолын беріп жібереді. «Осыны дүкеніңнің төріне іліп қой, бауырларым апаларының жеңсізін тануға тиіс» дейді саудагерге. Екі баланың (анығында хабарсыз кеткен) жездесі Үмбет-

пай бақалшы саудагерлерді: «Балдыздарымды тауып берсеңдер, сүйіншіге қарық қыламын», - деп дәмелендіріп қояды. Сонымен, күндердің күнінде дүкенге бас сұққан екі баланың қамзолға көздері түседі. Қамзолдан көз айырмай бір-бірін түрткілейді. Бақалшыдан «Жеңсіз кімдікі?» деп сұрайды. Бақалшы қамзолдың бұл жаққа қалай келгенін түсіндіріп береді.

Содан бақалшы Арқадағы елге барып, қуанышты хабарды жеткізеді. Сүйіншіге Үмбетпай бір айғыр үйір жылқы айдатып, көштің бетін оңтүстікке бағыттайды. Апасы мен жездесі қос жетімекпен шұрқырасып табысады. Екеуін бауырларына басып өсіріп, ер жеткізеді. Мал-малдандырып, жан-жандандырып, ел қатарына қосады. Дәметкер күйеуі Үмбетбайды еліне (Қаракесек ішінде Жалықбас) жібермей, төркін жұртын шырғалайды. Ондағысы, бауырларына пана болып, екі жетімекті ел қатарына қосудың амалы еді. Бүгінде Дәметкерден туған Үмбетбай балалары өздерін жалықбас демей, тоқамыз деп бірауыздан айтады. Тоқаның өскен атасы сегіз ата, Мырзамбет ішінде бұлар Қожаберген балалары аталады. Мырзамбеттің кіндігінен сегіз бала өрбіген. Сегіздің үлкені Күшікбай батыр тарихта аты қалған қазақ батырларының бірі саналады. Сегіз ата Мырзамбет өсіп-енген ру. Оларды былай таратады: Мырзамбет, одан Күшікбай, Ескене, Естемес, Досқана, Балапан, Төстен, Таймас, Дулат туған. Кейінгі үшеуі Үшқоңыр аталып кеткен. Қалманбеттің кіндігінен бала болмаған. Інісі ағасына тұңғышы Күшікбайды бергісі келмей, ортаншысы Ескене мен Досқананы ыңғайлайды. Мырзамбетке ағасы: «Ескене тым ерке. Ерке баланың ақылы кеш кіреді. Досқана әлден өзімшіл. Көжесін теріс қарап отырып ішеді. Естемесің жайбасарлау. Маған қисаң үлкеніңді бер. Осы қара тентектен бірдеңе шығады», - деп Күшікбайды бауырына салып алған екен.

Мырзамбеттен алты алашқа аты мәлім Сәкен Сейфуллин шыққан. Ұлтжанды азамат Сәбит Қарашолақов та осы атаның тумасы. Ата мекені Ор-Абаның қойнауын қойға толтырған фермер Төлеген Әрінов естемеске жатады. Ел ағасы Тұрар Алтынбеков Үшқоңыр атадан. Айтулы әнші, қоғам қайраткері Бекболат, күйші Мұхамеджан Тілеухановтар Күшікбай батырдың тікелей ұрпақтары. Кәсіпкер Сағынтай Исин батырдың бір бұтағынан. Бұл атаның сөз білетін қариялары Күшікбай бабасын жиі ауызға алып отыратын. Кезінде Сәкен Күшікбай батырды жырға қосыпты. Аудандық газетте тілшілікте жүргенімде сол өлеңді қойын кітапшама түсіріп алған едім. Салғастыра келгенде, өлең Сәкендікі болмай шықты. Кәрі құлақтардан ұққан жырды оқырманға, батыр ұрпақтарына бәсірелегеңді жөн көрдім:

Күшікбай — қол бастаған заманында,
Әмірі жүріп тұрған алабына,
Айқайы алты қырдан естіліпті,
Қатулы уыт бопты қабағында.
Ұқсаған ақылы кең шын абызға,
Ерлігі арқау болған бұла жырға.
Жорықта қасына ерген тамам Қарпық,
Айналған қара Тоқа ұранына,
Кең иық жау қабақтау ұзын қара,
Қарасы аз суық келген көзі ала.
Бақандай саусақтары тым салалы,
Сұсынан жауы ықтап,жылар бала.
Жүрекке мол қайратты жиған жастан,
Шайырлар Күшекеңе жазған дастан.
Жас пері қылшылдаған дер шағында,
Алысып аюдың да жайын тапқан.

Арқаны бір жылдары қалмақ шапқан,
Нояны киіп-жарған түспей аттан.
Көріпкел жауырыншы касында екен,
Қатерден алдын-ала болжап қаққан.
Шабуға тоқаларды бет алады,
Қалмайды жеңеріне бек күмәні.
Қайт депті жеңе алмайсың оны байлап,
Отырған кең даланы еркін жайлап.
Күшті екен алапаты бұл қазақтың,
Тұрғандай тау мен тас та « Күшікбайлап!»
Қайтпапты дүлейлікпен қалмақ беттен,
Ауылға таң бозында тиген шеттен.
Тасадан өңшең берен лап беріпті,
Қалмақты от боп шарпып қанын төккен.

Күшікбай қолға мықтап шоқпар алған,
Шығыпты жекпе-жекке әлгі жазған.
Шоқпармен дәлдеп бастан соққан кезде,
Өкіре ерден ауып қалмақ қалған.

Батырмен ел беделі салмақтанған,
Ұмытпай ұрпақтары ардақтаған.
Кәдімгі Кенелінің бір төбесі,
Әлі де аталады «қалмақ қалған».
Күшекең заманында жарқылдаған,
Беріспей қастасқанды алқымдаған.
Ынжықтар қыр аспайтын не біледі?

Бос күйбең бас қамынан артылмаған.
Батырлар сыртқа айбар, ұрпаққа үлгі,
Жабығын алдаспанмен жаудың тілді.
Жігерін алты алаштың шыңдай білген,
Қазақтың азаймасын намысты ұлы.
Жауға ұстап бермегейсің бір-біріңді,
Алданба ермек етіп құр дүбірді.

Апаның бауырға деген мейірі мен туысқандық ниетінің, жүрегінің жұмсақтығының арқасында Алаштың бір бұтағы сегіз ата Мырзамбет балалары өркен жайған. Енең тоқаларының бір бұтағы осылар.

Қарындас

Әлқисса, апаның да тараңдары жетіп-артылады. Содан да «Апаңа да барарсың, аңқиып қарап тұрарсың» деген сөз тараған. Әпкенің бәрі бірдей емес. Көріп те жүрміз, заманның ыңғайымен кейбір қытымыр әпкелер бауырларын есік сыртынан жібереді. Жаңағы бұрыс мәтел осыған байланысты айтылған. Қарындастың бағасы ападан да қымбат. Содан да арқалы ақындар қарыңдасқа жыр шұрайын арнаудан жалықпаған:

Жорғасын саған сыйлаған,
Қалдырса жолда шабан ат.
Қастасыңмен ұстасар,
Соңыңа ерсе жамағат.
Алтынға балар жезіңді,
Асылыңды бағалап.
Қолында бармен бөлісер,
Жағдайыңды шамалап.
Жер шетінде жүрсең де,
Артыңнан жетер ағалап.
Жүдеңсіп жүрсең сергітер,
Жаныңа жайлы саябақ.
Ағалап төрге шығарып,
Төредей күтер аялап.
Қабағанға тас атар,
Алдыңнан шықса абалап.
Тұңғиыққа бойласаң,
Айдынды жүрер жағалап.
Жүрегі сен деп езілген.

Бауырмалдығы ғаламат.
Қазақ қызы қалқажан,
Қарындасқа не жетсін!

Аңыз-әңгіме, жыр-дастандарға қарап отырсақ, қазақ қыздарының жаркын бейнелері шебер сомдалған. Халқымыздың ежелгі әнұраны «Елім-ай» соның бір дәлелі:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.

Ел басына күн туса, қиындықты, бірінші кезекте,.қыз бейбақ көреді. Қарындастың иығына түседі ауыр салмақ. Атыс-шабысқа толы жаугершілікте жатқа қимас қарындастар жау қолында кете барған ғой. Аруынды жат құшса, азаматқа бұдан өткен қорлық, сірә да, жоқ шығар?! Атамыз қазақ астарлап сөйлеуге шебер. Қыз демей, «бойжеткен» деп еркелетіп атайды керімдерін. Қазақ ұғымында қарындастың қосалқы есімі - Намыс. «Жақсыны жатқа қимас болар» дегеңдегі емеурін осыған дәлел.

Жастарға айтар сөз мынау: «Қыздың ары - елдің ары, біліп қой, қыз қорғаған нағыз жайсаң жігіт қой»!

Күйеу

Бұл туыстық атау екі мағынаға ие. Әйел қосағын «күйеуім» дейді. Өзімсінгенде «байым» деп бадырайтады. Қойындасқан қосағының қадірі артып, жұбайлық жарасымдары күшейгенде «ерім, жан жолдас, жар қосағым, отағасым» деп жүректің тілімен айтады.

Негізінде, мейіздей тәтті сөз әйелдің аузынан шыққан ғой. Біздің тілге тиек етпегіміз бұл атаудың екінші мағынасы. Құсын қолына қондырып, үйленген жігітті қайын жұрты «күйеу» деген. Келін түсіру тойларында: «Күйеу - жүз жылдық, құда - мың жылдық», — деп мәтелдейді. Жасы кішілер апасын алған жігітті жездекелейді. Жасы үлкендер «күйеу бала» деп іш тартады.

«Пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған» деген мақалдың мәнін жастар зерделей қоймайды. Пайғамбарымыз Мұхаммедте (с.ғ.с) ұл бала болмаған. Үлкен қызы Зейнепті Әбутәліп, Ортаншы қызы Бәтиманы Әзіреті-Ғалы алған. Пайғамбарымыздың жолын күйеу балалары жалғастырған.

Халқымыз күйеуді айрықша құрметтеген. Үлкендер күйеу балаға артық сөз айтпайды. Сондағы ұстанатын қағидасы «Пайғамбар да күйеу баласын сыйлағанға» саяды. Осы бір тәрбиелік мәні бар сөздің астарында терең аңғарым бар. Үлкендер айтар еді: «Күйеуге ұрсып, зекіруге, кемшілігін бетіне басуға әсте болмайды». Оның себебі - күйеу бала өз балаң емес. Кісі баласы. Күйеу бала қанша адал болып кезіккенімен, жаратылысы басқа. Ата-енесінің, қайынағасының зекіргенін көңіліне алып қалуы кәдік. Жасыратын несі бар, бәрі бірдей емес, күйеу бала кінәмшіл, кіді келеді. Осындай өзімшілдігін қайынжұрты күйеудің бетіне баспай, халықтық педагогиканың тыйымымен тәртіпке шақырған. Күйеу төрге шықпайды, бас ұстамайды. Атасының еріне отырмайды. Атасының киімдерін үстіне ілмейді. Қайынжұртының үлкендері дүниеден озғанда, сүйегін ұстамайды.

XXI ғасыр - қазақ халқының нағыз шыңдалатын кезеңі. Бұл ғасыр бізге сынақ. Шарболаттай шамырқанып, шыңдалатын кез енді туды. Намыстың да керек жері осы тұс. Шет жұрттармен аралас-құраластық қарқын алып, ғаламдану саясаты белең алған шақта атадан ұл боп туған елжанды азаматтар жат елдің сұлуына байқап-байқап ұрынсын. Жат елден қыз алған екен, Отанынан жырақ кетпесін.

Қан араластыру - генетикада оңға бастайтын тәсіл. Жапондар өзімен-өзі тұйық өмір сүріп, басқалармен қан араластырмағандықтан, ұрпақтарының әлжуазданып бара жатқанын қатты сезінуде. Керісінше, американдықтар ұлттық бірегейлігінен ажырап, тек ақшаны ғана танитын дүбәра ұлтқа айналып барады. АҚШ халқының өң-түстері әр түрлі. Мінез-құлықтары да түрліше. Сырты жылы келгенімен, іші салқын. Олар туыстық, бауырмалдық сезімге сараңдау. Күнкөрудің айналасында шектеледі. Керемет деген бұларда ұлт жоқ. Ұлтсыздық халықты тексіз тобырға айналдырып жібереді.

Біз ұлдарымызға жат жұрттан қыз алма демейміз. «Жаман күйеу қайынсақтың» керіне бағып, елден жырақ кетпегей деген аңғарту. Қыздарымыз да ойлансын. Қалталы екен деп нәсілі бөлек жат елдің жігітіне еріп шекара асып, еліңе, төркін жұртыңа жете алмай қалса, ғұмыры жылаумен өтеді. Жігіттерге де оңайға түспейді.

Ішпесті ішіп, жеместі жеп жат елде,
Шай қызылы мұрын жарып кесеңде.
Сый табақтан қазы-қарта жесең де,
Қара қостың көжесіне жетер ме?!

Кеңейтуге таранысған аянды,
Өсірмекке байлық қуып бағаңды.
Басқа жұрттан тапқаныңмен баянды,
Алтын өзек Отаныңа жетер ме!

Сүйек

«Күйеу — жүз жылдық» дейтіні неден? Мықтаса ол жүзге келер. Сүйек-шатыстықты ұрпақтары жалғастырмай ма? Күйеудің өз балалары нағашыға жиен болғанда, жиеннен туғандар жиеншар делінеді. Үш ұрпақтың өмір сүру мөлшері жүз жыл. Жүз жыл көлемінде ғана күйеу аты әспеттеледі. Содан кейін ұмытылады. «Күйеу - жүз жылдық» деген содан шыққан. Біздің ұйғарымымыз осы.

«Құда — мың жылдық» деп жатамыз. «Су — сүзілмейді, сүйек — үзілмейді» дейді тағы да. Сүйек үзілмейдінің мағынасы қалай? Туысқандық тамыр үзілмекші емес. Қазақ халқы сол туысқандықтың, бауырмалдықтың арқасында ел болып, өркен жайды.

Замана дауылы күшейіп тұрғанда ел ішінде руластық дертті өршітіп, не қыламыз деу ауызға оңай. Рушылдық - ендігі жерде қазаққа ұран бола алмайды. Ендігі ұран: «Атамыз — Алаш, керегеміз — ағаш». Нағыз ұлтжанды азамат Абай айтқандай «Атаның ұлы боп қалмау» керек. Бұрындары үлкендер қай рудансың деп сұрамай, алыстан орағытатын. «Асылың кім, сүйегің қайдан?» дегенді сан естідік. Бұл сауалдың түпкілікті мәніне кейінірек ой тоқтаттық. Қазақ бабамыз асыл сүйек болмаса, үрім-бұтағы осыншалықты қара ағаштай тамыр жайып, биікке бой созар ма еді?! Сүйек дегені - ұрпақ сабақтастығы ғасырдан ғасырға жалғасады дегенді тұспалдағаны. «Сүйек - үзілмейді» дегені соны меңзегені. «Құда — мың жылдық» деп туысқандық сабақтастықты бір ғана сөйлеммен шегелеп тастаған. Келін түсіріп, қыз ұзатпасақ, құдандалы болмасақ, халқымыз қанат жайып тамырын тереңге жіберер ме еді.

Сүйек жаңғырту

Сүйектің асылдығы шешеді ұрпақ сапасын. Туыстық атау «құда» сөзі тым жадағайлау. Жалпылама атау. Үлкендер «Біз ол атамен сүйекпіз» деп отырады күні бүгінге дейін. Бабаларымыз ескі жекжатын «сары сүйек құда» деп жақын тартады. Сүйек шатыстықты үзіп алмай, одан әрі сабақтаудың жолы - сүйек жаңғырту. Құда түсу, қыз айттырудың ондаған рәсімі

19-2628

бар. «Бесік құда», «бел құда» деген сөз тіркестері көнеруге жақындады. Сүйек жаңғырту — жекжаттық қатынасты жаңғыртудың бір тәсілі. Құда түсуге барғанда: «Ескіден келе жатқан жекжат едік. Сүйек жаңғыртқалы келдік», — дейді. Осы дәстүрді бүгінде өмірімізге орайластырудың еш сөкеттігі жоқ.

«Қойыннан төгілсе қонышқа». Жастарды тым еркінсітпей, сырын білмеген, сымбатына қанбаған жерге қыз беріп, келін түсіруді әузелей бермей, «сүйек жаңғырту» ғұрпын жаңа заманға сай орайластыруды қолға алсақ, оның несі сөкет?! Заман аралас-құраластықты қалайды. Әйткенмен де, ауылы аралас, қойы қоралас әулетпен сүйек жаңғыртудың тиімділік жағы басым. Келінді көрмеген, білмеген жерден түсірудің соңы шырғалаңға ұласып, екі жастың ажырасуымен тынатынын жоққа шығара алмаймыз.

Жар таңдау — өте жауапты сынақ. Оны үйленетін жігіт пен тұрмысқа шығатын қалыңдықтың қалауына сыйдырып, өз еріктеріне жіберу — ұрпақ тәрбиесінің бір мүмкіндігін қолдан шығарып алудың салдары демеске амалымыз жоқ. Есті бозбала жар таңдағанда міндетті түрде жақындарына ақыл салуды ұмытпайды. Жігіт болашақ жарын, қыз қосылатын қосағын ата-аналарының назарынан өткізіп, мақұлдатып алса, нендей сөкеттігі бар?! Содан да көненің көзі үлкендердің: «Бәленшекеңнің қызын ал, ол бізге ертеден келе жатқан сары сүйек құда», — дегені ұрпақ жалғастығына мән бергені, ұлттық тәрбиенің дәстүр-тағылымын негізге алғаны деп білуіміз керек.

Жанұя — шағын мемлекет. Сол шағын мемлекеттің де телісі мен тентегі болады. Шайпау келін, адуын ене, айқайшыл ата, өркөкірек қайнаға, даландау қайын, шолжаң қыз, жыпық ауыз жеңге әр шаңырақта бар. Соларды жөнге салу — үлкендердің міндеті. Шаңырақтың шайқалмауы үшін ата-ана жайылып төсек, иіліп жастық болып жаны қалмайды. Тақа болмай бара жатса, ащы сөзге дес береді. Тәрбиелі бала «таяқтың еттен, сөздің сүйектен өтетінін» жақсы біледі. Аузына абай болады ондай келін мен бала.

Ұрпақ қайтсе шымырланады? Гәп сүйекте, сүйектің асылдығында. Өсер жас боркемік болса, сордың жеңгені. Ондайлар өмір сүруге икемсіз келеді. Қиындыққа төзе алмайды. Күйректікке беріліп жүнжіп кетеді.Сүйегі жасықтардан нашақор, ішімдікке салынғандар көп шығады. Шыдам-төзімді жанына серік еткен намысқой жас ездікке өлуі бар жолмайды. Ез емес, ер жігіт болып жетіледі. Жүрекке байланған ақыл шын асылға жатады. Ұстамдылық, намысқа суарылған қайтпас жігер, қайратың мен ақылың. Мінездегі сапалы қасиеттеріңді

жұмылдырып, қиындыққа қарсы тұрғанда ғана сенің сүйегің беки түседі. Болбыраған босаңдар сәл ғана салмаққа шыдамай, опырылып сына салады. Қайсар азамат сүйегіне қарысады.

Сүйектің беріктігі әріден басталатын, тек-тамырдан бастау алатын айрықша қасиет. Сүйек қайтсе беріктенеді? Оның сандаған себептері бар. Нағыз сүйегіне қарысқан адам қайсар, алымды, өткір де бетті, шыдамды әрі төзімді болып келеді. Сүйегі асыл адамнан өрбіген ұрпақ та сары асық балғын келеді. Ата-бабаларымыз тұқымымыз азып, сүйегіміз ұсақтап кетеді деп, текті атадан қыз алған. Бүгінгі жастар, оның ішінде қазақ жастарының сүйегі ұсақтап барады. Қырыққа келмей жатып токырап тоза бастағандарды көргенде, қарадай қарның ашып, пұшайман күйге түсесің. Ащы темекі бір иектесе, оған арақ қосарланса, есірткі және есті алса, ондай адамның сүйегі борымағанда қайтеді?! Сөйлесең сөз өтпейтін, ұрсаң таяқ өтпейтін қыңыр-қисықтан түңілген үлкеңдер «етке біткен мінез сүйекпен кетеді» дегенді бекер айтпаған. Алайда халықтық тәрбиеде бұл түңілісті ауылға, қауымға қарата айтпайды. Жекелеген су жұқпастарға қарата айтылған мінездеуді бүтін жұртқа таңу ұшқарылық.

Сүйекке сіңген тәрбие өміршең келеді. Ондай жандар өзін өзі жөндеп, тәрбиелеп, Абайша айтқанда «өз мінін қолға алып», бүгінгілердің сөзімен айтқанда мәдениетті болуға тырысады. Қара басын жөндей алмаған адам, ортасына жұғымсыз адам — сумақай-сұмырайдың нақ өзі. Ондайлардың надандығы әулетке, ауылға, бара-бара қауымға таралып, жұқпалы індеттей барша жұртқа залалын тигізуі кәдік. Құдайдан тілеп алған бала елдекүнде жоқ зұлымдыққа барады. Кісі қанын мойнына жүктейді. Тонаушылықпен, ұрлық-қарлықпен айналысады. Азғындық жолға түсіп, нашақорға айналады. Маскүнемдікке салынады. Қыз болса, қылықсыз жаман әдеттерге бой ұрады, жезөкше атанады. Мұндай ұл мен қыз ата-ананың бетіне шіркеу болмағанда, сүйекке таңба болмағанда қайтеді?!

Осы пайымдауға бір мысал сұранып тұр. Арғынның Мейрамсопысынан тарайтын Қуандықтың бір бұтағы енең Тоқасының ұранына айналған Күшікбай батырға жапсарлас елдің бір биі: «Найзаңды шошаңдата бергенше, қаңғып кеткен туыстарынды жиып-теріп алмайсың ба?!» — деп намысына тиеді (Күшікбай Жасыбайдан шыққанда, қаңғып кеткен делінген батырдың туысқаны Марқадан тарайды, Жасыбай мен Марқа бір туысқан). Намысқа қамшы басқан Күшікбай іле-шала атқа қонып, жоғалып кеткен туысын іздеуге шығады. Өзбектердің арасына сіңіп, үйлі-баранды болып кетіпті дейді. Марқадан туған, жоғалып кеткен інісі Қалыбек өзбектен қыз алыпты. Қыр-

ғызбай, Ырғызбай есімді екі баласы бар екен. Күшікбай шөбере інісін екі баласымен елге алып қайтады. Әйелін төркінінде қалдырса керек. Қырғызбайы момын екен. Ал Ырғызбайы жолда мінез көрсете бастайды. Ашқарақтанып тірі қойдың құйрығын кесіп жей берген соң, батыр әлгі баланы «сүйегімізге таңба болады» деп суырдың ініне тығып кеткен көрінеді. Бір қарағанда қатыгездік болып көрінгенімен, ата-бабаларымыз ұрпақ өрбітуге мейлінше жауапкершілікпен қатал қараған ғой. Қырғызбайдан туған баланы Күшікбай батыр ырымдап: «Жанымыз түгелденді ғой. Есімі Жантүгел болсын», — деп баланың атын өзі қойыпты. Жантүгел ұрпақтары бүгінде Ақадыр, Нілдіде қанат жайған.

Күшікбай сынды батырлар соңынан еретін ізбасар ұландарын қатаң сұрыптаудан өткізіп отырған. Шымыр да ширақ, намысқой ұрпақ бабалар салып кеткен сара жолдан ауытқымай, халқымызды жаңа өрістерге бастап келеді.

Қызды ұзатқанда ата-анасы құдаларына: «Еті — сенікі, сүйегі - менікі», - деп жатады. Бұл сөзде үлкен мән бар. Өзекті жанға өлім хақ. Ет — сіздің тірі кезіңіздегі болмыс-бітіміңіз, тән мен жанның үйлесімі. Ұзатылған қыз барған жерінде қосағына — жар, балаға — ана, қайнағасына — келін, қайынға — жеңге атанады. Уақыт — қатал әмірші. Шектеулі межеге жетіп, жат жұрттық қыз о дүниеге аттанар сәтте, кімнің қызы екендігі пысықталады. «Қай атадан, сүйегі қайдан?» деп сұрайды жаназаға жиылған жұртшылық. Қазақы ғұрыпта әйелдің төркін жұрты көз жұмған әлгі пақырды «сүйегін өзімізге бер, ата-анасының қасына жерлейміз» деп сұраса, бала-шағасы қарсылық жасамайды екен. Еті — сенікі, сүйегі - менікінің мәнісі сол.

Тіршілікте өзегі қуыс пенде «сүйекке таңба» болатын жағдайдан сақ болғаны жөн. Өлгенде артта қалған тірілер аруақты мазалап, сүйегін қорламасын. Қариялар балаларына: «әруақты ашуландырып алмаңдар» деп өсиет қалдырған.

Бейітті жаңалауға қарсылық жоқ. Шариғатта бейітті қайта көтер демейді. Қайта көтерген екенсіз, сүйегін қорламаңыз бабаңыздың. Жатқан орнынан қозғамай, сыртынан қоғамдап тұрғызыңыз бейітті. Бүгінде ондайға бара қоймайтындар бар. Енді бір сорақылық, ата-баба қабірін іздегендер жат моланы меншіктеп алып «мынау менің бабамның бейіті» деп басына ескерткіш қойып жатады. Былайша ниеті дұрыс десек те, белгісіз мазарды меншіктеп, жалғандыққа бару сүйекті қорлағандық болып шығады. Сүйек — қасиетті ұғым. Ол — біздің негізіміз, сапалық қасиетіміз.

Ұрпақ

Халықтың мәнді де басты тілегі - «Көсегең көгеріп, көрпең ұлғайсын». «Көсегең көгерсіннің» мәнісі: бақ-дәулетке, атақ-абыройға кенел. Жасың ұзақ болсын дегенге саяды. «Көрпең ұлғайсынның» мәні тереңде. «Бала-шағалы бол, ұрпағың мол болсын» деген мағынаны береді. Адамға бұл дүниеде осыдан артық не керек.

Қазақ арасында ескіден келе жатқан аңыз бар. Жаугершілікте қазақтың бір батыры дұшпанның талқысына түсіпті. Жекпе-жек шайқаста талай жауының басын доптай домалатқан қырып салдың өзі болса керек. Өштескен дұшпаны әлгі батырды қапылыста әйелі мен баласын, бауырын қоса қолға түсіріп қинапты. Қатыгез басқыншы әлгілерді өлім жазасына бұйырып, қыл мойындарын жаңғырыққа төсейді. Қазақ батыры: «Бірімізге бірімізді көрсетпей өлтір, қиналғанымызды көрмейік», - дейді. Қалмақтың қонтайшысы қаһарына мініп: «Талай жампоздың ажалы сенен келіп еді. Өз қылғаныңды өзіңе көрсетейік», — депті. Алдымен қазақ батырының бауырын жаңғырыққа төсепті. Екінші кезекте әйелінің басын шауыпты. Одан кейін жазаға баласын ыңғайлаған ғой. Тұяқ жалғар перзентінің қыл мойны жаңғырыққа төселіп, жендет қолындағы айбалта енді сермеле бергенде, шаңқ еткен ащы дауыстан тау жаңғырыпты. Баласына ажал балтасы төнгенде жанұшыра жанталасқан әкесі бұғауды үзіп жіберсе керек. Батырдың ұрпағын қимай аласұрғанын көріп, аяп кеткен қалмақ қонтайшысы: «Баласын босат та, әкесінің басын ал», — дейді. Баласы тұрып: «Әкемді қалдырып, мені өлтіріңдер», — дейді. Сүйткенше болмай, арттан қуғыншылар жетіп, батырды ұлымен қоса құтқарып қалған екен. Ұрпақ үшін күресте шыбын жанын пида еткендер халық жадынан ешқашан өшпекші емес. Мейлі, олар ақын болмасын, қаһарынан жауы жасқанған батыр да болмай-ақ қойсын, ақылымен елді аузына қаратқан абыз да емес делік. Артына өнік шашып кеткен абыз аталар туралы кезінде талай естігенімізбен, сол аңызды дер уағында қағазға түсіре алмадық. Енді ғана қолға алып жатқан жайымыз бар.

Осы еңбекте аттары аталған Қаракесек ұлысының бір бұтағы «сырт бошан» Кәрсен-Керней, Қояншы-Таңай болып келеді. Кәрсеннен сегіз туған делінеді ауызша тарихта. Сол сегіздің бірі — Таңыбай. Кәрсен — шешелерінің аты деген де аңыз бар. Бес назардың бірі — Таңыбай мен Жаңыбай екен. Жаңыбай малды-жанды болыпты. Таңыбай үнемі ат үстінде

жорықта жүрген. Таңыбай мен тарақты Наймантай батыр (Байғозы батырдың әкесі) жорықтас болыпты. Таңыбайдың жорыққа мінетін атын ағасы Жаңыбайдың балары рұқсатсыз тойға мініп кетіпті. Соған Таңыбай ренжісе, ағасы Жаңыбай: «Ол қу бастың неменесіне жетпей жүр екен», — деп бұрыс кетсе керек. Соған налыған Таңыбай бір түнде тік көтеріліп, ауа көшеді. Артынан кеп шылауына оралған ағайын-туыстың біріне де қайырылмайды. Таңыбайды бір тоқтатса досы Наймантай батыр тоқтатады деп батырға кісі жібермей ме. Үзеңгілес серігінің соңынан екі атты кезек мініп қуып жеткен Наймантай досының түрінен қайтпас қаттылықты байқап, шұғыл шешімге табан тірепті. Наймантай астындағы тұлпарын құрбандыққа шалып жіберіпті дейді. Бұл аңызды Таңыбай атадан тарайтын қарттар айтқанда, жылап отырар еді. Осы жолдардың авторы соны көзбен керіп, құлағымен естіді. Бұл аңыз халық аузында күні кешеге дейін ұмытылмай келді. Дер кезінде қағазға түсіріп алғандықтан, оқырманға жетті.

Жағаласты заман екен ол бір шақ,
Көк найзаның ұшында-тын тақ пен бақ.
«Таушұбар» деп аталыпты кезінде,
Тарақтының Наймантайы мінген ат.

Бақ оралған батырларға сәруар,
Ат табылмас, ерге қатын табылар.
Жүз күн мінсе белі босап болдырмас,
Тұлпар екен Таушұбардай жануар.

Найзағайдай ойнап шығар жасынға,
Албастыдай төнеді екен тасырға.
Бос жіберсе маңайлатпас ешкімді,
Иек сүйеп жусайды екен батырға.

Аңыз етер Наймантайдай арысты,
Қабыландай жаумен талай алысты.
Жан аяспас қияметтік досы үшін,
Таушұбарын құрбандыққа шалыпты.

Ер Таңыбай - кияметтік досы екен,
Асыл сүйек алтын ердің қасы екен.
Балалары туа сала шетінеп,
Таңыбай ер қату қабақ пәс екен.

Заманында дәулет-баққа кенелген,
Әттең-дүние-ай, тапшы еді сенерден!
«Құбас» деген ағасынан сөз естіп,
Елін тастап ауа көшіп жөнелген.

Құлназар да жәкетайлап барыпты,
Аралбай да араға би салыпты.
Баймұрат пен Наурызымбет «жәкелеп»,
Құрбандыққа «ақсарбасты» шалыпты.

Біріне де қайырылмапты назалы ер,
Ұлардайын шуласыпты тамам ел.
Шарай көзге қорғанынан көз жазып,
Қабақ түйіп түнеріпті құба бел.

Көрмеген ол ер еді ғой қақпайды,
Таңыбайға тамам Кәрсен батпайды.
Депті сонда бір батағой сөз алып,
Бір тоқтаса Наймантайға тоқтайды.

Алла салмас шапағатын астамға,
Бұл бір аңыз желі болар дастанға.
Қос ат мініп Наймантай да жетіпті,
Тас бұлаққа ошарылып жатқанда.

Наймантай келе сала досының шылбырына жармасып, сауға сұрағанда, Таңыбай қайтпас қаттылыққа бекінген қалпынан айнымайтынын көрсетіп бүй депті:

Болашақтан түңілдім мен сенім жоқ,

Ұрпақсызбын жерім де жоқ, елім жоқ.
Өнбес дауға киліктің-ау, Наймантай?!
Қайырсызға қайырылатын жөнім жоқ.
Таңыбайға жартастайын түнерген,
«Қайғың қалың, - деді досы,- білем мен.
Жолыңа айттым,— деп Наймантай, - сауға» деп,
Қылышымен орып атын жіберген.

Таңыбай тұрып:

Ерім едің жан қиятын ел үшін,
Досымсың ғой тірегімсің сен шын.
Жанға балар тұлпарыңды, әттесі-ай?!
Неге қидың Наймантай-ау мен үшін?

Сонда Наймантай айтыпты дейді:
«Жалынбайсың бағаң асыл жаманға,
Оңай болмас сенсіз жүру маған да.
Бір шайқаста олжалаймын жүйрікті,
Сендей досты жер бетінен табам ба?!»

Бір күндік дос кездеседі әр кезде,
Жүз күндік дос табылмайды мәнді ерге.
Қияметтгік төс қағысқан дос едік,
Ете көрме мен пақырды шерменде!

Тоқырады амалсыздан назалы ер,
«Олай болса,— деді.— маған бала бер!»
«Жай қолыңды!» деді сонда Наймантай:
«Уа, жаратқан, жан досыма бала бер!

Рахымыңды бұл байғұсқа сала гөр!
Сөнер шырақ қуат алып жана гөр!
Құлыңмын ғой, ей, жаратқан, жалынам,
Жан досыма, Таңыбайға бала бер!»

Егіз достың Алла берді тілегін,
Таңыбайға ерген екен кілең ұл.
Дос тілегін қабыл еткен Алла да,
Дос қадірін ей, жарандар, біле біл!

Әлқисса, Таңыбай райынан қайтып, елге оралады. Төсек жаңартып, қойнын жылытады. Көп кешікпей ұлды болады. Таңыбайдың кіндігінен Тайна, Жәутік, Бапақ, Сапақ, Жаманқұл туады. Бүгінде осы атаның бәрінен ұрпақ таралған. Атақты Ершіман бай, Көпбай болыс, дәулескер күйшілер: Қыздармек, Әбди Әбікен Хасенов осы атадан шыққандар. Таңыбай ұрпақтары: «Біз Алланың нұрынан, атамыздың белінен, тарақты Наймантай батырдың батасынан жаралғанбыз», - дейді күні бүгінге шейін.

Ата-бабаларымыз ұрпақ үшін жандарын қиған. Бас кетер сын сағатта тәуекелге барған. Қазақ арасында ауызша тараған тарихи деректерде ру-тайпалардың өсіп-өнуіне, қанат жайып көгеріп-көктеуіне дәнекерші батырлар болғаны шығар күндей ақиқат. Батыр атағы екінің біріне телінбеген. Қазақының тарихы дұрыстап қағазға түспеген деген екіұшты пікірдің жаны бар. Еуропа мен іргеміздегі шығыс елдері ата-бабаларының жүріп өткен жолдарын, оларға байланысты аңыз бен ақиқатты дер кезінде қағазға түсіріп, дәйектеп алған. Жаттың теліндегі қазақ халқы күні кешеге дейін өз тарихын өзі жаза алмай келді. Тарихи романдарымыздың саны онға жетер-жетпес. Еуропалықтар бір батырына ондаған кітап арнаған.

Қазақтың саны көбеймей, бағы көтерілмейді. Дәулеті молықпайды. Әр отбасы кем дегенде төрт баладан өсірсін. Ұрпағы өнікті елдің бақшасы жемісті, мінгіші желісті, жайлауы өрісті, қаласы базарлы келеді.

X. ТОРҚАЛЫ ТОЙ, ТОПЫРАҚТЫ ӨЛІМ

Той-томалақ

Тойдың түрлері көп. Санамаласаң, жүзге жетіп жығылады. Өзге халықтар қазақты «тойшыл» деп мінейді. Шындап келгенде, жер басып жүрген пенденің маңдайына жазылған екі нәрсе бар: торқалы той, топырақты өлім. Бұл екеуінен шеткақпай қалған адам «санда бар, санатта жоқ» делінеді. Кез келген ата-ана перзентін «Қатарыңнан қалма!» деп қайрайды. Қатардан қалу - өсер жасқа қорлық саналады. «Қысқа жіп күрмеуге келмей» жатса, онда кешірімді, әрине. «Жоқтық - жомарт ердің қолын байлайды» деген. Алайда енді бір адамдар бар, болып тұрса да қараулыққа басады. Шығын шығады деп, жақын-жуықтың тойынан шеттейді, өлгенге топырақ салудан сырт қалады. Қатардан қалудың бұдан өткен сорақылығы сірә де жоқ шығар.

Ағайын-туыстың сыналар жері той-томалақ пен қаза. Туыс-туған, жора-жолдастың қызығынан шет қалу кісілікті азайтады. Ондайлар өзімен-өзі болып, туыс-туған, жора-жолдастан сырттап суықсып алады. Бара-бара өзімшілдік дертіне шалдығып, қатыгездікке бой алдырады. Қазаға ортақтаспайтын, қаралы шаңырақтан сырттайтын адамның жүрегінде кісіге деген мейірім кемшін түсіп жатады. Жасынан көрбала жетім өссе, онда кешірімді. Көпшілік ортадан аулақтап, үнемі сырттап жүретін адамдарды қазақ «кісі киік» деп таңбалайды. Тойдан қалмай, әрбір думанды ортада бой көрсете берудің тәлім-тәрбиеге тигізер кері әсері де бар. Халықтан өткен ұстаз жоқ қой. Қазақ «Бәрің бірдей тойшыл болсаң - жын боларсың. Бәрің бірдей қойшы болсаң - құл боларсың» дегенді бекер айтпаған. Дау-дамай кей жағдайда, тоймен ілесе келеді. Дарақылық, шектен тыс аста-төк мырзалық, жөнді-жөнсіз шашылып-төгілу жастар тәрбиесіне кері әсерін тигізетіні жасырын емес. Той жасаймын деп қарызға белшесінен батып, тойдың соңы ренішке соқтыратыны және белгілі. Халық сыншыл: «Көрпеңе қарай көсіл», - дегенді осындайдан айтқан. Қазақтың тойы сырт көзге неге оғаш көрінеді? Қазақ ұлты томағатұйықтыққа (Томағалы бүркіттей өзімен-өзі болып) салынып, бөлектенуге әсте бармайды. Халқымыз ағайын-туысқа деген суықтықты ерсі көріп: «Бөлінгенді бөрі алады», - деп көзге

шұқығандай етіп айтып тастайды. Ағайынгершілігі басым келеді алаш жұртының. «Ағайын бір өліде, бір тіріде» деп тұспалдайтыны осыған байланысты. Жақын-жуықты бауырға тартуда қазақтан өткен туысшыл халық жоқ. «Өз - өлтірмейді, жат — жарылқамайды» деген ұғым соған айғақ.

Қазақтың тойшылдығын өзге жұрттарда сирек кездесетін дара қасиет десек, еш қателеспейміз. Халқымыз әуел бастан ұжымдық күнкөрісті қош көрген. Кең жайлауда қанат жайған, мал баққан көшпелі халық жайшылықта есігіне құлып салмаған. Шаңыраққа бас сұққан қонаққа жайылып жастық, иіліп төсек болған. Той дастарханын шектемей кең жайған. Содан да «той ортақ» делінеді. Ерте дәуірлерден бастау алатын тойшылдық рәсімді күнкөріс жағдайына қарай шағындаудың да шет жағасын көрдік. Соғыстан кейінгі (1945-60 ж.) шаруашылықты қалпына келтіру жылдарында да қазақтың тойы тоқталған жоқ.

Енді міне, тәуелсіздікке қол жеткізген бейбіт заманда қызық-шыжығымыз өз жалғасын тауып жатыр. Әйткенмен де, жас ұрпақ тәрбиесіне салқынын тигізетін дарақылықтан, даңғазалықтан, ерсіліктен тыйылған да жөн бір есептен. Тойды ішіп-жеудің салтанатына айналдырмай, көңіл көтеріп, ән мен күйдің, халықтық дәстүр-салттың салтанат құруына бейімдесек, ондай тойдың жастар тәрбиесіне тигізтін ықпалы орасан.

Осы күні той көп. Тойды тоқтату - тіршілікті тоқтатып қоюмен бірдей. Ғұмыр мәнсізденіп, қуаныш сарқылған жерде қаралы қаза күш алады. Содан да қазақтың үлкені батағөй келеді. «Жақсы сөз - жарым ырыс» деген аталы сөзге салмақ түсіреді. «Той тойға ұлассын, тойдан кенде қылмасын» деген тілек әр қазақтың аузында. Қыз ұзату, келін түсіру, туған күнді тойлаумен қатар, қоныс тойы, көш көлікті болсын тойы, ұлды сүндеттеу, мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіннің алғашқы ізін ырымдап тілашар тойын атап өту - айта берсең таусылмайды. Осы тойлардың әрқайсысы өзінше бір тәрбие сағаты болуға тиіс. Бірінші кезекте, дастарханды тағамға толтыруға емес, тойдың көңілді әрі тағылымды өтуіне көңіл бөлген жөн. Халқымыз тойдың мәнді де мағыналы өтуіне зер салған. Тойда өкпе-араздық, шырық бұзған даукестікке жол жабық. Атам қазақ «Тойда тонымды бер деме» деп тұспалдаған.

Отбасылық, әулеттік, ауылдық тойлармен қатар, халыққа ортақ атаулы мерекелер - Тәуелсіздік күні, Ата заңды қабылдаған күн, Жаңа жылды қарсы алу, халықаралық әйелдер күні - бәрі-бәрі жарастықты. Енді осы айшықты мерекелермен

қатар ұлттық мейрамдарды да атап өтуге мүмкіндік алдық. Мәселен, татар туғандар «Сабантойға» қатты көңіл бөліп, ұлттық мерекеге айналдырып келеді. Бауырлас татар халқының ұлттық мерекесі бізде басқаша аталады. Егін бітік шыққан жылдың сары күзінде, астық бастырылып болған соң «Қырман түп» деп аталып өтеді. Кедей-кепшікке астық үлестіріледі. Тегін олжаға кенелген көпшілік қырманды сахнаға айналдырып, ән-жырдан шашу шашады. Тойшылар бидай көжеден ауыз тиеді. Диірмен тартудан жарыс өтеді. Нан пісіруден келін-кепшік бәсекеге түседі. Нан жеуден мешкейлер жарысы өтеді. Балалар бидай тазалау бәсекесіне жұмылады. Соны бала күнімізде көзімізбен көріп өстік. Өгізбен тақым тартысқа да қуә болғаным бар. Қырман бастық тойды басқарып, әйелдерді жарыстырғаны есімде. Балаларды жарыстырғанда жүлдеге ілігіп, бір дорба ақ бидай арқалап қайттым. Кейінде «қырман тойы» жалғасын таппай қалды. Бала болсақ та соның бәрі әлі күнге есімізде. «Қырман түп» жиынын өткізгені үшін қырман бастықтың (бригадирдің, есімі Бабас еді) үстінен арыз жазылып, партия қатарынан шыға жаздап әупіріммен аман қалғанын әкей мен шешейден кейін естіп білдім. Ескілікті рәсімді қоздырып, «қырман түп» тойын өткізіп, колхозшышарды коммунистік еңбектің щартына жатпайтын бос дырдумен алаңдатты.Егіншілердің табан ақы маңдай терін рәсуалап, астықты өз жақындарына тегін үлестірді деген жаламен бригадирліктен босап қойшылыққа ығыстырылған еді.

Қазақтың ұлттық мерекесінің дені табиғаттың төрт мезгіліне орайластырылып өткізілген. Көктем мерекесі болып табылатын Наурыз тойын бала күнімізде үлкендер «Наурыз көже кәдесі» деп атайтын. Ересектер ауыл-ауылға қыдырыстап, наурыз көже ішеді. Бір-бірін қонаққа шақырып, қысқы қызылдан ауыз тиеді. Үлкендер өткен-кеткенді айтысып шерқұмардан шығады. Қызды-қыздымен ән салып, күй шертеді.

Наурыз келді ендеше, наурыз келді,
Жан көкемнің ауылына барғым келді.
Жеңгем берген көженің дәмі қандай,
Қоңырлатып жақсы әнге салғым келді.
Күн жарылқап жаз шығып,
Көктей берсін жас шыбық.
Ашқан қарын тоғайып,
Артта қалсын жоқшылық, —

деп әнге басар еді. Бұл нендей ән деп сұрағанымызда «Бала

күнгі салатын әніміз. Үкімет естіп қалса, итжеккенге айдатып жіберер» деп отырушы еді. Кеңестік кезеңде Наурыз мерекесі тойланбады, жас буын оны ұмытуға айналған-ды. Тәуелсіздік алғалы қайта жанданды. Күн мен түннің теңелер шағына тұспа-тұс келген жыл басы деп аталатын көктем мерекесін солтүстік облыстар қар үстінде атап өтеді. Наурыз бір күндік мерекеге жатпайды. Аптаға, айларға ұласса ғана шырайы енеді. Ұлттық төл рәсімді қар үстінде мерекелеудің тәрбиелік мәні кемшін. Қазақтың дәстүр-салтын көрсететін, халықтың рухын көтеретін, жастарды ұлттық дәстүрге бейімдейтін мейрамды аптаға ұластырып кеңінен тойлау керек-ақ. Жер аяғы кеңіп, көктем шыға әр ауылда, мекемелерде, қала көшелерінде думанға ұласып жатса, құба-құп емес пе. Әркім өзі білген заманда халықтық салтқа жатпайтын дүбәра рәсімдерді ойлап табатындар шыға бастады. Нағыз ұлттық мереке жайлауда күш алады. Оны «Қымызмұрындық» деп атайды. Қымызға шақыру айларға созылады (Бұл тақырыпқа басқа тарауда кеңірек тоқталдық.).

Той ішіп-жеумен ғана шектелмеуге тиісті. «Тойға барсаң, тойып бар» деген сөз соны аңғартады. Халықтан сөз артылған ба! «Кедейдің күні кіжінумен өтеді», «Той — тондынікі, айт — аттылынікі» деп те айтады. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда әсерлі де мәнді той-томалақтың өз мәнінде өткені пенденің бір жасын екеу етіп, қайғысын жұқартып, қуанышын молықтырады. Тойдан қалған пенденің көрер қызығы қожырағаны. Қысқасы, тойсыз өмір - мәнсіз. Құрбы-құрдастармен күліп-ойнау өмірдің мәні мен сәні. Күлкі - көңілдің ажары. Халықтық педагогика пәлсапалық ұғымдарды ұрпақ санасына қарапайым тілмен жеткізеді.

Үш арсыз

Біреу қайғыға батып жатқанда, екінші біреу күліп отырады. Соғыста жауынгерлер әбден қалжыраған кезде ұйқыдан басқаны тілемейді екен. Сәл тыныста тұрған жерлерінде құлай-құлай кетіп, бірден ұйықтап кететін көрінеді. Қу құлқын бәрінен өткен қажеттілік. Үрей — адамның асқынған сезімі. Шыбын жанға қатер төнген сәтте пайда болатын ауыт-қушылық. Судың тасуы, селдің басуы, өрттің өршуі, жер сілкінісі, мұның кез келгеніне төтеп беру оңай емес. Үрейдің ең жойқыны - аштық. Аштық, бірінші кезекте, бойдағы қуатты азайтады, ақылдан ада етеді. Күш-қуаты мен ақылынан ажыраған адам бос қауақ тәрізді. Ажал қармағына тез ілінеді.

Күлкі - ет пен сүйектен тұратын кез келген адамға тән қасиет. Қайғы-қасіретке берілмеудің, қиындықты елемеудің амалы болып табылады. Күлген сәтте адамның ойы сергіп, бойы жеңілдеп қалады. Көңілің көтеріліп, денсаулығың жақсарады. Ал осы күлкіңіздің өзі барып тұрған арсыз. Жақыны өліп, жер бауырлап жатқан қаралы адам жылап отырып, күле салуы әбден мүмкін. Оны өзі де сезбей қалады. Демек, күлкі қажеттілік екен. Ауа жұтпасаң тұншығасың, ас ішпесең ашығасың. Сонымен, үш арсыз - ұйқы, күлкі, тамақ болғаны ма? Бұл үш арсыз ет жүректі пенде өмір сүре алмайды. Жер басып жүруі екіталай. Соның ішінде күлкі рухани қажеттілікке жатады. Халық педагогикасы күлкінің тәрбиелік жағына ерекше мән берген. Күлкі дегеніміздің өзі адамның мінезінің бір көрінісі. Күлкінің де мәндісі мен мәнсізі бар. Қазақтың қара өлеңінде:

Жігітке өлең де өнер, өнер де өнер,
Жүйрік ат өрге шапса өршеленер.
Барында оралыңның (жағдайыңның) ойна да күл,
Шамшырақ мың күн сөнбей, бір күн сөнер, —

деп келетін жолдар бар. Басы жұмыр пенденің ғұмырының мәні — торқалы той мен топырақты өлім екендігі мәлім. Бұл екі міндеттен өзгесі әншейін көңіл желігі ғана. Торқалы той ойын-сауықпен ажарланады. Күлкімен көмкеріліп, шаттыққа ұласады. Шаттықтың шашуы - күлкі. Ата-бабадарымыз бүлдіріп сөйлегенді жек көрген. Сөзі бұзықты «қанжырық» деп жағымсыз атаған. Күлдіріп сөйлейтінді «аққөңіл», «ақжарқын» деп іш тартқан.

Күлкінің бастау көзі - орынды әзіл-қалжың. «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген нақыл содан қалған. Күлкінің де түр-түрі бар. Күлкі орынды жерде жарасымды. Надандықтан, ойсыздықтан туындап жатса, жыртақайлық болып табылады. «Басында ми жоқ, өзінде ой жоқ, Күлкішіл кердең наданның» дегенде Абай нені меңзейді? Абайша айтқанда, бос дырдуға үйірлер ойсыз, надан келеді екен. Күлкіге үйірсектік мінездің ауытқуына, соңы аярлыққа, алдамшы құбылуға апарып соғуы кәдік. Ішінің арамдығын күлкімен бүркемелеп, залымдығы мен зымияндығын байқатпауға тырысатын көлгірлердің күлкісі «арам күлкі» делінеді.

Күлкі де бір сарын ғой,
Кекесіннің ұшқыны.
Күлкі де бір залым ғой,
Мертіктірер мықтыны.

Осы жолдар еріксіз іш жадырады. Демек, кулкіде мағына болғаны. Адам ішкі түйсігін, басқаларға деген көзқарасын, жан түбінде жатқан пиғыл-ниетін күлкімен аңғартады екен. Күлкіден кісінің мінезі байқалады; мінездің айнасы іспетті. Мінезді күлкі соған жатады. Уытты күлкі - ішкі бұлқыныстан туындағанда кекесіннің ұшқынына айналып, мықтымсыған кекірдің өзін «мертіктіре» салады.

Кайғылының күлкісі - Түтініндей көмірдің,
Аққөңілдің күлкісі - Ақ маржаны көңілдің.
Ақымақтың күлкісі - Ойбайындай баланың,
Адал жанның күлкісі - Татыр соған бар әнің!

Адам қанша болса, күлкі де соншалықты түрленетіні осыдан байқалады. Аққөңіл жан ойсыздау бейбіт күлсе де, ақжарма адал ниетінен хабар бергені. Ақымақ дарақылықпен даңғазаланады; ойсыз жыртақай күлкінің шақпағын тұтатады. Ақылды күлгенде де ойшылдықтан жаңылмайды. Құлаққа ән әуеніндей жағымды тиеді.

Халық - ұлы ұстаз. Күлкінің денсаулыққа пайдалы екенін, көңілді демдейтін адамшылық қасиет екенін жақсы білген. Жүзі жылы адамдарды ақ пейіл, ақжарқын деп іш тартып, жақсылардың санатына қосқан. Жыртақайлық жеңіл жүректілікке жатады. Жүрегі жеңілдер ойсыз далаң келеді. Не болса соған күле салу мінездің тайыздығына жатады. Орынсыз күлкішілдік еркекке жараса қоймайды. Ерсілікке басқан күлегешті қариялар: «Жігіт адам қатынша күлмес болар», — деп тыйып тастар еді.

Халық бос сөзге үйірлерді «бәтуасыз мылжың» деп қыжыртса, орынсыз жыртақайлықты ерсілік деп білген. Қаралы қазада, әйтпесе, түрлі-түрлі келеңсіз жағдайда қисынсыз күлгендерге: «Күлкің көмір болсын!» - деп зекіп тастағанын сан көрдік. Күлкінің де реті бар. Өтірік күлетіндер жағымпаздардың тобына жатады. Нағыз табиғи күлкі судың сыңғырындай, құрақтың сыбдырындай құлаққа жағымды естіледі. Адал күлкі ән әуеніндей естіледі. Біреулер жырқ-жырқ, әйтпесе, тырқ-тырқ күліп, ерсілікке ұрынып қалады. Ондай күлегештер өз ойынан хабар беріп, ішкі пиғылын білдіріп алады. Бейбіт те жарасымды күлкі жанға жайлы келеді, әндей әуезділігімен көңіліңді желпіп, жүрегіңе жұмсақ тиеді. Әйел затына күлкі жарасады. Дегенмен, әсте-әсте. «Кеп күлген к...ң соры» деген тыйым ауыздан тегіндікпен шықпаған.

Өз мінезіңді жөнге салудың бір ұштығы күлкіде жатыр. Орнымен күле білген де, бүгінгі тілмен айтқанда, мәдениеттіліктің белгісі болып табылады.

Қуаныш пен қайғы

Қайғы мен қуаныш - егіз. Бұл екі ұғымды бір-бірінен бөліп қарауға әсте болмайды. Қуаныш күш алғанда, ұлан-асыр шаттыққа ұласады. Аңыздан белгілі, Лұқпан хәкім мың жасапты. Мағыналы да мәнді өткізген әр күнін бір жылға балаған. Үлкендер бір басы екеу болып, мәре-сәре шаттыққа бөленген шаңырақ иесіне: «Қуанышың қайырлы болсын!» - деп тілек айтып жатады. Қуаныштың да қайырын тілеу керек. Қайыры болмаса, ондай той-томалақтың соңы ренішке ұласып, басиені сергелдеңге душар етеді.

Халық артық байлықты, аста-төк ішіп-жемді саналы түрде шектеп отырған. Құран қағидасына сүйеніп, малдан - зекет, астан - құшыр берген. Диханшылар астық орылып болған соң кедей-кепшікке «қырман түп» үлестірген. Құдайы беру ас садақасына жатады. Дүние - көздің құрты. Дүниеден ешкім безбейді. Халық кісіге біткен малдың, дәулеттің қайырын ойлаған. Барлықтың қайырсыз болатынын алдын-ала ақылмен топшылаған. «Бай - бір жұттық» деген топшылау соған саяды. «Асқан - асылады, толған - төгіледі» деген ой орамы тереңдігімен іш жидырады. Асы мен атын бұлдағандарды «сығырдаң», «сараң», «қарау», «дүниеқоңыз», «шілдесіне шыр жұқпаған» деп кекеген. Содан да кейінгілер ата-баба өсиетін қалт жібермей, құдайы ас беруді, той жасауды бұлжытпаған. Ертеңгі күні дәулеті шайылып кеткендей болса, дұшпанның табасына қалмайын дегенді және қаперде ұстаған. «Табашылдың пиғылынан, тойымсыздың ындынынан, сұғанақтың көзінен, күншілдің сөзінен сақта» деп Жаратқанға көңілін түзулеп, Алладан тілек тілеген. Қуаныштан соң қайғы жетеді мысықтабандап. Жазмыштың заңдылығынан ешбір пенде сырт қалмайды. Қара қабақ қайғы өзегі қуыс пендемен еншілес. Қуаныштың да тұйықталар тұсы болады. Сондай дағдарыста жұмыр басты пендеге құзғындай сұңқ-сұңқ етіп қайғы жетеді. Қайғы асқынғанда қасіретке ұласады. Қасірет қазаға жол береді. Осындай торыққан сәтте адамға не жолдас? Қайтсе құтылады қайғыдан? Абайдың «Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме!» дегеніне еріксіз бойұсынасың. Сүйегіңе қарысып, қайғыға бой бермеуге тырысасың.

Халық - қайғыны шарасыз мойындайды. Одан құлан-таза айығудың жолын тап басып айта алмайды. Неге десеңіз, қайғының өзі өзекті жанның пешенесіне әу бастан бұйырған сыбағасы есепті. Бейнелеп айтқанда, тағдырдың сыбағасы. Қайғының асқынған түрі, іңдеттей жайылып кететіні болады. Ата-ба-

баларымыз соны ұрпағына ескертіп, шүкіршілік етуге баулыған. Сондағы байламы мынау: «Құдай ала қайғыдан сақтасын!»

Қайғының салмағын өлшейтін өлшем бірлігі не? Қайғы жалқылықтан жалпылыққа ұласқанда қоюлана түседі. Қазақта «Көппен көрген ұлы той» деген аталы сөз бар. Қайғы асқынғанда көпті шарпып, барша қауымды дағдарысқа ұшыратады. Ала-шапқын жағалас, күйзеліс, құғын-сүргін кезігеді. Жер сілкінісі, су тасқыны, жұқпалы індет, соғыс пен ашаршылық — бәрі-бәрі халықты жаппай шарпитын нәубет. «Ала қайғы» дегеніміз осы. Соған да шыдаған ғой атам қазақ. «Көппен көрген ұлы той» деп тәуекелге басқан. Күні бүгінге дейін көпті көрген көне көкірек қарттарымыз: «Құдай ала қайғыдан сақтасын! Жаратқан ие бергенін бегілеп берсін. Артының қайырын берсін!» — деп тілек тілеп отырады.

Қайғының ауыры - қаза. Қазалы үйдің жесірі қара жамылады. Ері өлген, қыршын жасынан айырылған әйелді «беті - жаралы, жүзі — қаралы» деп мүсіркейді жұртшылық. Осы бір тіркес еріксіз ескі ғұрпымызды еске салады. Ерте замандарда (сақ, ғұндар, сарматтар, т.б.) күйеуі өлген әйелді ерімен бірге көметін ғұрып болған. Мінген аты, қару-жарағы қоса көмілген. Оны археологиялық қазба жұмыстары айғақтайды. Келе-келе бұл әдет сирексіген. Ер-азаматы немесе қыршыны төтеннен көз жұмғанда, қаралы әйелдер күні кешеге дейін бетін жыртып (алып) тастайтын еді. Жаппай емес, әрегідік кездесетін сондай оғаш жағдай. «Беті жаралы» дегеннің мәнісі осы. Қазаға тоқтам керек, сабыр керек. Үлкендер жағы қазалы жанды сабырға шақырғанда: «Алланың ісі — байғазы» дегенді айтады. «Байғазы» дегені — «әу баста маңдайға жазылып қойылған, өлімнен қашсаң да құтылмайсың» дегені.

Бала жыласа - жұбатасың, үлкен жыласа ше? Кісіні жылаудан тыю екінің бірінің қолынан келе бермейді. Әсіресе, мезгілсіз қазада, кісі өліп жатқанда. Өмір көрген қариялар осындайда керек. Жұбату - көңіл аулауға жатпайды. Қаралы жанды тоқтамға шақыру оңай емес. Сондай қысылтаяң сәтте есті азаматтар топтан суырылып шығады. Қарттар мен аңғарлы бәйбіше қазадан қасірет жұтып, жынданауға шақ қалған қаралы жанды сөзбен жұбатады. Әйелдер жағы кісісі өлген адаммен қосыла жыласып, дауыс айтады. Дауыс салып жылаудың өзі қазақ ғұрпында жұбатуға жатады. Бүгінде қайғы жұтқан қазалы жанға қол ұшын берудің оңтайлы тәсілі дәрігерлік көмек көрсету. Дәрігерлік көмекке сүйенген қаралы жан әлсіреп қалады. Керек десеңіз, тыныштанып, ұйқыға кетеді. Бұл қазақ дәстүрінде ерсілік саналады. Медицинада

дәлелденгендей, адам кез келген қиын жағдайда ақыл-есін толық жоғалтпайды. Бірнеше күн жылап әлсірегенімен, қазалы жан көңіл айта келген жандарды көріп отыруға тиісті. Қаралы шаңыраққа дауыс қойып келген жаназашылармен көрісіп отыруы керек. Біз, бұл орайда, бей-берекет дауыс айта бергенді жөн көріп отырған жоқпыз. Жылауды тоқтатудың амалы көңіл айтуға жатады. Ауылдың, әулеттің сөз ұстанған есті азаматы, қариясы тоқтамды сөзге дес береді.

«Қазаның арты қырсықсыз болсын деп тілендер. Құдай егізінен, сегізінен сақтасын» деп сөз астарын қалыңдата түседі. Одан әрі қазаға байланысты аңызға кезек тиеді. Ондай әңгіме әдетте «Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған екен» деп басталады.

Көңіл айту

Ата-бабаларымыз көңіл айтудың өзін тәрбие-тәлімге негіздеген. Әр сөзіне салмақ түсіріп, қаралы шаңыраққа жиылған үлкен-кішіге сөзін арнаған. Көңіл айтудың бір ізге түскен нұсқасы болмақшы емес. Сәби шетінесе «шапағатшы болсын!» деп жатады. Діни ұғымда о дүниелік сәби қияметқайымда ата-анасына болысып, күнәсін жеңілдетуге жәрдемші болады делінеді. Сәбиінен айырылған ата-анаға «Төлеуі тез болсын» деп жұбаныш сөзбен тоқтам айтылады. Жас өркеннің көктей солуы ата-анаға оңайға түспейді. Әсіресе, ананың қайғысын жеңілдету қиынның киыны. Баласы шетінеп аңыраған анаға әулеттің үлкені зекіріп тастайтын еді. «Төлеуі тез болсынға» тоқтамағаны жаман ырымның нышаны саналған. Не себептен? Өмірде дәлелденген жағдай. Қатты қайғыру қаралы жанды денсаулықтан айырады. Әсіресе, өркен жаятын жас әйел үшін қауіпті. Келешекте бала көтермей кетуі мүмкін. Сол себепті ақ сақалды қариялар мен ақ жаулықты әжелер сәбиі шетінеген жас келіншектерге: «Қарағым, көп жылай берме. Аллаға қарсылық жасама. Бауырың қатып кетеді», - деп жұбату айтып жатады. «Бауырың қатып кетеді» дегені — денсаулығы нашарлап, бала көтере алмай қалмасың деп сақтандырғаны. Бауыры қатып кеткен әйелді де көрдік.

Қаза әр қилы жағдайда килігеді. Төрелеп немесе төтендеп келетіні болады. Біреулер қиын жағдайда көз жұмады. Әке өлсе, артындағы бала-шағасына ауыртпалықтың төнгені. Ағаның қазасы бауырына ауыр соғады. Халықтың зердесі зейінді, жас ұрпаққа ұқтыратын тәлімін негізсіз айта салмайды. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» дегеннің мәні тіптен терең-

20-2628

де жатыр. Қазаның арты тыншу болғанын тілегені. Көп жасаған көнелер көз жұмарда бала-шағасына «артымды шулатпаңдар» деп өсиет қалдырады.

Біреу кісі қолынан қаза табады. Енді біреулер кісі қарызын арқалап кетеді. Ондай қазаның ақыры жақын-жуықтарын сергелдеңге салып қоюы кәдік. Аңғарлы жандар мұндай қазаға жалпылама көңіл айтумен қатар, «арты қырсықсыз болсынды» қосарлайды. Кісі өлгенде жылап-сықтаудың, дауыс салудың, көрісудің халықта қалыптасқан тәртібі бар. Торқалы тойды былай қойғанда, топырақты өлімнің ондаған рәсімдері, кәде-жоралғысы жетіп-артылады.

Ана қазасына айтылатын тоқтам салмақты келуге тиісті. Әкенің дүниеден өткені — асқар таудың құлағанымен тең. Ананың көз жұмғаны бала үшін ағын судың тоқтағанымен бірдей. Көңіл айтудың керек жері осы тұс. «Әкең заңғарың еді. Артының берекесін берсін. Жасамаған жасын, көре алмай кеткен қызығын енді сендерге бұйыртсын. Әкелерің әке-ақ еді. Сендерді итше тістеп жүріп жеткізді. Аузын ашса көмейі көрінетін аңқылдақ аққөңіл еді-ау!»

Көңіл айтуда марқұмның адамгершілік қасиеттері де сөзге тұздық болады. Қариялар «Жыландар, құдайдан сендерді неге тіледі дейсің?» деп қаралы шаңырақтың үйелмендеріне міндет жүктеп жатады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, көңіл айтудың белгілі бір ізге түскен жаттанды нұсқасы»жоқ. Қаза үстінде сөзуарлық ерсілікке жатады. Әйткенмен, ділмар шешендер мен ақындарға жол ашық. Көңіл айту уытты сөзбен көмкерілсе, мағыналы да мазмұнды болса, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ел аузында жүреді. Арғын, одан Мейрамсопы, одан Қаракесек, одан Бошан, одан Машай, одан ... Кәрсен... одан Аралбай... одан Нұрбай... одан Сарбас, одан Райымқұл, Боранқұл туады. Сарыбас Мойынты болысын он сегіз жыл басқарған. Оның баласы Райымқұл да әкесінің жолын қуып, ел билігіне араласқан. Ірі бай болған. Райымқұлдың інісі Боранқұл жігіттің жолбарысы атанған жүректі азамат болыпты. Қолына қырық жігіт ұстанған. Кезінде ақтар қашып, қызылдар қуған (1917-20 ж.) дүрбелең қазақ ауылдарының ту-талақайын шығарды. Қарсылық көрсеткен жігіттерді атып, қызкеліншектерді зорлап, жылқыларын айдай жөнелді. Әсіресе, менің балалық шағым өткен Бетпақдаламен шектес ауылдар бордай тозып кеткен-ді.

Міне, осындай әділетсіздікке төзе алмай, соңына қарулы жасақ ертіп жүру өмірлік қажеттіліктен туындаған еді. Боранқұл — қайшылықты тұлға. Сойылшыл, барымташы деп жа-

ғымсыз жағынан көрсетіледі. Боранқұл «қызылдарға» да көп қарсылық көрсеткен. Қасындағы сарбаздары қызылдардың қысымына шыдамай, тозғындап кетеді де, ол жалғыз өзі қалады. Қарқаралы уезінен арнайы жазалау отряды шығып, дала көкжалы атанған Боранқұлды қолға түсірмекші болғанда, жайсыз хабарды естіп қалған Боранқұл «қызылдардың» қолына түскенді қорлық көріп, у ішіп жіберген. Боранқұл жігіттің перісі екен. Келісті, кесек пішінді, уытты азамат болса керек. Тіршілігінде жан баласынан беті қайтпаған. Мырзалығы да елден асыпты. Кедей-кепшікке енші үлестіріп, жомарттығымен танылған. Арманда өткен асыл азаматты төңірегіндегі елжұртты қатты жоқтаған. Боранқұлдың қазасына келген адамдардан жер қайысыпты. Қаракесектің Түйтесіне жататын, оның ішінде Майқыдан тарайтын Әлтеке, Сарымнан шыққан Тәшен ақын Боранқұлдың ағасы Райымқұлға:

— Е, шырағым Райжан, не болса да құдайдан. Патша болған мәнділер де өткен, билік құрған қазылар да өткен, керемет перілер де өткен. Бай мен жарлы да өткен. Жақсы мен арлы да өткен. Арманы көп зарлы да өткен. Өткен өміріміздің бақи жолы ізгі болсын. Әзиз рухы нұрға толсын. Қайғыларыңызға ғайыптың құсы қонсын.

Ел сүйсінген туысына,
Жақсы сыйған уысына.
Естіген жан риза болған,
Осы қылған жұмысына.
Хан базарда нарқы асқан,
Нұр сипаты тасқан.
Орыс-қазақ бас қосса,
Таразысы басқан.
Абылайдай атты болған,
Әр жұмысы сәтті болған.
Дұшпанына қаһары қатты болған,
Досына балдай тәтті болған.
Дүниеге мырза болған,
Дос-дұшпаны ырза болған.
Берсе қолы ашық,
Алса жолы ашық.
Жақсыларға жанасып,
Нашарларға қарасып,
Аш-арыққа дем берген.
Аз бен көпті теңгерген.
Ақыл-қайраты тең келген.
Алтын менен күмістей,

Қалайыға өң берген.
Қап тауындай жуандап,
Қайырып мойынын өңгерген.
Жақсылардан тәлім алған,
Үш жүзден алым алған.
Өз еркімен салық алған.
Қойдай ықтырған,
Қояндай бұқтырған.
Жалындай шарпыған,
Киіздей қарпыған.
Бермейтұғын сараңды
Қорғасындай балқытқан.
Есебін тауып енші алған,
Алтай менен Қарпықтан.
Сасқанға сабыр болған,
Қорыққанға қорған болған.
Ашқа азық болған,
Ауғанға қазық болған.
Адымы алыс болған,
Азуы қарыс болған.
Үш жүздің баласына,
Өнерімен таныс болған.
Бетінен қайтпаған,
Ешкім кейін тұр деп айтпаған.»
Екі жүзді наркескен.
Келер жауға сақтаған.
Қаруы сай орыс та,
Жеме-жемде батпаған.
Нөкер жиып қасына,
Жүз тұлпарды баптаған.
Сені ме деп келсе де,
Орыс-қазақ батпаған.
Сыналар күн болғанда,
Айлық жолды аттаған.
Әйнекті кескен ақ болат,
Қын түбінде жатпаған.
Ниеті бірге жолдасын,
Дүниеге сатпаған.
Қарсы тұрып қасқарған,
Халқының жолын басқарған.
Айтқан жерден табылған.
Қайратын халқы сағынған.
Дұшпаны келсе,

Жауар бұлттай жабылған.
Досы келсе,
сый-сияпатпен шабылған.
Жақсыларға жар болған,
Не тілесе бар болған.
Кемтарларға нәр болған.
Қайырлы болсын өткен Ер,
Мұратына жеткен ер.
Қара жерден басқадан,
Қауіп қылмай өткен ер, —

деп көңіл айтқан екен. Бұл көңіл айту мағыналы да мазмұнды. Көркемдігімен тіл үйіреді. Әсерлі сөз кестесімен тәнті етеді. «Алтын менен күмістей, қалайыға өң берген» деген теңеудің көркемдігінде қапы жоқ. «Жалындай шарпыған, киіздей қарпыған» деп келетін бейнелі сөз тіптен соны. Заманында дұшпанынан беті қайтпаған Боранқұлдай ердің мінез-құлқына, тұлғасына лайықты жолдар.

...Жақсылардан тәлім алған,
Үш жүзден алым алған,
Өз еркімен салық алған, —

деп келетін жолдарға бүгінгілер түсіне қоймайды. Әдетте көңіл айту астарлы келеді, о дүниелік марқұмның шалыс қадамын, тіршіліктегі артық-ауыс істерін бадырайтып айта қоймайды. Бейнелі сөзбен астарлап өрнектейді. Боранқұлдың бір қыры — барымташылығы. Кім бай, өзі және түпсіз сараң, шық бермес шығайбай атанса, жігіттерін сондайларға аттандырады екен. Көңіл айтудағы: «Бермейтұғын сараңды қорғасындай балқытқан» дегеннің себебін астарлап, бейнелі тілмен жеткізген. Сараң адам оңайлықпен қорғасынша балқымайды. Ондайларды тәубесіне келтірген Боранқұлдың тізесі.

Барымта — ұрлықтың ашық түрі. Сылатуы бар, сендердің ұрыларың бізден де мал алған. Қайтарым-жазаға жатады. Дегенмен, «Сілтеген шоқпар сорлыға тиедінің» керімен, кедейдің көк шолағы да кетеді ұрланған малдың ішінде. Қарымта — зорлық, күштінің кеудемсоқтығы. Соны көңіл айтушы Тәшен ақын бүркемелейді. «Үш жүзден алым алған, өз еркімен салық алғанға» жатқызады Боранқұлдың қиянатын. Көңіл айту жай ғана көңіл аулауға жатса, оның тәрбиелік мәні кемшін соғады. Сол себептен, ата-бабаларымыз аузынан шыққан әр сөзге астармен салмақ түсірген. Осы көңіл айтудың әр жолы ғибратқа толы. «Ниеті бірге жолдасын, дүниеге сатпаған!» Қандай әсерлі! Досына опалы азаматқа арналған мінездеу. Бүгінгі бай-

шыкештер достасса жан-тәні қалмайды, ауысқан ақша үшін жеме-жемде бір-бірін оққа байлайды. Тағы да оқып көрелік. «Қарсы тұрып қасқарған» Кімге қарсы тұрған? Дұшпанына! Боранқұлдай азаматын халқы сағынады екен. Нендей қызметі үшін? Себебі ондай азаматтар: «Халқының жолын басқарған. Айтқан жерден табылған. Дұшпанына жауар бұлттай түнеріп, досына сый-сияпатпен шабылады» екен.

«Қайратын халқы сағынған» нелер жампоздар өтпеді ме сырт дүшпанмен арпалыста. Орыс отаршылдарымен қидаласқан қазақтың соңғы ханы Кенесары ханның бас батыры ақжолтай Ағыбайдың ерлігін фашистермен соғыста қайталаған халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының, сексен алтының дүрбелеңінде тоталитарлық режимге қасқайып қарсы шыққан Қайрат Рысқұлбековтің «Қайратын халқы сағынатын» еңіреп өткен ерлер емес пе?!

Көңіл айтуда марқұмды асыра бағалау бола береді. Кейінгі жас буынға тәрбиелік ғибраты жұғысса, артық-ауыс мінездеудің зияны жоқ. Дала бөрісіне арналған көңіл айтуда да артық мінездеу баршылық. Десек те, кейінгілер үлгі алатын тұстары да жетерлік. Біз бұл көңіл айту үлгісін заманында дала көкжалы атанған сойылшыл Боранқұлдың іс-әрекетін кейінгі ізбасар ұрпаққа үлгі ету үшін келтіріп отырған жоқпыз. Мақсат — көңіл айту жорасының тәрбиелік мәніне өсер жасты иландыру. Бұдан басқа да көңіл айту үлгілері жетерлік. Сондай ғибратты тәмсілдерді жас ұрпақтың құлағына жеткізу бөстекі сөзге саналмаса керек. Халықтық педагогиканың сабағына сыймды келетін тұстары баршылық.

Көрісу

Жақыны дүниеден озған бүтін әулет қаралы. Қаралы жандар қара жамылады. Ескілікті рәсім бойынша, жақыны өлгендер жаман-жұман өңі оңған киім кие салады. Жайшылықтағы сырбаздығын, тыраштығын көрсетпейді. Шын қайғылының кейпіне еніп, сыртын сындырған бақырана бейнеде ішін наламұңға толтырады. Жылап-сықтау о дүниелік марқұмның беті жабылып, оң жаққа қойылғаннан басталады. Оң жақ, бүгінгіше айтқанда, мәйітті уақытша сақтайтын орын. Ауруханада мәйітті сақтайтын орынды мүрдехана дейді. Үйде арнайы бөлме қарастырылады. Ерте кезеңдерде өліктің денесі киіз үйде ши тұтылып сақталған. Тілімізде «шиден тысқары» деген тіркес бар. «Өлмей тірі (шиден тысқары болсам) жүрсем, бұл жақсылығыңды бір өтермін» деп жатады біреуге біреу.

Қазаға ортақтасқандар марқұмның бала-шағасы, туған-туыстарымен көріседі. Көрісу бүгінде үнсіз қауышып жылаумен тынатын болды. Дауыс шығарып жоқтау қазақ ғұрпында қазаның сәні саналған. Әдетте, қазалы шаңыраққа қазалы ауылға ат қойып (атпен шапқылап) «ой, бауырымдап!» келген. Еркек болсын, әйел болсын, қаралы үйге кірерде «бауырымдап» дауыс айтуға тиісті. Бұл ғұрып бүгінде еуропаланып барады. Өлген адамды үнсіз жылаумен шығарып салатынды шығардық. Үйге бас сұққандар жыласып-сықтасып болған соң, егделеу бір кісі қаралы жандарды сабырға шақырады: «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ. Алды жарық болсын марқұмның. Көрмеген көшесінен жарылқасын. Жаратқан ие артында қалған ұрпағына ұмыр бергей. Өлместі тәңірі жаратпаған. Иманы жолдас болсын пақырдың».

Дауыс айтып, өлгенді жоқтаудың өзіндік тәртібі болады. Жақыны өлгендер азан-қазан болып, бей-берекет жылай бермеуге тиісті. Жоқтауды бірі бастаса, басқалары үнсіз отырады. Кезектесіп дауыс шығарып: «Орайын деген егінін ора алмай кеткен, қарағым. Көрейін деген жарығын, көре алмай кеткен, қарағым», - деп анасы аңыраса, марқұмның жары немесе қарындасы:

Айдай анық ажарлым,
Ду-думанды базарлым.
Биіктеп ұшқан сұңқар ең,
Қанатыңнан қайрылып,
Қараңғыға қамалдың!» —

деп ah ұрады. Жаттанды жоқтаудың да ерсілігі жоқ. Қарабайыр сөздермен жоқтауды жалғастырса да сөкеттік емес. Ең жаманы, кісі өлгенде артында жылап-сықтап жоқтайтын жанашырының болмағаны. Жоқтаушысы бола тұра, бүгінде технократтық астамдыққа салынып, дауыс салып жылауды ар көретіндер ұлттық ұрпымызға көлеңке түсіріп, өсер жасты мұңнан айырып, жастар тәрбиесіне кері әсерін тигізеді. Бүгінгінің адамдары қатыгез, мейірімсіз, суық бауыр деп үстірттеу баға беріп жатамыз. Және оның салдарын батыстан кеп жеткен ақпарат тасқынынан (телесериал, музыка, газет-журнал, ғаламтор) көреміз.Өз ішімізде де бар кері насихат. Кісі өлгенде дауыс шығарып жылайтын дағды Жезқазған өңірінде сақталған. Осы бір үрдісті өшіріп алмаған жөн. Егде әйелдер үздік-создық дауыс қойғанда, марқұмның келін-кепшіктері дөңгелене отыра қалып жоқтауды жалғастырады. Көп созбай, қысқа қайырады. Сондайда қазақы тәрбие көрген

жастарға, өлікті жөнелтуге басшылық жасаған әулеттің бас иесіне алғыс-рахметінді іштей білдіріп, көзіңе жас үйіресің. Қазада көзіне жас алмайтындар да бар. Исламда «өлгенге жылама» деген тыйым бар. Ол неден шыққан? Әйел заты күйрек үгітілме келеді. Кейбір жандар Аллаға қарсылық жасап «ойбай, құдай, ненді алдымдап» байбаламдайды. Сондайға тыйым болсын дегеннен шыққан «өлгенге жыламаңдардың» мәнісі. Саналы түрде дауыс шығарып жылағанның еш айыбы жоқ қазақ ғұрпында. Діндарлар да оған тыйым сала алмайды. Ондай бірәдарлық күпірлікке жатады.

Қазақ халқы мейлінше бауырмал. Бауырмалдық ұлтымыздың мінезі іспетті. Өлікті азалау, марқұмды жер қойнына тапсыру, қазаның артын күтіп жетісін, қырқын беру — өлік жөнелтудің сандаған тәртібі — бәрі-бәрі ұрпақ тәрбиесіне қызмет етегін өнегелі салт. Дүниенің, ғұмыр-тіршіліктің жалғандығын бала жас күнінен көріп, санасына сіңіре беруге тиісті. «Шын жыласа, соқыр көзден жас шығады» деген тәмсіл тегін айтылмаған. Жылаудың өзі адамның жүрегін жұмсартып, оны мейірімділікке бір табан жақындата түседі екен. «Адам баласы қайғы мен мұңнан айырылған жерде, бәрінен де айырылады» деген тәмсіл бар.

Халық — сыншы. Жақыны өліп жатқанда шындап қайғырмайтын, туыс-туғанға мейірімі жоқтарды «бітеу көкірек» деп таңбалайды. Жылау былай тұрсын, қазаға ортақтасып, ет жақын туысының қабіріне бір уыс топырақ салуды сөкет көретіндер шықса не болғаны?! Өлік шыққан шаңырақтан сырттап безе қашатындарға зауал бар. Бүгінгінің адамдары «жылап-сықтау неге керек, жылағанмен бәрі бір тірілмейді» деп өзінше білгішсінеді. Қатыгездік нақ осыдан басталады.

Қазаның салмағы қаралы шаңырақ иелеріне түседі. Бәрі бірдей отырып алып бей-берекет жылай берген ерсілікке жатады. Жылап-сықтаудың, жоқтаудың өзіндік ығыты болады. Әкелеріміз айтып отыратын: «Мен өлгенде осы келінім, осы қарындасым жоқтайтын шығар-ау», — деп. Мен әкем мен шешемнің жалғызымын. Шешем Елеусізқызы Дәметкен (1900-1970 жж.) сүлеленіп бір жылдай ауырды. Алдын ала дайындық жасадық. Жоқтау жазып қойдым. Шешем өсиет еткен еді. «Ақын атың бар ғой, мен өлгенде өлеңмен жоқта» деп.

Екпіндеп жүйткіп ағатын, Шөлейтке олжа салатын,
Қан тамырдай жалғаған, Ой мен қырдың арасын.
Шөлдесем мейір қандырған, Өзендей болған - Анашым!
Ғибрат ал деп тектіден, Жалғаған жолды естімен.

Пәлекорды нұсқаған, Аулақ жүр деп кектіден.
Жыртығымды жамаған, Сетінесем тепшіген.
Тебендей болған — Анашым!
Намысымды шыңдаған, Асылды нұсқап құндаған.
Баянсыздан сырттаған, Кісіге опа қылмаған.
Жұғыстырған қайсарға, Майысқанда сынбаған.
Сұғанаққа ит қосқан, Асылымды жырғаған.
Қызғыштай болған - Анашым!

Досымды қолдап тәк тұрған, Қасымды жасқап шеп құрған.
Жолымдағы кесекті, Сүрінерсің деп лақтырған.
Көре алмастың күңкілін, Өрлікпен жасқап сап қылған.
Табиғат сырын тап басып, Сақтандырған тасқыннан
Талайды сөзбен талдырған, Аяқтан шалып қас қылған.
Құрыштай болған - Анашым!
Өсірдің бұла жастай нақ, Жегіздің балдай ақ қаймақ.
Өзгенің асы жақпай қап, Үкілеп міндім ақ тайлақ.
Тау мен дала достай нақ, «Анашым» деп ән салдым,
Ақтайлақты қақпайлап. Түлкіден ішік кигіздің,
Жұпарын септің гүлгүлдің. Аралаттың ой-қырды,
Тыңдатып үнін бұлбұлдың. Нағашың шоң еді деп,
Шетінен мақтап дүр қылдың. Ертегіге қарық қып,
Өткеннің сырын білдірдің. Ұстаздай болған, Анашым!

Анашым еді панамыз,
Анашым еді данамыз,
Дегенің естен кетпейді-ау
«Өлмесе қайда әкеміз,
Өлмесе қайда анамыз?!
Солар жатқан қорымға,
Біз-дағы жайлап барамыз».

Өзіңді қайрап бекемдеп,
«Пәниден, балам, өтем» деп,
Ажалды тостың сабырмен,
Ырықсыз келген төтендеп.
Анашымды қия алмай,
Көзімнің жасын тыя алмай,
Жоқтауыңды айтып отырмын.
Бақида жаның жәннатта,
Жәрдем болсын бір Алла-ай!..

Халықтың ежелгі әдебиет үлгілерінің маржаны жоқтау болып келеді. Елдің игі жақсылары, әулеттің батагөйлері дүниеден озғанда айтылған жоқтаулар халық жадында сақталған.

Жоқтау — адамның жүрегінен жарып шыққа ғана мағыналы. Оған дәделді шежірелік аңыздардан табамыз.

Найманның бір бұтағы Бағаналы руынан шыққан Сандыбайдың Ердені өзі өмір сүрген кезеңнің озғыны болған. Бес болыс Бағаналы ұлысына билік жүргізіп, кезінде Атбасар үйезіне дуанбасы, шенді де шекпенді ел жуаны болған кісі. Тақымкеш, найзагер атанған заманында. Ерден кіндікті екен. Әйменде деген баласы жастай қайтыс болып, қатты қайғырған Ерденге атақты қобызшы Ықылас Дүкенұлы күймен жұбату айтқан. Сол сарын «Ерден күйі» боп қалған. Ерден дүниеден озғанда бес болыс бағаналы елі қатты толқып, күйініпті. Жан-жаққа қаралы хабарды жеткізуге азашылар аттанған. Қаралы хабар белгілі тілмар шешен Бозай бидің де ауылына жетіпті. Найманның Елтүзер, Байназар аталарынан тарайтын Бозай Ерденнің оң тізесінен орын алған бас ақылгері екен. Бір жолы Ерден ақылман биді сынамақшы болып: «Бозеке, аспан мен жердің арасы қанша?» — дегенде, Бозай: «Бір күндік» деп жауап беріпті. «Мына сағат не деп тұр?» - депті Ерден Омбыдан алдырған шынжыр баулы сағатын көрсетіп. «Е, бұл сағат жерімнен қашан қуып шығар екен деп қыпылдаған қазақтың арты ғой», — депті Бозай би салмақты тұспалмен. Сонда Ерден Қуат руынан шыққан азулы бес биге қарап: «Бозайға сөз кезегі тигенде сендер сөзді қойыңдар», — деген екен.

Бозайдан Байшора, Көшен, Кәрібоз туған. Кәрібоз наркескен соққан әйгілі ұста екен. Бидің үш ұлының ортасындағы қызы Құлпынай әкесіне тартқан суырылған ақын болған. Ерден о дүниелік болды дегенді естісімен Бозай атқа қонады. Жолай бір бұлақтың басына аялдап, ат шалдырады. «Балам, мені ұятқа қалдырмайсың ба?» деп сұрағанда Құлпынай серттей сенімді сөзін іркілместен айтыпты. «Кәне, ағаңды қалай жоқтайсың, баста онда» дейді әкесі жігіттерге жолазыққа деп өңгерткен ісекті сойдырып, қазанға салдыртқан сәтте. Құлпынай ет піскенше жағы талмай, жоқтауды жалғастыра беріпті. Сонымен, бидің ақын қызы қазалы ауылдан тапжылмай, Ерденді жағы талмай жоқтапты. Марқұмның қырқы өткен соң, Бозай ауыл иелерінен рұқсат сұрайды. Ерденнің ұлы Бименде болыс: «Бір қарындасымды өз қолыммен ұзататын жағдайым бар», — деген ғой.

Сөйтіп, Құлпынай Ерденді үш жыл қатарынан (біреулер жылы өткенше дейді) жағы талмай жоқтайды. Бүгінгі шығарған жоқтауы ертеңінде қайталанбай, тыңнан өрбіп отырған. Бименде болыс айтқан уәдесінде тұрып, Құлпынайды айттырған еліне жасаулап өз қолымен ұзатыпты. Құлпынайдың Ерден сынды арысты жоқтаған бүтін жыры ел есінде түгелімен қалмаған.

Бісміллә деп бастаған,
Артық сөзді қоспаған.
Жырыма біраз құлақ сал,
Жиналып келген жақсы адам.
Нағашысы ер Жәуке,
Арғынның көшін бастаған.
Ардақты ерден айырылдық,
Арыстан туған жақсы адам.
Бабасы мұның батыр ер,
Мың-сан жаудан қашпаған.
Арқаның туған алыбы,
Ақылмен қол бастаған...

Ауызекі деректерде Ерденнің өз әкесі Сандыбай да, бабасы Төлек те елге белгілі жау қашырған батыр болған.

Жетпегенді жеткізген,
Тарамыс алып таспадан.
Қырыққа келген шағында,
Шекпен киіп шен алған.
Жоғарғы үлкен патшадан.
Жақсы айғырдың құлыны еді,
Сүрініп шұңқыр баспаған.
Осыны айтып біз пақыр,
Таңсәріден тұра сап,
Бұлбұлдай боп қақсаған
Ағайын-туған жұртымыз,
Ескілік әдет-ғұрпымыз.
Жоқтайды сұлтан ағасын,
Қарындасы Құлпы қыз....

Мәселе кейінгілерге жеткен азын-аулақ жоқтауда емес, халықтың дәстүрінде. Жоқтау, көңіл айту, өлген адамның артын күту - пәлсапалық ойдың нәтижесі. Халықтың дәстүр-тағылымның ұрпақ тәрбиесіне тигізетін ықпалы орасан. Дамыған елдер саналатын Еуропа, Америка халықтары дәстүрлі қоғамды (салт-санаға негізделген) белден басып, пайда табуды бірінші орынға қойып, экономиканы алға шығарып жіберген. Күнкөріс күйбеңіне негізделген нарықтық қоғам халықтық салт-дәстүрді мәнсіздендіріп, адамдардың сан ғасырлық таным-түсініктерін, өнегесін, діни рәсімдерін, салт-санасын пайда табудың, баюдың мақсатына мәжбүрлеп, адам санасын жаңаштап барады.

Халықтық дәстүрде қаралы шаңыраққа еркектердің «ой,

бауырымдап» жылап келуі жарастықты саналады. Еркектердің дауыс шығарып жоқтауы бауырластықтың белгісі. Бұл сөкет емес, жарасымды ғұрып. Тарақты Шалқар шешен Қыдырдан тарайтын Меңілбайдан шыққан. Үш жүзге аты мәлім темір жақ Тұяқ шешенмен аталас. Шалқар мейлінше тілмар, өткір тілді адам болған. Қартая келе: «Аспандағы жұлдыздай едік, суда жүзген құндыздай едік. Бүгінде от басына итінген құзғындай болдық, құзғындай болдық», - деп басын шайқап отырады екен.

Шалқар шешеннің нағашылары Қуандықтың Алтайына жататын Сайдалы руынан. Дәулеті шақтылы би біраз жыл нағашыларын сағалапты. Атақты ел жуаны, жиырма жыл болыс болған малды-жанды Мінәсіптің аталарын былай таратады: Сайдалы, одан Сүгірәлі, Арыстан; Сүгірәліден Дүкенай, Қабай, Жабай, Әлсейіт; Арыстаннан Мамадайыр, Мамашық, Тоғызақ, Барқы; Қабайдан Әліқұл, Айтқұл, Бақыбек туады. Айтқұлдан Үмбетей, одан Төлеміс, одан Шоңман, оцан Сайдалы Сары Тоқа туған. Қазақтың күй өнеріне сүбелі үлес қосқан айтулы күйші Шоңманұлы Тоқа осы. Тоқаның «Төрт толғауы» күйдің төресі. Тоқа мінезі өте кіді адам болыпты. Домбыраны мақау шертіп, күйдің әрін кетіретіндірді қамшының астына алып сабап тастайды екен. «Қыз қайырған» деген күйі болған. Бірақ ол күйі бізге қаз-қалпында жетпеген. Дәулескер күйші Мұхаметжан Тілеуханов «Қыз қайырғанды» ептеп жобалайды. Аталған күйге қатысты осы жолдардың авторы «Қыз қайырған» деген новелла жазған.

Сайдалы руының тектісі Мінәсіп өлгенде Тоқа оны күймен жоқтапты. Бұл күй «Опасыз дүние» деп аталыпты. Кешегі кеңестік биліктің солақай содырлары кім бай болса, кім елден ерек озғын болса сондай жандардың тамырына балта шабуға жанықты емес пе. Тоқа күйші жуан атадан шыққан. Ел билігіне араласып болыс болғаны үшін күй мұрасы көп жыл бойы халыққа жетпей, құмыққан күйінде қалды. Сол себептен де, Тоқаның талай күйі кейінгі ұрпаққа жетпей қалды.

Хош, сонымен, Қабайдан Бақыбек туып, Бақыбектен Қуандық, Есен, Ескелді, Досан, Қосуақ, Қоскемпір тарайды. Есеннен Сары, одан Бекбау, одан Мінәсіп, Тұтқыш, Көпжасар, Топпас туады. Мінәсіптен Болтай, Жақып, Хасен, Оспан, Байыз, Мағызам туады. Мінәсіптің баласы Болтай мыңды айдаған бай болыпты. Әкесінің жолын қуып ел билігіне араласқан. Жаңаарқа жеріндегі Ақтау тауының бір сайы «Болтай кезеңі» деп аталады. Мінәсіптің ұрпақтары Жаңаарқа атырабында өсіп-өніп жатыр.

Бізге жеткен деректер бойынша Мінәсіп пайғамбар жасында дүниеден озыпты. Ағайын-туысы, ауыл-аймағы марқұмды оң жаққа қойып, жаназашыларды қарсы алған қарбалас шақта: «Шалқар келе жатыр, Шалқар келеді», - деп дүрлігісіпті қаралы жиын. Сайдалыға жиен болып келетін шешеннен жоқтау дәметкен көпшіліктің көкейіндегісін дөп баскан Шалқар аттан түсер-түспестен тақпақтай жөнеліпті. Кәрі құлақтардың бізге жеткізген дерегіне қарағанда, Шалқар шешен нағашысын бір бие сауым бойы жағы талғанша жоқтаған екен:

Сегіз жасында асық ойнаған, Мінәсіп,
Тоғыз жасында доп ойнаған , Мінәсіп,
Он үшінде ой ойлаған, Мінәсіп,
Он бесінде той тойлаған, Мінәсіп,
Жиырмасында билік айтып дау-шарға,
Тентектерге қой-қойлаған, Мінәсіп!
Отызында бүркіт салған, Мінәсіп!
Сауда жасап Үркіт барған, Мінәсіп!
Қырық жаста мырза атанған, Мінәсіп!
Досы тұрмақ дұшпанын ырза қылған, Мінәсіп!
Елуінде елбасы, болыс болған, Мінәсіп!
Еппен тартып әріден, орысты алған, Мінәсіп!
Елу бесте ақылы жаннан асқан, Мінәсіп!
Қисық жолдан қыңырттап оңға басқан, Мінәсіп!
Алпысында бақиға қам жасаған, Мінәсіп!
Алла берген ақ жанын жолға салған, Мінәсіп!
Бұл жалғанның қызығын көріп кеткен, Мінәсіп!
Кейінгіге ғибрат беріп кеткен, Мінәсіп!
Атым жоқта ат берген, Мінәсіп!
Асым жоқта ас берген, Мінәсіп!
Қарағым Мінәсіп, шырағым Мінәсіп,
Шөлдесем мейірімді қандырған бұлағым, Мінәсіп!
Өрісім, жайлауым, құрағым, Мінәсіп!
Ауырлыққа нардай болған, Мінәсіп!
Ойнақтасам жардай болған, Мінәсіп!
Енді кімге базынам өтеді?!
Енді кімге сөзім жетеді?!
Еңселегенде шығатын тауым едің,
Сөз іздесем сылтауым, дауым едің.
Мұңайсам сергітер сауық едің.
Шаң басарым жауын едің.
Сапарын оң болсын,
Жатар жерің дөң болсын.

Балаларың өзіңдей,
Пейілді кең болсын.

Қарағым Мінәсіп, шырағым Мінәсіп,
Егіздей жарасқан сыңарым, Мінәсіп,
Иманға толсын тұрағың, Мінәсіп!..

Қадірдес-қимастарына ата-бабаларымыз ең мағыналы сөзін арнаған. Жақсысы жан тапсырып, о дүниеге бет бұрғанда, замандастары келеден көз жазған нардай боздаған. От ауыз, орақ тілді ақындар жалған жалпышқа еш бармаған. «Айтпаса, сөздің атасы өледіге» басып, шындықты бетке айтқан.

Кей жағдайда жоқтау кекесінді мағынада өрістеген. Жаппай емес, әрегідік айтылады. Арғынның Қаракесек бұтағынан тарайтын сырт Бошанға жататын Керней руының Балтасына жататын Жуасбай ақыннан да сөз қалған. Жуасбай шақпа тілді шайыр ақын болыпты. Жуан атадан шыққандықтан, әдеби мұрасы шаңдақта қалып, бізге толық жетпеген. «Жуасеке, өлең айтыңызшы» деп жастар жағы мазалағанда:

Тауға барсаң шөп те көп, жыңғыл да көп,
Жыңғыл буып алатын шылбыр да жоқ.
Ұйықтап кетсең түсіңе қыз енеді,
Көзіңді ашсаң қыз тұрмақ, сымбыл да жоқ, —
»

деп былқ еткізе салады екен.

Жуасбай Тасболатұлы (1854-1918 жж.) ақ қашып, қыздардан қуған аласапыран кезеңде дүние салған. Бір байшыкеш дүниеден озғанда көңіл айта келген Жуасбай ақыннан жоқтау дәметіпті жақындары. Сонда Жуасбай іркілместен тақпақтай жөнеліпті. Әлгі қайтыс болған адам құрдасы, әйтпесе, нағашысы болған сыңайлы. Бізге жеткен жоқтау тым ащы. Кейбір тұстарын жұмсартуға тура келді. (Кәрі құлақ Әмет Иманбайұлынан (1910-1990 жж. жазып алған едім.) Жоқтаудың екі үлгісі бар. Кекесін-кермектеуі былай басталады:

Таңертең ерте тұрғаның,
Қазанға аттай мінгенің.
Өзек жалғап қаспаққа,
Күйелеш боп кірледің.
Жыртық киім кигенің,
Алашадан қамзаулап,
Иыққа шекпен ілгенің.
Мес торымен итпектеп,
Жорғаға да мінбедің.

Қызғыштай қорып малыңды,
Жайраңдап еркін күлмедің.
Баянсыз мынау жалғанның,
Есіңнен шығып кеткені-ау,
Қонағы болып жүргенің.

Біз байыптаған жоқтау былайша есіледі:
Алашқа олжа салғаны,
Шашалы жүйрік жүгірсе.
Соғымға сылтау болғаны,
Мәстек шаппай сүрінсе.
Пендеде дегбір қалмайды,
Ажалдан хабар білінсе.
Алланың ісі — байғазы,
Сабырлық керек бүгінше.
Жоқтау айтып көрейін,
Маңғазымыз тірілсе.
Шаруагерлік белгісі -
Азаннан ерте тұрғаны.
Табысқойлық, белгісі —
Тағыға қақпан құрғаны.
Бақ-дәулеттің белгісі —
Мыңғыртып мал жиғаны.
Кісі өлгендей түнерді,
Шығын болса бір малы.
Қонаққа жөндеп ас бермей,
Сараңдығын құндады.
Өзіне өзі құл болып,
Мал соңында құр жаны.
Бейнеттен ажал құтқарды,
Жақсы болды-ау тынғаны.
Осынша жиған дәулеттен,
Бұйырған бұған түк те жоқ.
Не болар екен иманы?!.

Мұсылмандық қазақы ғұрыпта дүниеден озған марқұмның жақындарына көңіл айтқанда: «Иманы жолдас болсынды», - қосарлап жұмсартып айтады. Иман - пенденің тіршілікте жасаған Аллаға деген құлшылығы. Берген садақасы мен кісіге көрсеткен қолқайыры. Адамдарға көрсеткен үлгі-өнегесі, өсер жасқа берген тәлім-тәрбиесі.

Халық ұғымында жоқтау зарлы да өткір болуға тиіс. Технократтық үстемдікке беріліп, электронды құралға арбалып, қызылды-жасылды әлеміштің көзді жаулаған сиқырына алдан-

ған замаңда жыласып-сықтасу мейірімділікке біртабан жақындаудың амалы болып табылар еді. Электронды құралдар мен адам тәнін жасанды сауықтыратын дәрі-дәрмектің, арақ-шараптың, есірткінің белең алуы — адамды адам ретінде өмір сүруден айырып, жалғандыққа ұрындыратыны жасырын емес. Адам пақырдың жүрегі қатып, жүйкесі ширыққан мазасыз ғасырда кім-кімнің де қайғымен бетпе-бет келгені — Тәңір сыйы. Одан қашып құтыла алмайсың.

Жаназа

Қаралы шаңыраққа жиылған қауымды «жаназашылар» деп те айтады. Мұсылмандық ғұрыпта өлген адамды ақ жуып арулап болған соң, бақиға аттандырар алдында жаназа намазы шығарылады. Сол себепті де қаралы қазаға ойдан-қырдан жиналғандар «жаназашылар» делінеді.

Қаралы шаңырақта бас қосқандардың жиынын әдеби тілмен «қаралы қызық» (Тәкен Әлімқұлов) деп те атайды. Ойдан-қырдан келгендер жүз көрісіп, мәре-сәре болып жатады. Өзді-өзімен болып кетеді. Өлгеннің артынан өлмек жоқ қой.

Қаралы қазаға жиналғандар өлікті босағасынан шығарғанда марқұммен қоштасады. Мұны қаралы митинг (марқұммен қоштасу) деп жүрміз. Кейінгі кездері әсіреді ндар лар «қаралы жиынды» сөкет көріп, тоқтата бастады. Бұл — түбірімен қате. Жалғанның жарығынан озған марқұм енді қайтып оралмайды. Қаралы жиынды қисынсыз созып, жаназашыларды жалықтырып жіберуге және болмайды. Соңғы сапарға шығарып салуды марқұмның жақындары ұйымдастыруға тиіс. Қысқаша өмірбаяны айтылып, жора-жолдастары адамгершілік қасиеттерін, тіршілікте атқарған борышын жиналғандарға паш етеді. Сондағы айтылатын сөз мынаған саяды:

«Ал, ағайын, туыс-туған, құда-жекжат, алыс-жақыннан қазаға ортақтаса келген жамағат, күні кеше ғана арамызда жүрген бауырымызды (анамыз, баламыз, т.с.с.) бабалар жатқан қорымға аттандырғалы тұрмыз. Ғұмыр осы, қамшының сабындай ғана. Марқұмның тіршілікте қадірін білдік пе, білмедік пе, оған енді не дейміз?! Алла алдынан жарылқасын. Тіршілікте сыйласқанға не жетеді?! Дүние кісіге жолдас болмайды. Не әкетіп барады бауырымыз?! Бұйырғаны жиырма кез шүберек. Артық айтты деп айыпқа бұйырмаңдар. Аз ғұмырда бір-бірімізге қарасып, қол ұшын бергенге не жетсін! Өлген соң құй жыла, құй жылама. Марқұмның артында қалдырған істері

— қолқайыры, адамгершілігі, содан соң ұрпағы, ел-жұрты, халқы. Артының берекесін берсін, қабірі нұрға толсын!»

Қазаны да, қуанышты да жүрдім-бардым атқару халықтық жөн-жоралғының, қалыптасқан салт-дәстүрдің тәрбиелік мәнін кемітеді. Бүгінде өлік жөнелтуде болсын, той-томалақ жиындарда болсын, ақылгөйсуді артық сөзге балап, жүре тыңдайтын әдетке бой алдыра бастадық. Бұл жақсылыққа бастамайтын жаман әдет. Сөзді (қазақтың бейнелі сөзін) өлтірудің амалына жатады. Сөзді мәнсіздендіруге, оған құлақ қоймай жүре тыңдауға дағдыланғандар — барып тұрған қасақы десек, артық кеткендік емес. Айтатын сылтаулары — нарық заңы осылай, жыласып-сықтасуға, жоқтау айтуға уақыт жетпейді дегенге саяды.

Бұл сылтау жадағайланудың, ұлттық тәлім-тәрбиенің мәнсізденуінің алғышарты. Өзімізде де бар, сөз сөйлегенде жалпылама кетіп ойландыра білмейміз жамағатты. Қазақ тілінің көркемдігі ауызекі сөзде солғындап, мәнінен айырылып барады. Өзімізбен бірге әдет-ғұрпымыз, салт-дәстүріміз, тіліміз қоса кетсе, келер ұрпаққа не қалдырамыз?! Бәрінен де тілді «өлгіріп алмауға» күш салған абзал. Онда сен де жоқсың, мен де жоқпын. Бар болған күнде әншейін еркарамыз. Енді мына бір жолдарды оқып керелік:

Тіршіліктің думаны саңқылдаған, қарағым.
Ойын-тойдың ұйытқысы, жарқылдаған, қарағым.
Жанның бәрін дос тұтып, аңқылдаған, қарағым.
Үлкендерге жұғысып, сөз тыңдаған, қарағым.
Туыс-туған, бауырға пана болған, қарағым.
Інілерге қамқоршы, аға болған, қарағым.
Сұңқардайын уытты сесті болған, қарағым.
Тіреске нге алдырмас бетті болған, қарағым.
Нағыз қазақ дегізер текті болған, қарағым.
Ылдидан шапса төске озған, бесті болған, қарағым.
Топқа түсіп сөз бастап шешен болған, қарағым.
Қиындыққа беріспей бекем болған, қарағым.
Ажалың да оқыстан төтен болды-ау, қарағым.
Тым асығыс жиылдың кетер жолға, қарағым...
Опасыз жалған дүние бекер болды-ау, қарағым!

(Жақсы көретін шәкіртім Төлеубай Исиннің тосын қазасында оқылған жоқтау еді).

Марқұмға арналған қоштасу, жоқтау өлең шын жүректен шығуға тиісті. Сонда ғана жүрекке жетіп, безерген жанарға жас келтіреді. Жүрдім-бардым сөз көңілдің тоңын жібітпейді. Керісінше қатайтады.

Кешу алысу

Тәубе — адамгершіліктің жиынтық ұғымы. Жамандықтан безініп, жақсылыққа бет бұрудың тәсілі. Біреуді біреу күстаналағанда «тәубасы жоқ» деп кінә артады. Кешу алысу — тәубеге келісудің, райдан қайтудың ең соңғы мүмкіндігі. Тәубешіл адам кек сақтамайды. Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистерінде: «Мұсылман адам бір-бірімен татулықта болсын. Сонда оның иманы молығады» делінген. «Ұрысқандар бас араздығын үш күннен асырмасын» деген тәмсіл және бар.

Бұрынғы өткен әкелеріміз ажал жастығына бас қоярдың алдында тұстастарынан, ауылдастары мен туыс-туғаннан арылып кешу алысқанды бұлжытпаған. Мұны қазақы жалпақ тілмен қоштасу десек те болады. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар атақты Кемпірбай ақынның:

Кеудемнен көкала үйрек «қош» деп ұшты,
Сол шіркін кәрі жолдас өлең, білем... —

деп термелегені қоштасудың классикалық үлгісіне жатады.

Кешу алысу — бұлжымайтын үрдіске жатпайды. Сүйегіне қарысқандар беті әрі қараған қалпында «қош-қошын» ішінен айтып қана тіршіліктен жүз бұрады. Бұл да кешірімді. Өмірде көріп жүргеніміздей, хал үстіндегі адаммен сау адам кешу алысады. Оны талай естідік. Түйіндегенде былай; «Тіршілікте ілгері-кейіңді ұмыр кештік. Үнім тисе, тілім тисе, артық-ауыс қатемді кеш, жарқыным». Сырқат та шешілуге тиісті. «Сен кешсең, мен кештім. Алланың аманат жанын тапсырғалы жатырмын. Ел-жұртқа, көз көргендерге менен сәлем айт. Қателік-кемшіліктерім болса, кешсін. Пендеміз ғой, дұғада болсын. Қабіріме топырақты шіміркенбей, ықыласпен салсын».

Белгілі тұлғалар туған елімен, жерімен қоштасуды қағазға түсіріп кеткен. Бәрімізге аян бір жайт: «Адам біткен өмірдің аз күн қонағы». Өмір мен өлімнің мәнін терең сезінген Шәкәрім ақын өзінің қалдырған қоштасуын «Кешу сөз» деп атаған.

Сәлем де барша ауылыма,
Жеңгем мен кәрі бауырыма.
Балаға шейін қарғадай,
Айтқанмын, өлсем жылама деп,
Туған жан өлмей тұра ма деп.
Жер қояр кімді жалмамай?! —

дейді Шәкәрім.

Ақынның ойы айқын. «Кешу» сөзге де, қоштасуға да жатады.

Өсиет

Қоштасудың түрі көп. Ұзатылған қыз төркін жұртымен қоштасады. Майданға аттанған боздақ ел-жұртымен қоштасады. Жат елге қоныс аударғандар ауыл-аймағымен қоштасады. Бәрі де ұрпақ тәрбиесіне жұғысты, мағыналы болып келеді. Жүректі жұмсартуға септеседі. Ажалға бет бұрған жанның қоштасуы, әрине, аса аянышты да азалы. Шәкәрімнің «Қош, жұртым» атты өлеңі де қоштасудың ең бір мазмұнды үлгісіне жатады:

Шарлайсың ойым, шарлайсың,
Алыста нені барлайсың.
Таяу тұр ажал алдыңда,
Сарынға салып сарнайсың.
Мақсұтың не ендігі?!

Қоштасу сөз — үгітілме мұңға, зар-налаға толы болса, кейінгі буынға тиетін әсері солғындау соғады. Тәрбиелік мәні кемшін тартады. Соны жақсы білген ақын арттағылармен қоштаса отырып, халқының бойына біткен кемшілікті де есіне салады. «Арман емес өлгенім, кейітер істің кемдігі» деп арттағыларға алаңдайды. Ол нендей кемдік еді?

... Қазақтың жайнар даласы,
Жетілер оқып баласы.
Шошынтады мені сол —
Олардың күндес, таласы.
Дағдысы сіңген бойына.

Ақын ілгеріден үміт күтеді. Сол себептен кейінгі ұрпаққа арнайды қоштасуын. «Тастандар күндес, мақтанын, көрген соң таңның атқанын» деп адасқан халқын жаңа заманға бой ұсынуға шақырады. Таусылып, құрып кетпеу үшін «Нұр құйып елдің ойына, Баста адал жолға елді» деп билікте жүргендерге ой салады.

Мен кетемін, келеді,
Тағы өмірге мендей.
Олар мінін көреді,
Қисық жерін жөндей.
Бара-бара айқындалып ақтық істің анығы,
Адасқанмен ақиқатқа қоймақ емес сенбей...

Құран сөзіндей адал сөз ақынның айтып отырғаны. «Жалпы адамзат адасуда» делінген Құранда. Мақсат біреу — ақиқатқа көз жеткізу. Ақын аңсап кеткен ақиқатқа қол жеткіздік. Тәуелсіз еркін ел болдық.

Қазақстан бүгінде дербес мемлекет. Осы еркіндікті баянды ету үшін қайтпек керек?!

Ақ жүрек пен таза ақыл,
Қылсаң адал еңбек,
Бәрінен де сол мақұл,
Артқыға жол бермек.
Арсыздардың арам ойы
Түкке тұрмай жойылып,
Аяғында ақиқатты
Бұл үшеуі жеңбек.

Шәкәрім ақын ағасы Абайдың ойын әрі қарай дамытады. Жаңалығы бар ма? Тың шешімге барды ма? Барды, әрине. Әйтпесе, Шәкәрім бола ма?! «Адамның таппасы жоқ» дейді ақын. Ол қандай ниеттегі адам болуға тиіс? Айнымайтын ақ жүрек. Ақылы сарабдал. Жан дүниесі кіршіксіз.

Шәкәрім, әдетте, қатқыл сөзден қашады. Жұмсақ тіркестерді көп қолданады. Онысы - адам жұмсақтығынан ғана опа табады дегені. Шәкәрімнің қоштасу өлеңдері кілең өнегелі сөзге бай болып келеді.

Басқа да сөзге ұста, өлеңге шебер жыраулар мен данагөйлер қалай қайырған кешу сөзді?! Толып жатыр. Мәндісі де, мәнсізі де бар. Қазақ ауыз әдебиетінің алыптарының бірі, заманалар әдебиетінің жарқын өкілі Шортанбай жыраудың қоштасуы да «көңілге түрлі ой салады»:

Қалықтаған сұңқар ем,
Қанатым сынды ұша алмай.
Қиядан қуға түсе алмай.
Нәпсім қарар таптың ба,
Дүниеге тоймайтын.
Бір шыны шай іше алмай.
Жалғаннан дәмім таусылды,
Жарылқа құдай артымды...

Кейінгі туған балаларға деп: «Ендігі туған балалар, Атаның сөзін бұзбаңдар» деп өсиет айтады. Үлкендерге арнап:

Қадірің кетер еліңе,
Қарауыл қой сөзіңе.
Қанша нәрсе өреді,
Өлгеннен соң өзіңе, -

деп ақыл-кеңес береді. Болашақтың сұрқын болжағандай уайым жейді:

...Атаның тілін ұл алмас,
Ананың тілін қыз алмас.
Айта беріп қайтейін,
Өлінің тілін тірі алмас.
Жақыннан шыққан жақсыны,
Ағайын-жұрты көре алмас.
Заманақыр белгісі -
Бірге туған бауырың,
Тату да болып жүре алмас.

Осы жолдар талдауды қажетсінбейді. Бүгінгінің амалын дөп басып тұр. Ақын өзі өмір сүрген кезендегі қоғамдық үрдістің ауысуынан туындап жатқан келеңсіздікті көріп, соған іш жияды. Табиғаттың өзіндей таза, еркін де бейбіт халықтың сәбилік санасы бұзылатынын дөп басқан.

Саудагермен ілесіп қызылды-жасылды дүние келеді. Дүниеге тоймайтын ашкөздік өршиді. Жырау соның шет жағасын көрді. Көрді де, күңіреністі гөй-гөйге басты. Дүние - адамдардың арасын ашатын, азғырынды әзәзіл екенін діни сауаты мол исламшыл ақын жақсы білді. Бүгінгі амал - соған жақын.

Қоштасу үлгілері әдебиетте көп кездеседі. Әсет ақынның, Біржан салдың соңғы сөздері қоштасуға да, өсиетке де келеді.

Қарасу есік алды ылайланды,
Бай болмақ, кедей болмақ құдайдан-ды.
Қамзолдай келте пішкен дөңгеленіп,
Дүние өтерінде шыр айналды, -

деп үш жүзді әнімен тамсандырған Біржан сал да ақтық сөзін, қоштасуын пәлсапамен тәмамдаған.

Әсет Найманбаевтың кешу сөзі де мән-мағынаға толы, көркемдік құндылығы жоғары:

Ел-жұртым, аға-інім көңіл қосым,
Бәрі бір мейлі дұшпан, мейлі досым.
Артымда тірі қалған үлкен-кіші,
Бәріңе ақтық рет айтқан қошым, —

деп қоштасуды кешу алысумен тұжырымдайды.

Тіршілікте ет жүректі пенде алыспай-жұлыспай жүре алмайды. Ақын өлім сағаты соққанда дұшпанына да кешіріммен қарағанды жөн санаған.

Билер мен шешендердің өсиеті зарлы келеді. Қазақтың шешендік өнерінде өзіндік орны бар тарақты Тұяқ шешен өлеңге де шебер болыпты. Тұяқ шешеннің Айбала қызбен айтысы сақталған.

Туяқ:

Дегенде шөңге деймін, шөңге деймін,
Көнбейсің Айбала қыз жөнге деймін.
Болғанда тісің бүртік, ернің шүртік,
Демігіп тоқтамайсың сөзге деймін.

Шіркін-ай, Айбала қыз бұласың-ау,
Сен-дағы бір күндері тынасың-ау.
Болғанмен тісің - маржан, қабағың - қыс,
Ұрысқақ қатын болып шығасың-ау.

Айбала:

Баласы Құмалақтың Тұяқ шешен,
Барасың қияға өрлеп ұят десем.
Әншейін сіңбірік боз екенсің-ау,
Мен сені шөп асылы қияқ десем.

Ер жігіт жер шолады аты барда,
Көз салғыш кей есерлер шашы барға.
Қыздардан шеккі көрген жерің болса,
Қу бас өт бұл өмірден, қатын алма.

Туяқ:

Бірі деп ойлаушы едім арлы жастың,
Әлден-ақ үйде отырып салғыластың.
Сүйреңдеу сөзің ұшпа бейпілсің-ау,
Жайың жоқ қатын болып оңдыратын.

Айбада Арғынның Қуандығынан тарайтын Кендірбай қалпенің қызы екен. Тұяқтан жеңілген қыз бұдан кейін өлең айтпай кетіпті. Ұзатылып бара жатқанда «ақындығымды Тұяққа қалдырдым» десе керек. Жас пері Тұяқ та «Айбаладан қалған өлең кімге опа берер дейсің?!» деп ақындықтан алыстай бастапты.

Қара сөзге жүйріктігімен ел есінде қалған Тұяқ шешен заманында Ақмола дуанын аузына қаратып, тарақтылардың көшін бастаған. Шежірелік деректерде Тұяқ шешен тарақтының қыдыр бұтағына жатады. Қыдырдан Қаржау батыр, одан Есенкелді, одан Сүтемген, Меңілбай туады. Меңілбайдан жетеу туған. Жетеудің кенжесі Қарабатырдан - Бостан... одан Құмалақ туады. Құмалақ — Тұяқтың әкесі. Тілеп деген ағасы болған. Сасық ырысты бай болған Шежірелік деректерде Наймантай мен Меңілбай бір туған деп келеді. Наймантай атақты Байғозы батырдың әкесі.

Меңілбайдан тілмар шешендер, өнерлі жандар көп шыққан. Үлкендерден қалған бір сөз бар: «Меңілбай түс көріпті. Түсінде ақ түйелі әулие: «Көген аласың ба, өлең аласың ба?» — дегенде, Меңілбай: «Өлең алам!» - деген екен. Осы аңызға орай, бұл атадан билер мен шешендер көп шыққан.

Ағайындар осы ата балаларын «Есер Меңілбай» деп мінейді. Керісінше, Наймантай ұрпақтары: «Нар баласы бақырмас болар», - дегенді ұстанып, билік пен бектікке қарай ойысқан. Ақмола үйезіне қарайтын тарақтыларды кезінде Байғозы балалары билеген. Батырдың үлкен ұлы Босмойыннан туғандар билік тізгінін ұстаған. Босмойынның үлкен баласы Құлжан Кенесары қолына қосылып, Ақтау дуанын алу үшін болған үлкен шайқаста оққа ұшқан. Құлжаннан жалғыз Жәуен қалған. Жәуен де өз заманында билікке араласқан. Ол кісі атақты қаз дауысты Қазыбек биге жиен болып келеді екен. Жәуеннен кейін билік тізгінін Тұяқ шешен алыпты. Жікшіл топ Жәуеннің балаларын Тұяққа қарсы айдап салған. Қаракесек пен Қуандықтың жапсарында өткен бір үлкен аста Жәуеннің Жәзібегі Тұяққа қол көтереді. Осы шекісуден кейін екі атаның арасында рулық тартыс белең алады. Жәзібек билікке араласады. Ол кісі алды қатты, бір беткей, томырық адам болыпты. Билік айтқанда дауға ұластырмай, кесіп сөйлейгін болған. Жәзібектен де сөз қалған.

Бұл деректі келтіруімде мәніс бар. Кезінде ауыз әдебиетіне қызығушылық танытып жүргенімде өз әкемнен, қарттардан, жапсарлас тоқа руының сөз білетін көнекөз қарияларынан Тұяқ шешеннің толғауын хатқа түсіріп алған едім (Әкемнің «ағайын арасын ашады» деген сөзіне тоқтап, жарияламай келгенмін). Соның бірер шумағын оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдім:

Бұлбұлы едім тоғайдың,
Мезгілсіз тілім қырқылды.
Аз дәулетке жұбанып,
Ойламай өттім құлқынды, -

деп келеді Тұяқ шешеннің қоштасуы. Бізге соның жұқанасы ғана жеткен.

Шөп ішінде қияқпын,
Жарықта әлсіз шырақпын.
Тас қайнардың суындай,
Бастауы едім бұлақтың.
Ажал - жазу маңдайға,
Алар дейсің сұрап кім?!

Арттағы қалған еліме,
Қызылтас, Қойтас жеріме.
Сандал кермен шарлаған,
Сарыарқа сайын беліне.
Дұғай сәлем айтыңдар,
Кешегі Тұяқ еді деп,
Есіркеңдер мені де.

Аз ғана ауыл тарақты,
Қадірімді білмедің.
Тасбақаша бытырап,
Ұжымдасып жүрмедің.
«Кекешіңе» сабаттың,
Осы ма еді білгенің?!

Опасыз пәни жалғанға,
Кімдер келіп кетпеген?!
Кекірден шыққан ку мойын,
Қандасын шаптапептеген.
Жақсы айғырдың баласы,
Өз баласын теппеген.
Болар бала байыпты,
Ой мәнісін екшеген.
Өсиетім кейінге,
Сөз қалдырдымептеген
Дәулетті деп сараңнан,
Сый-сыбаға дәметпе.
Опасызға сыр ашсаң,
Қаларсың бір күн әлекке.
Жау қашырып жарытпас,
Сүйегі жасық бозөкпе.
Дауға түсіп оңдырмас,
Бәтуасыз желөкпе.
Жалқауға құдық қаздырма,
Тереңнен су шығармас.
Наданға сөзді қор қылма,
Ақылмен танып ұға алмас.
Есіл сөзім желге ұшты-ау,
Жұртта қалды шын алмас.

Тағдырдың батпан салмағы-ай,
Өксумен өткен жалған-ай!
Батпайды деп ойлама,
Толықсыған толған ай.
Баршамыз кетер жол біреу,

Ажалға себеп әрқалай.
Керек кезде жаратқан,
Ала берер талғамай.

Жазбамыз кілең жыр-толғаумен өрілсе, оған кешіріммен қараңыз. Бүгінгілер көшелі сөзді мәністеуді ұмытқан десек, онда құдайға күпір болғанымыз. Сөзі өлген халықтың өзі де өледі. Шүкір дейміз, алда жарқын заман бар. Өмір бір орында тұрмақшы емес. Десек те, әр жан иесінің талқаны таусылар шақта кейінгіге қалдыратын өсиеті (кешу сөзі) болғанына не жетсін!

Тосын қаза

Үлкендерден ұққан сөз: «Қонақ болжаусыз, өлім болжаусыз». Төрелеп келсе, оған шүкір дейсің. Төтендеп келген ажалға не шара?! Осы еңбекті аяқтап, компьютерге теріп жатқанда, суық хабар жетті. Алаштың ардақтысы, қазақ сөз өнерінің марғасқасы, ұлт жоқшысы, бірегей тұлға, айтулы ғалым Ақселеу Сланұлы опасыз жалғаннан жүз бұрған. Ой қуаты мен бой қуатын тең ұстаған біртуар азамат бақиға сапарлап кете барды. Халық Алаштың арда күреңі Ақселеуін ұмытпайды.

Топшысынан қайрылып,
Торға түсті қыраным.
Әділет үшін айқастың,
Жүйткіп алға пырағың.
Тағдырға қарсы кім келер,
Шыңырауға құладың.
Еңсем түсіп егіліп,
Жоқтап сені жыладым.
Мінәжат етіп Аллаға,
Иманын бер деп сұрадым.
Алаш үшін тер төктің,
Ғасыл болып мұрадың.
Текті туған ер едің,
Жәннатта болғай тұрағың.
Ақселеуі қазақтың,
Сынығы едің тазаның.
Алаш - сенің тағдырың,
Алладан соңғы азаның.
Азаттық үшін айқасып,
Тарттың соның азабын.
Сендей жақсы адамға,

Оғы тиді қазаның.
Қайда ұштың, ақсұңқар,
Қалай іздеп табамын?!
Қамын ойлап ерте-кеш,
Халқыңменен санастың.
Үлгі тұтып өзіңе,
Жақсыменен жанастың.
Адал едің достыққа,
Сенген соң сыр аштың.
Арыстандай айбар боп,
Намысын жырттың Алаштың.
Арманын көптің ойлаған,
Ақылмен терең бойлаған.
Қалдырып бәрін солардың,
Қалайша сен қыр астың?!

Көңіл айтам қазаққа,
Бәйтерегің құлады.
Аза тұтып қалың ел,
Көздің жасын бұлады.
Көңіл айтам жарыңа,
Шүкіршілік ет, жасыма.
Сағынарсың зарыға,
Амандық берсін басыңа.
Көңіл айтам бәріңе,
Жасың менен кәріңе.
Орында бар оңалар,
Тәуба делік тәңірге.

Сағат Арынұлы
(Тараз қаласы, 2009 ж.)

XI. АДАМ КӨРКІ - ШҮБЕРЕК

Көйлек

Адамға ең қымбат киім — көйлек. Сағынышты басады, жүректі жұмсартады. Тұрғылас құрбы-құрдастар, тең құрбылар сағынысып жүздескенде: «Ит көйлекті бірге тоздырған төл құрдас едік-ау», — деп балалық шақтарын еске алады. Майданда от кешкендер «қанды көйлек дос едік» деп бір-бірін жан тартар еді. Қызыл шақа сәбиді қырқынан шығарғанда, үстіне қырық қасық су құйып, тігісі сыртына қараған көйлек кигізеді. «Ит көйлегіміз» осы.

Әлі есімде. Тым кішкене кезім. Жұмин Төлеу деген ауылдасымыздың Олжабай есімді жалғыз ұлы болды Сол Олжабайдың көйлегін ырымдап иттің мойнына сұғындырып, бізге қуыңдар деді. «Кім бұрын итті қуып жетіп, мойнына кигізілген көйлекті алып келсе, сол бала қант-кәмпитке кенеледі». Мен және ферма бастықтың баласы Төкен, Тілеу, Қайныкеш — бәріміз итті қуып бердік. Күшік тазы еді, қас қылғанда, айдалаға қашсын. Кемі бір бие сауым қуған шығармыз. Қайныкеш жетіп ұстады. Көйлектік матаға ие болды.

Көйлек — қастерлі киім. Майданға боздақтарын аттандырған ана жауынгер баласын сағынғанда үйде қалған ескі көйлегін иіскеп жұбанған. Аңыздан белгілі — Ибраһим пайғамбарға Алладан уахи /әмір/ жетіп, баласы Исмағұлды /Смағұлды/ құрбандыққа шалмақшы болғанда, баласы әкесіне: «Көйлегімді анама жеткізіңіз, мені сағынып, аңсағанда, иіскеп мауқын бассын», — демей ме?

Көйлек қызды құлпыртып, әйел затын өңейтеді. Сұлудың ажарын ашып, бойжеткеннің тұлға-тұрпатына өң береді. Ғашығына ынтыққан бозбала:

Жыртылмайды ақ көйлек кең болғансын,
Екі құрбы ойнайды тең болғансын.
Саған айтпай сырымды кімге айтамын,
Көңілімнің ынтығы сен болғансын... —

деп алты қырдың астынан ән шырқаса, қыз да қарап қалмай:

Ақ көйлекті кимедім бөз болар деп,
Қыз ойнаққа бармадым сөз болар деп.

Таза сақтап жүректі жүрмін жеке,
Дәл өзіңдей бір жігіт кез болар деп... —

деп көңіл қошын іркіліссіз әнмен жеткізер еді.

Етегі ақ көйлектің желбіреген,
Қалқаның екі көзі мөлдіреген... -

деп іле жауап қайтарады тендес құрбы.

Көйлек кірлейді. Оны айтасыз, тозады. Көңілді де кір шалады. Ғұмыр аумалы-төкпелі. Дос - сатымсақ, жолдас - опасыз. Ағайын-туыс күншілдікке басады. Ғашықтар да бірбірінен салқынсиды. Алайда, ат құйрығын кесісіп, біржолата кетісе алмайсың. Өйтсең, адамшылығың кемиді. Бәрінен досыңның сатқаны қиын. «Бүгінгі дос ертең жау, мен не қылдым, япырм-ау?!» - деп Абай да торыққан ғой.

Абайды аямаған дос-жаран сені оңдыра ма? Амалсыздан сатымсақ достан сырт айналасың. Ескірген көйлекті ауыстырғандай, опасыз досты басқа біреумен алмастыруға тура келеді. Осы бір пәлсапалық тұжырымды қазақтың шалдары айтып отырар еді. Түйін мынау: «Егер сен қаптаған достарыңды кірлеген көйлектей ауыстырып жаңалап отырмасаң, сатымсақ бір күндері сені басқаға айырбастап жіберуі кәдік».

Жиырма бірінші ғасырда ғұмыр кешіп отырмыз. Бұл ғасыр қазақ қауымына базарлық экономикалық қатынасты игеруді міндеттейді. Қазақ сауданы білмейді деген бос сөз. «Саудада достық жоқ» дегенді бірінші айтқан қазақтар. Жеке меншік жүрген жерде, саудада өзім деген көзсіз өлермендік болмай қоймайды. Оны да халық әу баста заңдастырып қойған. «Ортақ өгізден оңаша бұзауым артық», «Өзім дегенде өгіздей қара күшім бар»... Меншіктелмейтін нәрсе жоқ. Иесіздікті әркім-ақ жаман атайды. Шешелеріміз «Әдіре қалғыр!» деп кейістік білдіріп жататын. «Әдіре қалғырдың» мәні «иесіз қал» дегені. Бірдеңені иеленгеннен кейін оның молыққанын қалайсың. Баюдың бастауы бірдеңені иеленуден басталады. Марксшыл білімпаздар: «Жеке меншік - барша ынсапсыздықтың, адамшылыққа жатпайтын қасиетсіздіктің қоздырғышы, бастау көзі», - деп кесіп айтқан. Байығанның жөні осы екен деп дүниеге ашкөзденіп, жаныңды салып, тең құрбыңды, ескі көйлек достарыңды көзге ілмей, оларды жылтыраққа бола сатып жіберсең, не болғаны?! «Көрсеқызарға көйлек құтаймас» деген де нақыл бар. Кербездік те жақсы қасиет. Адам киген көйлегімен /киімімен/ түр-тұлғасымен, жүріс-тұрысымен, мінезімен, сөйлеген сөзімен сұлу болуға тиісті. Адам - осындай сан-тарапты қасиетімен адам. «Адам көркі - шүберек,

ағаш көркі - жапырақ», десек те, кербездікті сәнқойлыққа жеңдіріп, көрсеқызарлыққа салынсақ, онда құдай берген ажар-көрікті қолдан әлеміштеген жасандылыққа ұрынып, сұлулықты сұрықсыздандырып аламыз. Модашыл ұрғашыны қазақ атам «күнде қыз» деп кекейді, Тым әсіре боянуға төселіп алғандарды «қызыл ерін» деп жақтырмайтынымыз тағы бар. Бәрінен де ескі көйлек құрбыны көзге ілмей, «дүние, дүние» деп жүгіргіштегеніміз қиын соғады. Қиын соғатыны, ондайлар Абай таңбалаған «ала жылан аш бақаға» айналып кетуі кәдік. Қатарлас ескі көйлек достарға не жетсін! «Көйлек - тәніңе жақын, дос - жаныңа жақын». Аралас-құраластықта ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз ит көйлекті бірге тоздырған жора-жолдас, қатарластарын артық көрген. Достықты туысқандықтан да жоғары қойған. Тер сіңді көйлекті бірге тоздырған ескі достарға:

Ағайын жат болса да көзге тәуір,
Өкпем жоқ кеудемдегі бәрі бауыр.
Жауымның дәлдеп сұққан найзасынан
Досымның саусағымен түрткені ауыр... -

деп наз тастайды. Көйлек тозады, жақсы жолдас жан құрдастар тозбақшы емес.

Орамал

Орамал - қолғанат. Орамалмен желпініп, сүртінеміз. Халқымыз орамалға айрықша мән беріп, оны дәнекерлікке пайдаланған. Кәденің бәсірелі түрі. Орамал бердің деп өкпелеу ерсілік. Содан да «орамал тон болмайды, жол болады» дегенге салмақ түсіреді. Ондағысы бергенге өкпелемей кетсін дегені.

Кестелі орамал қыз бен жігітке дәнекер. Махаббат жеңгетайы есепті. Бойжеткен сүйген жігітке адалдығын ақ жібек орамал сыйлап бекіткен. Жігіт те қызға деген көңілін орамалмен білдірген. Хатты орамалға түйіп ұсынған. Атақты Біржан сал: «Шетіне орамалдың түйдім сусар, көп жылқы көгалалы көлде жусар, кешегі ел қыдырған есер шақта, әні екен Біржан салған «Жамбас сипар», - деп тегін әндетпеген. Орамалға тәтті-дәмдіні, әтір, қалампыр түйіп ұсыну тіптен жарастықты. Сусар - ерекше хош иісті болады.

Орамалдың қадір-қасиеті ел басына ауырлық түскен қиындық жылдарда арта түскен. Орамал- аңсаулы көңілдің сағынышын, қан кешкен жауынгердің елде қалған сүйіктісіне деген махаббатын құсша алып-ұшып елге жеткізген. Орамалға бай-

ланысты әндер туыңдаған. Атақты композитор Мұқан Төлебаев кезінде «Кестелі орамал» әнін жазған /сөзі Асқар Лекоровтікі /.

Кестелі ақ жібек орамал,
Алыстан жолдаған сүйген жар.
Жауынгер жарым, сен есіңе ал...
Деп жазған оюлап хаты бар, -

деп әндетті жігіттер елуінші жылдары. Бозбала бойжеткенге ұрынғанда, іргеден қол салғанда:

Қыздарда да қыздар бар ту қояндай,
Діңкемді қыздар құртты түнде оянбай.
Үркектеп суық қолдан кетпесін деп
Ояттым орамалмен дәтім қалмай, —

дейтіні бар. Қайын сіңлісіне көңілі кеткен жігіт қыздың жеңгесіне орамал ұсынған. Шетінде гүйгені болады.

Орамал - махаббат пен достықтың белгісі есебінде адамдарға дәнекерлік етеді. Қазақта «Орамал тастамақ» ойыны күні бүгін жалғасып келеді. Жастар қыз ойнақта, үйлену тойында, түрлі бас қосуларда бір-біріне орамал ұсынып, шарт қояды. Өлең сұрайды, көңіл білдіреді. Оңаша жолығысуды ишаралайды.

Орамал - пәктік белгісі. Бір-біріне орамал сыйлаған екі жас берген серттен айнып кетсе, орамалдың киесіне ұшыраған. Бағы жанбай сәтсіздікке киліккен. Бүгінде тән саудалау деген сұмдық шықты. Бәрі-бәрін ақша шешеді дегенді әуезелеп, ардай аппақ, жаңдай пәк, көңілдей кіршіксіз ақ орамалды аяқтың астына тастап, ардан безіп, арсыздыққа барған жеңілтек жастар шынайы махаббатты желге ұшқан орамалдай қолдан шығарып алса, онда оңдай опасыздың өмірде жолы болмайды, Орамалдың киесі ұрады. Махаббат пен достықты желге ұшқан орамалдай мәнсіздендіріп алса не болғаны?! Атам қазақ «Арыңды жастан сақта» деп ұл-қызына өсиеттеп кеткен.

Тон

Халықтан сөз қалмаған. «Тоғыз қабат торқадан, тоқтышақтың терісі артық». Теріні илейді, содан уқалайды. Қолөнердің керек жері осы тұс. Қойдан келген қойшы /менің әкем/ бойын жылытып, қаужаған соң, қой терісін қолына алады. Алдымен өлі етінен арылтып, шелін сыдырады. Қолының қыжыры жетпей жатса, ағаш балғамен тоқпақтайды. Әбден қырын сындырып алған соң, қол талқымен қарпып, уқалай түседі. Бір күн

емес, аптаға созылады тері уқалау. Тері кемеліне келгенде былбырап жұмсарады, ағарып өңін ашады. Содан соң шешейге кезек келеді. Бабына келген қой терісінен тон, әйтпесе, тері шалбар пішіп тігеді.

Біздер елуінші жылдардың балалары қол өнеріне бейім болдық. Әкеміз тері уқаласа, біз де қарап отырмай, түлкінің қара қасқа пұшпағын созғылайтынбыз. Тоқтышақтың елтірісіне жармасатын едік. Өзіміз уқалаған елтіріден шешеміз тері желетке, әйтпесе, сүмірейтіп құлақшын тігіп беретін. Елтірі құлақшын бастан суық өткізбейді. Елтірі тымақ та тігіледі. Тері тон да кидік. Кәдімгі құлын жарғақ та болады екен. Жарғақ - құлын мен тайдың, ешкінің терісінен істелетін тонның бір түрі. Бүгінде құлын жарғақты «дубленка» деп жүрміз. Құлын жарғақтың «дубленкадан» өзгешелігі - табиғи теріден жасалады, түгі сыртына қаратылады. Ішкі жағын астарлайды. Тықырлау қозы елтірісінен астар жүргізеді. Тонның мол пішілген түрін «тұлып» дейді. Тұлып — қойшы мен жылқышыны, жолаушыны суыққа бермейді.

Тірі адамның күйбеңі бітпейді. Адамның күні адаммен. Бірақ сол адамның адамға деген қысастығында шекара болмайды. Дүние үшін қызыл кеңірдек болып айтысып, тартысып жатады. Дау өршиді, ашу асқынады. Жат тұрмақ жақынынан да түңіле қол сермеп, жүзін теріс бұрады. Сондайда аңғарлы қарттар тоқтам айтады: «Уай, жарқыным, тауда да бір мін бар, астамсып иығымен көк тірейді. Таста да бір мін бар, қаттылығында қисап жоқ. Сөйте тұра құм үйіліп тау болмайды. Жамандарда да бір мін бар, жақсыны терекше теңсеуден жалықпайды. Жақсыда да бір мін бар, елге тұтқа боламын деп килікпеген жері қалмайды. Өз қолыңды өзің кесе алмайсың, жақыннан кеткенде бауырды қайдан табасың?! Туыстан безіп, жатқа қайтіп сыярсың? Қайт райдан! «Битке өкпелеп тоныңды отқа салма». Ертеңгі күні «Асығыстық — шайтан ісі» болып өкінішің өзегінді өртесе, қиыны сол болады» деп сабырға шақырар еді.

Белгілі жауынгер ақын Қасым Аманжолов майданнан от кешіп оралып, серілігін перілігі жеңіп кеткенде сол кездегі билік ақынның еркелігін шам көріп баспанасыз қалдырғанда, партияға жағынған сыншылар өлеңін негізсіз сынағанда: «Үстімнен түспей қойды-ау жаман тоным, көк бөрік көк жағаның заманында», - деп шамырқанған ғой. Бұл арада ақын «жаман тон» деп киімінің өңсіздігін, тұрмысының төмендігін емеуріндеген. Біреуге біреу дос болғансып, дұшпандығын көлгірлікпен бүркегенде «Тонын теріс айналдырып киді» деп

кекейді. Ұлтқа, халыққа дұшпандар «қой терісін жамылған қасқыр» есепті. Халық ондайларды кешірмейді. Біреуге біреу іш тартқанда: «Тонның ішкі бауыңдай жақын емеспіз бе?!» — деп көңілін ашық ұстайды.

Дау-дамайда, қиын-қыстауда кейбіреулер басамандап жалтарады. «Ат- тонын ала қашты» деген сөз тіркесі сондайларға қарата айтылады.

«Судан тонын аямаған, жаудан жанын аямайды» деген мақал да ғибратты. (Тон суға тисе бырысып, құрысып, киюге жарамай қалады). Елім деген азаматтың батырлығына қарата айтылған.

Тон - жылылық ұясы. Бой-басын жылы ұстап жүрген жас шымыр- ширақ болып өседі. Әйткенмен де, тонға орана берудің де қисыны жоқ. «Тоңғақты тон да құтқара алмайды» делінген.

Ішік — тонмен ағайындас. Аң мен мал терісінен жасалынады. Көбінесе, аң терісінен тігіледі. Содан да қымбат бағалы киімге жатады. Бағасы тоннан да асып түседі. Қасқыр ішік, түлкі ішік, бұлғын ішік, құндыз ішік делінеді.

Ішік кидім бұлғыннан құндыз жаға,
Жас дәуренді өткіздім бермей баға... -

деп келетін Ақылбайдың (Абайдың баласы) өлеңі бар.

Ішіктің бағасы қымбат. Кедей қолды киімге жатпайды. Тәуірлер ғана іледі иығына. Кедейдің түсіне де кірмейді. Ішік, көбінесе, жол-жоралғыға жүреді. Түрікменнің ұлы шайыры Мақтұмқұлы:

Тойға барсаң тимес саған сыбаға,
Ішік тұрмақ шапан тимес құдада.
Жарлы болсаң сөз билігін сұрама,
Жұп дегенің қанша айтсаң тақ болар, -

деп ішіктің бұлды екенін дөп басады /Дүйсенбек Қанатбаев аудармасы/.

Ішік турасында ғибратты сөздер тапшы. Кедей қолды киімге жатпағандықтан көп ауызға алына бермейді. «Ішік кигеннің іші біледі» деген қанатты оралым әредік ауызға ілігеді. Бұл тіркесті (мақалға келіңкіремейді) жіліктеп таратуға келмейді. «Ішік кигенінің іші біліп» тұрғаны бай болғасын, бар болғасын кидім, менің буыма жығылды дегені шығар. Әйтпесе, кигенім ішік болғанымен, ішім қоңылтақ мінезге кедей жұқалтаңмын дегені шығар. Қалай болғанда да осы «іші біледінің» астарында көп мән бар.

Шапан

Ішік пен тоннан гөрі шапан көпшілік қолды келеді. Еңбектеген баладан бастап еңкейген шалға дейін шапан киген. Кедей қолды бола тұра - шапан кәделі киім. Жолға, тарту-таралғыға, сый-сияпатқа дәнекер.

Табиғатпен қойындасып ғұмыр кешу қазақ халқының пешенесіне бұйырған. Күнкөріс күйбеңіміз көшпелі болғанымен, санамыз саңлақ келеді. Табиғатпен үнсіз тілдесіп, соның қас-қабағымен болып ғұмыр кешу айрықша озғын сананы, дархандықты, мәрттікті талап етеді әр жан иесінен. Ата-бабаларымыз табиғаттың қабағымен болып, жаратылыстың заңдылығына қол көтермеген, бұра тартқа бармаған. Қайта табиғат амалына бейімделіп, оның тілін табуға тырысқан. Үстіне жапсырған киіміне шейін табиғатпен үйлестікте болған. Ұлттық киімдеріміз жылы әрі ыңғайлы, кедей қолды келеді.

Шекпен — түйе жүнінен тоқылады. Матамен тыстайды. «Шекпендінің шіренген несін алған?!» деген қыжыртпа сүйкеншіктердің аузында жүреді.

Шидем - жабағы жүннен сырып істелетін сырт киім. Малшыны суыққа бермейді. «Шидем мен тон қабаттап киген малшы, бет қарауға шыдамай сырт айналды...» («Қыс». Абай).

Қыс амалына, қақаған аязға шыдас беру кім-кімге де оңай емес. Қазақ атам киімнің сұлуынан да жылуына бейілді болған. Күпі - шидеммен туыстас. Қой жүнінен, түйенің шудасынан матамен астарлап ыңғайлайды. «Күпінің битіндей» деген тұрақты сөз тіркесі бар. «Жабылып кетті, кептігін жасады» дегенге келеді. Күпінің битіне теңелгендер сондайлық қауқарлы келмейді, жалғыз-жарымды додалап жеңіске жететін әңгүдіктер. Осы күні күпі де кимейміз. Биттің де көзі жоғалған.

Енді шапанға келейік. Шапанды «кедей қолды» деп өзгешеледік. Шапан жолға ең көп жүретін қазақтың өзіндей елгезек. Туыстас ағайындар өзбек, қырғыз , татар, түркмендер де шапанды қастерлейді.

Шапан - тәрбиеге негіз. Халықтың дәстүр-салтының көрнекі құралы есепті. Бүгінде заң делінетін өмір сүрудің тәртібін ата-бабаларымыз халықтық тәрбиемен реттеген. Әйел - еріне қарсы шықпаған, қыз — қылығынан жаңылмаған. Ұл - ұландыққа тырмысқан. Содан да қазақ елі түрме салмаған. Сақшы ұстамаған. Телісі /еркесі/ мен тентегін халықтық тәрбие-тәлімнің талқысына салып, жұмсартып отырған. Ауа жайылып адасқанды, тура жолдан ауытқыған күнәһарларды

«алдыңа келсе атаңның құнын кеш» деген қағидаға сыйдырып: «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң», — деп кешіре білген. Әдепсіз бен көргенсізге, сұғанақ су жұқпасқа, ұры-қарыға айып салған. Ат- шапан айып төлеткен. Атқа шамасы келмегендер айыбын шапанмен өтеген. Төріне озған үлкенге бас тартып, иығына шапан жапқан. Қарттар дүниеден озғанда, иісі сіңген шапанын жақын-жуық, немере-шөберелері иеленген. «Атамның жасын береді» деп ырымдаған. Шапан түрлерін қайта жаңғыртып, тұрмысқа енгізу — келешек жастардың міндеті. Ұлттық киімдерді ажарландыру оны жаңаша үлгімен өмірге енгізу кезек күттірмейтін игі шара. Шапанның құнын түсірмеудің бір жолы — оны бұлдай білу керек. Шапан жабудың жолы осы екен деп оңды-солды тарату — құнын түсіреді.

Біз ұлттық киім түрлерін таратуды мақсат етпедік. Негізгілерін ғана айтып өттік.

Пышақ пен қайрақ

Пышақ түрлері бірқыдыру: бәкі, кездік, ұстара, лөкет, т.б. Мұның сыртында жау жарағына жататын қылыш түрлері бар. «Өткір кездік қын түбінде жатпас». Жүрегінің оты бар, ұстарадай лыпыған, қылыштай қылшылдаған, сапыдай оңтайлы азамат күндердің күнінде жарық дүниеге бір шығады. Бойда жігер, ойда қайраты бар жігіт ел ертеңіне үлес қосып, жарқ етіп көрінері даусыз. Халық, керісінше, бойкүйез ынжықтарды «Өтпес пышақ қол кесер» деген астарлы мақалмен нықыртады. «Жау шапқасын қылышыңды боққа шап» дейді қазақ. Жайшылықта екі иығын жұлып жеп, кеуделеген үй тентектер ел басына күн туған алағай-бұлағайда басын амандап жарға бұғып қалады. Бұл мақал сондай су жүректерге қарата айтылған. Ұстарамен шашынды аласың, бәкімен ет, нан турайсың. Кездікті ісмерлікке пайдаланасың.

Пышақ — тұрмыс құралы. «Пышағың майлы болсын, төрт құбылаң сайлы болсын» делінетін тілек соған айғақ. Егер де пышақ тентектің қолына түсті бар ма, онда ол суық қаруға айналып, адамның жанына қауіп төндіреді. «Пышақтасып ауыр қылмысқа барды» дейтініміз сол себептен. Бұдан да зоры «қырық пышақ болды» дегенді естігенде, жүрегің еріксіз шімірігеді. Біреуді біреуге айдап салатындар «қырық пышақ» қып ағайын арасын ашып тынады.Үйінен ұрыс кетпейтіндерді «Қырық пышақ болады да жатады» деп жақтырмайды. Қарияларбұл жағымсыз сөзді шарасыз жағдайда аузынан шығарады. Ру тартысы, жер дауы, жесір дауы, таққа талас, мансап үшін қырқыс дау-дамағайға ұласып береке-бірлікке нұқсан келтірген жағдайда, «қырық пышақ қырқысқа» ұласып ел бірлігіне нұқсан келтіреді. Пышаққа байланысты тиым молынан. Ата-ана балаға «пышақ ұстама» деп зекиді. «Пышақты сілтесең, ұзарып кетеді» деп және ескертеді. «Қылыш үстінде серт жүрмейді» деген мақалдың мәні неде? Қылыш — суық қару. Қолында қылышы тұрған адам бір-бірімен байқап сөйлеспесе, іс насырға шауып кетуі кәдік. Серттесу, сөз байласу, бәтуаласып мәмілеге келу, келісім жасасу — суық қарумен шешілмейді дегенге саяды бұл нақыл. Халықта қалау делінетін рәсім бар. Қазақ ғұрпында пышақ пен тазыны қалауға (сыйсияпатқа) бермейді. Арамыз ашыльш кетеді деп ишаралайды. Ит пен пышақты айырбастау да ерсілікке жатады. Ондайда үлкендер «итше ырылдасып араз боп кетеміз, әйтпесе пышаққа жармасып жаман әдетке салынамыз» деп өсер жасты татулыққа үндейді. Қазақтың бір туар асыл азаматы Мәди Бапиұлы: «Жігіттік көк семсердің жүзі емес пе, қайрап ап қалың жауға сермейтұғын», — деп өзін уытты жырмен жігерлендірген. Бүгінгі жастар болмашыға бордай үгітіліп, шарап ішіп шатылады. Ата-анаға, қоғамға масыл болып, бос сенделіске салынады. «Үгітілме боркемік», «ынжық» деп сондайларды айтады. Нағыз өтпес пышақтар осылар. Жүзі мұқалған пышақты қайраққа жанысаң өткірленеді. Әлгіндей жайбасар жалқауға нендей амал бар?! Амалды әр жан өзінен, өз бойынан іздестіруі керек. Түптеп келгенде, адам адамша өмір сүріп, өзін жоғалтып алудан сақтансын. «Жоғалған пышақтың сабы алтын» деп те жатамыз. Пышақ екеш пышақ та қымбат. Ал адам, кәдімгі Алла абзал жаратқан адамнан қымбат, одан қастерлі кім бар? Сөйте тұра, көксемсер тұрмақ жай пышақ құрлы құның болмаса, бір тірі жансың.Рас, қылыш асыл келеді. «Асылды тот баспайды» делінетіні сол себепті.

Пышақ пен қылыш қайрақсыз өңейіп, өткірленбейді. Пышақтың өткір болғаны керек. Өтпейтін пышақ жігеріңді құм қылады. «Шабан ат, өтпес пышақ, шайпау әйел жігітті бұл үшеуі қартайтады», — демей ме Ақан сері.

Ұзына ғұмырда адамға тән — қыран бүркіт, жүйрік ат, ақылды әйел, жақсы туыс, шаруақор бала, қылықты қыз, ізетті келін, опалы дос — бәрі-бәрі кісіні өткір кездіктей лыпытатын қайрақ есепті. Жай ғана қайрақ емес, ер қайрағы екен. Ақын айтқан Ер қайраты жүйрік ат пен қыран бүркіт қана ма? Сұлу әйел ме жігіттің бар мақсаты? Жүйрік ат та саған тұрақтап

қалмайды. «Құс қашады, ит өледі» деген содан шыққан. Өкіндірмейтін, басы бүтін саған баяндап қалатын не бар? Көк семсер де мұқалады. Біздің меңзеп отырғанымыз сананы өткірлейтін ақыл мен пайым, түсінікті тілмен айтқанда, адамшылық қайрағы. Әр істі қолға аларда, ой таразысынан өткізуің, он ойланып, жүз толғануың, жігерің мен қайратыңды ақыл қайрағына жануың боп табылады. Ақылға, ойға, намысқа қозғау салатын, оны қуаттандырып лыпытып өткірлейтін қозғаушы күш болуға тиісті. Оны қолға ұстап, көзбен көре алмайсың. Жігерлену арқылы, ақылыңды шыңдау арқылы, өзіңе өзің қайрат беру арқылы өткірленесің. Басқа амал жоқ. Ақылыңды молықтырмай, мұратқа жете алмайсың. Екі қол, екі аяғыңды қозғалысқа келтір. Кәсіп қыл. Қайрат өз бойыңда. Ол — қозғалыс, қарекет, оқып-тоқу. Бір сөзбен айтқанда — ізденіс. Өзіндегі барды ұқсатып, мүмкіндігіңді сарқа пайдалану арқылы мұратқа жетесің.

Халық та осыны меңзейді. Бәрі-бәрі өзіңнен табылады. Алла пендесін қайрақтан да, қайраттан да құр тастамаған. Елім деген ерлер жігерін ақыл қайрағына жанып-жанып алып көк семсердей лыпыған өткірлікпен жауына сілтеген. Соның арқасында ел болып, ұлт болып қалыптастық.Ұлан-байтақ далаға иелік етіп, тілімізді сақтап, дінімізді, ділімізді нығайтық. Әркімнің өзіне тән көк семсерін өткірлейтін қайрағы болғанға не жетсін! Ол — кәдімгі адамшылық қайрағы, ақыл қайрағы. Ақылы бар адам — ең сапалы адам. Қайрақ бір есептен сенің намысың, жігерің һәм айбатың. Қайрағы бар адамның қайраты бар, жауға қыран боп шүйілетін айбаты бар. Қазағым, елім, жерім, тілім дейтіндер уытты намысқойлардан шығады.

Қамшы

Қалтасына бәкі салып жүрмейтін болбырды үлкендер «құржан» деп кекеген. Ондағысы өмірге икемделсін, шаруақор болсын дегені. Мал баққан ауылдың баласына сойыл-құрықсыз, қамшысыз құрқол жүргендік сөлекет саналады. Атқа мінген еркектің қолында қамшы, қарында сойыл, тақымында шоқпар болуы керек. Дала қазағының бес қаруы осылар. Байтақ далада ғұмыр кешкен бабаларымыз бел шешті бейғамдыққа салынбай, өздерін жинақы, сергек ұстаған. «Сақтықта қорлық жоқ» дегені соған саяды. Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен ынжық жігітті «Ит мініп, ирек қамшылаған неме» деп жақтырмаған. Қазақ әйелі еркек ұстайтын затқа үйір болма-

ған. «Еріңді сыйлағаның, еліңді сыйлағаның» ғұрпын ұстаған. Еркекше киініп, қылыш ұстап, сойыл көтеріп, құрық сүйрету ерсілікке саналған. Керек десеңіз, қамшы ұстау да ыңғайсыз көрінген. Бұл әйелді төменсітуге жатпайды. Әйел тарапынан еркектерге көрсетілген құрмет пен ізетке жатады. Әйелдер еркек мінетін ерге отырмаған. Көзіміз көрді қатын ер, қатын қамшыны. Шешелеріміз атқа мінгенде қолына сабау ұстай салатын еді. Қыз балаға бәрі жарасқан. Күміс ер, сары бас қамшы дегендер қызға тиемел. Біз бұл арада әйелдер сойыл ұстамасын, қолына қамшы алмасын деп бір жақты пікір айтудан аулақпыз. Ер жарағы - сойылдың, найза мен қылыштың, қамшының киелі екенін ұрпақ жадында тірілту. Әйелдердің пышақ ұстағаны да сөлекет саналған. Кездік — ісмер әйелдердің қолайына келеді. Төркін жұртынан келген қамшы мен пышақтың жөні бөлек, әрине.

«Арық атқа қамшы ауыр». Артық зат, артық киім, жолазық, қару-жарақ атқа салмақ, кісінің өзіне де бейнет. Әр нәрсенің шақтылысы жақсы. Шамаға қараған жөн. «Қатын өлді, қамшының сабы сынды» деген екіұшталау бір бүкпесі ішіндегі сөздің мәніне бірден түсіне қоймайсың. Әйел қамшының сабы құрлы болмағаны ма деп көңілге алудың қисыны келмейді. Жарымнан, қосағымнан айрылып қалдым деп қайғылана берме деген тоқтам. Жетім қалған баланды тәрбиелейтін, отыңды жағатын адам ізде деген аңғартуға жатады.

Қамшы бозбала мен бойжеткенге дәнекерлік көрсетеді. Қазақтың қара өлеңінің мәйегі қамшыдан бастау алады. Қамшы махаббат дәнекері:

Қолымда бір қамшым бар алтынданған,
Ажарың ақ жамбыдай жарқылдаған.
Сексен қыз серуенге шықса дағы,
Ішінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған, —

деп әндетпей ме сері жігіт. Қыз бәлденсе, өнерлі жігіт үдеп салады:

Қолымда бір камшым бар ырғайдан сап,
Өтпесе қойың судан құрғайлап бақ.
Сарғайып сені тосып отырғанда,
Тайқысаң уәдеден құдайдан тап, -

деп асқындырады.

Ұмыр — өткінші. «Бес күндік» аз ұмырды ата-бабаларымыз «қамшының сабындай ғана» деп топшылаған. Тіршілікті сойылдаспай, сабаласпай тату-тәтті өткерейік дегені. Қазақ

ғұрпында бір-бірінен қамшы ауысу, қалап сұрап алу сөкет емес. Ежелгі қамшы түрлері: бұзау тіс, жылан бауыр, дырау, сары бас қамшы, отыз екі өрме сақиналы түрлері ескінің көзіндей көзге ыстық.

Қамшыны төрге іледі. Киелі санайды. Ырымдайды. Жөнжобаның шарасын қазақ атам қолындағы қамшысы арқылы білдірген. Үйге бас сұққан жүргінші қамшысын тақымынан ұзатпай бүлдіргесін білегінен шығармаса, онда көп аялдамай сусын ішкен соң жүріп кетемді ишаралағаны. Қонатын әйтпесе түстенетін ыңғай танытқанда, жолаушы қамшыны бірден төрге, кереге басына іледі. Алқа қотан отырыста, мәжілісте сөзге сұранғанда датым бар деп қолындағы қамшысын көтеріп белгі береді. Дау-дамай өршіген жағдайда, келіспеушіліктің асқынған түрі қамшымен «жер сабау» боп табылады. Қамшысын бұлғау бүліншілікке бастайтын жаман әдет. Аталы сөзге дес бергенде дуалы ауыз үлкендер қамшысын алдына көлденең тастайды. Ондағысы артық-ауыс сөзге бармаймын деген ишарасы. Қамшының дырау, бұзау тіс делінетін түрлері жауға сілтенеді. Жорықта ерлік көрсеткендерді «қамшыгер» деп дәріптеген.

Құрық пен сойыл, жүн сабайтын сабау да дәнекерлікке жүрген. Бүгінде қасқырды атады. Бұрынғының жігіттері қасқырды сойылмен соққан. Сойылмен соғып сұлатқан. Даукес, әсіреширақтарды «Құрыққа сырық жалғаған» деп»жақтырмайды үлкендер. -Баланы ата-анасы жас күнінен «сойыл көтерме, қамшымен сабаласпа» деп тыйған. Қамшы - қазақтың ұлттық рәмізі болып табылады. Бір рәуатта қамшы тұрған жерге шайтан жоламайды деп де айтылады. Қамшы - киелі келеді. Әр қазақтың төрінде қамшы ілулі тұрғаны жарастықты. Содан соң домбыраға жол тисін. Төрінде қамшың мен домбырың тұрса, қазақ екеніңді ұмытпайсың. Қамшы - адамдарды достыққа үндейді. Қатар жүрген жолдас бірбірімен шәйкемдесіп қалғанда татуласудың белгісі ретінде қамшы ауысқан. Содан да «қамшылық дос едік қой» деп базына айтып жатады.

XII. ЖӨН-ЖОСЫҚ

Тарту-таралғы

Үйге келген қонаққа, құдаға, сыйлас құрбыға аттанарда үй иелерінің «Қалаған, сұрағаның бар ма?» деген ықылас, бұлжымайтын тәртіп бар қазақ ғұрпында. Ондай ниеттен жалтарсаң, онда сарандыққа басқаның.

Қалау - халықтың тұрмыс-тіршілігіне ыңғайласа кіріккен байырғы рәсім. Бұйымтай - қалап сұраудың жеңіл түрі. Қонақ аттанарда отағасы мен бәйбіше тарапынан айтылатын ықылас. Ал қалаудың жөні бөлек, келген адам бірденеқе ұстай келеді. Қалағанын алу үшін жол-жоралғымен, өзіндік жөнімен ат басын туралайды. Қоржыны тоқ болғаны жөн. Сонда қалап сұрағанына қолы жетеді. Мәселен, кіндік шеше перзентті болған ата-анаға жол әкеледі. Сосын барып қалағанын сұрайды. Қалаудан жалтару ұлттық үрдіске сыймсыз. Қалаудың да өзіндік ыңғайы бар. Әркім өз шама-шарқына қарау керек. Буынсыз жерге пышақ ұрып, жарлының жылтырағанына қызығу — көрсеқызарлыққа жатады.

Әдетте, жомарт, қолы ашық мырзалар жаяуға астындағы атын түсіп беріп жатады. Той-томалақта алған тарту-таралғысын үлкендерге, қасына ерген жолдасына сыйлайды. Бұл тартуға жатады. Алған олжасы мен сый-сияпатын ата баласына, көлденең көк аттыға тарту ету - мәрттік. Ұлттық үрдіске жататын кең қолтық мырзалық деп осыны айтады. Хандар мен сұлтандар, белгілі ақсүйектер, елшілер сапарлап шыққанда, басқа жұрттың тақ иесі мен дуалы ауыз көсеміне тарту-таралғымен барған. Бұл рәсім бүгін де бар. Түрікменбашы (президенті) Сапармұрат Ниязов 2001 жылы Қазақстанға жұмыс бабымен келгенде, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлына арғымақ әкелді. Бұл тартуға жатады. Тартудың қайтарымы болуға тиісті. «Сыйға - сый, сыраға - бал». Тарту - кәденің төресі. Астындағы атын түсіп беру екінің бірінің қолынан келе бере ме. Мұндай жомарттық жас ұрпақты мәрттікке, еркөңілділікке, көпшілдікке баулиды. Дүниеқоңыз сараңдар тарту-таралғыны есепке құрады. Сый-сыбағаның қайтарымына қатты көңіл бөледі. Тым қонағуар, асыра шашпалық та өз деңгейінде болуға тиісті. Мырза атанамын деген есеппен кім көрінгенге тарту әзірлеп, ашылып-шашылған адамды

«әсірежомарт дарақы» деп әжуалайды былайғы сыншыл көздер. Дарақылық мақтаншақтыққа жатады. Халық дарақылықты ерсілікке жатқызады. Бүгінгі жаңа экономикалық қарым-қатынас, базарлық баға саясаты, бір сөзбен айтқанда, нарық заңы тарту-таралғы, сый-сияпат, қайыр садақаның жолын кесіп тастады. Жаппай сараңсу етек алып кетуі кәдік. Онда ұлттық қасиетімізге жататын кәде-жоралғымыздан көз жазып қалуымыз бек мүмкін. Сондай сараңсудың алдын алу сан ғасырғы қалыптасқан салт-дәстүр, жол-жоралғы үрдісін ұрпақ санасына сіңіру болып табылады.

Дүние - дәнекер, онсыз өмірдің сәні енбейді. Адам пақыр дүниемен алданады аз ғұмырында. Бірақ /бүгінше долларға/ байлыққа құнығып, ұлттық ерекшелігіңді мансұқтап, жоғалтып алма десек, құрғақ ақыл деп білмеңіз. Өмірдің өзегі - сыйластық. Сыйластыққа дәнекер - халықтық кәде-жоралғы, сый-сыбаға, тарту-таралғы. Онсыз ағайын-туыс, жора-жолдас арасындағы дәнекерлік бекімейді. Әлсірейді керісінше. Ең сорақысы, басқа ұлттардың жағымсыз әдет-ғұрпына көзсіз беріліп, қазақтық қасиетіміздің алыстаймыз.

Сыбаға - парыз-қарызы жоқ жоралғы. Кішілер тарапынан үлкендерге көрсетілетін құрмет. Кәделі сый-сыбаға. Үлкен ауылға, сыйлы ел ағасына, әулеттің би атасына, үлкен шаңырақтың иесіне, еркек бағалы бәйбіше мен ақ шашты анаға келіндері мен қыздары құрқол келмей, сыбаға әкеледі. Сыбағаның бастысы кәдімгі қыстан алып шыққан сүр ет, тәтті-дәмді дастарқан мәзірі болып келеді. Мал сойып әкелу де сыбағаға жатады. Оған қосатын шапан-шақпыты, көйлек-көншегі болады. Атұстарын ерте келген келіндері мен қыздары сыбағаға басқаша қайтарым дәметпейді. Бата сұрайды. Қария ақ батасын береді немере мен жиеніне.

Қазақтың кәделі асы — соғым сыбағасы. Біреуге біреу «Омыртқаңды, сыбағаңды жеп кет» деп жатады. Әдетте, үлкен шаңырақтан өрген үрім-бұтақ алыста сыртта жүріп, анасы мен жеңгесінің қолын сағынады. Соны білетін аңғарлы бәйбіше балаларына қыстан алып шыққан сүр етін сары майдай сақтайды. «Сақтағаныңды ассаң, сағынғаның келеді» деген содан қалған.

Сыбаға дәмету сұраншақтыққа жатпайды. Жуастау момын адамды «Ылғи да сыбағасынан құр қалып жүреді» деп мүсіркейді үлкендер. Ал сұғанақтарды жақтырмай «Ұялмаған бұйырмағаннан жейді» дейді.

Қолқалаудың этимологиялық мәні тереңде. Өтініш білдіру, өтініш айта келуге келіңкірейді. Қазақ ұғымында қолқа салу сирек айтылады. Қолқалаған екенсің, қалайда айтқаныңды

орындатуың керек, сұрағаныңды алуың керек. Қолқа салған адамның қиналып: «Буынсыз жерге пышақ ұрдың-ау!» - деп дағдарғаны керек. Қатар жүрген құрбың, қимас досың, сыйлас жолдасың ғана саған қолқа сала алады. Асылады, өтінеді. Астыңдағы атыңды, қолыңдағы қамшыңды қолқалайды. Негізі, қолқа салу ерлер арасындағы қарым-қатынасқа жатады.

Қолқалау, қолқа салу - өте ауыр шарт. Оны орындай қоймаған, тартынған азаматқа сын кәдімгідей. Достықтан кету қиынның қиыны. Мәрттіктің сыналар жері осы тұс. Құдаласып қыз айттыру да қолқаға жатады. Бұл рәсімнің шарты әрқалай. Мәселен, біреу мен біреу жүз шайысып қалғанда, ағайын арасы дүниенің боғына бола ашылып кетуге бет алғанда, құрбы-құрдас шекісіп қалғанда, ара ағайындыққа жүрегін адам өкпесі қабынып, кетісуге бекінгенде қолқа салып: «Бір ашуыңды маған бер!» - деп, қиылып өтінеді. Кекшіл жандар қолқалауға тоқтай қоймайды. Сондайда ара ағайындыққа жүретіндердің: «Ол өзі бір қыңыр адам, қолқаға тұрмайды», - деуі заңды. Сонымен, қолқа салу, қолқалау мәрттікке, кісілікке сын ұлттық қасиетке жататын шарт екен. Қастерлі де қасиетті үрдіс.

Жоғарыда айтқанымыздай, сыбаға бірегей кәдеге жатады. Сыбағаны сұрамайды, дәметеді. Жол-жоралғы көш-жөнекейде, той-томалақта, аста, құда шақырысып, келін түсіріп, қыз ұзатқанда көрсетілетін сый-құрмет. «Жолымды бер, әкел!» деп сұрау жарасымды. Әсте-әсте өкпе-араздыққа ұласпасын. Бүгінде «приз» деп аталатын сыйлық «жолға» жатады. «Жолымды берсеңші, жолдан құр қалмайын» деп ескертіп, еске салу жарастықты. Сыйлықтан дәметкендер жолдасады. Дуалы ауыз билерге, үлкендерге жүгінісіп, бітісіп жатады. Жол-жоралғының түрлері көп. Құдалықта «киіт» делінеді. Жағалы киім, қымбат заттар кәдеге жүреді.

Жолдасу дау-дамайға жатпайды. Әркімнің өз бағасы болады. Бағам түспесін дегендікке жатады жолдасу. Қазақта ата ұлы деген бар. Ата ұлы - кешегі жақсының көзі, аруақты атаның баласы, бүгінше айтқанда, еңбегі елге сіңген, өнерде бірегей атанған, халыққа қайраткерлігімен танылған азамат. Сондай жақсы әкенің баласы жол /сый-сыбаға/ сұраса, оның несі айып.

Ата-бабаларымыз аралас-құраластыққа қатты мән берген. Сапарға шығып жолаушыламай шаруа бітпейді. Батыр ел тыныштығын күзетіп, жер шолады, билер мен шешендер дау-дамайды өршітпей, басалқы айтқан. Қыз төркіндейді, жігіт қалыңдығына ұрын барады. Сырт жұрттың адамына да айрықша пейілді болғанбыз. Жолаушыға сыбағадан қалдырмай үлес беру - айрықша кәдеге жатады. Көлденеңнен кезіккен көк ат-

тылыға, жолаушыға аңды байлау, той-томалақта сый-сияпаттан құр қалдырмау - ежелгі дәстүрге жатады. Жолаушыға жол беріп, сияпаттан құр қалдырмау - ежелгі ғұрпымыз. Қазақта жақсы сөз бар: «Қырықтың бірі - Қыдыр», - деген. Қыдыр /Бәлкім, Қызыр пайғамбар/ адамдарға ырыс-несібе сыйлайтын киелі адам деген аңыз бар халық арасында.

Дәмету - орынды, өзімсінуге жатады. Мың сіз-бізден бір шыж-быж артық. Көңіл бір атым насыбайдан қалады. Дегенмен, әсте-әсте, үнемі сый-сыбағаға дәмету тілемсектікке жатады. Тарту-таралғыға таласып, жолда қалғандарды да көріп жүрміз. Халық ондайларға: «Аларманға алтау аз, беременге бесеу көп», — деп ескертеді.

Кісі үйге жай келмейді, дәметіп келеді. Қымыз ішкісі келген шығар. Әйтпесе, базарлап қайтқан үй иесінен базарлық дәметіп келуге тиісті. Болмаса, қарны ашып, өзегі талған адам болуы да мүмкін. Әлгі адам үйден құрауыз шықса, «тамағы іседі» делінеді. Емшекте баласы бар әйел болса, «емшегі іседі» делінеді. Үйге келген адамды құр ауыз шығаруды жаман ырымға жатқызады үлкендер. Әйтсе де, төрге озғанды төредей күтудің де шекарасы бар. Қонақтың да сыйсызы болады. Өз жөнін білмеген мейман сүйкімсіз қонаққа жатады. Ондайда атам қазақ «Қонақ, өз үйіңде ойлай отыр» деп ескертеді.

Жолаушылап келе жатып қоналқаға ат басын туралаған жүргіншіні қазақ «құдайы қонақ» дейді. Аттан түсіп, төрге озарда бейтаныс адам «құдайы қонақпыз» деп ескертеді. «Келгенше қонақ ұялады, келген соң, үй иесі ұялады» деген аңғарымды сөз бейтаныс жолаушыға қарата айтылған. Ұлан-байтақ далада етек-жеңін кең жайған халқымыз қонаққа таршылық жасамаған. Содан да «Өлім болжаусыз, қонақ болжаусыз» дегенді үлкендер келін-кепшікке, бәйбішесіне айта түсіп отырады. Онысы қонаққа деп сақтаған сыбағаңды түгесіп алма дегені. Аңғарлы бәйбіше, қабақ баққыш жеңге, ізетті келін қонаққа деп дәмді сыбағаны іркіп ұстаған. Қонақты қондырмай жібергендер әшкере болған.

Ертеректе Арғын, оның ішінде Қуандық, одан Алтай, оның ішінде Нұрбайға жататын Шөмішбай батыр Ақмоладан ауылына қайтып келе жатып бір қыстауға келіп ошарылса, есіктерін ашпай қойыпты. Шәмішбай қасындағыларға бұйырып, қораның қақпасын бұздырады да, жемде тұрған сүліктей қос арғымақты жетекке алып, айсыз қараңғы түнде ілгері озады. Қалың қыс ортасы болса керек. Содан жүргіншілер суыт жүріспен Қарағаштағы атақты би тоқа Телғозының Шоңының ауылына жетіп жығылады. Ертеңінде қуғыншы жетеді.

Шөмішбай арғымақтың біреуін бауыздатып тастайды. Ат иесі биге жүгінеді. Сонда Шоң: «Ойда сен қондырмайсың, қырда мен қондырмаймын. Сонда бұл Шөмішбай қайда қонады, қайда қонады?» - депті пышақпен кескендей етіп. Уәжден жығылған бай дымы құрып, түк айта алмапты.

Арнайы қонақ - әр қалай. Қыдырмасы да болады. Қыдырма - ел ақтаған, халық үстінен күнін көретін сыпайы қайыршы. Ондайды «кезбе» деп те атайды. Қазақ халқының етекжеңі кең. Тегін қонақасы, тегін түстеніс, тегін коналқа, тегін қымыз, тегін ас - тек ата-бабаларымызға тән жомарттық. Заңдастырылмаған үрдіс. Ұшы-қиырына көз жетпейтін байтақ далада селбесіп жан сақтаудың амалынан туындаған. Қонақ келсе, қолыңды қусыр, қойыңды сой. Жолаушыға ілтипат көрсетіп: «Жоғары шығыңыз!» - деп айтуға тиістісің. Құдайы жүргінші тамағыңа қарамайды, қабағыңа қарайды. Қошуаға алмады деп өкпелеп кетеді. Сөзге қалдырады.

Бірде тарақты Тұяқ шешен уез орталығы Ақмолаға сапарлап бара жатып, бір үйге түсіп сусындамақшы болады. Байдың өр тоқалы қошуаға ала қоймапты. Келгендерге салқын қабақ танытқан кісәпір әйелдің қырпынан аңғарын байқаған би оның «отырмадыңыздар ма» деген немкеттілеу сөзіне шыдамай: «Сөзің бар болсын! Тақыр жерде мен отырмын, тарғақтай болып сен отырсың!» - деп етегін қағыныпты. Етекті қағыну ишарасы назаланудың белгісі. Қазақ ғұрпында қонақты дұрыстап қарсы алмау дәстүр-салтымызға кереғар одағайлыққа жатқызылған.

Қонақ һәм қонақасы

Қонаққа берілетін ас «қонақасы» делінеді.Ауыл арасының қыдырмасы алдына не қойса, соны ішіп-жеп, барға қанағат етуге мәжбүр. Қыдарма сыбаға дәметпейді. Оны да құр жібермейді үй иесі. Мал сойылмаса да, әлі ет асып береді. Шай қойып, қымыз сапырады. «Қуыс үйден құр шықпа» деген сөз содан қалған. Бүгінгінің қыдырмалары арақ дәметеді. Әлгінің үйіне барып едік, бір жарты құюға жарамады деп өсектеп кетеді. Арақ дәметкен құлқынқұмарды мейман деуге келмейді. Тілемсек десе болатындай. «Қонақ қойдан жуас, май берсе де жей береді» дегенде атам қазақ төрге шығып алып, міндетситіндерді меңзегені.

Қонақасы арнап келген мейманға тиесілі. Ат сабылтып алыстан келеді. Жапсарлас ауылдардан да келе береді. Сәлем бере келдім деп сылтауратады. Ондайда үй иесі «сәлемшіл болсаң, жоғары шық» деп пейіл білдіреді. Өзімсінген сый қонақ

сыбаға дәметеді. Қонақасыға мал сойылғанын қалайды. Бар адамнан ішіп-жегісі келеді. Сондай өзімсінудің соңы өкпе-араздыққа ұласады. Сараңсыған отағасының қырпынан ішін танып немқұрайлығын бетіне айтады. Халық «Жоққа жүйрік жетпейді» деп ескертеді. Бардың сараңсығанын кешіре алмайды.

Бірде жоғарыда айтылып кеткен Шөмішбай батыр тарақты Алтыбай байдың /1850-1916 ж.ж/ үйіне келе қалады. Сараң бай батырды кәрі қойдың етімен сыйлапты / «Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі, қай жерінде кедейдің тұрсын күйі...» деп Абай осыдан айтқан ғой/.

Шөмішбай батыр аттанып бара жатып: «Уа, Алтыбайым, мың қара бас қойды айдап, құйрық-майды шайнап сен де өтерсің бұ дүниеден. Айбалтамды тарақтап, көрінгенді қарақтап мен өтермін дүниеден. Қош, Алтыбайым, қош!» — депті аттанып бара жатып.

Қонақасы айрықша сыйға, құрметке жатады. Ғұмыртіршіліктің бір күнгідей болмай өте шығарын ата-бабаларымыз әрқашан жадында ұстаған. Бір ішкен қымыз, бір жеген ет айлық азық, жылдық үнем болмайды. Әркім сыйластықтың құлы. Сөйткен Алтыбай бай да өтіпті өмірден. Көктемде соққан май боранда ықтаған қойдың алдынан шығамын деп, боранда қойды қайырмалап жүргенде ат үстінде жүріп кетіпті. Жүрегін май басқан семіз адам болса керек.

Дәстүрдің өмірге ыңғайластығы болады. Озығы мен тозығы болады. Халықпен бірге жасасып, дағдыға айналған салтымыз бірегей үрдіске жатады. Бүгінде қонақасы о дүниелік адамға қарата айтылатын болды. Одан тартынудың жөні жоқ. Адам пақыр жарық жалғанда жатып та ішеді, тұрып та ішеді, сұлуды сүйеді, жорғаны мінеді. Көк қақпалы үйге де кіреді. Жақсы мен жайсаңды төріне шығарып, төредей күтеді. Келген қонаққа жайылып төсек, иіліп жастық болады. Кедейлігіне қарамастан мырза атанады. Қонақуарлығымен жақсыатты болады. Сөйткен пақырыңыз да күндердің күні дүниеден озып, өз үйіне өзі қонақ болады екен. Арысы өліп аһ ұрған туыс-туғандары маркұмды жерлеуге қамданады. Діни ғұрыпта /Исламда/ кісісі өлген үйден үш күнге дейін дәм татуға болмайды. Қазақ салтында бұл тәртіп оғаштау. Ойдан-қырдан жиналған жақынжуық жора-жолдасты қалайша аш жібереді? Және олар жаназаға жиналған ағайын-туыс маркұмның азасына деп шапан-шақпыт әкеледі, ақша ұсынады. Сол себепті өз үйіне өзі қонақ болып оң жақта жатқан маркұмның қазасына арнап берілетін асты «қонақасы» дейтініміз былайша, салтымызға жат емес.

Құдайы қонақ та қонақасы дәметеді. Ішіп-жесе, мақтап

кетеді. Бір жолы қаракесек, оның ішінде керней Жарылғап батырдың ұрпағы Бейсейіт бидің баласы Нұрлан мырза жолаушылап келе жатып бір ауылға аялдап, ат шалдырады. Түскен үйі жоқ-жітіктеу екен. Отағасы жалғыз сиырдың бұзауын сойып тастапты қонағына. Үй иесінің мәрттігіне риза болған Нұрлан келесі бір жолы кедейдің жомартына сәлемдемеге бір көген мал айдатып жіберіпті.

Қонақасыдан жығылмау — мәрттікке жатады қазақ ұғымында. Бар мәзір, жоқ жайға ризаланбай жоқтан ілік шығаратындар кесірлі қонақ делінеді. «Қонақ кесірленсе, астан қағылады, жолаушы ұйқышыл болса, аттан қағылады» дегендегі аңғарды түсінген жөн.

Құтғы қонақ түскен үйіне қуаныш ала келеді. Шаттыққа бөлейді шаңырақты. Шай құйған келінді мақтайды. Тағамың дәмді екен деп жылы шырай танытады. Қонаққа үйір балаға ертегі айтып беріп, жиналған қауымға ғибратты сөз арнайды. Ескілікті әңгімені жырдай толғап, тәрбиелік мәні бар әңгімеге дес береді.

Ас ішіліп болған соң, қонақ кәдеге кезек тиеді. Мейман өнерін паш етеді. Домбыра шертіп, ән салады. Өнерден мақұрым қонақты аяғына шалма іліп, арқалыққа асып қою, әйтпесе, шамға қарап кісіне деп шарт қою әбестікке жатпайды. Ұяңдау жас қонақты үйдегі келіннің атын ата деп мазақ етуі-де жарасымды. Желінген етті, ішілген тамақты бойға сіңіріп, аздап теріні кеңітіп, жүйкені жайландырудың амалы «қонақ кәдеге» жатады. Тамақты іше салып жатсаң, қан айналысың бұзылып, жүрекке салмақ түседі. Ұйқың бұзылады. Соны жақсы білген ғой атам қазақ.

Төр — қастерлі орын. Есіктен бас сұққан кісіге «жоғары шығыңыз» деу бұлжымайтын тәртіп. Үй иесі олай демесе, келген кісіні қошуаға алмағаны. Кісіні табалдырықтан оздырмай, босағадан жіберу — жаман ырымға саналады. Асығыс жүргендер де тізе бүкпей кетпейді.

Ерте замандарда, жаугершілікте, тосын табиғат апатында, қаралы жағдайда, ел шетіне жау келгенде суық хабарды үйүйге бас сұғып, ишаралайтын болған. Бірден айтса, бала-шағаның зәресі ұшып, жүрегі қозғалар деп шетін жайды үнсіз мәлімдеген. Үйге бас сұққан хабаршы /жаушы/ екі қолымен есік керіп, әйтпесе, табалдырық басып ишаралайды екен. «Табалдырығымыз жаттың табанына тапталып, есігіміз жабылып қалатын болды» дегені. Әдетте, балаларға үлкендер «есік керме, табалдырық баспа» деп жатады.

Үйге келген мейман төрге озуға тиісті. Қазақ ұғрпында жас адам, келін мен бойжеткен, сары қарын бәйбішелердің өзі

төрге шығуды ерсі көреді. Онысы - төрді қастерлегені, шаңырақты сыйлағаны. Төр, негізінде, үлкендерге, қонаққа тиесілі. Қонақ та төрге байқап-байқап шығады. «Есіктен кірмей жатып төр менікі» деп омыраулаған қонақ төрде отыруға лайықты болуға тиісті. «Жаман мал жершіл келеді, жаман адам төршіл келеді» дегендегі аңғарымда көп мән жатыр. Жадағайлау дарақыны: «Аяғы жаман төрді былғайды, аузы жаман елді былғайды, арты жаман көлді былғайды», - деп тіке уытты сөзбен түйреп тастайды. Өз үйіне өзі қонақ болып келгенге кекірейе қарайтындарға: «Түрікмен төрін бермес», - деп емеуріндейді. Сонымен, төрге озу бір жағы құрмет, бір жағынан сын. «Төріме шығып, текеметімді тіліп, тұнығымды лайлап кетті» дегізбес үшін қонақтың сыпайы, сыпа болғанына не жетсін!

Кісіні арнап шақырудың орны бөлек. Шақырумен төрге шыққан қонақ етек-жеңін кең тастап, емін-еркін ішіп жейді. Шақырудың, кәделеудің жөні ерекше. Әдетте, қонақты бала жіберіп шақырту оғаштыққа жатпаған. Осы күні ондай әдетті немкеттілікке жатқызады. Өзі шақырмай, баласын жібергені несі деп кекірейеді кейбір кісімшіл. Балаға қонақ шақыртудағы мақсат - адамдармен араласып, жөн-жоба көрсін, үлкендерден бата алсын дегендегісі.

Хош, сонымен, шақырудың кәдесіне тоқталайық...

Ауылға көшіп келіп ірге қосқан таныс-біліс, туыс-туғанды, сырт ағайынды, атасы бөлек бөгдені кәделеп дәмге шақыруды «ерулік беру» дейді. Ерулікке шақырмау - білместікке, жөн-жобаны қаперіне алмайтын сараңдыққа жатады. Ерулік беруден жалтарған әшкереге ұшырап, ақсақалдардан сөгіс алған. Ерулік бермегендер бір-бірімен өкпелесіп жүріп, ат құйрығын кесісіп те жатады. Қазақтың бөлінбейтін еншісінің бірі ерулік екенін бүгінгі озық ойлы азаматтар да қаперден шығармасын. Ерулік беру - таныс-білістіктің дәнекері. Бұл кәдені мансұқтау - ұлттық үрдістің бір шегесінің майысып қалуымен бірдей. Қазақта өзге ұлттың аузынан шықпаған ішті сөз бар. «Таспен ұрғанды аспен ұр» деген. Исламның бір парызы - қайыр-садақа беру. Оны «малдан — зекет, астан - құшыр» дейді. Құдайыға шақыру осыған жатады.

Әдетте, құдайы беру мынадай себептерден туындайды: Үй иелері басына шаңырақ көтеріп жаңа үйге кіргенде. Жұрт жаңалап соны еріске орныққанда. Басқа жаққа көшетін болғанда. Жүйрігі бәйгеден келіп, баласы оқуға түскенде. Бір қатерден аман қалғанда. Көрген түсін ырымдағанда. Өлгендер түсіне енгенде. Малы жоғалып табылғанда, ауырып жазылғанда. Баланы сүндетке отырғызғандағы той. Мектеп есігін ашқандағы

тілашар кәдесі. Астына көлік мініп, жаңа үйге кіргендегі қоныс тойы. Өлген адамның жетісі, қырқы және жылын беру, т.т.

Құдайы беру - сыбағаға жатады. Астан берілетін сауапты садақа. Жаратушы иеден тілек тілеп, бар мәзір, жоқ жайды дастарқанға жаю жарасымды.

Құдайыға келген адам үй иесінен жол-жоралғы сұрап, дәметпейді. Келгендерге ырымдап шапан-шақпыт, жыртыс /орамал, байлам/ берем десе, оған жол ашық. Шақырған үйге бірдеңе ұстай келу (шашу әкелу, ақша ұсыну) ежелден бар үрдіс. Әсіресе, бәйбішелер, шешелеріміз шақырған үйге құрқол баруды қолайсыз санаған.

Құдайыға шақырылғандар артық сөзге, ұрыс-керіске, бір-біріне өкпесін білдіруге тиісті емес. «Құдайы асты бидей сөйлеп, құлдай құлдық ұра отырып ішсе» сауабы артады. Дастарқанға жиналғандар ән салып көңіл көтерсе, оның айыпшамы жоқ. Әсіресе, тілек айтып, бата беру үйлесімді.

Бата

Бата - үлкендік жол. Үлкеннен кішіге ықылас. Үлкеннің батасын алу - балаға, жастарға мерей. Бата берудің жолы сан тарам. Ығыты мен қисыны әрқалай. Сойылатын малдың (қонаққа, құдайыға, асқа, соғымға, тойға) аяғы буыларда «Сенде жазық жоқ, менде азық жоқ, бұйыртып жегізе көр» десе жарасымды. «Алланың ырзалығы үшін осы құрбандықты бастың амандығына, малдың түгелдігіне деп шалдық, қабыл ете көр» десе де олқы соқпайды.

Ас қайыру - дастарқанның құрметіне берілетін бата. Тамақ ішіліп болған соң, үй иесі қонақтарға ықылас танытады. Батаның мазмұны бата берушінің ниетіне орайласып, қысқа да нұсқа айтылуы тиісті, Жаттанды, жайдақ бата адамды тартпайды, ығыр қылады. «Асқа адалдық, басқа амандық берсін» деу де үйлесімді. «Бай дәулетін, пайғамбар берекесін берсін» десе де жарастықты. Бата берудің бір қалыпқа түскен нұсқасы жоқ. Әрқалай айтылады. Нағыз жүректен шыққан тілек қарапайым болса да, ойға қонады.

Бата беру - тойбастар емес. Әйтсе де, оның да өзіндік тәртібі бар. Үй иесі кімге ыңғай берсе, сол беруге тиісті батаны. Дуалы ауыз қарияға жол ашық. Ақ шашты әжеге де бата беру жарастықты. Әдетте, үлкендер, бүгінше айтқанда, зияткерлер соңынан ерген шәкіртіне, інісіне, әйтпесе, дарынды жасқа тілегін айтып, жол болсын деп тілек білдіреді. Ұстазы шәкіртіне жақсы сөз айтса да, батаға жатады. Қысқасы, бата -

«жақсы сөз - жарым ырыстың» жоралғысы? Үлкеннің батасын алу, бүгінше айтқанда, марапаттың төресі. Үлкеннен тілек тілеп, жолашар дәмету естілікке жатады. Содан халқымыз «Баталы ұл — арымас, батасыз ұл — жарымас» деп емеуріндейді (Біз «құл» сөзін «ұл» деп бейімдедік, оқырманға түсінікті болсын деп).

Көңілде тиянақ болмайды - өзгермелі. Көңіл бір атым насыбайдан да қалады. Жол-жоралғы, сый-сияпатқа да өкпелеушілер табылады. Тарту-таралғыны қомсынады. Керек десеңіз, батаны да қомсынатындар бар. Қомсынуды ушықтырып, дау-дамайға ұластырып жіберетіндер де бар. Көңіл толмаудан, сыбағаны қомсынудан ел құлағында қалатын өлең-жыр да туындап жатады.

Қаракесек ішінде Кәрсеннің аралбайына жататын Сәрінжіп ақын /кезінде Сәкенмен сөз қағыстырған/ ағайыны Ақбұзау байдың үйіне түстенуге барады. Байдың сараң бәйбішесі ақынның сыбағасын жөндеп бермепті. Соған шамырқанған Сәрінжіп:

Ақбұзау, бұзау емес, торпақ болдың,
Ішінде тамам кәрсен қорқақ болдың.
Асқаның көзін қиып жалғыз жауырын,
Оған да өзің келіп ортақ болдың, —

депті.

Төрге шыққан құдайы мейманға мал сөюға ниет еткенде, отағасы малды бауыздамас бұрын қонақтан бата сұрайды. Қонақ өзіне арнап сойылатын малды көріп тұрып бата береді. Малды келген қонақтан бата сұрамай бауыздап тастау білімсіздік саналған.

Қойын сойып, қолын қусырған отағасы тарапынан да қомсынған сыңай байқалып қалады. Сондайда үй иесі қонағының қырпын бағады. Сый қонақ дәм қайырып, дастарқанға бата жасағанда: «Бар пәле, жоқ жәледен сақтасын!» — деп қысқа ғана қайырыпты. Отағасы: «Осындай да бата бола ма?! — деп қомсыныпты. - Бар пәлесі жөн, жоқ жәлесі несі?!»

Қонақ әлгінің сөзін ұстап қалады. Үйге келіп сүйкенген атты серігіне нұсқап, «көре салшы» депті. Аттың күректісынған, кетік екен.

Ет желініп, қымыз ішілген соң, отағасы ескілікті тәртіппен қонағының нендей бұйымтаймен келгенін сұрапты. Қонақ жайжапсарын түсіндіріп, мана үйге келіп сүйкенген аттың түр-түсін қолмен қойғандай етіп айтып береді. Атты барып көріп, осы деп нұсқайды. Ауыл ағасы шала бүлініп: «Өзімнің төл атым!» — деп жеңістік бермейді. Мейман да сынбай, қиықтана түсіпті. Жоқты

қисындырып, үй иесінің ит жынына тиіп, әлек шығарады. «Осыдан екі жыл бұрын қасқыр қуып келе жатқанда жануар оқыс сүрініп, тасқа жығылып, алдыңғы күрек тісі опырылып кетіп еді» деп төндіреді ғой. Шарасы таусылған ауыл ағасы аттың тісін көріп жіберіп, отыра кетіпті. Қонақ ішерін ішіп, жерін жеп, қымызға әбден қанып алған соң, жоғалтқан атын жетекке алып былай шығыпты да, қайтып келіпті.

«Уа, мырза! Сен ғой, бағана менің берген батамды қомсындың, - депті ширығысты үнмен отағасына қарап. — «Жоқ жәлесі несі» деп күңкілдедің. Жоқ жәле деген осы болады, қисынын келтіріп жәле жауып едім, ақ адал малыңды қолыңнан тартып әкеттім...»

Ықылас-ниеттен, сыйластықтан туындаған тілек-бата жөнімен айтылса, орынды. «Жақсы сөз - жарым ырыс». Жоқтан өзгеге сұғынып, сұраншақтану, тілемсек ниетте тілмәрсу — батаның бағасын түсіреді. Шешендер мен тілмар қариялардың бүгінгі берген батасы ертеңге жарамай, тыңнан туындатады екен. Бұдан дәстүрлі, қалыптасқан, классикалық батаны мансұқтау деген ұғым тумаса керек. Тіршілікте өкпе-араздық, түңіліс-нала болмай қоймайды. Алладан соңғы адамға ең жақыны - әке-шеше. Ата-анасын налытқан, оларды сыйламаған балаға екі дүниеде жақсылық бұйырмайды. Бұл - дәлелденген шындық. «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді». Бүкіл әлемнің қожасы - Жаратқан иені танымай, танау көтеру - надандықтың ең асқынған түрі болса, ботадай үлпілдетіп әлпештеген ата-анаңды өз қолың өз аузыңа жеткен соң, көзге ілмей, қартайғанда оларға қолұшын бермей, бағып-қақпасаң, тасжүрек атанасың. Атаның күшін, ананың сүтін ақтамағандардың тіршілікте жүзі шіркеулі болса, о дүниеде жазасы тіптен ауыр екен. Бұлайша таусыла сөйлеуіміздің мәнісі — теріс батаға байланысты. Әке-шеше бауыр еті — баласына қарғыс айтпаған. Әсіресе, ананың алды кең келеді. Содан да «Атаның қарғысы - оқ, ананың қарғысы - боқ» делінеді. Айғайы ауладан озбайтын шешенің қадіріне кім жеткен?!

Бұрынғы замандарда әке қарғысына ұшыраған қара жүректі елден бездіріп жіберген. Мойнына құрым киіз іліп, жұртқа әйгілеген. Қайырымсыздық былай қалып, әкеден төмен туған ынжық ұлды да халық жаратпаған. «Жетесіз, атадан қор туған ынжық» деп кейіген. Есер, әңгүдік, алаңғасарларды: «Жау танымас жаман неме!» — деп таңбалаған. Ақындар және жырмен түйреген. «Ақымақ бала алдында көрініп жүрген жынмен тең» деп таусыла термелеген. Кейістіктің ең жаманы — «Балаңнан тап!»

Ата-бабаларымыз кең пейіл келген ғой. «Кең болсаң, кем болмайсың» деп өкпе-араздықты жуып-шайған. Кешірімді болғанға не жетсін! Шектен шыққанның жазасы — теріс бата. Теріс батаға тоқтамағандар, оның асқынған түрі - қарғысқа ұшыраған. Қарғысты елемейтіндерге түңілгенде «Құдайдан тап! Аруақ атсын!» деп назаланады.

Теріс бата шарасыздықтан туындаған. «Жаны күйінген тәңірісін қарғардың» кері. Ру мен ұлысқа, керек десеңіз, халыққа таңба болып қалған теріс бата. Ежелгі әдебиет үлгілерінде, шежіре деректерде молынан сақталған. Арғын, оның ішінде Қуандық, одан Алтай, одан Мойын, одан Аманқұл, Рақпанқұл, Сарша, Саңай, Қареке, Мұрат тарайды. Рақпанқұлдан-Әлібек, Қалыбек туады. Әлібектен Аралбай, Сармантай, Ботақан, Барақ, Бекше туады. Қалыбектен - Алтыбай, Атаң, Талас, Қараша тарайды. Қарашадан тоғыз туған. Қараша заманында бай болыпты. Киелі адам екен. Қарашаның үйір бастайтын құтпан айғырын ағайындары Ботақан мен Барақ байға ерегесіп сойып алыпты. Назаланған Қараша бай екеуіне: «Егіз екі болма, екі үйің қатар қонба» деп теріс батасын беріпті дейді. Содан, Мойыннан тарайтын Алтайдың бір бұтағы Ботақан мен Барақтың тұқымы өспей қалыпты. Ақсақалдар күні кешеге дейін айтатын еді осы аңызды. Ондағысы - табалағандық емес, теріс батадан жас ұрпақты сақтандыру.

Тарақты Байғозы батыр /1705-1803 ж.ж/ ұзақ жасаған. Кіндікті. Төрт әйелден туған балаларының бәрінен де ұрпақ бар. Бір әйелінен тарағандар аурушаң келеді, қолы-басы жыбырлап, қалтақтап отырады дейтін үлкендер. Батыр бір әйелінің үйінде қона жатқанда, күндестікке берілген екінші бір әйелі батырдың үстіндегі көрпесін жұлып алыпты. Батыр назаланып: «Тұқымың адам емін таппас ауруға ұшырасын!» - деп әлгі әйеліне кейіпті. Қол-аяғы селкілдейтіндер қызғаншақ әйелінен туған балалары екен. Мұндай мысал айта берсе өте көп.

Ақ қашып, қызыл қуған кеңестік кезеңде кедейден шыққан шолақ белсенділер бай-жуандарға, қожа мен молдаға, текті атаның балаларына айтуға ауыз бармайтын небір қиянатты көрсетіп баққан. Жазықсыз атып, асқан. Сондай қандықол әпербақандардың көбісі өз жазасын тартты. Біразы ұрпақсыз өтті. «Жалғанның қысасы ақыретке кетпейді». Кімде-кім біреуге қылған қиянатын тіршілікте өткереді.

Теріс бата — өшпейтін таңба, баланың баласына кететін жаза. Жас ұрпақ қарғыс емес, алғыс алуға бейім болсын. Қарғыстан сақтансын. Теріс бата - өзің былай қалып, тегіңе таңба. Ұрпағыңа мін, адамшылық дидарыңа жағылған қара күйе.

Үлкендік және басие

Теріс батадан туындап жатыр Үлкені жоқ әулеттің ұйымы болмайды. Ұйымсыз қауымда береке-бірлік аз болады. Әдетте, үлкендер /ақсақал, дуалы ауыз билер мен шешендер/ ерте оянады екен. Қазақ қауымына әу бастан құсұйқылық жарасқан.

Бұрынғының үлкендері ерте тұратын болған. Намазға оянады. Пандат намазын күн шықпай оқуға тиісті. Күн шығарып алса, намаз қаза болады. Ауылдың үлкені ертелетіп қырға шығады. Мал көзейді, дүйімнің амандығын қыр басынан бақылап, көз алдынан өткізеді.

Өріске беттеген малдың бетін біледі, жоғалса, ауа жайылып кетсе, іздеуге оңай. Тұсауын үзіп кеткен атты, шәлкес сәуріктің одағайлығын, суық жүрісті жүргіншінің беталысын бақылайды. Түтіні шықпай жатқан, түндігі ашылмаған шаңырақты барлайды. Тәтті ұйқысын қимаған келіндерін мал саууға тұрғызуды да капердең шығармайды. Науқастың жайын біліп, аузына сусын тосу және міндет үлкенге. Ауылдың тыныштығын алатын суық жүрісті сумақайдың, арам ойлы аусардың жолын бөгейтін тағы сол үлкендер. Бұған қоса, ертелете атқа мініп, өрістегі жылқының, маңайдағы ауыл-аймақтың амандығын біліп, шолғыншылық міндетті атқаратын әдеті және бар. Абай айтқан «қыр басында бай-бай шал» атанып, келін-кепшікке, қатын-балаға мазасыз болатыны осындай себептен. Үлкенге мазасыздық жарасқан. Ата-бабаларымыз жан баққан сал бөксе, үйкүшік картты қатарына қоспаған. Негізі, үлкендік — айрықша қастерлі ұғым. Жас та болса, бас болуға жарап қалған азаматты сыншыл қариялар «Үлкен болыпсың, бағың ашылсын, қарағым!» деп батасын беріп жатады. Ондай есті жасты үлкендік санатқа жатқызған. Халықтың «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» дегендегі меңзеуі осыған қарата айтылған. Қарақан басынан артылмайтын қадірсізді «Не үлкендікке, не кішілікке жоқ» деп шенейді көпшілік. Әулеттің тентегі тәртіпсіздік жасағанда «Бұлардың үлкені қайда?» дейтін сөз бар қазақта. Жастарға ақыл айтып, жөн-жоба көрсету үлкеннің міндеті. Бүгінде ағайын арасының алшақтап, туыс-туғанның бір-біріне суық бауыр танытуы - үлкендіктің әлсіреуінен. Ұқтыра білсе, ұғынбайтын зерде жоқ. Жастарды жаппай кінәлап, түңіле қол сермейтін үлкенсымақтардың өздерінде жан кедейлігі басым. Бұл арада ақыл кедейлігі дегенге келеді. Ақылды айта білудің өзі өнер. Құрғақ ақыл кісіні мезі етеді. Ұстазға тән ұлағат, үлкенге жарасқан кеңдік кемшін аға буында. Жадағай үлкендік, жайдақ кісімшілік - ауыл-ай-

мақ, туыс-туғанға бас иелік етемін деген зиялы аға буынға жарасымсыз.

Үлкендіктен бас ие сезі шығады. Осы күні бас ие ұғымы «үй иесі» деген тар аяда айтылады. Ата-бабаларымыз бас иенің мәніне өзгеше мән берген. Бүтін бір рудың, бір әулеттің үлкенін шаңырақтың батагөйін, ел назарындағы жақсысын - бас ие деп білген. Ру-ұлыстың шежіресін жинап хатқа түсіру, жадында сақтау, туыс-туғанның тегін анықтап, жақсысы мен жаманын көңілінен өткізіп басалқылық көрсету, той-томалақтарына қатысып, жол көрсету, өлім-жітімде өлік жөнелтудің кәде-жоралғысын бұлжытпай сақтау, ата-баба аруағын қастерлеуді, ұлттық үрдісті, оның асыл өзегі болып табылатын дәстүр-салтын бұлжытпай сақтау- Басиенің міндеті. Табиғат апаты, ашаршылық, үргін-сүргін, замана қыспағы үдегенде «өле жегенше бөле жеңі» айтып, дәнекерлік көрсететін әулеттің басиелері. Содан да басиенің беделі артып, жақсылар санатына қосылған. Ақылман атанған. Жаны тәтті жамандар қысталанда өз басын амандаудан аса алмаған. Бүгінгі өтпелі кезеңде жаңа экономикалық күнкеріс қалпына түскен жаппай дүние қуған жанталаста, бас қамынан да ұлт қамы алаңдатады есті жандарды. Кеңес одағы кезеңінде әр ата руласып колхоз, кеңшарларға тоқайласты. Капиталистік жүйенің экономикалық саясаты ауылдарды күйретті. Адамдар /қазақтар/ бас амандап, күнкеріс қамымен жан-жаққа шашылып кетті. Бұл ыдырау ағайынгершілікке нұқсан келтірді. Базарлық қатынас, саудамен айналысып, өз күніңді өзің көрдің талабы жат тұрмақ жақыныңды да керек етпейтін жатбауырлыққа бейімдейді күнкөріс қамындағы күйбең пендені.

Нақ осы кезеңде ағайын-туысқа жол көрсететін, бастарын біріктіретін бас ие керек. Қор құру керек пе, ұйым құру керек пе, әулеттің үлкенінің қабілеті осындайда көрінеді. Біз бұл арада рулықты қоздыратын, үй ішінен үй тігуді айтып отырған жоқпыз. Қысылтаяңда ағайынға қолұшын беретін, торқалы той, топырақты өлімде моральдық һәм қаржы жағынан жәрдем көрсететін басалқылықты көздеп отырмыз.

«Адамның кішісі болғанша, иттің күшігі бол». Өзімсінуден айтылатын сөз. Үлкендік — мәртебе, табиғат сыйы. Алланың алқауымен бойға қонатын қасиет. Жинақтағанда - кісілік. Кішілік үлкендікке тең ұғым. Үлкенді жан тартып, сыйлайтын - кіші. Сонымен, кішілік жалпы ұғымға жатқанымен, мән-мағынасы ішті ұғым. «Жақсы атаның баласы он үшінде баспын дер, ақылы шолақ езбалдақ отызында жаспын дер». Саналы жас ертерек есеюге тырысады. Үлкенге жанаса жүреді. Бойына кісілік ертерек қонған жасты үлкендер жан тартып: «Жақсының көзі, асылдың қиқымы, текті атаның баласы», - деп көтермелейді.

Кіші кісімшіл болудан сақтансын. Жас адамның бойында әдептілік, биязылық қасиеттер болса, үлкендер ондай кішіге «болайын деп тұрған бала екен» дегенді іркіліссіз айтады.

Арғын ішінде Қуандық, одан Алтай, одан Бекше, Байдалы бидің балалары момындау болып өссе керек. Сонысын мін көрген дуалы ауыз бір қария «Байдалыдан сендей де бала туады екен-ау» деп қорашсыныпты. Бидің баласы тұрып: «Түзге шығып сыналмаған, базарға барып пұл алмаған баласы едім», - деп сөз тауып кетіпті. Ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесін әрдайым назарда ұстап, жол көрсетуден еш жалықпаған. Үлкендік пен кішіліктің бастау кезі - Тектілік. «Қасқа айғырдың баласы қасқа тумаса да, төбел туады» деген аңғарымда «атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деген тілектестік бар.

Тектілікті ғылыми тұрғыдан талдауды мақсат етпейміз. Халықтың тек-тамырынан (генетикадан) түсінігі бар адам бұл жайды айтпай-ақ пайымдайды. Қан тазалығы ұлттың айрықша артықшылығы. Бабалар қасиеті қан арқылы ұрпаққа ауысады. Соған қоса ұлыс аясында ұлттық шеңберде, рулық қауымдастықта, ата-баба дәстүріне негізделген қатаң тәрбие қалыбында жас ұрпақ санасы шыңдалады. Көрші елдерден ауысқан адамшылық үлгісі де демесін ұрпаққа. Ата-анадан, үлкендерден, ұстаздан, жақсылардан жұққан қасиет және байытады жан дүниені. Ел аралап, жер көруден ғылымға бойлап, даналық мектебінен дәріс алудан да молығады. Осындай сан салалы тәрбиеден санаға сіңген тәлім-тектілікті шыңдап, шымырландырады. Алайда, соншалықты білімдар оқымысты болғанымен, кісілігін кісімшілігі жеңіп кете беретін үлкенді тыңдамайтын, досқа опасыз ағайынға жанасымы жоқ суық бауыр, қарақан басынан артылмайтын қарауды, қара ниет қайырымсызды он жерден тыраштанып кеуделегенімен, халық ондай меншенді жек көреді. «Тексіз, тегіне кісілік бітпеген қысқа бақай тыраш» деп кекейді.

Тектілік екінің бірінің бойынан табыла бермейтін киелі қасиет. Халық аузына ілігіп, үлкендерден бата алған бірегей азаматты «Болайын деп тұрған сабаз екен, тегінде бар еді кісілік» деп жұрт жаппай қолдап кетеді. Бұған қарап сонда өзгеміз келең тексіз болғанымыз ба деген пендешілікке баруымыз орынсыз. Тектіні текті, жақсыны жақсы демесек, онда жаппай жадағайлыққа дес береміз. Халық жадағайлықты жаратпаған. Жадағай жарамсақтар не болса соған бас шұлғып, жақсы мен жаманды ажырата білмейтін иіс алмас болып кетуі

кәдік. Ондайдар әліне карамай сынампаз келеді. Біржақты сыншылдық көреалмастыққа ұласып, ұлттық мінезімізге сіңісті болып кетуі мүмкін. «Жақсы аттан жығылса, жаман табашы» деп ондайларды халық қатты тұқыртады. Тектіні, кісілікті азаматты көтермелеу ұлттық қасиетімізде бар үрдіс. Оның үлгісі қазақтың қара өлеңінде жетерлік.

Сауысқан шықылықтап бұлбұл болмас,
Жабыны жемдегенмен дүлдүл болмас.
Жаманмен мың күн бірге жүргеніңше
Жақсымен болған жақсы бір күн жолдас...

Тектілік әркімде бар. Алайда сол озғын қасиетті бойымызға қондырып, санамызға сіндіре аламыз ба?! Нағыз тектілік - ұлтжандылық. Мейлі, сен бай болмай-ақ қой. Дүйімді аузыңа қаратқан тілмар да болма. Әкім де, ғалым да емес шығарсың. Бірақ, қаныңды сатпа. Оның мәнісі неде?! Қанда бар қасиеттерді, ұлттық байлығың - діниді, тіліңді, салтыңды көздің қарашығындай сақта. Сол жолда (жақсы мағынасында) майданға шық. Ұлтымызда бар қасиет өз бойымызда сақталса, онда біздің текті болғанымыз. Тегінен ажыраған ұрпақ мәңгүрттің нақ өзі.

Тектілік пен кісілік бір-біріне жақын ұғым. Бажайлағанда мағынасы екі басқа. Тегінде бірдеңе болғанымен, бойына кісілік қонбағанды халық тәуірге жатқыза қоймайды. Ондайды дүбәра, тыраш атандырады. «Кісі болар баланың әр талаппен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар» демей ме үлкендер. Тектілік қанда сақталса, кісілік өсер жастың бойына жүре келе, өмір сүруден жинақталатын қасиет. Кісілікке бір сөзбен анықтама беру ұшқарылыққа жатады. Аңғарымды, салмақты, кісі танығыш, ойлы, көтерімді, білімді азаматты үлкендер жыға танып: «Кісім-ақ!» — деп мағұрланады. Қанаттанып келе жатқан жасты «Өзі кісі болып қалыпты-ау!» дейтіні бар сыншыл қариялардың. Бойына кісілік қонбағанды «кісімшіл» деп жатады үлкендер жағы. Кісімшілдік өзін дәрежелеуден артылмайды. Кекір, кердең келеді. Бойында жылуары жоқ, суықбауыр келеді. Қысқасы, кісімшілдік, не өзіне жоқ, не өзгеге жоқ жұғымсыздыққа жатады. Ондайларды «көкірек» деп таңбалайды сыншыл көздер.

Кісілікті жас үлкенге жанасымды, көпшілікке үйір келеді. Кеңқолтық және өзі. Жанның бәрін жан тартады. Кішіпейіл, аңқылдақ, ақжарқын мінезімен жатты да жатсынбай, өзіне дос қылып алады. «Жақсыда жаттық жоқ» деген нақылды халық осындай жұғымды кісілікті ерлерге қарата айтқан.

Бойына кісілік қонған, парасатты һәм пайымды, тектілігін ақылмен ұштастырған туар айдай сүйкімді, шығар күндей нұрлы, жан-жағына шуақ себелеп жүретін, жүрегі жұмсақ, кеңпейіл жанды халық көтермелеп «жақсы адам» деп ауыз толтыра айтады.

Жақсының қасиеті өлшеусіз. Оған халықтың берген бағасы дәлел. «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат», «Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа», «Жақсының жүрген жері думан, жаманның жүрген жері лаң», «Жақсы жайсаң келеді, жаман сайтан келеді»...

Қай дәуірде болмасын, елдігімізге ұйытқы, ұрпаққа бас ие, жол көрсететін көсемдер жақсылардан шыққан. Жақсының жүрген жүрісі, сөйлеген сөзі де кішіге үлгі, ұрпаққа тәлім. «Жақсы адам сөйлесе, аузынан гүл төгіледі, жаман адам сөйлесе, аузынан жын төгіледі».

Әйел ұл тапса, «жаман немені туды» деп жатады үлкендер. Бұл арада «жаман» ұғымы тіл өтпесін, сұқ өтпесін дегендіктен айтылған. Кішіні кейде үлкендер «өй, жаман ит » деп іш тартады. Қомсынғандық емес, өзімсінгендік. «Сүйгенім, шұнағым!» деудің кері. Халықта нағыз жақсы мен жаманды: «Хас жақсы, хас надан» деп те бөледі. «Жаманға бір сөз айтсаң, қорс етеді, балқыған қорғасындай қайран жақсы...» дегендегі өлең ұйқасы жақсының бағасы өлшеусіз екенін айқындап тұр. Халық жаманды тұқыртудан әсте тартынбайды. Сонда бұл жаманның жазығы не? Жазықты болған соң ғой, әйтпесе, неге шүйілігеді? «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деп және нұсқайды. Жаманды адам катарынан шығар дегендік емес, мінін түзесін деген ұзын ойдан туындаған сыншылдық.

«Адамның жаманы жоқ» деген ұғым бар халықта. Есі бар азамат жамандықтан іргесін бөліп, өзін жөнге салып, сыннан қорытынды шығарғанда «Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» деп кеңшілік танытпай ма халық.

Есте жоқ ерте заманда Жақсы есімді адам ат басын тіремей ме бір ауылға. Жұпыны киінген әлгі қонақ көзге қораш көрінеді.Сөзге жоқ үндеместің өзі болып шығады.. Жақсыдан ғибрат алып, ақыл-кеңесіне қарық боламыз деген үлкен-кіші әлгіден сөзге жарымай, бір-бірін сұраулы көзбен бағады. Жақсы ныспылы қонақ ішіп-жеуден басқада жұмысы болмай және түңілдіреді жиналған қауымды. Шыдамсыз біреу: «Сені сыртыңнан хош көріп дабырайтушы едік, үндемеуге серттесіп пе едің, аузынды ашпайтының қалай?» — депті. Қонақ сонда да

тіс жармапты. Үй иелері күңкілдей берген соң: «Басқа пәле - тілден», - деп немкеттілеу айта салыпты. «Ақылды екен десек, нағыз жаман адам болып шықтың-ау, - депті ауылдың білгіштері. - Ең құрығанда, қонақ кәденің жолынан жығылмасаңшы. Айтпасаң, арқалыққа асып қоямыз. Қамшыңды олжалап, шапаныңды алып қаламыз».

Қонақтан жөні түзу сөз шыға қоймайды. Есерлеу біреу: «Шошалаға апарып қамап тастаңдар, үндемегенді көрсетейік бұған», - деп қара буралайды. Жел ауыздау ауыл ақсақалының бірі: «Жаман иттің атын бөрібасар қояды деп, жақсыдан садаға кеткірдің әжептәуір есімді қор қылуын-ай!» - депті. Мыналардың бәтуасыз сөзінен мезі болған Жақсы есімді қонақ ұстамдылығынан таңбай: «Үндемеген үйдей пәледен құтылады», - депті жайымен ғана.

Келесі күні сол ауылға тағы бір жолаушы ат басын тірейді. Есімі Жаман екен оның. Киімі жөндемді, өзі де әндемді, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген ол үлкен-кішіні аузына қарата, әңгімеге қарық қылады. Кешегі үндемес қонақтан сөзге жарымағандар сөзуар мейманға ынта қояды. Қотан шетіндегі күзетші, жылқы күзетіндегі жастарға дейін тілмар қонақ отырған үйдің жабығынан сығалап, әлгінің әңгімесіне құлақ тосады. Жерошақ басында ас қамдаған әйелдерге шейін іштегі әңгімеге елігеді. Әңгіменің соңы берекесіздікке ұласады. Қазандағы етті ит жеп кетеді, қотандағы қойға қасқыр шабады. Жылқыға ұры тиеді. Жаман есімді қонақ жылыстап кетеді де, келесі ауылға барып қонады. Тағы да тілмарлыққа басып, құрғақ сөзді суша сапырады. Көрші ауылдан көргенін көйітеді. Қатындары салақ екен, отағасы олақ екен деп өсектің отын үрлей түседі. Қазандарына арам ас салатын көрінеді деп және үстемелейді. Шетінен ұры екен өздері деп те асқындырады сөзін. Сөйтіп, іргелес ауылдарды бір-бірімен араздастырып, жауластыруға дейін барады. Аты шығып қалған Жаманды дүрелейді. Аузын шоқпен қариды. Ел сөзін ұстанған қариялар бас шайқасып: «Аяғы жаман төрді былғайды, аузы жаман елді былғайды, арты жаман көлді былғайды» депті бірауыздан.

Жамандықты ешкім ақшаға сатып алмайды. Жақсылықты да еншілеп, басы бүтін меншіктемейді. Істеген ісің, жүрген жүрісің, сөйлеген сөзің, тіршілікте жасаған іс-әрекетің, адамшылығың - бәрі-бәрі ойыңды өсіріп, кісілік қасиетіңді арттырады. Көбінесе керісінше болып шығады. Кінәлі өзіңсің. «Жақсы ат жүрісінен пұл болады, жаман жүрісінен құл болады»...

Жігіт

Жасөспірімді қолпаштаған үлкендер «Жігіт болып қалыпты» деп ауыз толтырып айтатыны бар. Ертерек есейіп, есті азамат болып өссін деген тілеулестігі. Жігітке байланысты ойымызды бекіткенде мына бір ескілікті әңгіме сұранады. Көршілес өзбек пен қазақ арасында үлкен той өткен екен дейді. Өзбектің атақты байы елден асырып той жасамақшы болады. Қазақ бауырлар қапы қалмасын депті сауын айтқанда. Қазақтар да қапы қалмауға қамданады. Қазақ мырзасы күреске түсетін жігіт іздейді. Біреудің есігінде жүрген жалшыға көзі түсіп, «Қандай қабілетің бар?» деп сұрайды. «Түпу» деп түкіргенде, лебінен есік ашылып кетеді екен. Сыққанда, тобылғыдан май шығарған. «Жарайсың!» депті мырза. Қазақ байы елде жоқ мисыз жүйрік ат іздеп және сарсылады. Қой соңында итиген бір атқа тоқтап, сыншыға сынатады. Атбегі қой торыны байға бұйырып беріпті.

Қазақ байы үлкен дайындықпен тойға барады. Сойысқа мал, оған қоса еміздікті қара саба апарады. Он екі қанат ақшаңқанның бес-алтауын тіктіріп тастайды. Тойшыларды ақ май, қызыл етке бөктіріп, ауыздарынан ағызады. Сабадағы қымызды жабыла ішсе де, таусылмайды.

Той жасаған өзбек байы қазақ мырзасының дарақылығына тұшына қоймапты. Тіктірген шатырын, мейіз қосып пісірген палауын, жеміс-жидегін алдыға тосып, «ішіп жеңдер» деп мардымсыпты. Қазақ байын әжуалап: «Ә, бұл қазақ-қардаштар сөздің өзін екіұшты айтады», - деп тойшыларға қарата сөйлейді ғой. - «Үй» дейді де, «мүй» дейді. «Жігіт» дейді де, артынша құбылтып «мігіт» дейді. «Ат» дейді де, «мат» дейді. «Ет» дейді де, «мет» дейді. Осындай да сөз бола ма?

Қазақ байы бірден дауласа кетпейді. Ішін алдырмай, әліптің артын бағады. Бәйгеде қазақ мырзасы қосқан қой торы қарақшыға қара үздіріп, жеке-дара келеді. Күресте қазақ балуаны белдескенді тымақша атады.Қазақ байының мерейі өседі. Той тарқарда өзбек байынан рұқсат сұрайды. «Сый-сияпатыңа Алла разы болсын!» деп айта келіп, өзбек мырзасына базына білдіріпті: «Уа, мырза, тіл буынсыз ғой, - деп алыстан орағыта сөйлеп, датын айта бастапты. - «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» деген бар емес пе. Біз рас, «ет» дейміз, жал-жая, қазы-қартаны айтамыз. «Мет» сіздің су татыған палауыңыз. «Үй» дегеніміз- біздің мына асқа тіккен жұмыртқадай ақшаңқандар. «Мүй» деген - сіздер тұрғызған жаппалар. Нағыз ат - мына біздің мисыз жүйрік қой торы. Үш жүз сәйгүліктен суырылып шығып, қарақшыға жеке келген. «Матымыз» —

сендердің шаң қауып қалған мәстектерің. Рас, «жігіт» дейміз, «мігіт» деп те айтамыз. Жігіт нағыз біздің түйе балуан. «Мігіт» өздеріңді жерге қаратқан босбелбеу өлі сүйектерің...»

Сөзден жеңілген өзбек мырзасы қазақ-қардаштарға үстеме сый беріп, аттандырған екен дейді.

Нағыз жігіт бірсөзді келеді, опалы мәрт келеді. «Жігітке жеті өнер де аздық» етеді, «сегіз қырлы, бір сырлы» болған жарасады. Жігітті ел мақтаса, қыз жақтайды. Махаббат пен достықта сергектігімен көзге түседі. Сесті келеді. Қысылғанда қолұшын беруге бейім тұрады. Сеніскен досына астындағы атын түсіп беретін мәрттікке және бар. Екі сөйлеу - жігітке мін. Тұрлаулы да табанды. Сүйгеніне сүйкімді, жолдасқа опалы.

Халқымыз өжет те бетті, қайсар да алымды азаматты жігіттің көкжалы деп айрықша көтермелейді. Тектілік те, кісілік те, ақыл-қайрат та, парасат-пайым да бір өзінен табылатын, өнерде озғын азаматты «жігіттің сұлтаны» демей ме. Мұндай сынға толмағанды езбалдақ, сүңей, ынжық, бозөкпе, бозым деген жарамсыз сөздермен шенеген.

Ғұмыр-тіршілік бір қалыпта тұрмайды. Басынан бағы тайған ерлерді:

Қара бұлт түнереді жауарында,
Боз иңген боздайды екен сауарында.
Жігіттің иті қырын жүгіреді
Басынан бақ-дәулеті ауарында... —

деп аяушылық танытады тілектестер.

Белдескенді атып ұрған, бетіне жан баласын қаратпаған, сұлуда кегі кетпеген, жақсы ат тақымынан, жақсылар қасынан кетпеген жігіттің иті қырын жүгіре бастағанда, жалған дос есепқой жолдассымақ сырт бергенде, өнерге тіл бітеді. Кәдімгі сөз өнеріне.

Жібекті түте алмаған жүн етеді,
Әйелді күте алмаған күң етеді.
Жаманға жазатайым ісің түссе
Бәлденіп, жігеріңді құм етеді...

Жігіт — бірегей келеді. Кішілер соларға қарап бой түзейді. Ойын байытады. Нағыз жігіттің киген киімі, сөйлеген сөзі, жасқа жанасымы, үлкенге ілтипаты, жүріс-тұрысы, өнердегі алымдылығы, біліктілігі мен мінез байлығы — бәрі-бәрі соңынан ерген інілеріне үлгі. Жақсы ағаға еліктеп өседі талапкер бала. Ал сыншыл қарттар, үлкендер жағы тартымдылығымен көз сүйсіндірген, көңіл тоғайтқан азаматты «Жігітім-ақ екен!» деп көтермелейді.

Жігіт жеке басының қасиетімен дараланып, қатарынан озғындап алған соң, ел-жұртына таныла бастайды. Жігіт үйқұшік болмайды, ат үстінде жүреді. Сырт дұшпаннан елін қорғап, үлкен-кішіге қамқор болу - жігітке тиемел. Астындағы атын /бүгінше мәшинесін/, киген киімін, қолындағы қамшысын қызықтап, қыз-қырқыннан артылмайтын қызылшыл жігітті сідікмасы, аусар деп кекейді сыншыл қауым. Өмір - майдан. Майданға түспей әйеншексіп сыртта жүретін, бас қамынан артылмайтындарды халық жігерсіз деп кекейді. «Жайшылықта бәрі ат, жан қысылғанда арда қызыл ат». Жігіттің де арда қызылы болады. Елім деген азамат еленбей қалмайды. Халық - сыншы. Жастық-мастықтың әуенінде бұлғақтаған бозбаланы кешіре де біледі. Елім деген ерлер шыға бастайды жігіттерден дараланып.

Ер тәуекелшіл келеді. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген қағиданы ұстанады. Ақындар ондай от кеуде азаматтарды жырға қосады. «Елім» деп талай боздақ еңіреген, сыя алмай арманда өткен жеріне кең...» деп еске алады. Нағыз ер жеке бастың қамынан да, халықтың қамын ойлайды. Атамекеннің тыныштығын, елдің амандығын тілейді. Сол жолда жанын пида қылады. «Ер бір-ақ өледі, ез күнде өледі» дейтіні сондықтан. Ұлттың тұтастығын, діннің бекемдігін, тіліміздің тазалығын [көзінің қарашығындай қорғаштайтын да ерлер.

Дұшпан көзі ғып атқа мініп, жауқайдалағанмен, жеме-жемге келгенде жалтарып кететіндерді «ез» дейді сыншыл халық. Ездің мақсаты ерлік көрсету емес, жұрт көзіне түсіп жақсы атты атану. Жалған патриоттар, отаншылдар, демократтар /әрине, бәрі бірдей емес/ көз алдайтындар. Бас қамын ойлаған мансапқор, дүниеқоңыздар ер болып жарытпайды.

Ер — намыстың құлы. «Ерді намыс өлтірер, қоянды қамыс өлтірер» деген бар. Ерге айтылған нағыз баға осы.

Намыс

Ерлік те, жігіттік те, түптеп келгенде, намыстан күш алады. Қайсарлықты кездік десек, соны лыпытып өткірлейтін қайрақ /шарық/ — намыс. Не болса соған намыстанып, шала бүліну шынайы намысқа жатпайды. Нағыз ер кең келеді. Болмашыға болдырмайды. Айқасатын дұшпаны, ұстасатын қарсыласы өзімен дәрежелес келсе ғана білек сыбанады. Намысты қолдан беру - жігітке мін. Ерге мүлде лайық емес. Елім деген ерлер, қайсар жігіттер бірінші кезекте ұлт намысына шабады. Жеке басының қамына шала бүлініп, топ жиғанды ар көреді. Ауыл

арасының ұсақ-түйек ұрыс-керіс, дау-дамайына араласа берсе, ерде не қасиет қалады? Онда ол бірегей тұлға атанудан қалады, жікшіл болып шығады. Ұсақталып кетеді.

Нақ сол ұсақсыған ерсымақтар бүгінде тамыр-таныстыққа, жең ұшынан жалғасқан сыбайластыққа үйір болып барады. Содан да адам адам ретінде өзінің қасиетінен шарай көзге айырылып, доллардың көлеңкесінде қалып жатыр. Мұны қоздыратындар ашкөз, тойымсыздар. Бүтін адами қасиетті долларға айналдырып алып, қызыл аяқ ақ күмістің, байлықтың буына мас болғанды ерім деуге ауыз бара ма?! Жеке адам былай тұрыпты, осы күні дүниеге құныққандар ұлтының қасиеті - тілі мен дінін, ата-баба салтын саудалауға бар. Нағыз арлы жанның шырқырап, майданға түсетіні осы тұс.

Тіл мен діннің, ата қонысымыздың, салт-дәстүріміздің ұлы қорғаны, сайыпқыраны елім деген Ерлер емес пе! Сол елім деген ерлердің жігерін жанып, қайсарлығын шыңдайтын, ар-ұятын дамыл-дамыл сілкілеп, қалғыған сананы сергітетін, қаныңды жүйткітіп, қайсарлығыңды өткірлейтін бірегей қасиет - Намыс!

Намыстан қол үзген жерде жігіттік пен ерлік жайына қалады.Намыс та қалғиды, бейжайлыққа бой алдырады. Қазақта «еті өліп кеткен» деген сөз бар, сол намысқа қарата айтылған. Өліп кеткен намысты тірілтіп, серпілтетін дауыс керек. Ол дауыс өнердің үні. Дауылды күйлер мен әсерлі әндер, жүрегіңе жетіп, сүйегіңе шабатын жырлар. Оған қоса ақындардың өршіл өлеңдері «елім» деген азаматтың сұсты қабағы, от шашқан көзі. Намысқа шабатын от жүректі батырлар, бәрі-бәрі намыстың жаужүрек сардарлары.

Ерте замандарда тақ пен баққа құныққан озбыр патша теліміндегі бағыныштыны еліне қисынсыз талап қойыпты. «Намыс дегенді ұмытасыңдар, түге!» Кімде-кім намысқа тырысса, табанда жазаланған. Халық дағдарады. Намыссыздық — қорлықтың үлкені. Намысты қолдан бермейміз дегендер дарға асылады. Бара-бара жігіттерің еті өліп, жүнжи бастайды. Намыссыздық бірінші кезекте жүректегі жігерді, қайратты өшіреді. Бірте-бірте ардан безділіп, барша қауымды миғұлаға айналдырып жібереді.

Күндердің күніңде ел жақсылары бас қосып, құпия кеңес құрады. Аяққа тапталған намысты қайтсек тірілтеміз деп. Намысты тірілтудің әдісі біреу, ол - бірлесу. Осыған тоқтайды да, ара-дара жұрт біріге бастайды. Үлкенге кіші тоқтайды, әкенің тілін бала алатын болады. Іні ағасын тыңдайды. Сыйластық дендеп, жүрек жұмсарады. Жұмсарған жүрекке намыс ұялай бастайды. Бірауыздылық өліп кеткен намысты тірілтуге себепкер болады. Қой аузынан шөп алмас бозымдардың да санасына жете бастайды намыстың ұлы қуаты. Ширап, шымырланған азаматтар бірінші кезекте дұшпанына айбар көрсетеді. Жауға қарсы шабатын дәрежеге жетеді.

Бұл мысалдан ұғынатын тәлім біреу - бірлік болмаса, намыс та қожырайды. Қазақта «Өзім араз болсам да, намысым араз емес» деген аталы сөз бар. Осыншама ұлан-байтақ жерді ата-бабаларымыз қалайша қорғаған?! Ненің қуаты оларға дем берген? Қалғымайтын сергек намыстың арқасы ғой. Өзі араз болса да, намысы араз болмаған. Жеме-жемге келгенде бірігіп кеткен. Осы бір ұлттық қасиетті келер ұрпақ қаперде ұстасын. Ендігі жерде жау бізге көріне шаппайды. Жымысқыланып, алдайды, арбайды. Жастарды ата-бабамыз ұстанған ислам дінінен, ұлттық қасиетінен, өнерінен, әдебиетінен айыруға күш салады. Ұлттық намысты жоғалтып алған соң, нағыз дүбәра /космополит/ болып шығасың. Дүбәра - өзіндегіні мансұқтап, сырт елдің өнеріне, әдет-ғұрпына көзсіз табынып, қазақ екенін ұмытады. Осыдан келіп «қазақы намыс» деген ұғым туады. Оның мәнісі қазақ екеніңді мақтан тұту, ұлтының барша қазақи қасиетін бойыңа сіңіріп алу.

Қысқасы, жатқа жақыныңды қорлатпа, қазақтық қасиетіңнен көз жазып қалма, намысты ту етіп көтер, қазақ екенінді әркез есіңе алып жүр. Сонда сенің намысың қалғымайды, сергек жүресің. Сергек, сесті азамат ұлттық қасиетінен айырылмайды. Өзінің Алаш азаматы қазақ екенін мақтан көреді.

Батыры көп халық - намысты халық. Ондай елдің ұлдары елжірек келеді, қыздарының қабағы ашық, жанары таза келеді.Балаға үлкендер бата бергенде «Таудай жігіт бол!» деп жатады. Ондағысы - өскенде еліңе таудай қорған бол дегені. Батырлық тұқым қуалай ма? Көбінесе тәрбиеден қонады бойға. Қаннан да ауысады. Бұрынғылар «батыр ауылының балалары» деп жақсы атаның ұланын төрге шығарған. Бүгінше айтқанда, жастарды. Неге төрге шығарады? Елін сүюге баулудың амалы, отаншыл болсын дегені. Бабаларындай батыр болсын деп дәмеленгені емес пе. «Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дейді, өспес елдің баласы бірін-бірі қатын дейді» деген аңғартуда көп мағына бар. Батырлықты дәріптеу әдебиетте молынан, мақал-мәтел де жетерлік. Жырлар, дастандар, аңыз әңгімелер, ертегілер қаншама.

Батыр ел қорғаны, көбінесе, ат үстінде жүреді. Бейбіт өмірде де батыр керек. Еңбектегі ерендігі, өнердегі озғындығы, ғылымдағы даралығы, қоғамдағы қайраткерлігі халқына жұғысты болып жатса, неге батыр демеске?! Әсіресе, еңбектегі жанқиярлық жас ұрпаққа үлгі.

Қазақ халқының ең батыры көп ел екеніне жеріміздің кеңдігі

дәлел. Бүгінгі ұрпақтың бойында батырлық кемшін бе? Халық - ұлы ана. Оның кең құрсағынан кілең ынжықтар шығып жатыр десек, құдайға күпір боламыз. Тәуелсіздік алып, жаңа заманға бет бұрған бүгінгі таңда халықшыл өрендерді көтермелеп, жігеріне жігер қосу - баршамыздың міндетіміз. «Е, оны қойшы» деп қол сілтеу, жаппай жайдақсуға соқтыруы мүмкін. «Біз ержүрек батыр халықпыз, бізден батырлар көп шыққан. Сендер де өскенде батыр атанасыңдар» деп, жас өскіннің құлағына құя бергеннен ұтпасақ, ұтылмаймыз. «Жақсы сөз — жарым ырыс». Тілегіміз түзу болуы керек. Шынайы тілек халықты бірлікке бастайтын жақсы қасиет. «Шын жыласа, соқыр көзден жас шығады». Нағыз адал тілек жасты тіл-көзден қағады.

Тілек

Халқымыз — жер жады, содан да батыры көп. Қазақтар кілең ақынжанды, содан да ақыны көп. Батыр көптік етпейді. Алайда, қаптаған ақын не бітіреді деуі мүмкін бір білгіштің. Айтып та жүр, айтыла да бермек. Түрікменнің ұлы шайыры Мақтымқұлы: «Елге нәубет төнер болса, жәдігой мен тыңшы келер. Елге дәулет қонар болса, ақын менен жыршы келер», — деп тоқетерін бір-ақ айтқан. Қазақ елі басынан қайғы-қасіретті көп өткерген. Қазақтың соңғы ханы Кенесарының басы сырт дұшпанның қанжығасында кетті. Жігіт сұлтаны Наурызбай көрші елдің үй тентегінің қолынан өлді. Біртуар Мәдидің түбіне жеткен кім? Алып күш иесі, асқан өнерпаз Балуан Шолақты жайратқан жауызды түстей алдық па? Адамзаттың сұлуы - қазақтың сұңқар ақыны Сәкенді оққа байлаған кімдер? Есіл Мағжанды атқандар опа тапты ма?

Қазақтың маңдайына біткен марғасқаларының дені сырт дұшпанның сұғынан жайраған. Бұрынғы үлкендер «жақсымыз атқа мінер-мінбестен жалп етеді» деп күңіреніп отырғанын өз құлағымызбен естідік. Ақындық пен батырлықты айта түскенде, тілек сөзін қыстыруда еш оғаштық жоқ. Тілеуіміз дұрысталмай ісіміз оңалмайды. Бүгінде «тілек» тым жеңіл ұғымға айналып барады. Отбасылық, дастарқанға арналған тоқтық ишарасы есепті. Халық тілеулестікке, тілек тілеуге жеңіл қарамаған. Ұзын жолға ниет еткен, ұзақ сапарға қамданған азаматтың қоржынына анасы ырымдап «тілеу азық» салған. Ауылдың батағөй қариясы: «Сапарың оң болсын, жолдасың қыдыр болсын» деп тілек айтқан. Есті әйелдер күйеуі алыс жолға сапарлап кеткенде, үстіндегі киімін шешпей ұйықтаған. Балалар күн сайын қырға шығып жол қараған. Әжесінен үйренген өлеңін қайталаған:

Қараймын қарайғанға қабан ба деп,
Атымды қамшылаймын шабан ба деп.
Сұраймын өткеннен де, келгеннен де,
Жан әкем сапардағы аман ба деп...

Баласы майданға кеткенде, әкесі мойнына бұршақ салып, Аллаға жалбарынған. Боздағымды аман қыла гөр деп тілеген. Анасы беліне буынған белбеуді шешпеген. Баласы қиын сапардан аман-есен оралғанда, ырымдап жастарға бәсірелеген. Адам былай тұрыпты, ұзын жолға аттанған басиені асыраған иті де іздеген. Ұлып, тынышсызданған тазыға тамақ құйып алдандырған. Байлаудағы қыран да иесін жоқтап, шаңқылдаған. «Елім» деген батырдың жақсы аты басқаның тақымында кеткенде, есті жануар иесін жоқтап ішін тартады екен, адамша күрсінеді екен дегенді үлкендерден сан естідік.

Тілек, көбінесе, үнсіз айтылады. Ішінде жүреді адамның. Қарабайыр сөзбен көмкеріледі. Ұйқасты өлеңмен өріледі. Бұқар жыраудың классикалық толғауы тілек-жырдың озық үлгісі:

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Сұрқия пасық залымның
Тіліне еріп, азбасқа.
... Жетінші тілек тілеңіз,
Төреңіз тақтан таймасқа.
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.
... Оныншы тілек тілеңіз,
Анаң бір аңырап қалмасқа.
Он бірінші тілек тілеңіз,
Назыменен күлдірген,
Құлқыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа.

Ақындар, шешендер, дуалы ауыз үлкендер тілекке салмақ түсіре білген. Сөзі майда, жаны таза адамды «тілеуі түзу» деп жатады. Үнемі өзі ғана жақсыатты көрініп, күншілдік пен көреалмастық сырқатына шалдыққан, жаманат хабарды сүйіншілеп жүретін жаужеттіні «Тілеуі жаман оның!» деп қара халық түңіліспен бет бұрған.

Тілекті әр жан иесі өзі тілеп, алдымен өз көңілін түзулеуге тиісті. Өзгеге айтқызған тілек — құр көз алдау. Жүректен шықпаған тілек жүрекке жетпекші емес. Тілеуің түзелмей, жүрек түзелмейді. Бес уақытылы намаз оқыған адам әр намаздың со-

ында Жаратқанға жалдбарынып, тілек тілейді. Намаздың керектігі осыдан.

«Ей, Алла, жан қылып жаратқаныңа, қара жер бастырып жүргізгеніңе шүкіршілік! Жаратушы жалғыз Алла, ниетімді қабыл ет, не тілесем әзір ете гөр. Ұлдарымды ұлықты ете гөр, қыздарымды қылықты ете гөр. Мінгішімді желісті ет, жайлауымды өрісті ет, егісімді өнікті ет. Жаратушы ие, отбасымды, ошақ қасымды аман қыла гөр. Ел-жұртымды аман қыла гөр. Мұсылман баласын, жалпы адамзат баласын аман қыла гөр.Ей, Алла, төтен-деп келген ажалдан сақта, ниеті бұзық арамнан сақта...»

Шынайы тілек адамды сергітіп, бойын жеңілдетеді. Бас амандығын ғана тілемей, өзгелерге де тілектестік көрсету, достарлық таныту, қуанышына ортақтаса білу - адамның ішкі сарайын кеңейтіп, әрқилы жағымсыз сезімдерден жүрегіңді аулақтатып, күншілдік, көреалмастық, табашылдық тәрізді пендешіліктен алыстатады. Жүрегі кең адамның басқаларға жаны ашығыш, аяушылық сезімі күшті, тілеулестігі басым келеді. Халқымыз мал байлығынан да жан байлығын, оның кеңдігін қалаған. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мынаған саяды: «Кең болсаң, кем болмайсың».

Сұқ пен сіле

Адамның адамсыз күні жоқ. Бес саусақ қалай бірдей болмаса, адамдар да әрқилы. Бойы мен ойы да, мінезі де бірыңғайлы болып келмейді. Ниеті мен пиғылы, кісілігі де әрқалай.

Халық — данагөй ұстаз. Нағыз шебер ұстаздың шәкіртіне үйретері қарапайым болып келеді. Сабағын қиындатпай, оңайлатып жүргізеді. Әке баласына, ата немересіне ұқтырады ғибратын.

- Ата, саусақтар неге бірдей болмаған? - деп сұрайды немересі.

- Өздерінен...

— Қалайша?

— Былайша, — дейді атасы. — Бас бармақ тұрып «ұрлық қылайық», - депті. «Қылсақ, қылайық», - депті сұқ саусақ, іле бармақты қоштап.

Ортаңғы саусақ бұларды қолдамай: «Құдайды қайтесіңдер?!» - деген ғой. Кіші саусақ: «Құдай не қылар дейсің?!» - депті кісәпірленіп. Шынашақ тұрып: «Әкел, қара тоқтының қан-жынына тояйық», — депті.

Атасы әңгімесін былайша түйіндер еді: «Ұрлыкка жол ашқаны үшін Алла тағала бас бармақты бес саусақтың ең тәпелі ғып жара-

тыпты. Ортан саусақ адалдығына бола бәрінен де жоғары тұр. Ал шынашақ ниетінің таза болмауынан бәкене болып қалған».

Ойлап-ойлап, ұштығына жете алмайды бала. Шынашақ па, әлде, сұқ саусақ па барып тұрған кісәпір?! Жарайды, бармақ жазасын мықтап тартқан екен. Меніңше, сұқ саусақта бар пәле. Бармақты бірден қоштай кетпегенде ғой, өзге саусақтар күнәға батпайтын еді. Мына қызықты қараңыз, сұқ саусақ әлі күнге ескі әдегінен арылмаған. Өзге саусақтар адам көңіл күйіне байланысты ербеленде, елгезектік танытып жатқанда, сұқ саусақ жыланбастанып, жұртқа сұғын бағыттаудан бір жаңылмайды. Өзге саусақтар алақанда бас түйістіріп, жуаси қалғанда, сұқ саусақ көрінгенді көзге шұқығандай етіп оқталудан бір танбайды.

«Саусағыңмен түртпе, қолыңмен нұсқама» деген тыйымды үлкендерден сан естідік. Саусақ шошайту — жаман ырымға жатқызылған. Сұқ саусақ тәрізденіп, не болса соған тесіліп, сұқтанатын адамды сыншыл жандар жек көрген . Ондайлардың көрмейтіні жоқ. Аузында да дамылдық болмайды.

Ғылымда дәлелденген, адамда физикалық қасиет бар. Оның да тартылыс күші, қуаты болады. Сол қуатты биоток деп жүрміз. Сұқтанғыш, әсіреқөргіш адамдарда жағымсыз әрекетке бастайтын дене толқыны болады екен. Сол толқын әлгі сұғанақтың сөзі арқылы, назары арқылы екінші адамға бағытталады. Кісіге деген тілеулестігі басым, ниеті түзу, жүрегі таза жандардың сұғы да жұмсақ, жанары аялы келеді. Ондайларды мейірімді, жақсы адам дейді халық. Жақсының алақаны жұпжұмсақ, сөзі майда келеді. Сілесі мен сұғы, мысы да залалсыз. Ондай адамның басқан-тұрғанын ырымдап, жас баланы отырған орнына аунатып алады тілеулес әке-шеше. Сұры жаман сұғанақтан, ұры көзденген тілемсектен, көреалмастан халқымыз, бірінші кезекте, ұрпағын қорғаштаған. Көз тимесін, сұғанақтың сұғы өтпесін деп, дүние есігін ашқан сәбиге елеулі адамдардың есімін еншілетуден тайсалып, Итбай, Битбай, Қордабай, Көтібар, Байқасқа, Сарығасқа дегізіп, елеусіз ат бере салған. Осы күні нәрестеге ат қойғанда халықтық рәсімді аяқасты етіп, тым ерсілікке ұрынамыз. Нұрсұлтан, Олжас, Бауыржан, Сәбит, Ғабит, Мұхтар, Тоқтар... есімді азаматтар мыңдап бар. Солар атақты кісілердің есіміне лайықты болып өсті ме? Араларынан ішкіш, нашақор, қара ниеттер де шығып жатыр...

Сұғы өткір адамды тілеуі жаманға жатқыздық. Тілеуі түзу, жаны жайсаң жақсыларда да сұқ болады. Ондай айрықша қасиеті бар кісіні бұрынғылар киелі, көріпкел, әулие, батагөй атандырған. Ерекше қастер тұтқан. Балаға ел аузындағы батырлар мен шешендердің, тектілердің, хандар мен билердің есімін

бергенде, әлгі данагөй тірі болса, назасына қалармыз деп, о дүниелік болса, аруағын тебірентіп жүрерміз деп тартынған.

Арғын Байдалы би бір ауылға келіп қонса, түскен үйдің паң бәйбішесі немересін «Байдалы, Байдалы» деп айтып, қоймапты. Назаланған би «Не кіші Байдалы тұрар, не үлкен Байдалы тұрар» деп тамағын ішпей, теріс қарап жатып қалыпты. Ертеңінде әлгі Байдалы есімді бала құдыққа түсіп кетіпті. Бала бидің назасының салдарынан құдыққа түсіп өлді ме, болмаса, сәйкестік пе, оған куәлік бере алмаймыз. Қазақ ғұрпында жақсының атын дабырайтып атау — әдепсіздікке, ерсілікке жатқызылған.

Ырымдаудың негізінде тәлім-тәрбие жатады. Балаға көз тиеді деген сылтаумен күні кешеге дейін шешелеріміз құдайдан тілеп алған жалғызына жаман киім кигізіп қоятын. Баланың бойындағы ерекше қасиетін, өнері мен қарым-қабілетін дабыралауды және артық көрер еді. Мұның астарында көп мән бар. Тым әлпештеп, еркелетіп өсірген бала өсе келе өзімшіл, өркөкірек, менмен болып өсуі кәдік. Осы күні балажан әкешеше аузынан емшек сүті кетер-кетпестен еркетотайын дүниеге құнықтыруға икемдейді. Жап-жас бала көшеде мәшине айдап жүреді, үстіне кигені үлде мен бүлде. Қыздарын әлеміштеп боянуға және бейімдейді. «Көз тиеді-ау, сұқтының сұғы өтеді-ау» деп тартыну бүгінгілердің қаперіне де кірмейді. Әлі күнге құлағымызда әкенің қамқор сөзі: «Балам-ау, алдымда не бар деп сақтанып жүр. Жаратқан ие «сақтансаң, сақтаймын» деген.

Бұрынғының адамдары (шет жағасын біз де көрдік) перзенті қашан ат жалын тартып мінгенше пәле-жәледен қорғаштап, неше түрлі ырым-жырым (басынан айналдырып садақа беру, жеті шелпек пісіріп, көрші-қолаңға тарату, тұмар тақтыру, бас киімге үкінің сапарын тақтырып қою, үлкендерге сәлем бергізіп, батасын алу...) жоралғыларын қалт жібермей орындаған. «Тілдінің тілінен, көздінің көзінен сақтай гөр» деген жалбарынышты сөзді дұғадай күбірлеп айтудан жалықпас еді қамкөңіл әке-шеше.

«Сұқ өтеді, көз тиеді» екен деп баланы топтан алыстатып, көпшілікке араластырмау кері әсерін тигізетінін ата-бабаларымыз жақсы білген. Ондай бала бұйығы, жуас болып өседі. Ынжықтар сондайлардан шығады. Өсер ұланды ата-ана көпшіл болуға баулыған. Тым өбектеген бала болбыр келеді. Болбырлау, босаңға сұқ өткіш, көз тигіш келетіні тағы бар. Жас өскін ес білгеннен еңбекке ынталы болса, өнерге, ғылымға ден қойса, пайдалы іспен айналысып, ертерек есеюге талаптанса, онда ондай жас бойына қорғаныш болатын қуат көзін жинай бастайды. Қабілет-қарымы жедел ұшталған, өмірге деген танымтүсінігі тереңдей бастаған жас ұланның бойына сыртқы күштен, сұқтан қорғана білу қабілеті жинақталады. Қазақ атам көргіш көздің сұғынан, керек десеңіз, астындағы жүйрігін, қыран-бүркітін, құмай тазысын да қорғаштаған. Атын жабулап, бүркітін оңаша ұстаған.

Сұқ — тілеуі жаман адамнан болатын әрекет болып көрінеді көбінесе. Таңырқағансып, кәреалмастығын тікелей сұқты көзімен, аярсыған бүкпе сөзімен екінші бір адамға бағыттап, жалған тілеулестігін дұшпандыққа ұластырады.

Сіле - қасиет. Мұндай қасиет кез келген адамда болуы мүмкін. Бірақ ондай ерекшелігін тәжірибе қылмайды. Ел назарындағы белгілі адамдардың қысылғанда қиыннан жол табатыны, қауіп-қатерді алдын ала сезіп қоятыны, әр жағдайды күн ілгері болжауы, қарсыласын аттан аударып кетуі, айы оңынан туып, қолға алған ісінің өрістеуі, айтқаны айдай келетіні, үйреншікті жағдай. Десек те, мұндай сәттілік айрықша қабілетті, шырамыты бар адамдарға тән. Көз байлағыштығы және болады. Сіле - көріпкелдіктің, әулиеліктің адам бойындағы нышанасының жиынтығы. Кісі танығыштық, айрықша сезімталдық, ауа райын болжағыштық, көріпкелдік, төрт түліктің қасиетін тап басу, табиғат амалдарының құпиясын кітап оқығандай таратып беру - адам бойындағы сирек кездесетін қабілет.

Аңыз әңгімелерде ұшырасатын балгерлер, диуаналар, дәруіш-кезбелер, жауырыншылар, бақсылар, болжамшылар сілесі бар адамдар болған. Бүгіндегі құмалақшылар, көріпкелдер, сәуегейсымақтар әншейін көз алдайтындар. Сіле, көп жағдайда, туабітті қасиетке байланысты. Екінің біріне жұқпайды. Табиғат сынды алып «кітаптан» көз алмайды. Оқи береді, оқи береді. Өмірден көріп-білгенін де қалт жібермейді. Ізденеді. Бүгінгі көріпкелсымақтар «түсімде аруақ аян берді» деп, бір-ақ түнде «қасиетті» болып шыға келеді. Темірге жан бітпеген, электронды құралдардың жетілмеген кезінде адамдар көрегендікті /әулиелікті/ бір-бірінен іздеген.

Адами қасиеті сапалы, шыншыл, діндар, батыл да табанды, екі сөйлемейтін, айтқаны айдай келетін дуалы жандарды төбеге көтеріп, төріне шығарған. Әлгі шырамытты сілесі бар бірегейге ықыласы ауған барша қауымның. Жақсының назарына ілігіп, көпшіліктің ықыласы түскен шырамытты жан қабілет-қарымын жетілдіріп, бүгінше айтқанда, ізденген. Бойындағы сілесін жетілдіруге күш салған.

Бала кезімнен тарақты Байғозы батырдың сілесі болған дегенді санама сіңіріп өстім. Батыр ұзақ жасаған, өзгеше аруақты болыпты. Жаумен жағаласта қиыннан жол тауып кетеді

екен. Біреуге қатты назаланса, әлгі адам назасынан өіп қалатан болған. Назары түсіп, ризаланған кісі де мұрттай ұшқан. Оның тағы бір қасиеті, ауа райын болжағыштығы екен. Бұрынғыша айтқанда, есепшілігі. Жорыққа аттанарда күн қабағына айрықша мән берген.

Арқа өңірінде /Қарағанды облысының шегінде/ Қоңыркүлжа, Бәйбіше тауларынан бастау алатын Шажағай өзені бар. Бүгінде тартылып, құрғап барады. Өзеннің бастау алқымында тарихи мәні бар «Сасық жартас» деген жер бар. Осы арада қалмақтармен үлкен соғыс болған. Тұтқиылдан келіп басып кірген жаудың қарасыны мол болса керек. Байғозы көршілес қаракесек руына жататын Керней Жарылғап батырға хабар жібереді. Іле жеткен Жарылғап: «Көзіңіздің тірісінде еліңізді жауға алдырып қойғаныңыз қалай?!» — дегенде: «Сәт аусын, Жарылғабым, қартайғанда саған бір кереметімді көрсетейін деп отырмын», — депті. Сөйткенше болмай, көк жүзіне тақиядай ғана бұлт ойнап шыға келіп, аспанды тұтаса торлай бастайды. Бір бие сауым шамасында сасық қара тұман басады да кетеді. Байғозы тасада ұстаған жасағына бұйырып, ұрысты бастаңдар депті. Жарылғаптың қолы да кіріседі шайқасқа. Жау тұтқиылда тиген қарсы күштен абдырап қалады. Біреуді біреу біліп болмайтын, жер бауырлаған тұманның салдарынан қалмақтар бірін бірі шаншып тастай беріпті. Масқара болып жеңіліп, қырғын тауыпты.

Ел арасында Байғозы батырға байланысты аңыз көп айтылады. Шежіре бойынша, Байғозының әкесі Наймантай Меңілбаймен бір туған, ағалы-інілі. Меңілбай Наймантайдың ағасы. Меңілбайдың жеті баласы болған: Өтеген, Байгелді, Сасықбай, Бостыбай, Құттыбай, Қарабатыр, Жаңабатыр. Осы жолдардың авторы Меңілбайдың Құттыбай бұтағынан тарайды.

Мына жыр жолдары құлағымызда қалған еді. Шежіреге түсіп, ауыздан ауызға тарап, бізге жеткен:

Құттыбай Меңілбайдың бір баласы,
Тентектеу батырлықпен шыққан аты.
Найза ұстап Байғозыға серік болған,
Сесінен сескеніпті дұшпан-қасы.

Көш бастау — ол заманда оңай емес,
Көшпелі ел ен жайлауда қылған кеңес.
Қонғанда жаңа жұртқа дау шығады,
«Анау ғой, менің жұртым мынау емес».

Дегенді су сепкендей басатұғын,
Көрмейді көш иесі аса тыным.
Байғозы тарақтылар көшін бастап,
Қайыспай көтерген ғой нардың жүгін.

Ерге сын қай кезде де ер сенімі,
Байғозы сұспен тыйған селтең ұлды.
Құттыбай көш жолында шырық бұзып,
Ағаға қарсы келген тентек іні.

Сөз тасып өшіктірген кейбір жылмаң,
Қылышын ағасына ала ұмтылған.
Күңк етіп батыр сонда суық тартып,
Қиыстап көш жолынан бетті бұрған..

Қорланған киястыққа оты бар жан,
Жағадан інісі алса несі қалған?!
Біреуді назаланып қарғағанда
Әдетпен теріс қарап жатып алған.

Құттыбай іле ауырды түсі қашып,
Сілесі ағасының кеткен батып.
Төмендеп беті бері қарамады,
Дүрлікті тәмам әулет асып-сасып...

* * *

Шарасыздан тезірек,
Мына амалды тауыпты.
Қара нардың белінe,
Қалы кілем жауыпты.

Жетектетіп келінге,
Батыр аға үйіне.
Шұбап жаяу барыпты.
Қошқардай қып ұл тапқан,
Аулақ жүрген жыртақтан.
Биік қабақ бәйбіше,
Қара шалға зіл батпан:
«Көтер, — депті, — басынды,
Кім қоштайды мұныңды,
Жатырмысың жұтқалы
Соңыңа ерген іниді».
Батыр басын көтеріп,
Аздап қана жөтеліп:
«Кештім, - депті, - тентекті,
Кімнен өтпес қателік.
Құдай емес, пендемін,
Шарасызбын қазаға.
Берекесін берсін артының,
Қалған бала-шағаға...
Осымен Құттыбайдың күні батты,

Назасынан батырдың ажал тапты.
Артында ошарлы жұрт қала берді,
Сөндірмей шаңырақтың отын жақты.

Құттыбай Түркістанға, Әзіреті Сұлтанның іргесіне жерленген. Оның сүйегін үлкен баласы - менің бабам Киікбай бастаған балалары апарыпты. (Үлкендердің айтысында сүйекті былғарымен қаптап тастайтын көрінеді.)

Тұжыра келгенде, кәріпкелдік, сіле мен сұқтың өткірлігі, қарғыс-наланың ойсаңдығы, киенің болатындығы күмән тудырмайтын шындық. Әйтсе де, бос қияла, негізсіздікке жол беру - адам бойындағы сирек кездесетін қасиетті әлсіретеді. Бұрынғының адамдары /ата-бабаларымыз/ Алланың бірлігіне, табиғаттың тылсымына бас иіп барып бойындағы қасиетіне жүгінген. Айрықша қабілетін ел қажетіне жаратып, сәуегейлігін құрғақ долбарға жеңдірмей, Алланың әміріне, жаратылыстың /табиғаттың/ заңдылығына негіздеп барып болжамдаған қауіп пен қатерді. Ай мен жұлдыздарға, күнге қарап межелеген келер күндердің амалын. Қыл аяғы қара таста да қасиет бар деп мойындаған. Желкілдеген шөпті де қастер тұтып, жүгірген аң мен ұшқан құстың да қасиет бар деп білген. Ата-бабаларымыз бәрінен де адамды жоғары қойған. Содан да сілесі бар адамдарды әулие тұтқан. Рухына бас иіп, аруағына сыйынған. Сөйтіп барып Алланың құдіретіне бас иген. Бір күш бар деп білген. Ол күш - Алла, соның құдіреті.

Жол жиегінде төңкеріліп жатқан таста да кие болады. Тасты жарып өскен талдың да қасиеті бар. Жылан да киелі. Төрт түліктің де, ұшқан құс, жүгірген аңның да шарапаты бар. Әсіресе, ананың ақ сүтінің киесі өзгеше. Тоғыз ай көтеріп дүниеге әкелген, одан ақ мамасын емізген, әлпештеп өсіріп жеткізген ананың ақ сүтін ақтау оңай емес. Шешені шермеңде қып қойған қатігез қайырымсыз баланы анасының ақ сүтінің киесі жібермейді. Қасиетті мекендер мен қастерлі жерлер де тегін емес.

Жанды-жансызды қастерлеп, қасиетін бағалауды ата-бабаларымыз біздерге аманат етіп қалдырған. Ол - тыйым. Тәрбиені тыйымнан бастаған. Ата-ана өсер жасқа әр нәрсенің қасиетін ұғындырып, тыйым салады. «Құмырсқаның илеуіне тиме, ырысың кемиді», «Малды басқа ұрма, өспей қалады», «Табақты теппе, нанды үгітпей же», «Жерді нұқып тепсінбе»...

Халық ұғымында киенің ауқымы кең. Бұл — тыйым сабағы, тәрбие бастауы. Түйіндегенде, «Тек жүрсең, тоқ жүресің» дегені, есерлікке барма дегені, Жаратушыны да, жаратылысты да мойында дегені.

XIII. ТЫНЫМ-ТЫНЫШТЫҚ

Құштарлық

Өмірдің қозғаушы күші - құштарлық. Құштарлықсыз тірлік мәнсіз. Ынтасыз жұмыс өнбейді, қолға алған ісіңде береке болмайды. Құштарлық пен ынта адамды алға құлшындырып, жігерін өткірлейді. Жігер — адамды жарыққа бастайды. Жарық — сенің бағдарың. Жарық - ғұмырың. Бір қатерден аман қалғанда, басыңа іс түскен адамды «көрейін деген жарығы бар екен» деп мүсіркейді. Жарықтың ұлғайған түрі — сәуле. Сәулені бейнелеп құштарлыққа, жігер-қайратқа, ақылға балаймыз. «Сәулең болса санаңда, мына сөзге құлақ сал» деп жастарға өсиет айтады үлкендер. Санасына сәуле түскен жанның көкірек көзі ашылып, білімге, еңбекке құлшынады. Түтін түтегіп, үйлі болуға қам жасайды. Перзентті болып, өнік шашсам дейді. Тырбанады, ізденеді адам пақыр. Кәсібін шындап, дәулет жияды. Тырбаныстың түпкі мақсаты - жан сақтау. Жан асырау оңай шаруа емес. Біреуге масыл болмаймын десең, кәсіп ет, мал тап. Екі қол, екі аяғынды қозғалысқа келтір. Жан асырауға тырбан. Ой мен қиялыңды да жұмылдырасың.. Содан барып арманға жол ашылады. Армансыз адам қанатсыз құс есепті. Кісі армандамай, қиялдамай жүре алмайды. Осының бәріне күш керек, қуат керек. Бойға күш жиып, әлдену үшін үш мезгіл тамақ ішесің. Одан соң, тыныштық алып, ұйықтайсың.

Тыным-тыныштық алаңсыз жағдайда ғана. Тыныштықты бұзатын жағдай толып жатыр. «Көңілге алаң кірсе, көзден ұйқы қашады». Тыныштықтың ұясы — береке-бірлік. Береке-бірлік татулықпен нығаяды. Татулықтың жауы - ұрыс-керіс. «Бір күн ұрыстың қырық күн кесірі болады» дейді дана халық.

Тыныштыққа дәнекер — өзіңсің. Не болса соған киліге берсең, жоқтан дау тілесең, тыныштық былай қалып, керт басыңа қатер төнеді. Дау-дамайды, пәлені өзгеден көретін ештеңесі жоқ. Бәрі өзіңе байланысты. Өзіңде сабыр-тоқтам болса, пәледен қашып жүрсең, көнтерлі көмпістікті шыдамдылықпен шындасаң, көңілінде кіршік қалмайды. Әйгілі орыс жазушысы Л. Толстой «Дүниеде жамандық жоқ, жамандық кісінің өз көңілінде» дегені халық даналығымен ұштасып жа-

тыр. Бала кезімізде әкелеріміз «Үкіметке өкпелеген өзіне өкпелесін» дейтін колхоздың, (ұжымдық шаруашылықтың) кеңшардың жұмысынан жалтарғандарға қарата. Халық тынышсыздықты ұнатпаған. «Асықпаған арбамен қоянға жетеді» деп дәйексіздерді тоқтамға шақырады.

Ұйқы

Саушылықтың сандаған тетігі бар. Соның ең бастысы ұйқы. Ғылым ұйқының тәни қажеттігін дәлелдеп, мидағы тежелуден болатын нәтиже екенін анықтаса да, жұмбағын әлі күнге шеше алмай келеді. Ұйқыға халықтың берген бағасы сол шешімсіздікті төңіректейді. «Ұйқы - дұшпан». Көрдіңіз бе, тап басады. «Ұйқы - өлгенмен тең» деп және айтады. Енді несі қалды? Қаперсіз ұйқыдағы адам қорғансыз халде болады. Дұшпанға жем боласың. Содан да дұшпан делінеді ұйқы. «Өлгенмен тең» дегені шешусіз жұмбақ. Ұйқының өлімнен несі кем? Түк сезбейсің. Сыртқы дүниеден бөлініп, ештеңеден қаперсіз берілесің ұйқыға.

Ұйқы әрқалай, үнемі алаңсыз ұйықтау деген болмайды. Басы жастыққа тиісімен қор ете қалатындарға рахат. Ұйқысы бірден келмей, төсекте дөңбекшігеннің халі онша емес. Қазақта аз ұйықтайтын кісіні «құс ұйқы» дейді. Құс сергек келеді, соған қарата айтылған. Бес-он минут тынығысты «көз іліктіру», «көз шырымын алу», «мызғып алу» дейді. Ұйықтар алдында қалғисың, мүлгисің.

Алғы тарауда айтылды, ет жүректі пенде үш қажеттіліксіз жүре алмайды. Ұйқы, күлкі және тағам. Соның бірі — ұйқы. Ұйқы иектесе, ай-шайға қаратпайды. Содан да арсыз. Қисынсыз жерде қыстайды. Қаптаған жау қоршауында қалып, қан кешкен жауынгерлер жүріп келе жатып құлай салады екен ұйқы қысқанда. Демек, ұйқы қажеттілік болғаны. Тән мен жанға тыныс. Онсыз өмір сүру мүмкін емес. Халық мұны жақсы біледі. Сергек те сезті адамдар аз ұйықтайды. Ұйқының сергек болуы тәннің шымырлығына, әке-шешеден ауысқан қасиетке байланысты. Кәсіпке, күнкөріс амалдарына да тәуелді.

Ұйқы - тыныштық бесігі. Мейлі бала, мейлі үлкен болсын, алаңсыз тәтті ұйқыдан айырылса, бойына дерт жамап алуы кәдік. Алаңсыз ұйықтап тұрған кісі ынталы кіріседі іске. Оқуда да, еңбекте де өзіне міндеттелген жұмысты тиянақты атқарады. Әсіресе, ой еңбегімен айналысатындарға пайдалы

алаңсыз ұйқы. Тұжырғанда, ұйқы - тән мен жанның қуат көзі. Ұйқысыздық дертке шауып кетеді. Оның соңы, пәлесінен аулақ, жындануға апарып соғады. Ұйқысыздыққа тосқауыл — тіршілік ырғағының ретті болуы. Оны қалай реттеуге болады? Жұмысты сәтті өрістетумен қатар, адамдармен қарым-қатынаста жарасымдылықпен, түсіністікпен ыңғайласу нәтижелі болмақшы. Содан соңғы ұйқыға /тыныштыққа/ әсер ететін тағамның жұғымдылығы. Арам ас жүйкені бұзады. Жүйкенің зақымдануы ұйқының бөлінуіне әкеп соқтырады. Осының бәрі көңіл күйге ықпал етеді. Көңіл күй — жан дүниеңнің барометрі. Ұйқыны қашыратын - ашу мен ыза. Біреудің сөзі өтіп кетеді, енді біреудің тікелей қиянаты қинайды шыбын жанды. Еріксіз ашуға берілесің, қиянатшыл дүниеден безіп, торығушылыққа тап боласың. Арақ-шараптың саған килігетін тұсы осы кез.Арақ ішіп, шылым шегу ұйқының жауы. Бұл екеуі қосарланғанда, тіршілік ырғағынан жаңылып қаласың. Мезгілімен ұйықтауды естен шығарасың. Кісіден көрген қиянат жүйкеге жетіп, бүтін тәніңді, онымен қоса жан дүниенді сілкіндіреді. Ызаға булығып, қастасыңмен майданға шығасың. Біткен жерің осы. Ашудың дұшпан болатыны осыдан. Ашуға беріле берсең, ұйқы былай тұрсын, керт басыңа қатер төнеді. Сондайда халық даналығына /педагогикасына/ жүгінуің керек, үлкендерден сөз тыңдауың керек. «Ашу — дұшпан, ақыл — дос, ақылыңа ақыл қос». «Жоғарғыны желге беріп, төменгіні селге беріп, ешкіні «апа», текені «жезде» қылып, сабырлық сақта, қарағым». «Кең болсаң, кем болмайсың» дейді әкең. Тоқтамды бол дегені, сабыр сақта дегені, ақырын күт дегені. Ашу демекші, тарақты Тайжан батырдан да сөз қалған. Батырдың ақбозын қасқыр жарып кетіп, ашу қысқан Тайжан жылқышы Ережепке кіжініп ашуға баспай ма Найзамен қосты олай бір түйреп өтіп, былай бір түйреп өтіп: «Ашу кәпір, ақыл дос. Салып кетермін, іліп кетермін! Өліп қаларсың. Шықпа Ережеп шықпа!-деп ашуын ақылға жендіріпті дейді.

Халық — аямпаз. Ақылын кісіге майдалап жеткізеді. «Жақсы жерде жатсаң, жақсы түс көресің, жаман жерде жатсаң, жаман түс көресің» деп ұйқының бөлінуіне көрген түс те себепкер екенін аңғартады. Көңіл қылт еткенді құтқармайтын сезімтал келеді. Не болса соны көңілге ала берсең, кінәмшіл әрі өкпеші болып, мінезің құбылмалы адамға айналасың. Адал еңбекпен айналысып, аузыңа арам ас салмасаң, жанның бәрін дос тұтсаң, үнемі көңіліңді кеңге салып жүрсең, жақсы ұйықтайсың. Жақсы түс көресің.

Пайғамбар хадисінде былай делінеді: «Адал кәсіппен айналысып, содан шаршап ұйықтаған адам күнәлары кешірілген халде болады». Көрдіңіз бе, өнікті де жемісті адал еңбекпен шұғылданып, қаскүнемдік пен жалақорлықтан ада адамның ұйқысының өзі сауапқа жатқызылады екен. Тәтті ұйқы — шаршап келіп ұйықтағанда пайда болады. Сал бөксе жалқаулық ұйқышылдыққа киліктіретін жаман әдет. Тамақсаулық, кісіге үнемі жаманшылық ойлап жүретін күншіл адамдар кісінің ұйқысын ашып, қиянатқа ұрындыратын нағыз қаскөй. «Жақсы жерде жатсаң, жақсы ұйықтайсың» деудің мәнісі түсінікті. Әр жан өзін ұйқыға дайындау керек алдын ала. Ұйықтардан бір сағат бұрын телесериалды көруді тоқтатып, далаға шығып , аздап таза ауа жұтып, өзіңді бейбіт жағдайда ұстауың керек. Екіншіден, жатар орның тыныш, төсектің жайлы болғаны жақсы. Сонда сені ұйқы құшаққа алады. Жалғыздық ұйқыны қашырады. Үйлі-күйлі адамның ұйқысы тұшымды келеді. Жар құшағы, балаға деген мейірім сені тәтті ұйқыға бейімдейді. Дәрі ішіп ұйықтау деген жанға қастық. Үнемі дәрімен ұйықтау өзіңе өзің жасайтын қастаңдық. Кей жағдайда ішуге болады, дәріге сүйеніп алсаң, ұйқыдан береке қашады.

«Түс — түлкінің боғы»

Қай халық болмасын ырымшыл келеді. Жаратылыс заңдарына деген түсінік, Жаратушыға деген құлдық — бәрі тіршілік ырғағына үйлескенде, жақсы әдетке айналып, халық санасына орнығады. Салтқа айналады. Халық не болса соны ырым көре бермейді. Санаға сіңісті тәжірибеде шыңдалған ырым-жырымды қолдайды. Соны әдетке айналдырып, ұрпақ тәрбиесіне кіріктіреді. Содан да түсті ырымдауға халық айрықша ынталы болған. Ежелгі көне әдебиет үлгілері - ертегілер мен аңыз әңгімелерде, жыр-дастандарда батырлар мен хандардың, әулие-әмбиелердің көрген түсін тәжірибе қылушылық басым. Айрықша шырамыты бар ақылмандар, данагөйлер, көп жасаған көнекөздер, ел билеген, елдің сөзін ұстанған дарабоздар, батырлар мен жыраулар көрген түсін тәжірибе қылып, соны өзі немесе өзгеге жорытып, замана амалын алдын ала болжай білген. Керт басы үшін емес, халықтың амандығы үшін көрген түсін жақсылыққа жорыған. Жаман түс бұқараны қауіп-қатерден алдын ала сақтандыруға демесін болған.

Абылай ханның көрген түсін Бұқар жырауға жорытуы ел

арасында аңыз болып тараған. Хан көрген түстің сарыны қазақ елінің болашағына сай келген. Жорушы Бұқар ханның түсін дөп басады. Ұрпағың азады екен, бақа-шаянға айналып кетеді екен деп тұспалдайды. Расында солай болған жоқ па. Хандық билік құлап, қазақ халқы орыс отарлаушыларының қарамағына көшеді. Хан ұрпақтары Кенесары мен Наурызбайды дұшпандары өлтіреді. Сұлтандар биліктен біржолата шеттетіледі. Абылай ханның көрген түсі айна-қатесіз қайталанады. Бұл аңыз да шығар, аңыздың негізінде шындық болады.

Көрген түсін өлеңге түсірген ақындардың бірі Дияқажы /1871-1931 ж.ж./. Азатшыл ақын қызыл империяның солақайлығына қалам қайратымен қарсы шыққан. Қаракесектің Керней бұтағына жатады. Керней Жарылғап батырдың ұрпағы. «Қызыл белсенділердің» қолынан мерт болған.

Түрмеде жатқанымда түс көремін,
Қыздарым шам жағып тұр егіп егін.
Оянып жолдастарға түсімді айттым,
Иншалла, көгереді әулеттерім.

Түсімді өз басыма жорымадым,
Жанады қыздарымның шамшырағы.
Артымда қарақтарым өсіп жатса,
Құдайдан одан артық не сұрармын...

1930 жыл, 15 апрель
(Өлең Төрехан Майбас құрастырған ақынның 2009 жылы жарық көрген кітабының 7-бетінен алынды)

Өз көрген түсін өзі жору өмірде бар тәжірибе. Түсті әркім әрқалай тәжірибе қылады. Мәселен, өз басым көбінесе жақсы түсті ырымдаймын. Тауға шығып жүрсем, ісім өнікті болып, мәртебемнің биіктегені. Түсімде қасқыр соғып алсам, онда мол олжаға кенелгенім. Түйеге мінсем, бағымның өскені. Тоғай араласам, ұрпағымның молыққаны. Түсіме сиыр кірсе, егін-шөптің өнікті болғанына сыйдырамын. Атқа мініп жүрсем, онда сапарға шығамын, жолым болады деп ырымдаймын. Түсіме ит енсе, қайткен күнде біреумен іліктесіп қаламын. Ренішке тап боламын. Көбінесе, көрген түсімді көңілге алудан қашамын. Ырымшылдыққа берілуден жалтарамын. Нені болсын құдайдан білу керек.

Түсті ырымдауға ата-бабаларымыз айрықша ынталы болған. Көбінесе, көрген түсін бағдарға алудан ұрпақтарын сақ-

тандырған. «Түс — түлкінің боғы» деп мән бермеуді өсиеттеген. Түсінен шошыған кейбір сужүректі үлкендер тыйып тастайды.Түстің себеп-салдарын жақсы жатып, жайлы тұруға сыйдырып: «Жақсы жерде жатсаң, жақсы түс көресің, жаман жерде жатсаң, жаман түс көресің» деп шындығына көшеді. Расында, солай. Мәселен, сен адасып, молаға түнедің делік. Шошисың, түсіңе міндетті түрде өлген адамдар енеді. Қарны ашқан адам түсінде тағам жейді. Түсті үнемі бағдарға алып, көрген түсім айнымай келеді деушілік күпірлікке жатады. Көріпкелдікті тәжірибе қылатындар сондайлардан шығады. Алланың ісін болжау пенденің қолында тұрған жоқ. Жақсы түс көремін десең, жайлы жерде жат. Ұйқыға өзіңді дайында. Жатар алдында таза ауа жұтып, серуендеп кел. Төсекке жатарда Алладан тілек тілеп, иман келтір: «Ей, Жаратушы жалғыз Алла, таң атқанша он екі сағат мың бір рахманың бар. Өзіңнің жарылқауыңа ділгерміз. Алаңсыз ұйқыны бұйырта гөр. Шайтанның азғырындысынан қаға гөр. Алланың құлымын, Мұхаммедтің үмбетімін. Ілгергі-кейінді қателік-кемшіліктерім болса, кешіре гөр...»

Ұйқы сенің екінші өмірің. Онсыз қунап, әлденбейсің. Ми тынықпаған соң, істеген ісіңде береке болмайды. Сонымен, ұйқыға жаттыңыз. Міндетті түрде түс көресіз. Менің сізге беретін кеңесім — көрген түсіңізге мән бермеңіз. Әншейін бір күндізгі болған окиғаның мида қайталануы деп біліңіз. Өзі де солай. Бірақ қорқынышты түс денені түршіктірумен қатар, көңіл күйді бұзады. Есіңнен кетпейді біразға дейін. Тағы да сондай түс көресің. Мұндайды үлкендер «Түсім оңалмай жүр» дейді. «Түсі оңалмағанның ісі оңалмайды» деген мәтел сондайдан туындаған. Сонда не істеуің керек? Түс садақасы деген болады. Жоқ-жітікке тиын-тебеннен қарайлас, әйтпесе, көршіңді құдайы асқа шақыр.

Көрген түсті жорытудың өз ығыты бар. Түсті міндетті түрде жорыту деген болмайды. Түске мән бермеген қызығы. Кейде өңіндегідей ап-анық түс көресің. Әлгі көрген түсің ертеңгі ісіңнің жол көрсетушісі секілденеді. Кейде ренжитінің, әйтпесе, қуанатының түсте қайталана береді. «Тәуекел» деп өз түсіңді өзің жорып, іске кірісесің. Мұның бәлендей ерсілігі жоқ. Кейде басқаша болып жатады. Шытырманға толы түстен секем алып, қорқыныш пайда болуы кәдік. Сондай жағдайда түс жорытудан қашпаңыз. Түсіңде сені ит қапты дейік. Сонда не істеуің керек? Ондай жағдайда дау-дамай, айғай-сүреңнен қашып жүр. Алла «Сақтансаң, сақтаймын» деген. Әлгіндей қорқынышты түс қайталануы

кәдік өңіңде. Өзіңді жағымсыз істен тежеп, ұстамды болуға тырыссаң, саған қастық ойлап, шайқасқа тіленген адам қапы кетуі мүмкін. Көрген түсіңді, мейлі нашар, әйтпесе, жақсы түс болсын, кім көрінгенге айтып, жорыта бермеу керек. «Дұрыс жорымаса, түс ауып кетеді» дейді үлкендер. Мұндай жағдай өмірде дәлелденген..

Аяғы ауыр әйел түс көріпті. Түсін біреуге жорытыпты дейді. «Түсімде қасқырдың екі күшігі екі емшегімді таласатармаса еміп жатты...» дейді. Әлгі адам ойланбастан «Сені түбінде қасқыр жазым етеді екен. Сақтанып жүр» дейді ғой.

Бұл сөз дуалы ауыз қарияның құлағына жетеді. Әлгі кісі кейіп: «Әттеген-ай, теріс жорыған екенсің. Құрсағында қасқырдың бөлтірігіндей егіз ұл жатыр екен десең нең кетеді?!» — деп әлгінің жер-жебіріне жетіпті.

Ақырында әлгі әйелді бір ауылдан екінші ауылға бара жатқанда қасқыр жарып кетіпті. Ішіндегі егіз ұлын суырып жепті.

Түсті дұрыс жорудың мысалы осы. Ал өзімнің түс көруге байланысты жорамалым былай: «Өмірден түйген аздаған тәжірибеме сүйенсем — жұмырбасты пендені Алла тағала тегін жаратпаған. Білуімше, әр адамның иесі бар. Құдіреті күшті ие соған бізді бақтырып қойғандай. Әлгі «бақташыны» періште дейміз бе, аруақ дейміз бе, әйтпесе, космос адамы дейміз бе, әйтеуір, бір күштің ықпалындамыз. Сол күш мына біздерді қауіп-қатерден қақпайлап, түзу жолға салуға тырысады. Оған біз көне қоямыз ба, амалы таусылған әлгі иеміз /Жаратушы ие/ енді бізді бір-бірімізге бақтырады. Бірақ адам пақыр біреудің ақылына бойұсынып, оңайлықпен иіліге қойсын ба. Әлгі қамқоршы адамдардың жуасыған тыншу сәтін /ұйықтаған/ тосады екен. Құбыжық болып елестесе, шошытып алармын деп кәдімгі адам кейпінде түске енеді. Жақсылықтан алдын ала хабардар етіп, қауіп-қатерден сақтандырады. Бірақ ондайды адамдар тәжірибе қылмайды. Елегісі келмейді. Содан да әлгі бағымшымен арада кереғарлық туындамай ма.Менің аздаған пәлсапам осыған саяды. Бұл долбар, әншейін. Қалай болғанда да, үмітсіздік — шайтанның ісі. Жақсы түс көремін десең, адамдарға жақсылық жасауға тырыс. Оларға жарқын мінезіңмен қуаныш сыйла, өзің де көңілді жүруге тырыс. Ішімдегіні тап деп тымырайма. Бәлденбе. Сонда жақсы ұйықтайсың, жақсы түс көресің.

Ырым

Ырым — киелі ұғым. Бірдеңені ырымдау, соны бағдарға алу халықта бар салт. Жақсы көрудің, жан тартудың алғышарты болып есептеледі. Ырым көру — жақсылықтың жоралғысы. Қазақ атам ұлына Ырымбай, Ырымбек, Ырымжан деп ат қойса, қыздарын Ырымқұл, Ырымбала деп атаған. Халықтың әдет-ғұрпында бар ырымдарды, ескілікті сенімдерді, бірдеңені кие тұтуды жоққа шығаруға әсте болмайды. Бұған халықтың өзі жол берген. «Балды да болма, балсыз да болма» дейді. Бал аштырудан, құмалақ салдырудан, түс жорытудан, әйтпесе, бірдеңені кие тұтып, ырым көруден қаш демейді. Десе де, ондай сенімдерге тым беріліп кетпе дейді. «Балсыз да болма» деп аңғартуы соған саяды. Кәде-жоралғы, салт-дәстүрге жататын ұлттық үрдістерді өмір қажетіне асырудың өз ығыты мен реті бар. Тым ырымшылдық, не болса соны кие тұтып, әдетке айналдырып кетушілік кісіні қолайсыз жағдайға ұрындыруы кәдік. Ондайлар не болса соны көңіліне алып, жұрттан өзін оқшаулап, ерсі жағдайға ұрынады. Қарапайым мысал. Ақшадан қысылғанда, көршіңнен қарыз сұрайсың. «Бере алмаймын, — дейді көршің кейістік танытып — түнде ақша беруге болмайды ғой». Қазақта жоқ бұл қайдан шыққан ырым?!

Қарыз сұраған адам саған қысылғаннан келіп отыр. Мұндай тыйым жоқ қазақта. Халықпен бірге жасасып келе жатқан ырымды, бірдеңені кие тұтып, қасиет көруді мансұқтап, жоққа шығару сені ұлттық мінез бен ұлттық қасиеттен айырып, дүбәралыққа /космополиттікке/ ұрындырады. Онда сен өзге жұрттардың наным-сеніміне еліктеп кетесің.

Өмірде мынадай да ерсі жағдайлар кезігеді. Кейбір адамдар құрғақ ырымшылдыққа беріліп, кісісі өлген қаралы үйге ыдыс-аяғын араластырмайды. Соны өздерінше жаман ырымға жатқызады. Қазақта бар, оны өз басым жоққа шығара алмаймын, біреу қайтыс болғанда, жаназаға жиналған адамдар қыдырғыштап, басқа үйлерге бас сұғып, қона жатуды сөлекет көрген. Кісісі өлген үйден қайтуың керек. Бұл ырымға жатпайды. Өлікті сыйлаудың салты. Енді біреулер, әсіресе, жастар жол кескенді ырымдайды. Оны жаман ырымға жатқызады. Бұл - қазақта жоқ әдет. Кіші үлкеннің жолын кессе, сөлекет көрінеді. Қазақ жол кескенді ырымдамайды.

Әсіре ырымшылдық, оны әуезеге айналдырып алу — надандыққа жатады. Не болса соны көңілге алушылық жүйкеге әсер

етіп, адамды жасық етіп жібереді. Үйқыны ашып, көңіл күйді төмендетеді. Бүгіндегі мазасыз ғасырдың /XXI ғ./ адамдары Аллаға сыйынып, құдайдан білудің орнына, жалған көріпкелдерге, құмалақшы, балгерлерге, сиқыршыларға жанасып, солардың аузынан шыққан сөзге құдайдай сенеді. «Құмалақшы сөй деді ғой, балгер бүй деді ғой» деп жалған көріпкелдерге табынады. Одан да әлгі ырымшыл құдайдан білсін әрнені. Жақсылық пен жамандықтың алма-кезек ауысатыны тіршілік заңдылығы екенін, тағдырдан екенін мойындап, тәуекел етіп, Аллаға көңілін тұзулесін.

Мұсылмандық таза өмір шындығынан бастау алады. Шынайы мұсылман соқыр сенімге жататын көріпкелдікті, балгерлік, сәуегейлікті қабылдамайды. Кісінің тағдырын, келешегін жорып, алдын ала топшылау, Жаратушы құдіреттің қолында. Тағдырды кесіп-пішетін- Жаратушы ие.

Халық - сыншы. Ондай надандарды, әсіре сәуегейді «Жаманның айтқаны келмейді, сандырағы келеді» деп бәтуасыздыққа жатқызады. Пайғамбар хадисінде тайға таңба басқандай анық жазылған: «Ырым жасаушы немесе жасатушы, бал ашушы немесе бал аштырушы, сиқырлаушы немесе сиқырлатушы мұсылман емес».

Осыған біреулер шала бүлінеді. Біздер /қазақ жастары/ не болса соған табынып, сәуегейлердің айтқанына иланып, соларды пір тұтсақ, тасты да, тауды да, жалғыз түп талды да, өлі ескерткіштерді де кие тұтып, соған бас ұрсақ, онда ерте дәуірлердегі сәбилік санадағы адамдар тәрізді күнге, жұлдыздарға, айға, пұтқа /тас құдайларға/ табынатын дінсіздер болып шықпаймыз ба?!

Ырым-жырымға еліктеушілік діннен шығаратын жағдай. Мұндай әсіре еліктеушілік: «Алла — бір, пайғамбар — хақ» делінетін исламдық ғұрыптың өңін айналдырып, мұсылмандықтың бес парызына нұқсан келтіретін адасушылық. Кім көрінгенді әулие санап, шөпті де, тасты да кие тұтып, ырымшыл болып кетсек, мұсылмандықтан алыстаймыз. Бара-бара сәуегейді пір тұтып, Алланың бірлігін ұмытамыз.

Біз ырымшыл болма деп кесіп айтпаймыз. Не болса соған иланып, ұсақтап кетпе дейміз. Алланың өзін ақылмен тануымыз керек. Ырымдауды да, кәдені, жол-жоралғыны, бірдеңені кие тұтуды да ақылға салған жөн. Халықпен біте қайнасқан тәлім-тәрбиеге ұйтқы дәстүр-салтқа негіз болатын үрдістерді /салтты/ ақылмен қабылдап, өмірімізге бағдаршы етсек, одан ұтпасақ, ұтылмаймыз.

Үлкендікті халық кие тұтады. Көп жасаған қарттарды, ана-

ларды данагөй деп біледі. Аузының дуасы бар деп және қастерлейді. Қарттарға қызмет көрсету — жастарға мәртебе саналған. Үлкендерді пір тұту - халықтық педагогиканың бас сабағы. Қолына су құйып, таяғын ұстатып, атқа (мәшинеге сүйеп апарып отырғызып) қолтықтап мінгізудің өзі кішілерге ұпай қосатын елгезектікке жатады. Асқа отырғанда, алдындағы етін турап беріп, сыртқа шығарда қамшысын қолына ұстатып, үстіне шапанын жауып, кебісін аяғына тосу — бәрібәрі ұлтымызға тән сыйластық. Жаңағы ата сыйлаған жас көргенді атанады. «Болайын деген тай атқа үйір, өсейін деген жас қартқа үйір» деген мақалдың бір ұшығы үлкенді сыйлауда, қарияны пір тұтуда жатыр. Ырымдаудың қалыпты түрі - көп жасаған қариядан жылы сөз естіп, батасын алуды бұлжытпау болып табылады. Үлкендер отырған жерге жас баланы аунатып алу, мінген атына ырымдап отырғызу, баланың аузына киелі адамдарға түкірту - зиянсыз, ұлттық ырым. Керек десеңіз, қастерлі салт.

Ұзақ жасап, дүниеден озған қарттарды, ақ шашты ананы кие тұтып, киген киімін ырымдап алу, жаназашыларға шапан үлестіру, орамал тарату бүгінде тым ерсілеу көрінеді. Жаназаға келген адамдарға жаппай шапан беру халықтық дәстүрге жатады деуден аулақпыз. Ырымдаудың өзіндік ығыты бар. Қарияның тіршілігінде киген бір шапанын бер деп сұрауға тиісті жақыны. Қартайып өлді екен деп жаназашыларға жаппай шапан үлестіру - дарақылыққа жатады. Орамал тарату-дың айып-шамы жоқ. Дегенмен, орамал үлестіру де міндет емес.

Ырымды ұстанудың ұлттық үрдіске /бірегейлікке/ айналған түрлері ұрпақ тәрбиесіне демесін. Ырымдауды «Балды да болма, балсыз да болма» деген халықтық аңғарыммен тұжырған жөн.

XIV. ТҰЖЫРЫМ

Санаткер

Осы еңбекті жүлгелегенде, сандаған ой мен тұжырымға дес бердік. Нысанаға жетті ме, жетпеді ме, оны көзіқарақты оқырман байыптай жатар. Ұлттық салт-дәстүрге негізделген азын-аулық дәрісіміздің өзегі не дегенде: «Санда бар, санатта жоқ» деген ой орамы көлденеңдейді. Құр топқа қосылып, тобырды молықтырғанымен, санаткерлікке жете алмағандарды «санатта жоқ» деп шенейді халық. Жас өскіннің санаткер болғанын, қатарға қосылып, ел ертеңіне қызмет көрсететін тартулы азамат атанғанын әркім-ақ жөн көреді. Болмыстың /дүниенің/ шешусіз жұмбағының өзі оның шексіздігі, сан жетпейтіндігі. Әйтсе де, сансыз жаратылыстың да сапалық жағы болады. Енді аздап санның сапалық жағына, қасиетіне тоқталайық. Кәдімгі 1 саны. Бұл санның қасиетіне бала да ой жібере алады. 1 болмаса, 2 жоқ. Бас та біреу. Жаратушы Алла да жалғыз. Содан да «Алла - бір, пайғамбар хақ» дейміз. Адамның асыл мүшесі — жүрек те біреу. «Бір» сөзінен мәнді де мағыналы атаулар туындаған. Бірлік, бірегей, біртуар, бір мінезді, бір сөзді, бір туған, бірауызды, біртұтас, бір мінер ат, бір жеңнен қол шығару, ауыз бірлік, біркелкі, бірсыдырғы... делініп кете береді.

Бір санының қасиетін халық ежелден-ақ дөп басқан. Бірді Жаратушымен байланыстырған. Кәдімгі бас біреу ғой. Иықтағы басың да жалғыз. Алла да жалғыз. Демек, сен де жалғызсың. «Атадан он тусаң да, бір жалғыздық бар». Өлімің де жалқы, тағдырың да бөлек бауырларыңнан. О дүниеге барғанда сұрақ өзіңнен ғана сұралады. Мына бір қисынды тек қазақ атамыз айта алған. «Құдай жалғыз, мен жалғыз», «Жалғыздың жары құдай», «Жалғыздық тек бір Аллаға жарасқан»...

Бір болмаса, екі де жоқ. Алла ғаламды жаратпаса, онда жаратылыс та жоқ. Екі саны — тіршіліктің негізі. Қараңыз, адамның дене мүшелері жаратылыстың моделі іспетті. Дене басқа бағынады. Бассыз дене тіршілігін жалғастыра алмайды. Алласыз тіршілік қараң. Жаратушы ие әр нәрсені жұп қылып жаратты. Жұптастықтан тіршілік өрбиді. Халқымыз «Жалғыздық тек бір Аллаға жарасқан» дегенде, екеу болып бас құра, ұрпақ өрбіт дейді. Құран да соны айтады. Өсіп-өн дейді.

Үлкендер айтады: «Көрсін деп көз берді, жүрсін деп аяқ берді». Екеу-екеуден. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды», «Ердің екі айтқаны, өлгені», «Екінің бірі, егіздің сыңары», «Екі сөзді кісі», «Екі туып бір қалғаным емес», «Екі шоқып, бір қарайды»...

Бірден кейінгі мағыналы сан екі екен. Енді үшке келейік. Үш санының қасиетін барша халық бағалаған. Тіршіліктің өзі сандардың үйлесімінен тұрады. Математика — барлық ғылымның атасы дейтіні содан. Қасиетті Құран да сандардан тұрады. Өзіміздің замандасымыз ғалым Ғұзыхан Ақпанбек Әбунасыр бабасының іліміне сүйене отырып, атақты ғалым Ақжан Машанидің еңбектерін негіздей келіп, басты кітабымыз — Құран Кәрімнің математикалық модулін айқындады.

Үш санына қазақ атамыз салмақпен қараған. «Үйірімен үш тоғыз», «Ер кезегі үшке дейін», «Үш жүздің баласымыз»...

Жанұя — шағын мемлекет. Отбасы үштік бірліктен құралған. Әке мен шеше және бала. Қазақ қауымы ұлт болып ұйысып, ел болып еңсе көтергенде отбасылық үштікті негізге алған. Кәдімгі ошақтың үш бұты бар. Ошақ - береке-бірліктің ұйтқысы, молшылықтың негізі. Үлкендер бір-бірімен шүйіркелескенде «Ошақтың үш бұтындай емеспіз бе?» деп жан тартады. Үш жүзге бөлінуіміз мемлекеттік қажеттіліктен туындаған саяси жүйе десек те, бастауы отбасынан, ошақ қасынан, үш санының қасиетінен туындаған. Үштікті халық. бірігудің негізіне жатқызған. Демек, үштік құрылым халықты бірлікке, бірігуге бастайды екен.

Төрт саны да халқымыз үшін айрықша мәнге ие. «Алтау ала болса, ауыздағы кетер, төртеу түгел болса, төбедегі келер». Төрт түлік: қой, сиыр, түйе, жылқы. «Төрт құбыла түгелденді». Мұратына жеткен жан дегені. «Төрт аяғы тең түскен жорға.» Есептің негізі төрт амалдан тұрады. Қосу мен алу, бөлу мен көбейту. Олай болса, төрт саны да халқымыз үшін қасиетті.

Бес саны да халықты бекемдікке бастайды. Педагогика ғылымында балаға ана тілін бес жасқа дейін сіңіру керек дейді. Тәлім-тәрбиені де бес жасқа дейін бала санасына беріп үлгермесеңіз, кеш қалады екенсіз.

«Ер қанаты — ат» десек, белі берік болып, ұзақ жолда мініс көтеретіні — бесті ат. «Бесті айғырдың бетінен сақта» деген мәтел де растайды бесті жылқының бекемдігін. Қолдағы саусақ — бесеу. Бес ағайыңдының жолы болғыш келеді. Содан да «Бесеуге белдік жарасқан» деп тұспалдайды көпшілік. Халық

ризаланғанда «Бес саусақтың саласындай едік» дейді. Бес саны халық үшін /барша қауым үшін/ бүтіндіктің, толысу мен молығудың белгісі. Бестік бағаны балаға тегін қоймайды. Бестік бағаның шығуына мынандай уәж келтірудің еш оғаштығы жоқ. Үнемі беспен оқыған бала жаратылыстың сырына басқалардан гөрі жетік келеді. Жер бетіндегі құрлық бесеу. Ақылпайымы, білік-білімі жетік жас бес құрлықтың беделіне, ақылманына айналады деген меңзеу жатқанын еріксіз қаперге аласың. Бес санының исламдық ғұрыпқа да қатысы бар. Мұсылман бес уақытылы намазын қаза жібермеуге тиісті. Мұсылмандықтың міндеті де бесеу. Алла тарапынан міндеттелген бес парыз «Алла - бір, пайғамбар — хақ» деп иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, қажылыққа бару, қайыр-садақа беру. Осы бес парызды орындап,мүлтіксіз атқарған пенденің иманы кәміл. Бастағы сансыз шашты халық «бес тал шаш» деп жинақтайды.

Бестік ұғымның мәнін Жаратушы ие белгілеп берген. Содан да беске байланысты ұғым-түсінік тәрбие-тәлімді бекіте түседі. Оқуда бестік баға ала алмасаң, бес құрлыққа танылған айтулы азамат бола алмайсың. Білім мен ғылымға терең бойлай алмайсың, Алланы ақылмен тануға, жаратылыс сырын пайымдауға санаң жетпейді. Мұсылмандықтың бес парызын орындасаң, онда тәнің мен жаныңның саушылығы артады. Нағыз адам болып қалыптасасың. Бес парыздың қазығы — бес уақытылы намаз. Намаз — мұсылмандықтың темірқазығы.

Алты саны да тіршілікке дәнекерші, тәрбие-тәлімге негіз. Аспандағы Үркер шоқ жұлдызы да алтау. Алты ай қыс, алты ай жаз бар. Үлкендер «Алты Алаштың баласымыз» деп ауыз толтырар еді. Түрік тектес ұлыстар «алты Алаш» делінген. Мәселен, Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қыпшақ, Қоңырат... Баласы тұрмай жүрген ата-ана зарығып көрген ұлын алты қатынның ауынан өткізеді.

«Алты аласы, бес бересі жоқ» деген тұрақты сөз тіркесі бар. «Алты бақан ала ауыз» деген қыжыртпаның астары қалың. Жанжалдасқандар сойылдасып та, құрықтасып та жатады. Соның бәрінен бақандасқан, бір-біріне бақан ала жүгірген ерсі. Бақан — қасиетті. Шаңырақ бақанмен көтеріледі. Кей жағдайда жаңа жұртқа келіп үй тігіліп жатқанда жоқ-жітік бір-бірінен бақан сұрайды. Сараңдар бақанын ырымдап өзгеге ұстатпайды. Осыдан «Алтыбақан ала ауыз» деген жағымсыз сөз шыққан. Қазақ даласы кең. Кең далада биік дауыспен ән шырқаған да бір мерей. Шабыттанған әнші

жігіт «Астынан алты қырдың ән шалқытсам, сүйеніп үй сыртында қара да тұр...» деп наз тастайды. Әншіге мағұрланған көпшілік «даусы алты қырдың астынан естіледі» деп көтермелейді.

Жеті санының қасиетіне барша халық мән береді. Кие тұтады. Мәселен, Құранда жеті қат көк делінеді. Апта жеті күнге жіктеледі. Діни ғұрып, халықтың ырым-жырымы да жеті санын айналып өтпейді. Аруақтар түске енгенде, қатерге ұрынғанда жеті нан /жеті шелпек/ пісіріп, құдайы беру қазақтарға тән. «Болайын деген азамат жеті жұрттың қамын жейді» деп үміт күтеді өсер жастан кәрі құлақтар. Өлген адамның жетісі беріледі. Еске алады, құран оқытады. «Бала жетіге келгенше жерден таяқ жейді, жетіден кейін елден таяқ жейді» деген де мәтел бар. Ел-жұрты өсер жасты есіркейді, мүсіркейді. Келешегінен үміт күтеді. Өсер жас сідікмасы қылжақай болса, есер келсе, надан келсе, дау-жанжалға оң иығын беріп тұрса, ондай ойсызды тәртіпке шақыруға тура келеді. Елден таяқ жеудің мәнісі осы. Жеті саны киелі болғандықтан, халқымыз өздеріне қажетті игіліктерді жеті қазынаға жіктейді. Қазына — молшылық, береке жиынтығы.Бала күнімізде үлкендер «қазынаның ақшасы», «қазынаның мүлкі» деп отыратын. Қазына — молығып жататын байлық жиынтығы. Әр отбасына, қауымға, халыққа ырыс-несібе әкелетін жанды-жансыз игіліктерді жеті қазынаға жіктеген. Киелі жеті санына көгендеген. Кешегі кеңестік кезеңнің этнографтары жеті қазынаны, қазақ бола тұра, біле тұра, марксткік ілімге негіздеп, материалистік көзқараспен пайымдаған. Болмыстың /жаратылыстың/ негізін дәйектегенде, материалистік қисынға /логикаға/ қайшы көзқарасқа дес береді. «Дүние әу баста болған, жоқтан бар пайда болмайды. Бар нәрсе жоғалып кетпейді». Материалистер осы пайымдаумен-ақ тіршілік заңдылығына қарсы шығады. Материалистік көзқарасқа дес бергендер астамшылық көрсеткенін көзбен көріп, құлақпен естідік. Оның мысалы — айтулы ақынымыздың мына бір өлең жолдары: «Адамға табын, Жер енді, құдайың әрі әкеңмін...» Жарайды, құдай жоқ дедік. Жаратылыстың иесі жоқ, өзінен өзі жаратыла салған деп бөстік. Қазақ атамыз олай демеген. Иесіздік жаман ұғым. Иесіз мүліктің, малдың, байлықтың қадірі болмайды. Кім көрінген жырымдап, берекесін алады. Кеңес Одағы ыдыраған кезде иесіз қалған байлықты /қазынаны/ қолы ұзын сұғанақтар пайдаланып кетті. Солар бүгінде талтаң-талтаң басады. «Талтаңдасаң, талтаңда, ақшаң болса, қалтаңда» деп айтпай ма халық.

Жеті қазына

Мәселе жеті қазынада. Жеті санынан шыққан жеті қазынаны қатып қалған қасаң ұғыммен кесіп-піше салуға болмайды. Жеті қазынаның негізі әріде. Алла бұйыртқан жеті қазына болмаса, адам пақыр кең дүниеде алшандап жүре алмайды. Ақыр заман болады. Жеті қазынаны астындағы атың, соңына ерген тазың, қолыңа қондырған бүркітің деу, былайша жарасымды. Алла бұйыртқан, еншілеп берген жарқыраған күнді, мекеніміз — жерді суды, жан-жануарлар мен өсімдіктерді, жеті қат көкті, сансыз жұлдызды, он сегіз мың ғаламды қайда қоямыз?

Жеті қазынаның қасиетіне жеңіл қарауға болмайды. Жеті санының киелі болатыны осы себепті. «Жеті рет өлшеп, бір кес» дейді халық. Жеті қат көк, жеті қат жер. Адам жеті қазынаның жиынтығы есепті. Қазына өз бойында. Ақыл берді, ой берді Жаратушы ие.

Жеті санының қасиеті бұл айтқандармен бітпейді. Айта берсе, толып жатыр. Десек те, жеті санына байланысты ырым-жырымға тым беріліп кету жұмырбасты пендені күпірлікке, күнәға батуға душар етеді. Не нәрсе болсын жеті санына байланыстыру — Алланың бірлігіне көлеңке түсіреді. «Бір Аллаға сиын, бір басыңды сақта». Бассыздық —ақыл-пайымның кемшіндігі,

Сегіз саны да тегін емес. «Семіз, семіздің арты сегіз». Былайша, жаңылтпаш сияқты көрінеді. Мал баққан халқымыз төрт түліктің қонды болғанын қалаған. «Мал шелді болса, төлді болады». Демек, малдың өрісін тауып, дұрыстап бақсаң, қойын егіздетіп, жылқың үйір-үйір болып көбейеді. Дәулетің молығады дегені — «Семіздің арты сегіз» дегені соны меңзейді. «Сегіз қырлы, бір сырлы». Діни ұғымда «Сегіз пейіш» бар деп есептеледі. «Сегіз қиыр шартарап» деп дүниенің кеңдігін айтқаны. Абай сегіздің мәнін былайша жіктейді: «Қыс бенен жаз, күн мен түн, тақ пен жұп, жақсылық пен жамандық болды сегіз...» Сегізкөз — омыртқалар түйісі. Барша жүйке талшықтары, қан айналысы сегізкөзде түйісіп, содан тарайды. Үлкендер кіндікті атаға тәу еткенде «Егізім, егізімнен тараған сегізім» деп ауыз толтырып айтады. Сегіз — молығудың, көбеюдің нышаны. «Сегізінде сергек болмасаң, семізінде селт етпес атанасың». Бұл да казақтан шыққан сөз. Иен далада емін-еркін ғұмыр кешкен халқымыздың өнері тар аяға сыймаған. Қазақ өнерпаздарының сахнасы — дала. Дала сахнасында өнерін паш еткендерді халқымыз сал-сері атандырған. Серілерді қастерлі

сегіз санымен байланыстырып, «Сегіз сері» атандырған. Салдар серілерден гөрі топталып жүретіндіктен, оларды сегіз-тоғыз демей, салдар деп көпшелеген. Ел билеу тәртібінде халқымыз сегіздікке айрықша мән берген. «Абылайдың сегіз биінің бірі — Байдалы би» деп келетін сөз тіркесі тарих оқулығында кездеседі. Билердің саны тек қана сегіз болған. Сегіз санының қасиетіне бабаларымыз айрықша салмақ түсірген.

Тоғыз саны да осал емес. Ана баласын тоғыз ай, тоғыз күн көтереді. «Тоғыз қатынның толғағы қатар келді» дегендегі тұрақты сөз тіркесі қат-қабат тіршіліктің қосарлануының айғағы. Былайша, ерсілігі жоқ сөз. Дүниеге сәбидің келуі, ананың босануы - нағыз игілікті қарбалас екенін меңзегені. Келіндеріміз торсық шеке ұл, аққудай қыз тауып жатса, одан артық нендей қуаныш бар дейсің! Тоғыз қатынның толғағын үлкендер бекерден бекер ауыздарына алмаған. «Тойған үйге тоғыз бар». Мақал, былайша, қарапайым. Дастарқаны кең үйге әркім-ақ барады. Ішіп-жесем деп барады. Халықтың айтайын дегені дастарқаны берекелі, қабағы ашық, кеңпейіл, бергенін бұлдамайтын адамдарды ұмытпа, әрдайым назарда ұстап, есіңе алып жүр, ондай үйге жасқанбай еркін кір дегені.

Тоғыз ұялы ұлттық ойын «тоғызқұмалақ» деп аталады. «Тоғыз қырлы, тоқсан сырлы». Ал керек болса! Ондай азаматқа баға жетпейді. Біртуар нағыз ер - солар. Сандаған жолдың түйіскен жерін «тоғыз жолдың торабы» дейді. Адам бір шешімге келмес бұрын «тоғыз толғанып, тоқсан ойланады». «Тоғыз ағайындыдан тобық дәметпе» деген мәтел бар. Төрт құбыласы сай туыстар өзімен-өзі болып, сені есіне алмайды дегені. Кыз бала тоғызға келгенде балиғатқа /әйелдік белгісі байқалады/ толады. «Үйірімен үш тоғыз». Кәде-жоралғы тоғыз-тоғыздан болып келеді халықтық салтта. Қатып қалған рәсім емес. Әркім шамасына қарап жаңғыртады. Қазақ ғұрпында балаға тоғыз жастан бастап асық жілік ұстатады. Бұл - жігіт болды, сүйегі қатайды дегені. Ата-анасы баласына тоғыз жастан бастап асық ойнауға рұқсат еткен. Тоғыз саны көбеюдің белгісі. Сандар тоғызға жеткенде күшейеді. Тоғыз қабат торқа, тоғыз көз сауыт, тоғыз ұлды әке, тоғыз рулы ел, тоғыз ағайынды жігіт, тоғыз жол әкелген құда, тоғыз жолдың торабы... болып кете береді.

Он санына баға жетпейді. Екі қолдың саусағы - он. Көп рулы елді он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт деп көтермелейді. «Он сан Алаш» деп те айтады қазақтарды. Зерделі, зейінді адамды «әрнені он саусағындай біледі» деп мақтаймыз. Оннан әрі сандар күш ала бастайды. Он бірдегі баланы «ойын баласы» дейді. Оны ойыннан шектеу - еркін жетілуіне кедергі.

Он екі саны да осал емес. Бір жылда он екі ай бар.

«Он үште отау иесі» деп баланың құлағына құяды ата-анасы. Бұрындары он үштегі қызды ұзата берген. Он үш — мүшел жас.

Он төрттегі баланы «ер бала» деп ерекшелейді. Он бесінде «бозбала» атанасың. Қыздарға қырындау басталады. Он бестен-ақ болар бала белгі бере бастайды. Үлкендер «бозбаланың алаң-құлаңы жақсы» деп отырады. Қыздың құлпыратын шағы - он бес жас. «Қыз он беске келгенде мау тартады, ата-анаға сырт беріп жау тартады». Қайтсін енді, табиғат заңы ғой.

Он бес пен он алты нағыз білімге ентелеп, кітаптан бас алмайтын кез. Осы жаста жүректі таза ұстауға тырысуың керек. Бұл жаста жаман әдеттерге бой ұрып кетсең, келешегіңе нұқсан келеді...

Сандардың қасиеті мен жаратылысқа ықпалын, Алланың бірлігін айғақтайтын танымдық жағын тарата берсек, бір кітапқа сыймайды. Сан — Жаратушы мен жаратылыстың жиынтық ұғымы есепті. Жаратушы болмаса, жаратылыс та жоқ. Сандар болмаса, жаратылыс үйлесімі мен адам тіршілігінің мәні де келісімсіз. Керек десеңіз, тіршілік те жоқ. Математика жаратылыстың негізі екен. Адамның дүниеге көзқарасының негізі де сандар. Сандар физика мен математиканың қолғанаттары. Онсыз дамымайды. Сандар жөніндегі әңгіме адамның жас мөлшеріне ұласса, оның айып-шамы болмас. Сонымен, жиырма беске келейік. Жиырма бес — толысу кезеңі. Адам әбден кемелденіп, дене қуаты молығады. Тәннің жетілуінен жиырма бес жасты тым әсірелеп жібереді ақындар. Жиырма бесті тым бозбалашылыққа теліп, махаббатқа қосақтау сәл артықтау...

Жаратылыс жұмбағы

Жә, сонымен, сан турасындағы әңгімені шегерейік. Айтып тауыса алмаймыз. Құранда айтылған, заман озған сайын адамзат нәсілі ақырзаманға жақындай түседі. Жұмыр жердің жаратылғанына төрт миллиард жыл болса, жер бетінде тіршіліктің пайда болуы үш жарым миллиард жылға жуықтайды. Кейбір ақпарат көздерінде үш миллиард делінеді. Ал адамның пайда болуын ғалымдар сан-саққа жүгіртеді. Мектепте оқығанда саналы адамдар осыдан қырық мың жыл бұрын пайда болған деген болжамға сүйендік. Менің ұғымымда, Алла адамды басы-

нан-ақ саналы етіп жаратқан. Жер бетінде тіршіліктің пайда болуы жөніндегі болжамдар әлі тұрақталған жоқ. Адамдар маймылдан пайда болған, адамдардың арғы тегі маймылдар деп келген дарвиндік ілімге сын көзімен қарай бастадық. Алғашқы адамдар осыдан алты жүз жыл бұрын өмір сүре бастаған деген болжам да күмәнді. Қалай болғанда да жаратылыстың, бүтін он сегіз мың ғаламның жаралуы жұмбақ. Еш нәрсе өзінен өзі жаратыла салмайды. Онда дүниеде бейберекет ретсіздік пайда болар еді. Дүниені реттейтін күшті ғылым анықтаған. Әйтсе де, дүниені танып білудің құпиясы әлі де толық ашылған жоқ. Бір Аллаға ғана аян. Қарабайыр тілмен түсіндіргенде дүние өзінен өзі жаратыла салмайды. Жаратылыстың иесі болуға тиісті. Өзі де солай. Айтпағымыз басқа. Адам — ұлы жаратылыс. Сол ұлы пендеңіз құдай жоқ деп, құдай өлді деп те өзеурейді. Жаңадай «құдай» іздеушілер де шыға бастады. Діндарлар сан алуан ағымға иек сүйеп, діннің өзін қолжаулыққа айналдырып жіберуге бар. Құранда айтылған ғой, адамдар адасуда деп. Бір ғана Исламда бірнеше ағым бар. Алланың бірлігін мойындамай тұрып, әлгілер үстірттікке жол беріп, Исламды саясат шоқпарына айналдырып, империя құруды армандайды. Ағымдардың пайда болуы, бүгінгі таңда күш алуы неден? Осының ар жағында шет мемлекеттердің зымияндығы жатыр. Қазақ жерінің байлығын иемденіп, үстемелеп табыс табуды, баюды көздеген шетелдік алпауыттар діндарларды да ақшаға сатып алған. Олардың дені құдайдың құлы емес, ақшаның құлы.

Табыс табудың, баюдың, дүниеге тойымсыздықтың мұншалықты етек алып, шектен шығуы ақшаны құдіретке айналдырып жіберді. Бәрін ақша билеп-төстейтін заманға кез болдық. Алпауыттар дінді де өздеріне бейімдеп, қолжаулыққа айналдырмақшы.

Адам — ұлы жаратылыс.. Алла бізге сана берген. Сананы қозғалысқа келтіру үшін сезім дарытқан. Жай ғана сезім емес, саналы сезім. Одан әмірге деген құштарлықты басы бүтін еншілеп берген. Онымен де қоймай, қиялдауды, армандауды санасына сіңірген. Қиялдап-армандаудың нәтижесінде адамзат баласы озғындыққа қол жеткізді. Бәрінен де бұрын өмірге деген құштарлықты айтсаңшы. Өлетінімізді біле тұра, жарық дүниеге асығамыз. Жақсылықтан үміттіміз. Алғашқы адамдар қорғансыз болған. Аңдар мен неше түрлі жәндіктердің жеміне айналған. Алғашқы баспанасы үңгір болған ғой. Сонымен жандары қалған. Бас біріктірген. Бірімен-бірі елбесіп-селбесіп жан сақтауды тұрмысқа енгізе бастаған. Адамның күні — адаммен екенін түйсініп, бірлесе өмір сүруді ілгеріге оздырған. Не-

лер сұмдықты бастарынан өткізсе де, адам пақыр тек алға ұмтылған. Соның нәтижесін бүгінгі адамдар көріп отыр. Тас дәуірінің ар жағындағы тіршілік амалына ешкім де көз жеткізе алмайды. Бір болжамға еріксіз елең етесің. Жер бетінде адамзат баласы бастан өткерген дәуірлер /тас дәуірі, қола дәуір, бүгінгі озғын өркениет/ талай рет қайталанған. Осы болжам түбінде ақиқатқа айналуы кәдік.

Біз бұл пайымдауды бүгінгілер білмейді дегендіктен, соларды миландырып тастайық деген білгіштіктен өрбітіп отырған жоқпыз. Сөз жоқ, ғылым жетістігі шарықтап, көкке өрлеп барады. Оған тас атудан аулақпыз. Ғылым - адамдардың қанаты. Алайда, сол озғындық /ғылымдағы ғажайып жаңалықтар/ жаратылыс өлшемін, табиғат заңдылығын күштеп өзгертуге және де Алланың әміріне қайшы келіп жатса, дүниенің ақырына, ақырзаманға апарып соқтырып жүрмей ме деген қорқынышқа бой алдырасың. Ғылым озғындығы атомды «қолбала» етуді ойластыра бастады. Бұл, қазақша айтқанда, отпен ойнау. Нанотехнология пайда болмақшы. Нанодәуірге аяқ баспақшымыз. Адамдардан да артық ойлайтын нанороботтар шықпақшы. Нанонның мәнісіне ой жіберсең, денең түршігіп, жүрек шімірікенеді. Алла жаратқан адамды ойыншыққа айналдырып, оның өмірдегі орнын нанороботтарға атқару — адамды адам ретінде танудан қол үздіріп, жұмырбастыларды дәрменсіз сұлбаға айналдырып жібермей ме? Осының бәрінен де адам ағзасына қол сұғып, адам мүшелерін ауыстыру, денені тазартатын наномәшинелердің шығуы оң нәтиже береді деп үміттенсең де, адамды клоундауға болады дегенге ішің мұздайды. Бұл — жоқтан бар жасалды дегенге саяды. Сонда адам құдайға айналып кеткені ме?.. Мүлде қисынсыз... Жүзеге асқан күнде, адам ұлылығына, адамның Алла бұйыртқан қасиетіне нұқсан келтіретін, нұқсан келтіріп қана қоймай, адамзат баласын бейшара халге душар ететін сұмдықтың көкесі! Осыдан кейін адамдар торығушылыққа ұшырап, өзінің түк еместігін мойындап, үмітсіздік дертіне шалдығып, азып-тозып, «ақылды темірдің» құлына айналып кетпей ме?!

Адам — бірегей құбылыс. Жаңағыдай ғажайып жаңалықты адамдар ойлап тауып, өмірге енгізіп жатқан жоқ па. Атом — ешуақытта жуасымайды. Оның кереметі сол, атомның ыдырауынан ғаламдағы жанды-жансыз бір сәтте жоқ болып кетуі кәдік.

Ғалам — кемелінде. Күн шуағымен жылытады жанды-жансызды. Жер мекеніміз зымыраған көз ілеспес жылдамдықпен бүкіл әлемдік тартылыс әуенімен күнді айналады. Ай нұрын

себеді. Жымыңдаған сансыз жұлдыз да тіршілік иелерін - адамдарды қиялдауға, армандауға үндейді. Содан да халықта «жұлдызың жоғары болсын» деген жақсы сөз бар. Алла бұйыртқан сансыз табиғат байлығы: жер бетіндегі мыңдаған өсімдік пен аң-құстар, судағы балық, саф ауа, майда лекіткен самал, табиғат көркемдігі - бәрі-бәрі жер бетінің қожасына айналған адамдарға тиесілі. Біздің, яғни жұмыр жердің тұрғындары жүздеген ұлт пен халықтың ортақ меншігі. Табиғат байлығын бөлісуге келгенде адамдар әлімсақтан бір-біріне көз алартып, жаға жыртысудан, атысып-шабысудан көз ашпай келеді. Неге? Ата-бабаларымыз бұл сұраққа «Өле жегенше, бөле же» деп жауап береді. Осы жазбамызда біраз айтылды. Құран сөзі — Алланың ақиқаты. Алла тарапынан жеткен сөз. Құранда айтылған: «Ей, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден /Адам Ата, Хауа Ана/ жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық...» /Хұжырат сүресі, 13-аят/.

Ру-ұлыс болып өмір сүру, одан халық дәрежесіне жетіп, ірге теуіп нығайып, мемлекет болып қалыптасу - тіршілік заңдылығы. Алланың әміріне қайшы келмейтін елдік қасиет. Елдігімізді нығайтып, сол жолда қасықтай қанын, шыбындай жанын пида еткен ата-бабаларымыздың мұрагері сіздер мен біздер. Тіліміз бен ділімізді, дәстүр-салтымызды, әдебиет пен өнерімізді, атамекенімізді, оның аңы мен құсын, айдын шалқар көлін, құз-қиялы тауларын, сағымданған даласын қорғаштап, ұлттық намысымызды оятып, қайтсек адам болып, қайтсек қазақ болып, қайтсек мұсылман болып өмір сүрсек деп жүрегімізді бір Аллаға түзулеп, ел мен жердің, Қазақстанның мәртебесі жоғарылай беруіне қызмет етсек қана -Алаш жұртының тұғыры биік болмақ.

Тұғырымыз биіктей берсін

Кәдімгі түз қыраны бүркітті тұғырға қонақтатады. «Бүркітің тұғырлы болсын» дегенді саятшылар бір-біріне тілеулестікпен айтады. Жазбамыздың аяқталар тұсында тұғырды ауызға алуымызда зәредей жалғандық жоқ. Оған Алланы ауызға алып куәлік бере аламыз. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап мемлекеттігімізді нығайтып, елдігіміздің іргесін бекемдеп, «Туған жерім - гүлстаным, мәңгі жасыл ырыс-бағым. Еркіндікке жетті қолым, көк байрақты Ту ұстадым...» деп ән шырқайды тәуелсіз Қазақ елінің ұландары. Бәрі де жарасым-

ды. Бұл дегеніңіз, Отанға деген сүйіспеншілік, ұлтқа деген риясыз адалдықтың көрінісі. Бүркіт он жерден биік тұғырда отырсын, томағасы алынып, балақ бауы ағытылған сәтте жеміне құлдилап түсе алмаса, аң ала алмаса, онда оның тұғырда отырғанынан не пайда?! «Бүркітің тұғырлы болсын» дегендегі аңғарту - бүркітің қайырлы, қазыналы болсын дегенге саяды. Ненің болсын тұғырын биіктетіп, көрнекті тұсқа қойып, қастерлегенмен, қайтарымы болмаса, еңбегіңнің зая кеткені. Өзіміз тілге тиек етіп отырған «бүркіттің тұғыры» бейнелі ұғымға жатады. Тұғырдағы бүркіт биіктеп ұшып, жеміне аспаннан сорғалап келіп іліп түссе, құдайдың жарылқағаны.

Қазақ атам ұрпағын қырандыққа баулыған. Ел қорғаған батырлар, теміржақ шешендер, ақындар мен жыршы-жыраулар, билер мен бектер, аузында Алласы бар діндарлар, қоңыр мінезді бұқара, барша қауым Қазақ елінің көшін ілгерілетіп, ата-бабамыздың өнеге-үлгісін ұстанып, бүгінгі заманға жеткізушілер болып табылады. Олардың ұстанған жолы мен дәстүр-салты, әдет-ғұрпы, туған тілі, халықтың бай мұрасы, бізді, кейінгі ұрпақты атамекенін, туған жерін, елін сүюге, салтын ұстанып, ұлттық қасиетін, рухын жоғалтпауға тәрбиелейтін құндылықтар баға жетпес асылымыз.

Сол ұлттық құндылықтардан қасиет кетсе, онда ұлттық рух әлсірейді. Рухтың әлсіреуі қазаққа тән намыстың қожырап, сырт елдің жылтырағына (өнеріне, әдет-ғұрпына, анайы дағдыларына) әуестеніп, ежелгі халықтық үрдістерді (тәрбие-тәлімге негізделген) аяқасты етіп, жаттың, Батыстың, сырт елдердің тобырлық мәдениетіне еліктеп, соған жаппай әуестенуге апарып соқтырады. Ата-бабамыздың мыңдаған жыл бойында ұрпақ санасына, қанына сіңірген, тәрбие-тәлімге негіз еткен барша құндылықтан айырылып қалу қаупін тудырады. Ол нендей құндылықтар? Ана тіліміздің өткен асыл қазына бар ма? Ананың сүтіндей тұщымды, оралымды туған тіліміздің менсінбей, қазақ тілінде сөйлеуді ар көретіндердің бар екенін кімнен жасырамыз? Ұлттық намыстан жұрдай, ұрпақ туған тілімізді аяқ астына таптап, баса-көктеп төске өрлесе, халықтық дәстүр-тағылымдарды санасынан өткізбей, өзге елдердің мәдениетіне көзсіз еліктеп, соған басы бүтін берілсе, қиыны сол! Озық технологияны игеріп, компьютердің тетігін сауатты баса білу өмір талабы. Шет мемлекеттің ғылымын, технологиясын меңгерме, олардың жақсысынан үйреніп, біліміңді жетілдірме деп отырған кім бар өсер жасқа? Мәселе ұлттық қасиеттің солғынданауында. Үлкендер ойсыз жастан түңілгенде

«Қасиетсіз неме!» деп қол сермейді. Қасиетсіздік бойдағы барша адами қасиеттерді суша шайып жібереді.

Айталық, тұғырдағы бүркіт бүгінде қыран деліне ме? Алғыр бүркітті «қыран» дейді. Нағыз қыранның тұғырлы болмағы, оны баулитын иесіне байланысты. Құстың иесі сауатсыз болса, онда оның баулыған бүркіті биіктеп ұшып, қыранға тән алымдылық көрсете ала ма? Құсын баули білген саятшыны «құсбегі» деп ерекшелейміз. Бүгінгі құсбегілер әуесқойлар әншейін. Бала тәрбиелейтін, оның ішінде қазақ баласын тәрбиелейтін ата-ана, ұстаздар мен барша қауым өсер жасты ұлттық тәрбиенің сүзгісінен өткізіп, қырандыққа баулу керек.

Еліміздің бас қаласы — Астанаға Бәйтеректі мүсіндеп, ұлттық нышанға айналдыруымыздың астарында байырғы дәстүрдің ізі жатыр. Ненің болсын, қасиетін танып, оны ырымдау ежелден келе жатқан үрдіс. Тау сағалаған барысты түрік нәсілді ұлыстар кие тұтып, қасиетін бағалаған. Кәдімгі момын жануар арқарды халқымыз «тау еркесі» деп әспеттеген. Ақбөкеннің текесін «Марғасқа» деп ауыз толтырған. Бүркітті «биіктік тәңірісі» деп және ерекшелеген. Өсер жасты тұғырдағы бүркіт-қыранға балаған. Қазақ атамыз Тұғырды ырымдаған. Тұғыр — қазақ үшін хан тағынан да қасиетті саналған. Тұғырдың қасиеті неде? Халқымыз тұғырды биіктік пен сапалық қасиеттердің жиынтық бейнесіне жатқызған. Тұғыр- бейнелеп айтқанда, еліміз бен жеріміз, ата қонысымыз, асқар тауымыз, айдын шалқар көліміз. Ұрпақ санасына сіңіретін тәлім-тәрбиеміз болып табылады. Ұлттық тәрбиенің нәтижесі — Алашым деген жастардың тұғырдағы бүркіттей сесті де сергектігінен көрініс табады.

Ұлтжандылық — ұраншылдыққа жатпайды. Әлсіз адамдар айғайшыл келеді. Ендігі жерде құр айғайдан түк шықпайды. Намыс шешеді көп жағдайды. Онда да ұлттық намыс. Намыссыздық жігерсіздікке, немқұрайлыққа душар етеді. Өзім аман болсам болды, өзгелер не болса ол болсын дейтіндер — намыссыздар. Өзінің туған тілін мансұқтап, ұлттық дәстүр-салтты ұстануды ерсі көретіндер — қазақтық қасиеттен жұрдай болғандар. Ұлттың ұланы, таудың қыраны болу екенің біріне бұйыра бермейді. Бүркітті «қыран» дейтініміз — алған бетінен қайтпайтын қандыкөз өжеттігі. Туған еліміз тұғырлы болсын десек, қыран мінезді қайсар да табанды ұрпақ тәрбиелейік. Тәрбие-тәлімге негізделген еңбегіміздің түйіні — Тұғырымыз биіктей берсін!

МАЗМҰНЫ

I. ТУҒАН ЖЕР, ӨСКЕН ЕЛ

Атамекен....4
Жер жады....10
Жер....14
Су....16
Отын....18

II. АҢ МЕН ҚҰС

Құс....23
Аң....26

III. МАЛ МЕН ЖАН

Амандық....31
Ойсылқара....33
«Сиыр сипағанды білмейді»....37
«Қой сүйеді баласын қоңырым деп»....40
Шекшекаta....44
Төре түлік....46
Жылқының бабы....51
«Қысылғанды қымыз шығарады»....59
Ыдыс-аяқ....73
Ошақ....75
Қазан....77
Ас....81
Қойыртпақ....87
Ірімшік....89
Құрт....93
Көже....97
Ет тағамдары....98
Кәрі жілік....112
Омыртқа....114
Бүрме....119

IV. АҚЫЛ – АУЫЗДАН, МЕРЕЙ – КӨЗДЕН

Бас....121
Аяқ....123
Қол....126
Мойын....128
Көз....129
Құлақ....132
Мұрын....134
Ауыз....136
Ерін....138
Жүрек....140
Өкпе....143
Тіл мен тіс....144
Бет-әлпет....146

Өң-түс....149
Қас-қабақ....150

V. ЖАРАТҚАН ИЕ

Алла – бір, пайғамбар – хақ....153
Жазмыш....155
Нұр....158
Жарық....160
Шындық....163

VI. ТАҒЫЛЫМ

Қайырымдылық....169
Ысырап....171
Кесір....172
Көпшіл....175

VII. ТӘРБИЕ-ТӘЛІМ

Ықпал....178
Еңбек....179
Талап....181
Сыншылдық....186
Мін....188
Саналы....190
Біртуар....192
Ізбасар....194
Көшбасшы....200

VIII. М І Н Е З

Бітім-болмыс....203
Мінез байлығы....205
Елдік ерекшелік....207
Бауырмалдық....211
Рулық бөлініс....218
Сырт көздің сұғы....222
Өзгелерге көзқарасымыз....225
Заман өзгерісінің мінезге әсері....228
Кәсіптің /мамандықтың/ мінезге әсері....239

IX. Ш А Ң Ы Р А Қ

Баспана....248
Жанұя....251
Ата мен әже....–
Кемпір-шал....253
Әке мен шеше....255
Бала мен келін....256
Мұңлық....260
Әйел заты....261
Жар....263
Аяқ салу....266
Жеңге....270

Абысын-ажын....274
Бәйбіше....275
Күндес....276
Балдыз....279
Апа-апатай....283
Қарындас....286
Күйеу....287
Сүйек....289
Сүйек жаңғырту....–
Үрпақ....293

X. ТОРҚАЛЫ ТОЙ, ТОПЫРАҚТЫ ӨЛІМ

Той-томалақ....297
Үш арсыз....300
Қуаныш пен қайғы....303
Көңіл айту....305
Көрісу....310
Жаназа....320
Кешу алысу....322
Өсиет....323
Тосын қаза....329

XI. АДАМ КӨРКІ – ШҮБЕРЕК

Көйлек....331
Орамал....333
Тон....334
Шапан....337
Пышақ пен қайрақ....338
Қамшы....340

XII. Ж Ө Н-Ж О СЫҚ

Тарту-таралғы....343
Қонақ және қонақасы....347
Бата....351
Үлкендік және басие....355
Жігіт....361
Намыс....363
Тілек....366
Сұқ пен сіле....368

XIII. ТЫНЫМ-ТЫНЫШТЫҚ

Құштарлық....375
Ұйқы....376
«Түс—түлкінің боғы»....378
Ырым....382

XIV. Т Ұ Ж Ы Р Ы М

Санаткерлік....385
Жеті қазына....389
Жаратылыс жұмбағы....391
Тұғырымыз биіктей берсін....394

Өмір Кәріпұлы

ТҰҒЫР

Редакторы *Ғ. Ғалымбекұлы*
Суретшісі *Ө. Кәріпұлы*
Техникалық редакторы *Қ. Мұхамедин*

ИБ № 3

Басуға 22.09.11 қол қойылды. Пішімі 84×108$^{1}/_{32}$.
Қаріп түрі «Таймс». Баспа табағы 25,0.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 2628.

Қазақстан Республикасы. ҚҚ «Елорда Жастары».

«Тамыр» фирмасының компьютерлік-баспа жүйесінде беттелген.
480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143;
тел.: 394-42-95.

ІЗВИ 978-601-7350-00-0

9 786017 350000

«Сенім» ЖБО ЖШС-де басылды.
Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 22 үй. Тел.: 43-32-84.

Senim
ЖАМБЫЛ БАСПА ОРТАЛЫҒЫ
СТ РК ISO 9001-2009